281	<i>P. annua</i> L.	М. однолетний	feed	Annuals
282	<i>P. pratensis</i> L.	М. луговой	feed, medicinal	Perennial
283	<i>Puccinellia gigantea</i> Grossh.	Бескильница гигантская	feed	Perennial
284	<i>Festuca valesiaca</i> Gaudin	Овсяница бороздчатая, типчак	feed	Perennial
285	<i>F. regeliana</i> Pavl.	О. Регеля	feed	Perennial
286	<i>Anisantha tectorum</i> (L.) Nevski	Костер кровельный	feed	Perennial
287	<i>Bromopsis inermis</i> Leyss.	Костриц безостый	feed, medicinal	Perennial
288	<i>Bromus japonicus</i> Thung.	Костер японский	feed	Annuals
289	<i>B. danthoniae</i> Trin.	К. Дантона	feed	Annuals
290	<i>Nevskiella gracillima</i> (Bunge) V. Krecz. et Vved.	Невскиелла тончайшая	feed	Annuals
291	<i>Agropyron fragile</i> (Roth.) P. Candargy	Житняк ломкий	feed	Perennial

292	<i>A. desertorum</i> (Fisch. ex Link) Schult.	Ж. пустынный	medicinal	Perennial
293	<i>A. pectinatum</i> (Bieb.) Beauv.	П. гребневидный	feed	Perennial
294	<i>A. cristatum</i> (L.) Beauv.	П. гребневидный	feed, medicinal	Perennial
295	<i>Elytrigia repens</i> (L.) P. Nevski	Элитригия ползучая	feed, medicinal	Perennial
296	<i>Aegilops cylindrica</i> Host.	Эгилопс цилиндрический	feed	Perennial
297	<i>Eremopyrum bonaepartis</i> (Spreng.) Nevski in Sched.	Мортук Бонапарта	feed	Annuals
298	<i>E. orientale</i> (L.) Jaub. et Spach.	М. восточный	feed	Annuals
299	<i>Leymus racemosus</i> (Trin.) Tzvel.	Волоснец ветвистый	feed	Perennial
300	<i>L. multicaulis</i> (Kar. et Kir.) Bull.	В. многостебельный	feed	Perennial
301	<i>L. paboanus</i> (Claus) Pilg.	В. пабовский	feed	Perennial
302	<i>Psathyrostachys juncea</i> (Fisch.) Nevski	В. ситниковый	feed	Perennial
303	<i>Hordeum brevisubulatum</i> (Trin.) Link.	Ячмень короткоостый	feed	Perennial
304	<i>H. bogdanii</i> Wilensky.	Я. Богдана	feed	Perennial
Agaceae Juss. Сем. Аройниковые				
305	<i>Eminium lehmannii</i> (Bunge) O. Kuntze	Эминимум Лемана	medicinal	Perennial
Lemnaceae F. Gray Сем. Рясковые				
306	<i>Lemna minor</i> L.	Ряска маленькая	medicinal, feed, technical	Perennial
Sparganiaceae Rudolphi Сем. Ежеголовковые				
307	<i>Sparganium stoloniferum</i> Buch.	Ежеголовка побегоносная	medicinal	Perennial
Typhaceae Juss. Сем. Рогозовые				
308	<i>Typha latifolia</i> L.	Рогоз широколистый	Food, technical, medicinal	Perennial

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ

Картаева Т., Есенманова А.

СЫР ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯСЫ (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы)

Сыр өңірі қазақтарының тарихи демографиясын саралағанда көшпелілер мен отырықшылардың, ауыл және қала тұрғындарының арасалмағын ажыратудың маңызы ерекше.

Н.Н. Балкашин бойынша 1830 жылдары Сырдария облысы жерінде 105000 қазақ болған (Балкашин, 1887: 35).

Н.В. Остроумов құрастырған «География Туркестанского края (Родиноведение)» атты еңбекте: «Түркістан өлкесінің солтүстік батыс бөлігі көшпелі шаруашылықты дамытуға қолайлы болды. Өлкенің бұл бөлігінде 802000 адам тұрады. Көшпелі қазақтар Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Әмудария бөлімінде тұрады. Перовск уезінде – 115210, Қазалы уезінде – 105900 адам қоныстанған», – деп көрсетілген (География Туркестанского края, 1856: 43). Н.В.Остроумов берген деректердегі Перовск мен Қазалы уездерін қоса есептегенде 221110 адам көшпелі өмір сүрген.

Сырдария линиясының әскери кеңесшісі Осмоловскийдің есептеуінше 1858 жылы Жаңадария өзені аңғарындағы 2000 шаңырақ отырықшы (мәтінде егінші), 5000 шаңырақ көшпелі болған (Казахско-русские отношения, 1964: 455). 1860 жылғы әскери санақ бойынша Перовск форты өңірінде – 8000, №1 форт өңірінде – 6000, барлығы 12000 көшпелі шаңырақ Сырдария бойында қыстауға оралған, ал 1859 жылы осы жердегі көшпелілер саны шамамен 13500 шаңырақ болған. 1860 жылы Сырдария бойында олардың санының шамамен 1500 шаңыраққа кемуіне олардың Сыр бойына оралмай Орынбор линиясында қалып қоюы себеп болды. Сыр көшпелілерінің бір бөлігінің Орынбор линиясында қалып қоюына Сыр өңірінде сол жылы егін түсімінің аз болуы әсер еткен (Казахско-русские отношения, 1964: 468), себебі көшпелілер қыстауға оралғанда отырықшылардан егін өнімін малға айырбастап алған. Тағы бір мұрағат құжаты Перовск, Қазалы өңірінде 1857 жылы – 3853, 1858 жылы – 4986, 1859 жылы – 4944, 1860 жылы – 6777 шаңырақ қыстағанын көрсетеді (КРМОМ, 383-қор, 1-тізбе, 45-іс: 67, 79).

Л.Л. Мейер құрастырған «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба» атты жинақта әскери зерттеушілер қорыта келе, 1860 жылдары Орынбор өлкесінің батыс бөлігінде – 65000 шаңырақта 325000

адам; орта бөлігінде – 55000 шаңырақта 275000 адам; шығыс бөлігінде – 25000 шаңырақта 125000 адам; Сырдария бөлігінде 15000 шаңырақта 75000 адам; Орынбор өлкесінде барлығы 160000 шаңырақта 800000 адам болған, – деген (Мейер, 1865: 86-87). Одан әрі, Сыр бойында 10000-дай шаңырақ егіншілікпен, 25000 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, жалпы өлкеде 35000-дай шаңырақ болған. Халықтың 5/1 бөлігі егіншілікпен, 5/4 бөлігі көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен. 1862 жылы Перовск форттыңда 9416, №1-ші фортта 6380, Қараөзек, Қуандария, Жаңадария бойында шөмекейлерді қоспағанда 10000 шаңырақ қыстаған, – деген мәліметті көрсеткен (Мейер, 1865: 95). Л.Мейер бұл жазбасында Сыр өңіріндегі қазақтардың бір бөлігінің ғана егіншілікпен айналысып отырықшы болғанын, қалған төрт бөлігінің мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір сүргенін негіздеген.

Сырдария линиясының пропорцигі Богдановтың 1865 жылдың 30 қазанындағы жазбасын негізге алсақ, тек №1 форт өңірінде жалпы саны көшпелі 10000 шаңырақ болған (Казахско-русские отношения, 1964: 527). А.И.Макшеев: «1867 жылы Сырдария және Жетісу өңірінде 500 мың адам көшіп жүрген», – дейді (Макшеев, 1868: 54).

1870 жылы Түркістан статистикалық комитетінің Сырдария облысы бойынша берген мәліметінде Перовск уезінде – 10 көшпелі болыс, 109 ауыл, 20018 шаңырақ; Қазалы уезінде – 7 көшпелі болыс, 42 ауыл, 12804 шаңырақ; Әулиеата уезінде – 16 көшпелі болыс, 130 ауыл, 20 405 шаңырақ; Шымкент уезінде – 20 болыс, 184 ауыл, 29 722 шаңырақ; Құрама уезінде – 28 болыс, 78 қышлақ, 11 684 шаңырақ; Ходжент уезінде – 25 ақсақалдық, 1382 шаңырақ; Жизақ уезінде – 7 серкелік, 327 шаңырақ болған (Материалы для статистики Туркестанского края, 1872: 6). Сырдария облысы бойынша салыстырып қарайтын болсақ, Перовск уезі халқының саны жағынан 3, ал Қазалы уезі 2-орынды иеленген.

1870 жылы Перовск уезінің Жаңақорған болыстығында – 15 ауыл, 3083 шаңырақ; Жөлек болыстығында – 14 ауыл, 2740 шаңырақ; Кеңтүп болыстығында – 12 ауыл, 2076 шаңырақ; Царская болыстығында – 12 ауыл, 2141 шаңырақ; Шаған болыстығында – 11 ауыл, 2192 шаңырақ; Жомарт болыстығында – 9 ауыл, 1495 шаңырақ; Байзақ болыстығында – 11 ауыл 1827 шаңырақ; Қармақшы болыстығында – 10 ауыл, 1627 шаңырақ; Қысбөгет болыстығында – 10 ауыл, 1779 шаңырақ; Аққыр болыстығында – 6 ауыл, 1058 шаңырақ, барлығы – 98 көшпелі ауыл, 20018 қазақ шаңырағы болған. 1870 жылы әр шаңырақта орта есеппен 5 адамнан болды десек, шамамен Перовск уезінде 108620 қазақ болған. Егер басқа ұлт өкілдерін мен әскерилер санын қоса есептегенде уезде 112031 тұрғын болған (Материалы для статистики Туркестанского края, 1872: 119).

Қазалы уезіндегі қазақтар. 1870 жыл.

(Шаңырақ саны есебімен)

болыстар	ауыл саны	отырықшылар	көшпелілер	барлығы
Қаракөл	7	1126	1063	2189
Қостам	6	1475	779	2254
Райым	7	1034	1183	2217

Сарытоғай	6	1214	536	1750
Қарабастоғай	7	86	1780	1866
Заңғар	6	-	1356	1356
Қуандария	3	-	726	726
Барлығы	42	4835	7423	12358

Кестеде көрсетілгендей, 1870 жылғы Түркістан статистикалық комитетінің санақ есебі бойынша Қазалы уезіндегі барлығы 12358 қазақ шаңырағынан 4935 шаңырақ отырықшы, 7423 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен (Материалы для статистики Туркестанского края, 1872: 126-127). 1870 жылы барлығы Қазалы уезінде 12358 адам болса, 1895 жылы И.В.Аничков жинаған мәлімет бойынша 26000 адам болған (Материалы для статистики Туркестанского края, 1872: 23).

В.В. Радловтың зерттеуін негізге алсақ, 1880 жылдары Қазалы округінде барлығы 17680 шаңырақ болып, 4000 шаңырақ шаңырақ егіншілікпен айналысқан. Яғни 13680 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен. 1882 жылғы Қазалы уезі бастығының есебінде тек Қазалы уезінде 1880 жылы – 19597, 1881 жылы – 19504, 1882 жылы – 19506 көшпелі шаңырақ болғандығы және Қазалы қаласынан басқа жердегі уезд қазақтарының барлығы көшпелі деп көрсетілген (ҚРМММ, 267-қор, 1-тізбе, 227-іс: 99-100).

1885 жылы Сырдария облысы бойынша – 1212 600 тұрғын тіркелген. Соның ішінде Перовск уезінде – 116840, Қазалы уезінде – 100000, Ташкент қаласында – 121401, Құрама уезінде – 230020, Ходжент уезінде – 244000, Шымкент уезінде – 157260, Әулиеата уезінде – 173270, Түркістанда – 69800 адам, соның ішінде Перовск уезінде – 116243 (237 адам басқа ұлт өкілдері), Қазалы уезінде – 95132 (4868 адам басқа ұлт өкілдері) қазақ болған (Смирнов, 1887: приложение 4, 5). 1885 жылғы ресми дерек бойынша отырықшылар мен көшпелілердің арасалмағына келер болсақ жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар Перовск уезінде – 111560, Қазалы уезінде – 94228 шаңырақты құраған (Смирнов, 1887: 58-59).

**Сырдария облысы бойынша көшпелілер мен
отырықшылар арасалмағы (Сырдария облысы уездерімен
салыстырмалы көрсеткіш, 1885 ж.)**

уездер	қалалықтар	отырықшылар	көшпелілер	барлығы
Перовск	5280	-	111560	116840
Қазалы	5772	-	94228	100000
Түркістан	3700	11520	54580	69800
Шымкент	9080	17080	131100	157260
Әулиеата	5700	2780	164790	173270
Ходжент	71200	134430	38370	244000
Құрама және Ташкент	121410	179290	50730	351430
	222142	345100	645358	1212000

Кестеде көрсетілген мәліметпен 1885 жылы Перовск және Қазалы уездерінің Сырдария облысының көшпелі малшаруашылығы басым дамыған аймағы болғанын дәлелдейміз. Бұл санақта Перовск және Қазалы уездеріндегі жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар да көшпелілер қатарына енгізілген, жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар егін егуді мал шаруашылығына қосалқы кәсіп еткен. Сырдария облысы бойынша отырықшылар 567600, ал көшпелілер 645300 адам, үлестік салмағы бойынша көшпелілер 53%, отырықшылар 47% құраған.

Жергілікті тұрғындардың діни сенімдері бойынша 1885 жылы жасалған статистикалық мәліметте жергілікті қазақтардың санын нақтылауға негіз болады. 1885 жылы Перовск уезінен барлығы 116480 адамның 115245-і, Қазалы уезінен барлығы 100000 адамның 96090-ы мұсылман ретінде тіркелген (Смирнов, 1887: приложение 4).

Перовск және Қазалы тұрғындарының діни құрамы (1885 ж.)

уездер	христиан	иудей	мұсылмандар	барлығы
Перовск	ер – 334 әйел – 257	ер – 138 әйел – 66	ер – 60000 әйел – 55245	116480
Қазалы	ер – 2107 әйел – 1543	ер – 210 әйел – 50	ер – 49550 әйел – 46540	100000

1885 жылғы мәлімет бойынша өңірдегі қазақтардың саны шамамен 3 236 394 адам (Аристов, 1897: 116).

1886 жылы Перовск уезінде 113307 қазақ, 1251 орыс, 787 еврей – барлығы – 115345 адам болса, Қазалы уезінде 96186 қазақ, 3554 орыс, 260 еврей барлығы – 100000 адам болған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1886 г., 1888: 149).

1886 жылғы көшпелілер мен отырықшы тұрғындардың арасалмағы (Сырдария облысы уездерімен салыстырмалы көрсеткіш)

уездер	көшпелілер	отырықшылар	барлығы	көшпелілер %	отырықшылар %
Перовск	111845	3500	115345	97	3
Қазалы	94165	5835	100000	95	5
Құрама, Ташкент қ.	49460	307620	375080	14	86
Ходжент	38130	205630	243760	18	82
Шымкент	129770	26900	156670	77	23
Әулиеата	164975	9780	174755	94	6
Түркістан	55590	16200	71790	78	22
Барлығы	643935	575465	1219400	53	47

Кестеден көріп отырғанымыздай Перовск уезі тұрғындарының 97%-ын, Қазалы уезі тұрғындарының 95%-ын көшпелілер құраған. Бұл Сырдария облысын құраған

басқа уездерге қарағанда басым көрсеткіш. Көшпелілердің үлес салмағы жағынан Сыр өңірінен кейінгі орындарды Әулиеата, Шымкент, Түркістан уездері иеленеді.

1892 жылы Перовск уезінде 110237 адам, соның ішінде қазақтар саны 108916 адам болса, Қазалы уезінде 139805 адам, соның ішінде қазақтар саны 135814 адам болған. Барлығы Сырдария облысында 1892 жылы 1285742 адам тіркелген (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г., 1894: 6-7).

Салық жинау мақсатында есепке алынған мәліметтер де статистикалық дерек көздер болып табылады (Лыко, 1922: 66).

Салық жиналуы көрсеткіші. 1892 ж.

уездер	жиналу керек	жиналғаны
Қазалы	түтін салық – 101204 меншік салық – 31626	түтін салық – 50895 меншік салық – 30811
Перовск	түтін салық – 85392 меншік салық – 26685	түтін салық – 85392 меншік салық – 26026

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өңірдегі адам санының негізгі бөлігін, яғни 99%-ын қазақтар құраған. Мысалы, 1895 жылы Перовск уезінде барлығы 111500 адам болса, соның ішінде қазақтар саны 111221 адам, соның ішінде ерлер – 55928, әйелдер – 55293 болған. Ал, Қазалы уезінде барлығы 140860 адам болса, қазақтар саны – 140729 адам, соның ішінде ерлер – 68835, әйелдер – 71894 болған. Яғни 1895 жылы Перовск уезінде 279 адам, Қазалы уезінен 131 адам басқа ұлттың өкілдері.

Перовск уезі бойынша халық саны (1895-1913 ж.)

жылдар	ерлер	соның ішінде қазақтар	әйелдер	соның ішінде қазақтар	барлығы	соның ішінде қазақтар
1895	56069	55928	55451	55293	111500	111221
1908	88615	83537	78463	74991	167078	163645
1909	92331	89091	82938	80465	175269	169556
1910	-	78534	-	68960	-	147494
1911	87893	71292	77959	62645	165852	133937
1912	90698	89079	79896	78448	170594	167527
1913	90534	80468	79770	78838	170304	159306

Қазалы уезі бойынша халық саны (1895-1913 ж.)

жылдар	ерлер	соның ішінде қазақтар	әйелдер	соның ішінде қазақтар	барлығы	соның ішінде қазақтар
1895	68939	68835	71921	71894	140860	140729
1908	109331	106732	94468	92069	203802	198801
1909	115928	111463	101171	97173	217099	208636
1911	114114	99780	100315	88824	214429	188604
1913	128603	123376	109698	105156	238301	228532

1895 жылы Сырдария облысында барлығы 1217067 адам болса, соның 251950 адамы Сыр өңірінде, ал 1906 барлығы Сырдария облысында 1667468 адам болса, соның 340050 адамы Сыр өңірінде тұрған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1895 г. 1897: 178-179; Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г., 1907: 1).

1895 жылы халық тығыздығы Перовск уезінде 1 кв. верста жерге 1,56 адамнан, Қазалы уезінде 3,2 адамнан келген.

Түркістан Статистикалық комитетінің 1905 жылғы жариялаған мәліметі бойынша Қазалы уезінде 135850 қазақ, 2916 орыс; Перовск уезінде – 130269 қазақ, 1450 сарт, 1165 орыс тіркелген. Статистар Сырдария облысының 1906 жылғы шаруашылық типіне берген анықтамасында: «көшпелі мал шаруашылығы Перовск және Қазалы уездерінде ерекше сақталып отыр, қалған уездерде көшпелілер үлесі жыл сайын азаюда», – деген (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г., 1907: 4). Көшпелілер мен отырықшылардың арасалмағы ауыл тұрғындарынан ажыратылады, қала тұрғындарын отырықшылар құрағаны белгілі.

Перовск қаласы тұрғындарының саны (1906-1909 ж.)

жылдар	ерлер	соның ішінде қазақтар	әйелдер	соның ішінде қазақтар	барлығы	соның ішінде қазақтар
1906	3897	1821	3253	1092	7150	2913
1908	4645	2101	3120	1887	7765	3988
1909	4652	2135	3676	1853	8328	3988

Қазалы қаласы тұрғындарының саны

жылдар	ерлер	соның ішінде қазақтар	әйелдер	соның ішінде қазақтар	барлығы	соның ішінде қазақтар
1906	6085	3780	4943	2765	11028	6545
1908	6768	4166	5374	2975	12142	7141
1909	6346	2160	5746	2010	12092	4170

Қала тұрғындарының саны

(мың адам есебі) (Карта коренных областей Туркестана: 175, №61 карта;)

Қала	1897 ж.	1910 ж.	+, -
Перовск қ.	5,1	11,8	+ 6,7
Қазалы қ.	7,6	15,9	+ 8,3

Қала тұрғындарының демографиясына келетін болсақ, 1906 жылы Перовск қаласында ерлер – 3897, әйелдер – 3253, барлығы – 7150 адам, соның ішінде қазақтар саны ерлер – 1821, әйел – 1092, барлығы – 2913 қазақ. Ал, Қазалы қаласында ерлер – 6085, әйелдер – 4943, барлығы – 11028 адам, соның ішінде қазақтар саны ерлер – 3780, әйелдер – 2765, барлығы – 6545 қазақ. Екі қаланы қосқанда 1906 жылы Сыр өңірінде 9458 қазақ қалада, қалғандары яғни 180872 қазақ ауылдық жерде тұрған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г., 1907: приложение III).

1908 жылы Сырдария облысы бойынша қала тұрғындарының саны 262786 адам болып үлестік салмағы 15%-ды құраса, соның 7765 адамы Перовск қаласында тұр-

ған. Сырдария облысы бойынша жергілікті тұрғындар 95%-ды құраған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г., 1909: 2). Н.Гаврилов та Перовск қаласында 1908 жылы 7765 тұрғын болғанын айта отырып, қала тұрғындарының жартысын қазақтар, қалғанын орыс халқы құрады, олардың отбасы саны 1247 еді, – дейді (Гаврилов, 1911: 278).

Кестеде көрсетілгендей 1908 жылы Перовск қаласында 7765 тұрғын, ал жалпы уезде 179800 көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақ (ерлер – 94200, әйелдер – 85600) болған. Сырдария облысы бойынша басқа уездермен салыстырып қарайтын болсақ, Перовск уезі халқының саны жағынан 2-орынды иеленген. Кестеден байқағанымыз Перовск қаласын қоспағанда Перовск уезінде қазақтар саны 99,4%-ды, ал орыстар 0,6%-ды құрайды. Перовск уезіндегі 1009 орыс 214 шаңырақты құрап, 4 селениеде орналасқан. Яғни, 1908 жылы Перовск уезінде 20 болыс, 162 ауыл, 27 224 қазақ отбасы; халық саны жағынан Перовск уезінде 1908 жылы 159 599 қазақ, 1009 орыс, барлығы – 167364 адам болған (ерлер – 88743, әйелдер – 78621) (Гаврилов, 1911: 278-279).

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметті негізге алсақ 1908 жылы Қазалы қаласындағы қазақтар саны 7141 болса, 1909 жылы Қазалы қаласындағы қазақтар саны 4170 адам болып, 2971 адамға кеміген, ал 1910 жылы қала қазақтары 3774 болып, 396 адамға кеміген. Қазалы қаласында қазақтар санының кемуі Қазалыға басқа ұлт өкілдерінің көптеп келуі, сауда пункттерінің ашылуы, қаладан ауылға көшу процесінің – рурбанизацияның болуы әсер еткен.

1908 жылғы демографиялық көрсеткіш мәліметтерін Сырдария облыстық статистикалық комитеті шығарған «Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 год» атты еңбек пен Н.Гавриловтың осы жылғы санақ нәтижесіне сүйеніп жазған «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбектерін негізге ала отырып жаздық. Осы екі еңбек бір комитет зерттеуінің нәтижесінде жазылса да цифрлық мәліметтер арасында айырмашылық бар, яғни Сыр бойы тұрғындарының демографиясы жайында деректердегі сандық көрсеткіштер әр түрлі. Мысалы, Н.Гавриловтың 1908 жылы Статистикалық комитет жүргізген деректі негізге ала отырып жазылған «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбекте Перовск уезінде 166364 адам, 1 кв. верста жерге халық тығыздығы 1,75 адамнан келеді деп көрсете отырып, сол бетте халықтың жыныстық құрамын сараптағанда Перовск уезінде барлығы 167364 адам болғанын көрсетсе (Гаврилов, 1911: 278), «Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 год» атты еңбекте Перовск уезінде жалпы саны 167078 адам болған деп көрсетеді, яғни мәліметте 286 адамға айырмашылық бар.

Сырдария облысы бойынша халықтың табиғи өсімі, яғни бала туу көрсеткіші бойынша 1907 жылы 1906 жылмен салыстырғанда 2, 32%-ға, 1908 жылы 1907 жылмен салыстырғанда 1,11%-ға өсті (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г., 1909: 2).

1909 жылғы Сыр өңірі көшпелілері мен отырықшы ауылдарының басқа уездермен салыстырмалы көрсеткіші (шаңырақ саны есебі)

уездер	көшпелі ауыл	отырықшы ауыл	орыс ауылы	көшпелі	отырықшы	орыс	барлығы
Перовск	164	-	4	27638	-	261	27899
Қазалы	155	-	-	33141	-	-	33141
Ташкент	6	225	18	1921	53382	1303	56606
Шымкент	328	24	37	46602	9028	2279	57909
Әулиеата	227	5	32	47418	1674	2589	51681
Әмудария	122	23	-	25790	15264	-	41054
Барлығы	1002	277	91	182510	79348	6432	268290

Статистикалық комитеттің 1909 жылғы санақ дерегі бойынша Перовск уезінде 27899, ал Қазалы уезінде 33141 көшпелі шаңырақ болған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г., 1911: 14), яғни жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындарды да қоса көшпелі шаңырақ деп көрсеткен. Бұл деректе Сыр өңірінде таза отырықшылықты кәсіп еткен қазақ шаруашылығы болмағандығын дәлелдейді.

1910 жылғы статистикалық партия жүргізген ауылшаруашылығы санақ есебі бойынша 1910 жылы Перовск уезінде 310 ауыл, 23689 шаңырақ, 78534 ер, 68 960 әйел, барлығы 147494 адам болған (МКЗ, Перовский уезд, 1912: 18). 1910 жылы Перовск уезінің жер көлемі 64814 кв. верста жерді қамтып, халықтың тығыздығы 1 кв. верста жерге 2,3 адамнан келген. 1910 жылғы қатысты статистикалық деректі Сырдария облыстық статистикалық комитетінің еңбектері толықтыра түседі, осы комитет мәліметіне сүйенетін болсақ Перовск қаласында барлығы 11531 адам, соның ішінде қазақтар – 2865, қалғаны басқа ұлт өкілдері (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г., 1912: приложение 75). Бұл мәліметтерден шығатын қорытынды басқа ұлт өкілдерінің шоғырлануы тек қалалық жерге немесе арнайы құрылған поселкелерге ғана тән болды.

1910 жылы Сырдария облысы уездерінде барлығы 269785 шаруашылық ауыл, ондағы адам саны 1592197 адам болған. Перовск және Қазалы уездерін қоса есептегенде 1897 жылы 54586 шаңырақ болса, 1910 жылы 65856 шаңырақ болған. Көршілес Шымкент уезімен салыстыратын болсақ, онда 1897 жылы 41406, ал 1910 жылы 58011 шаңырақ болып, осы аралықта 16405 шаңыраққа, яғни 39,4%-ға өскен, онда бір отбасына орташа есеппен 6,3 адамнан келген (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г., 1912: 16-18).

1910 жылы 1897 жылғы санақпен салыстырғанда Перовск уезінде халық саны 5789 шаңырақ, 34222 адамға, яғни 26,6%-ға, ал Қазалы уезінде 33555 шаңырақ, 70510 адамға, яғни 53,3%-ға өскен. Соның ішінде 1910 жылы қала тұрғындарының арасында қазақтар саны Перовск қаласы бойынша 2865 (ерлер – 1642, әйелдер – 1223), Қазалы қаласы бойынша 3774 (ерлер – 2056, әйелдер – 1718) болған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г., 1912: 18).

1910 жылғы көктем мен күзде жүргізілген ауыл шаруашылығының санағы мәліметтеріне көңіл аударатын болсақ, статистар Перовск уезінде сол кезде қыстауда болған нақты 310 шаруашылық ауылды, соның ішінде 23689 шаңырақты, соның

ішінде 9195 көшпелі, 14494 отырықшы шаңырақты есепке алып, қазақтардан 78534 ер, 68960 әйел, барлығы 147494 адам болғандығын көрсеткен. Статистар 191 шаңырақтың қыстауда болмауы себепті есепке алынбағанын жасырмаған. МКЗ-ның «Общий очерк киргизского хозяйства» бөлімінде: осы 191 шаңырақты қоса есептегенде шамамен Перовск уезінде 23880 қазақ шаңырағы, онда ерлер – 79164, әйелдер – 69514, барлығы 148678 адам болар еді, – дейді (МКЗ, Перовский уезд, 1912: 18, Групповые таблицы, 34). Бұл екі санақ бір жылдың мәліметін берсе де екі түрлі сандық мәлімет көрсетілуінің себебі, ауыл тұрғандарының мерзімдік жайылымдарда болуы, ішкі миграцияның қарқынды орын алуы себепті болды.

**1911 жылғы Сыр өңіріндегі көшпелі мен отырықшылардың арасалмағы
(шаңырақ саны есебімен)**

Уезд	болыс	ауыл	көшпелі шаңырақ	отырықшы шаңырақ	орыс ауылы	орыс шаңырағы	барлығы
Перовск	20	167	19240	8430	4	275	27945
Қазалы	18	158	22660	9335	-	-	31995

Кестеде көрсетіп отырған мәлімет Сырдың төменгі ағысындағы тайпаларының көшпелі мал шаруашылығын негізгі кәсіп еткендерін тағы бір дәлелдей түседі (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 г., 1913: 15).

1911 жылғы Перовск уезі Перовск учаскесіндегі көшпелілер мен отырықшылар (шаңырақ саны есебімен) (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 г., 1913: приложение, 76-83)

болыс	ауыл	көшпелі	отырықшы	барлығы
Царская	10	1214	408	1622
Кентүп	7	744	582	1326
Көткеншек	7	1782	729	2511
Аламесек	6	609	304	904
Шаған	7	758	518	1276
Қысбөгет	12	981	409	1390
Қостам	7	707	443	1150
Қаракөл-Қуандария	6	489	329	818
Айнакөл	8	889	578	1467
Қараөзек	8	969	119	1088
Маслов	6	793	228	1021
Байзақ	7	862	230	1092
Аламесек базары		-	15 – қазақ ш. 5- татар ш. 20 – сарт ш.	15
Александровск селосы		-	21 – орыс ш.	
Ново-Астрахан селосы		-	21 – орыс ш.	
Барлығы		10788	4959	15747

**1911 жылғы Перовск уезі Жөлек участогіндегі көшпелілер мен отырықшылар
(шаңырақ саны есебімен)**

болыс	ауыл	көшпелі	отырықшы	барлығы
Скобелев	9	1452	-	1452
Телікөл	4	700	3 – орыс ш.	700
Головачев	8	645	981	1635
Приречная	12	1742	-	1742
Жөлек	9	1624	-	1624
Жаңақорған	6	1060	17	1077
Гродеков	11	811	760	1571
Скобелево селосы		15	82 (орыс, қазақ, парсы)	15
Жөлек селосы		-	70	70
Барлығы участкате		8452	3471	11923
Барлығы		19240	8430	27670

**1911 жылғы Қазалы уезі Қазалы участогы бойынша көшпелілер мен
отырықшылар (шаңырақ саны есебімен) (Обзор Сыр-Дарьинской области
за 1911 г., 1913: приложение, 86-104).**

болыс	ауыл	көшпелі	отырықшы	барлығы
Ақтоған	10	822	922	1744
Ақтөбе	12	567	1471	2038
Ақшатау	7	984	1080	2064
Қостам	9	1484	560	2044
Сарытоғай	9	1221	300	1521
Қаракөл	12	1909	327	2236
Райым	4	967	-	967
Шебенді	11	2085	322	2407
Қалымбас	9	1705	-	1705
Мақбал	7	927	324	1251
Барлығы		12671	5306	17977

**1911 жылғы Қазалы уезі Қармақшы участогы бойынша көшпелілер мен
отырықшылар (шаңырақ саны есебімен)**

болыс	ауыл	көшпелі	отырықшы	барлығы
Қармақшы	12	2064	226	2290
Жамансыр	10	1006	660	1666
Қуаңдария	11	1125	1151	2276
Аққыр	9	1119	646	1765
Құрғаншы	5	840	160	1000
Қарабастоғай	6	1122	393	1515
Заңғар	7	1281	523	1804
Барлығы уч.-те		9989	4209	14018
Барлығы уезде		22660	9335	31995

Түркістан Статистикалық комитеті 1911 жылғы зерттеуінде отырықшы қазақ шаңырағы деп шартты түрде өз болыстары төңірегінде көшіп қонатындарды да айтқан. Ал, МКЗ-да берілген ауыл шаруашылығы санағы бойынша 1911 жылы Қазалы уезінде 24223 қазақ шаңырағының 42,86%-ы көшпелі, 57,14%-ы отырықшы халықты құраған (МКЗ, Казалинский уезд, 1913). Қазалы көшпелілерінің саны Перовск уезімен салыстырғанда басым болды. Перовск уезінде 1910 жылы халықтың 38,8%-ы көшпелі болатын (МКЗ, Перовский уезд, 1912: групповые таблицы, 34).

Тарихи демография ғылымында қалыптасқан жүйе бойынша халықтың жастық және жыныстық құрамын анықтаудың маңызы зор. Біз зерттеп отырған кезеңде екі уезде де ерлердің саны әйелдердің санынан басым болған.

1911 жылғы шаңырақ санының 1897 жылмен салыстырмалы көрсеткіші (Азиатская Россия, 1914: I, 92)

уездер	жер көлемі (км ²)	1897 ж. (мың адам есебімен)	1911 ж. (мың адам есебімен)	орналасу тығыздығы – 1 км ² жерге	орналасу тығыздығы – 1 км ² жерге	өсімі
Перовск	61 420	133 663	177 115	2,2	2,9	+ 43452
Қазалы	87 020	140 541	219 802	1,6	2,5	+ 79261

1910 жыл мен 1897 жылғы адам санының Сырдария облысының басқа уездерімен салыстырмалы көрсеткіші (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г., 1912: 18).

уездер	1910	1897	өсімі	%	бір жылғы өсім%
Перовск	162829	128605	+34222	26,6	1,9
Қазалы	203466	132956	+70510	53,3	3,8
Ташкент	337882	292820	+45062	15,4	1,18
Шымкент	365469	262612	+102857	39,2	2,8
Әулиеата	338336	264447	+73889	27,9	1,99
Әмудария	184215	191362	+7147	3,2	0,3
Барлығы	1592197	1272802	+319395	25,1	1,8

Перовск уезі қазақтарының жыныстық құрамы, 1911 ж. (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 г., 1913: 76-83)

болыс, село	ерлер	әйелдер	барлығы	1 шаңырақтағы адам саны, орта есеппен
1	2	3	4	5
Царская	4548	4263	8811	5,5
Кеңтүп	3520	3930	7450	5,6
Көткеншек	6909	6021	12930	5,3
Аламесек	1962	2070	3924	4,4

Шаған	3193	2882	6075	4,8
Қысбөгет	3650	3120	6770	4,9
Қостам	2800	2300	5100	4,5
Қараөзек-Қуандария	1848	1945	3793	4,7
Айнакөл	3284	3277	6561	4,5
Қараөзек	2499	2467	4966	4,6
Маслов	2437	2002	4439	4,4
Байзақ	3429	2320	5749	5,3
Скобелев	4586	3816	8402	5,8
Телекөл	2170	1670	3840	5,5
Головачев	4691	4003	8694	5,3
Сауран	5208	4507	9715	4,5
Приречная	4940	4216	9156	5,3
Жөлек	4385	3604	7989	4,5
Жаңақорған	3815	2518	6333	5,9
Гродеков	3280	3500	6780	4,4
Барлығы	71292	62645	133937	4,9

Қазалы уезі қазақтарының жыныстық құрамы, 1911 ж.

(Обзор Сыр-Дарьинской области за 1911 год, 1913: приложение, 86-104).

болыс, село	ерлер	әйелдер	барлығы	1 шаңырақтағы адам саны, орта есеппен
Актоғай	8941	6027	14968	8,6
Ақтөбе	10268	8434	18702	9,2
Ақшатау	4050	3365	7415	4
Қостам	6650	6138	12788	6,3
Сарытоғай	5416	5372	10788	7,1
Қаракөл	7987	7730	15717	7,1
Райым	4183	3619	7802	8,1
Шебенді	7612	7187	14799	6,1
Қалымбас	4869	4165	9034	5,3
Мақбал	3802	3729	7531	6,1
Қармақшы	5662	5009	10571	4,7
Жамансыр	4011	3900	7911	4,8
Қуандария	5404	5262	10666	4,7
Аққыр	3714	3541	7255	4,2
Құрғаншы	2876	2555	5431	5,5
Қарабастоғай	4650	4102	8752	5,6
Заңғар	5041	4368	9409	5,2
Барлығы	99780	88824	188604	5,9

Қоныс аудару, Азамат соғысы, ашаршылық әсерінен болған кері демографиялық процестер Сыр өңірінен де байқалды, мысалы, Сыр өңірінен 1906 жылы тіркеуге

алынған 340050 адамнан, 1920 жылы 189481 адам қалып, 14 жылда 150569 адамға қысқарып кетті.

Перовск уезінде 1906 жылы ерлер – 80801, әйелдер – 68919, барлығы – 149720 адам; 1907 ерлер – 80797, әйелдер – 72617, барлығы – 153414 адам; 1920 жылы ерлер – 52856, әйелдер – 49916, барлығы – 102772 адам; Қазалы уезінде – 1906 жылы ерлер – 102261, әйелдер – 88066, барлығы – 190330 адам; 1907 жылы ерлер – 103918, әйелдер – 89577, барлығы – 193495; 1912 жылы ерлер – 117467, әйелдер – 102865, барлығы – 220332 адам; 1920 жылы ерлер – 43565, әйелдер – 43144, барлығы – 86709 адам болған.

И.И. Зарубин бойынша 1917 жылы Перовск уезінде 151458, Қазалы уезінде 122644 қазақ тіркеуге алынған (Зарубин, 1925: 11).

1920 жылы Перовск уезі бойынша қала халқы – 9994, ауыл халқы – 92778, барлығы уезде – 102772, ал Қазалы уезі бойынша қала халқы – 17506, ауыл халқы – 69203, барлығы уезде 86709 адам болған, соның ішінде қазақтар саны Перовск уезінде – 92740, Қазалы уезінде – 73436 болған (Отчет о деятельности совета народных комиссаров..., 1922: 47; Материалы Всероссийских переписей 1920 года, 1923: 30, 48). Көшпеліліктің жалғасуы себепті 1920 санақ кезінде Қазалы уезінде 2061, Перовск уезінде 1841 адам болмаған (Материалы Всероссийских переписей 1920 года, 1923: приложение, 22, 31). Перовск уезінің 9,7%-ын қала, 90,3 %-ын ауыл тұрғындары, ал Қазалы уезі тұрғындарының 20,2%-ын қала, 79,8%-ын ауыл тұрғындары құрады (Отчет о деятельности совета народных комиссаров..., 1922: 49).

Сырдария облысында 1897 жылғы санақпен салыстырғанда 1920 жылы қала тұрғындарының саны 52 %-ға артса, тек Ақмешітте қала тұрғындарының саны 87%-ға артқан, Қазалы қаласы тұрғындарының Жаңа Қазалыға қоныс аударуы басым болып, ішкі миграция қарқындауы орын алды (Отчет о деятельности совета народных комиссаров..., 1922: 47; Материалы Всероссийских переписей 1920 года, 1923: 30, 48).

Перовск уезі бойынша 1920 жылғы санақ нәтижесі

	ерлер	әйелдер	барлығы
Қала тұрғындары	5032	4962	9994
Ауыл тұрғындары	47824	44954	92778
барлығы	52856	49916	102772

Қазалы уезі бойынша 1920 жылғы санақ нәтижесі

	ерлер	әйелдер	барлығы
Қала тұрғындары	8786	8720	17506
Ауыл тұрғындары	34779	34424	69203
барлығы	43565	43144	86709

1920 жылы Перовск уезінің жер көлемі 82720 кв. верста, 1 кв. верста жерге халықтың қоныстану тығыздығы 1,2 адамнан, ал Қазалы уезінің жер көлемі 86688 кв. верста, 1 кв. верстаға халық тығыздығы 1 адамнан келген (Отчет о деятельности совета народных комиссаров..., 1922: 48).

Перовск уезінде 1920 жылы – 3448, 1922 жылы – 3436 ауыл, ал Қазалы уезінде 1920 жылы – 3338, 1922 жылы – 3339 ауыл (Отчет о деятельности совета народных комиссаров..., 1922: 64), ал, 1926 жылғы санақта Қызылорда уезінде – 171, Қазалы уезінде – 46 ауыл тіркеуге алынған (Всесоюзная перепись населения 1926 года, 1928: 7).

1920 жылы Сыр өңірінде қала халқының саны артқанымен, Перовск пен Қазалы уезін қоса есептегенде 1917 жылмен салыстырғанда 1920 жылғы санақ нәтижесі бойынша екі уезді қоса есептегенде адам саны 25%-ға кеміп кеткен (Отчет о деятельности совета народных комиссаров..., 1922: 44).

Азамат соғысынан кейін орын алған аштық пен эпидемия бұл өңірде де орын алып халықтың жалпы санының кемуіне айтарлықтай әсер еткен. 1926 жылғы санақ бойынша Қызылорда уезінде барлығы 22504 шаңырақта – 114030 адам, соның ішінде ауыл халқы – 113183 адам, Қазалы уезі бойынша барлығы 26480 шаңырақта – 139691 адам, соның ішінде ауыл халқы – 127332 адам болған (Всесоюзная перепись населения 1926 года, 1928: 7). 1920 жылғы санақта Перовск, Қазалы уездері көшпелі аудан ретінде қаралып, тек Перовск уезінен 88756 адамды көшпелі тұрғындар ретінде қарастырған (Крямчев. 1924: 27-30).

Жоғарыда көрсетілген демографиялық, статистикалық мәліметтер Перовск және Қазалы уездерінде XIX ғасырдың екінші жартысында көшпелі мал шаруашылығы басым болса, 1910 жылдары отырықшы мал шаруашылығы басым бола бастағанын дәлелдейді. Тұрғындар саны мерзімдік қоныстарға көшіп-қонудың болуына байланысты өзгеріп отырды, қыста Сыр бойына Ырғыз, Торғай көшпелілерінің келуіне байланысты да тұрғындар саны өскен.

Санақ көктем, күз айларында ғана жүргізілді, көшпелі ауыл тұрғындары бұл кезеңде уезде толық болмаған, шалғай ауылдар мәліметін статистар санақ жүргізген ауылдарынан сұрап жазған кездері де болған, қазіргі демограф-ғалымдардың дәлелдеуінше біз зерттеп отырған кезеңдегі санақ мәліметі нақты көрсеткіштен 10%-ға төмен.

Әдебиеттер

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из «Живой старины», Вып III и IV, 1896 г. СПб.: Типография С.Н.Худекова, 1897. 182 с.

Балкашин Н.Н. О киргизах и вообще о подвластных киргиз мусульманах. СПб., 1887. 56 с. Всесоюзная перепись населения 1926 года. Центральное статистическое управления СССР.

Отдел переписи. Том VIII. Казахская АССР. Народность. М.: Издание ЦСУ Союза ССР, 1928. 193 с. + 5 лист карта.

Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб, 1911. 335 с.

Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб, 1911. 335 с.

География Туркестанского края. Родиноведение. Сост. Н.В. Остроумов. СПб., 1856. 67 с. Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. Ленинград: Издательство РАН, 1925. 25 с.

Казалинское уездное управление Министерства Внутренних дел г.Казалинска // КРОММ.267-кор, 1-тізбе, 227-іс. 107 п.

Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. 572 с.

Карта коренных областей Туркестана: Сыр-Дарьинской, Самаркандской, Ферганской с Закаспийской и Семиреченской областями – №35 карта; Карта промыслов Азиатской России – №47 карта; Картограммы по зельскому хозяйству Азиатской России – №48-61 карты. // В кн: Атлас Азиатской России. Издание переселенческого управления. – СПб., Товарищество «А.Ф. Маркс», 1914.

Крямечев М.А. Дисперсия коэффициента детей школьного возраста кочевого и оседлого населения Туркестана. Котта-Курганский и Перовский уезды /РСФСР. Центральное статистическое управление Туркестанской Республики. Ташкент: Изд. ЦСУ Турк. Республики. 1924. 30 с.

Макшеев А.И. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае. СПб., 1868. 60 с. (Переплетено 1884 г.).

Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А.Маева. СПб.: Типография Ф.Михьева, 1872. 237 с.

Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. СПб.: Тип. Э.Веймера, 1865. – 288 с.+ 12 л карта + табл.

МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Казалинский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1913. – 148 с. + приложение 1-17., табл 1+221 + карта 1 лист. (383 с).

МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1912. -190 с + приложение 32 с.+ табл. 127 с. + 45 с. + карта 3 лист. (394 с).

Неуструев С.С. Зона южной полупустыни. Перовский уезд Сырдаринской области // Предварительный отчет об организации и исполнении работ по исследованию почв Азиатской России в 1910 года. Переселенческое Управление Главного управления Землеустройства и земледелия. СПб.: Типография Ю.Н.Эрлих, 1911. 122 с.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г. Приложение к Всеподданейшему отчету Военного губернатора. Ташкент: Типо-Литография С.П.Петухова, 1894 – 194 с. + 7 с. таблица.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1895 год. Приложение к Все-подданейшему отчету военного губернатора. Ташкент: Типолитография торгового дома «О И Г. Бр. Каменского», 1897. 327 с + приложение.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год. Ташкент: Типолитография ВАС. Меф.Ильина, 1907. 287 с. + приложение I+LXV.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1909. 69 с. + приложение I-XXX.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г. Ташкент: Типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1911. 165 с. + приложение I-XXVII.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. Ташкент: Электро-типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1912., 192 с. + приложение I-XXXIII.

Обзор Сыр-Дарьинской Области за 1911 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Ташкент: Типолитография В.М.Ильина, 1913. – 182 с. + приложение I-XXVIII табл, 1-116 лист.

Обзор Сыр-Дарьинской области. Приложение к всеподданейшему отчету военного губернатора области за 1886 г. Ташкент: Типолитография С.И.Лахтина, 1888. 385 с.

Отчет о деятельности совета народных комиссаров и экономического совета Туркестанской Республики на 1-е октября 1922 г. Составлено Центральным Статистическим Управлением Туркестанской Республики. Под ред Д.П.Красновского. – Ташкент: Издания ТЭС, 1922. 496 с.

Смирнов Е. Сырдаринская область. Описание, составленное по официальным источникам. СПб.: Типография М.М.Стасюлевича, 1887. 356 с.

Управление киргизами Сыр-Дарьинской линии // ҚРОММ. 383-қор, 1 тізбе, 45 іс, – 131 п.

СЫРДЫҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫ БОЙЫНДАҒЫ ЕГІНШІЛІК (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезінде дамуы)

Егіншілік Қазақстан территориясында өмір сүрген ежелгі тайпалардың мал өсірумен қатар дамытқан негізгі кәсібі болды. Оңтүстік Қазақстан аудандарында, Сырдария, Шу Талас, Арыс өзендерінің бойында, Қаратау жотасы баурайларында, табиғи су қоймалары мен шабындық алқаптары бар жерлердегі табиғат жағдайлары бұл жерлерде ірі-ірі егіншілік қоныстарының пайда болуына себеп болды.

Аралдың шығыс өңірін мекен еткен ежелгі тайпалар сонау қола дәуірінің соңғы кезеңінен бастап Орта Азия егіншілік оазисі тұрғындарымен байланыста, қарым-қатынаста болған. Ерте темір дәуірінде мекен еткен Арал маңындағы массагет-сақтардың егіншілік ерте дамыған Әмударияның төменгі аңғарындағы егінші тұрғындармен мәдени байланысы, Арал маңындағы сақтардың шаруашылығындағы егіншіліктің маңызының артуына, оларда жартылай көшпеліліктің дамуына әсер етті.

Б.э.д. II ғасырдан б.э. III ғасырлары арасында өмір сүрген қаңлы тайпаларының Сырдың төменгі ағысы бойындағы қоныстарына жүргізілген зерттеу барысында археологтар дәндер мен астық қамбаларының орнын тапқан. Еден сылағы мен қамкесектен сабан-топан қалдықтарының болғандығы, дән үккіштер мен астық сақтайтын қамбалардың көп кездесуі, жер өңдейтін тас кетпендер, сүйектен жасалған орақтардың табылғандығы қаңлы тайпалары арасында егіншіліктің әдеуір дамығандығын дәлелдейді (Симонов, 1900).

Б.э. алғашқы ғасырларында егінді суару шектеулі көлемде жүргізілген, әдетте суды пайдалануға еңбектің ең қарапайым әдістері қолданылды. Жетіасар мәдениетін құрайтын Сыр бойындағы қаңлы тайпаларының қоныстарынан көптеген жарма, арықтар іздері сақталған. Су үлкен каналдар арқылы кіші каналдарға құяды және қала ішіне кіші каналдар арқылы барған. Қала іштерінде су қоймалары жасалып, бақша суаруға пайдаланылған. Қаңлы қоныстарынан табылған археологиялық ескерткіштердегі егіншіліктің іздері, яғни астық сақтайтын ұралар, дәнүккіштер, бақша дақылдарын сақтайтын қыш ыдыстардың табылуы, балшыққа, шикі кірпішке сабан қосылып иленуі Сыр бойында ертеде отырықшылық мәдениет болғанын дәлелдей түседі, әрі Сыр бойында егіншіліктің қалыптасу тарихы тереңге саяды деуге болады (Симонов, 1900). П.И.Рычков: «Аралдықтар егіншілікпен ертеден айналысып, бидай, арпа, сұлы, тары өсіреді», – дейді (Рычков, 1896: 59).

С.П.Толстов Сыр бойындағы ертедегі егіншілік алқаптарын келесідей топтарға жіктейді: Жаңадария бойында – Шірікқабат, Бәбішмола, Бестам, Жент, Құмқала; Қуандария бойында – Алыб, Рабенсай, Жетіасар; Сырдария бойында – Күйікқала, Кескенкүйікқала, Жанкент (Толстов, 1948: 56). IX-XI ғасырларға саятын Іңқардария аңғарындағы оғыздардың қонысынан егістік алқаптар іздері мен шығыр қондырғыларының қалдықтары сақталған (Толстов, 1962: 276).

А.Макшеев 1853 жылы Ақмешіт экспедициясы кезіндегі зерттеулерімен 1867 жылғы зерттеулерін салыстыра отырып, аралықта 14 шақты жыл ішінде өзен сулар-

дың арнасы тарылып кебе бастағанына куә болғандығын жазады. «Сырдарияның Қазалы сағасының 1853 жылы ені 20 сажын, тереңдігі 2 сажын болған, әрі су жылдам өтетін, сол жағынан арнасынан тасып, ол жерде қалың қамыс өскен еді, 1867 жылы мен жәй сырғып ағып жатқан су ізін таптым, кеуіп кеткен қамыстық үстінен жол түскен. Бабыстын және Қараөзек батпағын ылғалдандырып тұрған Бірқазан сағасының басы Сағаз бастауы 1853 жылы Сырдан бастау алатын сағасының ені 20 сажын, тереңдігі 1,5 сажын еді, әрі одан өту өте қиын болған, ал қазір (1967 жылды айтып тұр – Т.К.) мүлдем құрғап қалған», – дейді (Макшеев, 1878: 28-29). А.Макшеевтің бұл жазбасынан табиғи су көздерінің экологиясының тарихи дәуірлерде-ак бұзылғандығын көреміз.

Н.Калмаков Сырдария облысының солтүстік бөлігінің өткен тарихы жайында бір қарт кісіден жазып алған әңгімесін жариялаған: «700-800 бұрын Сырдарияның тұтас су жүйесі болған. Сол кезде Жаңақорғандағы пошта станциясынан бастап Сырдария екі салаға бөлініп, соның бірі Қызылқұм арқылы, ал екіншісі Қаратау бөктерінен өтетін. Қызылқұмда, сондай-ақ Қаратау бөктерінде қызған тіршілік болатын. Өзеннің қос тармағының арасы шөлейт еді. Осы құм арқылы өзен суы өзінің жаңа арнасын ашып, бір салаға қосылады. Бір кезде Сырдариядан ежелгі Бестау қаласына арық тарту әрекеті жасалған. Осы арықтың іздері бұрынғы Төменарық пошта станциясында күні бүгінге дейін сақталған. Әңгімеші бір ханның жарлығымен (ол ханның есімін атаған жоқ) Төменарықта сансыз жұмысшылар еңбектенгенімен, ешбір нәтижеге қол жетпегенін айтты. Төменарық бойымен су ақпапты. Қазіргі көзқарас тұрғысынан алғанда қарт адамның әңгімесінде шындыққа жанасатын әңгіме баршылық; расында да, Төменарық станциясында терең үш арықтың іздері бар және Шиелі темір жол станциясының қарсы жағындағы Қаратау бөктерінде ежелгі Бестау қаласының қалдықтары бар. Оның үйінділері Шиелі станциясынан 25 шақырым және Төменарық станциясынан 35-40 шақырым шалғайдағы тау бөктерінде жатыр. Ал Жаңақорған станциясы маңында Сырдарияның екі саласының іздері жоқ. Сөйтсе де Жаңақорғаннан Перовск тауларына дейінгі бүкіл кеңістікте өзеннің көптеген ескі тармақтары ежелгі көлдерді құраған» (Калмаков, 1910: 222). Н.Калмаковқа дерек беруші қарттың «Қызылқұмда, сондай-ақ Қаратау бөктерінде де қызған тіршілік болатын», – деуі бұл жерлердегі ертедегі егіншілік пен отырықшылықты айтып отырғандығын аңғару қиын емес. Сырдарияның сол жақ бетіндегі Бетпақдаладан Жаңадария өзеніне дейінгі алқапта жатқан арық іздері ертеде егіншіліктің қарқынды дамығандығының дәлелі.

Перовск уезінің солтүстік-шығыс бөлігінде Қаратау тауларының бөктерінде мәдени дақылдар өсіру ісі әдеуір дамыған, салыстырмалы түрде солтүстік-шығыс бөлігінде Телікөл көлі бойында қыстаулар көп орналасқанымен, суландыру жүйесінің нашар дамуына байланысты егін егілмеген. Сырдария аңғарындағы егістік мәдени алқаптар өзеннен тартылған басты арықтар келіп құятын көл сулары арқылы суландырады. Сырдария суы мұз еріген кезден бастап шілде айының соңына дейін ғана көтеріңкі болып, арнасынан толып аққан. Перовск уезінің оңтүстік-шығыс бөлігі өзен суынан биікте орналасқандықтан, бұл жерде шығыр кеңінен пайдаланылған. Солтүстік-шығысындағы таулы өңірде таудан аққан өзен суларынан

тартылған арықтармен суландырылады. Су таяз аққандықтан маусымның басына дейін тау қары еріп біткенге дейін суды қолдан жасалған су қоймасына жинайды (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г., 1907: 60).

Тарихи дәуірлерде Сыр өңірінде әр түрлі тарихи себептерге байланысты егіншілік біресе гүлденіп, біресе құлдырап отырған. Ертедегі егіншіліктің гүлденуі монғол шапқыншылығынан отырықшы қалалардың қирауынан кейін құлдырап, кейін көшпелі мал шаруашылығы басым болған еді.

Бас штаб капитаны Шульцтың 1846 жылғы жазбасындағы мәліметке сүйенсек, XIX ғасырдың бас кезінде Қазалы өңіріндегі Ханөткел мен Майлыбас аралығында жергілікті қазақтар Қуандария аңғарында Арабөгетте, Талбөгетте, Ақиректе плотиналар тұрғызған, арықтар мен құдықтар қазған. 1830 жылы осы өңірде холера індетінің таралуы, Сырдарияның сол жақ бетіндегі көшпелі кішкене-шектілердің отырықшы кішкене-шектілерге деген Ресей әмірлігін мойындауларына байланысты наразылықтары, олардың плотиналарды қиратуы бұл жердегі егіншілікті құлдыратқан (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 331).

Орынбор шекара комиссиясының секретары Субханкуловтың 1848 жылдың 7 қарашадағы жазбасын негізге алсақ, Сырдарияның төменгі ағысының оң жақ бетіндегі Райым өңірінде көшпелі қазақтардан алтыбай руынан – 100, құрманай, құттық, қаракесектерден – 300, жақайымнан – 50, барлығы 550 шаңырақ мал шаруашылығымен айналыса жүріп егін еккен (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 365).

Сыр бойында егіншіліктің кәсіп ретінде кеңінен өріс алуы XIX ғасырдың орта кезіне саяды. «Санкт-Петербургские ведомости» басылымының 1865 жылғы №266 санында жарияланған редакциялық мақалада Сырдария қазақтарының отырықшылыққа ауысуына Перовскіде форттың салынуы әсер еткен, – деп көрсетілген. XIX ғасырдың 2-ші жартысында Қазақстандағы егіншіліктің дамуы қазақ шаруашылығында оның алдындағы уақытта болған ілгері басушылықтар арқылы эзірленген еді. Бұл кезеңде егіншіліктің біршама кең өріс алған жері Сырдария өңірі болды.

XIX ғасырдың орта шенінде қазақтардың көрші отырықшы егінші халықтармен және орыс қоныстанушыларымен мәдени-экономикалық байланыстарының күшеюі, қазақ егіншілігінің дәрежесі мен аумағына, көршілерден агрономиялық тәсілдерді үйренуіне, егіншілік дақылдарын таңдауына, егіншілік өнімдердің шаруашылық және басқа мақсаттарға орынды пайдалануына айтарлықтай әсер етті. Мал апатына соқтыратын індеттердің болуы, жұттың болуы мал шығынын арттыра түсті, малы азайған қазақтар көшпеліліктен қол үзіп, егіншілікпен айналысуға мәжбүр болды.

Халықтың егіншілік қажеттерін қанағаттандыруға Қазақстандағы Сырдария, Қуандария, Жаңадария, Арыс, Сарысу, Келес, Талас, Шу сияқты өзендерінің суы жеткіліксіз болды. Сол себепті халық өзендерден құрғақ далаға арықтар тартты. Арық қазуға кейде бір рулы ел толық кіріскен. Үлкен арықтар қазу ісі бірнеше жылға созылған.

XIX ғасырдың 2-ші жартысында Қазалы уезінде жергілікті халық Жанкент сияқты қираған қалалар, ескі қоныстарға апаратын арықтарды тазартып, аршып қалпына

келтіру жұмыстарына кірісті. Істің барысы Н.Маевтың «Туркестанские ведомости» газетінде жарияланған «Ирригационная работа в Казалинском уезде» атты мақаласында баяндалды: «Бірқазан арығы Қазалыдан 45 шақырым жердегі Сырдарияның сол жағынан тартылды, ұзындығы 11 аршын, Сырдан басталатын көзінің ені 17 аршын, бара-бара 14 аршынға қысқарды. Көлемі 50 шақырымдай арық Бірқазан көліне құяды. Арықты тазалау жұмысы 1876 жылы басталды, 1878 жылы 10000 пұт астық егілді. Баужиде арығының ұзындығы 65 аршын, ені 9 аршын. Баужидеге параллель жатқан ұзындығы 6 шақырым егістікке тары егілді. Бұл екі арық 2500 пұт астық дәнді егілетін жерді суаруға мүмкіндік береді. Ергерек арығының құрылысына 1878 жылы 4000 адам, 1879 жылы 2000 адам тартылды. 1878 жылы Ергерек алқабына 3 мың пұт әртүрлі астық дәні егіліп, 1879 жылы 5000 пұт астық дәні егілді. Жанкент шаһарына апаратын ұзындығы 30 шақырым, ені 9 аршын болатын арық ашылып, арық 5000 пұт дән себілген егістікті суарды» (Маев, 1879: 86).

Осындай ескі арықтарды қалпына келтіріп, ашып, су жүргізу ісі Жөлек елді мекенінде де қолға алынған. Бұл бастама А.Дятковтың 1885 жылы «Туркестанские ведомости» газетіне жариялаған «Киргизские нужды» атты мақаласында қолдау тапты. Мақалада Өзек, Көккерім, Төменарық арықтары мен Шиелі каналының қайта қалпына келтірілгендігі және Жөлек болыстығындағы егістік алқаптарындағы суландыру шараларының нәтижелері айтылды (Дятков, 1885: 54). Осы мақалада Сыр өңірі қазақтарының қалай отырықшыланып жатқандығы, Сорқұдықтан Шиеліге дейінгі 40 десятина, Перовск уезіндегі қазақтардың 10 десятина жерлерді өңдеп, егістік алқапқа айналғандығын мәлім етеді.

Арықтарды қолдан қазу, ескі арықтарды қалпына келтіру ісі ХХ ғасырдың бас кезінде де жалғасты. «Сырдарьинский бассейн и его будущее значение» атты мақалада Жамандария мен Қараөзек аралығындағы 80 шақырым жерге созылып жатқан жерді Жамандариядан тартылатын Кетпенсу, Қараарық арықтары, Бірқазан, Бесарна арналары және Ақжүректен Қазалының батысына дейінгі аралықтардағы жерлерді игеру мәселесі көтерілді және кәріз, бөгеттер, көпірлер салу керектігі де айтылды (Сырдарьинский бассейн и его будущее значение, 1888).

Сыр өңіріндегі егіншіліктің қалыптасуы жайында А.Макшеевтің «Описание низовьев Сыр-дарьи» атты еңбегінде: «Сырдария қазақтары егіншілер мен көшпелілерге бөлінеді. ... Егіншілік құралдары қарапайым, ағаш және темір соқамен жер жыртылады. Егінді орақпен, қолмен жинайды. Жылқы, өгіз көмегімен тас диірменде дән тазартылады. Перовск форты мен Жөлек аралығында су және тас диірмендер кездеседі. ... Сыр өзенінің төменгі ағысы бойында арпа, сұлы, тары, қызыл жүгері, ақ жүгері және қауын, қарбыз өсіріледі», – дей отырып, Сырдың төменгі бойында 2 мыңдай егінші шаңырағы барын көрсетеді (Машеев, 1856: 64-67).

Сырдарияның Қараөзек сағасы бойы егіншілікті дамытуға аса қолайсыз болса да, суармалы егіншілік үшін Қараөзектен тартылған арықтар маңызды роль атқарды. Арық қазу ісі аса жауапкершілікті талап еткен. Арық қазу кезінде адамдарды жұмылдыру, ұйымдастыру, оларды басқару үшін – *ақсақал*, суды пайдалануға басшылық жасайтын – *мұрап*, арық құрылысы ісін басқаратын және оның техникасын қадағалайтын – *шабақшы* сайланды. Бірнеше арық жүйесін, егістіктерді суландыру

ретін басқаратын адамды «арық ақсақал» деп атады. Халық арасында «су ақсақалы» деп те аталды.

Егісті қолдан суаратын аймақтарда ірі арықтардың суларын егістікке жіберу жүйесін қадағалаушы адам, егіске бөлінетін тоған суларын реттеуші адам – мұраптың атқаратын рөлі зор болды.

Мұрап – «мур-об» деген араб сөз, яғни «мур» – әмір, «об» – су деген мағынаны білдірген. Мұрап пен *тоғанбасының* қызметі бір десе де болады. Олар суды егіске бөлетін арық, атыз, тоғандарды жөндеу жұмысын жүргізіп, ұйымдастырды. Мұраптың міндеті – күн сайын тоған жағасын аралап, егіншілердің арасында судың дұрыс пайдалануын қадағалау және тоған ағысының бағытын анықтау. Мұраптарды ауыл арасында «арық ақсақалы» деп атауды біз зерттеп отырған Сыр өңірінің шығысында кең қолданды. Мұраптың көмекшісі суландыру ақысын жинап, салықты басшысына уақытында беруді қадағалап отырды. Көктемде жер жырту, арық қазу, егін егу, егістікті суару, оларды пайдалану, тоған суларын пайдалану ісі ақсақал-мұраптардың басшылығымен жүзеге асты. Мұраптар 1 жылдан 3 жылға сайланып қойылды. Егістік иелері мұраптарға бірлесіп ақы төлеп отырған. Арық ақсақалдары қызметі үшін шапан, жылқы, егін жұмысы аяқталған уақытта 100 ден 200 пұтқа дейін астық алды, салықтан босатылды (К., 1909). А.Воейковтың 1915 жылғы жазбасында арық ақсақалдар қызметінің сұранысқа ие екенін, оны халық өз арасынан сайлатынын жазған (Воейков, 1915: 11).

Мұраптар «сырықшы» деп те аталған, себебі ол қолына сырық алып, әр адамға шамасына қарай қазатын жерін сызып, бөліп берген (АЭМ).

1908 жылы Перовск уезінде 10, Қазалы уезінде 6 арық ақсалы қызмет еткен. Мұраптар мен арық ақсақалдарға төленетін ақы егінші халықтан жиналған. 1908 жылы Перовск уезінде арық ақсақалдарға төленген қаржының жалпы көлемі 6100 рубль, ал Қазалы уезінде 5400 рубльді құраған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г., 1909: 26).

Арықтар қазған рудың меншігі болып саналды. 1866 жылғы Сырдария линиясының құжаты бойынша Аламесек көлі мен Шіркейлі өзенінің аралығын жалғайтын арықтар жергілікті рулардың күшімен қазылған. Алтын және алаша руының адамдары Күпкұлба мен Көксу көліне құятын 5 арық тартқан. Арық құрылысы аяқталғаннан кейін көбіне арық қазу ісін басқарған ақсақал атымен аталып кететін. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезінде Көшей-табын Есқұл қаздырған арық әлі күнге дейін халық арасында «Есқұл арығы» деп аталып, халықтың пайдалануына жарап жатыр. Жаңа бір арық қазған кезде әрбір шаңырақ ат салысуға тырысқан (АЭМ).

1908 жылы Сырдария облысында барлығы 2304 арық болса, оның 373-і Перовск уезі, 231 Қазалы уезі жерінде болған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г., 1909: 25).

1879-1880 жылдары үлкен жұттың болуы Перовск қазақтарының отырықшылану процесін қарқындатты. Егіншілікті дамыту негізінде Теренөзек өңіріндегі Шағырлы, Құндызды қыстауларында алғаш болып Құланбайұлы Әбдірахман «жел диірмен» орнатқан (АЭМ).

Сыр қазақтары тары егуге ерекше мән берген. Тары өнімді жақсы берген, әрі аса ерекше күтімді қажет етпейтін өнім. Жазда жеті ретке дейін суарған, өнімнің өсуі 80 күнге созылған. Арпа мен бидай өсіру ісі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, бұрынғыға қарағанда қарқындай бастады. Оған орыс қоныстанушыларының да келуі әсер етті. Арпа мен бидайдың пісіп, өнім беруі 100 күнге созылған.

Орыс әскери статистарының зерттеуі бойынша 1860 жылдары Сыр бойының 3000 десятина жерінде егін салынып, одан 200000 пұттай өнім жиналған. Бұл кездері Сыр бойындағы егіншіліктің басты алқаптары Қуаңдарияның төменгі ағысында, №1-ші форт маңындағы Ақирек, Қамыстыбас көлдері бойында, Перовск форты маңындағы Сырдарияның екі жақ бетінен Жөлекке дейінгі аралықта болды. Перовск форты маңында Баужиде, Бірқазан, Жаңаарық, Келтеарық, Тасарық, Опқанды, Желбан, Қаралан, Бұсырман, Ұзынарық арықтарының бойында, Бірқазан мен Бесарна сағаларының аралығындағы Қан сайында, Батпақөткел өткелі бойында, Қаракөл, Бірқазан, Сарыкөл, Ащы көлдері аңғарында егістік атыздары болды [(Мейер, 1865: 106).

Сырдария линиясының әскери кеңесшісі Осмоловскийдің жазбасы бойынша 1858 жылы Жаңадария өзенінің аңғарындағы 2000 көшпелі қазақтар күшімен 35 құлағы өңделіп, 12000 дес. жерге тары, 400 дес. жерге арпа егілген (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 455).

Осмоловскийдің есептеуі бойынша Перовск фортынан №2-ші форт аралығында 1857 жылы – 2472, 1858 жылы – 3324, 1859 жылы – 5228, 1860 жылы – 4000 отбасы егін салған. Осмоловскийдің көмекшісі әскер старшинасы Карамышевтің есептеуінше №1-ші форт өңірінде 1858 жылы – 7650, 1859 – 6872, 1860 – 4350 шаңырақ егін салған. Бұл екі әскери информатордың мәліметінен байқағанымыз 1860 жылы егін еккен қазақтар санының азаюы. Бұл сол жылдардағы құрғақшылық пен шегірткенің қаптауынан егіннің шықпауымен байланысты. 1860 жылы Сырдария бойында орта есеппен жалпы саны 8000 адам егіншілікпен айналысса, 1861 жылы олардың саны 6500 адамға қысқарған. 1862 жылы егін салуға табиғаттың қолайлы болуына байланысты егін салушылардың саны өсіп, Перовск форты өңірінде – 4051, №1-ші форт маңында – 4022, барлығы – 8073 егінші шаңырағы болған. 1862 жылы 35215 десятина жерге – тары, 1209 десятина жерге – арпа, 569 десятина жерге – бидай, 282 десятина жерге – кара бидай арыс егілген (Мейер, 1865: 109-110; Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 469).

Қара бидайды жергілікті қазақтар *арыс* деген. 1860 жылдардағы егін түсімінің аздығы, егін тапшылығына әкеп соқты, егін түсімінің аздығын естіген көшпелілердің көпшілігі сол жылы Сыр бойына келмей Орынбор линиясында қалып қойған (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 468; ҚРОММ 384-қор, 1 тізбе, 6 іс, 5-7 п.).

1860-1862 жылдардағы Сыр бойындағы егіншілік көрсеткіші

	Штабс-капитан Старковтың мәліметі, 1860 ж. дес.	Осмоловский мен Кармышевтің мәліметі, 1861 г.	Сырдария линиясы әскерілерінің есебі, 1862 ж.	Орта есебі, дес.
Егінші шаңырағы	10295	8350	8073	8827
Тары	10300		32215	34688
Арпа	5150	}58550	1209	10694 10488
Бидай	5150	51150	569	282
Қара бидай	-	-	282	

Л.Мейер көрсеткен, 1860 жылы инженер-капитан Старковтың мәліметі бойынша жалпы Сыр бойында 10295 егінші отбасы болған, 20600 десятина жерге 82400 пұт егін салынып, одан 2 163 000 пұт өнім алған. Тек №1-ші форт маңындағы Ақирек алқабында 800 десятина егін атызы болған (Мейер, 1865: 107-108).

Келесі кестеде ұсынатын 1862 жылғы 2 маусымда Карамышевтың №1 форт маңындағы көшпелі қазақтардың мал баға жүріп егіншілікпен қосалқы айналысу ба-рысы жайындағы хабарламасының маңызы айрықша (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 488).

1862 жылғы №1 форттағы егістік алқап көрсеткіші. Карамышев мәліметі бойынша

Егістік жер	Арпа	Бидай
Мортық өткелінен №1 фортқа дейін Сырдарияның екі жақ бетіне дейін	450 дес.	350 дес.
№1 форттан Жаңаарық арығы, одан әрі Хиуа бағы, Сырдарияның оң жақ бетіндегі Сарыкөл көлі, Ақирекке дейінгі аралық	500 дес.	300 дес.
Сырдарияның сол жақ беті	480 дес.	400 дес.
Сырдарияның оң жетінен Ақирек, одан әрі Талдыарал, Сырдың сол жақ бетінен Жыландыдан Көкөткелге дейін	700 дес.	470 дес.
Сырдарияның оң жақ бетіндегі Талдыаралдан Сырдың теңізге құяр тұсына дейін, Сырдарияның сол жақ бетінен Ханөткелден Қаражарға дейін	400 дес.	350 дес.
Сырдарияның сол жақ бетіндегі Өтетілеу сағасынан Сырдарияның теңізге құяр тұсына дейін	1800 дес.	1200 дес.
Арабалық жазығы	400 дес.	300 дес.
Сырдарияның теңізге құяр тұсынан Қосаралға дейін	200 дес.	150 дес.

Ал, 1865 жылғы әскери есепті негізге алсақ тек №1 форт өңірінен 7000 дес. жер егістік алқап үшін өңделген (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 528).

1863 жылғы әскери мәліметті негізге алсақ, Перовск уезінде – 4215 егінші отбасы болып, 18520 десятина жерге – тары, 7400 десятина жерге – арпа, 632 десятина жерге – бидай, барлығы – 26 552 десятина жерге егін егілген. Ал, №1 форт өңірінде 5975 десятина жерге – тары, 1823 десятина жерге – арпа, 688 десятина жерге – бидай, 292 десятина жерге – арыш, барлығы – 8778 десятина жерге егін салынды. №1 форт егістіктерінен 5975 пұт тарыдан – 100390 пұт өнім, 12762 пұт арпадан – 70749 пұт өнім, 4820 пұт бидайдан – 28222 пұт өнім, 1090 пұт қара бидайдан – 11659 пұт өнім жиналған (Мейер, 1865: 109-110).

1870 жылы Түркістан статистикалық комитеті жинақтаған мәліметті негізге алсақ 1870 жылы Перовск уезінен барлығы 6947 қазақ шаңырағы егіншілікті, ал 20018 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен (Материалы для статистики Туркестанского края, 1872: 119).

1870 жылғы Перовск уезіндегі егіншілік

болыстар	егінші шаңырақтар	бидай (пұт)	арпа (пұт)	тары (пұт)	қауын (десятина жерге)	шығыр саны
Жаңадария	170	574	311	-	76	-
Сарышығанақ	1091	1223	524	995	482	246
Қармақшы	375	367	84	229	79	78
Байзақ	807	948	279	672	173	274
Шаған	-	1047	655	464	89	-
Кеңтүп	855	1854	1697	577	156	31
Жөлек	1030	1430	1000	1230	165	200
Жомарт	663	579	545	557	123	90
Аққыр	363	844	316	221	139	49
Қысбөгет	221	569	387	67	-	3
Жаңақорған	768	493	199	346	-	63
Царская	614	493	199	346	-	63
Барлығы	6947	10700	6662	5679	1607	1034

В.В. Радлов А. Макшеев дерегіне сүйене отырып, Қазалы уезінде 4000 шаңырақ, Перовск уезінен 6000 шаңырақ егіншілікпен айналысады, – деген (Радлов, 1989: 115). Бұл жерде В.В. Радлов 1868 жылды негізге алып отыр.

1860-1890 жылдары Перовск және Қазалы уездерінен 202 арық, ал 1890-1915 жылдары 280 арық тартылған. Қазалы мен Жаңадария аралығындағы жерлер, сондай-ақ Далакөл көлі, Көксу көлдері аңғарындағы жерлер егіншілікке игерілді. 1916 жылы Шіркейлі каналында 144 шығыр болып, оның көмегімен 259 десятина жер суарылған. Дән үгітуге тесағаш, малатас жиі қолданылған (Белокопытов, 1961: 26).

Қазалы уезінің бастығы Н.Дингельштедттің «Қазалы уезінде ирригацияның дамуы төмен, уездегі бірден-бір су бассейні Сырдария өзені, оның арықтарға су беруіне күші жетпей отыр», - деуі Қазалы уезінің Сыр өңірінің басқа жеріне қарағанда егіншіліктің баяу дамығанын дәлелдей түседі (Дингельштедт, 1893: 339).

Н.Н.Александров 1906 жылғы дерек бойынша «Перовск уезінде жалпы ұзындығы 2125 шақырым 334 арық, Қазалы уезінде жалпы ұзындығы 2286 шақырым 312 арық болғандығын және егістік көлемі Перовск уезінде 22265 десятина жер, 17309 десятина жер екендігін көрсеткен (Александров, 1920: 14).

1906 жылдың статистикалық қорытындысында, Қазалы уезінде Жамансыр және Қуандария болыстары жерінде су тапшы болғандықтан егіншілік нашар дамығандығы, ал Қуандария өзені бойы мен Қазалы қаласы маңында Қазалы уезінің басқа өңірлерімен салыстырғанда бау-бақша мен егіншілік қарқынды дамығандығы көрсетілген. 1906 жылы Перовск уезінде 26344 десятина (4%), Қазалы уезінде 15431 десятина (2,3%) жер егіншілікке пайдаланылған (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 г., 1907: 8, 63).

1908 жылы Перовск уезінде дәнді дақылдар 26435 десятин жерге, Қазалы уезінде 17976 десятин жерге егілді (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г., 1909: 9).

**Егістік алқаптар жері
(Сырдария облысы уездерімен салыстырмалы көрсеткіші)**

уездер	1908 ж. %	1907 ж. %
Перовск	8,8	3,6
Қазалы	2,8	2,5
Ташкент	30,81	29,07
Шымкент	28,4	28,43
Әулиеата	14,5	21,2
Әмудария бөлімі	14,5	19,3
Ташкент қ.	0,2	-

Кестеде көрсетілгендей Сырдария облысының басқа уездеріне қарағанда Перовск және Қазалы уездерінің егістік жер көлемі төмен, 1907 жылы Перовск уезі жерінің 3,6%-ын, 1908 жылы 8,8%-ын, ал Қазалы уезінің 1907 жылы 2,5%-ын, 1908 жылы 2,8%-ын ғана егістік алқаптар алып жатты. Сырдария облысы бойынша 1 десятина жерден орта есеппен 1907 жылы 63,7, 1908 жылы 59,6 пұт астық жиналған. Соның ішінде Перовск уезінде орта есеппен 1 десятина жерден 1907 жылы 60,6 пұт, 1908 жылы 51,7 пұт, Қазалы уезінен 1907 жылы 44,1 пұт, 1908 жылы 49,4 пұт астық жиналған. (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г., 1909: 9, 11).

1909 жылы егіншілік алдыңғы жылдарға қарағанда қарқынды қадам алып өсе бастаған. 1909 жылы Перовск уезінде 91361 десятина жер егістік алқап ретінде өңделген, 1908 жылы уезде 36053 десятина жер егістік алқап болса, 1909 жылы егістік алқаптық жер көлемі 65%-ға артқан. Егістік жер көлемі артқанымен егін түсімі төмендеді. Яғни 1908 жылы 1 десятина жерден 51,7 пұт алған болса, 1909 жылы 1 десятина жерден 45,8 пұт астық жинады, алдыңғы жылмен салыстырған егін түсімі 10%-ға азайып кетті. Егін түсімінің кемуіне Сырдария өзені суының тасуы әсер еткен (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г., 1911: 29).

Ал, 1909 жылы Қазалы уезінде егіншіліктің дамуы алдыңғы жылдармен салыстырған артып, егістік алқаптарының да көлемі өсті. 1908 жылы Қазалы уезінде

30654 десятина жерге егін егілсе, 1909 жылы 71971 жерге егін егіліп егістік көлемі 75,2%-ға артты. 1909 жылы Қазалы уезінде 1 десятина жерден 50,8 пұт астық жиналған. 1909 жылы Перовск уезінде 1 десятина жерге 6,6 пұт дақыл себілсе, Қазалы уезінде 1 десятина жерге 6,2 пұт дақыл себілген (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г., 1911: 30, 43).

«Туркестанцев» деген автордың «Земледелие в Сырдаринской области» атты мақаласында 1910 жылғы мәліметті негізге ала отырып, «Перовск уезінде – 3173,4 мың пұт, жан басына шаққанда – 17,7 пұттан, Қазалы уезінде 3 161,9 пұт астық жиналған, жан басына 17,3 пұттан келеді», – деген (Туркестанцев, 1911).

Қазалы уезінде егіншілік Қуаңдария аңғары мен уездің батыс бөлігінде мал шаруашылығына қосалқы түрде дамыды. 1911 жылы Қазалы уезінен 24223 егінші шаруашылық есепке алынып, олардың үлесінен 69147,34 десятина жер тіркелген, бұл жердің 23523,39 десятинасы егістік, бау-бақша, 45623,95 десятинасы шабындық жер ретінде пайдаланылған. Барлық егістік жердің 15358,77 десятинасы немесе 65,29%-ы суармалы егістік, ал, қалған 8164,62 десятинасы немесе 34,71%-ы табиғи су көзімен суландырылды.

1911 жылы орта есеппен Қазалы уезі қазақтарында 2,58 дес. жерден келіп, 0,95 дес. жерге әр түрлі дақылдар, ал, 1,88 дес. жерге жоңышқа егілді. Ал, егіншілікті кәсіп еткен қазақтарға орта есеппен 1,95 дес. жерден келген. 1911 жылы 12088 шаңырақ егінші ретінде тіркелген, бұл 49,9%-ды құрайды, 50,1% таза мал шаруашылығын кәсіп еткен. Егер көршілес уездермен салыстыратын болсақ, 1910 жылы Перовск уезінде 17722 егінші шаңырақ тіркеліп, уезд тұрғындарының 74,8%-ын құраған. Ауыл шаруашылығы санағы кезінде Қазалы уезінен 823 адам егіншілік алқапта жалдамалы жұмысшы ретінде тіркелген. Қазалы уезінде егіншілік алқабындағы жалдамалы еңбек кәсіп түрлерінің дамуы тұрғысынан 5-ші орынды иеленеді. Бұл егін шаруашылығының Қазалы уезінде басқа уездерге қарағанда кенжелеу дамығандығын көрсетеді. Егін жинау науқаны кезінде Қазалы егіншілері Ырғыз, Қостанай, Перовск уездерінің егін алқаптарына жалдамалы жұмысқа барады (МКЗ, Перовский уезд, 1912; Казалинский уезд, 1913). Статистар 1911 жылы Қазалы уезінен 113 темір соқаны есепке алған (Обзор Сыр-Дарьинской Области за 1911 г., 1913).

Егін қосында жұмыс істейтіндер де «егінші» деп аталды. Егін иесі оларға атқарған қызметі үшін түскен өнімнің $\frac{1}{4}$ ден $\frac{1}{2}$ бөлігіне дейін берген. Егін иесі оларды егіншілік құралдарымен, тағам және мініс көлігімен қамтамасыз еткен (Гродеков, 1889: 118).

1911 жылы Қазалы уезінде жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы бойынша Қазалыдағы 24223 қазақ шаруашылығының 12088-і, яғни 50%-ы (МКЗ, Казалинский уезд, 1913: 39), ал, 1910 жылы Перовск уезі тұрғындарының 80 %-ы егін салуды қосалқы кәсіп еткен (МКЗ, Перовский уезд, 1912). С.Неустроев: «Қараөзек қазақ егістігінің үлкен алқабы, тары, бидай, күріш өлкенің басты дақылдары. Егіншілік әсіресе Перовскінің төменгі өңіріндегі суы мол, Қараөзек мен Жамандария аралығындағы қамысты алқаптарда, екіншіден Сырдария өзенінің сол жақ бетінде, Шіркейлі сағасында, Қуаңдария бойы, Далакөл көлі және көптеген майда көлдер бойында, Перовск қаласынан жоғарғы қарай өзен бойында ерекше дамыған. Егіншіліктің

дамуымен қатар тоған бастарындағы жұмыстар да қыза түседі. Жөлектіктер жаңа арықтар қазумен қатар ескі арналарды қайта қалпына келтіріп жатыр», – деген (Неуструев, 1911: 112-113).

«Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты еңбектің «Перовск» деген бөлімінде «Сырдарияның егістіктер өзеннен тартылған каналдармен, шығырлармен суландырылады, ал кейбір жерлерінде егін су арнасынан тасып кетіп кепкен жерге салынады. Мұны жергілікті қазақтар «тентек суға егін салу» деп атайды» – дей отырып, егіншілік кәсібімен 700 адам айналысып, Перовск уезіндегі отырықшы тайпалардың егістік көлемі – 40500 десятинаны құрағанын көрсеткен (Россия. Полное географическое описание, 1913: 597). *Тентек су* – өзен арнасынан тасып кеткен су. Тентек сулардан көл немесе көлшіктер пайда болады.

Н.Гаврилов та Сырдың тасыған арнасынан пайда болған көлдердің суы тартылған жерлерін жергілікті қазақтардың егістікке пайдаланғандарын көрсеткен. Сыр өңірінде дариядан тасыған судан пайда болған көлді *жайылма су* деп те атайды. Ойлы жерге жиналған судан пайда болған көлдер әдетте 1-2 жылдан соң кебе бастайды. Ылғалы кете қоймаған 1-ші жылы бидай салса, сол жерге 2-ші жылы арпа салған. 3-ші жыл бұл жер әбден кеуіп, енді егін салуға жарамай қалады (Гаврилов, 1911: 281). Осмоловский мен Карамышев Сырдарияның Жиделі, Қазалы сағалары арнасындағы, басқа су тасыған жерлер кепкенде егістіктікке қолданатынын жазған (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 471). Бұл дайын табиғи суарылған жерді егінге пайдаланудың ең қарапайым тәсілі болып саналған.

Перовск уезінде жергілікті халық Сырдария өзені арнасының тасатын уақытын егін егуге тиімді пайдалана білді. Сырдың суы тасығанда он шақты шақырымға дейінгі біраз жерді су алып кетеді. Г.С.Загряжскийдің Перовск уезі қарттарынан жазып алған мәліметі бойынша су тасқыны уақытына қарай егін уақыты 7 кезеңге бөлінген:

сәуір тасу – 25 наурыздан сәуірдің басына дейін, арпа мен бидай себілетін уақыт;
гүл шалдық – мамырдың басынан 7 күнге созылады, бидай, арпа, жоңышқаға су жіберіледі;

гүл уақыт – ағаш гүлдейтін уақыт – мамырдың орта кезінен 15 күнге созылады, бидай, арпа, бақша және жоңышқалықты суарады;

тайлақ тасу – 5 және 10 маусым аралығында, судың қатты жылдамдықпен тасатын уақыты, 10 күнге созылады, тары егілетін уақыт, бұл Сырдың тасыған суы біраз жерге жайылып, тез арада қайтып кетпей, шұбатыла ораған түрі. Тайлақ тасудың тентек суы Сырға қайта құйылмас үшін егіншілер алдын тоғандап, суын жинап толтырады да, арнайы қазылған арықтармен егістікке жібереді;

шұлғау тасу – шілденің аяқ кезінен тамыздың басына дейін, астық жинауға қолайлы уақыт;

қарақұйрық тасу – тамыздың 5-нен 5 күнге созылады, қарақамыстың гүлдейтін уақыты;

сүмбіле тасу – тамыздың соңы, жоңышқа суғаруға пайдаланылады (Загряжский, 1903). Қазақтың дәстүрлі этнографиясын нақтылауға дерек берер информаторлардың қатары азая түскен қазіргі уақытта байырғы қазақтардың ортасында болып жа-

зылған осындай мақалалардың құндылығы, ғылыми танымдылығы арта түсетіні анық.

1920 жылы Ә.Диваевтың Сырдария экспедициясы кезінде Жұманазар Үрімқұлұлынан жазып алған термесінде келісідей жолдар бар:

*«...Шиелі, Жөлек, Тартоғай,
Шетінен диқан бір тоғай
Сұлтөбе, Бірқазан
Дақылы көп әрқалай
Ақмешіттің дайрасы
Халыққа түгел пайдасы
Толып жатқан көп егіс
Көп судың еңсіз даласы
Онан соң бірге Қараөзек
Диқандары тіпті көп
Тереңөзек, Жалағаш
Сулары жатыр екпіндеп
Қармақшы сонсоң Қазалы
Соларды толық базарлы
Дақылы жақсы әр жерде
Көрмекке адамы ажарлы...»*

(Қазақтың халық творчествосы, 1989: 271).

Терме жолдарындағы Шиелі мен Қазалы аралығы қазіргі кезде де егістік алқаптары болып табылады.

Қолдан күріш егу үшін 10-15 адам қатар тұрып, жерді кетпендеп *«ұндайды»*. Ұндау деп жерді майдалап үгетуді айтады. Майдалап болғасын су қояды, сосын мойнына дорба іліп алып, қолдан күріш себеді, күрішті батып кету үшін алдын ала 2-3 күн суда ұстайды. Дән сеуіп болғасын атыздың құлақтарын жабады, күріш 2-3 күнде *түбін жерге қадайды*, бұл *күріш көктейді* деген сөз. Су азайған соң суды қайта жібереді, 10 күнде күріш қайта көктейді. 1 айдан соң арам шөбі көрінеді, арам шөптен тазалауды *«отаққа түсу»* дейді. Арам шөпті орақпен ораған немесе қамысты бұрап жерге тығып кеткен.

Егістіктегі егінді орақшылар жинағаннан кейін жерге түскен немесе жерге жатып қалған *масақтарды* (*күріш, бидайдың дәні бар басы – Т.К.*) теруге түскен адамдарды *«масақшы»* деп атаған. Бұл кәсіппен кез-келген ұнатқан адам айналыса берген. Әсіресе, кәрілер, мүгедектер, көбіне әйелдер яғни ауыр жұмысқа жарамайтындар жалданған. Егістікті масақшыға беру сауап іс саналған. Ал, масақтың жерге түсіп шашылып жатуы ысырап саналған. Масақшылар 4,5 тен 6 пұтқа дейін жинаған. Күріштіктен масақ теруге балалар 10 жасынан бастап араласқан. Жазда бидайдан, күзде күріштен масақ терген.

Күріш шаруашылығы басым дамыған Сырдың төменгі ағысы бойында күріш егістігіндегі су тартылғаннан кейін қыркүйек айы *«масақ теру»* науқанына айнал-

ған. Қазақы күріш сал мұртты, әрі жеңіл болады. Үдеріс мұртсыз, салмағы ауырлау болады. Дән үккіш тасты қозғалысқа ендіру үшін түйе, ат, есекті жұмысқа жеккен (АЭМ).



Күріштік атыз. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы

Қырман басында жұмыс істейтіндерге берілетін астық қазіргі Жалаңаш ауданына дейінгі жерде кеусен, одан әрі Аралға қарай *аққұла, қырмантүп, бүйрек, атжемі* деп аталған.

1892 жылы Қосбөгет, Көткеншек, Жанақорған, Жөлек, Шаған, Сауран болыстарында ауа райының қолайлы болуына байланысты бидай түсімі 9 есе, арпа түсімі 13 артық болған, ал Сырдария өзенінің тасуына байланысты Қазалы уезінде керісінше егін түсімі алдындағы жылдармен салыстырғанда төмендеген (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г., 1894: 4-5).

1910 жылы Сыр бойында 1909 жылмен салыстырғанда егін түсімі төмендеген. Мысалы 1909 жылы Перовск уезінде 78385 десятина жерге егін салынып, одан 3693,5 пұт астық жиналса, 1910 жылы 51550 десятина жерге егін салынып, одан 2545,1 пұт егін түсімі жиналған. Ал, Қазалы уезінде 1910 жылы 3270 десятина жерге егін салып, 880,2 пұт астық жинаған. 1909 жылмен салыстырғанда түсім 24,2 %-ға төмендеген. 1910 жылы егін көлемі мен түсімінің 1909 жылмен салыстырғанда төмен болуы тағы да Сырдария өзенінің суының тасуымен байланысты. Көктемде су тасып, жазда суы төмендеген. Сол себепті бұл кезеңде шығыр көмегіне көп жүтінген.

Сырдарияның төменгі ағысы бойында егістіктер суарылуына қарай көл жағасында, арық бойында, шығыр басында болып бөлінді. Көл жағасындағы егістіктер көбіне уақытша, тұрақты емес. Көлдің суы көтеріліп жағасын шайып кеткенде

кепкен орынға егіс салады. Арықтар Сырдариядан тартылған. Перовск жанындағы Жайылма арығында үш құлақ болған. Сырдариядан тартылған арықтар құлағы бекітілмей, 1-4 ай ағады. Тек Шиелі арығы жыл бойына ағады (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 г., 1912: 31-32).

Егін салған қазақтар егін түсімінің оннан бір бөлігін шариғат бойынша ұшыр салығы ретінде кедейлерге, болмаса дін өкілдеріне берген. Ал, 1848 жылдары ұшырды Хиуа хандығының шапқыншылығынан қорғап мақсатында құрылған әскерге берген деген мәлімет бар (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках, 1964: 364).

Егіншілікпен байланысты жергілікті атаулар да аймақтық ерекшелікті айғақтайды.

Ақаба – егістікті суарғанда сарқынды немесе қашқан суды жыраққа шығару үшін арнайы қазылатын арық. Ақабамен су кетіру, егістік сор болып кетпеу үшін жердің тұзын шаюға қолданылатын.

Аршу – арықты, құдықты тазалау.

Арық құлату – арық қазу.

Ата жап – үлкен арықтан таралған кішкене арық.

Атыз – қолдан суарылатын егістік жердің бір бөлігі.

Әңгі – су орып кеткен жер. Мысалы, *әңгі терең екен*.

Әуез – егінге, бақшаға қажетті суды жинайтын орын, бөгеу. Мысалы, *әуезден аққан су егіндіктің бәр жеріне жетті*.

Басып жату – егінге су жіберу. Мысалы, *қазір егіске су бастырып жатырмын*.

Дере – судың жоғарғы сағасы, көмей. *Арықтың дересін бекітіп, су жібермейді*.

Желке су – егінге екінші рет берілетін су.

Зәктеме су – егіннің алғашқы суы. Мысалы, *Егісіміз зәктеме судан өтті. Зәктеме суы берілісімен, егін көгеріп, бойлап өсе бастайды*.

Қазына арық – бас арық, үлкен арық.

Қара су – егіске берілетін бірінші су. Мысалы, *қара суды берісімен, егіс қаулап өсе бастайды*.

Қарық – кішкене арық.

Құлақ – егінге су жіберетін арықтың аузы, су жіберетін жері және су мөлшері.

Құлақ ашу – суды бөгеп тұрған жерін ашып, арық-арыққа су жіберу. Мысалы, *жаңа құлақ ашып келдім*.

Салма – егін араларына су жіберетін кішкене арық.

Түкірткі – Сыр өңіріндегі қазақ егіншілері салманың көмейін байлағанда қолданған қыш немесе кеспелтек бөренені үңгіп жасаған ағаш құбырлар атауы, ол бас арықтан салма арыққа судың біркелкі келуін қамтамасыз ететін құрылғы. Судың тапшы жағдайында түкірткі егістікке суды мөлшерлеп салудың оңтайлы техникалық шешімі болды. Әр егіншінің егістік танабының көлеміне қарай түкірткі арқылы белгіленген уақытта су жіберілетін. Құмдауыт жерде түкірткімен байланған құлақтар шайылып бұзылмайды, әрі құбыр арқылы өтетін судың көлемі тұрақты болғандықтан мұраптың әр егіншіге қажетті су көлемін анықтап, қадағалауына мүмкіндік береді. Түкірткінің тік немесе жатқызылып орнатылатын түрлері болған. Жатқызылып салынған түкірткілер бас арықтан салмаға су салғанда қолданылды. Тік орнатылған түкірткілер негізінен арықтан шығырдың әуітіне су салу үшін қолданылды.

Сыр бойындағы отырықшы қазақтар егіншілікпен қатар *бау-бақша* өсіруді де кәсіп еткен. Сыр өңірінде бау-бақша шаруашылығы да ерте кезден қалыптасқандығын археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр. Қаңлы қоныстарынан бақша өнімдерін сақтайтын қыш кеспектердің табылуы олардың бау-бақша өсірумен де айналысқандарын нақтылай түседі. П.И. Рычков бұл өңірде бау-бақша, жеміс ағаштарын өсірудің артуын сауда-саттықтың өркендеуімен, яғни керуен жолдарының Аралдың шығыс өңірінің үстінен өтуімен байланыстырады (Рычков, 1896: 59).

Сыр бойының топырағы мен ыстық ауасы қауын, қарбыз, пияз, қызылша сияқты бақша өнімдерін өсіруге қолайлы болды. 1860 жылғы Сырдария линиясы басқармасының есебінде бау-бақша өсіру жергілікті қазақтар арасында соңғы үш жылда жүзеге асуда, қазақтар өсірген бау-бақша өнімдері форт базарында сатылуда дей отырып, қауын, қарбыз сияқты бақша өнімдерін пайдану кедейлердің ісі деген. 1863 жылдары Орынбор әскерилері Сыр бойынан бау-бақша өнімдері егілген 13800 дес. жерді есепке алған және де «картоп өсірумен Сыр қазақтары әлі таныс емес, бұл өнім оларды, егін шықпай қалған жылдары аштықтан қорғар еді, картоп алдағы уақытқа Сыр қазақтарының қолданысына енеді деп сенеміз», – деп көрсеткен (Мейер, 1865: 120).

Сыр бойының қазақтары қауын, қарбыз өсіретіндігі жайлы мәлімет те осы әскери статистикалық кітаптан табылады. 1863 жылы Перовск өңірінде қауын, қарбыз егілген шамамен 500 десятинадай жерді алған (Мейер, 1865: 111).

П.И. Пашино «№1 форт тұрғындарының кәсіпшілігі егіншіліктен басқа бау-бақша, балықшылық және ұсақ сауда болды. 1865 жылы Қазалы өңірінен 100 десятина жерден 275 пұт картоп, 865 арба қауын-қарбыз жиналған (Пашино, 1868: 22). Перовск қазақтары картоп егуді әлі игермеген, қарбыз, қауын, асқабақ өсіреді. Бау-бақшаны суаруға Сырдарияның суы қолданылып, суды шығыр көмегімен көтереді», – деген (Пашино, 1868: 49).

Сырдың төменгі сағасы аңғарындағы белгілі Хиуа бекінісі Хожанияз бекінісі мен Жанқала маңында тұт, өрік, алабұхара (өрік түрі), жүзім сияқты жеміс ағаштарынан өсірген бау болған. 1847 жылы орыс әскерлерінің Сырдың төменгі бойын қаратуы кезінде бұл жеміс бауы қиратылып кеткен. Жеміс ағаштарынан бау өсіру Сырдың төменгі сағасындағы Перовск, Жөлек өңірінде жақсы дамыды (Мейер, 1865: 123). Күнбағыс Арал қазақтары тілінде *айқабак* / *айга бағар* деп аталады.

Су шықпайтын жерде қауынның дәнін жантақтың тамырына салып еккен, себебі жантақ суды бойына жинайды, әрі жантақпен еккен қауынның дәмі тіл үйіртеді (АЭМ). Сыр қазақтары бау-бақшаны аң-құстардан қорғау үшін жылқының бас сүйегін ағашқа қадап қояды немесе адам сұлбасын беретін «*қарақшы*» қояды. Сыр өңірі қазақтарының тілінде егіншілік пен бау-бақшаға қатысты атаулар қалыптасқан. Қазақ жерінің басқа өңірінде тек *қауын* деп бір атаумен атаса жергілікті жерде *әміре/шартылдақ әміре, күләбі, қара қауын, қызыл қауын, сары торлама/қара торлама, әңгелек/ дәмбілше, күләсан/патсайы, қазақ/кемпір қауын, көк дөнен, қант қауын, ала қарбыз, қара қарбыз* деп түрлеріне қарай бөліп атайды.



*Сырдария өзенінің Жаңадария сағасы бойындағы қауындық.
Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылы*

1870 жылы Түркістан статистикалық комитеті Перовск уезі болыстарынан 1034 шығыр қондырғысын есепке алған. Бұл шығырлар сағатына 60 шелек су, тәулігіне 75 мың шелек суды көтеріп, арыққа құйған. Көршілес қарақалпақтар бір шығыр суды орташа есеппен үш аршын тереңдіктен шығарған. Тәулігіне шығыр суымен 6-10 танап жерді суаруға болады (Материалы для статистики Туркестанского края, 1872: 119). Жақсы шығырлар секундына 5 куб. фут су көтереді (Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год: 1912: 167). Егіншілік алқаптарды суаруға Қуандария, Жаңадария сияқты табиғи су көздері және суармалы техникалар пайдаланылды. Суармалы егіншілікті жүзеге асырудың ең тиімді жолы су көтеретін машина шығыр қондыру болды. Шығырмен суландыру әдісі әсіресе, Сырдария аймағында көп кездескен. Сырдың төменгі алқабы өзен арнасынан биік, әрі құрғақ болғандықтан шығыр көмегіне жүгінген (Небольсин, 1854: 207).

Сырдария аңғарындағы егістік мәдени алқаптар өзеннен тартылған басты арықтар келіп құятын көл сулары арқылы суландырады. Сырдария суы мұз еріген кезден бастап шілде айының соңына дейін ғана көтеріңкі болып, арнасынан толып аққан. Перовск уезінің оңтүстік-шығыс бөлігі өзен суынан биікте орналасқандықтан, бұл жерде шығыр кеңінен пайдаланылған (АЭМ).

Қазалы уезінде көптеген егістіктер де шығырлар мен атпалар көмегімен суарылды. Ат шығыр мен қол шығыр да негізінен осы Сырдария бойы мен Аралмен шектесетін Қазалының батыс өңірінде кеңінен қолданылды. Агроном Н.Н.Александров та шығыр қондырғысымен суару Сырдария облысында Әмудария бөлімімен қатар Перовск және Қазалы уездерінде басым дамығандығын атап көрсеткен (Александров, 1920: 15).

Перовск уезінің оңтүстік шығыс бөлігінде Қаратау етегінде су қоймасы – тоған жасап егін суаруға жаратқан. Су қоймасы қар суынан да жиналады. Осындай су қоймасы Сауран станциясына жақын жерде болған (Обзор Сыр-Дарьинской облас-

ти за 1910 год: 1912: 167). Шығыр мен атпалар осы тоғандарға да орнатылған. Өзбекстан Республикасының Орталық Мұрағатында сақталған Жаңадария өзенінің арық ақсақалының Перовск уезі бастығына жазған рапортында «қарақалпақтар мен қоқандар заманында Жаңадария бойындағы егістіктер бір емес он шақты жерінен салынған бөгеттер көмегімен суландырылған еді. Қазіргі уақытта Перовск қазақтары өз егістіктерін шығыр көмегімен суғарады, соңғы жылы ғана өзенге екі бөгет салынды» делінген. Бұл дерек XIX ғасырдың екінші жартысына дейін өзенге бөгет салу ісінің кең қолданылғандығынан мәлімет береді. XIX ғасырдың аяғына қарай шығырдың кең қолданылу себебі өзен суының өз арнасынан төмендей бастағанымен байланысты.

В.В.Радлов А.Макшеев дерегіне сүйене отырып, Қазалы уезінде 4000 шаңырақ, Перовск уезінен 6000 шаңырақ егіншілікпен айналысады деген (Радлов, 1989: 115). Бұл жерде В.В.Радлов 1868 жылды негізге алып отыр. 1860-1890 жылдары Перовск және Қазалы уездерінен 202 арық, ал 1890-1915 жылдары 280 арық тартылған. Қазалы мен Жаңадария аралығындағы жерлер, сондайақ Далакөл көлі, Көксу көлдері аңғарындағы жерлер егіншілікке игерілді. Статистар 1912 жылы Перовск уезінен 190, Қазалы уезінен 309 шығырды есепке алған (Обзор Сырдарьинской области, 1914: 38). 1916 жылы Шіркейлі каналында 144 шығыр болып, оның көмегімен 259 десятина жер суарылған (Белокопытов т.б.: 1961: 26).

Көктемде су тасып, жазда суы төмендеген. Сол себепті де бұл кезеңде шығыр көмегіне көп жүгінген.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырда Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ертедегі су желісі, арықтардың іздері, қала-қоныстарды сақталған астық қоймалары мен ұралардың іздері бұл өңірде ертедегі егіншіліктік дамығанын дәлелдейді; Монғол шапқыншылығы кезінде Сыр бойындағы ежелгі қалалардың қирауы, қала тұрғындарының егіншілік кәсібін де құлдыратқан; кейінгі ортағасырлардан бастап егіншілік қайта жанданып, Перовск және Қазалы уездерінде егіншілік мал шаруашылығымен қатар дамыған кәсіп болды; егіншілікпен көбіне жазда жайлауға көшпей қалған малы аз ауылдар айналысты және біз зерттеп отырған кезеңде егіншілікке қарағанда мал шаруашылығы басым болды.

Әдебиеттер

Симонов А. Археологические заметки. Шок-тюбе // Туркестанские ведомости (бұдан әрі – ТВ). 1900. №73. 10 сент. – С. 460-461.

Симонов А. Джеты-асар // ТВ. 1900. №80. 5 окт. – С.506., №81. 8 окт. – С. 514.

Рычков П.И. История Оренбургская. 1730-1750. Под. ред. и примечанием Н.М.Гутьяра. – Оренбург: Издание Оренбургского Губернского Статистического Комитета. Типо-литография. Из. Ин. Еврамоского-Мировинского, 1896. – 95 с.

Толстов С.П. По следам древнехорезмской цивилизации. – М.: Изд-во: Академии Наук СССР, 1948. – 328 с.+7 л. илл. + 1л. карта.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. – М.: Издательство Восточной литературы, 1962. – 322 с.

Макшеев А.И. Географическое сведения «Книги большого чертежа» о Киргизских степях и Туркестанском крае // ЗИРГООЭ. Т. XIV. Отд. 2. – СПб, 1878. – С. 1-30.

Калмаков Н. Некоторые семейные обычаи киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области // Кауфманский сборник, изданный в память 25-ти лет истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края генерал-адъютанта К.П. фон-Кауфмана 1-го» – М.: Типо-литография И.Н.Кушнерева и К^о, – 1910. – С. 221-228.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год. – Ташкент: Типо-литография ВАС. Меф. Ильина, 1907. – 287 с. + приложение I+LXV.

Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. – 572 с.

Маев Н.А. Ирригационные работы в Казалинском уезде // ТВ. 1879. №29. – С.86.

Дятков А. Киргизские нужды // ТВ. 1885. №114. – С. 54.

Сырдарьинский бассейн и его будущее значение // ТВ. 1888. №51. – С.2-3.

Макшеев А.И. Описание низовьев Сыр-Дарьи // – СПб.: В типографии Имп. АН., 1856. – 80 с.

К. Обычай у туземцев – пользование водой из арыков // ТВ. 1909. №105. – С.453.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1909. – 69 с. + приложение I-XXX.

Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства.– СПб.: Тип. Э.Веймера, 1865. – 288 с.+ 12 л карта + табл.

Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А.Маева. – СПб.: Типография Ф.Михьева, 1872. – 237 с.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. – Ташкент: Электро-типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1912., – 192 с. + приложение I-XXXIII.

Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.

Белокопытов М.А., Васильева М.С., Тютюнников И.А. Кызылординская область и ее административные районы. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961. – 177 с.

Дингельштедт Н. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. – СПб: Типография Министерства путей сообщения Высочайше утвержденного товарищества И.Н.Кушнерева

Александров Н.Н. Земледелие Сырдарьинской области. Част I. Общие приемы земледелия. Отдельные отски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство» за 1916-1918 гг. – Ташкент, 1920. – 253 с.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г. – Ташкент: Типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1911. – 165 с. + приложение I-XXVII.

Туркестанцев. Земледелие в Сырдарьинской области // ТВ.1911. №86. – С. 3.

МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1912. – 190 с + приложение 32 с.+ табл. 127 с. + 45 с. + карта 3 лист. (394 с).

Обзор Сыр-Дарьинской Области за 1911 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. – Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1913. – 182 с. + приложение I-XXVIII табл, 1-116 лист.

Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1. – Ташкент: Типо-литография С.И.Лахтина, 1889 – 205 с.

Неуструев С.С. Зона южной полупустыни. Перовский уезд Сырдаринской области // Предварительный отчет об организации и исполнении работ по исследованию почв Азиатс-

кой России в 1910 года. Переселенческое Управление Главного управления Землеустройства и земледелии. – СПб.: Типография Ю.Н.Эрлих, 1911. – 122 с.

Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей. Под. ред. П.П.Семенова и академика В.И.Ламанского. Т.ХІХ. Туркестанский край. Составил князь В.И.Масальский. – СПб.: Издание А.Ф.Дефриена, 1913. – 861 с.+ карта.

Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). – СПб, 1911. – 335 с.

Загряжский Г.С. Очерки Перовского уезда // ТВ. 1903. №58. – С. 358.

Қазақтың халық творчествосы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 416 б.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г. Приложение к Всеподданейшему отчету Военного губернатора. – Ташкент: Типо-Литография С.П.Петухова, 1894 – 194 с. + 7 с. таблица.

Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. – Ташкент: Электро-типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1912., – 192 с. + приложение I-XXXIII.

ҚЫЗЫЛҚҰМ ЖӘНЕ МОЙЫНҚҰМ ДАЛАСЫНЫҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ

(далалық зерттеу материалдары негізінде)

Қазақ халқының қазіргі дәстүрлі этномәдени және этноәлеуметтік жағдайы қазақ этнографиясының негізгі зерттеу объектісі ретінде – Қызылқұмның үстінде отырған елді мекендер Қызылорда облысының Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылы, Қармақшы ауданындағы елді мекендер, Өзбекстанмен шекаралас Кекіреелді, Шобанқазған ауылдық округтері және Жамбыл облысы, Шу ауданының Мойынқұм және Ақтөбе ауылдары, сонымен қатар, Өзбекстан Республикасының Науаи облысының Қызылқұмда отырған қазақтары қарастырылды.

Науаи облысының қазақтары өздерін Тауелібай жерінің қазақтарымыз дейді. Тауелібай – Өзбекстанның бұрынғы Бұхара, бүгінгі Навои облысының Солтүстік аймағын алып жатқан аймақ. Бұл аймақтың басым бөлігі – 1928 жылы 12 сәуірде Қазақ АССР-інің құрамында құрылған Тамды ауданына қараған. Аудан үш болыс: «Тамды», «Мыңбұлақ» және «Қарақалпақ» болыстары негізінде ұйымдастырылған. Тамды аудандық алғашқы ревком 1927 жылы 3 шілдеде ұйымдасқанымен, өз алдына аудан ретінде 1928 жылы бекітілген. Осы өңірдің қазақтары Қали Жолдасовтың «Тауелібай» атты мақаласында Тауелібайға Тамды, Үшкұдық аудандары түгелдей, Кенимех ауданының (Көкше, Қаратау, Құлжықтау тауларынан бастап) солтүстіктегі бөлігі кіреді. Тауелібайдың шығысы Нұрата тауымен шектеледі. Бұл аймақтың Тауелібай атануы – осы өңірдегі ірілі-ұсақты 30-дан астам тауларға, тау сілемдері мен тау шоқыларына байланысты. Ал, Тауелібайдан әрі Сырдарияның төменгі ағысындағы аймақта (Қызылорда облысының Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарында, тіпті сонау Ұлытауға дейін) бірде-бір тау жоқ. Шөл мен шөлейт. Сондықтан ба, сол өлкелерде қыс қатты болған жылдары жұт болып, тігерге тұяқ қалмаған оқиғалар бірнеше рет қайталанғаны тарихтан белгілі. Жұтқа ұшыраған жылдары сол өлкелердің адамдары бүгінгі Тауелібайда отырған елден көмек сұрап келеді екен. Мал-жаны аман, шалқып-тасып отырған қалың қазақ қолда барын ағайыннан аясын ба, алдарына қырық-елулеп мал салып жіберетін болған. Ал қуанып қайтқан ағайын еліне жетіп: «Тау ішінде отырған ағайын-туыс бай екен, таудың елі бай екен», – деп мадақтап жүретін көрінеді. Сөйтіп, біздің елді алыстағы ағайын «Тауелібай» («Тау», «ел», «бай» деген үш сөзден құралған) деп атап кеткен (I).

Өзбекстан территориясындағы Қызылқұмда кіші жүздер орналасқан. Әлімұлы Төртқараның баласы Ораз қажы (1299-1385) Әмір Темірдің жеті кеңесшісінің бірі болған. Төртқараның негізгі жұрты Ырғыз бен Шалқар жерлері. Олардың бір бөлігі 1450 жылдан соң 1500 жылдың екінші жартысында 40 мың үй Алшын Сейітқұл биге еріп, Шағай төренің басшылығында Бұхара, Самарқан жерлеріне қоныс аударған. Оған дәлел ретінде Нұратада «Сейітқұл әулие» қорымында Сейітқұл бабамызбен Кіші жүздің биі Әйтеке бидің жатуы. Сейітқұл ұрпақтарының билігі құлаған соң Сыр мен Ырғыз бойларына қайта көшу басталған. Қызылқұмды мекендеген Кіші жүз ұрпақтары қайта көшкенімен қазақтың басқа рулары осы мекенде жасап қал-

ған, ол рулардың көпшілігі жергілікті халықпен араласып, көпшілігі өзбек болып кеткен. Оларда өздерін қазақпыз дейді. Әсіресе, Нұрата, Зарафшан, Тамды елдімекендеріндегі дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақтардың дені кіші жүздің адай, алаш, табын, қаракесек, шекті, тілеуқабақ рулары. Қызылорда облысының Қармақшы, Сырдария аудандарының Жаңақала, Қуандария, Іңкәрдария сынды шекаралы ауылдар болғандықтан Өзбекстаннан көшіп келген қазақтар орналасқан. Олар біркелкі этникалық бірегейлікті сақтай отырып бір көшеде орналасқан. Жаңақала ауылының тұрғындары арасында осы қонысты «отыз үй» не «отыз там» деп атайды. Араларында Қарақалпақстаннан келген қожалар және Өзбекстанның Науаи облысы Үшқұдықтан келген кіші жүз рулары.

Жаңақала ауылында көбіне шөмекей руы тұрады, шөмекейдің ішінде: балқы, досек, кошқаралы, кедей, қоңыртай, малбике, сарғасқа сонымен қатар төрелер мен қожалар да бар. Кетенің өзі құлыс, кеген, қарабазар, ұлтай. Осы елдімекенге жақын Сейтпембет (Қорасан қожа және Жәрімбет әулиелердің мазарлары бар). Әулие басына барып сиынып, сырық, шүберек байлап кетеді. Жергілікті тұрғындар Сейтпембет әулиенің басында жарық қазан бар, қарасаң күн көрінеді, су құйсақ ақпайды – дейді тарихшы С. Қоспаев.

Қызылқұмды игеру үшін құрылған, Кекірелі елді мекені Қызылорда облысы, Кармақшы ауданы, Көмекбаев ауылдық округі құрамындағы Жаңақала кеңшарының қой фермасы және жазғы жайлау, қысы қыстау орны, қаракөлді игеру үшін де жоспар болған. Елді мекен сексеуіл тоғайдың жанында. Бұл жердің Кекірелі аталуы осы жердегі кекіре өсімдігінің көп өсетіндігіне. Шобанқазған шекаралы ауылында Өзбекстаннан, Қарақалпақстаннан келген қазақтар мал бағады. Шекараны бөлгенде Нысан ауылы Өзбекстанға бөлініп, Шобанқазған Қазақстанға өткен. Шекара бөліскенде өзбек, қарақалпақтар Қазақстан жерінде, ал қазақтар Өзбекстан жерінде қалып қойды. Өзбекстаннан келген қазақтарда малшаруашылығымен айналысады.

Фаунасы, табиғи шикізатты пайдалануы және шаруашылығы. Қызылқұм өңірі – Әмудария (Өзбекстан) мен Сырдария (Қазақстан) өзендері аралығын алып жатқан құмды алқап. Қызылқұм даласы туралы табиғи ландшафтары, фаунасы ондағы тұрып жатқан халықтардың этникалық құрамы, шаруашылығы мен тұрмыс тіршілігіне қатысты көптеген деректер сақталған. Оның бір бөлігі статистикалық деректер болса, кейінгі бөлігі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы авторлардың қалдырған деректері. Соның ішінде Генс, Гельмерсеннің «Известия о Хиве, Бухаре, Коканде и Северо-Западной части Китайского государства» (Генс, 2005) А.Л. Кунның «Поездка по Хивинскому ханству в 1873 г.» (Кун, 1874), В. Пельц «Очерк Южных Кизыл-Кумов» (Пельц, 1912), Я.А. Мак-Гаханнның «Военные действия на Окусе и падение Хивы» (Мак-Гахан, 1875), Е.И. Гродеков «Киргизы и Каракиргизы Сырь-Даринской области» (Гродеков, 1889), А.П. Хорошхиннің «Сборник статей, касающихся до Туркестанского края» (Хорошхин, 1876); Е.Соколовтың «Окраина» газетіне шыққан «Объ ирригации Перовскго уезда» (Соколов, 1893) мақаласы, Өзбекстан және Қарақалпақстан қазақтарының шаруашылығына мән берілген У.Х. Шәлекеновтың «Казахи низовьев Амударьи» (Шәлекенов, 1966) еңбегін атауымызға болады.

Зерттеу жұмысымыздың негізгі мазмұны Қызылқұм даласын алғашқы зерттеушілердің бірі В. Пельцтің «Оңтүстік Қызылқұмның очеркі» атты еңбегіне тоқталдық, себебі автор Қызылқұмның оңтүстік бөлігінің табиғатын білетін менің таныстарымның арасында, әлі күнге дейін өз білетіндерімен баспа бетінде бөліскен емес. Оңтүстік Қызылқұмға әлі бірде-бір зерттеуші барған жоқ. 30 мың шаршы метр аумақты алып жатқаны туралы Түркістанға байланысты еңбектерде бірнеше жолдар ғана жазылған. Сол себепті де оңтүстік Қызылқұм туралы қысқаша очерк жариялауға мүмкіндік туды деп көрсеткен. Оңтүстікте Нұрата тау жотасы, батыста Бұхара иеліктерінің орманды даласы, солтүстікте аса биік емес, бірақ биологиялық тұрғыдан алғанда маңызды бірқатар тау жоталары, шығыста Сырдария алқабы және Бетпақдала шекаралары қоршап жатыр. Бұл аймақты Оңтүстік Қызылқұм деп атап, географиялық ерекшеліктеріне қарай Оңтүстік Қызылқұм құмдарын төрт кіші аймаққа бөліп қарастырады:

- I. Қара сексеуіл аймағы;
- II. Ақ сексеуіл аймағы;
- III. Ақжүзген аймағы;
- IV. Тұзды жерлер аймағы

В.А. Дубянскийдің Қызылқұм құмдары - тау жыныстарының желге мүжілуі, сондай ақ, Оңтүстік Қызылқұм құмдары, географиялық тұрғыдан Жизақ уезінің (Самарқанд облысының) дала шекараларына дәл сәйкес келеді деген пікіріне қосылады. Жизақ округінің солтүстік шекарасындағы «Төрт құдық» маңында сортаң жерлердің көп болуы, құмдардың құрамы мен көшуі соңғы уақыттағы тау жыныстарының бұзылуынан екендігіне күмән келтірмейді.

Қызылқұм алқабының фаунасы мен ландшафты жайлы жазған зерттеушілер бұл алқапты сортаң, қақ және батпақты деп бөледі. Соған қарамастан құмтөбелер сортаң топырақты, құмның қатты ыстығынан құрғап, кеуіп жатқан өсімдіктерді де, әлі де болса жасыл болып қалатын өсімдіктерді де байқадық - деп жазады (Пельц, 1912: с.7-8).

2020-2022 жылдардағы жазғы далалық зерттеулеріміздегі жергілікті ақпарат берушілерден Қызылқұмның климаты, фаунасы мен ландшафты мал шаруашылығына жайлы, ертедегі көш жолына да қолайлы болғандығын, Қызылқұмның құмды алқабы түрлі табиғи бедерімен, ежелден дәстүрлі мәдениетімен, өзіндік ғасырлық тыныс-тіршілігімен, көшпелілік тұрмысымен ерекшеленетінін мәлімдеді. Осы өңірдің тұрғындары Қызылқұм шөлінің сусыма құмы әр мезгілде түрлі бозғылт қоңыр, қызғылт, сұр түске енетін құмды алқап, құмның төсі екенін мәлімдеді.

Зерттеуші А.П. Хорошхиннің еңбегінде осында тұрып жатқан қырғыздардың (қазақтардың) құмның ішінде тұрып жатса да жайлы өмір кешіп жатқандығын жазды (Хорошхин, 1876: 445).

Бұл аймақтағы қазақтардың дәстүрлі құндылықтармен материалдық және материалды емес мәдениеттің үлгілерінің сақтауы олардың дәстүрлі этнографиялық айқындаушы факторы болып есептеледі. Соның ішінде қазақтардың төл мәдениеті арқылы қазақ халқының талдау қазіргі қоғамдық ғылымдардағы жаңа бағыты болып табылады. Бұл тұрғыда Әмудария мен Сырдарияның ортасындағы құмды алқап

Қызылқұм қазақтарының табиғи-климаттық тұрғыда оқшауланып отыруы байырғы мал шаруашылығын сақтап қалуына негіз болып отыр. Қызылқұм қазақтарының оқшаулану жағдайындағы этномәдениетінің дамуы этникалық бірегейліктің негізі ретінде қарастырылады. Себебі, қазіргі Қызылқұмдағы қазақтар ғана дәстүрлі мал шаруашылығын сақтап қалып отыр. Бұл этномәдени тұтастығын анықтаушы фактор болып табылады. Бұл өңірлерде өмір сүріп жатқан қазақтардың шаруашылық түрлері мен малшаруашылығының қазақтардың өмірінде маңызды екені белгілі.

Шаруашылық типі мен экологиялық түсінігіне қарап, халықтың өндірушілік қабілетін анықтауға болады. Ал өндірістік түсінік шаруашылық типі арқылы анық-



талады. Бұл әрине тарихи қалыптасқан дәстүрлі құбылыс. Сонымен қатар, әр халықтың өндірушілік қабілеті табиғи, кеңістік және мәдени ортаға да байланысты. Сондықтан біздің пікірімізше әр халықтың шаруашылығы оның этникалық тұтастығын анықтайтын негізгі факторлардың бірі ретінде танылады. Себебі, шаруашылық адам өмірінде күнделікті дағдыларды қалай қалыптастыратын болса, дәл солай дәстүрлі мәдени құндылықтарын қалыптастырады. Мысалы, қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы қазақ халқының өндіруші түсінігін қалыптастырды. Төрт түлік қазақтар үшін тек өмір сүру қажеттілігі емес, сонымен қатар басқа халықтармен байланыс орнатушы тауар ретінде қолданылды.



Өзбекстанның Науаи облысындағы Қызылқұм қазақтары үшін шаруашылықтың бірегейлікті анықтаушы фактор ретінде танылуы жекелеген аймақтарға тән құбылыс ретінде қарастырылды. Бұған осы өңірдің қазақтарының дәстүрлі шаруашылықты сақтауында территориялық яғни табиғи-климаттық факторлардың әсер етіп отырғанын байқауға болады. Мысалы, Қызылқұм қазақтары табиғи-географиялық тұрғыдан оқшауланғанын байқалады. Бұл өз деңгейінде қазақ этномәдениетінің сақталуына және дамуына мүмкіндік беріп отыр. Оның басты көрінісі мал шаруашылы-



Қызылқұм даласы 2022 жыл

ғынан көрінеді. Соның ішінде көшпелі қазақ мәдениетін айқындаушы шаруашылық түрі ретінде мал шаруашылығының орны ерекше. Қазақтардың шаруашылық түрі қоныстанған аймағы мен территориясының табиғи климаттық ерекшелігіне қарай ауысып отырғанын да байқаймыз. Сонымен қатар, осы өңір қазақтарының ХІХ ғасырларда басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысқанымен, егіншілікпен және балықшылықпен айналысқан қазақтарда болғанын дәлелдейді.

Жалпы, қазақ халқының мал шаруашылығымен айналысуы этностың өмір сүрген географиялық ортасына, экологиялық жағдайы мен маргиналды аймағына байланысты болды (Масанов, 1995: 21-22). Соған сәйкес Өзбекстандағы қазақтардың шаруашылығы Орталық Азиядағы Хиуа, Қоқан және Бұхара хандықтары құрамына кірген қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы ретінде сипатталады. Осы мал шаруашылығының ыңғайына қарай қазақтардың дәстүрлі қоныстану жүйесі қалыптасты. Мысалы, қыс мезгілінде қазақтардың көпшілігі қыстауға құмды жерлерге көшті. Себебі, қыста құмды жерлердің ауа райы мен шөбі малға жайлы болды. Ал, жазда өзен көлдердің жағасын жайлап отырды. Ал далалық алқаптарда көшіп жүрген қазақтар құдықтар қазуға мәжбүр болды. Осы құдықтар арасындағы қашықтық қазақтардың көш жолдарының бір түрі болып табылады. Бұл жөнінде Х. Арғынбаев көшпелі қазақтардың көктеу мен күзеуді, жайлауды ру арасында ортақ пайдаланғанын түсіндіреді (Арғынбаев, 1969:52). Бұл туралы С. Әжіғалидің де зерттеулерінен кездестіреміз, ғалым ру арасында ортақ жайылымдар болғанын жазады (Ажигали, 2002: 154). Соның ішінде Өзбекстан қазақтарының негізгі қыстайтын аймағы Қызылқұм болды.

Сырдария облысының солтүстік-батыс бөлігінде Қазалы уезі орналасты, оның оңтүстік шекарасы Әмудария бөлімімен шектелетін. Жергілікті қазақ тұрғындарының ертеден келе жатқан негізгі кәсіптері экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы болды. Кедей және орташа қазақтар Сырдария алқабында егін екті, өзен сағаларында ірілі-ұсақты мал қыстап шығатын. Жаз кездерінде осы шаруашылықтардың көпшілігі Сырдарияның арғы жағына ұзақтайтын. Әулетті байлар өздерінің мыңғырған малдарын Қызылқұмға немесе Хиуаға қарай айдайтын. Себебі, құмдағы қыстаулар малға жайлы болды.

Қазақтардың мал шаруашылығы жөнінде Мак-Гаханның жазбаларында олардың Сырдария мен Қызылқұмға қыстайтыны айтылады. Автор Сырдарияны жайлаған қырғыздар (қазақтар) Амударияға қыстаса, Амударияны жайлағандар Сырдарияға қыстайтынын және қыстаулардағы қоныстану жүйесіне шолу жасайды (Мак-Гахан, 1875: 41).

Бұхара хандығында өмір сүрген қазақтардың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болды. Мұндағы қазақтардың бірқатар рулары көшпенді мал шаруашылығымен айналысты. Олар Батыс Бұқараның далалық жерлерін малға жайылым ретінде пайдаланды. Жалпы алғанда мал шаруашылығы жергілікті халықтың оның ішінде өзбек, түрікмендердің егіншілік, бақшалық өнімдерін өсіруден кейінгі маңыздылығы жағынан екінші кәсібі болды. Керісінше, қазақтардың көпшілігі Бұхараның батыс және солтүстік бөліктерінде көшіп-қонып жүріп мал бағумен кең көлемде айналысты (Қобыландин, Мендіғұлова, 2009: 80).

Бұхара, Нұрата және ішінара Самарқанд қалалары батыс бөлігінің тұрғындары үшін азық-түлік өнімдерін сату мен сатып алудың негізгі орталықтары болып табылады. Шығыс бөлігінің тұрғындары (шамамен Самарқанд қаласынан) Түркістан, Самарқанд және тіпті Ташкент қалаларының ықпалында. Жалпы, бұл аймақтың тұрғындары мықты тасымал көлігінің бірі саналатын түйелерді қолдана отырып, алыс орналасқан ірі орталықтармен қарым-қатынас жасауды жөн көреді. Нар түйелер қара сексеуілдің шырынды бұтақтарымен қоректенеді. Түйелердің сексеуілмен қоректенуі, адамдардың отын ретінде қолдануы әрине орманға зиянын тигізеді. Орманның ағаш қорының аз зиян шегуіне қатысты көптеген себептер бар. Халықтың тығыздығының аздығы және қураған ағаш бұтақтарының көп мөлшерде болуы орман ағаштарын көмірге тұтынудан қорғайды. Базарлардың қашықтығына байланысты көмір күзде 5-6 рет тасымалданады. Байлардың көпшілігінде мезгіл-мезгіл барып тұратын бірнеше құдықтары бар. Тұрғындар оларды көбінесе қыста немесе көктемде қолданады, себебі шұңқырларда сақталған қардың жарамды ауыз суын алған. Бұл аймақтың қырғыздары әдетте өз құдықтарына 10-20 шақырым қашықтықта көшіп отырған. Алайда кей жылдары (1911 жылдың күзі мен қысы сияқты) бұл жерлерде шөптер нашар өсті. Олар күздің басында малдарымен оңтүстікке, көбінесе сортаңдар аймағына қоныс аударды, ол жердің құмдарында да ақ сексеуілдің ортасында өсетін өсімдіктердің неше түрі бар. Мұнда жайылымдарды пайдалану ауыр, өйткені ауыз суды тасуға тура келеді не қарды ерітіп, оны көктемге дайындап, қамданып қояды. Пельц бұл жерлердегі барлық құдықтар терең, 45 аршынға дейін болғанын, суының тұщы екенін айтады (Пельц, 1912).



Қызылқұм фаунасы

Далалық зерттеу барысында Қызылқұм мен Мойынқұм алқаптарында бұрыннан елдімекендерінде отырған тұрғындардың осы өңірдегі түрлі өсімдіктерінің бәрін тұрмыс тіршілікте пайдаланылып отырғанын байқаймыз. Сонымен қатар, құм өлкенің өсімдіктерің өзі көктем басында гүлдеп жазда құрап қалатынына көз жеткіздік. Бұл далалық өлкенің өзіндік фаунасы бар. Қызылқұл мен Мойынқұмда

құмда өсетін өзіндік өсімдіктер дүниесіне өте бай. Бұл өңірде: *шырыш, түйетікен, ақжусан, адыраспан, баялыш, балқаңбақ, ащы жусан, ақсеуіл, бұйырғын, қара сексеуіл, жүзгін, жантақ, изен, алабұта, сораң, сорқаңбақ, түйежоңышқа, сайсағыз, түйетабан, ши, сүттіген, шөлмасақ, бұйырғын, шырыш, тасбұйырғын, иақбасшөп* тағы басқалары өседі.

Киікоты тамырын жинап алып, қайнатып, жүрекке, асқазанға ауруларына ішеді. Жусанды төрт түліктің бәрі жейді. Ал жусанның диірмене жусан деп аталатын түрін жылқы жемейді деп мәлімдеді.

Қызылқұм мен Мойынқұм құмдарындағы қалқан жапырақтар ішіндегі басты өсімдік түрі сексеуіл.

Сексеуіл діңі мен бұтақтары бұраң-бұраң боп келетін, құмды жерлерде өсетін, шөлге төзімді, морт сынатын жапырақсыз қатты ағаш тұқымдас өсімдік. Жалпы сексеуілдің қазақ жерінде қара сексеуіл және ақ сексеуіл деген екі түрі бар (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 155).



Қызылқұм үстіндегі жас сексеуіл мен жиналған томар

Түркістан уезіндегі өсетін басқа өсімдіктерге қарағанда сексеуіл туралы мәлімет аз. Сексеуіл өте үлкен аймақты алып жатыр, орман өсімдіктері арасындағы отын ретінде негізгі пайдаланатын өсімдік. Сыртқы пішіні әр түрлі болғанымен қарамастан екі түрлі сексеуілдің де қызметі бір. «Орманшының саяхат жазбаларында» Сырдария облысының орман ревизоры Н.В. Писчиков: «Сексеуіл бізге тек атауымен таныс. Ол туралы әдебиеттер жоқ деп айтуға болады. Түркістан өңіріне келген ботаник-ғалымдар, мамандар, зерттеуші-туристер, саяхатшылар табиғатты жақсы көретін жергілікті тұрғындар сияқты экскурсия туралы, орман өсімдерінің барлығын жазып, сексеуіл туралы аз мәлімет берген. Бір жағынан түсінікті де шексіз құмдар мен сусыз жерлерге саяхаттап баруға екінің бірі келісе бермейді деп жазады (Пельц, 1912).

Кезіндегі көшпелілерден бастап қазірге дейін құрғақ және ылғал қара сексеуілден немесе жаңа өскен ақ сексеуілден көмір жағады. Қара сексеуілдің жас бұтақтарын жағып күлін алады. Ақ сексеуілден алуға келмейді. Жас бұтақтардан алынған сексеуілдің күлін теріден дала шелегін «қауға» жасау үшін пайдаланады. Орта есеппен қара сексеуілдің салмағы 1200 кг., ақ сексеуілдің салмағы 1,074 кг.

Біріншісінің діңі қара болғандықтан «қара сексеуіл»деп аталады, жапырағы жасыл түсті, дәмі тұзды. Ақ сексеуілдің діңі ашықтау, тікенегі қара, жапырағы ашық жасыл, дәмі құрғақ, ащы.

Қара сексеуілдің діңі жуан, бойы аласа, ағаш сияқты емес. Ақ сексеуілдің діңі жіңішке, бойы ұзын. Кейбір кездерде сексеуіл ағаш сияқты ұзын болады, бойы 12 аршынға жетеді. Қызылқұмда сексеуілдің басқа ағаштар сияқты түрі болмағанымен, бойы 6 аршын, жуандығы 9-10 мм. кездеседі. Екі сексеуілдің де өсуі бір-біріне ұқсайды. Қара сексеуіл шөлді, құмды, тұзды көп сортаңжерлерде, тұзы аз орманды алқаптарда өседі. Ақ сексеуіл құмды жерлердің барлығында бірдей өсе бермейді. Қатты жерде ұзақ, жай өседі. Сор жерлерде өспейді. Бірнеше жыл қазақ қоныстары тұрған жерлерде адам мен малдың әсерінен орман жойылып, қызыл құмдар пайда болған.

Сексеуілге орман ведомстволарыда аз көңіл бөлді. Түркістан даласындағы ормандарды зерттеуші және ормандар үшін үлкен еңбек еткен орман ревизоры Н.В. Писчиков 1904 жылы Қызылқұмға қысқы экспедиция ұйымдастырып, өзінің «саяхат жазбаларында»: көміршілер тез жанатын, күлі аз сексеуілді қолданады деп көрсетеді, бұл сипаттама ақ сексеуілге тән. Қара сексеуілді тұтастай өсіп шықпайынша сындырмайды, оны сындырудың өзіне күш қажет, құрғақ ақ сексеуілге қарағанда, кеппеседе қара сексеуілді базарға апарып сатсада қымбатқа өтеді. Сексеуілді шаппай сындырады, себебі шапқан сексеуіл тамырынан құруы мүмкін. Орман істерінде орманды шабуға рұқсат қағаздарында Созақ ормандарының басшысы А.К. Вознесенскийдің «Қара сексеуіл бар жерлерде ғана сексеуіл жағуға рұқсат етіледі» деген ереже бекітілген.

Сексеуілдің құмға тосқауыл болатын қызметі туралы бірнеше рет айтылып та, жазылып та жүр. 1909 жылы орманшы В.А. Палецкий Ташкентте жасаған баяндамасында флораның ауысу уақыты құмды тоқтатқанға дейін сексеуілмен аяқталады. Бұл жерде қара сексеуіл туралы айтылмаған. Баяндамашы ақ сексеуілді (Созақ уезінің, Шәкір құдығы) маңын айтылып отыр, сексеуілмен бірге жүзген мен қоян-сүйек өседі.

Құм көшін тоқтатуда сексеуілдің әрине орны бөлек. Каспий маңында қатты құмды борандардан сексеуілдің әр түбі қорғайды. Қызылқұмның оңтүстік бөлігінде құмды боран қатты болмайды. Құмда көшпелілер көп шоғырланды. Адам мен мал кеткеннен кейін ғана сексеуілдердің саны артты. Қырғыздар оны отынға пайдаланады. Бір түйеге артқан сексеуіл бағасы 1 сом 60 тиыннан – 2 сомға дейін (Пельц: 1912).

2020 жылдардың басында Мойынқұм құмындағы бір жүк көлік тиеген сексеуіл бағасының құны шамамен 30–40 мың теңгеге бағаланған. Мойынқұмда 2020 жылдан бері сексеуіл сату заңмен қатаң тиым салынған. Бір құшақ сексеуіл көрсе айыппұл төленеді. Сексеуілді Қазақстан Республикасының заңы бойынша «қызыл кітапқа» енгізілген дейді ақпарат беруші кезінде он шақты жыл сексеуіл сатып айналысқан А. Исақов.

В. Пельц жоғарыда айтылған сексеуіл үш аудандар сипаттама береді.

Қара сексеуіл аймағы. Қара сексеуіл ауданы Оңтүстік Қызылқұмның солтүстік-батыс бөлігін алып жатыр (1, 2, 3, 4, 5 және 16-шы орман айналымдары, соңғы төртеуінде тек солтүстік бөлігі). Бұл аймақтың топырағының басты ерекшелігі, олай-

тарлықтайтығыздықпен тұздылық; жер асты суларының аса терең еместігіне байланысты, осы жерлерге тән қара сексеуіл орманының құрамын анықтайды.

Қазақтардың «Қара шұбар», яғни қара сексеуіл орманы деп аталатын осы ауданның батыс және солтүстік шекарасын бірқатар төмен тау жоталары алып жатыр. Батыс пен солтүстік аймаққа жақын орналасқан жақын жерлерді ішінара қара сексеуіл басқан, бірақ бұл ормандармен барлық жерде дерлік жартасты топырақты және сары далаламен қиылыспайды. Бұл аймақтың өсімдіктері жұтаң. Жүзгендерден тек қаражүзген, ал басқа ағаш түрлерінен – қоянсүйек, кейбір жерлерде баялыш кездеседі.

Ақ сексеуілді бойлай өскен жүзгендер орталық Қызылқұмның барлық аймақтарында кездеседі.

Ақ сексеуілді аймағы. Ақ сексеуілді аймағы Жизак уезінің құмдарының орталығы. Солтүстікте ол Қара-сексеуіл аймағымен, шығыста – Жүзген аймағымен, оңтүстігінде – тұзды аймақпен, батысында – Бұхара иелігімен шектеседі. Төбешік құмдар сексеуіл, қара-жүзгендер, қоян-сүйек, тіпті кейбір жерлерде биік ақ-жүзген сияқты түрлі өсімдіктер өседі.

Ақжүзген ауданы. Бұл аудан Созак уезінің құмды шығыс бөлігін, тіпті Сырдария жағалауына дейінгі жерлерді қамтиды. Батысқа қарай таулы құмдар мен тығыз құмды жерлер сексеуіл мен жүзгенге толы. Ауданның орталық бөлігіне қарай таулы құмдар мен борпылдақ құмдарда тамырын терең жайған биік жүзген мен қандым өседі, шығысқа қарай тек құмдар, Сырдария жағасына қарай сирек.

Шығысқа таулы құмдар биіктей береді. Биік шыңына жеткен кезде, Сырдария даласы көрінеді. Құм таулардан кейін сазды дала созылады. Ішкі жағына қарай сор жерлер, ұсақ бұталы баялыш. Өзеннің жағалауын жайлай тоғайлы орман орын алған. Жүзген ауданының ортасы таулы және борпылдақ құмды құрайды. Сонымен қатар, жазық құмды дала. Бұл табиғат көрінісі ауысып отырады. Шығысқа қарай борпылдақ құмдар, батысқа қарай сексеуіл өскен қатты, тығыз құмдар. Бір күзде ақшасы барлар көмірге алты рет келсе, орта шаруалар одан көп келеді. Сексеуілдің көмірін жағу тамыз айынан бастап, қаңтарға дейін. Көктем мен жазда сор далада басқа өсімдіктер өспегендіктен ұсталар жүзген мен қандым жағады.

Солончаков ауданы. Созак уезі құмдарының оңтүстік шекарасын алып жатқан сор аймаққа – тұзды өзен, борпылдақ құмдар мен ылғалды, құрғақ сор жерлер, ақ және қара сексеуілдер жатады. Мазмұнын түсіндіру мақсатында Бұхара игілігіндегі жартылай құмды жерлер мен Сырдарияның жазық даласында, Жүзген ауданының иен даласындағы сор жерлерде сортаң өсімдіктер, боз жыңғыл, қара сексеуіл өседі.

Орман даласының таулы аймақтарында ені 14-30 шақырым алатын жерлер құмды аймақты Нұра жоталарынан бөліп тұр. Құмды аймақтардан әрі қарай шабылған бұталы жүзгендер, сортаң өсімдіктер кездеседі. Бұл жердің құдықтағы суы тұзды, бірақ ішуге болады. Орман жоқ деуге болады. Бұдан әрі қарай боз жыңғыл, құрғақ сортаң жерлерден кейін ылғал сортаң өсімдікті қара сексеуіл, тұзды өзен жалғасады. Ақ сексеуілді аймаққа дейін осы тәртіп қайталанып отырады. Аталған ауданды бір сөзбен айтқанда – сортаң жерлер оңтүстік орманды даланы сексеуілді Созак уезінің құмдарынан бөліп тұр. Сор аймақ Бұхара шекарасынан шығысқа, оңтүстікке

қарай, тауға 20 метр жерді алып жатыр. Осыған ұқсас жерлер Тұзқаннан Шиназға, Жүзген ауданының орманды жерлерінен иен даланы оңтүстік-шығысқа бөліп тұр. Тұзды өзен, тұзды сулы құдықтар Бұқара шекарасы аймағымен өтеді. Қара сексеуіл мен сортаң өсімдіктер өсетін жерлерде баялыш пен түйеқарында өскен.

Сортаң өсімдіктер тұз бен суға бейімделген. Түркістан даласындағы ылғалды жерлердің тұзсыз болуы мүмкін емес. Тұз арқылы өсімдіктер бойына ылғалдылықты жинайды. Солончаков ауданы тұрғындарының ермегі тұз табу, күлін алу. Қара сексеуіл, қара зере, итсигек, түйеқарынды өртеп алады. Қара сексеуілді шілде айының басында, шіріген бұтақтарын өртейді. Сортаң өсімдіктердің кейбір түрлерін одан ертерек өртей береді. Бұл жерте сортаң өсімдіктердің қай жерде өскені де маңызды. Түйе қарын егер ылғалды жерде өссе ғана кәдеге жарайды, құрғақ жерде өскенінің пайдасы аз. Қара зере мен шоқанның күлі өте пайдалы. Жергілікті халықтың айтуынша Бұқара қалаларының базарларындағы қара сексеуілдің күлі өте күшті. Түйе қарынның күлі жаман болып есептеледі.

Осы аудан тұрғындарының шаруашылығы сортаң өсімдіктерді жейтін түйе өсіру. Сор жерлерге және шөлді аймаққа қойлардықыста, көктемде жаяды, қардың суын ішіпамалдайды. Қой, ешкілерді жайлауға кеш көктемде, күзде шығарады. Екі күнде бір рет құдықтың суымен суарады. Адамдар ішетін суды торсық, бөшке-лермен алады. Бұл жерде тіршілік қыста, көктемде қайнайды. Сазды дала мен сексеуілді аудандардан көшпелілер малға азық таппай осында жиналады. Тұзды алу кәсібі жергілікті қажеттілік пен Бұқара билігі, Самарқанд, Түркістан қалаларына сыртқа шығаруға байланысты туындаған.

Жергілікті халық ерте кезден сортаң жерлерге жатып емделген. Жерді шұңқыр қазып, ішіне бірнеше сағат жатады. Күннен киімдерімен көлегейлеп қорғанады (Пельц, 1912).

Ал, Б.В. Хорошхин 40 жыл бұрын Тамдыда бірде бір ағаш болмағанын. Кейіннен сексеуілді ормандар көп болды. Әсіресе, Қызылқұмның Қара-Шұбарында биіктігі, өлшемі түрлі сексеуілдер көп болды деп көрсеткен (Хорошхин, 1876).

Табиғат тартуын қазақ даласы өте шебер пайдалана білген. Әр ағашын, суын, шөбіне дейін кәдеге асырып, көзін тауып тіршілікке қолдана білген. Кей жерлерде сексеуілдің бір түрі ғана жүз жылдап бері өсіп келеді. Біртұтас сексеуіл нулы бұтақтанып он шақты жылдай өмір сүреді. Шіріген жерін шауып тастағаны болмаса тамырынан шіріген сексеуілдің он жылдай өмір сүруі өте сирек екен. Қара сексеуілдің жергілікті тұрғындар арасындағы атауы «*қара шұбар*» аталады. Құм төбелерін аспа деп атайды, құм көшетіндіктен, осы құмдардың көшуін тежейтін сексеуілдер, қоян-сүйек, жыңғыл тағы басқада ағаштар болып отыр.

Сексеуіл тек қызуы мол, ұзақ жанатын отын ретінде ғана емес, күнделікті тұрмыста қолданыста болды. Далалық зерттеулерімізде құмның ішіндегі құдықтарда сексеуілмен шиенделген құдықтар кездесті. Құдықтар елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылды. Жасалу ерекшелігіне қарай шегенді, құдық қазу үлкен өнер болған. Шыңырау ең терең жері, тайыз құдықтар, олар теспен, ағашпен, кейде сүйекпен шегенделеді. Тұрғындар құдықтарды қастерлеп, оған ерекше көңіл бөлген.



Сексеуілден тұрғызылған қыстау-қоршау және зират. Қызылқұм.

Жанған сексеуілдің күлінің қолданыста пайдасы мол болды. Сексеуілдің күлінен сахар сабын жасайды. Бұрындары көрші отырған 2-3 үй жиналып көктем айларында сексеуілдің басындағы «сілті» деп аталатын ұшын (гүлін) қолмен теріп не кесіп, орып алады, оның астына жусан немесе басқада өсімдікті төсеп оны жағып өртейді, жанған күлге, ірі қараның сүйегін бір күн бойы қайнатып, сүйек үгітіліген қоймалжынды сүзектен өткізіп, тұнбасын дорбаға құйып алып, отқа қойып тағы қайнатады, сексеуілдің сілтісін жинап алып жағып, оның күлін қайнатып, тұндырып ол шырындыны да сүйек қайнаған суға қосып үлкен қара қазанға екі күндей тағы қайнатады. Қызылордада мал майының орнына соғымнан қалған сүйектерді қайнатып қосады. Ал, Мойынқұмдағы қазақтарда сүйекпен бірге малдың майында қосқан. Қайнатпаны ағаштан жасалған бұлғауышпен оңға қарай бұлғап отырып қайнатады. Кезінде ауыл адамдары жиналып үлкен үш қазанға қайнататын. Бір шойын қазанға екі шелек сілті салады. Бәрі дайын болғанда арнайы қалыптарға құяды. Сілтісі аз болса қоңыр, ал көп болса сабын ақ түсті болады, сабынмен майлы киімдерді және бас жуумен қатар, қотыр, бөрткендері бар тері ауруларына ем ретінде пайдаланады. Бұл әдетте күз мезгілінде дайындалады. Үгітіліп қайнаған сүйек сорпасының майын қалқып алып ауру адамдарға да берген. Сабын жасаудың бұл әдісі

әлі күнге дейін ел арасында жақсы сақталған. Бұл сахар сабындар түрлі жараларға ем ретінде денеге жара шыққанда осы сабынмен жуып денесі тазаланып емеделеді. Сахар сабынмен жуылған кір аппақ болып ашылады (Г.Жаметова; Г.Зәуірбекова).

Далалық зерттеулерімізде байқағанымыз сексеуілдер тек отын ретінде ғана емес көптеген тұрмыстық, шаруашылықтағы қолданыстарда пайдаланылуда. Сексеуілдің сілтісін малдың қотыр шыққанда да қолданады. Қой мен ешкігі қотыр шыққанда сілтіні малдың терісіне әбден сіңдіріп үш-төрт рет жағады. Малдың қотыры жазылады. Кезінде насыбай ататындар насыбайға сілтіні қосты. Сонымен қатар, егістік егетін жерге де арам шөп шықпасын деп күз мезгілінде сеуіп қояды. Ұсталар қызуы мол болғандықтан сексеуіл шоғын пайдаланды.

Мойынқұм, Шу аудандарының тұрғындары кезінде жер астын қазып астық сақтауға қамба (ұра) жасаған құмды қатырып ұстап тұру үшін сексеуіл жағатын болған, сексеуілдің қызуынан құм қатты бекіп тұрады. Бұл ұраға астықпен бірге етті және басқа көп сақтауға келетін өнімдерді сақтайтын болған. Сексеуілдің шоғы басқа жанатын шикізатқа қарағанда қызуы мол, қамыр, картоп, т.б. сексеуілдің шоғына қақтап жеген өте дәмді болады, сексеуілдің самауырынға қойылған шәйі суымайды (А.Искаков).

Мойынқұм мен Қызылқұм қазақтарында сексеуілді зират құрылысына қолдану кең етек алған. Отын ретінде қолданумен қатар, сексеуілді қораға, қыстауға қоршау ретінде, сексеуілді өріп зираттар басын тұрғызуға, күмбез көтеруге қолданған.

Сұңғыланы «қасқыр жем» деп те атайды. Өйткені, оған қасқыр үйір екен. Табиғи құбылыстарда түз бөрісінің сұңғыланы жейтінін көрген құм қазақтары. Сондай-ақ, тасбақа мен кірпі және қарсақ сұңғыланың тамырын қазып, кеміреді. Сұңғыла Қызылорда облысының Тереңөзек ауданында да, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының бетпақдаласында өседі. Құм арасындағы сексеуіл, жүзгіннің арасына өсіп бойындағы нәрлі заттарды тартып алады (А.Искаков).

Атжерінбес көктемде алғашқы шығатын шөп. Жайылым малдың сүйікті шөбі және осы жемнен мал семіреді. Атжерінбасты ақбөкендер жақсы жейді, Қызылқұм жері шөлді болғандықтан осы шөпті жеген ақбөкен шөлге көп шыдайды, кейін шөп құрағаннан кейін ғана ақбөкендер Сырдария мен Амударияның жағаларына кетеді.

Сырдария, Шу өзендері алқабында өсетін өсімдіктің бірі кендір, шөптің нағыз, сабағы мықты, бұтақты. Осы өңірдің тұрғындары кендірді мақта тоқып, арқан есуде және басқада тұрмыс тіршілікте пайдаланған, сонымен қатар ерлер шылым қылып тартып, ал әйелдер осы шөптің тұқымын жағып оның түтінімен жас балаларды, үйдегі малды аластаған. Сонымен қатар, осы шөптің тұқымын жағып құрметті қонақтарды қарсы алған. Құдықтарды осы кендір өскен жерлерге жақын жерлерге қазған (Пельц: 1912).

Қызылқұмда өсетін ағаштар мен өсімдіктердің шаруашылықта, жалпы тіршілікте қолданысы көп, соның бірі ағаштардың ағашы қоянсүйек. Нағыз құмды жердің тікенді, отындық ағашы. В. Пельцтің еңбегінде де біраз қарастырылған. Көктемде гүлдеп, жазда жеміс салып, одан кейін тек бұтақтары ғана қалады. Бойының биіктігі 250-300 см. Дейін өседі. Ақпарат берушілердің айтуынша қоянсүйектің тамырынан

тері, жүн бояғанға пайдаланды, ал ағашынан тұрмысқа қажетті заттар: қамшының сабы, түйемұрындық, ұршықсапжасап отыр. Тамырын кептіріп, жонып қамшының сабын жасайды, өте берік болып келеді.

Өңірдің тұрғындары ертеден табиғаттағы шикізатты тұрмыстарында шебер пайдаланып отыр. Әр өскен ағаштар мен өсімдіктерді кәдеге жаратады. Солардың бірегейі қамыс пен ши. Әрине, Сыр өңірі мен Шу өзенінің бойын ежелден қамыс пен шиден ну болғаны белгілі. Қамыс пен ши шөлейтті жерлер мен тау беткейлерінде, өзен жағасында өсетін биіктігі бір жарым-екі құлаштай, сабағы жіңішке, қияғы бар қамыс текті өсімдік. Қамыс тұрмыстық құрал ретінде, әрі малға азық ретінде пайдаланып келеді. Қамыстың биіктігі 3-4 м.-ден 50 м.-ге дейін, информатор Гүлназым қамысты осы күнге дейін сылаққа қосып құрылысқа пайдаланатын таптырмас өсімдік дейді. Малға жас қамысты, өзегі қатпай тұрғанда береді. Сыр бойы қазақтары қамысты келіннің бетін ашуға да пайдаланады. Қамыстың бір ұшын келіннің бетін жапқан орамалға, бір ұшын жас балаға ұстатып қояды. Бұлда жастардың қамыстай көбейіп, үбірлі-шүбірлі болсын деген білдіреді. Қамысты киіз үйдің еденіне де пайдаланды. Оны қамыс бөрене дейді, киіздің астына төселген. Қамысқа қарағанда ши бағаланады.



Қоянсүйектің ағашынан жасалынған түйе мұрындық



Сыр бойы қазақтарының қамысты келіннің бетін ашуға пайдалануы. Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы

Ертеде бабаларымыз елді өсімді жерлерге қарай қондырған, сондай жерлердің бірі құмдауыт, шөлейт жерде қалың ши өсіп тұрған маңға қоныстанған. Ши де жер асты суға жақын жерде өсетіндіктен, сол жерден құдық қазған. Ақпарат беруші Мойынқұм құмдарында ши мен қамыс түлей болғанын айтады. Түлей деген – қалың қамыс не ну сексеуіл орманы, немесе тығыз ши өскен жерді шиен деп атаған. Ши – маусым-шілде айында гүлдейді. Мал жайылғанға шилі жер өте жақсы. Ақпарат бе-

руші, Султан Тілек қамысты күз айларында тартады, ши жұлу демейді, шиді белге салып тартқаннан кейін «ши тарту» деп атайды. Ең қолайлы кез қамыстың сап сары болып піскен кезі, қыркүйектің аяғы, қазанның басында, жауыннан кейін жер дымқылданып, тамыры жұмсарып тұрғанда белге салып, орап тартады. Құрғақ кезде ши тартылмайды. Қызылқұмның бір бөлігін Қарақалпақстан автономиясы алып жатыр. Өңір Әмударияның сағаларындағы өзендерінен биік ағаштардың аздығынан қалың қамыс пен ши тіршілікқамы жүйесінде үлкен мәнге ие болды. Қамыс жапырақтарының ұстараның жүзіндей өте өткір болғандығынан ши мен қамыс орушылардың жұмысы өте ауыр болған. Қамыстың жапырағы кесіп кеткен жер ұзақ уақытқа жазылмайды. Сонымен қатар, ақпарат берушілер бұл өңірде үлкен Әмудария өзенінің бойындағы қалың тоғайда ірі тұран жолбарыстардың болғанын айтады. Бұлда қамыс пен шиді отуда үлкен қауіп төндірген. Сырдария мен Шу бойын қаптаған қамыстар мен шилердің арасында жыртқыштар мекен еткені туралы зерттеулер де беріледі. Мойынқұм қазақтары ши тартуға саптама етік киіп біраз адам жиналып барады. Ауыл іргесінде ағып жататын Шу өзенінің бойы қалың шиге тұнып тұрады. Бұның да қиыншылықтары болды, арасында жыландар шағады. Орып алған ши мен қамысты күш көлігі ретінде ат немесе есекке арба жегіп, үстіне қамыс пен шиді тиеп тасиды, орушылар арбаның соңынан ілесіп отырған. Шиді күнделікті тіршіліктің сан-алуан түріне қолданатындықтан ши тарту, ши аршу, ши орау, ши токукезеңін ересектермен бірге балаларда атқарған. Ши піскен кезде ши тарту басталады. Жағалауға жақын жердегі шиді тарту жеңілдеу. Сыртқы қабығын аршып жуан-жіңішкелігіне қарай іріктейді. Кейде жинап келген шиді көрші-қолаң жиналып бірге аршиды. Шидің күнделікті тіршілікке қолданысы ұшан теңіз, құмда отырған қазақтар киіз үйдің сыртын қоршағанда шиден жақсы материал жоқ, әрі салқын, әрі жылы, шаң-тозаң кірмейді (Г. Зәуірбекова).

Ғасырлар бойы қазақтар ши мен қамыстың пайдаланудың, өңдеудің түрлі әдісін игерген. Шиден қабырға, шатыр, төсемше, кілемше, есіктің сыртынан жылытқыш, қоршау, дуал, шарбақ, қаша, өре, отын және малға жем ретінде пайдалаған. Шидің үй тұрмысында атқаратын рөлі зор. Ауқаттылардың үйінде киіздің астына шиден тоқылатын бойра төсесе, орта отбасыларда жалаң шидің үстінде отырған. Тіпті далада қара қазанға сүтті пісіргенде құрт-құмырсқа, шаң-тозаң түспеу үшін қазандағы сүттің бетін осы шиден жасалған қақпақпен жапқан, шидің бір қасиеті табиғи өнім. Қарапайым тоқылған шидің үй тұрмысында атқаратын рөлі зор болатын. Қамыспен шиді, бір немесе екі орам етіп тоқып бойраны баспананың төбесін жауып, үстіне сылақ жүргізген. Ши өрелердің құндылығы керемет болды, қазіргі кезде қанша құртты жайғанымен қамыстан жасалған өрелерге жетпейді. Қызылқұм қазақтары өрелерге құрт пен бірге жеміс жидектерді кептірген (Д. Исаева).

Шиден құрт жаятын сөре, киіз үйдің алдына қос ретінде, киіз басқанда жүн шабақтауға, киізді орауға, тары сүзуге, сойған малдың етінің астына салуға, сырмақ, киіз ылғал тартпас үшін астынан төсеуге, жаңа туылған төлді көп көзінен қалқалап қою сынды түрлі шаруашылыққа қолданған және қолдануда. Қазіргі күні киіз басып жүрген Төресбаева Айша: тоқылған ұзын шидің үстіне төселген жүнді алдымен қайнап тұрған ыстық сумен бастырып алып, шиді екі шетінен қарама-қарсы екі

эйел орап отырады. Әр ораған сайын қайнап тұрған ыстық суды шелекпен тасып, үстінен құяды. Қармақшы ауданының Көмекбаев аулында шимен тоқып отырған шеберлер көп. Ши тоқу оңай жұмыс емес, шыдамдылықты, төзімділікті талап етеді. Алдымен түрлі түске боялған жүнді тарақпен түтіп, жіңішкелеп тарқата созады. Шидің әр талын алдын-ала сызылған өрнекке сай түсін келтіре шиге орап тоқиды. Түрлі оюмен шиді керегені айналдыра керіп шығады, үйдің ішіне көрік береді. Тығыз тоқылған шикиізүйдішаң-тозаңнан,суырылған желден қалқалайды. Жазды күндері іргесі түрілген киіз үйдің тұтылған шиінен таза ауа кіріп тұрады. Сонымен қатар, бесік жабдықтарының үстінен ұзына бойы жайылатын түбек бекітілетін тұсы ойық тоқылған ши төсеніш (қазіргі таңда қолданыста жоқ) қолданған.

Ақ шиді тазалап аршымайды, тоқыған кезде шидің екі ұшын жарты қарыстай жуандау жағын қарақұсы дейді, екінші жағы жіңішкелеу келеді екі жағын алмастыра тепе теңдікті ұстанып тоқиды. Сол уақыт нағыз шидің сап-сары болып піскен уақыты. Ақ шиді киіз басуға, ши болмаса киіз баса алмаймыз, киіз үйдің керегесінің үстінен жабуға пайдаланды. Жарапазан жолдарындағы:

Үйің, үйің – үй екен,

Үйдің көркі ши екен,

Саба көркі бие екен,

Сандық көркі түй екен – деп бекер айтпаса керек.

Сол өрнек салынып жасалған шым ши ең бағалысы. Бұл көбіне бадана ши дейді. Жәй шиге қарағанда сәл жуандау, қамысқа қарағанда жіңішкелеу болады. Ақкез-демеге өрнегін тартып алып, соған қарап отырып, жүн жіпті бояған. Бояп отырған адам өте епті болу керек себебі оны есептеп, санап отырып тоқып шығады. Киіз үйді керегенің сыртын қаптау үшін оның басы мен аяғы керек. Киіз үй есігі жақ тұсынан басталатын ши тоқымасының да атауы болған. Жаз мезгілінде киіз үйдің есігінің орнына шиді қолданған (Т. Сұлтан).

Шидің өзі қолданысына қарай, түріне қарай ақ ши, шым ши болып бөлінеді. Өре ши, шыпта дейді дастархан ретінде де пайдаланған. Бұл шилерді өзегіне дейін әбден тазалайды. Дайындап қойған шиді ақ жіппен байлап, тоқып құрт, ірімшік жаюға өре дайындайды. Тазаланған шиге орап етті де кептірген.

Бұрындары шиден тоқылып жасалған бойра алашаның үстіне намаз оқитын. Қазіргі күні шиден тоқылған дүниелер сирек болса да әлі де қолданыста бар. Мысалы шиді үйлердің қабырғаларының сылағына, киіз үй уығының сыртынан қаптайды, шиден майда малға, қозы лаққа қоралар жасады. Шиден тоқылған өрелерге құрт кептіріп, қиқым, шыбын шіркей түспеу үшін даладағы астың, қазанның бетін жабуын қояды, ши табиғи таза материал, қа-



*Шиден өріліп жасалған шым есік.
Т.Көмекбаев ауылы*

занның ішіндегі ас ауа кіріп тұрғандықтан тамақ ашымайды. Ши орап қоюға өте ыңғайлы. Шимен дәстүрлі киіз жасауда сабалынып болған жүнді осы шидің үстіне жайып шабақтаған. Сонымен қатар, кейбір мейрамханар мен демалыс орындарында шилі қоршаулар пайданып жүр. Қамыс пен шиді қора құрылысына, киіз үйдің алдындағы қос ретінде «шәйлә» деп аталатын құрылыста пайдаланды.

Қазіргі күні бұл аймақта шөп азайған, бұған қуаңшылықтың да әсері тиюде, мысалы раң шөбі көктемде барлық мал жейді. Көп жылдық өсімдік, далалық сортаң жерде, дәрілік өсімдік болып саналады. Жылда мамыр айында дейін тұратын, биылғы қуаңшылықта сәуір айынан бастап қурап кетті. Қуаңшылықтың әсерінен жусан, керуен тағы да басқа өсімдіктер шықпай қалды (Н. Ештаев).



Шиді кереге жабуға және шиқос ретінде пайдалану

Мал шаруашылығымен бірге егіншіліктің де маңызы жоғары болды. Зерттеулерден ирригациялық жүйелердің, дамбылардың, шығырлардың, ескі баспаналардың болғанын бұрындары қалың жұрттың орны екенін көруге болады. Бұл осы өңірдің отырықшылықпен, егіншілікпен айналысқанын көрсетеді. Деректерде, Қызылқұмның батыс жағында көшіп-қонып жүрген кіші жүз қазақтары құдықтар қазып, егіншілікпен де айналысты. 1876 жылы А.П. Хорошхин: аз ғана егіндік Тамдыда, онда Алшындар жоңышқа мен қауын өсіреді деп көрсетсе, (Хорошхин: 1876), Г. Генс, Хиуадағы қырғыздар өте момын және тыныш, сосын ешқандай жат қылықтарға жол бермейді, өйткені елдегі қатаң жазалаудан хабарлары бар. Солтүстік мекендерде кедей қырғыздар өздері қолдан жасаған киіз үйлерде өмір сүреді және ұсақ саудамен айналысады. Олардың әйелдерішекпен токиды, еркектері ұсталықпен және егін шаруашылығымен айналысады - деп жазды (Гельмерсен, 2005: 33-34). 1873 жылы А. Кун: «Көшпенділердің кейбірі хандықтың маңайында орналасқан өздерінің егіндіктері мен аңдыздары бар, жартылай көшпелі тұрмыс кешеді деп көрсетеді (Кун, 1873: 53).

Қызылқұм, Мойынқұм климаты шөлді, шөлейтті болып келгендіктен қазақтарының дәстүрлі шаруашылығында түйе өсіру басты шаруашылықтарының бірі болды. Қызылқұм мал жайылымына ыңғайлы өңір, қыс жылы болса осында қыс-

тақтарда отырып малдарын бағып отыр. «Құмтөбе» аспасы, Қарабастың аспасы, Кекірелі мал отырған. «Сәпи бұлақ» жер астынан шығып жатқан суы малға ыңғайлы (А.Елеуов).

Әмудария мен Үстірттің далалық жерлерінде де көптеп пайдаланылды. Етін және сүтін шұбат қылып ішуге пайдаланумен қатар, көшпелі өмірде көлік ретінде жүк тасымалдау қызметі де маңызды болды. Шұбат қазақтар арасында емдік қасиеті мол сусын ретінде есептелді. Түйенің етін соғым ретінде, жүнін түрлі өндірісте пайдаланып отыр. Далалық зерттеулерімізде түйенің жүнінен қара үйдің ішкі баулары, кілемдер, ұзын талшықты түйе жүнін көрпеге де пайдаланып отырғанын байқадық. Сонымен қатар, түйені көбіне көлік ретінде пайданған, түйе малы жайылымда бағылып, ерекше бір күтімді қажет етпейді. Түйе көктемгі және күзгі жайылымдарда тез қомданады. Қызылқұм түйелері бір өркешті буралар мен қос өркешті. Түйе малы екі жылда бір боталайды. Бура деп айыр түйенің келеге түсетін аталық еркегін атайды, «келе» дегеніміз бір топ түйені, яғни үйірді атайды. Келе де 30-40 түйе болады. Түйенің үлек деген түрі, таза қанды, нар түйенің тұқымы. Тарттырылған бір өркешті түйе ақта деп аталады. Үлекке інген қосылса қоспақ (меткі) деп атайды, інгендер үйірсек болады, нарлар жеке жүреді. Ештаев Нағашыбектің түйеге салатын таңбасы қошқар мүйізді. Қошқар мүйізді таңбасы ата бабасынан келе жатқан таңба екен. Таңбаны қыркүйек-қазан айларында таңбалаймыз дейді. Түйені үш-төрт мезгіл сауады. Күзде, қыста екі мезгіл сауады. Соғымға сойылатын түйенің 12 жілігі 300 - 400 кг. ет тартады. Оның бір киллосы 16 000 теңге тұрады. Бір боталы түйенің бағасы 1 миллион теңге, 1 жылқы 400-500 мың теңгеге бағаланады, қазіргі күні шөптің 1 маясы 900 теңге құрап отыр. Түйе тұрып сауылады, қораға қосымша ботасына арналып ботаға қора жасалады (Н. Ештаев).



Түйе келесі және бота қора. Қызылқұм

Ауыл тұрғындары малды өріске кезекпен бағады, әсіресе қойдың бағу кезегі, өріске қой баққанның бір күндігі 4 мың теңге. Кезек айына 2-реттен келіп отыр. Сиырда өріске кезекпен бағылатын, ол кезде айына 8 мыңнан болатын қазір кезек жоқ. Сиыр сүтінен құрттың бағасы 3 мыңнан, түйе сүтінің құрты 4 мың теңгеден.

Кекірелі қазақтары түйе сүтінен дайындалатын шұбатты сусын ретінде және құрт жасап сатып отыр, түйенің сүтінен жасалған құрттың бағасы төрт мың теңгеден сатылады. түйенің сүтінен жасалған құрт қатпайды, сиыр сүтінен көбіне ірімшік жасайды. Түйені сауып, сүтін пісіріп, шұбат қылып ашытып, оған қайта сүт құйып, жартысы сүт, жартысы шұбат ретінде сапыра отырып қайнатады. Қазанда тұрып салқындатылады да бөзден жасалған қалтаға құйып, екі күннен кейін тұз, кант қосып құрт жасайды. Түйе жүнінен дайындалған бұйымдар жеңіл, жылы, тығыз дейді, қасиетті мал болғандықтан түйе шудасынан байпақтар тоқымаймыз, аяқ асты баспаймыз, көбіне емдік ретінде пайдаланамыз, белбеулер тоқимыз, шуданы ыстық суға салып, құяң, суық тиген жерлерге қояды (А.Төресбаева).

Төрт түлікті қастерлейтін қазақ халқы оларды баптап, етін, сүтін, жүнін, терісін, сүйегіне дейін пайдаланып, тіпті түрлі ұлттық ойындарда қолданды. Дегенмен де, Қызылқұм қазақтары арасында кейінгі жылдары жылқы ұстау тиімсіз шаруашылық түріне айналды. Себебі, көптеген жайылым жерлердің егіндік алқаптарға берілуі емін-еркін, өсіп-өнген қазақ жылқысының санының азаюына алып келді. Қазіргі кезде Қызылқұмның Кинемех ауданының тұрғындарының арасында аталары жылқышы болған кәсіпті жалғастырып отырған ұрпақтар кездеседі.

Түйеден басқа жылқы, сиыр, қой өсірді. Қойдың қаракөл және құйрықты қой тұқымдарын өсірді. Бұл сол аймақтың табиғи климаттық ерекшелігіне қарай ыңғайластырылды. Соның ішінде кең тарағаны құйрықты қазақы қой болып саналады. Қазақы құйрықты қой табиғаттың ыстығы мен суығына және көшпелі мал шаруашылығына төзімді болды. Құйрықты қойды өсірген қазақтар қыстауларда қыс бойы бағып шығатын. Қазақы қойлар қыс бойы тебіндеп жайылуға бейім болды. Бұл көшпелі қазақтар үшін ең тиімді қой түрі. Қазақтар қойдың етін азыққа, жүнінен киіз, текемет, сырмақ басты. Терісінен тұрмыс қажетіне қарай пайдаланды. Қазақтар ерте жазда және ерте күзеудің алдында қойды жылына екі рет қыркып отырды. Сонымен қатар, қой қырқымының алдында қойдың жүні көтерілуі үшін тоғытатын болды (суға түсіру).

Пельц қазақтар қойды жылына бір рет сатып отырды деп жазады, Тұрғындар негізгінен қой сатумен айналысады. Нұрата сауда орталығы болып, сол жерден саудагерлері сатып алып отырды (Пельц, 1912: 3). Қызылқұм қазақтарында қоймен қатар көп болмасада ешкі өсірді. Ешкі еті, майы күннің салқынында тез қататын болғандықтан жаз мезгілінде ғана пайдаланды. Жалпы, қазақтардың өмірінде ешкінің орны қойдан маңызды болмады. Ешкіні қонаққа арнап соймайтын. Түйе мен қой сауылады. Соғымға көбіне түйе сойылады. Соғымның етін сақтау үшін жәшікке ұнды салып, соның ішіне етті сақтаған немесе тұзды молырақ салып еттің өз сөліне сақтайды. Отқа ыстайтында, желге қақтап алатында тәсілдер бар. Мал азығына көбіне жоңышқа, жантақ, алабота шөптерін пайдаланады. Шөп орақпен, кетпенме шабылады. Мал шаруашылығымен айналысып отырған қазақтардың көбі мал азығын қорға жинап алатын. Азыққа көбіне жоңышқа егіледі. Ешкіні көбіне жағдайы нашар кедейлер өсірді.

Мал шаруашылығымен айналысып отырғандықтан Қызылқұм қазақтары ежелден көктем, жазда құм арасындағы шағын көлшіктер мен шағын жылғаларды пайдаланса, көшпелілердің көбі құдықты пайдаланған. Құдықты да шебер құдықшы-

лар қазған. Құдықтың іші суық болады, құдық қазушы киімнің сыртынан шекпен киіп түскен, құдық былғанса, суының дәмі бұзылса немесе іші толып қалса көшпелі халыққа қиындықтар туғызып отырды. Сол үшін де Қызылқұм қазақтары «жеріміз патшанікі, суымыз құдайдыкі»деп айтып отырған. Бұл жердің қазақтары, жаңбыр және қар суларында пайдаланды. Әсіресе шөбі қалындау жерлерде еріген қар суын жинап пайдаланды. Қардың суын бірнеше аптаға ғана пайдаланды. Кейбір бұлақтардағы сулар тұщы болған (Хорошхин: 1876, 6).

Қызылқұм қазақтарындағы қазіргі күнге дейін жасалып келе жатқан ғұрыптық сенімнің бірі, малдың бас сүйегін қораның бұрышына іліп қою. Ақпарат берушілердің айтуынша бұл ғұрыптың мағынасы келесі соғымға дейін аман есен жету, мал басының көбеюі үшін деді. Далалық зерттеулерімізде Сырдария ауданына егістік басынан сиыр малының бас сүйегін іліп қойғанын кездестірдік. Басқа жерлерде көбіне түйе малының бас сүйегі.



Мал сүйектерін ғұрыптық мақсатта қораға ілу: түйенің бас сүйегі; ірі қараның бас сүйегі; кәрі жілік; ортаң жілік.

Әрбір екінші үйде кәрі жілік ілініп тұр. Мағынасында үйді ұры-қарыдан қорғау. Сонымен қатар, боталамаған түйеге де кәрі жілік байлайтын ғұрыпта бар, сол ғұрыптардан кейін ол түйе көтереді дейді, көз тиюден қорғау мақсатында ботаға, үйге, қораға «тұмар» тағу бұл өңірдің басты ерекшеліктерінің бірі.

Ғұрыптық ырым-тиымдармен қатар, салт-дәстүрлерде жақсы сақталған. Бұл жердің келіндері абысындарының атын атамай апа, жеңге, шешей дейді. Ақпарат берушілер қайын аталарын атын атауға болмайтынын алға тартып, аты-жөнін айтқанда да үйдегі үлкен кісі деп айтады.

Жеңгенің қайындарына «ат қою» дәстүрі жақсы сақталған. Қанатұлы Қазтайдың анасы жерік болып, ол кезде тапшылық кезеңі, қақпанға қаз түскен, содан шешем сол қазды жеп жеріктігін басқан екен, содан кейін атымды Қазтай қойыпты дейді (Қанатұлы Қазтай).

Келін түсіргенде ертеден келе жатқан шәй матадан тігілген шымылдық құрылады, Мойынқұмда өлген кісіге де шымылдық құрылады. Ертеде шымылдық шәй матадан жасалатын, қазіргі кезде заманға сай, сәл өзгерген. Үйленгенде, неке қиғанда міндетті түрде неке суы ішкізіледі. Неке суына тәтті шекер, бал, күміс салынады, неке суы о дүниеде керек екен. Егер әйел екінші рет тұрмысқа шығып, некесі қиылмаса бірінші күйеуімен қиылған некесі болса, о дүниеде бірінші күйеуімен кетеді (Ф. Назарова).

Қайтыс болған адамға жеті күндей мақтаны ширатып, қамысқа орап шырақ жағады. Әулиелі жерлерге, көбіне бабалардың басына барғанда шырақ жағу, мал сойып құрбан беру, ақша тарату сақталып отыр (Қ. Истамкулова).

Қызылқұмға Өзбекстан республикасынан көшіп келген қандастарымыздың арасында осы күнге дейін сыңсу, беташар ескі өлең жолдарының сақталып отыр. Ерте-ректе қыздар тұрмысқа ерте шығатын, туған-туысқандарды аралап, сыңсу айтып, қоштасатын, туыстар көйлек, орамал беретін дейді ақпарат беруші.

Сыңсу:

*Қайранда менің халқым-ау
Қалайы сандық кілтім-ау
Ұзында арқан кең тұсау
Еркін бір өскен елім-ау
Сарайда, сарай, сарай бар
Сары орамал орай бар
Топта өскен елімді-ау
Біз көруге талай бар*

Беташар:

*Адам ата Хауана Әлімсақтан жаралған
Осы күнгі ұрпақтар,
Бәрі де содан таралған.
Талайлар өткен дүниеден
Он екі өріп шашын жан-жағына таранған.
Батырлар өткен дүниеден
Бес қаруын асынып,*

*Жауым қайда кетті -деп жан-жағына қараған.
Талай салт бар өмірде, соның бірі осы еді
Қыз ұзатып, келін түсіріп бет ашу
Салтымыз еді аманнан.
Келін, келін келгелі, келіп үйге енгелі
Таныстыр деп келінмен,
Мал қылады ел мені
Көпшіліктен қысылмай,
Жас келіншек кел бері.
Домбырамды қолға алдым
Ойландым да толгандым
Ата-енеңмен, жұртыңды
Айтып таныстырып бергелі-ей.*

Қызылқұм қазақтарының басты шаруашылығы мал шаруашылығы болғандықтан жүннен жасалған қолөнері бұйымдарымен де тығыз айналысты. Қолөнерші Үргенішбаева Алтын көбіне жүннен кілемдер, басқұр тұскиіздер көп жасаймыз. Кезінде бау-басқұрлар жасайтын қолөнершілер көп болған, қазіргі күні азайып барады. Қолөнерші бір басқұрдың өзін түріне қарай тоқу бір жылға дейін созылады, үлкен басқұрға 12-13 бас домалақ жіп, 2-3 ай мерзімде жасалады (А.Үргенішбаева). Үшқұдық қазақтарында қолөнер өте жақсы дамыған. Ер адамдардың көбісі қамшы, жүген өретін, ершілерде көп болды. Ұсталарда, күмістен әшекейлер жасайтын зергерлер де көп болды.

Құм үстіндегі қазақтардың негізгі баспанасы киіз үй болды. Науаи облысы Үшқұдық ауылының әр қазақтың үйінде қара үй бар. Зерттеу экспедициямызда Науаи қазақтары киіз үйді «Шымбай үйі», «қара үй» деп атаса, Мойынқұмның қазақтары «қазақ үй» не «киіз үй» деп атайды. Бірақ атаулары түрлі болса қазақ халқының дәстүрлі баспанасы киіз үй екені белгілі. Ақпарат берушілер қазақ үйдің нағыз ұста шеберлерінің Қарақалпақстанда көп болғанын айтады. Қазірдің өзінде ауылда үйме-үй қазақ үй «қара үй» тігіліп отыр. Қызылқұм қазақтары киіз үйлерді Өзбекстан, Қарақалпақстанда тұратын шеберлерден алады. Қарақалпақ қазақтары арасында ағаш ұсталары көп. Бұл өңірдегі қара үйлердің көбі алты және сегіз қанатты. Өзбекстан қазақтарында үй жасайтын шеберлерді «үйшілер» деп атайды. Қолөнершілер көбіне ағаштан, теріден жасалатын заттар жасады. Ат әбзелдерінің бәрін қолдан жасайды. Олары «ершілер» деп атайды. Науаи облысындағы қазақ аудандары мен ауылдарының жартысынан көбі, Көмекбаев ауылына қоныстанған «отыз үйдегі» қазақтардың барлығы киіз үй құрып отыр. Әрине киіз үй көшпелі қазақ халқының негізгі баспанасы. Киіз үйдің тарихы да өте тереңде. Киіз үйді қазақ халқының ұғымында киелі санағаны белгілі. Қара шаңырақта ұрпағын өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған алтын босағасы. Қазақ киіз үйлерінің типтері олардың үлкен-кішілігіне, яғни тігілген үйдің қанаттары деп аталатын керегелерінің санына байланысты. Киіз үйдің сықырлауығынан бастап шаңырағына дейінгі әрбір бөлшегі өзіндік ерекшелігімен жасалады. Қазақ киіз үйлерінің дәстүрлі үлгілері

Қарақалпақстан және Қызылқұм қазақтарында жақсы сақталған. Қызылқұмдағы қазақтардың әр киіз үйі бірінен бірі өтіп, дәстүрлі стильді сақтап отыр. Т.Көмекбаев пен Кекірелідегі қандастарымыздың үйлеріндегі бұрын тұрмыс тіршілікте қолданыста болған еңбек құралдарының болуы, ескіден келе жатқан келі-келсап, күбі, тас диірмен, қақпанның түрлері, малға байланысты ертұрмандар мен ат әбзелдері, тағы басқада қолөнер бұйымдарынан осы өңірде ежелден келе жатқан шаруашылықтың жалғасын жалғастырып отырғанын сонымен қатар, қазақ үйлерінің де бұрынғы дәстүрлі киіз үй әшекейлерімен жабдықталғанын байқауымызға болады (О.Ұзақбаева).

Киіз үйінің ішкі интерьерімен таныстырған тұрып жатқан киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын қызылқұмның климатына ыңғайлы, киіз үйдің алдына шиден өрілген шәйлә құрылады. Сонымен қатар, шиден қос деп аталатын тұрақ құрылады, онда азық-түлік, ыдыстар қояды. Киіз үйдің сүйегі жеңіл, мықты болу үшін мәжнүн талдан шаңырағы қайыңнан жасалады. Үйдің сыртын киізден, керегені туырлықпен, уықты үзікпен, шаңырақты түндікпен жабады. Уық пен керегені бау, басқұрмен бекітеді. Ең алдымен есік құрылады. Киіз үйдің есігін шығыс жаққа қаратып салу үрдісі сақталған. Киіз үй есігі сықырлауық үш бөліктен тұрады; таяныш, ағаш жақтаулар және қалайымен оюлап есік. Киіз үйдің әсемделуі табалдырықтан басталады. Есік жақтаулары оймыштармен және алуан түрлі оюлармен әшекейленеді. Қазіргі күні қара үйдің сүйегі мен киіз жабдығының өзі бес жүз мың теңге тұрады. Толық жабдығымен екі миллион теңге.




*Киіз үй тігіп отыру. Солтүстік Қызылқұм үсті.
Т.Көмекбаев атындағы ауыл. Қармақшы*

Киіз үйдің шаңырағын қасиет тұтып, ұрпақтан-ұрпақтан мирас болып қалдырып отыратын қазақ отбасылары, шаңырақты қыз баласына бермейді. Қазақ халқының ортақ баспанасы киіз үйдің, ішкі жасауының жергілікті ерекшеліктері олардың тұрмыс тіршілігіне байланысты, Қызылқұмның, Мойынқұм қазақтарының киіз үйлері ертеден келе жатқан қазақ үйлермен бірегей. Үйдің отағасы қайтыс болған үйде киіз үйдің басқұрлары, бау-шулары ілінбейді. Көбіне бұл өлкеде сегіз және он екі қанатты қазақ үйлер. Қарақалпақ қазақтары арасында аға ұста шеберлері көп. Киіз үйдің оң жағына шымылдық құрып, келін түскенде сол бұрышқа отырығызылады.

Кейін жастардың бұрышы болады, жас жұбайдың төсек орны қойылады (А.Төресбаева).

Ұсталардың бесік жасау дәстүрі де жалғасын тауып отыр. Бесік: тал бесік, қайың бесік, қарағай бесік боп бөлінеді. Бесікті көбінесе сол әулеттің балалары, ұрпағына ғана пайдаланған. Дерек беруші Исаева Данагүл бесік босанған әйелдің денінің саулығына да пайдасы бар екенін айтты. Себебі жаңа босанған әйел қырық күн күтінуде, шілде терін шығару үшін баланы бесікке бөлеп өзін күтімге алған дейді. Бесікті тек тапсырыспен жасатып отыр. Бесіктің шүмегін қойдың сүйегінен, ағаштан жасайды. Қыз бала мен ұл баланың шүмектері екі түрлі болады. Баланы бесікке бөлемес бұрын отпен немесе аршаның бұтағын жағып соның түтінімен аластайды. Бесікті аластау ежелден салқталып келе жатқан салт болғанымен бесік ауасын дезинфекциялауда болып табылады. Баланы бесікке саларда жастығының астына айна, тарақ сұлу болсын, өмірі айнадай жарық болсын деген ниетпен, қорықпай шошымасын деп пышақ қойып бөлеген. Өмірге келген жас нәрестені бөлемес бұрын «тыштыма» ырымын жасаған. Бесіктің түбек қойылатын тесігінен кәмпит, құрт-ірімшікті ауылдың сыйлы қарт аналарының бірі тастап, тышты ма? тышты ма? - деп сұрайды. Ал, сол үйдің қуанышын бөлісуге келген қонақтар, балалар бесіктің астынан қолдарын қойып тышты, тышты деп тәттіні тосып алады. Бұл бала бесікке бөлегенде жайлы жатсын, дені сау болсын деген ниеттен жасалған ғұрып. Қызы перзентті болғанда да жиен немерелеріне бесігін жасауымен апару осы өңірге тән. Бесікті қадірлеп атасы жатқан бесікке бала, немер, шөберелеріне дейін бөлейді дейді. Сол үшін келесі баланы күту мақсатында, сол жатсын деп, оны үйдің сенімді бір жеріне сақтап қояды. Бесік баланың таза, жылы, тыныш ұйықтауы үшін ағаш арнайы ағаш шеберлері жасайды. Қазіргі күні Қызылқұмдағы қазақтар арасында арнайы тапсырыспен қыздары босанғанда қыздың төркіндері апару үшін арнайы тапсырыспен жасалады.



Жамбыл облысының Шу ауданындағы далалық зерттеу экспедициясы

Бесіктің тағы бір ерекшелігі – оның көшіп-қонуға ыңғайлылығы, алып жүруге жеңілдігі. Бөленген баланы алыс-алыс жерге шеру тартқанда ат үстіндегі кез келген адам алдына өңгеріп алып, емін-еркін жүретін болған (Қанипа Истамкулова). Ел арасында бесіктегі бала шетінеген жағдайда баланың бесігін зиратының басына

іліп қояды. Бұрынырақта шешек, қызылша, сүзек ауруларынан жас нәрестелер көптеп шетінеген сол кездердегі осы ырымдар әлі күнге дейін жалғастырылуда.

Шу өңірі облыстың оңтүстік-шығысында орналасқан бөлігі. Бұл аудан Мойынқұм, Қордай, Меркі, Жамбыл аудандарымен және Қырғызстан Республикасымен шекараласып жатыр. Шу ауданының басым бөлігі Ұлы жүздің дулат руының ұрпақтары. Ұлы жүз, дулат төрт атаға бөлінеді: ботпай, жаныс, сиқым, шымыр. Осы ірі төрт атадан тарайды.

Ақпарат берушілердің мәліметі бойынша: аудан орталығы Төле биде дулаттан тараған: қоралас, бестеректермен бірге орта жүздің арғындары. Абай ауылында дулаттың шымыр, сәріүйсін аталары, Жамбыл ауылында дулаттан шыққан сиқымдар, бұл жерде төрелерде тұрады, Көкқайнар ауылында ботбайдан тараған бесторсықтар, ақжар ботбайлардан тараған додалар аталары, Балуан Шолақ ауылында сәмбеттер. Жаңажол ауылында күнтулер, Белбасар, Бірлікүстем ауылдарында Дулаттың бесторсық, ақша аталары, қазіргі Қонаев ауылында ысты, сәмбет рулары, Алға ауылында күнтулер мен қыпшақтар қоныстанған. Қазіргі Айдарлы, Көктеректе де Дулаттың көкірек, бестерек деген аталары, көрші Мойынқұм ауылында жиенбеттер тұрады. Біз зерттеу жүргізген Ақтөбе ауылында жалайырлар мен күнтуден тараған масақтар тұрады. Ақтөбе деген ақ құмдардан төбешік болғандықтан ауылдың аты «Ақтөбе» аталған. Көршілес ауыл Мойынқұм ауылы.

Мойынқұм ауданында Ұлы жүзден тараған жалайырлар мен дулаттың қоралас, көкірек, бестерек, *жаңабай*, тәмпиш аталары, арғын рулары қоныстанған. Мойынқұм ауданы мал шаруашылығына қолайлы жер. Климаты қысы қатты, жазы ыстық болғанымен төрт түліктің бәрін өсіреді. Әсіресе, түйе шаруашылығының дамуына үлкен мән берілген, өйткені түйеге өте қолайлы жер, бетбақдалаға, сортаң, шөлейт жер болғандықтан түйеге ыңғайлы. Кезінде Мойынқұмда аты әйгілі, түйеге бай Оқас деген бай болған. Мойынқұм ауданының алғашқы атаулары кезінде орыстың бай купецінің атымен Гуляевка атанған, одан кейін Фурмановка, кейін Мойынқұм аты берілді.

Шу өңіріндегі жалайырлар Мойынқұмнан келіп қоныстанған. Мойынқұмда негізінен ұлы жүзден жалайырлар көп қоныстанған, 1932 жылы қиын кездерде Мойынқұмнан жалайырлар Өзбекстанға, одан ары Түркіменстанға кеткен, біраз уақыттан кейін 1937 жылы Сталиннің өз жерлерінде отыру керек деген жарлығынан кейін Ахмед деген кісі біраз адамды Шу өңіріне қарай көшірген. Бұнда үш ауылға бөліп қоныстандырған. Олар: Масақ Ақтөбе, Дулат Ақтөбе және Өндіріс (қазіргі Абай ауылы). Жалайырдан шыққан Бейсеғұл жалайырларды Масақ Ақтөбеге орналастырған, себебі елге яғни Мойынқұмға жақын, бергі жағы базарға жақын деген оймен осы араға орналастырған. Жалайырға дейін бұл жерде дулаттың күнту оның ішінде масақ деген аталары 3-4 көше болып қоныстанған еді. Олардың бәйбішеден тараған ұрпақтары бірінші көше, тоқалдан тарағаны екінші көшеде орналасқан. Жалайырдың Есімхан мен Қалмақтары осы Ақтөбе ауылына, нұр деген атасының ұрпақтары Өндіріске (Абай селсовет) Алдияр, Молдияр аталары Дулат Ақтөбеге орналасқан. Алғаш осы ауылға келіп орналасқан 60 үй, әр үйге 5 қойдан, 1 сиырдан берген. Жалпы осы жерді Жиенбеттердің жері деп те айтып жатады (Г. Ысқақова).

Дерек беруші руы Қожа, Ы.Ысқақовтың айтуынша: Ақтөбе ауылында Қорасан қожалардың Құрбан және Жақыптан тараған аталары бір көшенің бойында бәрі бір-біріне жақын қоныстанған. Қожалар Қызылордадан дін таратушы ретінде (құран оқиды) келіп, Кеңес өкіметі кезінде қыспаққа алғаннан кейін Қырғызстанның Қарабалтасына қашқан, 1955 жылы осы қожалардың аталары Қарабалтадан жалайырдың бір тобын бері Мойынқұмға алып келген. Себебі олар қожалардан діни білім алған, Кейін Мойынқұмнан жалайырларымен бірге осы өңірге келіп қоныстанған. Оспан Қожа мен Ысқақ Қожалар осы Шу ауданның белгілі молдалары болған. Ауыл адамдарының айтуынша Оспан қожаның жатқан зиратынан түнде шырақ жанып тұрады екен. Ысқақ қожаның баласы Ыбырай қожа атасынан келген қасиеті бар, сыңған жерлерді салып, көз тиюден дұғалармен емдейді. Қожа атаға келіп талай кісі Құран аяттарымен дерттерінен жазылған. Ыбырай Қожа атадан дарыған бұл қасиет шығар, егер бұл кісі дұрыс ұстамаса түнімен тұншығып шығамын, түсіме кіреді дейді, сонымен қатар бұл кісі ауа райын болжайтын қасиеті де бар екен.

Мойынқұмөңірінің басы осы Жамбыл облысы Шу ауданына қарасты Ақтөбе ауылынан бастауалады. Осы ауылдан құмды алқап басталып, ары қарай Мойынқұм бетбақдаласы бастау алады, «Мойынқұм» бетбақдаланың мойныдегенсөз. Бұл өлкенің климаты жазы ыстық, қысы қатал болғандықтан бетбақдала аталады. Өңірдің дәстүрлі шаруашылығы малшаруашылығы болды. Тұрғылықты халқы осы жердің, яғни өзі өмір сүріп отырған жердің табиғатына үйренген және шикізатын шаруашылығында пайдаланып отыр.

Мойынқұм құмының негізгі өсімідігі сексеуіл. Кеңес үкіметі тұсында 10, 30 40, 61, 71 участкелерде сексеуіл разьездері салынған. «61-ші» разьезге Лесхоз жасалды. Сексеуілдің жас жігерілері өсіріп, томарларын сатып отыратын 30 үйлік разьез құрылды, осы жердегі сексеуілдер мемлекеттен қорғалынып, кейіннен халыққа отын ретінде сатылды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап сексеуілге Лесхоз рұқсат берген жерлерге ғана шығатын үкім шықты. Үлкен жүк машинасымен ауылдың 5-6 жігіті бір машина сексеуіл алып келіп, басқа ауылдарға сатылды, бұл біржағынан күнкөріс қамы болды. Сексеуілге барғандар сексеуілдің шірігенін жинап алып, ал қатты томарларды трактормен сындырып жиналды. Бұрындары сексеуілге арбамен баратын.

Ертеден ауылдың жанының бәрінде сексеуіл өсетіндіктен, Стакан барак, Алтыншы барак, Жетінші барак деген барактар салдырып, ауыл тұрғындарынан 20-50 жас аралығындағы ерлерді жинап осы барактарға сексеуіл тасытты. Жұмысшылар отынды жинап, поезге тиеп сол үшін ақша алды, сол жұмыспен отбасыларын асыраған (Х.Байбагисов).

Сексеуілді, жыңғылды отын ретінде пайдаланды, қызуы мол сексеуіл отын ретінде өте мықты шикізат және тұрмыста да қолданыста пайдаланылды, құдықтарының ішіне қаланды, мал қораларды қоршағанға пайдаланылды. Сонымен қатар, сексеуілдің күлі заланы түрлі дәрілерге пайдаланылды. Ақтөбе ауылының ішінде сексеуілдермен шеңгелдеген құдықтар бар. Бұл құдықтардан кезінде таза су шыққан, 6-7 метрлік құдықтар, іші сексеуілмен өрілген. Жұпар деген кісінің үйінің қасында болғандықтан Жұпардың құдығы, Рысқұлдың үйінің жанында болғандықтан Рысқұлдың құдығы және Сансызбайдың құдығы деп аталған. Осы үш құ-

дық бүкіл ауыл адамдарын ішер сумен қамтамасыз етіп отырды. Суды иін ағашпен тасыған, құдықтың ішіне шелекті арқанмен тартқан. Ескі құдықтарды жауып, кеңес үкіметі кезінде басқа құдықтар қазылды. Кейін қолмен су тартатын құдықтар салынды. Қазіргі күні бұрынғы және кеңес үкіметі кезіндегі құдықтардың бетін цементпен жауып тастаған. Бұл жердің барлығын орыс әскерилері, зерттеушілері картаға кіргізіп, атаулар берген. Суы тәтті, мұздай. Қазіргі кезде артизан құдықтар қазылған. Шу да Қорағаты өзендері Қырғызстаннан бастау алады. Малды, егістікті ауылдың жанында ағып жатқан Қорағаты өзенімен суарды. Қорағаты өзені бастауын Қырғызстаннан алады, Қорағаты өзені ауылдан 10 шақырым жердегі Шу өзеніне қосылып, Мойынқұмнан ары қарай құмға сіңіп кетеді. Екеуінің қосылатын жері құйған деп аталады. Қырғыз Алатауынан бастап Бетбақдала шөліне дейін 1186 шақырымға созылып, ағып жатқан Шу өзенінің екі жағы Шу өңірі деп аталады. Кезінде Қорағатының суы сарғыш, судың мөлдірлігінен су астындағы жәндіктердің бәрі көрініп тұратын және балықтың неше түрі болды. Өзен суының деңгейін көтеру үшін түрлі құралдар қолданылды. Шығырдың суын көтеру үшін түйені пайдаланған. Шығырды – қамысты не сексеуілді пайдаланып жасаған. Арық қазуға, бөгет салуға бүкіл ауыл адамдары шыққан. Суландыру жүйесінің салынуын, жұмыс істеуін қадағалайтын адамдарды «сушылар» деп атайды. Көктем айларында жауын жаумаса ауыл басында мал сойып тасаттық береді. Ауыл ішінде бидай тартатын ортақ диірмен болды, әрбір үйде қол диірмен болған. Малды көбінесе шығырды пайдаланып суарды. Ақтөбе ауылында 3 шығыр сексеуіл құдық болды. Астықты жинаған қазақтар арбаға тиіп, диірменге барып тартып отырды. Келі-келсаптар пайдаланы, ұсталар түрлі құралдар жасап отырған. Оспан Қожаның баласы Асан қожа белгілі ұста болған. Еңбек құралдарының ең бастысы соқа, кетпен, айыр, тырма, орақ, күрек т.б. Егін бастыратын жерді «қырман» деп атайды. Ауыл ішінде бидайды тартқызатын ортақ диірмен болды, әрбір үйде қол диірмен болған.

Ақпарат берушілер сусыз тіршілік жоқ, Мойынқұм құмының астында теңіз бар дейді, себебі, бұл жер ландшафтқа өте бай, 1000 түрлі өсімдік өседі, осы құмды жердің өзінде Қазақстанның қызыл кітабына еңген биіктігі 20-30 см. болатын қызғалдақтар мен сарғалдақтар өседі. Тамыры пиязшық сияқты болып келетін бұл өсімдіктерден шетелдерде хош иісті зат алу мақсатында қолданады екен. Ұлы Отан соғысына дейін Ақтөбе ауылында күріш, тары еккен, түтіні аз елдімекен болғаннан кейін екі ауылды қосып бір ауылдық кеңес жасап, 1965 жылы Коммунизм деп аталатын жеке совхоз жасады, осы жерден бастап Мойынқұм құмы Жайлаукөл бетбақдалалары, Қамқалыға дейін, ары қарай бетбақдала Қызылордаға дейін жалғасады (Р. Байбагисов).

Халықтың өмір сүріп отырған ортасы шаруашылықпен тікелей байланысты болуы табиғи заңдылық, Шу құмынан бастау алатын Мойынқұм бетбақдаласында құмды алқапта отырған халық мал шаруашылығымен айналысып отыр. Бетпақтың даласы бір қарағанда шөпсіз, шетсіз қу дала болып көрінгенмен онда өсетін майда от малға жағымды. Бетпақта жайылған малдың еті өте дәмді.

Мойынқұмның құмды төбелерінде сексеуіл, жыңғыл, теріскен тораңғы, изен, ебелек, бидайық, жусан, тораңғы (сексеуіл мен жылғылдың ортасы), жантақ, мия,

алатбұта, қара сора немесе кендір, жусан, баялыш, тасбұйырғын, дүзген өседі. Ал, шоңышқа, бидай, тары арнайы егілді. Сексеуілдің құмның арасына көп өсірілуінің себептері экологиялық тұрғыда құм көшіп кетпеу үшін, құмды ұстап қалу үшін-сексеуілдер отырғызылуда. Қазіргі күні қойшылар отырған бұл құмды алқапта 62 көлшік бар, 100-ден аса құдықтар бар. Құмды алқаптың үстінде Уэтәй, Қызылқұдық, Байгөбек, Тұрлымбет, Ұлы құдық, Басқұдық, Далаңқұдық (қой жайылымдағы даланың аты, малдың қыстаулары болды, ащы құдықта қойшылардың қыстаулары, қарақұдық, қара мола, Теке (қойшының атымен аталса керек) Баусасық, Қызқашқан деп аталатын, құмның ішінде далаң құдық деп аталатын құмды алқапта көптеген көлшіктер бар, Жер астынан су шығып жатыр, ауыл тұрғындары ол көлшіктерді көлдер деп атайды (Р. Байбагисов).

Ауылдың жасы үлкен әйелдері көктем мезгілінде сексеуілдің басындағы гүлін теріп, жағып, күлін суға тындырып бетіндегісін ұзақ қайнатады, оған малдың майын салып, қойылғанша ұзақ қайнатады. Қайнатпаны жеке-жеке шүберектерге түйіп, қатырады. Қатқаннан кейін ол сабын болады. Сексеуілдің күлі «сахар» деп аталады, сол үшін атын сахар сабын дейді (Г. Зәуірбекова).

Күз мезгілінде сексеуілдің тұқымын жинап, бүйрек ауруларына, бүйректегі тасты түсіру үшін қолданылып жүр. Сексеуіл тұқымының емдік қасиеті мол. Жалпы сексеуілдің тұқымын алу үшін 30-40 жыл уақыт керек. 90-шы жылдары сексеуіл бүкіл ауылымыздың күнкөрінісіне айналған кәсіп болды. Кейін сексеуіл азайғаннан кейін оны жұлуға, жинауға тиым салды. Бірақ, қазіргі күні сексеуіл қайта көбейіп жатыр. Сексеуілді алуға қатаң тиым салынған, айыппұл салынады және қызыл кітапқа еңген. Жас сексеуілді «көк жігер» деп атайды, шірігенін калбан, томар дейді. Шірігенін жинап отынға пайдаланамыз дейді (А. Искаков).

Шу және Мойынқұм аудандарының емдік өсімдіктері туралы ақпарат берушілер төмендегі біраз мәліметтер ұсынды.

Кендір өсімдігі де заңмен қорғалады. Жүзгеннің арасында сырттан деген дәрілік шүйгін шөп өседі. Тамыры ірілеу, екі метрдей тереңде, тамырын жазда жинайды. шөп. Қара сора (анаша) бойы бір метрден, құмның ішінде өсетін емге пайдаланды, аяғы қақсап ауыратындар ыстық суға салып, аяқ ауруына пайдаланды. Қорағаты өзенінен сүлік аулап аяқтағы артық қанын, сары суды сорып алу үшін ауырған жерлерге қояды. Ертеректе құмның ортасындағы қазақтар қыста қарды ерітіп қар суын, басқа мезгілдерде жаңбыр суынан қақ тұрады, сол қақ тұрған жердегі суларды да пайдаланған. Жантақ шөбінің дәні қан қысымына ем, дәнін қайнатып ішеді, халық құмды жердегі өсіп жатқан шөптің бәрін ем-домға қолданылып келді. Мия тамырының сығындысы да мың бір ауруға ем, оның тамырын алып, уатып, сығындысын алады (С. Қойгелдиева).

Алабұта шөбін қой жейді, жантақ пен алабұта, жусан нағыз түйе жейтін шөптер. Шу мен Мойынқұм аудандарының халқы қиын жылдары сексеуіл сатып күнкөрді. Сексеуілмен қатар жыңғылды да отынға пайдаланды. Сексеуілді заңды түрде қорғауға алғаннан кейін, қазіргі күні шығымы көбейді.

Көктемде бетбақдала құмында өсетін сұңғыла шөбі, жерден жарты метрдей өседі. Мың түрлі ауруға пайдалы. Сұңғыланың тамырын бауыр ауруларына дәрілік

шөп жасайды, Қазақстанның жан-жағынан келіп жинап жүр. Ауыл тұрғындары сұңғыланың тамырын жинауға жалданып көмектесуде. Сұңғыла шөлейт жерде қасындағы шөптерді өсіртпей, барлық нәрді өзіне жинайтын өсімдік. Сұңғыла аталуы да сондықтан. 40-30 жылда бір тұқымдайтын сексеуіл ағашының тамырындағы нәрмен қоректенетіндіктен, пайдасы да бар. Сексеуілді өсіртіп жатқан осы шөп. Сұңғыланың тамырын бүлдіріп алмай құмнан қазып алып, ауыл адамдары пайда тауып отыр. Тамыры бір, екі метр тереңдікте жатыр, бірақ құмнан тез алынады, жер үстіндегі бойы 40-50 см. Сексеуілді көбейтіп, нәр береді. Кейде сұңғылаға қасқыр үйір болғандықтан қасқыржем деп те атайды. Құм үстіндегі көптеген жәндіктер тасбақа, кірпі, қарсақ т.б. сұңғыланының тамырын қазып кеміреді. Информатордың айтуынша тамыры көктемде тез гүлдейді, жазда сабағы қурап қалады. Жалпы сөлі шығып тұрғандықтан, құрт-құмырсқа, шыбын, шіркей көп қонады. Кейінгі жылдары сұңғыланың тамырын терушілер саны көп, тамырды көктем мезгілінде 10-15 күннің ішінде теріп үлгеру керек. Жиналған шөптің тамырын тазартып, жуып, кептіріп қолданады. Қазіргі күні бауыр ауруына көп қолданып жүр, бүйрекпен, суық тигенге де бірден бр табылмайтын емдік шөп (Ұ. Иманалиева).

Мойынқұм алқабында өсетін емдік шөптің бірі қызыл мия. Қойдың жақсы жейтін шөбі. Тамыры пайдалы шөпті заңсыз теріп жатқандар көп. Күзде жемістері піседі, күзде немесе көктемде тамырларын күрекпен қазып алады. Тамыры мен сабағынан өкпе ауруларына ем ұнтақ және сұйық сығынды алынады. Суық тигенге, тыныс жолдары, тері ауруларына ем.

Ақтөбе, Мойынқұм ауылдарының маңындағы құмда адыраспан шөбі көп өседі. Киелі шөптің көптеген ауруға ем-дом ретінде пайдасы көп, ақпарат берушілер адыраспан түтінімен суық тигенді, тұмауды емдейміз, кептірілген шөпті өртеп, түтінімен терең дем алады, сонымен қатар, үйдегі инфекциялауға түтінін түтетіп, тазалауға пайдаланылады. Сонымен қатар, қасиетті шөпті аластауға пайдаланамыз дейді ақпарат беруші. Ауылдың әр үйдің бұрышында бір бума адыраспан ілулі тұр. Ауыл адамдары қасиетті шөпті күз мезгілінде теруге барады. Адыраспанды алуға барғанда тазаланып, дәрет алып, «Ассалаумағалейкум адыраспан, мені саған жіберді Омар Оспан, жанға дәру, дертке шипа болғай, Жамандықтан сақтай гөр, сабылыстан»деп амандасып барып қана тереміз дейді. Адыраспанға ыстық су құйып, буына төменгі жағына суық тиген адамды отырғызып ем жасайды. Ыстық суға салып қайнатып отырады. Кезінде адыраспан шөбін түрлі баяу жасағанға қолданған екен. Бірақ қазір қолданбайды.

Шу өзені мен Қорағаты өзендерінің маңының бәрі қамыс пен ши. Ши қамыстың жіңішке түрі, шиден киіз үйдің қоршаған, керегенің сыртынан шимен қоршайтын, Шиден құрт жаятын өре жасалып, әлі күнге дейін қолданыста. Ертеректе тіпті мәйіттің сыртынан шимен орайтын кездер болды. Таза нәрсе кебінге орап киізге не шиге орап апаратын, мәйітті жерлегеннен кейін қайта әкеледі.

Қамыстарды орақпен орып алып, баулап, екі дөңгелекті қол арбамен тасып, үйдің, қоралардың құрылысына пайдаланылды, әсіресе үйдің төбесіне жабуға қолданды, жылуды жақсы ұстайды, сыртын ылаймен сылап отырады. Жыл сайын сылағын өзгертіп отырды. Қамыс шыдамды, біраз жылдар шыдап тұратын дейді ақ-

парат берушілер, сонымен қатар, арпа мен бидайдың сабағын сабанды ылай қосып үйді сылауға пайдаланды.

Ауыл тұрғындары қиын кезеңдерде жүгеріден нан жасап жеген. Кейін осы ауданға көптеген этностар жер аударылып келді. Дүнген, кәріс халқы келіп күріш, пияз екен.

Мойынқұм қазақтарының басты шаруашылығы көшпелі малшаруашылығы болды және төрт түліктің бәрі өсірілді. Бір ауылда қырық отарға дейін қой болды. Жер шөлейт болғандықтан жазда құм арасы ыстық болады, сол үшін салқын жаққа жайлау Жайсаңға көшетін. Қырғызстан мен Қазақстанның ортасындағы Алатауға осы ауылға тиесілі Жайсан тауы. Әр отарда 1000-нан аса қойлар болды, ал қыста ауылдың маңындағы Мойынқұмнан бастау алатын Аязбай сияқты қыстақтарда мая-мая шөп жинап сонда отырды. Ақтөбе ауылында 1960 жылға дейін түйе шаруашылығы болды. Одан кейін үкіметтің ұсынысымен түйе саны азайып, түйе шаруашылығы төмендеді. Қазіргі күні біраз отбасында түйе келесі бар. Түйенің өркешті қоспақ түрі көп, бір өркешті нар аз. Қазақтардың көбі соғымға жылқы мен сиыр сояды. Түйе сойғанда ағайындылар, көрші-қолаңдар жиналып ақшасын бөліп төлейді. Қойдың меренос түрі өсіріледі. Малды астаумен суарып моторлы құдықпен, жаз жайлауға көшкенде бұлақтардан аққан өзектер маңына қоныстанып, өзектен суарады. Кеңес өкіметі кезінде құдықтарға мотор қойды. Ременьмен, кольцовый құдықтар терең емес болатын, қазіргі артизан құдықтар терең 10 метр, негізі 2 метрге қазылса су шығады, Қызылқұдықта тәтті су шыққан, кейін мал отырмасын деп құдықтарды бекітіріп тастаған. Хантауына қарай жаз жайлауы жерлерге жазда қоныстанған. Қыста Жүнтөбе, Тұрлымбет сияқты қыстақтарда қоныстанды. Бұрын көшіп, қонып жүретін. Қазір бұрынғыдай көшіп-қону жоқ, қыстақтарда тұрады, мал өрістегі шөптіжейді. Балық көз, торғай өт, жусан шөптерінің жаңбыр жауған соң, немесе күн суып бір үсік шалғаннан кейін аштысы кетеді, мал жейтін кезі сол кез. Мойынқұмда аңшылыққа шығатындар да көп. М. Байбагисов: Мойынқұм құмында ақбөкен, сарышұнақ, жылан, кесіртке, дуадақ, құр, қырғауыл, қасқыр, түлкі, қарсақ, қоян т.б. бар. Көбіне тұзақпен қырғауыл аулайды, мылтықпен қоян, қасқыр атып әкеледі.

Далалық зерттеулерімізде осы аймақтардағы қазақтардың шаруашылық түрлері әр кезеңде дамып жетіліп, ауыспалы сипатта болғанымен негізгі типі мал шаруашылығы болды. Оған қазіргі кездегі Қызылқұм мен Мойынқұм қазақтарының әлі де болса мал шаруашылығымен айналысып отырғаны, Сондай-ақ тұрмыстық өзгерістерінде әлі де болса мал шаруашылығына қатысты әдет-ғұрыптардың сақталуынан көрініс табады. Материалдық емес мәдениет үлгілерінің әлі де болса ұрпақтан-ұрпаққа жетуі, мал шаруашылығының аймақтық ерекшелікті айқындаушы фактор екенін айқындайды.

Жалпы, Қызылқұмның Өзбекстан жағы болсын, қазақтары арасында өз атақәсібін әлі де болса, ұмытпағандар жеткілікті. Соның ішінде бұрынғы ру мен аталарының қоныстарының аймақтық ерекшелігіне қарай құдық қазып, шыңыраудан түйемен су тартқанын да еске алып отырады. Себебі, көшпелі мал шаруашылығында ата қоныс, жұрт, көне жұрт ұғымы қасиетті ұғым болып табылады. Сонымен қатар,

Қызылқұм мен Мойынқұм қазақтарының тек шаруашылығы ғана емес, қоныстану жүйесі, рулық құрамы да көрініс тапқан.

Бұл далалық материалдар 2021-2022 жылдары жоба мүшелерімен Қызылорда облысының Қармақшы ауданының елді мекендерінде және Жамбыл облысының Шу ауданының Мойынқұм елді мекенінде жүргізілген кешенді этнографиялық экспедиция материалдары болып табылады. Қызылқұм мен Мойынқұм қазақтарының дәстүрлі анықтауға және қазіргі шаруашылық жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- Арғынбаев Х.А. Қазақтың мал шаруашылығы хақында. – Алматы: Ғылым, 1969. – 170 б.
- Арғынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов. 2-е изд. доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – Т. 10. – 242 с.
- Ажигали С.Е. Традиционная система скотоводческого поселения казахов (в историческом развитии) // Этнографо-археологические комплексы. Проблемы культуры и социума. Новосибирск: «Наука Сибирское предприятие РАН, 2002. – Т. 5. – С. 143–190.
- Генс, Гельмерсен. Известия о Хиве, Бухаре, Коканде и Северо-Западной части Китайского государства // История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. Алматы: Санат, 2005. – Т. 5. С. 33-34.
- Гродеков Е.И. Киргизы и Каракиргизы Сыр-Дарьинской области. –Ташкент: Типо-Литография С.И. Лахтина, 1889.
- Кун А.Л. Поездка по Хивинскому ханству в 1873 г. // ИИРГО. – Т. X. – СПб., 1874. – С. 53.
- Қобыландин К., Мендікұлова Г.М. Өзбекстандағы қазақтардың тарихы және бүгінгі дамуы. – Алматы: ДҚК, 2009. – 296 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО Алем Даму интеграциясы, 2017. – 816 б.
- Мак-Гахан «Военные действия на Оскусе и падение Хивы». – М., 1875. – 306 с.
- Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. – Алматы «Социнвест» – Москва «Горизонт», 1995. – 320 с.
- Пельц В. Очерк Южных Кизыл-Кумов. Самарканд, 1912.
- Соколов Е. Обь ирригации Перовского уезда // «Окраина»
- Сиверс И. Письма из Сибири. Фальк И. Описание всех национальностей России. Алматы: Ғылым, 1999. 134 с.
- Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. – Ташкент: ФАН, 1966. – 336 с.
- Хорошхин А.П. Сборник статей, касающихся до Туркестанского края. – СПб., 1876. – 366 с.

Дерек кісілер

- Байбағысов Меркібай. 1961 ж.т. руы Құнту-Масак, Жамбыл обл., Шу ауданы, Ақтөбе ауылы
- Байбағысов Рашид. 1967 ж.т. руы Құнту-Масак, Жамбыл обл., Шу ауданы, Ақтөбе ауылы.
- Байбағысов Хамит. 1969 ж.т. руы Құнту-Масак, Жамбыл обл., Шу ауданы, Ақтөбе ауылы.
- Елеуов Аманжол. 1993 ж.т. руы Кете. Қызылорда обл., Қармақшы ауданы, Т. Көмекбаев ауылы.
- Ештаев Нағашыбек. 1976 ж.т. руы Кете. Қызылорда обл., Қармақшы ауданы, Кекірелі кешені.
- Жаметова Гуля. 1966 ж.т. Төре. Қызылорда обл., Қармақшы ауданы, Кекірелі кешені. (Ұшқұдықтан келген, Өзбекстан).

Жолдасбай Сақтаған. 1957 ж.т. руы Әлім. Қызылорда обл., Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылы.

Зәуірбекова Гулназым. 1940 ж.т. руы Жалайыр, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақтөбе ауылы.

Исаева Данагүл. 1979 ж.т. руы Шөмекей. Қызылорда обл., Қармақшы ауданы, Кекірелі кешені.

Истамкулова Қанипа, 1952 ж.т. Төре. Қызылорда обл., Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылы. (Қарақалпақстаннан келген).

Иманалиева Ұлдар. 1965 руы, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақтөбе ауылы

Искаков Айдар. 1979 ж.т. Қожа. Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақтөбе ауылы.

Қанатов Қазтай. 1936 ж.т. руы Кете. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылы.

Қойгелдиева Сауле. 1969 ж.т. руы Жалайыр, Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақтөбе ауылы.

ҚоспаевСақтапберген. 1957 ж.т. руы Байсары. Қызылорда облысы, Қармақшыауданы, Жаңақала ауылы.

Назарова Фатима. 1941 ж.т. руы Құлыс Кете. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылы.

Өмірсерік Әбурахманұлы. 1963 ж.т. руы Жаппас. Қызылорда облысы, Сырдария, Теренөзек ауылы. (Шырақшы).

Төресбаева Айша. 1948 ж.т. руы Балқы. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жаңақала ауылы. (Ұшқұдықтан келген, Өзбекстан).

Тілек Сұлтан. 1990 ж.т. Керей. Алматы облысы.

Үргешбаева Алтын. 1967 ж.т. руы Қожа. Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Кекірелі кешені.

Ұзақбаева Оразгүл. 1966 ж.т. руы Шөмекей (Малбике). Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Т. Көмекбаев ауылы.

Ысқақов Ыбырай. 1939 ж.т. Қожа. Жамбыл облысы, Шу ауданы, Ақтөбе ауылы.

ШУ-ІЛЕ АҒАРЫ, СЫРДАРИЯНЫҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ДУЛАТ ТАЙПАСЫНЫҢ МЕРЗІМДІК ҚОНЫСТАРЫ, КӨШІ-ҚОН БАҒЫТТАРЫ

Дулаттар жалпы «*Бақтияр*» ұранын, одан тараған *Сиқымдар ұрыста* – «*Сиқым*», *бәйгеде* – «*Рысбек*»; *Ботбайлар ұрыста* – «*Ботбай*», *бәйгеде* – «*Сәмен*»; *Шымырлар ұрыста* – «*Шымыр*», *бәйгеде* – «*Қойгелді*»; *Жаныстар ұрыста* – «*Жаныс*», *бәйгеде* – «*Төле*» ұрандарын иемденген (Гродеков, 1889: 3). Н.И. Гродеков сиқымдардың «*Қызел*» деген тағы бір ұранды қосымша қолданғанын айтады. Шежірелік деректер Сиқым руының кей аталарының өз ұраны болғанын айғақтайды. Н.И. Гродеков Сиқымның Борас атасының ұраны да *Рысбек*, Тоғатай атасының ұраны *Босмойын* деп көрсетеді (Гродеков, 1889: 3). Н.А. Аристов те Н.И. Гродеков еңбегінде аталатын ру ұрандарының ішінен *Тоғатайлардың ұраны Босмойын* екендігін нақтылай отырып, басқа ұрандар жөнінде дәлел таппағанын да айтып өтеді (Аристов, 1897: 409). Сиқымның Қусирақ тармағынан шыққан батыр Арыстан Шынасылұлы Қусирақ жасағын басқарады. Ол «*Жаубасар*» деген ұранмен сарбаздарын жаудың топтасқан жеріне талай рет бастап кіреді. Осы ерлігі үшін қазақ батырлары оны өз арасында «*Жаубасар*» деп атап кетеді (Дәуітбеков, 2006: 640).

Қазақ шежіресін ғылыми тұрғыдан зерттеген М. Тынышпаев та Сиқымдардың ұраны екеу – «*Сиқым*», «*Рысбек*» дейді. Рысбек батыр XVIII ғ. аяғы – XIX ғ. басында өмір сүргендігін атап өтеді (Тынышпаев, 1925: 28).

Тек Дулаттарға ғана емес, аты Ұлы жүзге ортақ ұранға айналған *Бақтияр* шамамен XIII ғасырда өмір сүрген батыр, шешен, рубасы, әулие. Н.А. Аристов өзінің белгілі еңбегіне қолданған Дулат тайпасындағы Ботбай руының биі, 1876 жылы қайтыс болған Диканбай батыр құрастырған Ұлы жүз тайпаларының шежіресі Бақтияр бабаның таралу тегін анықтауға негіз болады (Аристов, 1897: 394-396). Әбілқайыр → Байшора → Жұман бай → Кейкі би → Төбе би → Майқы → *Бақтияр* → Үйсін → Ақсақал → Қараша би → Бәйдібек → Сарыүйсін → Жарықшақ → *Дулат*.

Ұран халықты, жеке адамды жеңіске, ерлікке шақырған, жауға қарсы шапқанда жігерлендірген, ерекше рух берген. Ру ұраны ретінде әдетте халықтың немесе тайпаның аса құрмет тұтатын ата-бабасының, киелі анасының немесе дүйім ру табынатын тұлғаның есімі алынған. Бір рудың ұраны болған батырдан соң, уақыт өте келе әлдеқайда беделді тағы бір атақты батыр шықса, жаңа батырдың есімі бірте-бірте ұранға айналады да, бұрынғы ұран-есім ұмытыла бастайды. Көптеген деректерде қазақ ру-тайпалары ұрандарының бірнеше болып кездесуін ескі рулық ұрандардың әлі де ұмытылмағандығымен және де жаңа ұрандардың қатар қолданылуымен түсіндіреміз. Дулат тайпасындағы Сиқым, Жаныс, Ботбай, Шымыр руларында екі ұранның көрсетілуі осының айғағы. Аты ұранға айналған ата-бабасының аруағына сыйыну, олардан қосымша күш-қуат сұрау ұрандатушыларға тән қасиет болған.

Аты сиқымдарға ұранға айналған Рысбек батыр кім?

Шежіре бойынша *Рысбек Шінет батырдың екі ұлының бірі*. Сиқым Шінет батыр қалмақ шапқыншылығы дәуірінде өмір сүрген. XVI ғасырдың ортасында қалмақ-

тар жаулап алғаннан кейін Шінет батыр Ташкентті басқарған. Н.И. Гродеков Сұлтан бидің айтуы бойынша деп мынадай мәлімет келтіреді: «Қалмақтар қазақтарды Сырдариядан ары асырып, Бұқараға қарай қуғанда, атақты төрт батыр Төле, Қойгелді, Шінет және Сәмен жасақ жиып, жауды атамекенінен қуады. Сөйтіп, қазіргі отырған қоныстарын азат етеді» (Аристов, 1897: 408; Гродеков, 1889: 3). Осындай мәлімет Н.А. Аристовта да кездеседі. Сиқым Шінет батыр 1652 жылы Орбұлақ соғысында Жәңгір ханның қосынында Ботпай Дәнен, Бөгежіл Жақсығұл, Шегір Ақпан батырлармен бірге шайқасады.

Жоңғар шапқыншылығы кезінде 1724 жылы Түркістан қаласы үшін ауыр шайқас болғаны да тарихтан белгілі. Түркістан қаласын жоңғарлардан қорғауға Сиқым Рысбек, Босмойын батырлар, Шымыр Қойгелді батырлармен бірге, Сіргеліден Елшібек батыр бастаған қосын басты әскер күшіне қосылды (Түменбайұлы, 2002: 4). М.Тынышбаевқа сүйенсек: Жоңғар қазақ соғысы кезінде Түркістан мен оның айналасындағы кенттердің билеушісі Әбілқайыр мен Жолбарыс, Болат хандардың әскері орналасқан ставкасы Боралдай мен Қошқарата өзендерінің бас жағындағы Арқарлы тауында, «Үлкен орда қонған», «Кіші орда қонған» деген жерлерде болды.

Жоңғарлармен күресте 1726 жылы жеңіске жеткен Бұланты шайқасы, онан соң Қаратаудағы Ұзынбұлақ, Қостұра шайқастары, Аңырақай шайқасындағы жеңіске бастады. Дулат батырлары, атап айтқанда Сиқым Шағыр батыр, Бөкей батыр, Рысбек батырлар, Шымыр Қошқар батыр, Жаныс Өтеген батыр, Ниязбек батырлар, Шымыр Қойгелді, оның інілері Ақша мен Қожық батырлармен бірге, сіргелі тайпасынан Елшібек, Есіркеп, Тоғанас, Тілеуке (Қара Тілек) батырлар атақонысы Шу, Талас, Қаратауды қорғап қалу үшін аянбай күресті. Шешуші ұрыс Қаратаудың биік сеңгірі Қостұра (Үлкен Тұра мен Кіші Тұра) тауларының етегінде болды (Тынышпаев, 1925: 65). «Елім-ай» сияқты зарлы әннің тууына себепші болған Қаратау–Талас өңіріндегі жоңғарлармен шайқастың зардабы еді.

Бұл кезеңде қазақ батырлары жоңғарлардың соғысу әдістеріне әбден қанығып, олардың алдын орап алып кететін небір әскери қимылдарды қолдана бастады. Дулаттардың атақонысы Қаратау мен Талас, Шу, Асы өңірін азат ету үшін дулат тайпасының батырлары жауды тықсыра қуады. Жоңғарлар Қаратау – Таласты тастап қашып, Шуға қарай шегінуге мәжбүр болды. Қол бастаған батырлардың тықсыруымен жоңғарлар Балқашқа қарай ығыстырылған. Аңырақайда өткен 1729 жылғы ерлікке толы «аламан шайқастағы» Сиқым Рысбек батыр, Жаныс Өтеген батыр, Ботпай Сәмен батыр, Шымыр Қойгелді, Ақша, Қожық батырлар батырлардың ерлігі ұрпақтан ұрпаққа аңыз болып таралды.




Тарихи деректер бойынша Сиқым Рысбек батыр, Босмойын батырлар сиқым руының рубасы болған. 1742 жылы Ташкент маңындағы болған жоңғарлармен шайқаста Қоқан мен көшпелі қазақ, қырғыз халықтарының біріккен жасақтары жоңғарларға қарсы тұра алатын одаққа бірікті. Жоңғарларға қарсы құрылған Қоқан мен Ұлы жүздің біріккен қолы туралы В. Наливкин мен П. Ивановтың еңбектерінде айтылады. Дулат руларының Бас қолбасшысы Қойгелді батыр және одан басқа сиқым Рысбек батыр, Босмойын батыр елін азаттық күреске бастады. 1723 жылы шапқыншылықта айрылған жерлерін толық қайтарып алу үшін барлық бағытта жауын

өкшелей қуған. Осы шайқастардан соң-ақ жоңғар қалмақтарының Ташкент маңындағы өктемдігі жойылған. Шу, Талас пен Алатау арқылы тау асып қашқан жоңғар қалмақтарына биік тау да пана бола алмаған. Қазақ қолының үздіксіз шабуылынан қалмақтар таудан асып өте алмай, қатты қырғынға ұшыраған. Алатаудағы барлық саны он үш «Қалмақ асуы» деп аталатын биік таулы асулардың атауы соны әйгілейді (Никонов, 1978: 102).

Сиқым Рысбек батыр Ташкент үшін шайқастан кейін Боролдай өзенінің жоғарғы жағын иеленеді. Ол жер – «*Рысбектің ақ тасы*» деп аталып кетеді (Тынышпаев, 1925: 65-66).


Таңба хақында




Таңба – қазақты құраған тайпалардың өзіндік белгісін білдіретін ерекше белгі, рәміз, мөр ретінде саналады. Рулық таңба – рулық меншік белгісі. Түркі, монғол халықтарында мал иелігін, хан жарлығын, білдіретін белгі «таңба» деп аталған. Қазақ даласында таңба ерте кезден түркілер арасында қолданыста болған, оны ежелгі заманнан бүгінге жеткен Қазақстанның әр түкпірінде сақталған жартастар мен үңгірлердегі, өзен аңғарларындағы малта тастар мен балбалдарға, ескі қорымдардағы құлпытастарға шекіліп салынған түрлі таңбалар айғақтайды.

Таңба әр рудың шыққан тегіне, туыстық, жақындық жағдайына қарай қалыптасқан. Дулат руының таңбасының бейнесі  – дөңгелек, атауы – «*күн таңба*». Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында «*дөңгелек*» таңбасы шарды, шексіздікті білдіреді. «*Күн таңба*» атануы исламға дейінгі ерте түркілердің дүниетанымымен байланысты. Ерте дәуірде күннің қараңғылықтан, қараңғылық үрейден, тылсым, зұлым рухтардан қорғайтын қасиетті күші бар деп танылды. Көне дүниетаным бойынша күн мен от бір-бірімен тығыз байланысты. Күн мен оттың жарық беретін, жылу беретін қасиеттері ортақ. Күн де от тәрізді өртеніп тұрады.  таңбаның келесі атауы «*шөміш*», ол молшылықты білдіреді. М.Тынышпаев дерегінде дулаттардың  күн таңбасы екі жартыға бөлінген, екі жартыдан тұратын бұл таңбаның атауы – «*абақ*». Екі жартыға бөлінген таңбаның да ертеден атадан бабаға мирас болғандығын Талас бойынан табылған дулат таңбалары қашалған тастар нақтылайды.



Талас өзені алқабынан табылған дулат тайпасы руларының таңбасы қашалған тас


Сиқым, Ботпай, Шымыр руларының таңбаларының негізінде  дөңгелектің, «*күн таңбаның*» белгіленуі олардың Дулаттан тарағандығымен байланысты. Дулаттан тараған рулар таңбасына түсірілген, құлақ немесе сызығына, ойығына қарай қазақы ортада *құлақты шөміш, сапты шөміш, сынық шөміш* деген атауға да ие.

Дулаттан тараған аталар Сиқым – таңбасы  – күн таңба,  – бұрыш,  – көсеу, әліп; Ботпай – таңбасы –

♀; ♀, ♀ – күн таңба; Шымыр – таңбасы ♀, ♀, ♀ – айшық, жарты дөңгелек, сынық шөміш, Жаныс – ♀, ♀ – бұрыш, ілмек.

Күн таңбаға құлақ, қос құлақ, тік құлақ, үш құлақ, саптың орнатылуы өркендеу, өсу, ұрпақ өрбиту идеясымен байланысты.

Сықым руының негізгі ♀ – күн таңбасымен қатар, L – бұрыш, I –



Тастағы дулат тайпасы таңбаларының бейнесі



Қышқа басылған бұрыш, ілмек таңбалары




Қышқа басылған күн таңба, бұрыш, әліп таңбалары

көсеу, әліп таңбаларының қосарлана жүруі, шежіретанушылардың пікірінше сықымға кірме рулардың сіңуімен байланысты. Н.И. Гродеков L, I таңбаларының атауын «кезентаңба» деп бергенімен, бұлай атауына түсінік бермейді (1889 ж.). Шымырдың «айшық» таңбаны иемденуінің де негізі арғы ата-бабаларының, ерте түркілік дәуірдегі сенімдерімен байланысты. «Күн» мен «Ай» аспан әлемінің денелері ретінде көне түркілердің дүниетанымынан берік




орын алды. Қазақ даласында көшпелі мал шаруашылығының дамуына байланысты ай мен жұлдыздарға табыну қола дәуірінде қалыптасты. Ай мен жұлдыз түнде адамға серік болған, сәуле шашқан, көшкенде соларға қарап бағыт бағдар ұстанған. «Айшық» бейнесі қазақтардың космогониялық түсінігінде көктегі кеңістікті білдірді. Ислам дінінің де басты символы – «айшық». Жаныстар иемденген «ілмек» таңбасы босағаның беріктігін меңзейді. Түрік қағандығы дәуірінде Шығыс түріктер «ілмек» бейнесі таңбасын қолданғанын Шу аңғарындағы Жайсан ғибадатханасы петроглифтері айғақтайды.



*Шу өзені алқабы,
Жайсан петроглифтеріндегі
Ботпай руының таңбасы*




Түргештер таңбасы. Шу аңғары

Албан таңбасы – ; Суан таңбасы – ;  да негізі күн таңба, дөңгелек, шөміш те, айырмашылықтары таңба бейнесіне саптың орнатылуында. Бұл рулардың барлығының таңбасында ортақ дөңгелек бейнесінің болуы, олардың түп атасының бір болуымен байланысты.



*Таңбалар қашалған тас.
Алтай. Ерте түркілік кезең*



Ерте түркі тайпаларының дөңгелек, күн таңба, айшық, шөміш, бұрыш, ілмек т.б. таңбалары қашалған Аршан-хадтағы (Монғолия) таңбалы тас

Ру тайпалар	М.Гродеков мәліметтері (1889 ж.)	М.Тынышпаев мәліметтері (1925 ж.)	С.Аманжолов мәліметтері (1959 ж.)	Н.Мыңжан мәліметтері (1987 ж.)	Х.Арғынбаев М.Мұқанов В.Востров мәліметтері (2000 ж.)
Дулат	○	⊞	○	○	○
Сиқым	LI, ♀	I, L, ♀	IL ♀	♀LI	♀IL
Жаныс	↘	>	↘	↘ ↘	>
Ботпай	♀	♀	♀♀	♀ ♀	♀♀♀
Шымыр	Ϛ	⌘	Υ	Υ	ϚϚϚ
Албан	♀	♁	♀	♀⊞	♀
Суан	♀	♁	♀	♁	♁

Шежіре тарқатуы туралы

Жеті атасын білу – қазақ халқының өз ұрпағына жеті атасын үйретуі, атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Мұның әлеуметтік мәні зор болған. Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Сондықтан да қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Жеті атадан аспай қыз алу «қан араластырушылық» деп танылып, өлім жазасына кесілген, егер, бұл үкім отбасылары кешірім бергенде дүре соғумен ауыстырылып, 72 ден 90-ға дейін дүре соғылған.

Бұрынғы адамдар бір-бірімен танысқанда, жүздескенде руын, тегін сұрауы осыдан шыққан. Сондықтан әр қазақ баласының өз ата-тегін білуі, тектілік, әрі ұлттық тәртіп пен жөн білудің бір саласы болып саналған.

Жеті ата әкеден жоғары таратылады. Бұрынғылар жөн сұрасқанда «Ата тегің кім?» – деп сұрайтыны міне, осыдан шыққан. Олай болса жеті ата: 1. Бала, 2. Әке, 3. Ата, 4. Арғы ата, 5. Баба, 6. Түп ата, 7. Тек ата. *Ата-тек* деген осыдан шыққан сөз.

«Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер,

Жеті атасын білмеген құлағы мен жағын жер»,

«Жеті атасын білмеген ер жетім,

Жеті ғасыр тарихын білмеген ел жетім» – деген қазақ даналығының, «жеті ата» ұғымының, «жеті ата» тәртібінің халық санасына берік сіңуі, туысқандық ағайындық бірлікті, ынтымақтықты ұстана отырып, әулетті ғана емес, бір рулы елді ұйыстырып отырған. «Жеті ата» ұғымының қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген және осы ғұрыптан ауытқымай оны берік ұстанып келген. Жеті ата тәртібіне ұйысқан бір рудың бір ауылға шоғырланып қоныстануы, осы күнге дейін сақталып келе жатыр. Жеті атаға дейінгі туыс-туғандардың тұрмыс-тіршілігі, қыстау, жайлау, көктеу, күздеу сияқты мерзімдік қоныстары да бір болған еді. «Туысы бірдің уысы бір» деген сөз де осымен байланысты.

Жеті ата ұғымында ағайын арасындағы үзілмес бірлік, бұзылмас тектілік бар. Байырғы қазақтар «*қанына тартпағанның қары сынсын*», - деп баланың бойынан ата-бабасының қасиетін іздеген.

Ата-бабаларымыз өз ұрпақтарына жеті атасының аты-жөнін, атамекенін, өз руынан шыққан белгілі батыр, би, жақсылардың есімін айтып, жадына сіңілдіріп отырған. Ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қан араластырмайды, туыстық қалыпты бұзбайды. Сегізінші атадан бастап жаңа ру атын белгілейді. Бұл үшін сол атаның ру басылары, ақсақалдары мен билері, ел ағаларын шақырып, боз бие сойып баталасып, осымен жеті атаға толып, бұдан былай қыз алысып, қыз берісетін құдалыққа рұқсат ететін жол ашты. Бұл дәстүр – текті, дені сау, таза ұрпақ өсуінің кепілі. Осындай текті ұрпақ өсіру тәрбиесін бұрынғылар ертеден-ақ білген және оны қатты қадағалап отырған.

Жеті ата, шежіре тарқату танымын қазақ халқы ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп, бүгінгі күнге сақтап жеткізуі, қазақ халқының жеті атасын білуге деген құштарлығының жас өскен сайын артуы атасынан баласына қанымен берілетін, ерекше қасиеті, қазақ халқының рухани құндылығы. Балаға жеті атасын айтып отыру ұлттық тәрбиенің кепілі.

Дулат тайпасының қазақ халқы пайда болғаннан кейінгі шежіресін Н.А.Аристов дулат-ботбай Диканбай батырдан жазып алып, ғылыми айналымға ендірген. Шежіре деректері бойынша үйсін Бәйдібектің үшінші әйелі Домалақ анадан (Нұрила) Жарықшақ туады. Жарықшақтан Албан, Суан, Дулат болып тараған. Ал, Дулаттан Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс тарап, әрқайсысы бөлек руды құрады. 1913 жылы Әулиеата уезінде статист А.А. Черновский басшылығымен жүргізілген ауылшаруашылық санағы кезінде статисттар Ағашық болыстығының 6-шы әкімшілік ауыл молдасы Тыналі Атыкеннен және 7-ші әкімшілік ауыл молдасы Талқанбай Дайрабайдан дулат тайпасының шежіресін жазып алып, статистикалық жинақта жариялады. Дулат тайпасының басты аталықтарын анықтауға бірден-бір негіз болатын келесі шежіре нұсқау 1925 жылы В.Г. Соколовский Әулиеата уезінен жазып алып жариялаған «Казахский аул» атты еңбегінің қосымша-диаграммалары. Осы құжат-деректерге сүйене отырып, Дулат тайпасының басты аталықтарын төмендегідей ұсынамыз:

Ботбайдан – Құдайқұл, Шағай, Бидас (кірме), Қоралас, Көкірек (кірме).

Құдайқұлдан – Әлімжан, Бесторсық, Спыршы, Есбер.

Шағайдан – Байкүшік, Есенкелді (Байкүшік пен Есенкелдіні шежіре бойынша «Кіші Ботпай» деп атайды), Кішкентай (Шежіре бойынша Шоң Ботбай деп аталады).

Байкүшіктен – Асан, Тайлақ.

Есенкелдіден – Ақша, Қожай.

Кішкентайдан – Жанқойлық, Есенбай.

Бидастан – Мырза, Бабыкелді, Бөкенші, Текенші.

Қораластан (12 арыс кірме; М. Тынышбаев қоралас руының арғы тегін монғолдармен байланыстырады да, Шыңғыс ханның арғы тегі осы рудан шыққандығын айтады) – Жанат, Қалыбай, Қалмамбет.

Көкіректен (Текежан кірме) – Қара Бұлантай, Бесбала (Бестерек), Туаш.

Бесбаладан – Теріскей, Әйтек, Жоламан, Шақабай.

Есберден – Байтүгел, Байкісі, Жиенбай, Бұқар.

Тайлақтан – Жауыр, Мұрат.

Қожайдан – Жақсылық, Әлібек, Жазық, Қыдыр.

Қыдырдан – Жарас, Өтеп, Малғар, Мамыр, Өтеулі.

Өтеуліден – Өмірбек, Әлібек.

Есенбайдан – Дода, Шағатай.

Шағатайдан – Ауан.

Ауаннан – Сәмен батыр (аты ұранға айналған).

Қалмамбеттен – Қарақойлы, Қарақосай.

Қарақойлыдан – Есен, Ырыс, Мәмбетай, Бекшора, Қауғаяқ, Шауқар.

Қарақосайдан – Итім, Сарым, Мырза, Бура, Тамай, Қосан.

Шымырдан – Бекболат, Шынқожа, Темір (Темірболат).

Бекболаттан – Жиенбай, Толмәмбет (Боққайнат), Жиенбет, Шілмәмбет, Қарымбай, Диес, Есей, Бестерек (кірме, шежіре бойынша Баймолда, халық Бестерек деп атап кеткен).

Жиенбайдан – Жаңабай, Шажыт.

Жаңабайдан – Шоқан, Күлтемір, Айтқұл, Шөже, Сырлы.

Шажыттан – Байқан, Бектеміс, Сәмбет.

Жиенбеттен – Алдаберді, Садықбай, Күнту.

Шоқаннан – Шотқұл.

Шотқұлдан – Қонысбай, Көтел, Бөлек.

Бөлектен – Мәмбет.

Мәмбеттен – Байзақ датқа.

Сәмбеттен – Қосайдар би.

Қосайдардан – Нұрмағанбет, Жалмағанбет, Досмағанбет, Ермағанбет.

Шілмәмбеттен – Қырғызәлі, Құли, Ноғай.

Қыдырәліден – Тәңірқұл, Құдайқұл, Андақұл.

Андақұлдан – Жаулыбай (аты Шілмәмбет ұрпақтарының ұранына айналған), Тәттібай, Қожымбай.

Диестен – Жаңғыбай.

Жаңғыбайдан – Күлтабар, Шақан, Қангелді, Әдікеайуан, Қарамырза (Қонақбай деп те атайды).

Күлтабардан – Айтқұл, Ұран, Қожат.

Ұраннан – Тақыш, Қойбағар.

Айтқұлдан – Байтемір, Қонысбай.

Шынқожадан – Қобыланды, Бозқозы, Бозан, Қаракөкірек (кірме).

Қобыландыдан – Шоқай, Мырсалы, Қонақбай, Қырғызәлі.

Мырсалыдан – Сатыбай, Байтана.

Қыдырәліден – Шақан.

Шақаннан – Жақсылық, Балық, Байымбет, Қаракете.

Байымбеттен – Сарт.

Сарттан – Қойгелді.

Темірболаттан – Ысқақ, Төленді, Айнабек, Мырзақұл.

Сиқымнан – Мырзасейіт, Байсейіт (Шуылдақ), Токсейіт (Қусирақ), Буас, Құлсейіт (Қусирақ), Ақылбек, Құттыбай.

Мырзасейіттен – Аққойлы, Қарақойлы (бір бөлігі түрікмендерге енген)Қарақойлыдан – Есбол, Есенкелді (халық Естілер ұрпағы деп атап кеткен), Қара, Тоғатай, Борас, Қораз, Рүстем, Наурызбай, Томай.

Буастан – Боса, Борық, Құл, Есторы, Қызылқармыс.

Босадан – Құдайберді, Алақүшік.

Есторыдан – Тойшы, Тілеуқабыл.

Ақылбектен – Атабек, Мырзабек, Атайыс.

Құттыбайдан – Бағлан.

Есболдан – Сатыбалды, Омар.

Есенгелдіден – Үлебай, Сырлыбай, Төле, Болат.

Сатыбалдыдан – Елтүзер, Бөрі.

Омардан – Қайқы, Қаржау.

Құдайбердіден- Жарымбет, Сайкөл, Сары.

Тойшыдан – Қараби.

Қарабиден – Сүйіндік, Аталық.

Тілеуқабылдан – Жаушы, Танат, Көксе, Қосмұрат.

Жаныстан – Жарлықамыс, Шегір, Өтей, Жәлмәмбет (Бөгетжайлы), Жантай, Жанту, Оймауыт (кірме; монғол руы болуы керек, шежірешілер Шыңғысхан дәуірінде кірген дейді), Жантақ.

Жарлықамыстан – Байыс, Қасқарау (Бейімбет).

Шегірден – Кедей.

Кедейден – Сәрке.

Өтейден – Мәуетей, Мауза.

Жалмамбеттен – Бесқалмақ, Ақмойын, Қарамойын.

Жантудан – Жайылмас, Ақберді, Өтеміс, Жаңабай, Құдайберді, Құжак.

Жантақтан – Қадыке (Ерубай), Еламан.

Байыстан – Қарымсақ, Назар, Жолсейіт, Қайыпберді, Бексейіт.

Қасқараудан – Ораз, Бұқар, Елтүзер.

Еламаннан – Жуанбек, Қотыр.

Жуанбектен – Қасқа батыр.

Жайылмастан – Қыбырай.

Ақбердіден – Шынәлі.

Шынәліден – Ақыл, Жандар, Қонысбай би.

Қуанбердіден – Әлібек (Төле бидің әкесі), Тоқпан. Түгел, Данай, Ақтай, Бақыбек, Құдайбек – деген басты аталықтар тараған (Дулат тайпасының толыққанды тарқатылған шежіресімен «Бәдібек баба – алып бәйтерек» топтамасынан танысуға болады). (Бәйдібек баба – Алып бәйтерек: Ұрпақтар шежіресі. – Алматы. 2004.).

Дулаттың Сиқым руынан екі ру бөлімі – Жәнібек (Қарақойлы), Әлібек (Аққойлы) тараған. Шежірелік деректер бойынша Сиқым бабаның бәйбішесі Гүлбаршыннан – Жәнібек, Әлібек...туылады. Гүлбаршын Қарақойлы мемлекетінің әмірі Жаһаншаның қызы. Гүлбаршын босанып ұл тапқанда, оған Жәнібек деп есім қойылады. Ол жас кезінде нағашы елінде өседі. Соған орай халық арасында Қарақойлы атанады. Жәнібек Тебриз қаласындағы батырлыққа баулитын мектепте әскери жаттығулардың түрлі тәсілдерін үйреніп шығады. Жәнібек 1467–1501 жылдары өмір сүрген. Ол жасынан найза ұстап, семсер сілтеген батыр болған. Шежіре жинаушылар Сиқым бабаның өмір сүрген жылдарын шамамен 1447–1528 жылдарға саяды. Сиқым баба Гүлбаршынға оған 15-16 жасында үйленді дегеннің өзінде Жәнібекті 17 жасында көрді деп алсақ, онда Жәнібек бабаның туылған кезі шамамен 1464 жылға сәйкес келеді.

Халық ішінде үрім-бұтағымен асқан беделге ие болған әулет *«шынжырқатары үзілмеген»*, яғни *«тектілігі үзілмеген әулет»* деп аталады. Дәстүрлі қазақы ортада тектілік қасиеттер ұрпаққа ата-бабаларынан беріледі деп есептеліп, ата-тегінен туа біткен асыл қасиетімен қоғамда биік дәрежеге жеткен адамды *«тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады»* деп бағалаған. Тегінен тектілік жалғасқан әулеттің бірі – Сиқым Тоқсейіттен тараған әулет.

Шағыр Әлібекұлы – дарынды қолбасшы, қазақ-жоңғар соғыстарында ерлігімен көзге түсіп, танымал болған әйгілі батыр, Абылай ханның сенімді серіктерінің бірі. *Сиқым →Жәнібек →Құттыбай →Тоқсейіт →Тілеуімбет →Бақтыбай →Әлі-бек →Шағыр.*

Бөкей Сұлтанұлы – жас кезінен ерлігімен танылған атақты батырлардың бірі. Жорық жыршысы Тәттіқараның жырында айтылатын Дулаттан шыққан Бөкей батыр осы Бөкей. Тоқсейіттен тарайтын нақтылы екі аталық Тілеуімбет пен Құлеке. Тілеуімбет аталығының Көз, Бақтыбай, Жәнібек аталары тарамдалады. Көз атасынан Базерке, Кешубай, Өтеке әулеттері өрбиді. Бақтыбай атасынан Жаубасар, Лепес, Дайра, Мәмбет, Нәлібек, Әлібек әулеттері өсіп-өнген. Тәтіқара ақын жырға қосқан Бөкей мен Шағыр ерлігімен әйгілі болды.

Бөкейді айт Шағыр менен дулаттағы
Деріпсалы, Маңдайды айт қыпшақтағы
Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын
Сары менен Баянды айт уақтағы.

Әсіресе Шағыр батыр өзінің қайтпас ерлігімен, дарынды қолбасшылығымен ерекшеленді. Ел аузындағы мәліметтерге қарағанда Шағыр батыр Аңырақай шайқасына қатысып, батырлығымен танылған. Шағырдың ұлдары да әкесіне тартып батыр болып ер жетті.

Бөкей Сұлтанұлы Көздің Бозерке әулетінен өрбіген Рысымбеттің баласы Сұлтанның ұрпағы.

Сиқым →Жәнібек →Құттыбай →Тоқсейіт →Тілеуімбет →Көз →Бозерке →Рысымбет →Сұлтан →Бөкей батыр.

Теке батыр 1769-1764 жылдары өмір сүрген, үш жүздің басын біріктірген, Өз Тәуке ханның батыры болған. Құттыбайдан туылған Жолсейіттің ұрпағы. 17 жа-

сында Орта жүздің палуанын жығып, көзге түседі. Бұл кісіден тараған ұрпақтар Торғай облысының аумағында Теке тау, Теке өзені, Қара Теке сілемі, Оңтүстік Қазақстан облысында Теке селосы, Теке қамалы, Қызыл Орда облысы бойынша Теке мазары, Түгіскен өңірінде, Алматы өңірінде өсіп-өніп жатыр.

Сиқым → Жәнібек → Құттыбай → Жолсейіт → Бағлан → Құдайберген → Қазыбай → Теке батыр.

Мәлік би – сиқым руының рубасы, Ташкент пен оның маңайында билік жүргізген. 1723 жылғы Ақтабан шұбырындыда Бұқара қаласына қарай қоныс аударып, сонда біршама уақыт тұрақтайтыны жайлы деректерді М.Тынышпаевтан оқимыз. Мәлік бидің атымен сол жердегі шөл аталады және темір жол станциясы бар (Тынышпаев, 1925: 65; Дәуітбеков, 2006: 101-112). Мұрат Асан атасынан тараған Қараның ұлы. *Сиқым → Жәнібек → Құттыбай → Бабасейіт → Тоғатай → Мұрат → Асан → Қара → Мәлік би.*

Мерзімдік қоныс иеленуі туралы

Дулат тайпасының арғы тегін зерттеушілер жазба деректерге сүйене отырып, *дулу, дуло, дулуғ, далу, далуғ, доғлат* деп аталатын ежелгі түркі тайпаларынан тараған деп негіздейді. Осы аталған тайпалардың ішінен дулу тайпасының аты тарихта жиі кездеседі (Гумилев, 1967). Дулат тайпасының этникалық шығу тегі көне сақтарға, ал кеңінен таралу тарихы Н.Я. Бичурин, Г.Е.Грум-Гржимайлоның жазбалары бойынша кейінгі темір дәуіріне саяды (Грум-Гржимайло, 1926; Аристов, 1894: 398-402; Бичурин, 1998). Б.з.д. II ғасырда дулулар өз алдына хандық құрып, билеушісі «би» атанған. Дулулар үйсін, ғұн тайпаларының құрамында да болған. Одан әрі Түрік қағандығының, Ұлы Бұлғария мемлекетінің, Хазар хандығының, Еділ Бұлғариясының құрылуына қатысады.

Батыс Түрік қағандығы кезінде дулат тайпасы Жетісу өлкесіндегі ықпалы күшті, басты тайпа болса, орта және кейінгі орта ғасырларда Жетісу және Қазақстанның оңтүстік өңірінде зор ықпалға ие болғаны тарихтан мәлім. Рашид-ад-Дин жазбалары бойынша дулаттар Шыңғыс ханның империясы дәуірінде ірі тайпалардың бірі болған. XIV-XVI ғасырларда Шағатай ұлысы дәуірінде, кейін Ақсақ Темірдің билігі кезінде дулаттар саяси билікке араласып, олардың арасынан Бауырты, Хұдайдал, Қамариддин, Әмірдәуіт, Әбубәкір сияқты билер мен бектердің ата тарихта қалды. XV-XVI ғасырларда дулаттардан Мұхамед Хайдар Дулати, Махмұд Жорас, Әмір Уәли, Бекасыл сияқты ғұламалар шықты. Қазақ халқы Төле биді «*төбе би*» деп таныды.

Шежіре деректері бойынша үйсін Бәйдібектің Домалақ анадан (Нұрила) туылған Жарықшақ ұрпағынан Албан, Суан, Дулат болып тараған. Ал, Дулаттан *Сиқым*, Ботбай, Шымыр, Жаныс тарап, әрқайсысы бөлек руды құрады. Сиқым Дулаттың үлкені, дулаттан тараған ұрпақтар дастархан басына жиналғанда бас сиқымға тартылады.

Сиқымның жолы үлкен той бастаған

Ботбайдың батыры көп қол бастаған.

Қарақойлы, Аққойлы, Қусирақтар

Сиқымның ұрпақтары тұқым шашқан (Әзірбаев, 2008: 54).

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінде дулаттардың орналасуы жайында аса маңызды құжаттардың бірі Орынбор әскери губернаторы Г.Волконскийдің дерегі. 1803 жылы Г. Волконскийдің тапсыруы бойынша ағаман (старшын) Көбек Шүкірәліұлы мен Қазан татары аудармашы қызметін атқарған Ғали Шахмұратов Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз қазақтарының қоныстануы, көші-қон аймағы, сауда-саттыққа араласуы жайындағы дерек дайындаған. Бұл деректі жинақтауға өздеріне қарасты руды жақсы білетін ру ақсақалдарын қатысқан. Құжатта «40 000 отбасынан тұратын дулат тайпасы Қытай шекарасы маңында, Құлжа, Қашқар, Кукон аудандарында, Жоңғария жерлерінде, сондай-ақ Талас, Ангрэн, Шыршық өзендері алқаптары мен Шыңғыс-Шаған тауларындағы жерлерде көшіп-қонып жүрген» (Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825 гг.), 1940: 514-516) - деп жазылған.

Демограф ғалымдардың пайымдауынша XIX – XX ғасырдың бас кезінде санақ халықтың 10% қамтымаған. Дегенменде қолда бар санақ мәліметтері сол уақыттағы ру-тайпалардың санын есепке алуға маңызды мәлімет болады.

1860-1880 жылдары дулаттардың жалпы саны 18682 шаңырақты құраса, ботпай руының 78 %-ы Верный мен Әулиеата уездерінде, 49 %-ы Шымкент уезінде, *сиқым* руының 75 %-ы Шымкент уезінде, 25 %-ы Верный және Әулиеата уездерінде, Жаныс руының 83 %-ы Шымкент уезінде, 17 %-ы Верный мен Әулиеата уездерінде қоныстанды (ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, 3 қор, 545 іс, 404-405 пп). Мұрағаттық құжаттар бойынша XX ғасырдың бас кезінде дулаттардың жалпы саны 37677 шаңырақты құраған. Н. Абрамов *сиқым қусирақтардың* 215 шаңырағы Алматының маңында қоныстанғандығын айта келе, қусирақтар *Көз, Бақтыбай* болып екіге бөлінеді дейді (Абрамов, 1867: 267-268).

Бас штабтың генерал-лейтенанты Л.Мейер басшылығымен жиналған дерек бойынша 1860 жылдары Қаратаудың батысы және Түркістаннан Әулиеатаға дейінгі аралықта қыпшақ, дулат, қоңыраттарды қосқанда шамамен 80000 шаңырақ көшіп-қонған. Зерттеушілер бұл өңірдегі көшпелі қазақтарды бір отбасына 4 адамнан есептеп, орта есеппен, шамамен 320000 адам көшіп жүрген, деген мәлімет ұсынады (Мейер, 1865: 276).

1867-68 жылдардағы Қазақ жерін басқару Ережелеріне орай қалыптасқан әкімшілік бөлініс бойынша құрылған болыстарда Дулат тайпасы қоныстанған ауылдардан біріккен болыстар Дулат руларының атымен аталды.

Жетісу облысының *Тоқмақ уезінде* дулат, *сиқым*, жаныс, қоралас руларының атымен болыс құрылған. Түркістан статистикалық комитетінің санауы бойынша *Дулат болысында* 1870 жылы 1341 шаңырақ, *Сиқым болысында* 818 шаңырақ болған (Монастырский, 1872: 146).

Ал, Түркістан статистикалық комитеті 1870 жылы Әулиеата уезінде тек дулаттар тайпасының руларынан құрылған болыстардағы дулат-тұрғындардың саны мен шаруашылығына қатысты «*Ботпай болысында* – 2163 шаңырақ, 10815 тұрғын; *Жаныс болысында* 1614 шаңырақ, 8070 тұрғын; *Қоралас болысында* – 1036 шаңырақ, 5175 тұрғын; *Сиқым болысында* – 1665 шаңырақ, 8325 тұрғын; *Шымыр болысында* 1671 шаңырақ, 8355 тұрғын» – деген мәлімет береді (Логинов, 1872: 82-92). Осы статистикалық санақ кітапта көрсетілген дулат ауылдарының мал санының есебіне қарап, дулаттардың ауылы бай шаруашылықты құраған деуге толық негіз бар.

XIX ғасырда дулаттардың басым бөлігі Жетісу облысының *Қапал уезінде* қоныстанған, олардың этникалық құрамы жөнінде тағы да 1870 жылғы Түркістан статистикалық комитеті мәліметіне жүгінеміз: «*Жаныс-балсай болысында* жаныс руының қозымбек, шебентай, өтеген, қайқон, тонат, ақ-мәмбет, сүгір-базар, келді, өтеміс, тұшыр, жолсейіт аталарынан тараған ұрпақтар қоныстанған; *Қарасай-жаныс болысында* жаныс руының жолсай-құдайкөл, қарақойлы, қыбрай, капал аталары; ботпай руынан жанқұйрық, жылқыайдар, өтешал, сұлтан, келдібүйкентақ, тоғыз аталары; *Ботпай-шымыр болысында* ботпай руының шағатай, сиыршы, бесторсық, дода, байдос-тілеуқабыл аталары; шымыр руынан – күнту, сәнбет, бестерке, қайлам, шынқожа, байтоқа, шоқай, көкірек, қалжа аталары; Қасқарау болысында ішінара ботпай руының қоралас атасы, шымыр руының күнту атасынан тарағандар; Сарытауқұм болысында – ботпайдың сиыршы, шақшам аталары, шымыр руының сәмбет, күнту, көкірек, балтана аталарынан тарағандар мекендеген. Сондай-ақ, Жоғарғы-Қаратал болысында – жаныстан күнту аталығы; Балғазы-Қайшылы болысында – ботпай, шымыр, *сиқым* аталары; Оңтүстік-Балхаш бөлігі болысында – жаныстар және ботпайдан қораластар; Төменгі-Қаратал болысында – жаныс, ботпайлар; Таулы-жалайыр болысында – жаныстар; Алтын-Емел болысында – ботпайлар ішінара қоныстанды» (Волости Копалского уезда, 1872: 158-166).

Қапал уезіндегі дулаттардың мерзімдік жайылымдарды пайдалану, қыстау, жайлаулық қоныстарды иемдену мәселесіне келер болсақ, олар көшудің «тік»/«вертикальды» бағытын ұстанып, тау етегін бойлай тік көшіп отырды, жайлауға тау етектерін, өзен, арықтардың бойын таңдады. *Сиқым болысының сиқымдар* қыста Сарыбұлақ, Қарабұлақ, Оңғырлы, Шетіртөбе, Әулиеқара, Кіндіктас, Жиделі арықтары бойында қыстап, жазда осы аталған су көздерінен алысқа ұзамаған. Егістік атыздары Шу өзенінен тартылған арықтар мен Кескенжар өзені бойында салынды. Қапалдағы *Дулат болысындағы дулаттар* қыста Жамбыл тауы етегіндегі Сексеуіл шатқалы, Шаянтас, Сарыбұлақ, Шекмар, Қадыр өзендері бойында; Шу бойы, Иткешу тауы етегіндегі Сұңқар, Жиделі сайларында қыстап, жазда Шу өзенінен бастау алатын арық бойларына, атап айтқанда Арғын-өткен, Бөлтірік-өткен, Иткешу, Тезекбай-шапқан аңғарларына көшкен. Олар арық бойларында егін салып, одан соң, Сүйектөбе жайлауына көшкен (Волости Копалского уезда, 1872: 174).

В.В. Радлов XIX ғасырдың ортасында Ұлы жүз тайпаларының Балхаш, Алатау, Ыстықкөл көлдері жағалауын, Әулиеата, Шымкент, Түркістан және Ташкентке дейінгі аймақта көшіп-қонып жүргендігін, соның ішінде дулаттар Қытай шекарасынан Ыстықкөлге дейінгі аймақта, *сиқым* руының негізгі дені Шымкент, ботпай, жаныс, шымыр рулары мен темір аталығы Әулиеата аймағында көшіп-қонып жүрген деп жазған (Радлов, 1989: 111). В.В. Радлов көрнекті әскери-шығыстанушы, тарихшы, саяхатшы генерал-лейтенант А.Макшеевтың 1868 жылғы зерттеулерін негізге ала отырып, Шымкент округінде *сиқымдар* – 1600, шымырлар – 1600, жаныстар – 1600 шаңырақ; Әулиеата округінде *сиқымдар* – 1500, шымырлар – 3500, жаныстар – 700, қоралас – 1050, ботпай – 1100 шаңырақ; Ташкент округінде – дулаттар – 380; Верный округінде дулаттар мен шапыраштылар 12096 шаңырақ болған деген мәлімет береді (Радлов, 1989: 114).

Н.И. Гродеков Сырдария облысының әскери губернаторы қызметінде болған кезінде 1884 жылы жергілікті уезд басшыларына, билеріне халықтың саны, тұрмыс-тіршілігі жайында мәлімет жинауды тапсырады. Дерекке назар аударсақ, Сырдария облысындағы дулат шаңырақтары бойынша: «1880 жылдары Ақтас болысында – 93 *сиқым*; Ақсу болысында – 884 жаныс, 139 *сиқым*, 3 ботпай; Боролдай болысында – 1053 шымыр, 8 *сиқым*; Қарабұлақ болысында – 1036 *сиқым*, 128 шымыр; Қарамұрт болысында – 1344 *сиқым*, 20 ботпай; Қазықұрт болысында – 1421 жаныс, 50 *сиқым*; Майлыкент болысында – 1312 шымыр, 50 жаныс, 251 ботпай; Шөл болысында – 900 *сиқым*; Жаныс болысында – 603 жаныс отбасы қоныстанған», – деген статистикалық мәлімет келтіреді (Гродеков, 1889: 19-20). Егер бір отбасында орта есеппен 6-7 адам есептесек, 1884 жылы бұл санаққа 3570 *сиқым* отбасынан шамамен 24990 адам іліккен.

XIX ғасырдың аяғында жүргізілген статистикалық зерттеулер бойынша 18682 шаңырақ дулат Верный, Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерін мекендеген (Румянцева, 1912; Румянцева, 1911).

Верный уезінде дулаттар Ұлы жүздің албан, ысты, шапырашты, жалайыр, қаңлы руларының өкілдерімен аралас-құралас орналасты. Ботбай руының қауымдары Верный уезінің шығысы мен батысында, Аңырақай тауының атырабында Сұмса өзенінің бойындағы Айдарке, Бесқауға, Ақсеңгір, Долаңқара, Көлтоған, Қарағайлы, Сарыкемер, Ақсай, Қаскелең, Қоралы, Бескөл шатқалдарында, Белбұлақ, Қарасу, Көтенбай бұлақ бастарында қыстап, көктеу-күздеуді Қаскелең, Қарғайлы, Қарай, Бесқара шатқалдарында өткізіп, жазда Жасылкөл, Жая, Қаскелең, Үлкен Алматы, Қастек, Қарақастек, Берентүгүл жайлауларында көшіп-қонды.

Верный уезіндегі *Сиқым* руының қауымдары Қарай, Қызылеспе, Ақжар, Жалғыз ағаш, Қаскелең қыстауларында қыстап, көктемде Жаманкөл шатқалына, жазда Алатау, Тұйық тауы жондарына көтеріліп, ал күзде Үшарал шатқалына көшкен. Жаныс руынан тараған қауымдар болса Қарашеңгел, Көжентай шатқалын, Есік, Қарасу, Үлкен Алматы өзендері бойын, Ақши, Шамалған, Көктөбені, сондай-ақ Верный уезінің батыс шекарасын, Жамақты, Балажал, Сарықайық, Дөңгелексай, Боқтозақ, Айғыржал, Шетенді, Күркіреу, Қордай, Қоянды, Ақтерек, Талдыбұлақ өзендері бойында қыстап, жаздықүні Алатау етегінің шабындықты аймақтарындағы жайлауларға қонды (Румянцева, 1913).

Верный уезіндегі дулаттар ауылдары қыстау-күздеулік жайылымдарды қыстау маңына жақын жерден пайдаланса, дулаттардың кей ауылдары көктеу, күздеуді қыстауда өткізіп, екі мерзімді қонысты, яғни қыстау, жайлауды пайдаланды. Ауылдардың қыстаудан көшу айырмашылықтары 2-3 күндей. Жетісудағы дулаттардың қысқа қашықтыққа көшуі жартылай отырықшы мал шаруашылығымен айналысуымен және Жетісудың табиғатының жайлауға ыңғайлы болуымен байланысты. Далашық және Үшбұлақ жайлауларын дулаттардың бірнеше ауылдары бірігіп пайдаланған. Верный уезіндегі дулаттар XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін Іле өзенінің төменгі ағысы бойында тұрған (Пантусов, 1899: 276).

Верный уезінің дулаттары тұрақты бір жерде қыстамады. Күрті өзенінен Балхаш көліне дейінгі аймақты алып жатқан Тауқұм болысын мекендеген ботпай руының ауылдары Ақжал, Жуан төбе қыстауында қыстағанымен, бұл жерде ұйытқып соқ-

қан боран, желдің әсерінен мал арып кетпес үшін ірі-қараны қыста қолға ұстамай, оларды Іле өзені қойнауындағы қамысқа қарай айдаған. Бұл өңірдегі ауылдар қоныстары Ақсүйек, Алажол, Тоқмақ уезі, Ботабөру, Қызылақтау, Аяқұм, Жирекоты, Жауқантөбе, Қамау елді мекендері болып саналады (Баллицкий, 1873: 21-23).

Жетісу өңіріне қоныс тепкен дулаттар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен, қосалқы шөп шабумен айналысты, ал қазақ жерінің оңтүстігінде қоныстанған дулаттар мал шаруашылығымен қатар егіншілікті қоса кәсіп етті (Баллицкий, 1873: 21-23; Загряжский, 1874: 97-98, 110-111).

Әулиеата уезінде дулаттар сарыұйсін, шапырашты, ысты, жалайыр руларымен аралас қоныстанып, ауылдас болды. Бұл жердегі дулаттардың негізгі тұрақты Шу, Талас өзендерінің бойын, Мойынқұм өңірінің орталық аймағын, Талас Алатауының етегін, Шу, Талас, Ащыбұлақ, Қайыңды, Жіңішке жуалы, Ойтал, Қурағаты, Аспара өзендерінен бастау алатын бұлақ пен бастаулар бойын, Мөңке, Боктыкен, Ақбастау, Қарақыстақ өзендері, Төре, Жарарық, Көкөзек, Тас, Қисық, Сарбек, Таскетбай, Ақназар арықтары бойларын алып жатты.

Әулиеата уезі дулаттарының қоныстары мен саны жөнінде маңызды мәліметтерді алуға 1908 жылғы жүргізілген ауыл шаруашылығы санағының санақ парақтары негіз болады (Материалы по киргизскому землепользованию, 1911: 116-136).

Аспара болысын толығымен дерлік дулат-ботпайлар қоныстанып, Аспара өзенінен бастау алатын Көк, Бел, Тұзық, Қыйсық, Жартоған, Қарасу, Тас, Жамбастаған, Жаманбұлақ, Молалы алыс, Сасықбұлақ, Жаман, Тастаған, Екінші тоған, Қарақобы, Жалқамыс тоған, Мақан, Жота арықтары бойларындағы Мұнғазан, Апанды төбе, Ойтал, Ақермен, Ақөлең, Түзу ұсрат, Қыйсық ұсрат, Тақыркөл, Жартоған, Қарақобы, Саршыбұр, Аспара, Қызтоған, Шошқалы, Талдыбұлақ қыстауларында қыстаған. Болыс 11 әкімшілік ауыл, 22 шаруашылық ауылға бөлініп, 1715 шаңырақта 14213 ботпай тұрған.

Асы болысының 2, 3, 4, 7-ші әкімшілік ауылдарында шымырдың күнту аталығынан тарағандар, 5-ші әкімшілік ауылында бокқайнат аталығынан тарағандар, ал 6-шы әкімшілік ауылында бокқайнат пен күнту аталығынан тарағандар аралас қоныстанып, Шу өзені бойындағы Батырбек, Аққұдық, Алаботалы, Қарақұдық, Тасөткел, Жаршапқан, Шарбақты, Тамдықарын, Шынкелді қарын, Бүргенсу, Тайсойған, Тастөбе, Ағашық, Жусан құдық, Аққұдық, Кемерқұдық қыстауларын иемденді.

Билікөл болысының 7-ші әкімшілік ауылына қараған 23 шаңырақ шымырлар Жіңішке жуалы өзені бойындағы Теріс қыстауында қоныстанды.

Ботамойнақ-алмалы болысының 1-4 әкімшілік ауылдары шымырдың жанғыбай аталығынан тараған 238 шаңырақтан құралып, Сүгіт өзені, Қайыңды арығы бойындағы Тілеміс сай, Әйтiмбет Сүгіт қыстауларын, Тегембай сай, Шалы бастау бұлақтары басындағы Түс, Шымшықсай, Шилібастау, Қосқара, Шыңырауқұдық, Сасықкөл, Ұзынбұлақ қыстауларын иемденген. Ал, осы болыстықтың 5-ші әкімшілік ауылында жанғыбайлар мен бестеректер Алмалы, Көкбастау бұлақ бастарында, Төленді арығы бойындағы Қызылқайнар, Алмалы, Қоңыртөбе, Қоямбай тал, Ботамойнақ, Тесік бастау, Ақбүйім қыстауларында қоныстанды. 8-ші әкімшілік ауылын толығымен жаныс-жанғыбайлардың 127 шаңырағы құрап, Талас өзені бойында

қыстады. Ботамойнақ-алмалы болысы 12 әкімшілік ауылға, 78 шаруашылық ауылға бөлінсе, соның 52 ауылын толығымен дерлік Шымырдың Бекболат атасынан тараған сәмбет, жанғыбайлар құрап, 1868 шаңырақта 11725 тұрғын болса, соның 90 % -ы шымырларға тиесілі.

Қарабақыр болысының 8 әкімшілік ауылына қарасты 52 ауыл толығымен дерлік өтеміс-жаныстардан құралды. Қарабақырдағы өтеміс-жаныстар Арбай, Жамантөрткөл, Өтеміс, Күлпейіс, Тұрарт, Қарабөгет, Аюбай, Сарышым, Ақберді, Тілеген, Мәмбет арықтары бойындағы Құлқайнар, Естеміс, Қарашеңгел, Кеңтоғай, Шөлтөбе, Дөңгелексаз, Көкүзек, Қанқожа мешіт, Дермен қыстауларында қыстаған. 1313 шаңырақта 8569 жаныс болған.

Қарақыстақ болысында толығымен дерлік дулаттардан құралды. Болыс 11 әкімшілік ауыл, 30 шаруашылық ауылға бөлінсе 5-ші әкімшілікте ішінара төрелердің 43 шаңырағы өмір сүрген. Болыста барлығы 1630 шаңырақта 11166 тұрғын болса, соның 1587 шаңырағында, 10877 ботпай болған. Болыстықтағы ботпайлар Мөңке, Боктыкен, Ақбастау, Қарақыстақ өзендері, Төре, Жарарық, Көкөзек, Тас, Қисық, Сарбек, Таскетбай, Ақназар арықтары бойындағы, Сарбұлақ, Талдыбұлақ бастарындағы Ойқұдық, Бозжота, Тастақ, Мөңке, Бөгібайсаз, Ақназар, Молалы, Тасшілік, Ойранды, Әулиебұлақ қыстауларында қыстаған.

Қурағатын болысы тұрғындарының да негізгі басым бөлігін дулаттар құрады. 1909 жылы 142 шаңырақ дулат Иманбайарық қыстауында, 279 шаңырақ дулат Қурағаты сай қыстауында, 157 шаңырақ құдайқұл-ботпайлар Күлтоған, Мерке, Шолаң қыстауларында, 193 шаңырақ сиыршы-ботпайлар мен жаныстар Шошқалы, Махан, Аспара, Қарасу қыстауларында қоныстанды (1-3 әкімшілік ауылдар). Болыстықтың 5-9 әкімшілік ауылдарын толығымен қоралас руынан тарағандар құрап, 646 шаңырақ, 6037 тұрғын қоралас Ойтал, Қурағаты, Аспара өзендері және Сортоған, Қарасу арықтары бойындағы Беларық, Сортоған, Тоқташ, Шілік қыстауларында қыстады. Ал 10-шы әкімшілік ауылда толығымен бесторсық аталығынан тарағандар қоныстанып, 169 шаңырақта 1433 тұрғын болған.

Күшеней болысында дулаттардан құралды. Болыстықтағы 10 әкімшілік ауыл 53 ауылға бөлініп, 1293 шаңырақта 8198 дулат, яғни шымырдың бестерек, жанғыбай аталығынан тарағандар тіркелді. Мұндағы бестерек-шымырлар Талас өзені, Жота, Қарабөгет, Сарыөзек арықтары бойында, Шалке, Көшеней бұлақтары басында, жанғыбай-шымырлар Темірбек, Айтабар арықтары бойларында қыстаған.

Мақбал болысында дулаттың жиенбет, күнту аталығынан тараған тұрғындар қоныстанып, барлығы 875 шаңырақта 5367 адамды құрады. Олардың қыстаулары Ащыбұлақ, Қайыңды өзендері, Бақытжартоспа, Арыстантоспа, Шеңгелдітоспа бұлақтарының басында орналасты.

Ал *Баутерек болысының* 7, 8, 9, 10 ауылдарында босмойындар шоғырланып, сол уақытта барлығы 520 шаңырақ тіркелді. Статистар 1908 жылы Әулиеата уезінен барлығы 36023 шаңырақ Ұлы жүз отбасына санақ парағын толтырған (Материалы по киргизскому землепользованию, 1911: 126).

Әулиеата уезінің Мерке, Үшқорған, Ботамойнақ-алмалы қыстауларында қоныстанған дулат шаруашылықтары қыстық мал жайылымдарын Қаратау таулары етегі-

нен, Александровск қыратынан, Ішкілі тау етегінен иемденді. Көктеулік жайылымға қыстау маңынан алысқа кетпеді. Көктеулік, күздеулік жайылымдарды Талас жазығындағы Ортақтау, Ақтастау, Ішкілі тауларының оңтүстік сілімдерінен иемденіп, оны ауылдар бірігіп пайдаланған (Материалы по киргизскому землепользованию, 1911: 70).

Талас, Мерке, Үшқорған дулаттары көктеу мен күздеуде Мойынкүм құмында, жазда Шотқала, Ұзын Ахмет, Сусамыр жайлауларына, ал Әулиеата уезінің батысында орналасқан дулаттар Александровск қыратының екі жақ сілімдеріндегі, Қаратау тауларының жоғарғы сілімдеріндегі жайлаулық жерлерге көшкен. Бұл жайлаулардың шөбі шүйгін, көк майса болғандықтан, мал тез семірген. Жайлауда дулат ауылдары тамыздың ортасына дейін, ал Мойынкүм құмдарында күздеуде қар түскенше отырған (Материалы по киргизскому землепользованию, 1911: 72, 125). Әулиета өңіріндегі кей бай шаруашылықтар жаздық мал жайылымын алыстан іздеп, Ферғана облысының Наманган уезі таулары етегіне, кейбірі Қарқара уезіне, Ақмола уезіне қарасты Жетіқоңыр жайлауына көшкен. Жетіқоңыр жайлауы алыс жолды құраған, оған көшкенде ауыр деген заттарды қыстауда қалдырып, жайлауға тұрмысқа қажетті заттарды алып шыққан. Түйелерді көлік ретінде пайдаланып жүк артқан, жылқы үйірін бөлек, ұсақ мал отарын бөлек айдаған. Жайлауға бірнеше ауыл бірігіп, үлкен бір қауымды құрап көшкен. Мал төлдері көп, әрі жас болғанда, олар әлі шириға қоймағандықтан бір күнде 3-5 шақырым жер жүріп, бір-екі күн құдық бастарында тоқтап, дем алған. Таң ата ерте жолға шығып, түс қайта көлеңкеде тоқтап, кешке қарай одан әрі жүріп отырған.

Шымкент уезінде де тұрғындардың негізгі бөлігін дулаттар құраған. Бұл аймақтағы дулаттардың байырғы қоныстары мен саны жөніндегі нақты деректі тағы санақ парақтарынан іздейміз. 1873 жылғы санақ мәліметі бойынша Шымкент уезінде қоныстанған 16365 шаңырақтың 2455-і Қарабұлақ, 2071-і Қарақұрт, 1946-сы Боралдай, 1450-і Майлықсүт, 1624-і Қарақұрт, 2291-і Сарыкөл, 2035-і Тартоғай, 1501-і Шөл, 992-і Арыс болыстарында қоныстанған. Шымкент уезінің шығыс бөлігін құрайтын алғашқы бес болыста және Арыс болысында орналасқан халықтың негізгі дені – дулаттар. 1873 санақ парақтарында дулаттардың Шымкент уезіндегі орналасуын келесідей көрсетеді: «*сиқым* руының қоныстары Шекар, Құмыш, Ақсу, Қызылсу, Машат өзендері жағалауында, шымыр руының қоныстары Арыс өзенінің жоғарғы ағысы тұсында, негізінен дулаттардың дені оңтүстік таулы аймақта, яғни Бадам мен Сайрам өзендерінің жоғарғы ағысы тұсы мен Қазықұрт етегін алып жатыр» (Заметки о юго-восточной части Чимкентского уезда, 1872).

Шымкент уезіндегі ру-тайпалардың қоныстануы мен олардың санын жөніндегі мәліметтер 1907 жылы осы өңірде жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы парақтары болып табылады (По аульные таблицы, 1908).

Машат болысының 1 және 7 әкімшілік ауылдарында толығымен дерлік *сиқымдар* қоныстанып, олар 241 шаңырақ, 1489 тұрғынды құрап, Жыланды, Дәубаба, Шымбұлақ, Машат арықтары бойында қыстаған.

Қарамұрт болысындағы асан аталығынан 119 шаңырақ, 1534 тұрғын Құмыш, Әсел, Қайырма, Балдаберек арықтары бойында;

Бадам болысында өтеміс аталығынан 149 шаңырақ, 1011 тұрғын Өтеміс арығы бойында; *Майлыкент болысында* шілмәмбет аталығынан 25 шаңырақ, 127 тұрғын Талдыбұлақ басында; шымыр руынан 18 шаңырақ, 77 тұрғын Кішкене бұлақ басында; ботпай руынан 31 шаңырақ 96 тұрғын Жабағалы арығы бойында;

Қошқарата болысында барлығы 219 шаңырақ, 1302 тұрғын *сиқымдар* Тасбұлақ, Көлтоған, Үлкен, Белбұлақ, Тасбастау, Балақұтүй, Қараш, Ордақонған, Көкбастау, Қыйқы бастау, Сүнгібұлақ бұлақтары басында, Боралдай өзені, Шұбарағаш, Ақтас арықтары бойында қыстаған, сондай-ақ осы болыстықта ботпай, жаныс, шымыр, *сиқым* рулары аралас қоныстанған ауылдарда 512 шаңырақта 10506 тұрғын болып, олар Талдыбұлақ, Жолбарысбұлақ, Жарбастау бұлақ, Далақалыбұлақ, Жаманшарық, Ақбастау, Тасбастау Тасбұлақ, Көлтоған, Үлкен, Белбұлақ, Тасбастау, Балақұтүй, Қараш, Ордақонған, Көкбастау бұлақтары басында, Боралдай өзені, Шұбарағаш, Ақтас, Екаша, Кедейсай, Қанай, Ұзынбұлақ, Қараағашты арықтары және Балашабақты, Шабақты, Қоспа, Ақжар, Қарасаз сияқты майда өзендер бойында қыстаған.

Боралдай болысында толығымен дерлік дулаттың жаныс, байыс, қоралас, күнту, шоқай, бөгетжайлы, құттық, асан, қошқар, қыбырай, бестерек, шуылдақ сияқты рулары мен аталықтары қоныстанып, олар 1907 жылы 363 шаңырақ, 8757 тұрғынды құрады. *Боролдай* дулаттары Балабөген, Бөген, Боролдай өзендері мен олардан бастау алатын Қызыл арық, Жартоған, Алмаағаш, Боралдай, Алаштай арықтары бойында, Үлкен, Қызыл әулие, Жыланды бұлақтары басында қыстаған.

Бөген болысында ботпай руынан барлығы 96 шаңырақ, 452 тұрғын, *Жилібұлақ болысынан* 39 шаңырақ, 200 тұрғын Сасық өзені бойында;

Көкшеқұм болысында 32 шаңырақ, 230 тұрғын шымырлар Жартөбе бұлағы басында; Қаракөл болысында күнту аталығынан 14 шаңырақ, 73 тұрғын Ақсай өзені бойындағы Сасық, Тасты бұлақтары басында;

Қаратау болысында жиенбет-ботпайлардан 234 шаңырақ 1336 тұрғын Қарашық, Сырдария өзендерінің екі жақ бетіндегі Сарыөзек, Шұқыркөл, Күлекүнгеі, Ақжар-тас, Қоңыртөбе, Тесек қыстауларында қыстаған.

Арыс болысында жаныс, бөгетжайлылардан 853 шаңырақ, 4909 тұрғын Арыс өзені, Қоныс, Қарабастау, Кемер, Шабай, Боз, Ангор арықтары бойында және Құрманбай бұлағы басында;

Сарыбұлақ болысында *сиқымның* темір аталығынан тараған 327 шаңырақ, 2340 тұрғын Арыс, Көксай, Ұзынбұлақ арықтары бойында, Сарыбұлақ, Арғанаты бұлақтары басында;

Сарыкөл болысында өтеміс аталығынан 71 шаңырақта, 604 тұрғын болып Арыс бойында қыстаған. Сарыкөлдiктер қоңырат тайпасымен аралас қоныстанды.

Түлкібас болысында ботпайдың құдайқұл, көкірек аталығынан, шымырдың шілмәмбет аталығынан тарағандар және жаныстар 486 шаңырақ, 2487 тұрғынды құрап, олар Таңатар, Шұбар, Ақкөл, Қарабастау, Жаман, Алмас, Шет, Шәуіл, Майқы бұлақтары басында, Шілікті өзені, Құлан, Жыланды арықтары бойында қыстау салған. Шымкент уезінде дулаттар қыстаулары жалпы оңтүстік-батыс жаққа қарай орналастып, жайлауға Қызылқұмға жақын жердегі Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы жайылымдық қоныстарға көшкен. Ру тармағы бойынша бөліп қарастырар болсақ,

сиқымдар Арыстың төменгі сағасы бойында, жаныс аталығынан тарағандар негізінен Ташкент уезінің шекарасынан бастап, Арыстың Сырдарияға құяр сағасына дейін екі жақ жағалауында, Келес, Бадам өзенінің жоғарғы ағысы тұсында, шымырлар Арыс өзенінің оң жағында, Боралдай, Бөген өзендері бойында, қоныстанды.

Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойында, Сырдың Қараөзек сағасы бойында *Ұлы жүзден дулаттар* сіргелі, қаңлы, ошақты, сіргелі, жалайырлар тұрады. Ұлы жүздің қазақ жерінің оңтүстік-шығысы мен Жетісудан Сырдың төменгі бойына қоныс аударуына қалмақ-жоңғар шапқыншылықтары, Қытай, Қоқан билеушілерінің қысымы, одан кейінгі орыс отаршылдығы, қоныстанушылар легінің толастамауы әсерінен болған. 1907 жылы Перовск уезінде жүргізілген ауыл шаруашылығы санағы кезінде өздерін «бәріміз бір Бақтиярдың баласымыз» деген соң статистар мен зерттеушілер еңбектерінде «Бақтияр» ру атауы ретінде берген. Сырдың төменгі ағысындағы Ұлы жүздер осы күні де руын айтарда «*бәріміз бір Бақтиярдың баласымыз*» дейді.

Дулаттың сиқым, жаныс, шымыр, ботпай рулары мен оның көптеген тармақтарының бір бөлігі (оймауыт, шегір, темір, көкірек, қыбырай, дүрмен, кусирак, байыс) *Ташкент қаласы маңындағы* Қыбырай, Дүрмен, Тойтөбе, Ниязбек, Есімқорған кенттердегі қыстауларда отырды. Сондай-ақ ну тоғайлы Ангрэн, Шыршық өзендерінің, Өгем жоталарының етегін жайлау етті. Қыста қайтадан Ташкент маңындағы қыстақтарына оралды. А.И. Левшиннің айтуынша, «қазақтар Ташкент қаласының төңірегіне егін егіп, қыстақ салды, орман тоғайды да түгел иеленді» (Левшин, 1996).

Дулаттардың Ташкент аймағындағы қоныстанған елдімекендері: Ниязбек (Ташкент түбіндегі бекініс, Шыршық өзенінің оң жағындағы аңғарда), Дүрмен (сиқымдардың қыстауы), Қыбырай (жаныстың қыбырайларының елдімекені), Қосқорған (кент), Оймауыт арық (жаныстың оймауыт атасы пайдаланды), Шымыр ата (қыстау), Тойтөбе (кент), Жартытөбе, Шортөбе, Абылай хан (қыстау), Қапланбек (шымырлар отырды), Қарақамыс (жаныс Төле бидің ордасы), Алпыс қыпшақ (қыпшақтар отырған кент), Сарыағаш (жаныс), Қытайтөбе (жаныстың байыс руы, бесқасқа атасы, Шыршықтың сол жағында отырды), Есімқорған (қарақойлы сиқымдар отырды), Шарбақ, Көкпек, Қырықсадақ, Зеңгі ата (Шыршықтың сол жағындағы аңғардағы сиқым, шымырлар отырған), Ғайыпата (Шыршықтың сол жағы), Әлсейіт (сиқымның бір ру атасы отырды).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерден дулаттардың қанатын кеңге жайған тайпа екенін таныдық. Дулаттың үлкені Сиқым – өте көп тараған ел, «Сиқым көп пе, қиқым көп пе» деген мәтел де олардың көптігін айғақтайды.

Тарихи дәуірде Батыс Түрік қағанатының негізі болған «дулулар одағы» бес-түрік бірлестігінің байырғы атамекені кейінгі, қазіргі дулаттардың қонған жерімен бірдей. ХІХ ғасырдағы құжаттарға түскен этнокартографиясындағы «атақоныс» тарихи дәуірлерден атадан балаға мұра болып келгендігін дәлелдейді. Бұл негізінен Жетісу өлкесін, Шу, Талас өңірлерін қамтыған құт қонған, ырысты, берекелі аймақ.

Жетісу өңірінің оңтүстік-шығысындағы Мәтібұлақ, Бөрішолақ, Жартас шатқалы ертеден дулаттардың қонысы болған. Бұл елді мекенді қоныстанған дулаттар ертеден дәстүрлі мал шаруашылығын кәсіп еткен. Жылқы, ірі қара, қой өсірген.



Дулат тайпасының мерзімдік қоныстарын зерттеу бағыттары



Алматы облысындағы дулаттардың қоныстарын зерттеу бағыттары



*Ірі қара жайылымы.
Бөрішолақ жазығы.
Мәтібұлақ ауылы,
Жамбыл ауданы,
Алматы облысы*



Үйір жайылымы. Шу бойы. Ақтөбе ортағасырлық қала базасы. Жамбыл облысы



*Жайылымдағы
бие мен құлын.
Шу өзені бойы.
Ақтөбе ортағасырлық
қала базасы.
Жамбыл облысы*

*Табын.
Шу өзені бойы.
Жамбыл облысы*



*Отар.
Шу өзені бойы.
Жамбыл облысы*



*Балықшылар.
Шу өзенінен
тартылған арық.
Ақтөбе ортағасырлық
қала базасы.
Жамбыл облысы*



*Оба.
Тұманды күндері
малшылардың
бағыт ұстауы үшін
жартас, тау шыңына
қойылатын белгі.
Еспе шатқалы.
Шу-Іле аңғары
экспедициясы – 2022*



*Ортағасырлық құдық орны. Ақтөбе ортағасырлық қала базасы.
Жамбыл облысы*



*Ортасына киіз үй құрылған тас қоршау. Еспе шатқалы.
Шу-Іле аңғары экспедициясы – 2022*



*Қыстау орындары.
Еспе шатқалы.
Шу-Іле аңғары
экспедициясы – 2022*





*Жартас қиясындағы бүркіт ұясы. Еспе шатқалы. Шу-Іле аңғары экспедициясы – 2022**

* Экспедиция күнделігінен:

«Ұлын ұяға, қызын қияға қондырды», – деген қазақ мақалындағы «қия» сөзі осы жартас қиясынан алынған. Қыран құстардың ішінде бүркіт ұясын таудың қия жартасына, шыңға салады. Көп өсіп-өнбейді, 1-2 жұмыртқаны шәулісі мен ұябасары кезектесіп басады. Ұяны тек балапан басып, оны қанаттанғанша пайдаланады, сосын қыран құстар (бүркіт, сұңқар) адам тиіспесе бір ұяны бірнеше рет пайдаланады, тек құсбегілердің балапан алғанын көрсе, бұл ұяға қайтып келмейді. Қарлығаш та салған ұяны бірнеше рет пайдаланады. Ал құрқылтай сияқты ұсақ құстар жыл сайын жаңа ұя тоқиды. Балапаны өсіп «темірқанат» деген күйге жетіп, ұшуға талпынғанда құсбегілер ұяға жоғарыдан түскен. Ұзын құрықпен мойнынан іліп немесе тор жауып, «құндақтап бөлеп» алып, одан әрі аушылыққа баулыған. Құсбегілер баулыған аушы құсына қанша бауыр басса да қартайғанша ұстамаған, құстың табиғатына қарсы келмеген, аушы құстың ұрпақ әкелетін, жұптасатын (күйойнақ) жасына жеткенде қайта ұшырып жіберген. Балапан алатын құсбегілер сияқты менде жартас төбесінен төмен түстік. Ұядан жемтік болған ұсақ құстың сүйегі мен қоянның омыртқа сүйегін көрдік.



*Көде – қысқы мал азығына дайындалған шөп үймесі. Еспе ауылы, Жамбыл ауданы, Алматы облысы.
Шу-Іле аңғары экспедициясы – 2022*



Қи жинау. Еспе ауылы, Жамбыл ауданы, Алматы облысы. Шу-Іле аңғары экспедициясы – 2022



Шу-Іле аңғары этно-геоархеологиялық экспедиция лагері. Еспе шатқалы. 2022 жыл

Әдебиеттер

Абрамов Н.А. Алматы или укрепление Верное с его окрестностями // Записки Императорского Русского Географического Общества. Т.1. Под ред. П. Семенова. – Санкт-Петербург, 1867.

Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и кара киргизов // «Живая старина», 1894. Вып 3-4. С. 277-456.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. – Санкт-Петербург, 1897.

Әзірбаев К. Өз Төле би (Өлең) – Кітапта: Төле би. Құрастырған С.Дәуітұлы. – Алматы, «Қаз. Ақпарат», 2008.

Баллицкий Ю. Заметки о кочевом населении в Верненском уезде (из записок организационных комиссий Семиреченской области) // Туркестанские ведомости. №6. 6 февраля.

Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. I-II том. – Алматы, 1998.

Волости Копалского уезда // Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып.1. – Санкт-Петербург, 1872.

Гродеков Н.И. Киргизы и Каракиргизы Сырдарьинской области. Т.1. Юридический бытъ. – Ташкент, 1889. Приложение № 1.

Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Том 2. Исторический очерк этих стран в связи с историей Средней Азии. – Ленинград, 1926. – 900 с.

Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва, 1967.

Дәуітбеков Ә. Сикым шежіресі. – Алматы: Қазақпарат, 2006. 920 бет.

Загряжский Г.С. Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // Туркестанские ведомости. – Ташкент, 1874. №25, 28.

Заметки о юго-восточной части Чимкентского уезда // Туркестанские ведомости. 1872. №11 (13 марта).

ҚР Орталық Мемлекеттік Мұрағаты. 3 қор, 545 іс, 404-405 пп.

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. Қайта ба-сылымы: – Алматы: Санат, 1996. 83-б.

Логинов А.А. О числе кочевого населения Аулиеатинского уезда // Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып.1. – Санкт-Петербург, 1872.

Материалы по истории Казахской ССР (1785-1825 гг.). Том IV. М.-Л., Изд. АНСССР. 1940.

Материалы по киргизскому землепользованию. Сырдаринская область. Аулиеатаинский уезд. – Ташкент, 1911.

Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. – Санкт-Петербург: Тип. Э. Веймера, 1865.

Монастырский В.А. О числе кочевого населения в Семиреченской области // Ежегодник. Материалы для статистики Туркестанского края. Вып.1. – Санкт-Петербург, 1872.

Никонов В.А. Заметки по оронимии Киргизии. «Ономастика Средней Азии». – Москва, 1978.

Пантусов Н. Новые археологическая находка в Аулиеатинском уезде // Записки восточного отделения императорского русского археологического общества. Том XI. Вып. I-IV. – Санкт-Петербург, 1899.

По аульные таблицы // Материалы по киргизскому землепользованию собранные и разработанные Сыр-даринской партией. Сырдаринская обл. Чимкентский уезд. – Ташкент. 1908.

Радлов В. Из Сибири. Страницы дневника. – Москва: Наука, 1989. 749 с.

Румянцева П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. – Т.1 – Лепсинский уезд. – Санкт-Петербург, 1911.

Румянцева П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. – Т.3. – Джаркентский уезд. – Санкт-Петербург, 1912.

Румянцева П.П. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. – Т.4. – Верненский уезд. – Санкт-Петербург, 1913.

Түменбайұлы К. Қазақ батырлары. 2002. 8 (49).

Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. – Ташкент, 1925.

ОҢТҮСТІК ӨҢІР ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҚОСАЛҚЫ КӘСІППЕН АЙНАЛЫСУЫ

Қазақ халқының дәстүрлі балық кәсіпшілігі XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында қоғамдық-экономикалық процестердің қалыптасу тарихымен байланысты болды. Каспий, Арал теңіздері мен оларға құятын өзендердің Ресей экономикасында ең маңызды орын алды. Жалпы алғанда Қазақстанның батыс және оңтүстік батыс өңірлеріндегі балық кәсіпшілігінің дамуы қазақ даласындағы капиталистік қатынастардың алғашқы тетіктерін қалыптастырып, ақша-тауар айналымын жүйеге келтіруде өз септігін тигізді, өлкелердегі экономика одан әрі дамыды. Балық кәсіпшілігі сауданы дамытуда да қозғаушы күшке айналып, Ресейдің ішкі нарығына ғана емес, алыстағы Еуропа мемлекеттерінің нарығына жол салды. Сонымен қатар балық кәсіпшілігі дамуының нәтижесінде қазақ даласында көлік қатынастарының жүйесі мен темір жолдардың және көптеген өнеркәсіп орындарының инфрақұрылымдарының салынуына негіз болды.

Әдістемелік негізі салыстырмалы тарихи, талдау, жинақтау және қорыту, жүйелік әдістері арқылы берілді. Ресей саяхатшыларының еңбектері басшылыққа алынды. Себебі, қазақ халқының балық кәсіпшілігін зерттеуде Ресей саяхатшыларының рөлі ерекше болды. Қазақ даласының Ресейдің құрамына енуі, оның өткен тарихын зерттеп, табиғи ресурстары мен өндіргіш күштерін анықтауды қажет етті. Сондықтан күн тәртібіне отарлық шет аймақтардың байлықтырын игеру, олардың ресурстарын анықтау және түбегейлі зерттеу мәселері қойылды. Бұл бағытта Орыс географиялық қоғамына үлкен сенім білдірілді. Отаршылдық мүдделерді көздеген патша үкіметі XIX ғасырдан II жартысында көптеген жергілікті өлкетану қоғамының отар елдерге ғылыми экспедицияларын жасақтап, тарих, географиялық, статистикалық, этнографиялық, жаратылыстану материалдарын жинай бастады. Олар өз еңбектерінде өлкеге географиялық жағынан ғана емес, сонымен қатар саяси және әлеуметтік-экономикалық талдау жасады.

Зерттеу нәтижесі. Қазақстан бойынша балық кәсіпшілігі суы мол Сырдария, Шу, Талас өзендері мен Арал теңізінде дами түсті. Орыс қоныстанушылары Түркістан өлкесіне келгенге дейін Сырдария және Әмудария сағасындағы тұрғындар балық аулау ісімен кәсіп ретінде айналыспаған. Қазақтар Сырдария бойында, өзбектер мен қарақалпақтар Әмударияда тек қана қол жабдықтармен, торлы дорбамен және шанышқымен күнкөріс қамы үшін ғана балық аулаған. Бұл жерде балық көп болды. Қызыл балық түрлерінен бекіре, ақ балық, мекіре балық, тікенек балық; қара балық түрлерінен сазан, жайын, алабұға, қаяз балық кездесті. Әсіресе, олар Қосарал, Тайлақ жеген, Қарабайлы, Ақбеткей, Мергентәу, Мойнақ, Терменбес, Үргеніш мүйісінде, Бөген мекенінде көп болды. Сол сияқты балық Сырдариядан және көптеген көлдерден ауланды (Макшеев, 1856). Сырдария балыққы бай еді. Мұнда бекіре, жайын, шабақ, сазан, шортан, көксерке, торта шабақ, ақмарқалар өсетін. Бірақ қазақтар балық аулау мен жеткіліксіз өзен сағасында өнімдерін тарата-

тын Арал теңізіндегі балық кәсіпшілігі компаниясын қоспағанда, 1847 жылдан бір топ компаниялар орналасқан Қосаралдан уылдырық желім, тұздалған балықтар жеткізілді. Сыр өзені арқылы өту барлық жерде мүмкін болмады, себебі жағалары кейбір жерлерде таяз және қамысты болып келетін, ал көптеген жерлері каналмен немесе ормен жырымдалған (Небольсин, 1855). Сырдарияның төменгі ағысын меңгерісімен орыс зерттеушілері алғашқыда оңтүстікке қарай су жолын салды. Ол аталған аралдар мен шатқалдар арқылы теңіздің оңтүстік жағалауына дейін өтті. Балықшылар мен балық өнеркәсіпшілері жасалынған жолды пайдаланды. Себебі мұндай кемелер мен қайықтарға ашық теңізде жүзу қауіпті болды. Қазақ балықшыларының жаздағы негізгі транспорт құралдары ретінде қайық пен сал, ал қыста шана қызмет атқарды. Қайықтар үлкен болмады. Қысқы транспорт үшін шананың әр түрі көп қолданылды.

Балықшылардың саны жылдан-жылға өсіп отырған. Ресейден қайықтар әкелінде. Жергілікті қайықтармен салыстырған, олар балық аулауда ыңғайлы болды. Балықшылар оларды сатып алды немесе балық кәсіпшілерінен жалға алды. Арал теңізінде кеме қатынасының пайда болуымен және желкенді қайықтардың санының өсуімен жүктер су жолымен Аралға жіберілді. Қазақ балықшылары Арал теңізі мен Сырдария өзенінен балықты шанышқымен және «қаза» деп аталатын қамыстан өріліп жасалған аумен аулады. Сондай-ақ Сырдария қазақтары балықты «сүзгіш» деп аталатын құралдың көмегімен аулаған (Берг, 1900). Гиршфельд пен Галкин былай деп жазды: «Қырғыздар (қазақтар) балықты ерекше қамыстан өріліп тоқылған заттармен аулады, өзі балық тұмсықты сияқты (ұзын өрілген кәрзеңке). Осы тәсілмен аулау үшін өзеннен балық тұмарға қойылатын тіреу тұрғызылып қарапайым жасалынды». Қазақ балықшылары қазаны терең емес суаттардан кеңінен қолданды. Оларды көлдерде, өзендерде сонымен қатар Арал теңізіне де қойды. Қазы мен шанышқыдан басқа балықшылар сорадан мақтадан тор, сым темірден қармақтар және шөміштер жасады. В.В. Григорьев Арал теңізі балықшыларының балық аулау тәсілдерін суреттеп берді: «Біздікіне ұқсас ауларды өздерінің еккен, сораларынан жасаған». Қыстығүні көлдерде «ілке» деп аталған құралдың көмегімен суаттарда балық аулады. Оның сыртқы көрінісі ұзын темір сабы және жүзіп бара жатқан балықты жақындататын үшкір ұшы бүгілген. Оны жылдам қармаққа немесе құрсаққа іліп алып, мұздың үстіне шығарады. Балық торлары: ау мен жылым балықшылардың балық аулаудағы әмбебап құралы болды. Олардың өзара ерекшеліктері формасында, өлшемінде, детальдардың атауларында. «Жылым» торымен қыста балықты мұздан ойған суаттардан аулады. Орыс балықшылары екі тор көзді аумен, қармақпен балық аулады. Қазақтар балықты көтерме-жылым деп аталатын аумен, қалтқыма аумен, үш айырлы ау қадаммен аулады. Сондай-ақ қазақ балықшылары, сүзгіні (ұзын сырыққа байланған ожаумен суды төгу) пайдаланған. Қамыстан бау жасап, оны сатылап орналастырып соған балықты қуалаған. Бұл жағдайда 10-12 адамнан бірікті. Көбінесе олар торды тоқуға қатысқандар еді. Осындай жағдайда тор ұжымдық меншіете болды, бірақ кей кездері ол бір адамның иелігінде болатын (Каразин, 1885).

Балық аулау кәсібі 70 жылдардың соңында Түркістан өлкесіне мыңнан аса оралдықтардың келіп қоныстануынан кейін серпін алып, біршама ілгеріледі. Олар өздерімен бірге тор, қармақ, венгер т.б. әкелген. Сонымен бірге Ресейдің балық

өнеркәсіпшілері де келді. Бұл балық аулары жергілікті қарапайым құрал-саймандармен салыстырғанда қолайлы еді. Сол жылдардағы құжаттарда «Бұл суларда балықтың молдығына қарамастан, балық кәсіпшілігі, бірінші біз орнатқан алғашқы күйінде қала берді. Себебі, балық шаруашылығының ережесі мен тәртібі үйретілмеген, сонымен бірге алдағы уақытта балық кәсіпшілігінің дамуына аймақтардың балық байлықтарын қамаудан қазынаға кіріс түспегендіктен» - деп жазылды (Берг, 1900).

1885 жылы Түркістан генерал-губернаторына балық аулау бақылаусыз жүргендігін хабарлайды. Сондықтан 1884 жылы жергілікті билеушілермен Арал бассейніндегі, Сырдария мен Әмударияның төменгі ағысындағы балық кәсіпшілігін бақылауға бағытталған бірқатар шаралар қаралды. Әрбір балықшы балық аулау құқығын алу үшін 2 сомға билет сатып алуға міндетті болды. Балық аулау тәртібінің орындалуын бақылау үшін старосталар тағайындалды. Ақырында балық шаруашылығы дамыды. Ауланған балықтың көп бөлігі тоңазытылған және тұздалған түрінде Мәскеуге жіберіліп тұрды.

Қазақтар балық аулаумен тек оған құқығы бар билет алғанда ғана айналыса алатын еді. Балықшылар көбінесе артельдерге бірікті. Бұларда кейде адам саны 20-ға дейін жетті. Артельдердің көп тараған түрінде 5-6 адам болды. Артельдің әрбір мүшесі несиеге өз үлесіне 1 звено балығын сатып алды. Сатып алғанан 5 сом ақшалай, қанша балық аулануына қарай, қалғаны заттай түсіп отырды. Бірақ балық бағасын балық аулаушы өзі белгіледі. Балық міндетті түрде ау сатып алынған адамға өткізілді. Артельде балық аулау үшін 5-6 адамның қосылуына тура келді. Бұдан ұзындығы 80-100 метр, ені 2-ден 3 метрге жететін ау шықты. Бірақ қазақтар оны дұрыс пайдалана алмады. Сондықтан ауды жақсылап пайдаланса 1-2 жыл, кейде бір маусымға ғана пайдаланды. Қыстыгүні балық аулауға арналған ау үлкен болды, қзындығы 250-350-ге, ені 3 метрге жетті. Ол қалың және мықты жіптен тоқылған. Жазғы уақыттарда қармақтарға қарағанда оның бағасы міндетті түрде қымбат болды. Қысқы аулар 3-5 жылға жетті.

Келесі бір балық аулаушылар түрі, олар жеке балықшылар тобы болды, олардың аулары тек өздеріне ғана жасалған. Олар балықшыларды жалдайды, оларға ай сайын 8-15 сом көлемінде ақша төлеп отырды. Сонымен қатар ауды пайдалануға да берді. Ондайда алған адам аулаған балығының жартысын ау қожайынына беріп отырды. Балық аулауға рұқсат беретін билетті мұндай жағдайда ау егесі алды. Балық аулаудағы балық санының көптігі Сырдарияның құяр сағасына байланысты. Егер ол толық болса, онда балық көп болды. Сырдарияда балықты көбінесе дарияның төменгі ағысы жағынан аулады. Бұл аралық сәуірдің аяғынан қыркүйекке дейінгі уақыт, ал сәуір айында балық аулауға тыйым салынды. Бұл кезде арнайы қадағалауды күшейтті. Жазда Сырда тікенек балық, жайын, қаяз балық ауланды. Күздік балық аулау мезгілі қазан айларында басталды. Бұл кезде табан балықпен қатар басқа да балықтар ауланды. Мысалы, кәсіптік маңызы бар көксерке теңізде тек аумаға ғана ауланды. Құнды балықтарды аулау тек сәуір мен маусым аралығында ғана жүргізілді. Көлден күзде балық аулау қазан айында басталды. Өзеннен балық аулаудың шектелген мезгілі жоқ. Бір айдан алты айға дейін ауланады. Дегенмен, қыркүйек және қазанның алғашқы жартысы бұл балық аулаушылық өзендер

катқан соң басталады. Әдетте ау бір күнде екі-үш рет салынады. Сазан, табан балық, жайын, көксерке балықтары ауланады.

Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы балық шаруашылығы жайында мәлімет беретін деректің бірі Бас штабтың капитаны Шульцтың 1846 жылғы жазбасын негізге алсақ, балықшылар да егіншілер сияқты жартылай отырықшы болды. Сырдарияның Талбөгет, Ханөткел сияқты өткелдері жағалауында қамыстың аз өсуі балықшылықтың дамуына қолайлы жағдай тудырған. Өзен бетіне балық аулауға салмен шығып, конус тәрізді сеткі сақты салған. Ал қамыс қалың өскен жағалауларда жаңа ауланған балықтарды тірілей сақтайтын су толтырылған кеме-қоймалар иемденген. Балық аулайтын ау-сеткілердің жіптерін аралда өсетін кендірлерден өрген.

Сырдария көшпелілері балық аулауға көмекші азық ретінде қыстауға қоныстанғаннан кейін аулауға кірісті. Аулау құралдары шанышқы, ау, ілме болды. Ілме ұзын таяққа аттың құйрық қылын бекіту арқылы жасалды. Ілмені суға жіберген қазақ жерге екпетінен жатып, ілмеге балық түсуін асықпай күтеді де, ілме қозғалғанда оны тартып алады. Қысқа қарай балық су жиегіне шыққанда суды кешіп жүріп қолмен ұстап жағаға лақтыра береді, екінші адам жинап жүреді – дейді Г.Загряжский (Рыбопромышленность, 1915). Сыр өңірінде балықшылық кәсібінің орыс қоныстанушыларының келуінен кейін кеңінен өрістегені рас. Дегенмен де, балықшылық ертеден осы өңірді мекен еткен қазақтардың қосалқы кәсібі болған. Ел ауызында таралған аңыз бойынша әулие Қармақшы Ата (шамамен 1630-1710 жылдары өмір сүрген, шын есімі Жүсіп, кейде Дәулен деп те аталады) Сыр бойының жағасынан жеркепе қазып, сонда тұрған, қармақ құрып, балық аулаған, балықшылықты кәсіп еткен. Тапқан балығымен бүкіл ауыл-аймақты асырап, еліне қорған болған, аш-жалаңаштарға, жүргіншілерге қол ұшын берген қайырымды адам болған. Әулие атаның шапағатына бөленген елді мекен кейін Қармақшы ауданы осы кісінің атымен аталып кеткен. Әулие қабірінің басына кезінде мазар салынып, белгі тұрғызылған. Ел аузындағы аңыз әулиенің Қармақшы Ата атануын балыққа қармақ салуды кәсіп еткендігімен байланыстырады.

Н.Остроумовтың «О рыболовстве в низовьях Сырдарьи и на Аральском море» атты мақаласы Сырдың төменгі ағысы мен Арал бойында балықшылық кәсібінің мән-жайынан кеңінен мәлімет береді. Осы мақала желісін негізге алсақ, Сырдария өзенінің төменгі сағасында балық аулау аймағы үшке бөлінген. Бірінші аймақ Аралға құяр сағадан 12 шақырым жерді, үшінші аймақ 3 шақырым жерді, ал екінші аймақ Сыр өзенінің Арал теңізіне құятын жанама тармағынан 3 шақырым жерді алып жатыр. Бұл жерде балықты ұзындығы 60 см-ден 80 см-ге дейін жететін торлармен аулайды. Торды құруға, жинауға қайықпен шығады. Балық түсімі қайықтың санымен есептелінеді. Бірінші аймақта 40-тан 50 қайыққа дейін, екінші аймақта 80-нен 100 қайыққа дейін, үшінші аймақта 200 ден 300 қайыққа дейін болды. Арал теңізінде балықты «аханша» деп аталатын сеткімен және ширатылған жіппен тоқылған аумен аулады. Аханшаның ұзындығы 9 сажын, ені 1 сажын, ал аудың ұзындығы 3 сажын болды. Бұл жерде балық түсімі балық аулаумен айналысатын қауымдастықтар бойынша есептелінді. Балық аулаумен айналысатын 20 қауымдастықтың әрқайсысында 80-нен аханша болған, яғни Арал теңізінің шығыс бөлігінде

күніне 800-ге жуық аханша құрылған. Торлар мен аулар бір жіптің бойына керіліп, сырғауылға бекітілді. Балықты күніне үш мезгіл таңертең, түс қайта, кешке жинап отырған. Егер түскен балық шабақ болса, шығанаққа құрылған су ішіндегі тор шарбаққа жіберіледі. Көксерке, сазан, қаяз, шортандар тор шарбаққа жіберілмей Қазалы, Орынбор базарына әкетіледі. Ұсталған балықты тұздап, мата үстіне жайып қойып әбден суы ағып болғаннан кейін сатады. Ірі балықтың арқа сіңірін бөлек алып, сығып, күнге кептіреді. Жалпы үш аймақта 320 қайық болған, әрбір сеткіде орта есеппен 80 балықтан түскенде күніне 80000 балық ұсталған. 1886 жылы осы өңірде 274 қайық, 1900 жылы 1284 қайық ал, Сырдария сағасында 400 қайық жұмыс істеді. 1901 жылы қайықтар саны 5 есеге өсті. Осы жылы теңіздің шығыс жағында 1500 қайық жұмыс істеді. Уылдырық балықтан қымбат тұрды. 1 пұт уылдырық 4 рубльға бағаланды. Балық аулаушылар қауымдастығында жұмыс тәртібін бақылап, сатып алушылармен келісім жүргізіп отыратын басшы мен оған көмекші сайланды. 100 шабақтың салмағы 95 пұттай, одан 5 пұт уылдырық, 5 пұт балықтың арқа сіңірі алынды. Н.Остроумовтың бұл жазбасынан Сырдың төменгі ағысы мен Арал бойында балықшылықтың бұл өңірде басты кәсіпке айнала бастағанын көруге болады (Рыбный и тюленьи промысел в Мангышлакском уезде, 1903).

Сыр өңірінде сеткілермен балық аулау әдісі кең етек алып отырғандығы «Заметки охотника» атты мақалада да айтылды. XIX ғасырдың аяғында қазақтар арасындағы балық шаруашылығының дамуы жөнінде И.Гейер «Туркестанские скитания» атты көлемді мақаласында мәлімет берді. Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы Арал теңізі және Сыр өңірінде балық шаруашылығының одан әрі дамуына әкеліп соқты. 1895 жылы бір балық Орынбор көпестеріне 3 рубль 60 тиыннан сатылды. Тор, ау, қайықты көбіне балықшылар өздері даярлады. Балықты кейде орыс көпестеріне ұн, тұз сияқты тағамдарға да айырбастап отырды. Рұқсат қағаз 1896-1897 жылдары 13 рубль 80 тиын тұрды. Үкімет қазынасына Арал балықшыларынан 9 айда 297 рубль, яғни жылына 144 пайыз кіріс түсіп отырды (Туров, 1906). Тор, қайық жасауға керекті шикізат шығыны төмендегідей болды: тор жасайтын жіптің 20 фунты – 11 рубль, сеткіні су бетіне қалқытып тұратын ағаш қабықтарының сынығының 15 фунты – 60 тиын, ширатылған жіптің 10 фунты – 2 рубль, торды суға батырып тұратын күйдірілген қыштың 2 фунты – 90 тиын. Жалпы тор жасауға 18 рубль 20 тиын қажет болды. Ал қайық жасау үшін: ағашы мен ағаш өңдеуі – 12 рубль, ағаштарды бір-біріне бекітілген май мен қапсырмасы – 1 рубль, ескек тұтқасы – 30 тиын, үш ескек – 40 тиын, қайық үшін жалпы Арал өңірінде 13 рубль 70 тиын керек болды, - дейді И.Гейер. Владимиров» деген автордың «Киргизская изобретательность» атты мақаласында балықшылықты Сыр мен Арал қазақтарының жаңадан өріс алған кәсібі ретінде көрсеткен. «Табан аулау кезеңі қазан айында басталған. Бұл кезде табандар Аралдан Сырдарияға қарай жүзіп өтеді. Орта есеппен 2-3 күнде 10-12 мың табан ұсталды. 1905 жылы Исамбай Қайырұлы атты қазақтың бір күнде 40000 табан ұстағаны белгілі болды» - деген мәліметтің өзінен балықшылық дамуының кәсіп ретінде елеулі дәрежеге жеткенін көруге болады (Бларамберг, 1884).

Арал өңіріндегі балық аулау кәсібі бірте-бірте ірі шаруашылыққа айналды. Балықшылар ауданы Арал теңізі мен Сырдария өзенінен 60000 кв. Шақырым жерді

алып жатты. Бұл ауданға Шыназдан бастап Сырдарияның Аралға құяр сағасына дейінгі жерде қарайды. Арал өңірінің балық шаруашылығын алғаш зерттеген 1886 жылы орыс ғалымы А.М.Никольский болатын. Зерттеу нәтижесінде ғалым 1899 жылы Арал бассейніндегі балықшылардың 305000 рубль көлемінде 125000 пұт балық, Сырдарияның шығыс жағалауындағы балықшылардың 576000 рубль көлемінде 185000 пұт, яғни жалпы Арал өңірінде бағасы 100000 рубль болатын 300000 пұт балық ауланғандықтарын анықтады. Арал бассейнінен балық аулау өнеркәсібі нәтижесінде мемлекетке түсетін пайда да жыл сайын өсе бастады.

Арал бассейніндегі балықтардың толық коллекциясы 1900-1901 жылдардағы Л.С.Берг басқарған экспедиция нәтижесінде белгілі болды. Түркістан генерал-губернаторлығы тарапынан шыққан балық шаруашылығына қатысты заңдар, балықшыларды белгілі бір жүйемен жұмыс істеулеріне мәжбүр етті. Рұқсатсыз сыртқа сатылған әрбір балыққа 10 рубльға дейін айып төленді. А.И. Добросмысловтың 1912 жылғы қолжазбасында: «Қазалы өңірінде 25 балық аулайтын көл бар, ең үлкені Қамыстыбас. Көлден балық аулау үшін билет құны 9 рубль 45 тиын тұрады. Соңғы жылдары балық аулаудан қазынаға 3000 рубль түседі. Балық аулауға Қамыстыбас көлінен 1 қаңтардан келесі жылы су қатқанға дейін, Қаракөл, Шөмішкөл, Мақпал көлдерінен 1 наурыздан келесі жылы су қатқанға дейін, Қазалы уезінің басқа көлдерінде 1 қазанға дейін балық аулауға тиым салынады», - дей отырып, балық аулау мерзімі күз бен қыс екендігін айтады. Қазалы станциясынан 1900 жылы – 54008, 1906 жылы – 177499, 1907 жылы – 185375 пұт балық жөнелтілген. А.И.Добросмыслов бойынша 1910 жылдары Қазалы уезінде 14000 балықшы болған (Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1998 г., 1906).

Н.Гаврилов «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбегінде Перовск уезіндегі балықшылық жайында: «балық шаруашылығы қазақтар үшін де орыстар үшін де маңызды кәсіптің бірі болды. Балық көлдерде мұз қатқан кезде ауланады. Сазан, рубль, шортан, көксерке ауланады. Ал, Қазалы уезіндегі балық шаруашылығы жайында: «Уезде балықшылық кәсібі Сырдария және Арал теңізінің Қазалы уезі бойында елеулі дәрежеде дамыды. Уезде 25 балық аулайтын көл бар, соның бірі Қамыстыбас көлі. 1906 жылы Орынбор-Ташкент темір жолының, «Арал теңізі» бекетінің ашылуы балық шаруашылығы мен кеме ісінің дамуына әсер етті. 1845 жылға дейін, яғни орыстар келгенге дейін, Сырдың төменгі ағысындағы қазақтар балықшылықты кәсіп етпеді. Жергілікті қазақтар Аралдағы балық өнеркәсіптерінде, Бөгенде, Қарашұқатта жұмыс істеді. Арал бекетінен 1905 ж. – 13364 пұт, 1906 ж. – 37381 пұт, 1907 ж. – 85046 пұт балық жөнелтілген. Сырдың төменгі ағысы мен Аралдың шығыс өңірінен 1907 жылы 2 млн., 1909 4 млн. рубльге балық сатылған.

Балықшылықты кәсіп етуге көшкен қазақтар қыстауларын Сырдария, Қуаңдария өзендерінің жағасына сала бастады. Балықшы қазақтар негізінен Қазалы уезінің Шыбынды болыстығында көптеп кездесті. Статистардың зерттеуі бойынша 1910 жылы Перовск уезі қазақтарының 23,3%, 1911 жылы Қазалы уезі қазақтарының 34,4% немесе 5010 адам, 1910 жылы Сыр-Арал өңірінде 14 мың адам балықшылықты кәсіп еткен (Никольский, 1893).

Қазалы уезінде Перовск уезіне қарағанда балықшылық кәсібі жоғары дамыған, бұл жерде балықшылықтың өркендеуі Арал теңізінің жақын болуы, темір жол бе-

кетінің болуы, әрі Орынбор және Ырғыз жақтан балық өнімі сұраныстың көп болуы әсер етті. Орыс қоныстанушыларының келуінен бастап, балық сауда көзіне айнала бастады деуге болады. Қыс кезінде Орал саудагерлері Орынбор және Оралға шанамен балық тиеп кетіп жатты. Балық саудасының өсуі балықтың бағасын да көтерген. Балық аулау кезеңі Сырдарияның суының көтерілуіне де байланысты болды. Дарияның суы көбейсе, өзенге су көп құйылып, балық та көлге көп түседі. Балық аулау кезеңі сәуірдің соңынан қыркүйекке дейінгі кез. Күзгі кезең қазан айынан басталған. Жазда бекіре, жайын, қаяз ауланса, күзде табан, ақмарқа, көксерке, қарақоз ауланды. Теңізден балық аулауға ау қолданылды. Аханша, сеткі, қармақ теңізге өте сирек салынған. Теңізден балық аулау сәуір мен 1 маусым аралығында тиімді болды. Көлден балық аулау үшін қыркүйек пен қазан айының бірінші жартысы тиімді кез саналды. Көлдiң бетiне мұз қатқаннан кейiн балық аулау, балықшылық құралдарының қарапайым түрін қолдану үшін тиімді болды.

Қорытынды. XIX ғасырдың бас кезінде қазақ өлкесінің капиталистік қатынастар өрісіне тартылуы, шаруашылық өмірде көптеген өзгерістер әкелді. Бағзы заманнан бері негізгі шаруашылығы мал болған қазақтардың тұрмысында жаңа кәсіп түрлері пайда бола бастады. Бұрынғы мезгілде тек қана тұрмыста тұтыну мақсатында ауланатын балық, Ресей отаршылдарының өлкеге келуінен бастап мол байлық көзіне айналып, өндірістік жолға қойылады. Қазақ даласының шаруашылығында орын алған өзгерістер сайып келгенде нарықтық қатынастарға тәуелділікпен. Қазақстанның Ресей капитализмінің экономикалық жүйесіне тартылуы патша өкіметінің өлкеде орнатқан әскери-отаршылдық қатаң тәртібі жағдайында жүзеге асты.

XIX ғасырдың бас кезінен бастап-ақ үкімет тарапынан, балық шаруашылығын басқару ісі қолға алынды. Ресей империясындағы балық және аң кәсіпшілігін басқаруды және балық ауланатын жерлерді игеру және Мемлекеттік мүлік министрлігі мен департаменті жүзеге асырған. Жер игеру және мемлекеттік мүлік министрлігі арқылы балық өнеркәсібіне байланысты барлық заң шығару актілері өтті. Патша өкіметінің балық аулау шаруашылығына байланысты жүргізген мұндай саясаты балық өндіріс иелерінің мүдделерін қорғаумен қатар балық аулаудан түсетін кірістің молаюына мүмкіндік беріп қана қоймай, теңіздегі еркін балық аулау кәсіпшілігін дамытты. Сонымен патша үкіметінің балық кәсіпшілігіне байланысты жүргізген саясаты ең бірінші кезекте қазына мүддесінен туындады. Балық аулайтын жерлерді жалға беру және жекелерге сату жүйесінің жойылуы, сондай-ақ теңіздегі еркін балық аулауға рұқсат берілуі әр түрлі топ өкілдерінің балық кәсіпшілігімен айналасуына жағдай қалыптастырды. Ірі және ұсақ балық өндіріс иелерінің арасындағы күрес пен қарама-қайшылықтар мемлекет тарапынан заңдар арқылы реттеліп отырды.

Әдебиеттер

Берг Л.С. Рыбы и рыболовство в устьях Сыр-дарьи и Аральском море. – СПб.: Типография Иандора Гольберга, 1900. – 389 с.

Бларамберг М.Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренний Букейвский и Зауралтский Малой Орды Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение Российской империи. – Т.12. Ч.3. – СПб., 1884. – 342 с.

- Каразин Н.Н. Нижнее течение Сыр-Дарьи. II. Ташкент // ЖР. – 1885. –Т.10. – С.167-176.
- Макшеев А.И. Описание низовьев Сыр-Дарьи. – СПб.: В типографии Имп. АН., 1856. – 80 с.
- Небольсин И.И. Очерки торговли России со Средней Азией // ЗИРГО. К.10. – СПб.: В типографии Имп.АН., 1855. – 442 с.
- Никольский А.М. Астраханские морские ловцы: статистико-экономическое описание. – СПб., 1893. – 1916. – 210 с.
- Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1998 г. – Т. 1. – СПб., 1906. – 140 с.
- Рыбопромышленность // 1915. – № 6. – С.239-252.
- Рыбный и тюленьи промысел в Мангышлакском уезде // Закаспийское обозрение. – 1903. – № 115. – С.21-35.
- Туров А. Тюленьи промысел на Каспий // Астраханский листок. – 1906. – № 237. – С.9-37.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТҰРМЫСТЫҚ КӨЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЙЕСІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ

Қатынас құралдары, әлемнің барлық жерінде, әртүрлі халықтардың тарихында болғанымен, әр халықтың дәстүрлі болмысына сай өз ерекшелігімен көрініс тапты. Көлік, қатынас құралдарын өзіне мұра еткен қазақ халқы өзінің дәстүрлі шаруашылығында көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы мал шаруашылығын, сонымен қатар егіншілікті, түрлі кәсіпшіліктерді дамытып, шаруашылықты ұйымдастырудың қыр-сырларын игерді. Дәстүрлі шаруашылық түрлері мен тұрмыс-жағдайды ұйымдастыруда қатынас құралдарының адам өмірінен, тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінен алатын орны зор болды.

Қазақ халқының дәстүрлі көліктерінің бірі – арба қызықты әрі күрделі тақырыптардың бірі. Таулы аймақтарда, ойлы-қырлы, жалғызаяқ жолдардан өтуде кездесетін қиыншылытарға байланысты, құмды жерлерде жиі батып қалғандықтан арбаны көп пайдаланбаған. Арбаны негізінен ауыл-аймақ жақын орналасқан елді мекендерде және отырықшы халықтар арасында қолданған. Жақын қашықтыққа көшетіндер жүктерін арбаға артып көшкен. Өйткені алыс қашықтыққа көшетіндердің жолдары құмды, шөлді, өзендерді көшіп өткендіктен, арба «артық мәселе» тудырған.

Арбалы көліктер ХІХ ғасырдың соңына қарай Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарына қоныс аударылып келген орыс-украин шаруаларына жақын орналасқан Көкшетау, Петропавл, Омск, Павлодар, Семей уездерінде тарала бастады. Ресей империясының құрамына Қазақстанның басқа да аймақтарының күштеп қосылу барысында шығыс славяндық көлік түрлерінің аналогтары жергілікті халық арасында көбіе түсті. Әсіресе, егін шаруашылығында тасымал үшін пайдаланған жегін малдарына сұраныс ХХ ғасыр басына қарай төмендей бастайды. Себебі дөңгелекті көліктерге деген сұраныс қарқындады. Көбінесе, орыстың төрт дөңгелекті арбалары қолданыста болды. Дөңгелекті көліктер Ақтөбе және Қостанай уездерінде, Ақмола және Атбасар уездерінің солтүстік аймағындағы қазақ шаруаларында қолданыс тапты. Арбалардың қарқынды түрде таралып кетуіне жазық жер, қолайлы табиғат, жол төсемінің ыңғайлы болуы мүмкіндік туғызды.

Адамзат тарихында маңызды орын алатын дөңгелекті көліктердің рөлі ерекше назар аударуға тұрады.

Қазақ халқының дәстүрлі көлік жүйесі, соның ішінде арбаға қатысты тікелей зерттеу жұмыстары қазіргі таңға дейін жүргізілмеген. Дегенмен, археологиялық зерттеулер барысында этнографиялық материалдар жиынтығы негізге алынып, талданды.

Күйме – дәстүрлі көлік жүйесінің ерекше сәнді, әрі арбаның дамыған түрі. Жол жүрген кезде күйме адамға жайлылықты және тынығып демалуына мүмкіндік береді. Осындай арбаның үстіне тігілетін болғандықтан оны «күймелі арба» деп атау қалыптасқан. Күймелі арбаның ертеден қолданыста болғандығын сақ дәуіріне жататын Пазырық қорғанынан табылған нұсқасы мен петроглифтердегі суреттер

дәлелдейді. «Күйме» сөзін ғалым С.Қондыбай «кезбе» (кезбе < кейме < кеңме және күйме < күңме) немесе «қаң» (қаң > күң) сөзімен біртектес екендігін атап көрсеткен (Қондыбай, 2008: 154).

Арбаның пайда болуына байланысты атақты Рашид ад-Диннің деректерінде: «Оғыз өз әкесі, аға-інілері және жиендеріне қарсы соғысып, өз елін тонап, шапқыншылық жасап отырған. Оғыздың қол астына кірген кейбір туысқандарымен бірігіп, тоналған заттарды арбаға тиеп отырған. Арба осындай қажеттіліктен туындаған. Арба түрікше «қаңлы» деп аталады. Осы себептен қаңлы атауы пайда болды, қаңлылар Оғыз ханның ұрпағынан таралған. Бірақ, бір құдай ғана біледі», – деген аңыз бар (Рашид-ад-Дин, 1952: 84).

Ю.А. Зуев «киглен» сөзінің дыбысталу және семантикалық жағынан ең жақын параллелі ретінде «повозка», «телега» (фригиялық *kiklen* – Түркияның Мәрмәр теңізінің оңтүстік жағындағы Бурса, Балыкесир, Бандырма қалалары бар аймақтың антикалық заманындағы атауы, Трояның шығысында орналасқан) сөзін атап көрсетеді (Зуев, 2002). Юрий Алексеевич «киглен» сөзін, яғни «арбаны» Жетіқарақшының бір атауы деп қарастырады.

Жетіқарақшы шоқжұлдызы түркі тілдес халықтары арасында «жетіген» атауымен танымал. Үндіеуропалық және қытайлық мифтік дәстүрінде Жетіқарақшы шоқжұлдызы арба (телега, колесница, повозка, воз) немесе дөңгелекті көлік деп есептелген. Ал ежелгі гректер оны «Аю» (Арктос) және «Повозка» (Амакса) деп атаған. Белгілі зерттеуші С. Қондыбайдың көп томдық жинақтарында жетіқарақшы шоқжұлдызына қатысты көптеген талдаулар жасаған. Римдіктер «Повозка» немесе «Повозочка», ежелгі германдар, голландықтар «Воданның колесницасы», «Воданның әйелінің колесницасы», немістер «Әскери колесница», шведтер «Карл колесницасы», француздар «Повозка», венгрлер «әулие Петрдің телегасы», украиндықтар «Воз», молдавандар «Воловий воз», Орел, Тула облыстарының орыстары «Колесница на который души праведников отвозятся в рай» деп атаған. Серікбол Қондыбай осы мысалдарды келтіре отырып, түркі тіліндегі Жетіқарақшы шоқжұлдызының атауын дөңгелекті көлікке, яғни арбаға қатысты болған дейді (Қондыбай, 2008: 154-155). С. Қондыбай мифологиядағы арба бейнесінің универсал сипатқа ие болуына және оның үндіеуропалықтарда кең таралғанын қарап, «атты (жылқыны) бірінші болып қолға үйреткен және ат бейнелі мифтік кешенді жасаған үндіеуропалықтар», – деген тұжырым жасады. Атты арба образдары үндіеуропалық халықтардың мифологиясында діні мен өнерінде ежелгі архетиптердің бірі болып табылады. Осы үндіеуропалықтардың кейбір мифологиялық түсініктерінде дөңгелекті арбаның ағаш күпшегі күнмен байланыстырылады. Будда Шақьямунидың дәстүрлі діни салттарында екі дөңгелекті арба – үш циклді көрсететін Кіші, Үлкен және Алмаз бейнелерінде беріледі.

Түркі халықтарының фольклорында аспан-жұлдыздық келтірімдерінде көзге түсерлік «арба» мифі қазіргі таңда қолға алынбайды. Атқа жегілген арбаның ойлап табылып, пайдаланыла бастаған уақыты – б.з.д. III-II мыңжылдықтар, ал нақты көшпелілік салтының қалыптасуы бұл оқиғадан кейінірек, б.з.д. I мыңжылдықта өтті, сол себептен де арба мифінің сақталмауы осылармен тікелей байланысты болуы

мүмкін. Ерте темір дәуірінде арба бейнелері аз да болса сақталды. Ал отырықшы өркениеттерде арба жоғары дәрежедегі көлік саналды.

Ауызша жеткен деректер бойынша, адамның күші келмейтін ауыр тайқазанды да арбамен тасыған. Мұндай мәлімет грек жазушысы Антигонда: «құрғақшылық және шөп құрай бастаған шақта адамдар арбаға орнатылған тайқазанды алып, ауылдарды аралайтын болған, жол бойында ұрғылап, даңғырлататын болған» - деп айтылған (Қондыбай, 2008: 127).

Көне замандарда дөңгелекті арбалар негізінен әскери жорықтарға және салт-жоралғы мақсатында пайдаланған. Көбінесе, көне халықтардың дүниетанымында екі дөңгелекті арбаларды о дүниемен, арба дөңгелектерін мәңгілік айналу циклдерін көрсететін күнмен байланыстырған. Өзіндік символикалық мәнге ие көлікті екі дүние арасын жалғастырушы деп түсінді. Бұл дәстүр тарихы шумерлік және мысыр иконографиясынан бастау алады. Мысалы, Солтүстік Еуразия территориясында б.з.д. IV-III мыңжылдықта кең тараған көне шұңқыр және катакомба мәдениеттерінде осы дөңгелекті арба кешендері археологиялық ескерткіштерінде кездеседі. Таяу Шығыста б.з.д. III мыңжылдықтың өзінде екі дөңгелекті арбаларды қолданған және көне Шумер патша династиясының қорымындағы Ур III-тің қабірінде екі дөңгелекті арбаға есекті жегіп жерлеген (Чечушков, 2011: 57-64). Жоғарыда айтып кеткен моноцентристік концепцияның негізін қалаған Гордон Чайлд Шумер жері ең алғаш арбалардың пайда болған орталығы деп түсінеді (Шер, 1980: 197-201).

Дөңгелекті көліктердің алғашқы пайда болу орталықтары мен таралу аймақтарын анықтау, сондай-ақ мерзімделу мәселесіне байланысты моноцентристік және полицентристік екі концепция қалыптасқан.

Кез келген халықтың материалдық мәдениетінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі көлік құралдары болып табылады. Ерте замандардан-ақ Қазақстан территориясын мекен еткен бұрынғы тайпалардың тұрмысы мен шаруашылығына етене енген көлік қатынас-құралдарының рөлі зор болғаны ғылыми деректерден, оның ішінде археологиялық қазба жұмыстары мен петроглифтерінен белгілі. Дөңгелекті көліктердің әрбір тарихи кезеңіндегі қолданыс аясы мен қалыптасу генезисін зерттеуде археологиялық материалдар негізіне сүйенеміз.

Жалпы екі дөңгелекті арбаны атқа жегу дәстүрі б.з.д. II мыңжылдықта Мысырда және Қытайдың Шан патшалығы дәуірінде кездеседі. Ал Батыс Еуропа жеріндегі келт тайпаларының көне темір дәуіріндегі латен мәдениетінде бұл дәстүр ұшырасады. В.Б. Ковалевская екі дөңгелекті арбалардың шығу ареалын Батыс Еуропадан Қытайға дейінгі аралық деп көрсеткен (Ковалевская, 1977: 28).

В. Новоженовтың «Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии» атты монографиясында арбаны алғаш қолдана бастаған кезеңін б.з.д. IV-III мыңжылдық және б.з.д. 2 мыңжылдық басы мен 1-мыңжылдық соңы деп бөліп қарастырған (Новоженов, 2012: 10). Ал М.К. Қадырбаев пен А.Н. Марьяшев Қаратау жоталарындағы арба петроглифтерін шамамен, б.з.д. II мыңжылдықтың соңы мен I мыңжылдықтың басы деп тұспалады (Қадырбаев, 1977: 232).

Соңғы зерттеулерге сүйенсек, төрт дөңгелекті арбалардың жетілдірілген түрлері – екі дөңгелекті соғыс арбаларының өзін дендрохронология, радиокөміртекті

және т.б. мерзімдеу әдістерімен б.з.д III мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың басы деген тұжырымдар жасап отыр (Новоженков, 2011: 29).

Ең алғашқы екі дөңгелекті арбалардың археологиялық табылымдары Солтүстік Еуразия жерінде XX ғасырдың 70-жылдары Челябинск облысында Сынтасты жерлеу кешенінен табылған болатын. Ал соңғы 40 жылдағы археологиялық зерттеулер Орал мен Қазақстан жерлеріндегі екі дөңгелекті арбалардың таралу ареалын кеңейтті. 1970 жылдардың соңында Орал-Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі Г.Б. Здановичтің зерттеуімен Есіл өзенінің жағалауынан Петров мәдениетіне жататын Бірлік II, Ұлыбай қорымдары зерттелді (Зданович, 1988: 110).

Араба немесе арба сөзі ең алғаш «Кодекс Куманикус» сөздігінде және Ибн Баттута еңбектерінде кездеседі (Бартольд, 1937: 406-408). Дешті Қыпшақ көшпелілері моңғол тіліндегі «телеген», парсы тіліндегі «гардуне» сөзіне бірақ көбінесе, түркі тіліндегі «арба» (араба) сөзін қолданған. XIV ғасырда Ибн Баттута ұзыннан тізбектелген жылжымалы «қалаларды» құраған арбалардың саны жүзден бес жүзге дейін жеткені туралы жазып кеткен. Оның шығармаларында арбаның сәнді безендіргендігі жөнінде: «Қыпшақтардың әрбір әйелі алтын жалатылған күміс шатыр немесе безендірілген күймелі арбамен жүреді. Арбаға жегілген жылқылардың жабдықтары да алтындалған жібек жамылғылармен жабылған», – деген мәліметтер кездеседі (Маргулан, 1950: 13). Моңғол кезеңінде арбамен жүруді Ибн Баттута толық суреттеп кеткен. Керч қаласынан Қырым қаласына дейінгі сапарында атқа, өгізге және түйеге жегілген төрт дөңгелекті арбалар, сол аттардың бірінде арбақештің отырғаны жөнінде айтылады. Сарайдан Хорезмге дейінгі сапарында үш түйеге жегілген үлкен арба Ибн Баттуттың серіктеріне таптырмас көлік болған (Бартольд, 1937: 407).

Махмуд Қашқаридың 3-томдық «Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ат-түрік)» шығармалар жинағында жүк тасымалдау үшін қолданылған көтек арбаны «қаңлы» деп атаған (Қашқари, 1997: 506).

Әбу-әл-Ғазы Баһадүр ханның түркі халықтарының шежіресінде қаңлы тайпасының атауы көне түркі тілінде арба дегенді білдіргендігін және арбаның қаңқ-қаңқ деген дыбысынан шыққанын айтады (Абульгазы, 1906: 28). Әбу-әл-Ғазы Баһадүрдің бұл жорамалына Ә. Қайдаров өз еңбектерінде тарихи шындыққа жанаспайды деген пікір білдіреді (Қайдар, 2014: 280).

В.В. Радлов «арба» сөзіне толық түсініктеме берген. «Көлік» сөзін (kölyk) – екі мағынада көрсетеді, біріншісі – шаруа малы, тасымал құралы (ат, арба); екіншісі – аттың тұқымы деп түсіндіреді. «Арба» сөзін араба деп көрсеткен. *Jyk araba* (осман тілінде) – жүк арбасы, *jyalak araba* – екі дөңгелекті арба, *äl araba* – қол арба, балаларға арналған арба, *nämsä arabasy* – фургон, яғни үсті жабық жүк тасымалдауға арналған арба, *kira arabasy* – жалдамалы арба, *öküz arabasy* – өгіз жегілетін арба сөздері осман тілінен алынған. Сонымен қатар *Арбакеш* сөзін екі мағынада берген, бірі жаттықтырушы, екіншісі көшір. Ал *арбашылық* сөзін арба жасайтын ұсталар мен кірешілік кәсіп деп екі түрде ашып жазған. Кіреші немесе арбакеш сөзін – *kira-käuu*, дөңгелектері бар үлкен арба – котан, дөңгелек, арба күпшегін – *köpçök*, дөңгелегі бар деген мағынаны, яғни екі дөңгелекті арба, төрт дөңгелекті

арба – *köncöklî* деп атаған (Радлов, 1899: 64). Ол түркі сөздігінде түркі тілдес халықтардың «көш» (кош) сөзіне бірнеше мағынада түсініктеме берген, соның бірі: «Тоқтамыс хан оған атқа жегілген пәуескені жіберді», – делінген (Радлов, 1899: 637). Яғни, олар көш барысында хандық әулеттер пәуескені немесе күймені пайдаланғандығын мысал ретінде толықтырып түсіндіріп өткен. Пәуеске мінетін дәулетті қазақтар да көп болған.

Екі дөңгелекті арбалар ерте заманнан, әсіресе, ежелгі түркі дәуірінен бастап әскери көлік ретінде де қолданылды. XIX-XX ғасырларда қазақ халқының арасында екі доңғалақты арба кең таралды.

Кейбір деректерге сүйенсек, үлкен алты дөңгелекті арбалар Қазақстан жерін мекендеген көне тайпаларда болған. Х.А. Арғынбаевтың мәліметі бойынша, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында «екі аяқ арба» және «төрт аяқ арба» деп те атаған (Арғынбаев, 1987: 54). Екі дөңгелекті арбалар ойлы-қырлы жерлерден, арық-жылғалардан, батпақ пен құмнан өтуге қолайлырақ болып келеді. Мұндай аймақтарда көп жағдайда қос дөңгелекті арбаларды кеңінен қолданған.

Жазушы С. Мұқановтың мәліметінде: «Қазақы арба аталатын алғашқы арба ауылға, жартылай отырықшы болған, яғни жаз көшіп, қыс бір орыннан қозғалмайтын шақта пайда болған сияқты» (Мұқанов, 1979: 129). Деректер бойынша оңтүстік аймақтағы отырықшы халықтардың арбасының дөңгелегі үлкен келген. Көшпелі халықтардың екі дөңгелекті арбасымен салыстырғанда айтарлықтай өзгешелік болмаған. Жүк тарту мөлшері бірдей, отырықшы халық арбаларының дөңгелектері көшпелілермен салыстырғанда айтарлықтай үлкен болған. Сонымен қатар «арба» қазақ көшіне кейінірек араласқанын айтады.

Көшпелілердің негізгі баспанасы киіз үйді арба үстіне орнатып, бұзбай тасығандығы жөнінде де деректер бар. Арбаның киіз үйді сыйғызатындай кең түрінің қолданыста болуы, оның халық мұрасының ерекше туындысы болуымен қатар, көшпелі тұрмысының ерекше қырынан мәлімет береді.

Жоғарыда аталған ортағасырлық саяхатшы-ғалымдардың еңбектерінде айтылып кеткен арба үстіндегі жылжымалы үйлер материалдық мәдениеттің негізгі элементі болып табылады. Аталмыш деректерге сүйенсек, арба үстіндегі жылжымалы үйлер Ұлы даламызда байырғы заманнан бастап қолданыста болғанын көре аламыз.


Арбалардың жасалуы мен аталуы көлеміне байланысты әртүрлі болады. Атаулары әртүрлі болғанымен атқаратын қызметі бірдей. Арбаның екі және төрт дөңгелекті түрлерінің атаулары тілдік аймақтық ерекшеліктерде көрініс тапқан.

Қай тілде болмасын құрамында дәстүрлі норма болып қалыптасқан, жалпыхалықтық деңгейде қолданатын, баршаға түсінікті әдеби сөздермен қатар, түрлі өңірде түрліше айтылып, өзгешеленіп тұратын сөздер мен сөз тіркестері көптеп кездеседі. Жергілікті халыққа тән диалектілер қазақтардың дәстүрлі көлік жүйесінің атауларында да кездеседі. Ол атаулар түрлі тарихи, саяси өзгерістерге байланысты Ресей, Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан мемлекеттерінің құрамында әр түрлі себептермен қалып қойған қазақтардың тіл ерекшелігінде байқалады. Әсіресе, көршілес отырған халық тілінің әсері де диалектілерді туғызатыны белгілі.

Қазақ тіл білімінде фонетикалық нұсқа, яғни таңдау деген болады. Таңдауға жататын сөздің бірі – дөңгелек. Дөңгелек жегілетін арбаның маңызды бөлшегі болып табылады. Жалпы «дөңгелек», «шеңбер», «арба» терминдері айналу сөзінен бастау алған. Еуразия халықтары дөңгелекті күннің символы ретінде санаған. Ежелгі үнді, ежелгі грек, иран және славян мифологиясында дөңгелекті күнге теңеген. Славян дәстүрінде «солнце как колесо», «солнце – это большое колесо» сияқты сөздер қалыптасып қалған (Гамкрелидзе, 1984: 721).

«Дөңгелек» сөзін Қазақстанның әр аймақтарында «таңдау» бойынша әртүрлі айтылады. Мысалы, «дөңгелек» сөзінің екінші таңдау мағынасы «доңғалақ». Моңғолия қазақтары «дөңгелекті» «дұғы», «тұғы» деп атайды. Ол арбаның дұғысы, яғни арбаның дөңгелегі. Мысалы, *арбаның алдыңғы дұғысы кішкене, артқы дұғысы үлкен екен*. Ал Ақтөбе облысының Шалқар, Ойыл, Темір аудандары, Қостанай облысының кейбір аудандарында «доғалақ», Алматы облысының Райымбек, Панфилов аудандарында дөңгелекті «шақ», Қостанай облысының кейбір аудандарында, Орал қаласында, Ресейдің Саратов қаласы тұрғындары дөңгелекті «теңгершік», Қызылорда облысының Жалағаш ауданы, Қостанай облысының Жетікөл ауданы «тегермеш», Ресейдің Орынборында «тегірмеш» деп атайды.

Арбаларды пошымына, кейбір детальдарына қарай: а) сатылы арба; ә) жәшікті арба; б) қол арба; в) жайдақ арба; г) қанатты арба; ғ) қосқанатты арба; д) қалқанды арба; е) жарандықты арба; ж) жер арба деп бөліп қарастырамыз.



Арбалардың қолданыс ерекшеліктеріне байланысты типтері және олардың түрлері

Қанатты, сатылы арбалардың бірі – *дәрбиналы арба*. Мұндай арба атауы Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы, Үржар аудандары мен ҚХР қазақтары арасында кездеседі.

Информаторлар қалқанды, сатылы жәрәндікті арбаны шөп тасуға қолайлы әрі өнімді деп түсіндіреді. Шөп таситын арбаның бірін Шығыс Қазақстанның Зайсан, Үржар аудандарында *«жәрәндік»*, Тарбағатай, Көкпекті, Ақсуат аудандарында *«жарандықты, жаранты»*, Оралда *«жарандық»* деп атаған. Атауларында әріптік өзгеріс болғанымен, мағынасы, атқаратын қызметі бірдей. Шөп таситын сатылы, қанатты арбалардың түрлері көп. Олардың құрылысы бір болғанымен, Қазақстанның әр облыстарында өзіндік атауы қалыптасқан. Мысалы, Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында *«қосқанатты»*, Үржар, Мақаншы және Күршім аудандарында *«жерарба»*, Алматы облысының Жамбыл ауданында, Ресейдің Саратов облысында *«радуан», «радбай», «ритуан»*, Шығыс Қазақстанның Зайсан ауданында төрт дөңгелекті, қанатты үлкен арбаны *«кедір»*, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы, Қызылорда облысының Қазалы ауданы, Павлодар облысында, Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданы *«мажар»* деп атайды. Төрт дөңгелекті мажар арбалар түркі тілдес Кавказ халықтарының бірі қарашайлықтарда да кездеседі.

Қос қалқан қойып (қалқанды Шығыс Қазақстанның Күршім ауданында *өре* деп атайды), сабан, пішен салып, шөп таситын, жан-жағы сатылы арбаны Ресейдің Орынбор қаласы, Атырау, Маңғыстау облыстары, Ақтөбе облысының Алға және Темір аудандары, Қарақалпақстанның қазақтары *«қалқанды»* арба дейді.

Жоғарыда аталған арба түрлерінің макеттері Батыс Қазақстан облысындағы Е. Пугачев музей-үйінде диарама түрінде қойылған. Диарама XVIII ғасырдағы қазақ халқының тұрмысынан сыр шертеді.



Тарантас. ШҚО Семей қаласындағы Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейі. 2018 ж.

Үлкен көлемді арбалардың диаметрі 2,13 метрді (3 аршын) құраған. Олардың дөңгелегі үлкен келген, сондай-ақ кез келген ойлы-қырлы жерлерді, арықтарды кесіп өту және жолы төселмеген жерлерден өту де ыңғайлы көлік болып табылады. Жергілікті тұрғындар мұндай арбалармен топырақ, малдың көңі, астық, шөп және басқа үй шаруасына қажетті заттарды тасымалдайды.

Ырдуан арбалар ортағасырларда көш барысында тұрақ-жай қызметін атқарса, XIX-XX ғасырларда қазақ халқы оны күнделікті тұрмыста қолданған. Қорабы биік ырдуан арба қазақ арасында кеңінен таралған. Аталмыш арбаға екі, төрт өгіз немесе екі түйе жегіп, негізінен жүк және астық тасуға, тау-кен, тұз өндірісінде кеңінен пайдаланған. Бұл өгіз арбаны Сарыарқа өңірі, оның ішінде Ағадыр, Ұлытау аудандары, Ресейдің Орынбор облысында, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов, Еңбекші аудандары тұрғындары *ырдуан* арба деп, ал, Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш аудандары жұртшылығы *ірдабанды* арба деп те атайды. Ырдуан арба үлкен қалқанды арба болғандықтан *сатылы арбалар* тобына жатады. Ауыр жүк тасуға, жақтауы биік, бауланған астық тасуға бейімделген таптырмас көлік. Ырдуан арбалардың кең таралуын орыстың «бірішке» (бричка) арбасының келуімен байланыстырады (Мұқанов, 1979: 131).

Төрт дөңгелекті арбаларды көбінесе, ауыр заттарды тасымалдауға пайдаланған. Мысалы, «тасшылар» құлпытас дайындаған соң, оны белгіленген жеріне осындай мықты арбалардың көмегімен жеткізген. Олар көш кезінде 20-25 пұтқа дейін жүк көтерген.

Орта Азияда, өзбектер, сарттар, құрамалар мен көршілес мекендеген қазақтардың арасында яғни Түркістан жерінде арбаның екі түрі белгілі болған. Біріншісі, хорезмдік және қашқарлық арба, екіншісі – қоқан арба (Бартольд, 1937: 407). Бұқар, Хорезм жағының қазақтары осындай тасымал көлікті *қоқан арба* дейді. Қоқан арбаның бір тиімді жері – таулы аймақтағы ағыны қатты өзендерден өтуде және қазылған, ойлы-қырлы нашар жолдарда жүруге өте ыңғайлы. Тиімсіз тұстарына келер болсақ, әдетте, шамамен, 20 пұт тиелген жүктерді тасымалдау кезінде, әсіресе, таудан түскенде жегілген атқа қиындық туғызады. Ал өрге шыққанда қоқан арба артқа қарай тартылып, ал оның жетегі жоғары көтеріліп кетеді. Мұндай жағдайда арбакеш аттың үстінен түспей, тепе-теңдікті сақтап отырады. Өрге шыққанда немесе таудан түскенде жегілген ат қатты қиналады, ағлоптары (жетек, тәрте, әғлөк) аттың жауырынын қажап тастайды. Қатты ыстық кезде ойлы-қырлы, таулы аймақтардан жүріп өткенде арбаның дөңгелектері мен шабақтары дегди бастайды.

Өткен ғасырларда қоқан арбаны Алматы төңірегіндегі қазақтар көтек арба десе, ал Жамбыл облысының Шу ауданындағы қазақтар екі дөңгелекті *дүнгенше арба* деп атаған (Қазақ тілінің..., 2005). *Көтек арба* – бір ат жегетін, екі аяқты, биіктеу болатын, кішігірім арба. Алматы облысының Райымбек, Еңбекшіқазақ аудандарында, еліміздің шығысындағы Тарбағатай, Зайсан аудандарында, Атырау, Маңғыстау облыстарында аталмыш арбаны көтек арба дейді. Арбаның бұл түрі тауда жүруге қолайлы болып келгендіктен Қазақстанның оңтүстік-шығыс, шығыс таулы аймақтарында көп қолданыста болды десек қателеспейміз. Сонымен қатар осындай арбаны балықшылар кеңінен пайдаланған.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерді саралайтын болсақ, екі және төрт дөңгелекті арбалар қазақ халқы үшін күнделікті тұрмыста, шаруашылықта кеңінен қолданыста болып, ерекше қызмет атқарғанын аңғарамыз.

Көшпелі қоғамда кең қолданыста болған әрине, екі дөңгелекті арба. Оны пайдалану, қолдану мақсатына қарай бірнеше түрге бөлінді. Жүк және адам тасымалдауға арналған қос дөңгелектік түрлері – көтек арба немесе қоқан арба; ХІХ ғасырдан кең қолданыста болған төрт дөңгелекті арба түрлері; тек адам тасуға арналған арба түрі – күймелер, күйме үйлер құрады.

Арбаның құрылымы мен қызметіне қарай атауларының көптігі, кәсіптік сөздер қорының молдығы, оның қолданыс аясының кеңдігі қазақ жерінің барлық өңірін қамтитынын көрсетеді. Арба түрлері атауларына басқа ұлт өкілдерімен этномәдени байланыстың болуы, яғни көрші отырған басқа ұлт өкілдерінің тілдік әсері байқалады. Әрине, уақыт өте келе, техниканың тұрмысқа енуіне орай жәшікті арба, қос қанатты арба, сатылы арба түрлері қолданыстан шыққан.

Арба, күйме көліктерін жасау, оларды жасауға байланысты табиғатты пайдаланудың да дәстүрлі әдістері қалыптасып, технологиясы туралы деректер бүгінгі күнге сақталып жетті.

Қазақ халқының маусымдық қолданыстағы тұрмыстық және шаруашылық тасымал көліктері.

Жегілетін көлік құралдарының бірі – дөңгелексіз көліктер. Оның бұл түріне шана, сүйреткі немесе сүйретпе жатады. Әсіресе, сүйреткі құралы таулы аймақтарда пайдаланған. Өйткені, таулы аймақтарда, ойлы-қырлы жерлерде екі және төрт дөңгелекті арбалармен жүру қиындық туғызады. Сүйреткіні көбінесе атқа жегіп отын, шөп шалаң тасымалдауға кеңінен пайдаланған. Сонымен қатар қыс мезгілінде де қар бетінде сүйретіп жүруге ыңғайлы болған. Сондықтан да жаздық және қыстық көліктер типіне жатқызып отырмыз. Сүйретпелі құралдың бірі шананы тек қана қысы қатты, қары қалың аймақтарда атқа, түйеге жегіп пайдаланған.

Сүйреткілер. Арба-шана жүре алмайтын таулы жерлерде, сонымен қатар дөңгелекті көліктер болмаған жағдайда жүк тасымалдауға кеңінен қолданылған бір немесе бірнеше сырық ағаштан жасалатын қарапайым тасымал құралы *сүйреткі* деп аталады. Сүйреткіні негізінен жағдайы төмен, мал басы аз шаруалар күнделікті тұрмыста қолданған.

Сүйреткіні ат, өгіз, түйе малдарына жіңішке келген бастарын бір жағына, ал жуандау бөлігін екінші жағына қатарластыра тіркейді. Ағаштары ерге, ашамайға артылып, жүк тиелетін артқы екі ұшы жерге сүйретіліп жүргендіктен сүйреткі аталып, ол кең қолданыста еніп кеткен. Сүйреткіні Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы қазақтар *жылдырғы*, ал тарбағатайлықтар *көбе*; Алматы облысының Шелек ауданының және Өзбекстан қазақтары жазда есекке тіркеп пішен таситын дөңгелексіз, шана тәрізді сүйреткіні *шине* деп атайды. Сүйреткі құралының келесі түрі *ыспаны* Қазақстанның батыс аймағы, Сыр өңірі және Ресейдегі Орынбор қазақтары шөп тасуға қолданады.



Атқа жегілген сүйреткі. ҚР MOM қорынан алынған

С.И. Руденко Семей облысының найман тайпасынан шыққан қазақтардың шаруашылық және тұрмыстық жағдайда өгізге жегілген сүреткілерді көп қолданғанын айтады. Себебі, сүйреткі дөңгелексіз көлік құралы болғандықтан таулы аймақтарда жүру өте ыңғайлы, әрі қолайлы болған (Руденко, 1930: 11-124). Осындай жүк артқан сүйреткіні С.И. Руденко Бұқтырма және Зайсан уезінен түсірген.



Егінді жершанамен тасу. ҚР MOM қорынан (КП 10438/185) алынған



Сүйретпе. Дәндібай. Наймандар (Руденко, 1930: 23)

П.П. Семеновтың редакциялауымен жарық көрген 19 томдық «Живописная Россия: Отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении» атты жинақтың 1885 жылы шыққан X-томы «Русская Средняя Азия» деп аталады. Аталмыш томда жергілікті қазақ халқының «сүйреткі» көлігінің суреті берілген (Живописная Россия, 1885).

Сүйреткіні қазақтар көбінесе, шаруашылық заттарды: шөп, ағаш басуға, жүк, қиды, кейбір жағдайда адамды тасуға пайдаланған. Ат, өгіз, түйе жегілген сүйреткі-

лермен буланған астықты қырман басына жеткізу үшін, жаз уақытында шөмелелерді қора маңына жеткізу үшін пайдаланған. Дәстүрлі ортада қыстау маңындағы шабыстағы шөмелелерді көлікке басып әуре болмай-ақ, шөпарандарға аттың күшімен сүйреп әкелген. Ол үшін арба-шанаға жегіліп жүрген белді аттарға қамыт салып, бір-бір сүйреткілерін алдына өңгерген салт аттылар шөмеле тартқан. Олар шөмелеге барғаннан кейін оның астына сүйреткілерін сұғып, сүйреткіге тағылған арқанмен шөмеле етегін бастырып байлаған. Бұдан кейін шөмелеге тағылған арқанды қамыт құлақбауынан байлап, шөмелені сүйреп жүріп отырған (Қазақтың этнографиялық категориялары., 2017: 693 б.).

XX ғасырдың басында Жетісу уездері мен Семей облысының оңтүстік бөлігінде негізінен астық бумасын түйемен жеткізсе, ал таулы аймақтарында сүйретпемен тасып отырған.

Х.А. Арғынбаев сүйреткінің атқа жегілу әдісіне қарай екі түрге бөледі (Арғынбаев, 1969: 45). Бірінші түрі үш-төрт көлденең шабақтар орнатылған басқыш тәрізді сүйреткіні тек көші-қонда жақын қашықтықтарға жүк тасуға пайдаланған. Сүйреткінің атқа жегілген жағы сүйреленіп, артқы жағы алшақтау келеді. Ал екінші түрін Қазақстанның әр аймағында сүйреткіні шөп үюге, ағаш тартуға, қар күреуге, кір-қоқыс шығаруға пайдаланған (Тоқтабай, 2010: 208). Сүйреткінің екі түріне де шөпті тиегенде шашылып қалмау үшін ұзын арқанмен бастырып қойған.

Сүйреткінің екі жұмыр ағаштан жасалған түрі ел арасында *итарқа*, *жантақ*, *қабырға шана* деп аталады. Сүйреткінің бұндай түрін жасауда ұзындығы екі-үш құлаш екі сырық пайдаланылған. Олардың жіңішке келген бастарын бір жағына, ал жуандау келген бөлігін екінші қатарға, арасына көлік (ат, өгіз) сиятындай алшақтау етіп қатарластыра қойған. Оның жуан келген басына жүк басу үшін екі сырықты бір-біріне жалғастырып, бірнеше сырық ағаш көлденең байланған. Ал жіңішке келген екі басы жіппен байланып ерге, ашамайға артылған, жүк тиелетін артқы екі ұшы жерге сүйретіліп жүрген.

Сүйреткінің бір түрі шөмеле тартуға арналып, шетен сияқты қатты ағаштан дайындалған. Оның ұзындығы шамамен, екі құлаштай, жуандығы білектей болған. Сүйреткі ағаштың жіңішке келген басы үшкірленген, ал жуан келген екінші басы кертіліп, оған *бәлек* тағылған. Бәлектің екі басына сүйреу үшін арқан байланған. Сүйретпенің шөп таситын *ысна*, *жылдырғы* деп аталатын қарапайым түрлері бар. *Ысна* деп көбінесе, Атырау және Маңғыстау облыстарының, Ресейдің Орынбор, Қызылорданың Арал ауданының қазақтары атайды.

Сүйреткі көлік құралдарының ерекшелігі жөнінде А.О. Вийрестің еңбектерінен көре аламыз. Автор өз еңбектерінде малға шөп, пішен және қалалы жерден азық-түлік, тұрмыстық, шаруашылық заттарын тасуға арналған барлық қос табанды сүйретпе құралдарды шаналардың қатарына, ал басқа сырғанауға бейімделген қатынас құралдарына «сүйретпе» (орысша волокуша) деген атау беріп, екінші түрі деп бөліп қарастырған (Вийрес, 1979). Яғни, славяндар құрлықтағы қатынас көліктерін екіге бөледі. Біріншісі – сүйретпелі құралдар, екіншісі – дөңгелекті (арба) көліктер. Орыс халқының «волокушасы» қазақ халқында кеңінен қолданатын сүйреткісіне келеді. Орыс халқының сүйретпелі құралдарының бірнеше түрі бар: тәртелі-сүй-

ретпе, шана-сүйретпе, дөңгелекті сүйретпе, дүре таяқты сүйретпе, олонец аспалы тасу құралы. Сібір халықтары «волокушаны» ат, өгізбен қоса иттерге де жеккен.

Шана түрлері. Қазақтардың көлік қатынас-құралдарының, XVII-XIX ғасырларда халық арасында ерекшелігімен жақсы тараған, сүйретпелі, әрі мерзімдік, қыстық көлік құралының бірі – шана. Шанаға қатысты ғылыми зерттеу жұмыстарды, отандық этнографтардың еңбектерінде жалпылама сипаттама түрінде ғана көре аламыз.

Х.А. Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» еңбегінде қазақ халқының революцияға дейінгі негізгі көлігі жылқы мен түйе болғандықтан, бұларды жасынан-ақ салт мінуге, жүк артуға, қамытқа, арбаға, шанаға жүруге үйрететіндігі айтылған. Арба, шанаға, жүк артуға, салт мініп жүруге көбінесе, бес жастан асқан аттар мен қысыр билер үйретілетінін көрсеткен (Арғынбаев, 1969). Қазақта арбаға, шанаға арнайы үйретілген атты *жегін ат немесе жеккі ат* деген. Жегілген малына қарай *түйе шана, ат шана* деп аталған. Дәстүрлі ортада көбінесе, шабан, бірақ өте күшті мініс аттарының ішінен таңдап алып, шаруашылық қасиетке қарай жегін құралдарына (арба, шана, сүйреткі) жегуге арнайы үйреткен. Жегін ат мініс атына қарағанда жуас, үрікпейтін, көнбіс болуы міндетті саналған.



Ат шана. Сурет Жалеледдин Шәйкеннің Т.Картаеваның тапсырысы бойынша жасаған фотореконструкциясы.

Шананың қазақтар үшін маңызды орын алғандығы және шананың шаруашылықта әсіресе, қысы ұзақ, қары қалың аймақтарда кеңінен қолданғандығы таптырмас көрініс деп санауға болады. Еліміздің солтүстік, солтүстік-батыс, солтүстік-шығыс өңірлерінде, яғни қысты күні қар көп болатын аймақтарда көбінесе, түйеге, өгізге, жылқыға жеккен шаналарды қолданған. Шананы қысты күні көбінесе, жүк, азық-түлік, малдарға жеп-шөп, шаруашылық-тұрмыстық заттарды тасуға пайдаланған. Ал, Сыр бойындағы қазақтар қыста Сырдың төменгі ағысы бойындағы мұз болып қатып қалған көлдердің үстіне ат шанамен, түйе шанамен де барып балық аулаған.

А.И. Добросмыслов «Скотоводство в Тургайской области» атты еңбегінде қазақтардың көлік түрлерін жазғы және қысқы деп бөліп қарастырған. Олардың қата-

рына жекпелі шана, күймелі арба және шананы жатқызған. Информаторлардың айтуынша, *ырғақ шана* деп, көбінесе, отын және жүк таситын шанақсыз, қыста табанына темір салынбайтын және ағаштың өзінен шауып жасалған ұзын шананы атаған. Ырғақ шана атқа қамытты, қамытсыз түрде жегілген. Ырғақты шананы жекпелі деп атауының себебі балаларға арналған ойын шанадан айыру үшін айтылған (ҚР ОММ, 48). Шана мен арбаның жегін әбзелдері бірдей келеді. Мұндай көліктерді Торғай облысының дәулетті адамдары Орынбор, Ор және Троицк секілді Орынбор губерниясының қалаларында сатып алған (Зарубин, 1879: 113-115).

Қазақ ақыны Шортанбай Қанайұлы (1818–1881):

*«...Шұнақ бидің тұсында
Ағаш атты тізгіндеп,
Шананы міндік күймелі...», –*

деп деп жырлайды. Оның *«ағаш атты»* деп айтуының себебі, күйме шананы ағаш арыстарымен атқа жеккен (Бес ғасыр жырлайды, 1989).

*«...Арғымақ жексем жарасар
Күймелі күміс шанаға...», –*


деген өлең жолдары Алмажан Азаматқызының (1823 – өлген жылы белгісіз) *«Жетім қыз»* поэмасында кездеседі, ондағы *«күймелі күміс шана»* деген теңеу, күймені күміс қоңырауларымен әсемдеуімен байланысты. *«Арғымақ жексем жарасар»* деуі, автор өзін арғымаққа теңеп, оны өлең арқылы жеткізген (Бес ғасыр жырлайды, 1989). Өлең жолдарындағы күймелі шаналар ХІХ ғасырда қазақ жерінде кеңінен қолданыста болғанын көреміз.

Қоршауы бар шананы *қалқанды шана, қанатты шана, кебеже шана* деп, ал үстінде қоршауы жоқ шананы *жайдақ шана* деп атаған (Бабалар сөзі, 2009). Ақтөбе облысының Ойыл ауданы қазақтары бір кісілік жеңіл шананы *бұзаулық* деген.

Шананы арба жасайтын ағаш және темір ұсташылар жасаған. Шана жасауға қайың ағашын пайдаланған. Шананың табанын жасау барысында қайың ағашын морға, содан кейін тезге салып басын иген. Табан ағашына табантемірді қажалмау мақсатында шегелеу арқылы бекіткен. Қазақтар қайың ағашын сонымен қатар қайық және арба жасау үшін де пайдаланған.


Шананың шабақ, бақалақ, тырнақ деп аталатын қысқа ағаштары болады. Бұл қысқа ағаштар шананың табанының әр жеріне сұғу арқылы бекітіледі. Үстіңгі ағашы бетағаш, бастырма деп аталады. Қарама, бөген – шананың екі табанын байланыстырып тұратын көлденең ағаштар.

Жайдақ шанамен тым көп орын алмайтын, көлемі шағын әртүрлі жүк тасылған. Осындай шананы Ресейдің Орынбор қаласындағы қазақтары әдетте қанатты шана, қалқанды шана деп атап кеткен. Қыс маусымында жүк және адам тасуға арналған қар, мұз үстімен сырғанап жүретін тасымал көлігінің бұл түрі ағаштан қарапайым қиюластырылып, жалпақ әрі аласа болып жасалады. Қазақ халқы тұрмыста көбінесе, жайдақ шананы қолданған.



Жайдақ шана. Суретті салған Жалеледдин Шәйкен

Жоғарыда айтылған жеңіл кебеже шанамен, қалқанды шаналармен негізінен шөп тасыған. Бұл шана түрлерін көбінесе, Ақтөбе облысының Ойыл ауданы мен Ресейдің Омбы қаласының қазақтары кеңінен қолданған. Ал Ресейдің Орынбор қаласының қазақтары кебеже шананы кебеш шана деп атаған. Екі кісілік жеңіл шананы Қарағанды облысының Нұра ауданының қазақтары *қашаба*, ал Қызылорда облысының Арал маңы қазақтары *қашеубай*, Көкшетау облысы Щучинск ауданының қазақтары *қашауа* деп атап кеткен (Қазақтың этнографиялық категориялары, 2017). Көлемі жағынан ұқсас, атқаратын қызметі бір қатынас құралдарының атауларына диалектілерді байқаймыз. Қашауа адам тасымалдауға арналған, екі орындықты жеңіл шана түріне жатады. Қашауаны қазақтар «ат шана» деп те атаған. Арқасы бар отыратын шаналарды қазақтар «кошопка» (қашауа) деп атай берген. Шынтуайтында, кошопка деп қорабы тоқылған шананы айтады. Махмұд Қашқаридың үш томдық түркі сөздігінде қашауаның «*қешә*» сөзі «өрілген, тоқылған» деген мағынаны білдіреді делінген (Қашқари Махмұт, 1997). Қашауа шананы көбінесе, дәулетті адамдар пайдаланған.



Қашауа. Суретті салған Жалеледдин Шәйкен

Қазақ халқының дәстүрлі этнография мәліметтеріне сүйенсек, шаналардың сыртқы көрінісі мен конструкциясына, олардың атқаратын функцияларына байла-

нысты бөліп қарастырған. С.Ш. Гаджиева «Материальная культура ногойцев в XIX – начале XX в.» атты еңбегінде шананы үш топқа бөліп қарастырады. Олар: а) шаруашылықта қолданылатын қоршауы бар (қалқанды шана, қанатты шана, кебеже шана) және қоршауы жоқ (жайдақ шана) шаналар; ә) адам тасымалдауға арналған (күймелі шана, кебеже шана, қашауа шана) шаналар; б) қолмен сүйрету үшін арналған кішкентай (итшана) шаналар (Гаджиева, 1976).

Түйе шананы Арал теңізі, Қамыстыбас көлі балықшылары қыстың күні мұз ойып балық аулауға, бабалық тасуға пайдаланған. Түйе шананың бір түрі Арал балықшылар музейінің «ашық аспан асты алаңы» экспозициясына қойылған. Түйе шаналармен ауыр жүк тасылатын болғандықтан олардың көлемі үлкен болған. Мысалы, Арал балықшылар музейінде сақталған түйе шананың ұзындығы 3 метр 20 см., алдыңғы қасының биіктігі 70 см., соңғы қасы 46 см., ортаңғы белдеу ағаштарының биіктігі 68 см. Алдыңғы қасына орнатылған ағашты мор пеште қыздырып кері қарай иген. Алдыңғы белдеуінің көлбеу ағашы мен соңғы белдеу ағашының аралығы 1 метр 96 см. Түйе шананы қыстың күні мұз бетінен ойық жасап, балық аулайтын балықшылар балық тасуға, малшылар шаруашылықта зат, жем-шөп тасуға пайдаланған. Шана 32 жұмыр ағаш кесінділерінен құрастырылған.

Арал балықшылар музейінің осы ашық аспан экспозициясында қойылған ат шана үлгісінің сипаттамасы келесідей. Табанынан алдыңғы қасына дейінгі иілген ағашының ұзындығы 2 метр 90 см, алдыңғы иілген қасынан адам отыратын орындыққа дейінгі аралық 1 метр 40 см, орындық биіктігі 70 см. Ат шана 30 ағаш кесіндісінен тұрады. Астыңғы шанасымен ат шананың табаны аралығы темір құрсаулармен көтеріліп, бекітілген. Темір құрсаулардың өрнектеліп жасалғандығы жергілікті темір ұсталарының ағашшылармен еңбек бөлінісінің болғандығын айғақтайды.

Түйе шана мен ат шаналар қар қалың жауатын солтүстік өңір мен солтүстік батыс өңірдің елді мекендерінде әлі де қолданыста бар. Ал, Арал өңірінде экологияның бұзылуы, қардың аз жаууы, байырғы көл суларының тартылуы, яғни көл бетінде қалың мұздың болмауы, оның үстіне техниканың көбеюі себепті қолданыстан шыға бастаған. Дегенмен, Аралдың шалғай ауылдық жерлерінде өз ата-бабаларына тиесілі шаналарды сақтап отырған отбасылар кездеседі.

Негізінен ат шана мен түйе шана қыстың күні қар және мұз бетінде жүк тасуда қолданылып, адамның еңбегі мен күшін жеңілдетеді.

Арал балықшылар музей қорында сақталған ат шаналарға ұқсас шана Батыс Қазақстан облысындағы Е. Пугачев музей-үйінің сыртқы алаңында экспозицияланған. Ал, Форт Шевченко этнографиялық музейінде экспозицияланған шананың табанынан алдыңғы қасына дейін иілген ағашының сыртын темір құрсаулармен бекіткен. Шананың ұзындығы шамамен 1 метр 20 см, ені 50-60 см құрайды.

П.П. Румянцевтың басқаруымен жинақталған «Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области» атты статистикалық еңбекте мәліметтер сол уақыттағы қазақ халқының дәстүрлі көліктердің түрлерінен біршама құнды ақпарат береді (Материалы по обследованию., 1915: 2-90).

1910 жылы жылы жүргізілген ауыл шаруашылығының санағы мәліметтеріне көңіл аударатын болсақ, статистер Жетісу облысы Лепсі уезінде – 5 963 шана (Материалы по обследованию., 1915: 2-90), Қапал уезінде – 2 446 шана (Материалы по обследованию., 1915: 112-134), Верный уезінде – 1 604 (Материалы по обследованию., 1915: 156-252) шана тіркелген. Барлығы – 9 983 шана болғандығын көрсеткен. Болыстар бойыншанақты есебі төмендегі кестеде көрсетілген.

«Материалы по киргизскому землепользованию» атты статистикалық мәліметтерден Жетісу облысы бойынша қысқы көлік түрлерінің жақсы дамығандығын Лепсі, Қапал, Верный уездеріндегі шаналардың санынан аңғаруымызға болады. Лепсі – 5 933, Қапал – 2 446, Верный – 1 604 шаналардың саны тізімге енген (Материалы по обследованию., 1915: 2-252). Лепсі уезіндегі шаналар жоғарыда көрсетілген екі уездерге қарағанда анағұрлым көп.

Жетісу облысының Верный уезі Батыс Талғар, Кіші Алматы және Үлкен Алматы болыстарында шана саны анағұрлым көп. Ал, Тайтөре, Рғайты, Мойынқұм болыстарында көрсеткіш өте төмен. Жаңа Іле, Төменгі Іле, Жайылмыш, Сарытоқым болыстарында мүлдем қолданыста жоқ. Алыс, шалғай, таулы аймақтарда қоныстанған қазақтардың тізімге енбей қалуына байланысты жоғарыда М. Тәтімовтың нұсқасын келтірген болатынбыз, сол себепті де шаруашылық бұйымдардың саны да есепке толық енбей қалуы әбден мүмкін.

1910 жылғы Семей облысы Павлодар уезінің Ақкелін болысының №1, №2-әкімшілік ауыл округі шаруалары пайдаланған қысқы көлік түрлерінің жалпы есебі тіркеуге алынған. Тіркеуде әкімшілік ауылдың ақсақалдарының есімі көрсетіліп, шаруашылық ауылдардың орналасқан аймағы да қоса қамтылған. №1-әкімшілік ауылына қарасты Қаратұмсық, Көшекбай мекендерінің ақсақалдарының бірі Ахмедқабыр Шормановтың – 6, Жармұхамед Шормановтың – 7, Ахмеджалы Шормановтың – 9 шанасы есепке алынған (Материалы по обследованию., 1912: 4). Бұл ақсақалдар атақты Мұса Шормановтың тікелей ұрпақтары. Мұса Шорманов би, әрі шешен, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде тарихта аты қалған. Ол қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Сонымен қатар, Қозбағазы Жәнібек (Қайыншат ауылы), Қайыр Жақып (Қарабет ауылы), Сұлтанбай Кәпек (Ұзынжал ауылы), Ысқан Қодық (Қаратас ауылы), Ысқан Көшербай (Сарыжал ауылы) және Елеусіз Ахметтің (Кереге тас ауылы) – 5 шанасы тізімге енген. Жалпы №1 әкімшілік ауыл бойынша 76 қысқы көлік тіркелген.

№2 әкімшілік ауылда бар жоғы – 49 қысқы көлік, мысалы Қарабұлақ мекенінің тұрғыны Әубәкір Тәшеннің – 11, Құпы қойған ауылының ақсақалы Қасен Мәтеннің – 8, Қарақұдықтың тұрғыны Нұрғазы Шиiekбайдың – 6 шанасы санаққа енді.

«Материалы по киргизскому землепользованию» атты деректің негізінде Қазақстан территориясындағы дәстүрлі көлік түрлерінің жалпы саны тіркеліп, есепке алынған. Аталмыш еңбек зерттеу тақырыптың негізін ашу үшін өте құнды дерек көзі болып табылады.

Жоғарыда келтірілген деректерден шығаратын қорытындымыз, біз зерттеп отырған дәстүрлі көлік жүйесі Қазақстанның барлық аймақтарында кең қолданыста болған.

Сүйреткілердің адамның жұмыс күшін жеңілдетуге көмекші құрал ретінде маңызы зор болған. Олардың дөңгелексіз жасалуының өзі жердің ерекшелігін, адам мен табиғат арасындағы қарым қатынасты игеруде халықтық білімнің нәтижесі деп тануға тұрарлық. Себебі дөңгелек жүре алмайтын немесе дөңгелек қозғалысына кедергі келтіретін жерлерден жүкті алып өтуде сүйреткілер қолайлы келген.

Кейірек жол салу ісінің мен техникалық көлік құралының дамуына байланысты сүйреткілер қолданыстан шығып қалған көлік қатарында саналады.

Ежелден келе жатқан сүйретпелі көліктің бір түрі шана қатынас-құралы Еуразия халықтары арасында маңызды орын алып, ұрпақтан-ұрпаққа тарап отырған. Егін алқабынан астық бастырып қырманға жеткізу үшін сүйреткі өте ыңғайлы тасымал құралы болған. Кей жағдайда буылған астықтарды қолмен тасуға тура келген, Ақтөбе уезінде түйеге алаша байлап, соның үстіне салып таситын уақыттар да болған (Кармышева, 1980: 224). Қазіргі таңда шаналарды тұрмыста, шаруашылықта пайдалану әдісі мүлдем жойылып кетті десек болады. Бірақ атқа жегілген шаналарды еліміздің кейбір облыстық, аудандық тарихи-өлкетану музейлерінде артефакт ретінде кездестіруге болады.

Әдебиеттер

Абульгазы. (1906). Родословное древо тюрков / Сочинение Абуль-Гази Хивинского хана. Пер. и пред. Г.С. Саблукова. Казань: Типо-литография Императорского Университета, 245 с.

Арғынбаев Х.А. (1987). Қазақ халқының колөнері: Ғылыми-зерттеу еңбек. Алматы: Өнер. 128 б.

Арғынбаев Х.А. (1969). Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 170 б.

Бабалар сөзі: Жүзтомдық. 54-том. Ғашықтық дастандар. – Астана: Фолиант, 2009. – 389 б.

Бартольд В.В. (1937). О колесном и верховом движении в Средней Азии // Записки Института Востоковедения Академии наук СССР. М.-Л. Т.7. С. 406-408.

Бес ғасыр жырлайды. – Т. 1. XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары / құраст. М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

Вийрес А.О. (1979). История крестьянского транспорта в Прибалтике (генезис и развитие до середины XX в.): автореф. дисс. ...докт.ист.наук. – М., 1979. – 37 с.

Гаджиева С.Ш. (1976). Материальная культура ногайцев в XIX – начале XX в. – М.: Наука, 1976. – 226 с.

Гамкрелидзе Т.В., Иванов В.В. (1984). Индоевропейский язык и индоевропейцы. Реконструкция и историко-типологический анализ праязыка и прокультуры. Тбилиси: Издательство Тбилисского университета. 328 с.

Живописная Россия: Отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении. Русская Средняя Азия. Закаспийский край, Туркестан и Киргизская степь. – Т. X. – СПб.– М.: Издание товарищества М.О. Вольф, 1885. – 448, IV стр. силл.; 43 л. илл.

Зарубин И.И. (1879). По горам и степям Средней Азии. Путевые заметки от Москвы до Кульджи // Русский вестник. – Том 144. 1879 г., декабрь. – 622 с.

Зданович Г.Б. (1988). Бронзовый век Урало-Казахстанских степей (основы периодизации). Свердловск: изд-во Уральского ун-та. 184 с.

Зуев Ю. (2002). Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: Дайк-пресс. С. 151-157.

Кармышева Дж.Х. (1980). Способы молотьбы, перевозки и хранения урожая // Хозяйство казахов на рубеже XIX – XX веков: Материалы к историко-этнографическому атласу. – Алма-Ата: Наука, 1980. – С. 237-249.

Кадырбаев М.К., Марьяшев А.Н. (1977). Наскальные изображения хребта Каратау. Алматы: Наука. 232 с.

Ковалевская В.Б. (1977). Конь и всадник (пути и судьбы). М.: Наука, 152 с.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. (2005). / Құраст. Ф. Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаева және т.б. Алматы: Арыс. 824 б.

Қазақтың этнографиялық категориялары, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5-том: П-Я. / Ғылыми ред. және жоба жетекшісі Н. Әлімбаев. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 816 б.

Қайдар Ә. (2014). Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. Т.1. Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. 520 б.

Қашқари Махмұт. (1997). Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ат-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. Алматы: Хант., Т. 1. 595 б.; Т. 2. 528 б.; Т. 3. 600 б.

Қондыбай С. (2008). Толық шығармалар жинағы. Т.4. Есен-қазақ. 3-кітап. Алматы: Арыс. 400 б.; Т.10. Арғықазақ мифологиясы. 2-кітап. 544 б.; Т.11. Арғықазақ мифологиясы. 3-кітап. 520 б.

Маргулан А.Х. (1950). Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР. 154 с.

Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и земледользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. – Т. 4. Русская старожильческая селения Лепсинского, Копальского, Верненского, Пишпекского и Пржевальского уездов. – Петроград: Экономия, 1915. – 997 с

Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и земледользования в Семипалатинской области, собранные и разработанные под руководством П.П. Румянцева. – Т. 1. Павлодарский уезд. Вып. 1-й (таблицы). Повторное обследование. 1910 г. – СПб.: Электро-Тип-Лит., 1912. – VII + 754 с.

Мұқанов С. (1979). Таңдамалы шығармалары: 16 томдық. Т.15. Халық мұрасы. Тарихи-этнографиялық шолу. Әдеби портреттер. Алматы: Жазушы. 380 б.

Новоженков В.А. (2011). Азиатские колесницы (к проблеме выделения азиатского колесничного комплекса) // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: Материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20 летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. Алматы. Т.1. С. 247-255.

Новоженков В.А. (2012). Чудо коммуникации и древнейший колесный транспорт Евразии / под ред. Е.Е. Кузьминой. М.: Таус., 500 с.

Радлов В.В. (1899). Опыт словаря тюркских наречий. Т.2. Ч.2. СПб.: Российская Императорская Академия наук. 1814 с.

Рашид-ад-Дин. (1952). Сборник летописей. Т.1. Книга 1. Перевод с персидского Л.А. Хетагурова. М.-Л.: Изд-во Академии наук СССР. 222 с.

Руденко С.И. (1930). Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки. Сборник статей антропологического отряда Казахстанской экспедиции АН СССР.

Тоқтабай А.У. (2010). Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматыкітап, 2010. – 496, суретті.

Шер Я.А. (1980). Петроглифы Средней и Центральной Азии. М.: Наука. С. 197-201.

Чечушков И.В. (2011). Колесницы Евразийских степей эпохи бронзы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. №2 (15). С. 57-64.

ДАЛАЛЫҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯЛЫҚ ЖАЗБАЛАР

«АР08856696 – Қазақстанның шөлді атыраптарының егіншілік-малшаруашылық ландшафтарын этнографиялық және геоархеологиялық зерттеу: игеру мен бос қалдырулардың тарихи себептері» атты іргелі ғылыми-зерттеу жобасы бойынша Қызылорда облысы ауылдық мекендерінде информанттардан ауызша тарихи-этнографиялық деректер жинақтау, облыс аудандары музейлеріндегі этнографиялық материалдарды зерттеу де жоба орындаушылардың назарында болды. Далалық этнографиялық экспедиция 2021-2022 жылдары маусым айында Сыр өңірінде, яғни Қызылорда облысында жүргізілді және бұл жылдарға дейінгі далалық жазбалар да негізге алынды. Экспедиция бағыты Шиелі ауданы, Қаратау сілімдері етегіндегі байырғы қоныстар, Сауысқандық петроглифтері, Сауысқандық байырғы елді мекендері, Солтүстік Қызылқұм үстінде отырған елді мекендер Сырдария ауданы, Іңкәрдария ауылы, Қармақшы ауданы Тұрмағамбет Ізтілеуов атындағы, Тәйімбет Көмекбаев атындағы ауылдар, Кекірелі, Шопанқазған ауылдық округтері, Сырдария өзенінің Іңкәрдария кепкен арнасы, Жаңадария кепкен арнасы бойын қамтыды.

Дерек беруші 50-дей жергілікті тұрғындармен жолығып ауызша және жазбаша мәлімет алынды. Ол үшін арнайы дайындалған реестр пайдаланылып, сұрақ сол тізім бойынша қойылды.

Сыр бойының этнографиялық сипаттағы 800-дей фотосурет түсірілді (*дәстүрлі мал шаруашылығына байланысты материалдар, егін, балық шаруашылығы құралдары, ағаш шеберінің құралдары, зергерлік құралдар мен бұйымдар, дәстүрлі баспана түрлері, ішкі және сыртқы жабдықтары, қор соғу, құдық қазу, отбасылық дәстүрлер: беташар, қыз ұзату, тұсау кесу, сүндетке отырғызу рәсімі, өлікті жөнелту т.б.*). Информаторлардың тізімін, мекен-жайын анықтауға және сол ауылдарға барып-қайтуға көлік беруге жергілікті музей және мәдениет үйі қызметкерлері көмектесті.

Сыр бойының жоғарыда аталған аудан тұрғындарының арасынан таңдалған информаторлардан арнайы дайындалған сауалдарымыз бойынша мәлімет алынды. Онда, қазақтардың дәстүрлі шаруашылық және заттық мәдениет үлгілеріне, байырғы сенім-нанымы, ырым-тыйым, тіршілік цикліне, қолөнеріне қатысты бірқатар дерек пен мәліметтер жинақталды.

Әлеуметтік-рулық құрылым: Қармақшы, Арал, Қазалы аудандарында Кіші жүздің Әлімұлының барлық рулары шоғырлана қоныстанып, дәстүрлі мал шаруашылығымен шұғылданып келгендіктен әдет-ғұрып, салт-дәстүрге берік. Жалағаш, Тереңөзек өңірінде табын, тама, керейіттер, Қызылорда өңірінде жаппастар, Айдарлы өңірінде қожалар, Шиеліде қыпшақ, арғын, наймандар, Жаңақорғанда қожа, сунақ, қоңыраттар, Қармақшыда кете, шөмекейлер, Аралда төртқара, қарасақалдар шоғырланған. Еңбекші ауылының 90 пайызы – тарақтылар.

Дәстүрлі шаруашылықтың сақталуы:

Мал шаруашылығы: XX ғ. 50-60 жылдарына дейін жазда малшылар малын 300-400 шақырым солтүстік, солтүстік-шығысқа қарай Бетпақдала (Атанши), Жезқазған (Қаракұм), Ырғыз, Торғай бойына дейін жайып, жайлап қайтатын болған. Ол жақты «қыр» деп атайды. Өсімдіктер әлемінің жергілікті жағдайына сай жантақ, шеңгел, жусан сияқты ащы шөп көп өсетіндіктен түйе малын өсіруге көп көңіл бөледі. Қой және жылқы малының да саны көп. Ауылдық жерлерде малды үйімен ұстайды. Жаздың уақытында жылқы үйірі өз бетімен қырға қарай кетеді. «Жылқың болса суға сал, сиыр болса шымға сал, қой мен түйенді құмға сал» дегенді ақсақалдар айтып, әр малдың жайылу ерекшелігі мен жейтін шөбін дәлел ретінде келтіреді. Мал күтімі, мал ауруларын емдеуде дәстүрлі ғұрыптар қолданылады.

Егіншілік: Егін шаруашылығынан күріш, бидай, арпа, сұлы, тары өсіру орын алған.

Егін шаруашылығына қатысты дәстүрлі құралдар, ырымдар, аңшылық құралдары, әдіс-тәсілдері жазып алынды.

Балықшылық: Балық аулайтын қабадан, мардан, жылым, шонтай, қаза, жұтпа қармақ, желі қармақ сияқты құрал түрлері жазылып, музейден фотосы түсірілді. Жылым - 800 м. (600 құлаштық) балық аулайтын құрал. Қаза - биіктігі 2-3 м. қамысты қопаның ұйығына дөңгеленте шанши отырып жасайтын қақпан құрал. Ол үшін балық кіретін аузы кең болып, шеңбер бойымен иіріле келе тарыла беріп, ең соңына келгенде балық артқа қарай шыға алмай қалады. Мәлімет берушілердің айтуынша Қазалы атауы бұл құрылғыға байланысты тумаса керек. Адам аяғы ауырса, құрқұлақ болса шортанның сорпасы ем. Жалпы балық орпасы сүйекті күшейтеді.

Қазақ этнографиясындағы фольклор: Жергілікті информанттардан мақал-мәтелдер, баталар, аңыз-әңгімелер, қарғыс түрлері, жоқтау үлгілері, естірту, еске алу, сыңсу, бала жұбату, бесік жыры, жарапазан, жұмбақ, айтыс түрлері, мифологиялық бейнелерге, тылсым күштерге қатысты оқиғалар мен әңгімелер (мысалы жетек, су перісі, шайтан, перінің қыздары, жезтырнақ, Жаланаһ ата, періштелер, Әзірейіл, Жебірейіл т.б.) жазып алынды.

Үйлену салты: Беташарды қазіргідей әндетіп емес сарын түрінде қара сөзбен, домбырасыз айтылатыны анықталды. Беташар айтқан адам бет ашпайды. Ата мен апа бата береді де, жолы үлкен, көп балалы, байы өлмеген құтты адам бет ашады. Бет ашушы «*Келіншек бетін ашайын, ашпай неден сасайын, қалың топты қақ жарып, аққан судай тасайын*» деп қолына ұстаған қамшыға орамал байлап келіп ашады. Арал, Қазалыда жаулыққа қамшы байлап ашатын болса, Жалағаш, Теренөзек жақта жаулық ұшына «*келін жұмсақ болсын*» деп қамыс байлап ашса, Шиелі, Жаңақорған аудандарында «*ас үйдің иесі енді өзіңсің*» деп оқтау байлап ашады. Қамыспен бет ашу Сыр бойын мекендейтін диқаншылықпен шұғылданатын қазақтар арасындағы егіншілік мәдениетінен бастау алып жатыр деп зерделеуге болады Біз куәгер болған Аралда өткен беташар рәсімі кезінде (фотосы бар) келіннің басына жапқан ақ жаулық ұшына қызыл жаулық байлап, оның ұшына қамшы байлап тарта ұстап тұрды. Сыр қазақтары беташарды үйде жасайды. Беташардың үлгісі жазылып алынды. Арал, Қазалы қазақтарының жоғарыда аталған өңірлермен құ-

да-құдандал болуы дәстүрге айналған. Ал, Қызылорданың Жусалыдан оңтүстікке қарай жатқан аудандарымен құдаласу жоқтың қасы деседі. *Беташар үлгілері* жазып алынды. *Неке қиюға* қатысты, *құдалық кәделері* жазып алынды

Ырым, наным-сенім. Жергілікті қазақтар қолданылатын аймақтық ерекшелікті нақтылайтын нанымдар, ырымдардың мол қоры жинақталды. Жылқының құмалағын құмырысқа илеуіне қойса көшіп кетеді. Құмалақты алып жатқанда «ей, өзіңнен өзгеге ем бол» деп алады. Баланың аузы уылса кірпінің инесін күйдіріп күлін аузына себеді. Аяғы ауыр келінге отқа май салғызғанда ағарып ұзын жанса ұл бала болғаны, қыз бала болса қызарып жанады. Толғақ жетпей тұрса май ұзарып жанады. Қыз бала туса «нашар бала тудың» деп айтады. Баланың иесін (жолдасын) перзентханадан болса да үйге алып келіп, екі асық қосып, сарайдың табалдырығының ішіне көмеді. Асық ойнайтын бала жалғассын дегені. Тіл-көз тимеу үшін босағаға 7 түрлі шүберек байлап, ине шаншып қояды. Толғақ басталғанда есікке, терезеге пышақ, ине шаншып қояды. Бала тоқтамаған жағдайда баланың иесін (жолдасын) киізге тігіп, молдаларға оқытып, күлдіреуішке (шаңырақ ортасына) бала 7 ге келгенше іліп қояды. 7 ге толған соң «бала садағасын» беріп, киізді ұлы жолдың бойына апарып тастап келеді. Босағада бала сүрініп кетсе «бірдеме көтере алмай келді, олжа келді» деп төрге апарып аунатады. Тырнақ алған соң көк шөп қосып бірге көмеді, ол – құдай, қаздыра көрме, алдымыздан шығады, о дүниеге барғанда алдыңда өсіп тұрады - деген ырым. Алған шашты отқа жақпа көміп таста, әйтпесе, о дүниелік болған бала отқа қол салып араша болады – дейді. Пайғамбар пайдасы тиеді деп мысық ұйықтап жатқан шекпенінің жеңін кесіп тастап кеткен екен-мыс. Сөйтіп ұйқыдағы мысықты оятпаған. Қазақта мысық қай жерге барып жатса соған қарап үй салу керек, ол жер жайлы болады делінеді. Жаңғырық (ағаш төс) маңына әйел адам жақындамағаны абзал, қырсығады дейді. Сазан пейіш көрген балық, сондықтан оның мың басын мүжісең пейішке барасың – деген ырым бар. Жылымға балық түспей қырсықса, жылымның абағына (ұшына) әйелдің дамбалын байлап, балық түсуін ырымдайды, немесе балық түсіп тұрған біреудің жылымының аузындағы қоржынның (шонтайдың) тасын ұрлап әкеліп, байлайды. Тістің құртын арбау (құртты шақырып түсіру): арқадағы алты құрт, желкедегі жеті құрт, төбедегі төрт құрт, асың пісті түс-түс – деп басқа орамал жауып отырып айтады. Таңдай тіс (ұры тісті) емдегенде «бетіңе күйе жағылғыр» деп екі жағына күйе жағып «мен де қайттым сен де қайт» деп айтады.

Экспедициядан ырымдарға қатысты материал мол жинақталып, фотолар түсірілді. Сыр қазақтарының күнделікті тіршіліктеріі ырымдармен тығыз байланысты екендіктері дәлелденді.

Халықтық медицинада қолданылатын магиялық ырымдар жүйесі: Нәрестені сылап-сипағанда қой құйрығының «күнтимес» деп аталатын ішкі жағының майын шыжғырып баланы сылаған жақсы. Ұшынып ауырған науқас бала «мен ұшынған жоқпын, жер ұшынды» деп кеш батып бара жатқанда үш қайтара тәжім етіп еңкейеді. Бұл жерұшық деп аталады. Су ұшық - судан шошынған баланы сумен ұшықтайды. Дұғалап бетіне бүркеді. Құрбандық малының қаны ем болады деп есептеледі. Оны мақтаға сіңіріп ауырған жерге, жараға басса шипа болады. Тілге теріс-

кен шығуға байланысты жасалатын магиялық ырымдар: - тіліме теріскен шықты, сиырдың көтіне, тіліме теріскен шықты қасқырдың көтіне (осылай 6 адал, 6 арамды айтады). Содан – бұл тілім қайтсем жазылады, былай-былай қарағанша, қарғаның боғын жалағанша, тіфә-тіфә - деп бала түкіріп тастаса сауығып кетеді делінеді. Баланың кіндігі шығып болмаса шиге шаншылып қалған жылқы құмалағын басса жазылады.

Атаулар, этнографиялық сөздер: Сырдың төменгі ағысы қазақтарының айырмашылығы олардың тілдік ерекшеліктерінен, күнделікті қолданатын сөздерінен анық көрінеді. Сыр қазақтарын жоғарыда айтып кеткендей әдет-ғұрыптарына қарай үш топқа бөлетін болсақ, этнографиялық сөздерді де тілдік ерекшеліктеріне қарай да үш топқа бөлуге болады. Тілдік ерекшеліктер 1-ші топта Жаңақорған, Шиелі аудандарынан, 2-ші топта Сырдария, Теренөзек, Жалаңаш, аудандарынан, 3-ші Қармақшы, Арал, Қазалыдан көрінеді. Ал, филолог-лингвистар Қармақшы, Қазалы, Арал өңірін Арал сөйленістік тобына, ал Қызылордадан күншығысқа қарайғы жерлердегі қазақтар тілін оңтүстік сөйленістік тобына жатқызады. Сыр өңірі қазақтарының тіліндегі аймақтық ерекшеліктер, этнографиялық сөздер мен атаулар қорының молдығы кәсіптік лексикадан да көрінеді. Сыр өңірі қазақтарының тілдік, сөздік қорының мол болуы, қазақ жерінің басқа аймағында кездеспейтін сөздердің болуы, әрі өз ішінде өңірішілік-ауданаралық айырмашылықтардың болуы аймақтық ерекшелікті тағы бір қырынан айқындай түседі, әрі этнолингвистика, этнодиалектологиялық қырынан назар аудартады. Экспедиция мүшелері Сыр өңірі қазақтарының сөздік қорындағы ерекшеліктердің қазақ жерінің басқа аймағына қарағанда көп, әрі айырықша немесе күрделі болуы біріншіден осы өңірді мекендеген оғыз-қыпшақ ұлыстарының тілінің бір-біріне ұқсас болып, басқа түркі тайпалардан айырмашылығының болуы, яғни тілдік айырымның болуы тарихи дәуірлерден келе жатқан үрдіс екендігінде, екіншіден бұл жердегі халықтың негізгі денін жергілікті халық қазақтар құрауы, үшіншіден қазақы салт-дәстүрдің басым сақталуы, төртіншіден бұл өңірдің батыс пен оңтүстіктің ортасында орналасуына байланысты деген қорытындыға келдік. *Экспедиция материалдары негізінде күнделікті тұрмыстағы жергілікті сөздер тізбесі жасалды.*

Отбасылық дәстүрдегі ерекшеліктер: Сыр қазақтарының рухани мәдениетінің айырмашылығын халықтық білімдер жүйесінен, отбасылық әдет-ғұрыптардан көрінеді. Сыр қазақтарының наным-сенімдер, ырым-тиымдар жүйесі байырғы архайкалық діни-нанымдармен, байырғы шамандық, анимистік, тотемдік, фетиштік діни нанымдармен байланысты қалыптасқан. Сыр қазақтарының некелесу мен құда түсуі, өлікті жерлеу дәстүрлерінде байырғы көне дәстүрлер жиынтығы сақталып қалған. *Мысалы: Бас салынған табақты дастарқанға тартарда Арал, Қазалыда бастың бір құлағын кесіп алып қалады (ырыс-несібе, құт үйде қалу керек). Ал, Жалағаш, Теренөзекте басты бүтін тартады. Барлық ауданда бастың тісін қағып тастап тартады. Ас қайыру табақты алып кеткен соң жасалады. Ол үшін үлкен адам табақты дастарқаннан алып келінге ұсынғанда ол сәлем етіп алады. да, ас үйге апарып, қайта келген соң, сол үйдің кіші балалары, келіндері түрегеп тұрып бата сұрайды. Ет асарда алдымен кәрі жілік салады. Жоқтау өлеңді «теріс өлең», «қара өлең» деп атайды.*

Экспедициялық зерттеулер Сыр өңірі қазақтарының тарихи-этнографиясын «*аймақтық этнография*» бағытында қарастырудың, сол арқылы қазақ жерінің басқа өңірі қазақтарымен айырмашылығын айқындаудың ғылым үшін маңызы зор екендігін нақтылап отыр, яғни *Сыр өңірін «этнографиялық аймақ»* ретінде тануға толық мүмкіншілік береді. Экспедициядан жинақталған төмендегі мәліметтер Сыр бойындағы қазақы дәстүрдің қаймағы әлі бұзыла қоймағандығын дәлелдей түседі.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ

Дерек кісі: Байділдаева Үрләш. 1950 ж.т., С.Сейфуллин ауылы.

Ат қою. Атын нағашы атасы Үрліхайым деп қойған. Жеңгелері Қаракөз деп айтқан. Күйеуін жеңгелері Таласбек деп атаған, қыздар таласып жүрсін деген. Өзі жиен қайнысы Қадиды Төрежен, Рахимаға деген қайын сіңілісіне Көзжақсым, Назар деген қайнына Тентек, Тұңғыш балаға Бөбек деп ат қойған. Мінезі жеңіл ұшқалақ болғасын бір жеңгелері қайынсіңілісен Зытқы дейді, бірі Күмпілдек деп қойған. Жақсыгүл деген жеңгесі Итемер әкені мінезіне байланысты Тасыранбай деп атаған.

Жүн бояу. Жабағы жүн салалы ұзын болады, иіретін жүнді содан дайындайды. Қырқып алар алдында жүні тазару үшін қойды суға тоғытады. Содан кейін барып қырқады. Қырқып алған жабағы жүнді түрлі-түсті бояуға дайындайды. Ақ жүнді қызылға, сарыға, көкшіл жүнді қанық көкке, ал қара қойдың жүнін қанық болу үшін қараға бояйды. Ол үшін қазанға суды құйып қайнағанда бояуды, бояу қолға жұқпас үшін тұз салады. Содан соң жүнді салады, оны таяқпен іліп алып басқа ыдысқа сыртқа шығарады. Жүнді 5-10 минут қайнатады. Ыдысқа салып баяу суын құйып үстін бастырып тастайды. Темірмен бастырады. Бір күннен соң мұздай суға салып жуып жайып қояды. Күнге кептіре береді. Кілем тоқуға арналған жіпті иіріп алып барып та бояй береді. Кепкен соң түтіп жіп қылып иіреді. Бір қойдың жүнінен екі домалақ шығады, жүннің салмағы қойдың күйіне байланысты, біздің қойлар қаракөл қойлар.

Текемет басу. Күзем жүннен басады. 8 кг. жүннен үшкіл текемет, 9-10 кг. жүннен төрткүл текемет шығады. Күзем жүнді сабайды, майдалайды. Бір киізге 18 қойдың жүні кетеді, Сосын түріне салатын жүнді түтіп дайындап алады. Шиді жайып жүнді үстіне шабақтайды. Оған ыстық суды құйып бір қабатын біріктіріп басып алады. *Басып алу* деген шиді орап арлы-берлі қозғап біріктіреді. Оны шиден алып қойып *шабақтайсың*. Жүн жарты сағатта шамалап бірігеді. Енді шиге жарты жүнді салып шабақтап алып бағанағы алып қойған біріккен жүнді бетіне жаясың. Түрді салғасын үстіне қайнап тұрған су құйып шиге қайта орайсың. Шиді сыртынан шешіліп тарқатылып кетпес үшін арқанмен байлайсың, сосын екі жағынан айқастырып арқанды салып тартасың. Сосын шидің сыртынан білектеп басады, аяқпен де басады. Басу, білектеуге шамамен жарты сағаттай уақыт кетеді. Сосын шиден алып екі жақтан қарама-қарсы төрт-бес адамнан отырып *алақандайды*. Алақандау жарты бір сағаттай болады. Алақандаған соң киізді ұзынан бүктейді, сосын ұзындығымен енін қосып түйе шудасынан иірілген жіппен тігеді де киіз *ширығу* үшін

бір сағатқа жақын *қарпиды*. Қарпуға білекті күші бар ер адамдар көмектеседі. Киіз басуға шамамен 8-10 адам қатысады. Қарпыған соң сөгіп алып бүктеп аяқпен басады, сонда жазылады, оны тегіс жерге жайып қояды. Қолдан текемет басу 1980- 90 дейін жалғасты.

Зікір салу. Енем Шортанбай бидің Қатира деген қызы болған, Аллаға сиынып мадақ айту үшін намаз оқып болған соң, тасбиық тартып отырып зікір салған.

*«Ла иллаһа иллолла,
Илолада пайда бар.
Білмеген құлға лайла бар,
Жатар жерін қараңғы
Шамшырағыңды сайлап ал.»*

Менің әкемнің туған ағасы Маханбеттің Талма деген кемпірі Жалағашта тұрды. Сол әкеміздің Беркімбай Қалпе құрдасы. Ол кезде Беркімбай жұма намазды Түркістаннан оқиды. Содан қайтып келе жатқанда әкемізге соғады. Сол үйге кіріп дәретін алып бесін намазын оқиды, сосын зікір салады. Дәрет алған құманға ақша түйіп кетіп отырған. Үйде адам жоқ болса есік өзі ашылып кететін болған.

Халықтық медициналық білім. Енем бала ауырғанда баланың *тамағын басқан*, баланың тамағын басу үшін, қолға қазаннан күйе алып бір-екі күн, аш қарынға таңертеңгілік сосын кешке күн батарда басады. Бір жерге жара шыққанда күйе жағып қайтарады, себебі жара күйеден сескенеді.

Ұшынғанда жолдың бойына барып, күн қайтып бара жатқанда «мен ұшынған жоқпын жер ұшынды» деп оңға солға үш рет түкіреді.

Ұшықтаудың келесі түрі мұздай суға жеті түрлі затты салып, баланың денесіне бүркіп тігіркендіріп ұшықтайды.

Жоқтау – қара өлең:

*Әуелгі сөзім піссімлла,
Піссімлла бітер сан жылда,
Зарымды айтып зарлайын,
Ал халқым тыңда қынжылма.
Бір пайғамбар Ғайсадай,
Көлге біткен майсадай,
Көрелмай қалған ағайын,
Көрмедім деп аңсадай.
Басынан кетіп базары,
Бетінен кетіп ажары,
Отыз тоғыз жасқа келгенде,
Төтенше болды ажалы.
Байланған белбеу шешілмей,
Бүгілген аяқ көсілмей,
Арманда кеткен аяулым,
Қайғы бір дерті ішінде ай.
Қанатты құстың баласы,
Қияда болар ұясы ай,*

*Қиядан ұя құласа,
Шулап бір қалар баласы ай.
Жылаған бала жұбанар,
Ер жетсе халқы қуанар,
Жайнап та жүрген аяулым,
Қайда барып жұбанар.
Өмірдің кетті тоғаны,
Тоғанды қайтып қияйын,
Жайнап та жүрген аяулым,
Орныға кімді қояйын.
Бәйгеден келген кер ме екен,
Кекілден аққан тер ме екен,
Зарлы бір даусым шыққанда,
Жарымның даусы дер ме екен.
Қой десем халқым қояйын,
Қойдан да жуас болайын, –
деп жылы өткенше жоқтадық.*

Дерек кісі: Ижазова Ақтыным Мырзатайқызы, 1943 ж. т., руы киікші кете, жақып табын келіні.

Кілем тоқу. Бір кілемге бір-екі ай кеткен.

Бесікке салу. Екі-үш күн құндақтап содан соң бесікке бөлейді.

Ат қою. Соғыс жылдарында дүниеге келген соң соғыс тынсын деп Ақтыным қойған. Төркінге бір балалы болғасын қатынаған. Беташарды домбырамен ашқан, тойды келін әбден сіңген соң жасаған. Енем бала таппаған, менің күйеуімді қайнағамнан асырып алған. Өзім қайнағамның үлкен қызы Құлбарамды Еркежан, Тыным қайнымды Жәудір көз, Сейтсұлтан қайнымды Тентек деп атадым. Күйеуімді жеңгелері Ожар деген себебі бұзық болған, өз аты Итемер. Енем Мансұр әкені Төрежан, Зейнолла ағаны Кішкенем деген.

Ақтыным апа үлкен қызының атын атамай Сары қыз деген. Ырым ағаның өз аты Абдолла басында қал болғасын ырымдап атын Ырымхан. Енемде бала тұрмағаннан кейін күйеуім туылғанда жеті иттің бауырынан өткізіп атын Итемер қойған, одан кейінгі ұл соғыс жылдарында туылғандықтан Тыным, одан кейінгі қыздың аты Ран, емдік шөптің аты.

Бесік жыры:

*«Әлди, әлди ақ бөпем,
Ақ бесікке жат бөпем,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін,
Айналайын ақ балам,
Ақ бесікке жат балам,
Алса қолды талдырған,
Балам, балам, баладан,
Тауып алған даладан,
Далада бала жата ма?
Сұрап алдым Алладан.»*

Күйеуім Итемер 1969 жылы қайтыс болған соң бес жылға дейін жоқтау айттым.

*«Қара бір таудың иесі-ау,
Жайлар байдың түйесі-ау,
Салулы төсек салқын үй,
Қайда бір кетті иесі-ау,
Есіктің алды иш еді,
Шиеге қолым тиеді,
Күйеуім еске түскенде,
Ишім бір оттай күйеді,
Мінгенде атым кер ме екен,
Ишім бір толған шер ме екен,
Қайғылы даусым шыққанда,*

*Алған да жарым дер ме екен,
Көп жасатпай көп орған,
Жарасы үлкен жас өлім,
Күн шалған жерге тоз орған,
Күншіл де дүние-ай қас өлім.»*

Мақал:

*«Қатынның айтқанын істесең төркініме көш дейді,
Баланың айтқанын істесең етігіңмен су кеш дейді.»*

Сыңсу. Ақтыным апаның әпкесі Қандила күйеуге шыққанда ағасы Ырысбайды құшақтап:

*«Бір анадан еміскен,
Тай құлындай тебіскен», – деп жылаған.*

Миф. Жетек. Тұрсын әжеміз түйемен отын артып жүргенінде бірде кеш батып кеткен. Кеш түскен соң үйге қайтайын десе бір жерден жылпылдаған отты көрген. Содан ауыл мында екен ғой деп жүре бергенмен ауыл жеткізбеген, есіне Имеқорада жетек болады деп естігені түскен, сосын «ла иллала Мұхамаддан рассулла, астапыр алла, піссімілла рахман рахим» деп кәлима қайтарған, сонда жылтылдаған от жоқ болып кеткен. Өзі ауылдан ұзап кеткен екен, өзін жетек ерткенін түсінген, таң атқанда ауылға жеткен. Имеқора Сейтжан бейітінің маңындағы сайда.

Ырымдар. Көз тиюден сақтану. Көзі түскенді назары түскен дейді. Көз тиген балаға назары түскен адамның ұлтарағын көрсетпей кесіп алып, отқа түтетіп иіскетеді, «Тілдінің тіліне, көздінің көзіне, менің балым (ырым) емес, Би Батыманың балы» деп ырым жасаған.

Қораға қызыл шүберек «*малды болып бара жатыр*» деп көзден қорғану үшін ілінген. *Кәрі жілікті* тісті тигізбей жеп, яғни етін қолмен немесе пышақпен алып жеп малды ұры қарыдан қорғау үшін босағаға іліп қояды. Үйдегі балтаның жүзін есікке қаратып іліп қояды, ол малға қасқыр шаппасын, ит құс тимесін дегені. Пышақты мал тағы да пышаққа ілінбесін деп пышақты шалқасынан тастамайды. Аяқ киімді дұшпаның басыңа шабады деп жоғары қоймайды. Бас киімді басындағы бағың кетеді деп біреуге бермейді. Баланың ит жидесін сақтап қояды, үш ер бала қатар киген итжедені алыс сапарға аттанған адам, жауға шыққан адам төсіне салып шыққан, жауды жеңіп қайтады деген. Баланы қырқынан шығарған соң итжейдеге тәттілер орап иттің мойнына байлап жіберген, балалар тәттіні таласып алып жеген соң, енесі ит жейдені сандыққа салып сақтап қояды.

Дәстүрлі материалдық мәдениет үлгілерінен киіз үй, ошақ, шаққыш, көленер бұйымдарын сақтап отыр.

Дерек кісі: Сәкенов Бектібай. 1939 ж. т., руы көшей-табын.

Қыстаулар: Құндызды май, Майқора, Имеқора, Оразақ тамы, Ақтам, Сақылдауық. Қазір орындары жоқ.

Жайлаулар: Кебек, Қазымбет көлі, Кіші Байсары көлі, Үлкен байсары көлі, Құндызды көлі, Балтажарған, Нұрбай, Түрнийаз көлі. Байсары көлі мен Құндызды көлдері арық арқылы жалғасады. Бұл көлдер Қараөзек сағасы жағасында. Наурыздың басында Қызғалдақ көктеуіне, одан әрі Қарақұмға көшкен. Жайлауға Қараөзектің мұзы ерімей тұрып өтіп алатын, қыстауға қарашада оралады. Қой отарына *ықтырма* деп аталатын қораны сексеуілден соққан.

Жадыра (ментр) шеңбері сыр талынан иіп жасайды.

Тораңғы Шіркейлі, Қоғалы көл жақта, *тобылғы* қыр жақта өседі. Жергілікті қазақтар «қыр» деп Арқа жақты айтады. Қараөзектен әрі қарай, солтүстік бағыт, ол жақ биік, Сырдың жағасы ой болып келеді.

Арқан есу. Ешкінің қылын ұршыққа салып иіріп, арқанның ұзындығына қарай үш тінді үш әйел ұстайды. Үш адам бір бағытқа бұрап отырады, керегенің ішіндегі адам оны реттеп отырады, артындағы адам оны алақанымен реттеп отырады. Ешкінің қылы мықты болған, мұны *қыл арқан* дейді. *Кендір арқанды* кендірден ескен. Арқан үш, төрт тінді болады.

Малдың бойынан шыққан «*өнімді*» де қазақтар қажетіне жаратқан. Қойдың қорадағы құмалағы жиналып қиға айналады. Қойдың құмалағы бірігеді, ал ешкінің құмалағы бірікпейді. Қи 1 жылдан аса жатса көңге айналып, органикалық тыңайтқыш болады. Сиырдың мен түйенің жапасының кепкенін де *тезек* деп атап, оны отқа жағады, нан көмуге жаратады, кешке масадан қорғануға түтіндік салуға пайдаланады. Жылқы тезегін қақпан бетіне сеуіп, жыртқыш аңды шақыруға қолданады.

Мал дәрігерлік білім. Сиыр желіні ыза жерде жатып қалғаннан іседі, оған итаяқты шоққа қыздырып үш рет басады. Бұзау тіліне қылау түссе ембей қояды, оны пышақтың ұшымен алған. *Қылау* білеудей болып тұрады, оны кесіп немесе шұқып алған. Сиырдың тұяғы *сарып* болады, сарыптың белгісі тұяғы іріңдеп түсіп қалады, оған ыстық суды 3-4 күн қатарынан құяды, содан кейін ісік қайтқасын өз қалпына келеді, егер түсіп қалған болса жаңа тұяқ өсіп шығады.

Аусыл аузы көпіріп сілекейін жұта алмайды, оған қашан ауру қайтқанша аузына тұз себеді. Өт бауыры ауырып денесі сарғайып, басы салбырап кетеді, шөп жемей қалады, оның денесіне мұздай су құйып емдейді.

Жылқының *шеміршек* ауруы жылқының шаршауынан болады. Мұрынға шыққан шеміршекті пышақпен тіліп алады. Жылқы бір терлеп бір суықтағаннан таңдайы өседі, жылқы шөп жемей шайнап тастап отырады. Ол үшін ағашты істіктеп алып, отқа қыздырып алып, таңдайын теседі, сонда таңдайынан қара қан ағады.

Отбасылық дәстүрлер. Енші беру. Бала бөлек кеткенде дүние, мал бөліп береді. Қыздары бірінші баласымен алғаш келгенде жиенге мал атайды, оны *енші бас* дейді, атаған мал құлағына енші салады. Үлкен ата яғни әулет үлкені тұрған үй кейін сол үйде кенже бала тұрса да *үлкен үй* деп аталады.

Ырымдар: шаңырақты үйдің төбесіне қояды; ауыз омырқа ілу, шеміршек жапсыру, малдың бас сүйегін ілу, иттің бас сүйегін сақтау.

Бектібай әкесі Сәкен, оның әкесі Бәйменнің шаңырағын ұстап отыр.

Бәйменнен Жиенбай, Қарымсақ, Сарымбай, Сәкен, Дәрібай, Толыбай атты алты ұл туған. Келіндер ауылда Қарымсақ атты кемпірді әлі күнге атын атамай Батыр қыз дейді. Себебі Қарымсақ аталарын жеңгелері ұрда-жық мінезді болғасын батыр деген. Жеңгелері Бектібайды Шырақжан, Төленбайды Төрем, Боранбайды Тентекжан деген. Темірбайды Бектібайға, Өмірбайды Төленбайға еншілес етіп берген. Жиенбайдан Дүйсенбай (одан Боранбай), Сәрсенбай (одан Қыдырбай), Сәденбай, Үсен. Сарымбайдан Кәдірбек, Кәрібай, Кәртай. Сәкеннен Бектібай. Дәрібайдан Қанапия. Толыбайдан Қорғанбек.

Еншілес етіп баланы ағасы бауырына басып, қамқорлыққа алады. Сүндетке отырғызады. Ауыл балаларын Сары қожа сүндеттеген.

Өлікті жөнелту. Дәуір айналдыру, ысхат, підиа қазіргі таңда жоқ. 1957 жылы Рая апаның үлкен әкесі Әбдіқалық қайтыс болған. Сол кезде бес молда құранды қатар-қатар отырып асын берген кезде оқыған, оны *қатым құран* шығару дейді. Өлікті үш күн түнету 1960-1970 жылдан бастап пайда болған.

Бата оқығанда табақ жасап барған. Яғни табаққа нан салма, ботқа т.б. тамақтар салып келген, себебі өлік шыққан үйде тамақ асылмаған.

Көр қазу ұзындығы екі, ені мен тереңдігі бір метрдей болады, көрді сол жағынан үнгиді де мәйітті салады, оны *«сыртқы үй»* деп атайды, қазір жер босап кеткен, сондықтан сыртқы үйді қазбайды. Бейітті бұрын шикі кірпіштен соққан, кірпіштен соғу 1960-1970 жылдардан бастап қалыптасты.

Ырым. Түнде қорадан мал бермейді, малдың басы бұзылады. Мал сатқанда бас жібін және басынан жүн қырқып алып қалады. Жүнді киіз босағасына немесе қора аузына тығып немесе іліп қояды.

Дерек кісі: Сәкенова Рая, 1948 ж.т., көшей-табын келіні.

Есік ашқанда тойлық мал, отқа құярға қой апарған, киіт орнына мата жүрген.

Үйде босану. Үйде босандырып алған соң баланың кіндігі мен жолдасын ит қазбайтын жерге дән тастап барып көмген. Бала кідіріп қалған жағдайда самаурын қайнатады, қазанға дән немесе ет қуырған, келі келісап түйіп «түсті ме, түсті ме» деп күріш түйген. Отқа май салып босандырған әйелге иіскетеді, ол толғағы жұмсақ болсын дегені.

Халықтық медициналық білім. Бала *иттидіме* болып ауырғанда, ит орнына аунатады, иттің құлағынан қан ағызып, соны маңдайына жағады. Баланың ыстығы көтерілгенде қасқырдың өңешінен су ішкізген. Қасқырдың өтін кептіріп қойып, суға езіп, алақанға табанға, қолтығына жаққан.

Шала туылған баланы *«күні жетпеген бала»* деп оны тымаққа салып, кереге басына іліп қойған.

Дерек кісі: Пірмаханова Шәрбан. 1923 ж. т., руы қарақойлы, жақап табын келіні.

Ат қою. Жеңгелері «*Кішкене қыз*» деген, себебі келіп түскенде жаңа ғана отыратын бала болған екен. Әкесінің аты Көшер еді, оны жеңгелері Жөней деген. Ат қоюға ене көмектескен. Досмырза деген қайнағасын қызметіне «Мұрап қайынаға», Ізбасар ағаны «әкім қайнаға», Тоқшылық деген қайнысы білімді, оқыған болғасын «молда бала», Әсие қайын сіңлісін «молда қыз» деген. Шәрбан өзі тұңғыш қызының атын атамай Нэзтай орнына Нэзік деген. Арық деген кісіні келіндері «бастық қайнаға» деген.

Отбасылық дәстүрлер. 1941 жылы тұрмысқа шыққан. Беташарда келінге сәлем салдырған адамы сақина, жүзік, орамал салған. Беташарға ауылдың күйеуге шықпаған қыздары жеңгелерімен келген. Ер адамдардан жақын туысқандары болады. Орамал басына ақша түйіліп, ол ақшаны шалдардың үлкені алып басқа шалдарға бөліп береді.

Неке қиюда молданы шақырып, ағайын туғандары жиналады. Молда қыздан өз ықтиярларыңмен келдің бе деп сұрайды. Келіннен «ата енемді, үлкенді сыйлаймын» деп уәде алады. Уәде неке суын ішер алдында беріледі. Соңынан дұға оқылады. Неке қию беташардан соң болады. Неке қиюдан соң келін шәй құяды. Шәйді алдымен ата-анасына береді. Олар «балам шайы тәтті екен» дейді. Молдаға көйлек шапан береді. Молда қожалардан болған. Жаңа түскен келіннің екі қолтығынан ұстайтын әйел таза, бұрын бала туған, ауруы жоқ болуы керек. Алғашқы төсекті күйеудің жеңгесі салып берген. Төсек салған жеңгесіне күйеу жігіт көйлек кигізген. Төсек салған жеңгесі ертесіне төсекті жинап, сыннан өткізген.

Жаңа түскен келінді кәделеп шақырмайынша біреудің үйіне кірмейді, шақырған үйге «ілу» алып барады. Ілуді ене дайындап береді. Тұңғыш бала туғанда да шақырмайынша келін туысқандар үйіне бармайды.

Шетінеген баланы жерлеу. Нэзік деген қыз екі жаста, Үбайділла деген бала тоғыз айлығында қайтыс болды, сонда бесігін екі жолдың қиылысына апарып тастадық. Балаға көз тиген, маңдайында аттың жалындай кекілі болған, біреу мына баланы өзің тудың ба деген екен, содан соң ауырған. Сол күннен бастап ауырып денесі қарайып кеткен. Шетінеген баланы жерлегенде Солмесек атамыз «бұл баланы берген құдай» тағы да береді, деп басу айтқан, сонда артық кеткен екенбіз деп жылағанды қойғанбыз. Осы күні Қараөзекке баратын жолда апарып тастаған бесік бар. Бала өлгесін бір шешен шеберге бір өгіз беріп қайта бесік соқтырдық. Сол бесікке Ұлболғанның бар баласы жатып шықты. Ұлболған, Ұлбосын, Ұлтай, Ұлмекен, әлі ұлдан дәметіп жүрміз деп Дәметкен деп қойдық, содан кейін Құрманғазы туылды. Үбайділла туылғанда Есекей деген шалды шақырып ат қойғызып, шапанының шалғайына жасы ұзақ болсын деп оратып алғанбыз.

Ырым. Түнде құдықтан су тартпайды, себебі судың перісі болады.

Көзі тиеді деп секем алған адамға «*түкір*» деген, ұлтарағын немесе киімінен көрсетпей кесіп алған. Балаға *көз түйме* қадайды. *Күйе жаққанда* от жаққан ошақтың оң жағынан немесе қазанның түбінен алады. Балаға *қызамық* шыққанда шешесі кір

жумайды, әрі үйде ұрыс-керіс болмау керек. Есікке қызыл шүберек байлап қояды, соған қарап, баланың ауырып қалғанын біледі. Қызылшаның атын атамайды, оның «оң», «терісі» болады, ол майда болса «теріс» дейді, ірі болып шықса «оң» дейді. Ауырған баланы жылы ұстайды, оған салқын жақпайды дейді.

Құрқылтайдың ұясын ыстық суға салып, соған бала көтере алмай жүрген әйелді отырғызған.

Босағаны *керме* дейді, босаға мықты болған, керсең үйге адам кірмей қалады деген. Табалдырыққа шықсаң бойың өспей қалады.

Баланы әулеттің үлкен әжесі кіндігі түскен соң шомылдырған, судың ішіне білезік, жүзік салып таратқан. Қырқынан шыққанда тағы күміс жүзіктер салған. Баланың иткөйлегіне ақша, тиын, тәттілер, сөк байлап иттің мойнына байлаған, алғашқы иткөйлегін ешкімге бергізбеді. *Иткөйлекті* бала өміршіл, жұмысқа бейім болсын деп ит мойнына байлаған, содан кейін алып тығып қойған, жолға шыққан, жауға шыққан адам иткөйлекті төс қалтаға салып шыққан.

Босандыру. Бала тудыруға бір екі әйел қатысады. Кіндік кескен әйелге көйлек береді. Кіндік кескен әйел босандырған әйелге көже әкеп береді. Толғатқан әйелді оң жақ босағаға түрекелтіп қойған бақанға асылдырған. Баланың *жолдасын* оң жақ босағаға көмген.

Дерек кісі: Рахметов Құдайберген, 1940 ж.т., С.Сейфуллин атындағы ауыл.

Күзем жүн қой малы жазды ыстықтамас үшін, мал қоң жинау үшін қырқылады.

Аңшылық. Әкесі Өтелеуов Рахметтің аңшылыққа пайдаланған білтелі шиті мылтығын сақтап отыр, ол 150 метр жерден аңды осы мылтықпен көздеп атқан. Қоян аулауға кешкісін шыққан, қоянның даусын «бә-бә» деп салғанда қояндар қасына қаптап келген, бір атқанда бір оқпен 2-3 қоянды атып алған. Қоянды қабатпен келуін күткен. Аңға шығарда әйелі «қанжығаң майлы болсын, қазан аузы жоғары» деп шығарып салады. Ал балықшы балыққа шығарда «өлеңдей көбінен, өгіздей зорынан бұйырта көр» деп айтып шығады.

Қасқыр қақпанды құру үшін жерді тереңдеп қазып, «*тоқпақ*» деп аталатын шынжырын қалқы астына тастайды, үстіне қақпанды құрып, оның үстіне жылқы тезегін үгетіп жабады. Аңшы ізін жасырып, сыпырып кетеді, 2-3 күн өткесін барып қарайды. Түскен аңды ұрып немесе атып алады. Осы күні Құдайбергеннің Бағдат деген баласы аңшылықпен айналысып, 5 жыл бұрын 48 қасқыр алған. Әбдікамал ұста соққан 15 қақпанды сақтап, әлі күнге қолданып отыр.

Қақпан шылбыры 2 метрге дейін жететіні бар. Шынжыр басындағы темір «*тоқпақ*» деп аталады. Қақпанның «*түнлігі*» киізден жасалады, оны астыңғы шеңберін жауып тұратындай етіп дөңгелектеп кесіп дайындайды, түнлікті қыста қатып қалмас үшін резенкадан қолдан кесіп жасайды. Аң түнлікті аяғымен басқан кезде қақпанның серіппесі қозғалысқа еніп аң аяғын қысып қалады.

Зарап – зәрі өте улы жәндік. *Қарақұйрық* – аң патшасы, оның аты шықса барлық аң жата қалады екен.

Қабан қақпан – ұзындығы 80 см, биіктігі 25 см, шеңбер диаметрі 35 см.

Тышқан қақпан – ұзындығы 20 см., биіктігі 7 см., шеңбер диаметрі -11 см., шүрітпе шеңбері 4,5 см.

Мес ұзындығы – 120 см.

Жолбарыс қақпан – ол қабан қақпаннан ірі, ол Асқар Тоқмағамбетов ауылының тұрғыны Жақупов Бақтиярдың үйінде болған, ол қақпанды қалың қамыс арасынан тауып алған. Кезінде бақшасын жабайы шошқалардан қору үшін құрып қойған. Жолбарыс қақпанда темірдің өзінен соққан тістері болады.

Дерек кісі: Мырзашұлы Баяхмет. 1953 ж.т., руы қырық-табын. Сырдария ауданы, Махамбет ауылы.

Анам - Рабат Жәкенқызы (1922- 10.07.1999 жж.). Руы - Метей сарықасқа. Үлкен әулеттің келіні болып атақты ақсақалдар мен қари молдалар оның қолынан талай шәй ішіп олардың әңгімесіне қанық болған, баталарын алған кісі. Атыңнан айналайын асыл анам! Шілде айы болғандықтан анам өзінің нашарлағанын біліп, шілденің аптабынан қорықып «көзім жұмыла сала апарып тастаңдар» деп қайта-қайта айта берді. Мен ол кезде түсінген жоқпын. Бірақ көзі жұмыла салысымен табиғаттың құдіреттілігін көрдік. Бір сәтте шілденің аптабы күздің қара суығына айналып, жер бетінде шегірткелер жауып кетті. Жұрт жылы тондарын, пальто киіп алып қызмет атқарды. Бұл құбылыс кездейсоқ па, анамның тілегі ме, ол жұмбақ дүние. Түні бойы үй ішінің қабырғасын тұтастай шегіртке жауып тұрды, таңертең жоқ болды. Бұл не құбылыс? Үшінші күні жаназа шығарып жатқан кезде күн беті ашылып, шыға бастады. Мұндай құбылыс жұрттың барлығын таң қалдырды. Менің көкірегімнен ол күн кетпей қойды. Ұсынылып отырған жоқтаудың қайтыс болғандағы 1-нұсқасы сақталмағандықтан кейінгі жылында, яғни асында қарындасым айтқан сағыныш - жоқтау нұсқасын беріп отырмын.

Жоқтау – қара өлең:

*Сорғалап аққан көз жасым,
Түсінер кім бар ол да сын.
Жетім болып жатқаным,
Білер екен мұны кім.
Екі жылдың бес күні,
Ақ анамсыз өткені.
Сыпай алмай маңдайдан,
Үлгіре алмай кеткені.
Жанар тайып дем бітіп,
Анашымның кеткені,
Өкінішім өзекте,
Тұра алмадым кезекте.
Кешігіп ап жеткенім,
Қажет болдым күзетке.
Қарақат көз қасыңнан,*

*Қайта-қайта өбкенім.
Дүниедегі асылым,
Сен бар кезде тасыдым,
Бір-ақ сәтте ғайып боп,
Мені тастап кеткенің.
Ащы жастың тамғаны-ай,
Бұл дүниенің жалғаны-ай.
Еркелеген күндердің,
Елес болып қалғаны-ай.
Көкірегің ақ еді,
Тәңір білер пәк еді.
Жастанғаның «Мұхтасар»,
Көргенде жұрт таң еді.
Дүние кеңін қайтейін,
Мұңды сазды шертейін.*

Табаныңмен даланы,
Баса алмадың қайтейін.
Жаутаңдады жанарың,
Төмен түсті қабағың.
Қолдан келер дәрмен жоқ,
«Қош» дегендей қарағым.
Өмірімнің бар мәні,
Суызандай тұр тәні.
Қинағаны-ай тәңірдің,
Қысылып кетті-ау қу жаны.
Қош анашым, кеш жаным,
Болып едің бар сәнім.
Қақпасына пейіштің,
Жеткізгейсің, Тәңірім!
Қорғансыздың күнiндей,
Жанжал соғыс түнiндей.
Жаратқаным өзгертті,

Қара бұлтты түйiндей.
Шегiркенiң жауғаны-ай,
Табиғаттың жанжалы-ай.
Жан тапсырып жан анам,
Мұзды дене жатқаны-ай.
Мына дүние жалған-ай,
Құр сүлдерi қалғаны-ай,
Шырылдауық шегiртке,
Ол да жоқтау салғаны-ай.
Қайғыменен қайыстым,
Анашымды мен құштым.
Өзiң ғана нәр берген,
Жемiсi едiм мен тұттың.
Қош анашым, қош жаным,
Артық кетсем, кеш жаным.
Рухiңе Алланың,
Нұры жаусын, анашым!

Дерек кiсi: Созақбаев Бердiбек, С.Сейфуллин ауылы.

Созақбаев Бердiбек С.Сейфуллин ауылының тұрғыны марқұм Сейтжан Сақтағановты еске алып Жүніс Жұмабаев шығырған жоқтау-еске алу жырын сақтап отыр.

Жаны жаз, көңiлi көктем жаратылған,
Жан едi адалдықтан дара туған.
Ондай жан өте сирек кездеседi,
Өмiрден өз орын ала туған.
Дүниеге келдi кеттi қарамайтын,
Адамның бiреуiн жат санамайтын.
Бiр мiнез ол кiсiде болған емес,
Әркiмдi шенге қарап бағалайтын.
Әрi дос, әрi туыс, әрi әкеңдей,
Жалған жан жақсылықты дәнекердей.
Былай деп айтқан жанды естiген жоқ,
Дейтiн ед жұрттың бәрi бәрекелдi-ай.
Жиында ел бiрлiгiн бастайтұғын.
Шындықтан әрқашанда аспайтұғын.
Жаны қас өтiрiк пен жамандыққа,
Қисайып қиянатқа баспайтұғын.
Дүниеге келгенде адам өзi жылап,
Өзгенi қуантатын, күлдiретiн.
Өлгенде ол адамға жұрты жылап,
Қойнына қара жердiң ендiретiн

Өткенге өкiнгенмен пайда бар ма,
Адамда ажалға iстер айла бар ма,
Қаның мұз, жүрегiң тас болмаса егер,
Осындай өкiнесiң асыл жанға.
Құлғаниша болды әрине сiзге де ауыр.
Боп қалды бүтiн жүрек ендi жауыр,
Болат бол болған iске деген
Етсiн тек азаматтың артын тәуiр
Бiрi iнi, бiрi перзент Бақыт, Шамшат,
Сендер де жүрсiңдер Сәкеңдi аңсап.
Отанның ендi өздерiң иелерi,
Сендерден басқа кiм бар ойға салсақ,
Адымды баяны жоқ дүние бекер,
Дүниеден дәм таусылса әркiм өтер
Бәрi де адамзаттың аз күн қонақ,
Бiр мезет жер бетiне соғып кетер.
Сақтасын әке бардай жас уағын,
Жайқалған ортаға жас жапырағы,
Айтылар Сәкең жайлы бiр-ақ лебiз,
Марқұмның торқа болсын топырағы

1890 ж. т., Құланбайұлы Мамыт ақсақалдың шежіресі. Жазып алған Абдірахманұлы Аманжол. 1940 ж. т. Терезөзек ауданы. (Алматы қаласынан жазып алынды)

Ат қою. Кіші жүз Жетірудің Табын тайпасының Шөмішті-Табын Бозымның Тоқсиық тармағының Есенбай руындағы Көшей атасы тараған Көшейдің шын аты Нәдір болған. Нәдір Есенбайдың үлкен баласы болғандықтан оны Есенбайдың шешесі бауырына басқан, оны келіндері «*енемнің баласы*» деген. Көш кезінде басқа балаларымен қатар өздерімен бірге ілесіп көшетін болған соң келіндер «*Көшей*» деп ат қойып, өзінің шын аты ұмытылып кеткен. Көшей бүтін бір аталықтың атына айналған.

Материалдық мәдениет мұраларының сақталуы. С.Сейфуллин атындағы ауыл.

Созақпаев Талапберген. 1967 ж.т., С.Сейфуллин ауылы.

Әбдікамал ұста 1927-2004 жылдары өмір сүрген. Жеті атасынан бері ұсталық жалғасып келген, әкесі Созақбай, оның әкесі Меңліқара, одан кейін Әбдікамал темір ұстасы болған, көрігін баласы Созақбаев Талапберген сақтап отыр. Көріктің ұзындығы 140 см, ені 65 см. 14 жасында жетім қалған, 16 жасынан бастап ұсталықпен айналысқан, ауыл ақсақалдары әкенің жолын ұстайсың деген. Әбдікамал ұстаның балғашысы Белдонғардың қолы қарулы болған. Жасаған заттарын сатпаған, шаруашылық, тұрмыстық бұйымдарға тапсырыс берушілер өздері рахметін айтып отырған. Келіні көрік тұрған сарайға сәлем салып барып кіреді. Ауыл адамдары ауырған балаға көрік аузынан су ішкізеді. Талапберген Әбдікамал ұстаның ұсталық заттарын, құрал-жабдықтарын, сандықтарын, ағаштан жасаған келі-келісап, күбісін, ұста киген күпісін, балықшылық сүзекісін сақтап отыр.

Сейделова Ғайни енесі Бекенқызы Анаштың (руы керейіт, жақап табын келіні, 1910-1998 жылдары өмір сүрген) үйіндегі көне сандық, кілем, шилерді келіні сақтаған, қазір ұлы мен келіні сақтап отыр.

Арықов Серікбол енесі Мыңбаева Айттықыздың диірменін сақтап отыр. Руы барлыбай табын. 1922-2003 жылдары өмір сүрген. Серікбол құмай тазы баптайды.

Мығымбаева Пәреш Қуандыққызы өзі тоқыған қоржын мен ат дорбаны келіні сақтап отыр.

Мырзатаева Тұрсынай 1956 ж. т. Әке-шешесі бала көтергеннен ұл туады деп қамшы өрген, сол қамшыны сақтап отыр, сабы тобылғы, өрімі қайыс.

Әбдірова Бақыткүл. 1947 ж. т., руы жақап-табын. Енесі Тәженова Сәрсенкүл 1909-1983 жылдары өмір сүрген. Енесі тоқымашы болған, енесінің киіз үйін, тоқыған қоржын, ат дорба т.б. бұйымдарын сақтап отыр. 6 қанат киіз үйді 1935 жылы конфескеленген байдан, Ташкентке кетіп бара жатқан жерінен, азық-түлікке айыр-бастап алып қалған.

Ою аттары – есік оюы, жыншыр, балық көз, патносгүл, ирек оюды су жүргізу дейді.

Өрқараұлы Бақтияр. Өрқара Мырзашұлы, 1893-1961 жылдары өмір сүрген, Телқара, Өрқара, Қызқара деген үш ұл болған. Өрқараның ұлы Бақтияр әкесінің ат мойнына тағатын қоңырауын, қырық өрім қамшысын сақтап отыр. Руы ошақты. Бақтиярды жеңгелері әнге әуес болған соң «Салжігіт» деп атаған.

Райымқұлова Әлима 1923-1990 жылдары өмір сүрген, оның арабы, тықыр кілемін қызы Майдаш сақтап отыр.

Бәкіров Қайрола. 1908-1980 жылдары өмір сүрген, руы барлыбай-табын. Тымақ, тақиясын баласы Шерімбет Қайроллаев сақтап отыр.

Зейінл Садықова - ошақ иесі, келіні Бермағамбетова Жұмакүл сақтап отыр.

Шәрімұлы Талғат. 1965 ж.т. Бәйтен бабаның туын 7-ші ұрпағы Шерімұлы Талғат сақтап отыр. 1965 ж. туылған. Бәйтенге Байқадам батыр «Әйбала туға еге боласың ба?» дегенде «Бір кез шүберекке еге бола алмайтын езді қайдан таптың» деп байталының сауырын тартып жібергенде аттың сауыры осканнан тілініп кеткен екен. Халық арасында «Тоз найзалы Бәйтен» деген аты шыққан. Тоз қайыңның қабығы, оны найзаның сабына ораған. Ондай найза ауыр болған, Салмағы 30 кг-дай тартқан, сол найзаны үш саусақпен ойнатқан. Ол найзаны иіріп барып түйреп жауын лақтырып жіберген.

Бәйменова Қойсын, 1898-1975 жылдары өмір сүрген. Арабы кілем, түкті кілем, текемет, күбі, келі-келісап, сандық, ағаш шарасын, диірменін келіні Сәкенова Рая (1949 ж. туылған) сақтап отыр.

Аяғанов Балапан, 1967 ж.т., Сырдария ауданы, С.Сейфуллин ауылы.

Анасы Қаршыға отырған қыстау үйді, жиһаз, жабдықтарымен сақтап отыр.

Дерек кісі: Нұрашова Гүлзинат, 1923 ж. т., руы жаппас қонақбай, шеркеш келіні. Сырдария ауданы, Нағи Ильясов ауылы.

Шаруашылық. Аталары Қаңлықөл қыстауында тұрған. Қараша айында Қаңлықөлде мұз қатып жатқан, жаппастар сол кезде қыстауға оралған. Ертеде бір ауылға 5-6 үйден бөлініп отырған. Соғыс жылдарында Мақпалкөл деген жерде арпа, бидай екен. Күріштік басына киіз үй тігіп отырып, күріштікке қараған. Арық қазу, канал қазуға ауыл болып жұмылдырылған, қол еңбегімен қазылған. Сырдың, Шіркейлінің жағасында отырған ауылдарда су мол, егін болғасын, тасаттық беру болмаған.

Тасаттық апаттан құтылу үшін құдайы жолына берілген. Сырдарияның екі бетіне қатынау үшін көлік ретінде қамыстан «сал» жасалған. Оны қамыстан тығыз етіп буып жасайды.

Соғыс жылдарында, одан кейінгі жылдардағы қиын кездерде үйленгендер арасында бір-біріне кәде жүрмеген.

Құдық. 4-5 үй бірігіп бір құдық қазған.

Өз әкесі Нұраш, оның әкесі Нүркен «кірекеш» болған, байлардың кіресін тартқан, үйіне 3-6 айда бір оралған. Әйеліне «Әндіжан бардым, Марғұлан бардым, Пішкек бардым, Тоқмақ барды, бірақ сендей сұлуды таба алмадым» деп келеді екен.

Рулық құрылым. Жаппастар ішінде қонақбайдан тараған қарақұл, сатыбалды, байқадам, өдекі аталары бір бірімен қыз алыспайды.

Баспана. Жертөле «жеркепе» деп те аталған. 1 бөлмелі, терезесі төбесінде болады, әйнек таппағандар қойдың қарнынның бүрін тазалап тартқан. Жерден төмен қарай ор тәрізді есікке кіретін жол қазады. Жоғарғы жағына шеңгел, жыңғыл салып көтеріп, топырақ етіп үйеді. Жертөледе отыру 1940 жылдарға дейін сақталған. Қақыраны әркім өз күшімен соққан. Қақыра соғу шашамен 1934 жылдардан бастап кең өріс алған.

Дін. Кеңестік дәуірде пітір, садақаны молдаға жасырын берген.

«*Нан қайғы*» ашаршылық кезінде қолданған сөз.

Ат қою. Жеңгелері «бөпежан» деп атаған, әкесінің інісі үйленгенде бұл отыратын бала болған, жеңгесі соған байланысты атаған. «Ат тергеу» қазақ ауылында өте күшті болған. Күлзинат деген ислам аты, оны ауыл молдасы кітап ашып азан шақырып қойған.

Балықшылық. Сырдарияға желі қармақ салатын болса кендір жіптің бір басын дария жағасындағы талға немесе ағаш қазыққа байлап, екінші басын қайықпен тартып балықшы дарияның ортасына дейін барған. Жіптің екінші басын дария ортасына бос тастайды. Желі қармаққа бірнеше қармақ қатар құрылған. Желі қармақ құруға 3 балықшы қатысады.

Көлге ау құрады, көлдің балығы майда болады. Ауды ер адамдар тоқыған. Аудың бір басын көл жағасына ағаш қазық қағып байлап, екінші басына тас байлап, көлдің ортасына тастайды. Сырдарияда жайын сияқты ірі балық болған, ал көлде табан сияқты майда балық болады.

Аңшылық. Қаңлықөлде құс көп болған, «адал құс» деп қаз, үйрек, қасқалдақ, қырғауыл сияқты адам өз қажеті үшін аулайтын құстарды атаған.

Бұрым. Шашты құс алып кетіп, ұя салса бас ауырады деп жерге тастамаған, өртеп жіберген немесе көміп тастаған. Тырнақты о дүниеге барғанда жер тауып береді деген.

Ауызды қатты ашып есінеме, есегім ақырды деп қуанады дейді.

Басына қолыңды артқа қайырып «тарақтап» қойма, жамандық шақырасың дейді, себебі жаугершілік заманда тұтқынға түскен адамның қолын басының артынан тарақтатып қойып әкелген дейді.

Жерұшық бергенде жерге үш рет тізе бүгуі жерді қасиетті санаумен байланысты, «су ұшық» беру су бүркіп денені тітіркендіріп, ауруын шошындыру үшін жасалады.

Көлге, өзенге кешкісін күн батқасын суға түсуге болмайды, су перісі алып кетеді.

Өлікті жөнелту. Арнайы біреу үшін шақыртылып жоқтау айтқан әйелге, «табақ» жасап қайтарған, тамақтан сарқыт, шәй, көйлек (мата) берген.

Бұрынғы кезде күніне үш мезгіл қара дауыс шығарып жоқтау айтқан, жылына өзінің мінген атын сойған. Нағи Илясов ауылында Ажар әжей қара жоқтау білген.

15 жасымда әкем өлгенде шешем:

*«Асқар тауым құлады,
Айдын көлім суалды,
Көл суалып саз қалды,
Ақсұңқар кетіп қаз қалды», - деп жоқтаған.*

Өзім шалым қайтыс болғанда туыстарының алдында былай деп жоқтадым:

*«Асыраған балаңның,
Қызығында көрмедің,
Көз алдымда жан бердің,
Сонда мен неге өлмедім.
Қыздан қалды тұяғың,
Көмескі жандау шырағың,
Ұлдан қалса тұяғың,
Маздамас па еді шырағың.
Туысқан туған болғанмен,
Өз тілеуі өзімен,
Артында қалған мен бейбақ,
Сүйенер жерім аз қалды.
Есіктің алды жау қияқ,
Қалмады сенен бір тұяқ,
Сенен қалса бір тұяқ,
Жыласпа едім мен бейбақ.»*

Дерек кісі: Алдоңғаров Ғабдолла. 1959 ж.т., руы дулат. Асқар Тоқмағамбетов ауылы. Тотпан ұста ұрпағы.

Тотпан ұста басына бала көтере алмаған әйелдер барып түнеген. Абайдың әкесі Құнанбай Сыр өңірінің байы Мырқымен бірге қажылыққа барғанда такие (қонақ үй) салдырған, оған кімнің атын қоямыз дегенде «ең қайырымды адамның» атын қояйық деп келісіп, Тоқпан ұстаның атын қойған. Өзінің шын аты Момынкұл, Тоқпан жеңгелері қойған ат. Момынкұлдың баласы Бұғыбай, оның баласы Алданазар, оның інісі Мамырай да ұста болған. Алданазар қарақойлылар мен жаппастардың, Мамырай найман ауылының ұстасы болған. Еңбек ақысына тапсырыс берушінің бергенін алған. Темірді қыздырып отырып, жазып балқытқан. Көк жидені шауып, шала өртеп, шоғын алған, оның қызуы көпке дейін барған, оны көрікпен үрлеп отырған. Тапқан темірден зат жасай берген. Бұғыбаймен замандас Бәкір деген кісі де ұсталықпен айналысқан. Алданазардың Рүстембек, Нұғыман, Аманкелді деген үш ұлының ішінде Рүстембек шебер болған. Рүстембектің ұлы Ғабдолла қазіргі таңда ұста дүкенін сақтап отыр. Нұғыман мен Аманкелді де пышақ, кетпен сияқты шаруашылық заттарын өздері соға берген. Қазіргі таңда олардың да балаларының темір-терсекті жөндеуге, ұқсатуға бейімі бар. Алданазар ұстаның қолы қарулы, бір саусағы екі елідей болған деседі. Алданазардың Искендір, Нұрмат деген інілері зергерлікпен айналысқан, Искендір соғыста қайтыс болған. Аталарының қол көрігі қазіргі таңда Сырдария аудандық музейінде сақтаулы, Ғабдолла кейін өзі қолдан

көрік жасаған. Алданазар темір және ағаш шебері, ал Тоқпан тек темір ұсталығымен айналысқан.

Ғабдолла сақтап отырған дүкенде бейсенбі, жұма күндері балғаның діңгілі естіліп тұрады. Ауылдағы қандай да бір дертке шалдыққан кісілер дүкенге сәлем беріп келіп, құран бағыштайды, бала көтермей жүрген әйелдер келіп түнейді, кейін бала көтергендері болған. Дүкенді ұстап отырған Ғабдолланың әйелі дүкенге кірмейді, себебі ұста атасы мен енесі әйел адам кірмесін деп айтып кеткен.

Тоқпан ұста 1870 жылы 92 жасында қайтыс болған. Тоқпан ұста көшіп бара жатып, түйесін шөгеріп, жұртқа керегін жасап берген, ұсталық құралдарын өзімен бірге алып жүрген. Ауыл бала-шағалары өз қалауларымен көмекке келген, әлі күнге дейін ауыл адамдары балаларына «әкелеріңнің көрігін басқанбыз» дейді. Рүстембек ағаштан түйін түйген. Дүкенді іске қоспай отыруды «дүкеннің терезесі сынық» дейді.

Дерек кісі: Әуесбаев Қосан. 1931 ж.т., руы табын, Сырдария ауданы, Тереңөзек.

Миф. Зарап, мұзбел туралы. «Зарап деген аңның сідігі у екен. Ол бір ормандағы бүкіл аңның бәрін құртады екен. Зарап аңдарға шабуыл жасарда ұзын құйрығын жиырып бүктейді екен. Сол кезде құйрығының ұшында шұқыршақ пайда болады. Сол шұқыршаққа сиеді екен де ана уды төкпей-шашпай айуанаттарды қуады екен. Жеткеніне шашып жіберсе, бір тамшысы тисе, сеспей қатады. Сондай заһарлы аңды Зарап деп үлкендер айтып отырғанын естідік. Ол бірдеңеге жамандық жасағысы келсе, құйрығын ширатып, орайды да шұқыр жасап, соған зәрін құяды да қуады»; «Жауырыны, арқасы биік нардың арқасы тәрізді атты мұзбел дейді. Оны ұзақ шабысқа жарайтын жылқы дейді» - деген әңгімелерді Қосан Әуесбаев ақсақал жеткізді.

Өрмекші мен жылан туралы: «Діни кітаптарда Мұхаммед пайғамбардың жүзін көрген адамдар мен айуандар тозақ отына күймейді деген тәмсіл бар. Бір жылан Алла тағалаға мінәжат еткен: «Ақырғы пайғамбардың жүзін көрсем» деген соның тілегін қабыл етіп, Алла тағала «Пәлен жердің пәлен деген тауында үңгір бар. Пайғамбар қасында бір жолдасымен сол тауға түбінде бір кіреді» деген екен. Жылан сол үңгірде күтіп жатып, пайғамбардың жүзін көру үшін көптеген тесік тесіп, ін жасаған екен. Күндердің күнінде пайғамбар үңгірге келіп кіреді. Қасында бір досы бар. Екеуі келіп кірсе, артында бір қуғыншы келе жатыр. Қуғыншының құмырсқаның ізін шығаратын ізшісі бар екен. Айтады, осы үңгірге кірді деп. Пайғамбар кірісімен, өрмекші үңгірдің аузына өрмегін тоқып жөнеледі. Ізші келіп, көріп: «Мұхаммед пайғамбар осы үңгірде» дейді. Сонда жаудың патшасы айтады: «Әй, ол осында болса, анау өрмекшінің өрмегін бұзып кірмей ме?! Сенікі өтірік»- деп ананың сөзіне сенбейді. Баяғы жылан сол үңгірге адам кіргенін байқайды. Ол «Пайғамбар келген шығар» деп, көруге ниет етіп, баяғы дайындап кеткен тесіктің бәріне барса, бәрі шүберекпен тығындалған екен. Себебі, пайғамбардың қасындағы досы тесіктің бәрін киімін жыртып, бітеп, сақтық жасаған екен дейді. Сонда бір тесікті бітеуге киімдері жетпей қалған екен де, сол тесікті алақанмен жауып тұр екен дейді. Барлық тесікті жылан тіміскілесі, бітеу. Ақыры жылан бостан тесік осы деп шағып алса,

ол әлгі пайғамбардың досының алақаны болады. Жыланның уы тиген соң, жолдасы шырқырап, дамылсызданғанда пайғамбар шаққан жарақатты сорып ап, жерге түкіре берген екен. Сол жерге соңынан көкнәр деген шөп шыққан деп үлкендер айтып отырады. Әлгі жылан пайғамбардың жүзін көрмек-ау, шамасы, бірақ «Мен өмір бойы күткен қонағыма қастық қылдым», – деп өкініп, басын тасқа ұрыпты деседі.

Ғұмыр жас туралы

*Отыз деген жасыңда,
Өлеріңді білмейсің.
Қырық деген қылыш,
Оңды-солды сермейсің.
Елу деген биік төбе,
Басына шығып,
Алды-артыңа қарап тұрасың.
Алпыс келген соң,
Неше түрлі пәлені ойлап,
Аттанып жолға түсесің.
Қай жолға түсеріңді білмей сасасың.
Жетпіс келді – үлкейдің,
Жеңілгенді білдің.
Бала мен келінге билік бердің,
Жетегіне ердің.
Бұл үйге біз қонақ,
Қай күні кетерімізді білмейміз,
Бойжетіп отырмыз.
Сексен соқты бүйірден,
Айырып кетті үйірден
Тоқсан сен күшті екенсің.
Тоқтыға әлі келмейтін,
Балаңның баласына қор екенсің.*

Қасқабас жездейге қағытта

*Басыңыз жалтырайды сырлағандай,
Сүйсініп қыздар көрсе жырлағандай.
Ішінде көк пәлектің құлап жатса,
Балалар ақ қауын деп ұрлағандай.*

Ақырзаман белгісі

*Екі аттың бірі жорға болар,
Екі адамның бірі молда болар.
Жаққаны көмір болар,
Мінгені темір болар.
Еркегі қазаншы болар,
Қатыны базаршы болар.*

Нағашы мен жиеннің әзілі

Нағашысының үйіне жиені қыдырып келеді. Қоңырқалта нағашысы қуырдақ қуырып береді. Содан бата сұрағанда бірдеме дәметіп, қоңылтақсып, көңілі толмай отырған жиені «Құдай осы үйге бірдеңе беремін десе, менің оған қарсылығым жоқ»-деп, бетін алақанымен сүлесөк сипай салған екен деседі.

Енді ғана дін жолына түскен бір байға қатынының айтқаны:

*Әлхам, әлхам, әлхам – деп алалы жылқыны құрттың
Құлқу, құлқу, құлқу – деп қоралы қойды құрттың,
Ассалаумалайкум, Рахметолло – деп жан-жағыңа қарайтын болыпсың
Енді кімді құртайын деп отырсың – депті.*

Мешіт алдына келсе кебістерге қызығып айтқан біреудің сөзі:

*«Сәмиолла саған құт
Сексен кебіс маған құт» – деп ұрлап кетіпті-мыс.*

Жұмбақ айтыс:

Қыз:

*Астыма мінген атым көк дөнен ед,
Алдыңа келіп қалдым көлделеңдеп.
Сен жігіт дана болсаң айта қойшы,
Жусан мен кекіренің қайсысы көп.*

Жігіт:

*Менің де мінген атым көк дөнен ед,
Алдыңа келіп қалдым көлделеңдеп.
Жусан мен кекірені кім санапты,
Осы қыз не деп отыр пәленішем жеп?!*

Қыз бен кәрі шалдың айтысы:

Бір шал ақын сұлу қызға қырындап, көрген сайын «сүйем-күйем» деп өлең айтып, мазасын ала беріпті. Сонда сұлу қыз былай деп жеңіпті:
*«Сақалыңа сиейін саусылдаған,
Өлеңіңе сиейін таусылмаған.
Жетпістен асып сексенге келгеніңше,
Шайтаныңа сиейін басылмаған».*

Смайлов Қасымхан 1920 ж.т., Тереңөзек кенті

**Шежіре. Қазақ халқының қалыптасуы. Қолжазба. 1990 жылы жазылған.
(Қолжазба, ұрпақтарынан алынды)**

Тарих – терең мағыналы ұғым. Ал табиғат пен қоғам дамуының заңдылығының даму жолдарының куәсі – жүріп өткен өмір жолының қағаз бетіне түсірілген айна-

сы. Тарих ғылымының ролін жете бағалаған Жеке адам мен отабасының дамуының өз тарихы бар. Қандас семьялардың тобырынан ру, туыстас рулардың жиынтығынан тайпа бір территорияда мекендеген, әдет-ғұрыптары мен мәдениеті ортақ, өзара экономикалық байланысы бар, бір тілде сөйлейтін тайпалардың бірігуінен ұлт топтары мен ұлт құрылып, қалыптасуын мұны әрбір адам білуі тиіс. Тарих ғылымын оқып үйрену, оны зерттеу адамның ақыл, ой-өрісін кеңейтіп, әрнәрсені жан-жақты білуге деген құштарлығын арттырады.

Менің әкем Беку шежірешіл, сөзшең кісі еді. Сол кісінде 1910 жылы жазылған (арабша) шежіресі бар еді, соны әркімге қазіргі әріппен аударттым. Ол шежіреден 1955 жылы айрылып қалдым. Есімде қалғанын құрастырып, өзім ізденіп 1960 жылдан қазақ халқының қалпытасуы жайлы шежіре жазуға кірістім. Орта мектепте 46 жылдан астам уақыт тарихтан сабақ бердім. 60-70 жылдары жоғары білімді қарттар Алшанбаев Рақым, Усабаев Сейткерей, Әбілпаттаев Аспан сияқты білікті адамдармен көрші отырып, олардан білмегенімді сұрап тұрдым.

Бұдан мыңдаған жылдар бұрын дүниеге келген Адам атадан бері 24 мың пайғамбар, 34 мың сахаба өтіпті. 24 мың пайғамбардың ішінде тарихта белгілі болып, ел билегені 24 пайғамбар. Бастылары: Абул-Башар, Адам-ата, Шаш, Ыдырыс, Нұх, Салх, Ибрагим, Сқа Смағұл, Жақып, Жүсіп, Мұса, Дәуіт, Сүлеймен, Жүніс, Айып Ескендір-Зұлқарнай, Айса, Иса, Ілияс, Мұхаммед.

Бұдан 4 мыңдай жыл бұрын Мұса пайғамбар «Тәуріт» кітабын жазған. Кейін бұл кітап «Католик» дінінің негізін қалады. Біздің заманымыздан бір мыңдай жыл бұрын «Забыр» кітабын жазып, будда дінінің негізін қалады. Бұл дін Азия елдеріне Қытай, Жапония, Корея, Вьетнам, Тибет, Моңғолия т.б. елдерге кеңінен тараған. Бұл дінде 2,3 млрд адам бар.

Иса «Інжіл» кітабын жазған. Бұдан хадис жолдары мен христиан діні біздің заманымыздың бірінші ғасырының басында Европа елдеріне тарады.

Пайғамбарлардың соңы Мұхаммед бұдан 1360 жыл бұрын құран жазды. Сөйтіп «Ислам» дінінің негізін салды. Қазақ жеріне «Ислам» діні VIII–IX ғ-да тарады. Дін тайпа одақтары мен ұлттардың қалыптасуында шешуші рөл атқарды.

Біздің заманымыздан 1,5 мың жыл бұрын Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген сақ тайпаларының 20-дан астам одағы құрылады. Одақтың құрамында массагеттер, каспишілер, исседандар, дайлар, аландар, савроматтар сияқты күшті тайпалар болған. Бұл тайпаларды парсылар «сақтар» деп атаса, қытайлар гун, хун, ал гректер «скиф» деп атаған. Рудың ісін ақсақалдар, тайпаны көсемдер басқарған. Сақтар ұйымшыл, жауынгер халық болған. Б.з.б. VI ғ-да парсылармен болған соғыста сақтар жеңіп, Кир патшаны өлтірген. Б.з.б. 518 жылы парсы патшасы I Дарий сақтарға өз аяғынан тиіп шабуыл жасаған. Сақтардың атты әскерлері қарсы шабуылға шығып, есінен тандырып бірнеше шақырым жерге дейін қуып тастаған. Б.з.б. 490 жылы атақты Марафон шайқасында сақтар парсыларды жақтап, Грецияға қарсы соғысқан. Б.з.б. Платай шайқасында сақтардың ержүректілігі жайында грек тарихшысы Геродоттың жазбаларында айтылады. Сақ тайпаларының ортақ тілі – түркі тілі бодды. Көшпелі мал шарушылығымен айналысты. Олар көктемгі, жазғы, күзгі жайылымдарды дұрыс таңдай білген. Жазғы-қысқы жайылымдардың арасы

900-1000 шқ-ға дейін жетіп жүрді. Лар Солтүстік Кавказ, Еділ өзенінің төменгі ағысы, Каспий, арал теңізі алқабын, Тянь-Шань, Алтай таулы аймақтарына, Енисей өзеніне дейін таралып, көшіп-қонып жүрді.

Сақтармен ынтымақтық қатынаста болған үйсін, қаңлы, дулат, керей, арғын тайпалары б.з.б. IV-III ғ-да хандық мемлекет болып, Қытай, Орта Азия, Моңғолиямен экономикалық сауда қатынастарын жүргізіп келген. Арыс зерттеулері бұл тайпаларды түркі тілдес, моңғол тобына жатқызып жүр. Тіпті Шыңғыс ханнан бұрын бұл тайпалар моңғолдармен араласып отырған. Олар моңғолдармен бірге елдерді жаулап соғысына қатысқан. Б.з.б. III ғ-да үйсіндер қаңлылардың тайпалар бірлестігі (сақтардың ұрпағы) құрылды. Үйсіндер Жетісуды, қаңлылар Қазақстанның оңтүстігін, сырдарияның орта ағысындағы аңғарларды, Қаратау бөктерін мекендеген. Қолбасшыны «гуньмо» деп атаған. Араларында үге, чешей, алан тайпалары болды.

Үйсіндер мен қаңлылар Алтай, Орта Азия және сібір халықтарымен экономикалық, сауда байланыс жасап отырған. Ірі шонжарлар үй жұмысына құл ұстаған. Қолөнершілер: сарбаз садағы, оның жебелері, темір пышағы, әйелдер үшін қола айна, сәндікке жағатын бояу кобдишасы, шаш түйреуіш, моншақ, білезік, қола-күмістен жасалған жүзік, сырға жасағанын қазба жұмыстары дәлелдеп отыр.

Түрік қағанаты Алтайда құрылып, 200 жылдай үстемдік етті. Оның құрамында үйсін, қаңлы, түркеш, қарлұқ тайпалары болды. Датау қаған Қаратеңіз жағалауына дейін сәтті жорықтар жасап, елге көп олжамен оралды. Иранмен соғысқан Византияға көмектесіп, оның Иранды жеңіп шығуына себепші болды. 20 мыңдай атты жасағы болды. Алдын-ала манёвр жасап, ойламаған жерден тұтқиылдан шабуыл жасап, қарсыласты ойсырата жеңіп отырған. Темір ұсталары металл аспаптар, әсем әшекейлер, түрлі қарулар, балта, пышақ, қанжар жасаған. Мұны археологиялық қазба жұмыстарынан табылған заттар анықтап отыр. Талас өзенінің аңғарынан түркілердің жазуы табылды.

X-XII ғ-да Қазақстанның солтүстік-шығыс және орталық облыстарын қимақтар мен қыпшақтар мекендеген. Егінді қолдан суғаруды, көшпелілер қой-ешкі, жылқы, түйе өсірді. Аңшылар терісі бағалы бұлғын, ақ тышқан, сусар, түлкі, қасқыр, жолбарыс, барыс аулады. Терілерді Қытай, Орта Азия, Моңғолияға шығарып сатты. Өзен, кклдерден балық аулады. Дәнді-дақылдардан бидай, бұршақ, тары өсірген. Карантия, Дамурия, Астур сияқты ірі қалалар болды. Шеберлер киізден киім, аяқ киім, үйде ұстайтын бұйымдар жасаған. Теріден былғары, одан ат әбзелдері, ер-тұрман, қорамсақ, ағаштан кереге, уық, шаңырақ, ыдыс, шаңғы, қайық, жебе, найза жасаған. Атты қасиетті деп санап, оған табынған. Өлгендерді өртеп барып жерлеген. Моңғолдармен жиі соғысып тұрған. XI ғ-да болған соғыста көбіне қимақтар мен қыпшақтар жеңіске жетіп, моңғолдардан көп мал алып, олжалы болып отырған. XI ғ-дың аяғы мен XII ғ-дың басында қимақтар мен қыпшақтар өзара ішкі соғыстардан әлсірейді. XIII ғ-дың басында моңғолдар біржола талқанда йды. Қолөнер шеберлерін, әйелдер мен қыздарды тұтқынға алып кетеді. Қимақтар мен қыпшақтардың көпшілігі мекен-жайын тастап, батыс Қазақстан жеріне көшіп кетеді.

VIII-X ғ-дың аралығында Орта Азия, Солтүстік Кавказ және Қазақстан жеріне «ислам» діні тарайды. Бұл түркі тіл тобындағы халықтар қабылдайды. Солтүстік-

тегі якуттар мен хакастар XVIII ғ-да христиан дініне енеді. Алтайдағы тувалықтар бұрынғысынша «будда» дінін ұстап қалады.

Қазақ халқының шығу тегі мен жүзінің қалыптасуы жайлы Абайдан бері әңгіме болып келеді. Бұқара, Қазан, Уфа, Шам, Мысыр қалаларында оқығандар арқылы алғашқы жазба шежірелері пайда болды. Жазып та алдық. Профессор Мұсатай Ақынжановтың 1957 жылы «қазақтың тегі» туралы кітабы шықты. Мұнда грек, орыс, араб, парсы, моңғол, қытай, түркі жазба деректеріне, археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасу проблемаларына тарихи талдау жасалады. Өзге тарихшы ғалымдар бұл еңбекті зерттеп, одан әрі дамытпады, тоқтап қалды.

Б.з. дейін II-I ғ-да өмір сүрген қытайдың императорының ғалым тарихшысы Сыма-Цянь бүкіл қытай жерін жаяу аралап, ел ішіндегі шежірешіл қарттармен сөйлесіп, өткендегі адамдардың ата-тегін сұрастырып, олардан аңыз-ертегі әңгімелерін тыңдап, біліп, ежелгі Қытайдың тарихын жазған. Ал біздің тарихшы ғалымдарымыз Алматыда отырып, сырттай шолу жасап жазғаннан не өнеді? Қазақ атасыз, некесіз туған емес, өзге ұлттардай алда белгілі ата-анадан туған. Шежіредегі қазақ пен менің арам 21 ата. Бір атаның арасы 27-28 жыл деп есептесек, қазақ XIII ғ-дың басында дүниеге келген болып шығады. Сыбайдың төртінші баласы Сыбайдан Алаш туады. Ал бүкіл Кіші жүздің атасы Алаштан екі бала Жайылхан мен Сейілхан. Жайылханнан төрт бала тарайды. Соның бірі Қалпак, одан Төмен туады. Төменнен қазақ, сазақ, ұзақ және Хақас туады. Хақас үш ағасымен ренжісіп, Сібірге (Алтай) көшіп кетеді. Содан оның тілдері де, әдет-ғұрыптары да бөлек. Қазақтан Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс туады. Бекарыстан Ардаш, одан Мәңгі, Мәңгіден Сарымырза, бұдан қоғам ұлы Алшын, одан Алау батыр туған. Алау батыр жалғыз ұлын бетінен қақпай, ерке етіп өсірген. Ол сотқар, тентек болып өседі. Осыдан барып ол Құдияр тентек аталады. Құдияр тентектен Сәдір, Қыдыр, Нәдір туады. Бұларға кейіннен кожа (Нәдірқожа) деген тіркес пайда болады. Қыдырдан он екі ата байұлы тарайды. Олар Адай, Алаша, Беріш, Байбақты, Есентемір, Алтын, Жаппас, Шекті, Төртқара, Ысық, Серкеш, Қызылқұрт, Тана. Шынында 14, 5-6 кірме, бөтен рулар бар. Адайдың арғы тегі Дай, Қызылқұрт, Алаша-Ноғай Алтайдан XIII ғ-да көшіп келген. Екеуі ұзатылған қыздан туған. Сәдірден Тайқожа, одан Қаракесек. Бірақ шежіреде Әлім балалары деп аталғанмен олар Қаракесектен тарайды. Қаракесектен Әлім, Қарасақал, Шөмекей, Кете, Қаракесек, Жаманақ (шекті). Шекті XIII ғ-да моңғолдардан ығысып келген.

Нәдірден жеті бала Тама, Табын, шешеміз Көркемнен Керейт, Кедері, Рамадан, Жағалбайлы, кіші шешемізден Телеу туған. Телеу жауынгер батыр, әрі көзі ашық әулие болған. «Телеу болмай, телек болмас» деген сөз тараған.

Керейт, Кердері, Рамадан, Жағалбайлы, Телеу әке-шешеден жастай айрылып, он екі ата байұлының малын бағады. Бұларға ноғай ұлысынан бөлініп, Тама, Табын келіп қосылады. Олар да мал бағады. Тама, Табын бес жас баланы ішке тартып, қамқорлық жасайды. Малшы қостарында жетеуі бас қосып, жиі әңгімелесіп тұрады. Бұлардың бас қосуын көріп, сырттай бақылап жүрген бай Байбақты көпке «бұлар ауызбіршілігі мықты, келешекте жеті рулы ел болады» деген сөзі шын-

дыққа айналады. Қызылорда облысының қатар орналасқан Жалағаш, Тереңөзек ауданы, сегіз совхозының халқы негізінен Тама, Табын, Керейттен тұрады және Жалағаш, Тереңөзек қыстағында, Қызылорда қаласында тұрады. Келін түсіру тойында, белгілі үлкен кісінің өліміне, асына Тама, Табын, Керейт бірін-бірі қалдырмай шақырады.

Әннас сахабаның екінші баласы Ғажаттан Ноғай туады. XIII ғ-да ноғайлардың саны 60 0мыңдай болды. Сол кезде ноғайларда тама, табын рулары болған. Ноғайлар Еділ-Жайық өзен бойларын, Орынбор, Ақтөбенің далалық өңірін қазақтар, аралас-қоралас көшіп-қонып, мал шаруашылығымен айналысқан. Әдет-ғұрпы, тілі, кісі есімдері қазаққа өте жақын. Едіге, Ертарғын, Қамбар, Көбікті сияқты ірі батырлар көп шыққан. Бірсыпырасы қазаққа, татар мен башқұртқа сіңісіп кетсе, көпшілігі орыстанып кетті. Қазіргі кезде 85-90 мың шамасында ноғайлар бар. Олар солтүстік Кавказда тұрады.

Өзбек пен түрікменнің «біз X-XI ғ-да ұлт болып қалыптастық» деуі дұрыс. Өйткені, Әннас сахабаның үлкені баласы Мадаттан Өзбек, екінші баласы Ғажаттан Түрікмен, Ноғай туған. Қазақ Әннас сахабаның кенже баласы Сыдайдың төртінші ұрпағы Төменен барып қазақ туады. Сонда олар қазақтан 150-160 жылдай бұрын жарық дүниеге келген. Сонда қазақ XIII ғ-да ұлт болып қалыптасқан.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ, АҚСУ АУЫЛЫ

Дерек кісі: Бәкірұлы Оңдасын. 1937 ж.т., руы өмірқұл-табын, қолөнер шебері.

Әкесі Тұрымтайұлы Бәкір. 1907-1983 жылдары өмір сүрген. Екеуі де шебер болған, темір ұсталығы, зергерлік, ағашшы, үйші кәсіптерімен айналыса берген. Әкесінің дүкені болған. Ер әбзелдері бір соғымға бағаланған. Ердің басына бір қой берген. Ердің қайысы сиыр терісінен жасалған, ұзындығы екі метрден кем болмаған. Теріні екі күн бөшкеге суға салып жібітіп алып, жүнін түсірген. Содан кейін жұмсартқан соң бояуға салады.

Күмісті қорыту үшін майлы сүйекті сындырып қауашақ ішіне сындырып салады, сүйектің майы әбден шығып болған соң сүйекті үгетеді, қауашақ ішіне балшық етіп жағады, қайтадан отқа қояды, ішіне күміс тиын салады, тиын ерігенде таза ыдысқа құйып алады да сүйек үгітіндісін үрлеп тазалайды.

Қамшы сегіз, он екі өрім, киік, ешкі терісінен де өріледі, сабына өрік ағашы да кесіледі.

Шебер қолынан шыққан ер-тұрман, жиһаздар үйінде сақтаулы.

Дерек кісі: Әлейдарова Мінәш. 1926 ж. т., руы қарақойлы-қораз, ошақты. Жалағаш ауданы.

Рулық құрылым. Ошақтылар Сыр бойынша шапқыншылық кезінде келген, тек Тереңөзек маңына шоғырланған. Асқар Тоқмағамбетов ауылы бұрын Ақтүйе

қыстауы деп аталған. Ақтүйеде қарақойлылар, Бидайкөлде наймандар, Қызыло-рақта – қаңлылар отырған, осы ауылдарды ұжымдастыру жылдарында бір ауылға біріктіріп, 18 партсъезд совхозын құрған. Қарақойлылар ыстыдан тарайды, Сыр бойында Ұлы жүзден қарақойлы, жалайыр, қаңлы, ошақтылар бар.

Қыстаулары. Түлкілі, Зортөбе, Талдыкөл, Онділда, Ошағанды, Түйекеткен, Ақжалкеткен, Елтай, Серікбайтүбек, Ыбырайтүбек, Жақапбай.

Халықтық медицина. Әкесі Әлэйдар тәуіп болған, Қатерлі ісікті «жаман жара» деп атаған. Ал суық тигенді «*жел ауруы*», қолқа ауруын «*көксау*» деп атаған. Шаншудың атын атамай «*қаңқу*» дейді. Ол таулардың етегінде өсетін өсімдіктерді тауып, дәрі үшін қайнатқан.

Жел ауруына жалбызды қайнатып ішкізген. «*Жалбыздың жоқтығынан жалғызымнан айырылдым*» деген сөз бар. Жар басындағы жантақты, жанкешті ғана алып жейді.

Әкем сенің бойыңда қызыл жел бар деген, мені семіз қойды сойып, терісі жылы кезінде *сарыбұға*, *бозбұға* деген салып, қой терісінің ішіне отырғызамын деген. Теріні мойнынан бұған. Ауруды *тамыр ұстап* анықтаған. Тілге түскен *жегі* ауруына бір мысқал *сынапты* салып емдеген. Жаман ауруды сынаптың он мысқалын күніне ауру алақанына бір мысқалдан салып, алақанында әбден езеді. Сонда ауру әлсіреп құлайды, сол кезде ауруға сорпа береді. Сынап денеге алақан арқылы өтеді. *Әлэйдар тәуіп* 1955 жылы қайтыс болған.

Әкем тәуіпшілігімді берем дегенде «*Мойныма бұршақ салма*» дедім, ол маған уәде сөз бергізбе дегенім.

Ат қою. Жеңгелерім Ақжігіт деп атаған.

ШИЕЛІ АУДАНЫ

Дерек кісі: Аймаханов Әзім, 1936 ж. туылған, Нартай Бекежанов ауылы.

Миф.

1) Көш керуені қоналқы жерге тоқтағанда, алапат дауыл тұрған, дауыл басылған соң қараса, 6 жасар бала жоқ, ошақтың жанынан баланың ізі шыққан, сол ізбен ауыл адамдары іздеген, бала жолда әр жерден шөп жұлып жеген, жолда киімдері қалған, бірнеше күн өткен соң баланы құмның ойынан тауып, аттың бөктеріне орап алып келген, баланы жетек алып кеткен дейді. Бір қыз бір ешкіні өз ешкім екен деп қуа берген көрінеді, ауылдан алыстап кеткенде, жетек екенін білген.

2) Осы ауылда Кертай деген ақсақал болған, 1965 жылдары ол шал еді. Ол Арқа жақта Мыңғой деген қызға ғашық болған, ол сол қызға бара жатқан жолда перілерге жолыққан. Көшіп келіп қонып жатқан ауылға жолыққан, осы арада шай-пәй ішіп кетейін деп дастархан шетіне отырады, алдына әкелген тамақты жейін деп жан-жағына қараса, ешбірі таныс емес, «әй сендер қайдан келдіңдер, кімсіңдер» деп сұрағанда олар жоқ болып кеткен, алдындағы тамағы жылқының тезегі екен, қараса тек аты тұрған, атының аузы қисайып қалған екен. Сол Кертай арбамен келе жатқан, түннің бір уағында от жағып отырғанда бір әйел келіп, көлігіміз бұзылып,

сендердің оттарыңды көріп келдік дейді, Кертайдың қасындағы бойдақ жігі, әлгі әйелмен бірге кеткен, ол жігіт ауылға келген соң жыңды болып кетеді, сол әйел перінің қызы екен.

Дерек кісі: Әбенәв Әлмұхан, руы найман-матай. 1936 ж.т. Шиелі ауданы.

Рулық құрылым. Найман руынан Шиеліде матай, садырлар бар. Матайдан төрт-қара одан берсей тараған. Олар жаугершілік заманда Жетісудан бөлініп шығып Түркістанға келген, одан Жезқазғанға барған, ата-бабалары Бетбақдалада жатыр. Жезқазғаннан Қаратаудың етегіндегі Ақсүме деген жерге тоқтаған, содан Шиеліге келген. Шиеліде Көкжиде деген жерде арғын, қыпшақ, найман тұрады. Арғынды аға баласы деп санайды. Жиналғанда батаны арғынға бергізеді, басты арғын ұстайды, өлікті жерлегенде ізет жол бойынша шапан береді. Сыр өңірінде матай-төртқараның төрт ұлы Апыр, Берсей, Сарықұл, Қойбағардан тарағандар қыз алыспайды.

Мал шаруашылығы. 10-20 биеге 1 айғыр болады, оны үйір дейді. Бір қора қой, бір табын сиыр дейді. Малға қора соғу үшін тал, жидеден қада дайындаған. Әр қаданың арасы 2 метрдей болған, арасын белдеумен ұстатады. Бұрын қораны шомнан соққан, ол үшін малдың астында қолған шөп пен қиды бір-бірінің үстіне жинай береді. Соны айнала малдың сыртынан қоршайды. Шомның биіктігі мал қарғып шыға алмайтындай болады. Қораны ХІХ ғасырдан бастап соққан. Арал жақта мал жеген шөптің қалдығын сақ деп атайды, оны тамызыққа, отынға да пайдаланған. Қиды малдың өкпесі ауырмас үшін тазалайды.

Неке қию. 1962 жылы үйленген. Неке қию жасырын түрде өткен. Беташардан соң шешесі үйіне молда шақыртқан. Молда екі жастан бір-бірінің атын және өздерің еркілеріңмен қосылып тұрсындар ма деп сұрайды, дұға оқып неке қиған соң суды ішкізеді. Молдаға шапан немесе көйлек береді.

Тік аяқ – ертеректе қала қызына айтылған теңеу.

Ат қою. Жеңелері төре, кейінгісін шырақ, кішісін ақжігіт деп атаған. Әкелерін жаман көз деп атаған, себебі көзі өткір болған, яғни ажарлы болған.

Дүкен ұстайтын ұсталар жасаған заттың бағасы болмайды, алғысы келген адам тапсырыс береді де ақысын өзі бағалап берген.

Аңшылық. Таудың арғы бетінде Теріскейде Телікөл деген көл бар, көлден тұз өндірген, жеті жасым болатын, Қаратаудың біткен жерінен Бетбақдалаға бардық, жерде бір нәрсе ағарып жатыр, арлан қасқыр екен, қасқырды күректің сабымен ұрып қалғанда қасқыр қақпанымен бірге атылды, тірілей аузын байлап алып машинаға салып ауылға алып келдік. Қасқырдың ісінен ауыл иттері қашып төбенің басына шығып кетті. Машинада тұзға түсуге барғанда сойып сорпа етіп ішеміз деген бір қой, бір ешкі болған. Телікөл басына барғанда ауыл шалдары қой мен ешкіні көріп, союға жарамайды, тірі қасқырдан жүректері ұшып еттері іріп, дірілдеп кеткен деді.

Аңға шығар алдында қара қазанға суды құйып қақпағын жауып кетеді, бұл жолашар есебінде жасалады. Қазанды қасиетті, ниетті санаған. Аңшы аң қай саймен өтеді, соның жолын аңдиды, аң көбіне суатқа келеді, суат деп ен даладағы жалғыз көлді атайды. Аң суатқа келіп құлайды. Ақбөкен, қарақұйрыққа, киікке ірі қақпан

кұрған. Аңшы ол аңның суатқа келетін уақытын білген. Қақпанның шынжырын сүйреткен ізімен аңшы аңдиды, аңның аяғы ауырып, алысқа кетпейді.

1940 жылы 80-ге келген Арыстан деген шалдың айтқаны: Шиеліде бұрын арыстан, қабан, жолбарыс болған, оларды мылтықпен атып алған. Қоян өте көп болған, бір жерден бес қап қоян алған. Тұзақтың ұзындығы 1-2 метрдей болады, қазіргі кезде сымнан жасай береді. Тұзақтың бір басында ілмек болған, екінші басын қазыққа немесе жыңғыл, тал бұтағына байлаған. Адам тұзаққа исі сіңіп қалмас үшін, қолына қолғап киген, аяғына киіз байлап құрған. Арыстан шал маған: «екеуміз Қаратаудың етегіне аң аулауға барамыз», - деді, қолында ұзындығы 2 метр болатын бітелі мылтығы, дүрбісі болды. Уақыт ерте көктем кезі болатын. 10-15 ақбөкен жатыр екен, біреуі түрегеліп тұр екен, себебі еркегі өз ақбөкендерін қорғап, жан-жағына қарап тұрады, әрі бір орнында тұрмай айналып тұрады. Аң сезбес үшін басымызға ақ кимешек киіп алдық, шал мылтықты маған беріп; «түрегеліп тұрған ақбөкен көлденең тұрғанда ат, сонда өкпенің тұсына оқ тиеді, әйтпесе ала алмайсың», - деді, атып едім жалп етіп құлады.

Халықтық медицина. Тұз бұлау. Телікөлде тұздың қалыңдығы 70 см.дей болған. Тұздың көлдің бетінде жиналатын жері болады. Оны адам сиятындай етіп ояды, адамның аяғы жерге тигенше салады, асты ұйық болады, екі қолын сыртқа шығарып қойып, басына мата, шапан жабады. Тұз ішінде 20-25 минуттай тұрады. Шығарып алған адамның үстіне бір шелек суды бақырашпен құйып отырып, тұзды тазалайды, одан кейін қалың киім кигізіп, шай, сорпа береді. Киімді әбден терлегенше шешпейді. Тұзға түскен адам екі күн дем алып барып, тұзға түсуді 2-3 рет қайталайды. Емделушілерге басындағы ауыл адамдары көмектеседі. Тұзға белі, аяғы, буыны ауыратындар түседі.

Ырым. Бала тоқтамай барып тұрғанда баланың басына айдар қойған.

Отбасылық дәстүр. Сүндетке дәрігердің отырғызуы 1970 жылдан басталған. Молда пішкен, Шиелі Жаңақорғанның қожа тығыз қоныстанған ауылдарында қожаға піштірген. Сүндетке отырғызған молдаға мал, көйлек берген, ал жоқшылық заманда тақияға салып бидай, жүгері, тары берген.

Беташаршы домбыра тарту білмесе тақпақтап айтып, таяқты өзі ұстап тұрған, таяқты көтеріп қалып сәлем салғызған.

Шаруашылық. Құдықты қазғанда сексеуіл бұтақтарын кесіп алып, бір-біріне кіріктіріп отырып шегендейді. Шиеліде құдықтар 12 метрдей болады. Қаратаудың біткен жерінде Қарамқорынды деген жерде шегенделген құдық болған.

Сексеуіл биік болған, бірінші бұтағына түйенің үстіне шыққанда қолың жеткен.

Дерек кісі: Сандыбай Садуақас. 1950 ж. т, руы – қыпшақ, бұлтың.

Рулық құрылым. Қыпшақтың қонақбай, кеншім, пірім, қарасары, баянтанат, малайқұтым аталары қыз алыспайды.

Дерек кісі: Тасанова Қазына. 1951 ж. т, руы қыпшақ көкмұрын.

Отбасылық дәстүрлер. Екеуі 1972 жылы үйленгенде жеңгесі мен сіңлісі киім алып келген. *Бесік алып бару* 1975 жылдардан басталған. *Баланы қырқынан шығарғанда* шомылдыратын суға күміс жүзіктер салады. *Баланың тұсауын кесуге* кілем тоқуға арналған жіптерде алып есіп, тиындарды тесіп тағады.

Сандық ашу 2000 жылдардан бері қарай орын алған. Ине жіп көршіге беріледі. Сандықтан шыққан камзолдар құдағайларға беріледі. Сандық ашуды ең үлкен келін басқарады.

Әйел босаннан соң тұңғыш баласын алып төркініне баруды *нағашылап бару* дейді. Жиен алғаш барғанда мал атайды.

Соғыстан соң жарын күтіп күйеуге шықпай қалған әйелдерді *ару ана* деп атап кеткен. Құрсақ шашуды келінінің іші біліне бастағанда енесі жасайды. Бала көтергенді *құмалақ* пайда болды дейді. Жарысқазанды босанатын келіннің енесі де, көршісі де қайнатады. Сыр өңірінде сүт, құрт, ірімшік қайнатады. Ал Жетісуда ет қуырады. Бала тудыртатын әжені *аққол әже* дейді.

Ат қою. Енем өз қайнысын Дәуқара, Дәубала, уәде бергіш қайнағасын Қатырам қайнаға, Тоқсан деген қайнағасын Үш отыз, ал Балғабай атты қайнағасын Тоқпақбай деген. Сәдуақасты өз шешесі атын атамай Сәкен деп кеткен. Жеңгедері Сары болат деген.

Дерек кісі: Омаров Ибрагим, Шиелі ауданы, 1951 ж.т., руы тұяқты қыпшақ.

Ау тоқуды кәсіп қылған.

Желі қармақ үшін 20-30 метрлік жібек жіпті дайындап алады. Жібек жіптің қалыңдығы балықтың салмағы мен көлеміне байланысты, мысалы, жайын алатын желі қармақтың жібі жуан, қармағы үлкен болып, желіге үш қармақтан артық салынбайды, ара қашықтығы жарты метрдей болады. Көлдегі *карас* деген балықты аулау үшін 5 қармақ тартылады. Желі қармақты құру үшін жібек жіптің бір басы көл жиегіндегі қазыққа байланады да, көл жиегіндегі алаңқайға желіні шаратылып, шатасып қалмас үшін дөңгелектеп жинайды, екінші басына қорғасыннан тартылған ауыртпалығы қолында қалады, оны алысқа күштеп лақтырады. Желіге тартылатын қармақтар арасы 0,5 метрден, ауыртпалық пен соңғы қармақ арасы 1 метр, желі мен қармақ тартылатын жіп арасы 10 см. болады, ал жағадан 3 метрге дейін қармақ байланбайды. Желіні сазанға салса, қармаққа жауын құрты, ал шортан, алабұға, көкала сияқты балықтарға салса майда шабақ шаншиды. «*Шаншиды*» деп жемді қармаққа ілуді айтады.

Шанышқымен түйреп алу да қалған судағы балықты аулауға қолданылады. Балық ағыс суда көрінбейді, ал қалған су тұнық болғасын балық көрінеді, соны шаншып алады. *Қалған су* дегеніміз арық байлаған соң арықтың шұңқыр жерлерінде қайыр арасында қалып қойған су. Қайыр судың ағысынан пайда болған, лай, құмнан жиналған тұмпешік құмдар.

Ілгек темір мұзды ойып алып, мұз тесігіне ілгек темірді салып, үңіліп жатып, келген балықты тартып алып, суға лақтырып отырады, мұз астында балық әлсіз қимылдайды. Ілгек басында 2-3-4 тілге дейін болады.

Сүзекі қармаққа түскен балықты, қармақты үзіп кетпес үшін астынан түскен балықты көтеріп алу үшін қолданады.

Сеткі қалтаның екі түрі болады, бірі ағаш сапқа жіпті төрт жерден түсіріп, талшыбықтан дөңгелектеп ернеу жасап, оған арнайы тоқыған сеткіне кереді, екінші түрінің көлемі үлкен, оны көпір үстінен ағыс суға салады, ұзын сапқа киіз үйдің төрт уықтарын байлап, оған сеткі кереді, уық пен ағаш сап арасында бір қарыс жіп болады.

Ау тоқитын құрал *ине* деп аталады, ал *өлшеуіштің* көлемі аудың көзінің көзінің көлеміне байланысты жасалады.

Сырдария арнасына ұзындығы 6-8 метр болатындай ау құру үшін арнаның екі бетіне қазық қағылады. Ол үшін екі бетіне ағаш қағып, аудың бір басын байлап, екінші бетке қарай тарқатып кете береді, екінші қазыққа ұшын байлайды. Аудың суға батырып тұратын қондырғысы «*ауыртпалық*» деп аталып, ол жұқа қорғасыннан жасалған. Ағысы қаттырақ суға салатын ауға салмақтырақ болу үшін қорғасынды жұқалап ширатып алып, орап байлайды, керек емес уақытта қорғасынды алып тастайды. Ау өзен суына сағасын байлап, ағысы азайғанда салынады, судың сағасын әр кезеңде жауып отырады, мысалы, Шиеліде бау-бақшаны суару үшін, Қанқожа көлін толтыру үшін судың сағасын жауып отырады. Ауыртпалық аудың астыңғы бөлігінде, ал *қалтқысы* жоғары бөлігінде тұрады. Қалытқы мен ауыртпалықтың арасы 1 метрдей болады. Бұрынғы кезде қоғаны орап алып, 3-4 бүктеп, ұзындығы 10-15см. болатын бөлік дайындап, қалытқы ретінде байлаған.

Балық таза суға қарай өрлейді, олар таза суға желбезектерін тазалап жуу үшін келеді. Сыр өңірінде күріштіктегі атыздың суын тартқаннан кейін, су көлге жиналады. Мысалы, Бәйгеқұмдағы Қанқожа көліне су жиналғанда, балықтар сол көлге қарай өрлейді. Сол кезде көлге ау салады. Көлге ау салу үшін міндетті түрде қайық керек, ол үшін аудың бір басын көл жағасындағы қоғаға байлайды да, қайыққа мініп, алдыңғы адам қайықты есіп отырады, артындағы адам ауды тарқатып тастап отырады. Ауды көлдің екінші басына жеткенше тарқатып отырады, ау көлдің көлеміне байланысты 60-100 метр, тіпті одан да көп болуы мүмкін. Шиеліден шығысқа қарай Қапалы деген көл бар, сол көлге 200 метрдей ау кетеді. Қапалыдан шортан, сазан, көкала, жыланбалық, қаяз, лақа, алабұға аулайды. *Көкала* балықтар ауырған балықпен қоректенеді. Ауды көлге кешке салып таңертең алады.

Керме аудың бір түрі, ол қалған сулардағы балықты сүзіп алу үшін қолданылады. Ұзындығы әр түрлі 10-50-100 метрге дейін барады. Аудан айырмашылығы, оның ортасында ұзындығы 2-3 метрдей қалтасы болады. Керменің торы 2-3 елідей болады, кермені екі адам суды кешіп жүріп, екі басындағы ағаштан балық астынан кетіп қалмас үшін төменгі жағын жерге тигізіп тартып отырады, сонда балық керменің қалтасына келіп түседі. Кермені сырыққа байлап, қалған суларға құрады.

Балықшылар алғаш түскен балықтың ескек құйрығын кесіп тастайды, оның себебі менің ауыма келгенде балық жүзе алмай қалсын, ауды жыртуға шамасы келмесін дегені. Балықшылар бір-біріне қай жерде мол екенін айтпайды.

Үйрек аулау үшін желі қармақты құрған, желі қармақты үйрекке салатын болса, қармақтың санын көбейтеді, 15 метрдей желіге әр жарты метр сайын бір қармақ

байланады. Ол үшін желі қармақ судың бетіне құрылып, судың бетінде тұру үшін қалтқы байланады. Екінші басын көлдің ортасына қайықпен апарып тастайды, желі қармағына шабақты майдалап турап шаншып қояды, үйрекке үш тілді қармақ құрылады, үйрек шабақ жеймін деп келіп, қармаққа аузымен түседі, түскен үйректі жағада отырып, қармақпен тартып алады.

Затон дарияның суы тасып, қайырдан шығып жиналған су.

Дерек кісі: Қазантаева Шырынкүл. Социалистік Еңбек Ері. Н.Бекежанов ауылы.

Рулық құрылым. Бестам деген жерде қалмақ жоңғар шапқыншылығынан қоныс аударған есентемірлер бар.

Есентемір деген ел едік,

Есебі жоқ көп едік,

Есебін тауып жегенге,

Таусылмайтын кең едік – деп айтады екен.

Бестам жаудан қорғанатын бекініс болған, 1934 жылдары биіктігі 2-3 метр болған, төрт жағында жауды қарап отыратын тесігі болған.

Егіншілік. Күріш егу үшін 10-15 адам қатар тұрып, жерді кетпендеп «ұндайды». *Ұндау* деп жерді майдалап үгетуді айтады. Майдалап болғасын су қояды, сосын мойнына дорба іліп алып, қолдан күріш себеді, күрішті батып кету үшін алдын ала 2-3 күн суда ұстайды. Дән себерде «Дихан баба, халықтың несібесі мол болсын» дейді. Дән сеуіп болғасын атыздың құлақтарын жабады, күріш 2-3 күнде *түбін жерге қадайды*, бұл *күріш көктейді* деген сөз. Су азайған соң суды қайта жібереді, 10 күнде күріш қайта көктейді. 1 айдан соң арам шөбі көрінеді, арам шөптен тазалауды *«отаққа түсу»* дейді. Арам шөпті орақпен ораған немесе қамысты бұрап жерге тығып кеткен. Күріштіктен масақ теруге балалар 10 жасынан бастап араласқан. Жазда бидайдан, күзде күріштен масақ тереді.

Күрішті алдымен бір түйіп алуды *«қаралау»*, желпіп тазалауды *«ақтау»* дейді.

Мұрап жер биік болса арықты қолдан шабуды ұйымдастырған, егер арық оймен жүрсе, екі жағын құммен көтеріп *«қомдаған»*. Жаңадан саға, арық тартатын болса, судың сағасында мал сойып құдайы тамақ берген. Арық қазуды *«сырықшы»* басқарған. «Сырықшы» деп мұрапты атаған, себебі ол қолына сырық алып, әр адамға шамасына қарай қазатын жерін сызып, бөліп берген.

Күріш түрлері. Қазақы күріш сал мұртты, әрі жеңіл болады. *Үдеріс* мұртсыз, салмағы ауырлау болады. Дән үккіш тасты қозғалысқа ендіру үшін түйе, ат, есекті жұмысқа жеккен.

Шығыр дарияның жағасында болған, қауашағына үш литрдей су кетеді, әр қауашық атызға су құяды. Шығырмен суарып, тек тары, қауан, қарбыз еккен, ал күріш атызына шығырмен су жеткізе алмаған. Төменарық Шиелі сағасынан 10 метр жоғары.

Қайыр басу - деп арықты құм басып қалуды айтады. Мұрапқа халық еңбек ақысын беріп отырған. Сұлы, арпа суды аз тілейді.

Фольклор.

«Қазанаттан түскем жоқ,

Мал іргеден кеткен жоқ» - еңбекқор, несібелі адамға айтылады.

«Меңіп қапты» - деген мең-зең болып қалыпты деген мағынаны береді.

Өлікті жерлеу. Бұрынғы кезде жас бала шетінегенде басына таудан әкеліп тас қойған, ал бесіктегі бала шетінесе басына бесігін апарып қойған, бесік желден ұшып кетпес үшін қазық қағып, байлап қойған.

Отбасылық дәстүрлер.

Көкпар әкеп салған адамға ақша, ерлер киетін жейде немесе мал берген. Мал беруді *«көкпар беру»* дейді.

Беташарда атын атағанда теңге, жүзік тастаған.

Неке қию кеңес үкіметі тұсында да үзілмеген, молда жастардан әке шешесінің атын сұрап, «бәленшенің баласын алуға ырзасың ба» деп сұраған.

Бала көтеруге қатысты ырымдар. Шиелі өңірінде бала көтермей жүрген әйелдер Сунақ Атаға барып түнеген, басында бір қой апарып құрбан шалған. Шырынкүл апаның екі баласы шетінеген соң бір қыз туған, содан соң тағы көтермей қалған. Сунақ Атаға қайын сіңлісі мен күйеу баласын апарып түнеп, құрбан шалғанда сол жерде түнде түс көрген, арық тола судан екі шелек су алған, бір әйел келіп маған бір шелегінді берші деп сұрағанда бермей қалған, оянса түсі екен, шелегімді бермедім, тағы бір қыз туады екенмін деп жорыған. Әулиеге бірге барған молда күйеу балаға түсінде біреу пышақ беріп, оны қонышына тығып қойған, содан кейін әйелі ұл тапқан.

Әмеңгерлік. Шырынкүл апа екі қыздан соң бала көтермеген соң қайнағасы қайтыс болғасын күйеуіне жеңгесін әмеңгерлік жолымен алып берген, жеңгесі үш қыз, бір ұл тапқан, одан кейін қайнысы қайтыс болып, келінін де күйеуіне қосқан, ол бір ұл, бір қыз тапқан. Олар күйеуін қайны, қайнаға атауды жалғастыра берген.

Үйде босандыру. Толғатқан әйелді киіз үйдің ішіне кіргізіп, арқанды шаңыраққа немесе желбауға, екі басынан байлайды. Жертөледе, жертамда босанатын болса, төбедегі белдеу ағашқа арқанды байлайды, толғақ қысқан кезде әйел арқанға асылады, арқан екі қолтықтың астына келеді, жерден 70 см-дей биік болады. Кей әйелдің толғағы қызғаншақ болады, қасына әйелдер көп жиналса, толғағы қашып кетеді, ондай жағдайда басқа әйелдер сыртта болып, бірі бидай, бірі жүгері қуырады, оны балаларға береді, қуырып болғасын қазанға су шашады, *«ел көшті, жау жетті»* деп айтады, әйел терлейді, денесі босағанда *«бала оңынан қарайды»* да бала түседі. Бала жерге түскесін кіндікті өткір пышақпен кеседі, пышақты жерге шаншиды. Босандыратын әйел босанатын әйелді екі тізесіне арқасынан қаратып отырғызған, тудырғатын әйел екі қолын тарақтап алып, ішін тартқан, толғағы ауыр болса, күйеуін шақыртып, ішін тартқызған, бірақ күйеуін шақырту өте сирек кездескен.

Пердемен туылған баланы мес туды деп, тудырған әйел жата қалып тісімен ашады. Пердені киіз қалта тігіп, сонда сақтап қояды.

Беташаршы жігіт өзінің ақындығы болса мәтінді кеңейтіп айта берген. Ән әуен білмесе, домбырасыз тақпақтап ашқан. Беташарда таяқты үйленіп жатқан жігіттің досы ұстайды. Шиелі өңірінде беташарға жапқан орамалға оқтау байлап, беташар-

дан соң оқтауды сол келінге ұсынады, ол бір жағынан келін пысық ширақ болсын деген мағынада жасалады.

1960-1970 жылдары Шиелі өңірінде қыздың жасауына 4-5 көрпеше, 1 кілем, 1 текемет апарған. 1977-1980 жылдары түкті тоқылған кілем 500-800 сомға бағаланған. Бағасы оюы мен бояуына, көлеміне байланысты болған.

Некеқияр үйде өткен, неке қиған молдаға шапан, көйлек, тақия салынған «түйіншек» дайындаған. Неке суына күміс жүзіктер салған, оны қатысып әйелдер алған. Неке қию беташардан соң жасалған.

Дерек кісі: Оспанов Құрбан. 1940 ж.т., Нартай Бекежанов ауылы, руы қыпшақ.

Рулық құрылым. Шиеліде орта жүзден арғын, қыпшақ, найман, қоңырат тұрады. Арғынның жолы үлкен, оларға жиын тойда шапан беріледі, бас тартылады, сөздің реті беріледі. Шиелі ауыл, ауданында тұратын арғындар шұбыртпалы, төртуыл, алтай, тоқтауыл, қаракесек, бөрші, темеш, ағыс, құдайқұл.

Қыпшақтар бұлтың, шашты, түйішке тұрады. Шаштыдан тарайтын шағыр, шебір, айдарғазы, малай, құтым, бошай бір бірімен қыз алыспайды, ал бес ата тұяқтыдан соқпан, әлке, досан, қозы, тұяқ қыз алыспайды, түйішкeden сары, қара, қонақбай, кеншім, баян, танат, пірім қыз алыспайды. Абыз бен көзей бұрын қыз алыспаған, XIX ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қыз алысып кеткен. Көзейден шыққан *Досбол би* абыздың қызынан туған, әке-шешесі Арқаға қашып кетіп некелескен, Арқадағы қыпшақтар бата беріп, кейін өз елінен бата сұратқан, содан бастап қыз алысып кеткен. Осы арада 7-8 қыпшақтан шыққан датхалар болған. *Датха* деп ел басқарған адамдарды айтқан.

Мал шаруашылығы. Малы көптер күншығыс жақтан Қаратаудың аяғына қарай, тау сілімдеріндегі жайлауларға көшкен, ал қыста Сырдария, көл бойында қыстаған. Сарысу өзені Телікөлге келіп құйған, таудың арғы бетінен 50 шақырым жерде. Қыпшақтар Сарысу, Жетіқоңыр, Байқоңыр (Сарысудың арғы бетінде жер болған. Жезқазған өңірі), Айнакөл, Таңбалы Нұрасына көшкен. Айнакөлге ешбір өзен құймайды, көктемде қар, жаңбыр суымен толығып көл болған, ал шілдеде көл тартылған, бұл жер *көктеу* болып, әрі қарай *жайлауға* көшкен. Қаратау мен Айнакөлдің арасында Ащыкөл, Жасанкөл, Балғынкөл, Құмкөл, Үлкен Бекбай, Кіші Бекбай, Жарма, Жыңғылды айырық деген жайылымдар болған. Сарысудың арғы бетіндегі Таңбалы Нұрасының аяқ жағында Аймырза, Пәтеш деген ағайындылар XIX ғасырдың орта шенінде қыштан *там* салған, олар бай ретінде кәмпескеленген, кейін қыштам қарай бастаған.

Жылқы үйірінде 20-25 жылқы (аналық бие, құлындарымен), 1 айғырдан болады. Сыр бойында түйелер жаз айында қырға, тауға кетеді.

Түйе отарын – «келе» деп аталады. Бір келеде 20-30 түйеден, 1 бурадан болады. Қашқан түйені бура қайтып бармас үшін бөлек алып шығады. Буралар, үлектер «жараған» кезде аузынан көбік шығады, тісін қайрайды, тамақ жемей, су ішпей қояды.

Бір отарда 600 қой болады, 30 қойға бір қошқардан қосады.

Құдық қазу. 1968-68 жылдарға дейін қолдан құдық қазған, құдықты бұрын қазып жүрген адамдар қазған, ақысына мал берген.

1955-1960 жылдары *ердің басы* 1 қой, кейін 1 ер 1 баспақ, кейін 1 ер 1 тайға бағаланған.

Шаруашылық бұйымдары.

Жалпуыш – оны жылқының басынан, құлағынан енгізіп, мойнын жапқан.

Бауырса – жылқының бауырын, қарнын шыбын, сона шақпасын деп арқасынан байлап тартқан.

Баспана. Жертөле. Биіктеу жерді таңдап алып, тереңдігін 2,5 м. етіп қазады. Қабырғасынан құм саулап ағатын жұмсақтау жер болса, қамыспен бекітіп шығады, егер жер қатты болса қабырғасына кілем іліп қояды. Есікке кіретін каридор қазады, ағаш есік болмаса, киіз есік тұтады. Төбесін ағашпен шабақтап, үстіне қамыс, қоға, саңылтыр, сабан салып, оның үстін топырақпен үйеді. Терезені төбеден шығарып, түйенің қарнын бүрінен тазалап, кереді. Түйе қарны бір терезеге толық жеткен. Ішіне қазан-пеш құрып, моржаны төбесіне өріп шығарады.

Жеркепе - малға арналған қыстық қора, оны да биік жерден дөңгелек етіп қазады, төбесін биік етіп, шошақ етіп жабады.

Халықтық медициналық білім. Күйдірілген сары май жараны қайтарады, баланы сүндеттеген соң тез жазылу үшін, сор мақтаға май құйып басқан.

Еңбекші деген ауылда Байшон деген бақсы XX ғ-ң 1-ші жартысында өмір сүрген.

Мал дәрігерлік білім. Жылқы. Жылқы 4 жастан бастап піштіріледі, оны «*ақтау*» дейді, ол үшін еркек жылқының 4 аяғын байлайды, енін бір адам ұстап тұрып, қысып тіліп жібереді, одан кейінгі екі қабатын да тіледі. Содан кейін тасының өзі шығады, оны жайлап тартып отырады, себебі жылқының тамыры үзілгіш келеді, тарттыру шыбын шықпай ерте көктемде жасалған. Мінетін атқа көз тимесін деп мойнына, кекіліне, құйрығына тұмар тағып қояды. Жылқының денесі қыста жылы жүрсін киіз жабу, ал жазда күн өтпесін деп матадан жабу жапқан. , Бәйгеге қосуға тәуір атты тәрбиелейді, олардың ақылы адамның ақылына жақын.

Түйені емдеу. Қатпа – бауыры тартып, қатып қалады. Бұл ауру сона, масаның көп шағуынан болады. Қатпамен ауырған түйе алдыңғы аяғымен бауырын сабалап, өз бауырын өзі ерітіп жібереді. Қазақтар қатпамен ауырған түйені шөгеріп, үстін мұздай суға салып емдеп жазып алған. *Жерше* – түйенің іші өтіп, саталап, тезегі сұйылуын айтады, ол, қарасора, алабұтаны көп жегеннен болады. Оны емдеу үшін өрісін аударады, байлап арқандап басқа шөп салады.

Сырды емдеу. Қарасаң – жұқпалы ауру, қол, артқы саны, етпен терінің арасы көбіктеніп, ісіп аяғын баса алмай 2-3 сағаттан соң өліп қалады.

От – жазылатын ауру, белгісі жүні қайқыып, сарғайып, мойын безі қолдың басындай болып үлкейіп кетеді, ауырған малды көлеңкеде байлап, мұздай су құйып отырады.

Қой. Топалаң – жұқпалы ауру, тез тарайды, ауырған қой 1 сағатқа жетпей өліп қалады, басын төмен салып құлайды. Ешкінің топалаң ауруына қырылуын «шекшек келгір, кебенек келгір» дейді.

Қотыр емдеу – қазақта мал қотырын «құтырған маймен» емдеген. Құтырған майды алу үшін, қыста жиналған көнді үйіп тастайды, ол жаңбыр, қар суы өтіп, ас-

тынан өткен сұйықты қасықпен алған, оны сумен араластырып, шүберекпен үйкеп, қотырға жаққан. Қотырмен жылқыдан басқа мал ауырады.

Неке қию. 1965 жылы үйленген, молда неке қиғанда «ырзасыңдар ма» деп сұраған, неке суына тиындар салған.

Фольклор. Баймахан деген шешен, шайыр болған, бірақ бойы тапал екен, сол танысуға келген қызы қатқан қара қыз екен, бірақ қыз Баймаханды бойы тапал деп менсінбепті Сонда Баймахан:

Мына қыз жерше мекен, қатпа мекен,
Бауырынан қамшыдай қатқан екен,
Я сона, я сорадан айықпас
Үлкен кесел тапқан екен, - депті.

Өлікті жөнелту. Естірту. Өлген адамның кім екенін туралап айтпай, «Адам баласына Алла тағала қиынын жібереді, сол қиындық сенің басыңа келіп тұр»; «Төгілген топырағымен толмайды», - дейді. Бұл оның орны толмайды дегенді білдіреді.

Атты тұлдау. Бір кісінің Абай деген жалғыз баласы бар еді, өзі сері жігіт болған. Көкпар кезінде аттан құлап өлген, атын жеті қараға сатып алған, иесі өлген аттың жалы, құйрығын қыркып алып «тұлдағанын» 1962 жылы көрдім, сол атты жылына сойған.

Жоқтау. Айеке болыс, Сыр бойында, Шиелі өңірінде өмір сүрген, Айеке Нартай Бекежановпен аталас туыс, шұбыртпалы-арғын. Соған арнап Бұдабай ақын жоқтау шығарған. Айеке болысты қыпшақтың Тұрсынбай датханың баласы болыстыққа таласып атып өлтірген. Сол кезде Арқадағы Ағыбай батыр үлкен қол жинап, құнын төлетуге келген, сол кезде Бұдабай ақын шығарған жоқтауды естіп, сөзге тоқтаған, «бір қыпшақ өлтірсе, екінші қыпшақ тірілткен екен» деген.

Ә. Диваевтың Шиелі өңірінен жазып алған жоқтаулары:

«...Көзімнің жасы сорғалар,
Сұм дүние-ай қазір көшесің,
Өткіздің ердің нешесін,
Бес күндей қызық көрсетіп,
Аларсың ақыр есесін.
Біреудің алып баласын,
Жылатып қойдың шешесін,
Жетім қылдың жасында,
Біреудің алып, әкесін.
Тыңданыздар, жақсылар,
Әуелі сөздің басынан.
Өлім жақын адамның,
Көзі менен қасынан.
Ешкім жақын болған жоқ,
Ол Мұхаммед досынан.
Сол ерді һәм зарлатқан,
Жалғзын алып жасынан.

Ойласаңдар, ағайын,
Жаман іс бар ма осыдан.
Мені тыңдаған ағайын,
Мұңымды айтып шағайын.
Кешегі жүрген арыстанды
Қай жақтан іздеп табайын.
Әуелі құдай, бісмілла,
Жад айтайын зақымын.
Біздей зарлап өткен жоқ,
Бұрынғыда неше жан, өткен неше хан...».
«Айбынды менің арыстаным,
Дұшпанға болған қайратың,
Ерегіссе жол қылған,
Асусыз биік құздарды»
«...Пайғамбар өткен дүниеден
Ажалдың оғы жақсылар,
Қай пендеге тимеген.

*О да өткен Дәуіт пайғамбар
Темірді отыз илеген
Бауыры бүтін бас исін
Еш пенде жоқ күймеген
Жылады деп сөкпе жұрт
Қабырғам жаман күйреген»*

*«...Арманда кеткен арыстаннан
Ұл қалмады, қыз қалды.
Бұған да шүкір етелік,
Қыз да болса із қалды,
Қазынасы кең қозғалды».*

Өлікті қазақтар 1 күн түнеткен, басқа ауылдағы ағайын-туысы топырақ салсын деген. Үш күн түнету 1970 жылдардан кейін шыққан.

Үлкен кісіге «сандық ашу» рәсімі Шиелі, Жаңақорған аудандарында жоқ.

Дәуір айналдыру ысхат-пидия түсіру 1950-1960 жылдарға дейін болған. Дәуір айналдыруға молда мен бір жарлы-жақыбай адам қатысқан. Екі қап бидайды өлген адамның отбасы садақа ретінде қояды. Ол ысхат-пидиа деп аталады. Молда күнәні аударғанда екіншісі «қабыл қылдым» деп отырады. 1950-1960 жылдары ауыл молдалары бұл әдетті тоқтатқан. Құранды «сауаты бар» молда бағыштаған.

Бейіт басына арқар мүйізін қою 1980 жылдарға дейін жалғасқан, арқар мүйізін үй иесі апарып қойған. Арқар мүйізі ел арасында құрметке ие боған, әулиелердің, елге сыйлы, құрметке ие болған адамдардың басына қойылған. Шиелі ауданы Нартай Бекежанов атындағы ауыл қорымында Ділдабектің басына інісі Сүйіндік арқар басын қойған.

Бесіктегі бала шетінесе бесігін мамығымен апарып, қазаққа байлаған.

Ертеде қорым, бейіт, баспана тұрғызуға шикі кірпіш кең қолданылған.

Фольклор. «Құйма құлақ» есте сақтау қабілеті жақсы адам.

Асқар Тоқмағамбетов 1967 жылы қызын ұзатқанда былай деп айтқан.

*Өз бақытын өзге жақтан іздеген,
Қазіргі бір жолаушы зой қыз деген,
Ақ ордасын қиып тастап кетеді-ау,
Жүрейін деп ана жүрген ізбенен,
Адам Ата Хауа анадан бастап ақ,
Қыз келуін тұрар күтіп басқа жақ,
Алақанын жастық қылған ата-ана,
Қапелімде болып қалар басқарақ,
Қандай қызық қыз ұзатқан білгенге,
Қыз ұзатқың келмесе онда үйленбе,*

*Қыз өрісің, қыз ұшатын қанатың,
Түсінесің немереңді сүйгенде.
Қандай қызық қыз ұзатқан той жағың,
Емін-еркін болып тұрса ойдағыңб
Қыз ер жетіп, біз қартайып қалдық деп,
Әсіресе ойлайсың-ау сол жағын,
Білмей қалар қыз ана боп кеткенін,
Білмей қалар балиғатқа жеткенін,
Алматы ма, Самарқан ма келмей ме,
Бірақ білер үйден отау көшкенін*

Мал дәрігерлік білім. Жамандатқырмен ауырған жылқы опыр топыр құлап өледі, оның емі жоқ, ауырған малды көміп тастаған. Жылқыны жамандатыр деп қарғайды, себебі ол оңайлықпен жығылмайды. Адам қандай аурумен ауырса, жылқы да сондай аурумен ауырады.

Жылқы «ноқана» болып ауырғанда танауын қатты қысып шығарып, өткір пышақпен шеміршегін алып тастайды. Сол кезде жылқы орнынан тұрып сиеді, содан кейін жазылады. Ноқанамен ауыру жылқының ауыр жұмысқа жегілуінен, шаршауынан болады. Жылқы ауруларын негізінен пышақпен емдейді.

Қарасүйел жылқының денесі мен терісінің арасынан қатты без шығуы, оны пышақпен кесіп алып, орнына қыздырған темір басады, сонда жылқы шошып, ауруы басылады.

Тайлақ күрек тістің астындағы таңдайы ісіп кетеді, шөп жей алмай қиналып қалады, ол құнарсыз, тұзы жоқ пішен, сабан сияқты шөптерді көп жегеннен болады. Оны емдеу үшін «містер» деген ұшы өткір пышақпен таңдайын екі үш жерден теседі, сонда қан ағады, қан тиылған соң аузына залалсыздандыру үшін тұз салады.

Сахиев Сейтімхан соққан көрік сақтаулы тұр. Ұста көрігі 50x108 см, қол көрік 27x51 см.

Қауақты ағарған құюға да пайдаланған, қауаққа құйылған ағарған ашымайды. *Кепшік* – дән тазалау үшін қолданылған ағаш табақ.

Дерек кісі: Жүсіпова Пернеш Төленқызы. 1945 ж.т. руы найман, шашты қыпшақ келіні. Тоқымашы.

Тоқымашылық. Қоржын жиігіндегі оюдың аты – ілгек. Ілгек оюы үйдің іргесі іспетті, үйді қорғап тұрсын деген ниетпен салынады. Ілгек оюы салынған қоржынды босағаға іледі. Тықыр етіп тоқылған қоржынды «кежім» дейді. Қоржынның екі бөлігін жалғайтын ортасын «жол» дейді, оған аша түріндегі > ою салынады.

Қанатты қошқар мүйіз оюы қанатың қатайсың деген ниетпен салынады.

Сынық мүйіз кілемнің шетіне салынады.

Кілемнің жиегіне айнала салынатын ою «әсия ниет» деп аталады. *Егіз қошқар мүйіз, қанатты қошқар мүйіз, шатыр гүл, сынық мүйіз* оюлары кілемге жиі салынады.

Кілемді жеті жасынан бастап тоқыған. Тоқуға әжесі мен шешесі шымшып отырып үйреткен. 1956-57 жылдары ақыға кілем тоқыған кезде тоқымашыларға тапсырыс берушілер шәй тамағын беріп күткен, төрт тоқымашы бір кілемді бір айда жабылып тоқып бітірген. Ақшалай ақы алса әрқайсысы сол кезде он сомнан алған. Жүн мен жіпті де тоқымашылар өздері дайындаған. Кілем желісіне кілемнің көлеміне қарай 5-6-7 келідей жіп кеткен. Кілемнің желісін ешкі қылын иіріп, 2 қабаттап ширатады, сөйтіп оны «шыңлайды». Ол үшін екі жақтан екі қазық қағады, арасы жіпке сәйкес шамамен 4-5 метрдей болады, сосын оған жіпті орайды, оны «жүгірту» деп атайды. Кілемге желі тартуды да «жүгірту» дейді.

Ағашты ширатып айналдыру «шыңлау» деп аталады.

Бау өру. Өрім тақ саннан тұрады, 3 өрім, 5 өрім. Бау өруге екі адам қатысады, бірі өріп отырса, екіншісі өрімді бекіту үшін қағып, саусақ ұшымен өрімді нығыздап отырады.

Өрмек ағашын итеріп, қайта тартып отыруды «барды, келді» дейді.

Өрмектің белдігі ортасында болады, белдікке «күзу байлау» деп белдіктен жіпті өткізуді айтады, жіпті еркек, ұрғашы деп бөліп, ұрғашысы астына, еркегі үстіне түседі.

Жіпті дөңгелетіп жинауды «төгу» дейді.

Жүн түту. Төгілген жүнді иіруге дайындау «шүйкелеу» деп аталады. «Келектеу» деп ширатылған ақ жіпті екі аяқтың арасын ашып отырып, аяқ басына орап жинап алуды айтады. Келектелген ақ жіпті қазандағы алдын ала 2-3 қасық тұз салып қайнатылған бояу салынған суға салып 10-15 минут қайнатып алып, шығарып астауға салады да, үстіне қазандағы бояу суды қайта құйып, 1 күнге бұқтырып қояды. Ертеңіне жіпті сығып, мұздай суға жуып кептіріп қояды.

Текеметке күзем жүнді пайдаланған, күзем жүн қысқа болады, сондықтан тез жабысады, ал жабағы жүнді кілем, алаша жібіне пайдаланады.

Ат қою. Әжесінің аты Уыз, шешесінің аты Ақбалдан. Балдан да тәтті болсын деген мағынаны білдіреді. Ақбалданның бір қызының ата Балтагүл, кіндігін балтамен кескен, себебі алдындағы бала шетіненген, кейінгі туылғаны балтадай берік болсын деп ырымдаған. Өз аты «перделі» болып туылғандықтан Пердеш қойылған. Қазақтар пердесімен туылғанды «үйімен туылған» дейді. Шешемді тудырған кемпірлер пердіні айырып ашқан, адам аяқ баспайтын жерге апарып қасиетті сөз айтып көмген.

Ырым. Шешесі 13 құрсақ көтеріп, 11-і қызылшадан қайтыс болған, бір күнде екі бала шетіненгенде біреуін есіктен, біреуін терезеден шығарған, екі өлікті бірден есіктен шығарса, артынан қайтадан өлік шығады деген үрей болған.

Қызылшадан бала өлгенде саудагерлер әкеліп сатқан қызыл бұрыштың тұқымын алып өсіріп, қызыл бұрышты үйдің бұрышына ілген. Үлкен кісінің қызыл дамбалы болса, соны алып ауырған баланы ораған.

Отбасылық дәстүрлер. Әпкем 1954 жылы күйеуге қашып кетіп шыққан, сол кезде хабаршы келіп «балаларың біздің ауылға келді» деген. Ол кезде хабаршылар еш нәрсе әкелмейді, кәдені құда шақырғанда берген. Жасауына қолдан тоқылған кілем, қоржын, кесе-аяқ, текемет берген. Әпкем төркініне бір балалы болғасын «есік ашып» келген. Есік ашып келгенде мал атайды, малды беріп жібереді, егер қалдырып кетсе «ен салдырып», белгілеп кетеді. Сосын ол малды керек кезінде алады. Төркініне бір балалы болған соң келу 1960-1970 жылдардан бастап тиылған. Ұзатылған қызға артынан киім апару 1970 жылдар соңына қарай қалыптасқан.

Әйел босандырған әйелді «кіндік шеше» деп атаған. Босандырған әйелге көйлек орамал берген. Кіндік шеше «белі буынсын, бекісін» деп құрт көже жасап, бетіне күйдірілген сары май құйып әкелген. Өзімің шешем өз келінін босандырған, сонда біз сыртта жүрдік. Кей әйелдің толғағы қызғаншақ болады, ондай кезде толғатқан әйел өзінің көңілі түскен адамды ғана жолатады, басқа біреу жақындаса толғағы қайтып кетеді. Босанған келінге қалжаны келіннің ата-енесі сояды, келін екіқабат болғаннан бастап бір малды байлайды. Қалжасына сойылған малдың мойны баланың басы қатқанша ілініп тұрған.

1960 жылдарға дейін енелер міндетті түрде *құрсақ шашу* жасаған, келін бата алған. Босанған қызға қыз шешесінің бесік апаруы да осы кезден бастап қалыптасқан.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ

Дерек кісі: Махашов Сухан 1938 ж.т. Арал ауданы, Қамыстыбас ауылы. Руы – алтынбайдың жәнібегі

Ру тармақтарын *аталық* дейді. *Жанарыс (Кіші жүз)*. *Әлімұлы*: қарасақал, қаракесек, кете, төртқара, шөмекей, шекті. *Байұлы*: адай, алтын, жаппас, алтыбас (алаша), байбақты, масқар, беріш, таз, есентемір, ысық, тана, қызылқұрт, шеркеш. *Жетіру*: кердері, керейіт, табын, тама, жағалбайлы, тілеу, рамадан.

Қож мен *төрелер* руға жатпайды. Оларды жақсы құрметтейді (төрге шығарады, бас ұстайды, жасы кіші болса да төрге шығарады, бірақ бас ұстамайды).

Бұрынғы заманда ақсақалдар кеңесі болған. Олар ру арасындағы дауды шешкен.

Сыр бойы қазақтары жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкен. Қамыстыбас ауылы қыстау болған. Егін және мал шаруашылығымен айналысқан. Бидай, тары, күріш еккен. Ақсақалдар егін егерде егіс басына келіп бата берген: «Жауын көп болсын, Егінің бітік болсын!»

Тасаттық жазғы уақытта жауын болмағанда су бойында беріледі. Оны ақсақалдар ұйымдастырған. Әркім өз шамасына қарай көмек берген. Әртүрлі мал шалынады, *жандық* сойылады (1 жастан асқан ұсақ мал). Дастархан жайылып, молда келіп құран оқып, бата беріледі.

Бесқонақ сәуірдің 13-15 аралығында болады. Ол кезде жел тұрып, жаңбыр жауып, суық болады. Ол туралы мынадай аңыз бар: Ерте заманда 5 жігіт жеңіл киініп, тойға кеткен екен. Содан жолда осы уақыт аралығында суық болып жігіттер үсіп, қайтыс болған екен. Сол себепті осы жыл мезгілін халық бесқонақ атап кеткен екен дейді-мыс.

Құралайдың жуары – шамамен сәуірдің аяғы мен мамырдың басы. Осы уақытта киіктер лақтайды, ауа-райы бұзылып, жаңбыр жауады. Оны құралайдың құйрық жуары дейді.

Ауа-райын айдың туарына қарап болжаған. Мәселен: ай тік тұрса, жылы, ал шалқаласа, суық дегендей. Жаңа туған айға әйелдер сәлем берген: «Сәлем бердік ай! Айдан аман сақта, жылдан есен сақта!» - деп айтқан.

Жолаушылар жолға шыққанда оң аяқпен шығып, Аллаға сыйынған.

Шом - қамыстың екі жағынан сыммен байланып жасалаған үй шаруашылығына пайдаланатын зат. Шарбақ, қора, үй салғанда пайдаланады. Қамысты қыста мұз қатқанда, қар баспағанға дейін қауылдырығы түскенде шабады.

Жертөле - отбасы мүшесіне есептеліп, жер астынан салынатын үй. Алдымен су шықпайтын жерді таңдап алады. Қазылған жерді тегістеп болған соң ортасына үрлік (ұзын бөрен) салып, үстіне шабақ орнатылып терезеге орын қалдырады. 4 қабырғаны да жер құрайды. Терезе төбесіне орнатылады. Үй төбесіне жаңбырдан қорғану үшін қамыс, құм немесе саз салынады. Жертөлени *бастырма* деп те атайды. Жертөледе шағын болса, екі отбасы тұрған.

Асар қаражаты аз немесе жаңадан отбасы болғанда үлкен құрылыстарға ұйымдастырылған. Асарды *үмме* деп те атайды.

Құдық қазылып жатқанда немесе қазылып болған соң құламас үшін дүзгін, жыңғыл, сексеуіл пайдаланылған. Тереңдігі 3 метр жерден ащы су алынған.

Дүзгін - жыңғылға ұқсас шөлді жерде өсетін өсімдік.

Байырғы кезде жаңбыр мен қар көп болғасын су тұщы болған. Соңғы 5-10 жылда ащы болып кеткен. Сондықтан тек малға пайдаланылады.

Ерте заманда тұщы судың қай жерден шығатынын білетін адамдар болған. Олар атпен шаңғытып шапқанда жер дүңкілдесе, су жерге жақын орналасқанын білдіреті болған. Құдықты кім қазса, соның есімімен аталған. Мысалы: «Ақтан қазған», «Тереңқұдық» (суы тереңнен шыққан).

Жеркепе мал қораның бір түрі. Жеркепені кәделемейді, яғни әдемілемейді, әсемдемейді.

Қақыра - жаз айында отыратын, қамыстан соғылған 1-2 бөлмелі үй.

Киіз үйді қайыр талдан жасаған. Қайыр талды дарияның жиегінен әкелген. Ол кезде сулың жағасы ну тоғай болған. Қазіргі кезде экологияға байланысты сиреп кеткен. Қазалыда 1980 жылдары киіз үйді Ыбырай деген кісі жасаған. Руы - жиеней.

1960 жылдары киіз үй 800, 1000, 1300 сомға бағаланған.

Мал дәрігерлік білім. Жылқыда «*жамандат ауруы*» болады. Ол кезде жылқы тамақ, тіптен су ішпей қалады. Оның емі жоқ. Ауыра бастағанда сойып тастайды. Сонымен қатар жылқы маңқаланып ауырады. Оны танауын тіліп жіберу арқылы емдейді. Жылқыны 2 жастан бастап қолы үйренген ауыл адамын шақыртып тартырады.

Түйеде «*шөптен тапқыр*» деген ауру болады. Бұл кезде түйе шөп жемей, күнге қарап әбден жүдеп өледі. Ауырған малды қырда ұстайды немесе сойып тастайды. «Шөптен тапқыр» ауруын түйе жантақ басына қонған алақүлік деген жәндікпен қоса жеп қойғанда ауырады.

Түйе 2 жылда 1рет боталайды (12-13ай). Наурызда шөгереді, келесі жылы сол уақытта боталайды. Бір топта 30-40 түйе, 1 бура болады. Түйе бурасымен бірге жүреді. Еркек ботаны тайлақ емес құнан кезінде, яғни 3 жастан бастап кестіреді. 2 жастағыны *тайлақ* дейді.

Ботаға көз тимес үшін түрлі-түсті жіптерді өріп, мойнына байлайды, қоңырау іледі. Қолға ұстайтын түйелерге киізден, қалың көне киімнен қолдан тігіп жабу жабады. Жылқыларға да жабу жабады. Нар түйеге бір өркешті болғасын адам отырарда құлап қалмас үшін *ашамай* орнатылады.

Көп жұмсалған арық малды «*ыңғыршағы айналған*» деп атайды. Оны қатты арық адамға да айтады.

Желі тарту. Оның бірнеше әдісі бар: Жерді қазып, алабұта, дүзгін байлап көміп тастайды. Содан кейін арқан кереді. Арқанның ұзындығы құлын санына байланысты болады. Бөренені қыстауда пайдаланады. Бөренені көміп, арқан кереді.

Көгендеу. 1. Қозы, лақ бір жаққа кетіп қалмас үшін. 2. Анасын еміп қоймас үшін.

Ат баптау. Бәйгеге шабатын атты 1-2 ай бұрын баптайды. Содан соң жаратады. Жарататын адамды «сейіс» дейді. Атты күнде шаптырады, оны «теріні алу» дейді. Киіз үйдің атты қамап, терлетеді. Содан кейін терін тазалап, жалын тарайды, құйрығын шашақтайды, басына кекілік жасайды. 12-15 жасқа дейінгі бәйгеге шабатын балаларды «шабандоз» дейді.

Өлікті жөнелту. Адам қайтыс болғанда, ағайын-туыс жиналып: «О, дүниелік болып, шейт болды!» деп естіртеді. Өлген адамды таза, салқын бөлмеге немесе сарайға жатқызады. Адам денесін қай жақта жатса да «оң жақта жатыр» дейді. Ең бірінші дәретін алдыруды «дәреттендіру» дейді. Оған 4-5 адам тағайындайды. Суға түсіруге 7 адам қатысады. Оны «сүйекке кіру» дейді. Қыста астына көрпе, кілем төсейді. Жазда жерге жатқызады. Барлық ағайын-туыс жиналып «мәслихат» құрады. Онда сүйекке, «ләт» қазғанға, халыққа, намазға, мешітке не берілетінін талқылайды. Ләтті жер қатты болса, 7 адамға дейін қазады.

«Дәуір айналдыру» намаздың алдында, өлікті жуындырып болғасын болады.

Сүйекке кіру. Аяғын – 1 адам, қолын – 1 адам, кеудеге – 2 адам, басқа – 1, бір адам су құйып тұрады. Өлікті ақ күлеңкер тауардан тігілген қолғаппен жылы сумен жуындырады, иіс сабын, қалампыр, иіс су пайдаланылады. Жуындыру кезінде 2-3 молда дәуір айналдырады.

Дәуір айналдыру дегеніміз - өлген адамның күнәсін жеңілдету. Үлкен молданың айтқанын келесілері қайталайды, дұғаларын оқып, «бердім-алдым» деп айтып отырады. Бұл кезде сүйекке кірген адамдар шығып кетеді.

Жуғанға дейін туыстары «*ырзаласамыз*» десе, өліктің бетін ашып қояды. Сонымен қатар өлікке киім тігіледі. Өлікті кілемге орап, басын есікке қаратып алып шығады.

Жаназасын молда шығарады. Егер ағайындар арасында оқу білетін ет жақын молда болса, үйдің келісімімен сол шығарады.

Алдын-ала қазылған ләтке апарып, өлікті ашып, кілемнен алады. Молда немесе жақыны бетін құбылаға қаратып жатқызады. Оңтүстік жақтан көрдің жанынан жанама жасап жатқызып, аузын кесекпен жабады. Арал, Қазалыда ләттің дәл ортасынан басын сәл қиыстатып, құбылаға қаратып жатқызады. Басын биіктету үшін жастық есебінде топырақ үйеді.

Ләт тереңдігі - 1,90- 2 метр болады. Адам көтерілгенде басы шықпау керек. Ені 1метр. Бетіне қалың тақтайды қатар жабады, тақтай бетіне пішен, пішеннің үстіне құм тастайды. Басына құлпытас орнатылады (белгі орнату). Бетін жауып болғасын мода 100 қадам алыс шығып құран оқиды. Сүйекшілер келгенде «Алланың аманатын жер қойнына тапсырдық» деп келеді.

О, дүниелік үйдің күмбездеп салынғанын «*үй там*» дейді. 4 құлақтап салынғанын «*үй*» немесе «*там*» дейді. Оны үй иелері жағдайына қарай салады. Үйін салуға адам саны 10-нан кем болмайды және құран оқылады. Артық қалған құрал-жабдықтарын (кірпіш, т.б.) тастап кетеді. Егер басқа бір адамның бейітін салуға жабдық жетпей қалған жағдайда үй иесінен рұқсат сұрап пайдаланады.

Әйелдер жүзіне дейін бейіт басына бармайды. *Жоқтау* таңғы уақытта қырқына дейін айтылады.

Кім өтсе бұрын дүниеден,
Кеуілінде болар арман-ай.
Бәрекелді қарашы,
Айтқаны келді анамның
Қолыменен қойғандай!

«Армансыз адам болмайды» деген мағынада. («Едіге батыр» жырынан үзінді)
Сыңарсыз адам болмайды. Мал да жалғыз болса, қораға кірмейді.

Бейітті негізінен *төртқұлақ* етіп салады, оны *үйтам* деп атау қалыптасқан.

Аңшылық. Киікті қуып атуға болмайды. Себебі киік қашқанда іші қызып кетеді. Оны сойған кезде адамның қолы күйіп қалады, еті де қарайып кетеді.

Киіктің жүретін жолына қақпан құру үшін жерді шұңқыр етіп қазады. Содан соң қақпанды құрып, бетін жауып кетеді. Қақпанға түскен оны сүйретіп алып кетеді. Оның ізімен аңшы жүріп отырады. Жараланған киік ұзаққа бармай мерт болады. Қаза болған киікті сол жерде аңшы «бисмиллә» деп бауыздап алады. «Бисмиллә» тек адал аңға айтылады, ал етін жемейтін «мәкрүк» аңға айтылмайды.

Құндыз аулауға *тышқан қақпан* құрылады. Құндызды жазда ауламайды. Себебі олар сол кезде көбейеді. Тек күзден жазғытұрыға дейін аулайды. Құндыздың ұясы камыстың арасында судан 0,5 метр биіктікте орналасады. Ұясына тек қыста кіреді. Қақпанды су қатпағанға дейін ұяның ішіне құрады.

Түлкі аулау үшін қақпанды түлкі жүретін жерлерге құрады. Олар бұтаның арасында жүреді. Түлкі қақпанды жерді шұңқыр етіп қазып ішіне тастап, бетін құммен жауып қояды. Содан соң жемтік тастайды. Қақпанға түскен түлкі сүйретпені сүйреп қашады, аңшы соның ізімен жүріп отырып түлкіні басынан ұрып алады. Сол жерде түлкіні шалқасынан жатқызып қойып, терісін сыпырып алады. *Терілерді* алдымен етінің қалғанын сыпырып алып, тұз сеуіп орап, бір апта қояды. Кейін ащы айран жағып бір күн қояды. Одан соң таспен ысып, жұмсартады. Сосын пайдалана береді.

Қамбаш көлінде қаз, үйрек, қасқалдақ құстары мекендейді. Оларды күзде аңшы ұйымынан рұқсат алып аулайды. Бұрынғы кезде қаздарды садақпен атып алған. Қазір мылтықпен атып алады. Қаздың майы молдау болады. Оны шығғырып ем ретінде жараға, күйікке пайдаланады.

Қасқалдақтар көлде мекендегенімен табу қиын. Адамдар келе жатқанда тез ұшып кетеді, майда болғасын оқ та тие қоймайды. Қаны бір ас қасықтай болады. «Қасқалдақтың қанындай» деген содан шықса керек.

Қырғауыл қамыс арасында, егістікте жүреді. Себебі ол дән жейді. Қырғауыл жазда балапандайды, сондықтан оларды күзде, қыста аулайды. Бұрын тұзақ құрған, қазір атып алады.

Қырғауылдың еркегінің құйрығы ұзын, әдемі болады. Оның қауырсынын сәндікке іледі.

Сүндеттеу. Бұрынғы кезде балаларды сүндетке 5-6 жастан бастап тәжірибесі бар молда отырғызған. Сүндеттелген жерге тез жазылу үшін сексеуіл күлін сепкен. Молда бергенін алған.

Бата:

*Әуелі Алла оңдасын,
Еш жамандық болмасын.
Көтеріліп несібең,
Бақ-береке орнасын,
Әулиелер қолдасын.
Ақиректе Арыстанбаб,
Түркістанда Қожахмет,
Мәдениде Мұхаммед,*

*Тілектерін қабыл ет.
Бақ беріп, бәледен сақтасын,
Абырой беріп, аман сақтасын.
Көп беріп, берекет берсін,
Есесін Алла жеткерсін.
Өліге иман, тіріге береке берсін.
Амин!*

Насыбайды темекі ұнтағына сексеуілдің күлін араластырып жасайды.

Дерек кісі: Мергентаева Шамшырақ 1948 ж.т. Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті. Руы-Үсеннің азаты

Киіз басу. Киіз басу үшін ақ жүн мен қара жүнді пайдаланады. Қойдың күздігінгі күзем жүні нен басады. Ең бірінші дайындау астына ши салынады. Шиді қамыстан токиды. Жүнді сабайды. Одан соң ши үстіне алдымен қара жүнді салады. Ұзындығы – 3 метр болады. Оның үстіне қайнап тұрған ыстық су құйылады. Одан соң ши домалақтап қайырылып, үстінен екі білекпен жарты сағаттай басады. Көмекке 5-6 әйел қатысады. Басып болған соң жүнді шиден ажыратып алып қояды. Одан кейін ақ жүнді салып оған да ыстық су құйылады, білекпен жарты сағаттай бастырылып болған соң жүнді ажыратып алып қояды. Содан соң қара жүн, үстіне ақ жүн салынады.

Екінші – жүн бояу. Жүнді алып талдырады. Киіз басу сияқты. Содан соң қазанға салып, үстіне бояу құяды.

Жүнді төртбұрышты етіп қиып алып, жүннің үстіне салады. Үстіне ыстық су құйып, жарты сағаттай білекпен басады. Содан соң шиден ажыратып алып, төрт жақтан тебенмен тігеді.

Үшінші – қарпу. Киізді жан-жағынан ұстап жерге ұрады. Сол кезде артық жүндері ұшып, киіз дайын болады.

Киіз үстіне иірілген жүннен адамның есімін жазуға болады.

Киіз басу бір күннен үш күнге дейін созылады.

Жүн иіру. Қойдың жабағы жүні және түйе жүні пайдаланылады. Жүнді жақсылап түтеді, сосын шүйкелейді (жүнді иіріп, домалақтау). Содан соң ұршыққа салып иіреді.

Халық емі. Жылан шаққан кезде шаққан жердің қанын сорып алып тастап, қолдың басын байлайды. Жыланды ұстап алады, бірақ өлтірмейді. Үйге келген соң қойды молдаға оқытады. Қой сол кезде ауру адамның қасына келіп қолын 3 рет жалайды. Бір жылдан соң сол күні жыланды өлтіріп, ауруға сорпасын ішкізеді. Содан соң адам жазылады. Жыланның сорпасы балықтың сорпасына ұқсас болады.

Тіл, көз өткенде тұзбен «тіфә-тіфә!» деп адамды айналып, «Тілдің тіліне, көзіне! Осы менің қызыма немесе ұлыма көз өткен адам болса, көзі шықсын!» деп тұзды отқа шашып жібереді.

Егер бала шошыса, алдымен табанын қыздырады. Одан соң қорғасынды қалбырға салып ерітеді. Сосын ыстық табаны баланың төбесіне қойып, қорғасынды құяды.

Бата:

Ия, құдайым оңдасын,

Еш жамандық болмасын.

Бақ беріп, бәледен сақтасын,

*Абырой беріп, аман сақтасын.
Ақ бақтылы болыңдар,
Алтын тақтылы болыңдар.
Қыдыр ата жолдасың болсын,
Гайып-Ерен Қырық Шілтен шылауыңда жүріп,
Ақ жүзді, абыройлы, аманқос қылсын.
Амин!*

Дерек кісі: Аязбаева Зада 1958 ж.т. Қазалы ауданы, Басықара ауылы. Руы-төртқараның қонысбегі.

Алаша тоқу. Қойдың күзем жүнінен тоқиды. Алдымен жүнді тазалайды, жуады. Содан соң түтіп, иіреді. Қазанға суды қайнатып, бояуды салады. Сосын иірілген жіптерді бояп кептіреді. Жерге үшбұрышты етіп үш қазық қағып жіптерді жүгіртеді. (25 жіптік) Содан соң «өрмек ағашқа» жүгірткен жіпті еніне есептеп керіп, тоқиды.

Дерек кісі: Беймаханов Нұрболат 1974 ж.т. Райым ауылдық округі, Қосжар ауылы. Руы- жақайымның алшынбайы.

Балық шаруашылығы. Жылым салу. Жылым қыста, мұз қатқан соң (15-20 см) салынады. 3-4 км жерден тартылады. Бұрын қолмен ойған, қазір мұзойғышпен ояды. Оның артына прогон ағаш (шыжым – жіп) байланады. Шыжымның артына арқан байланады. Ол мотормен тартылады, ал оның артында жылым болады. Жылымның ұз. – 800 м – 1 км. Жылымды 3-4км жерге айдап шығарады. Жылымның артқы жағында шонтай болады.

Шонтай дегеніміз - қап сияқты балық түсетін орын. Шонтайдың ұз. 9-12 метр болады. Мұз бетіне шығарылған шонтайдан сазан, тісті, жыланбалық, дөңмаңдай, жайын, амур, т.б. балықтар алынады.

Ау тоқу. Ау тоқу үшін қатару (капрон жіп), инелік, қасық пайдаланылады. Аудың ұз. - 100 метр (бұрынғы кезде 23-24 метр), ені - 2,5-3 метр болады. Аудың арқалығына қалқы, табандығынатар байланады. Әр тасқа қатару пайдаланылады.

Құрымай ау. Көктем, күз айларында қайықпен жүріп салады. Ескек, таяу пайдаланылады. Кешкісін салынып, таңертең алынады.

Балықты қолдан ұрықтандыру. Мамырдың 10-нан бастап уылдырық алу, қолдан ұрықтандыру мезгілі Қамыстыбас балық питомнигі Қосжар елдімекенінде су температурасы 15-23+с аралығында болғанда басталады. Аталық, аналық балықтар ұсталады. Оларға қолдан дәрі егіледі. 12-15 сағат аралығында уылдырық береді. Уылдырықты алған соң уылдырық шайқайтын аппаратқа салады. Оған 800 гр-1,5 кг дейін уылдырық сыйады. 15-23+с аралығында ұстап тұрса, сазан балық 48 сағатта жұмыртқа болып шығады. Амур балығы 48 сағатта, дөңмаңдай 35 сағатта, бекіре 24 сағатта шығады. Одан кейін ваннаға түсіріледі. Ол жерде торсылдақ(өкпесі), жемсауыты шыққан соң тоғанға жіберіледі. Тоғанға жіберілген соң жем шашылады.

Салмағы 1,8- 2мг болған кезде теңізге, көлге жіберіледі. Одан кейін қазанның 15-нен бастап аулануға рұқсат беріледі.

Арал теңізі, Райым көлі, Жалаңаш, Қаязды, Лайкөл, Қамыстыбас.

Балықтың уылдырық шашатын уақыты - мамырдың 15-нен бастап шілденің 15-не дейін.

Дерек кісі: Өткелбаева Әмет 1930 ж.т. Арал ауданы, Ақбай ауылы. Руы - алтынбайдың жәнібегі.

Тамыр болу. Екі бала кішкентайынан бастап өмірлерінің соңына дейін жақсы дос болуды айтады. Егер балалары келіссе, үйлендіреді.

Өкіл болу. Өкіл болған адамды өз туысынан да артық сыйлайды.

Құрсақ шашу. Бала көтермей жүрген әйел бір күні жүкті болса, құрсақтағы баласына 3-5 ай толғанда үй иелері мал сойып, ағайын-туыс, көршілерді жинап той жасайды.

Айырылысу көже. Үй иесі басқа жаққа көшіп, қоныс аударатын болса, көршілерді жинап, мал сойып, дастархан жаяды.

Ерулік. Жаңа көшіп келген көршіні үйге шақырып, қонақ қылып, сыйлау.

Бастаңғы. Жол жүріп, қыдырып кеткен адамға «басы ауырмай, жақсы келсін» деген ырыммен көршілері жиналып дастархан жайып, шай ішеді, ет жейді.

Мифологиялық бейнелер.

Пері суда жүреді, оны «су перісі» дейді. Таңертең және түнде суға түсуге болмайды. Әсіресе, әйел адамдар суға түсуге және баруға болмайды. Егер көлге кешке түсетін болса, жын-шайтандарды үркіту үшін суға тас лақтырады.

Бір күні Базар қожа жолда келе жатыр екен. Бір уақытта ауылдың тұсында адамдар шулап жатыр екен. «Не болды екен» деп ауылға жақындай бергенде алдынан жаңа туған әйелдің өкпесін аузына тістеген *албасты* шығыпты. Базарқожа не болғанын тез түсініп «Орнына сал!» деп албастының ізінен қуыпты. Одан қорыққан албасты қайтадан әйелдің өкпесін орнына салыпты. Содан соң әйел қайта тіріліпті-мыс.

Едіге батыр туралы аңыз. Едіге батырдың әкесі әулие кісі болған екен. Бір күні көлге шомылып жатқан аққу бейнесіндегі перінің қыздарын көріп қалып, ішіндегі ең кіші қыз Кенжекей сұлуға ғашық болып қалады. Сөйтіп қыздардың судың жиегіне шешіп қойған кебенектерін жинап алып қыздар қанша сұраса да бермейді. Содан қыздар «не айтсаң да орындаймыз, бірақ кебенегімізді қайтар!» дейді. Жігіт кебенегін қайтаратынын, ақысына Кенжекей сұлудың өзіне жар болуын сұрайды. Амалы таусылған қыздар келіседі, бірақ үш шартты орындайсың дейді: 1. Кеуде тұсын сипамау. 2. Себебі перілердің кеудесі қуыс болады. Төбесін сипамау. Себебі шашы болмайды. 3. Аяғына қарамау. Себебі аяғы ешкінің тұяғы сияқты болады. Бірақ опасыз адам уақыт өте келе бұл шарттың үшеуін де орындамайды. Содан аяғы ауыр Кенжекей сұлу «ұлыңды бәлен деген жердегі теректің басына туып байлап кетемін, сол жерден аласың дейді». Содан бастап «адамзатта опа болмайды» деген нақыл сөз қалған екен.

Бата:

*Ия, құдайым жарық ет,
Жарылқаудың қамын ет,
Не тілесең әзір ет.
Кеткенің келіп,
Кемтігің толсын.
Ақиректе Арыстанбаб,
Мәдинеде Мұхаммед,
Түркістанда Қожахмет,
Отырарда отыз баб,
Сансыз суда Сайрам баб,
Шашты Әзиз, Зеңгі баба,
Қыз әулие, Бегім ана
Қолдап жүрсін.
Амин!*

Сабын жасау. Алдымен адыраспан немесе сексеуілдің күлін қазанға салып, үстіне малдың сүйегін салып қайнатады. Біраз қайнаған соң бетіне шыққан майын сарқып алады. Түбінде қалған қоймалжыңды біраз қайнатып, кір жуатын ұнтақ алады. Содан соң қайтадан майды құйып майлы сабын алады.

Дәстүрлі мәдениет мұраларын көненің көзі ретінде сақтайды.

Дерек кісі: Қалилаев Садық 1947 ж.т. Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті. Руы - алтынбайдың жәнібегі

Жетес би туралы. Жетес би кезінде қара қылды қақ жара әділ билік айтып, ел на-масын қорғаған, «кімсің, Жетес би» атанған жақайым Жетес би әуелі өзін ел-жұртқа таныстырарда: Арты атам ұлы Шекті, Жібек апам, Сонан соң Тілеу, Қабақ, ол да ба-бам. Бергі атам қойлы Дәкен, Жетес бимін Мекенім - Арал, Шалқар, құмды далам... деп термелеп алады екен. Атағы бүткіл елге жайылып кеткен, қыз біткеннің сұлуы Қыз Жібектей арудың атын есіткен жұрт «ә, Шекті елінен шыққан атақты Қыз Жі-бектің ұрпағы екенсіз ғой», - деп, Жетес биге айрықша құрмет көрсетіпті. Жетес би Мыңбайұлы 1835 жылы қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы, Райым фортына жақын ауылда туып, 1907 жылы 72-ге караған жасында дүние салған. Жетес бидің шыққан ата-тегі туралы жоғарыда өзі айта беретін бір шумақ өлеңді толықтыра айтсақ, былай болып шығады: Кіші жүз Бекарыс - Ордаш - Мөңке - Шаншар - Тұл-пар - Токпан - Алау - Алшын - Құдияр - Қайырбай, Қайырбайдан Байсары, Әлім, Шөмен. Әлімнен Байсары (Кете), Айқын, Ұланақ, Жаманақ (Шекті), Тайқожа, Те-генболат. Қараманақ аталары шығады. Жаманақтан - Шыңғыс, Әріс, Баубек, Мөку. Мөкуден - Айт, Бұжыр, Назар, Жәкей - Шүрек, Айттан - Тілеу, Қабақ. Тілеуден - Әл-деберді, Есіркемес, Мөңке, Өтембек, Жақсымбет. Әлдебердіден, Қозыбай. Қозыбай-дан - Қырмандай, Бейіс, Сүйіндік, Сәдібек. Сәдібектен - Жоңлыбай, Қуат, Қуаныш,

Дәкен. Дәкеннен - Жүзбай, Мыңбай, Мыңбайдан - Таңқай, Таубай, Назарбай, Жүндібай, Жаный... (үш баласының аты белгісіз) одан соң Жетес екен. Жетестің шешендік атағы ең алдымен сыр Шектісі, Қыр Шектісі деп аталатын елдер арасында мәлім бола бастаған. Орта жасқа келгенде оның билік даңқы бір жаты Орынбор, бір жаты Қаракалпақ халқы арасына жайылады. Әділ төрелігі, шешендік алғырлығы үшін ел-жұрт оны құрметтеп, арнайы ат жіберіп алдырған.

Көпшілік бас қосқан бір үлкен жиында Жетес шешеннің тапқырлығын сынамақ болған бір беделді ақсақал: - Адамның, жердің, сөздің, пікірдің сәні неде? - деген сауал қойыпты. Сонда Жетес би: Адамның сәні - өнер, білім, ақылы, Жердің сәні - жеміс, әнім, дақылы, Сөздің сәні - өнегелі нақылы, Пікірдің сәні - ойландырар мақұлы,- деп жауап берген екен.

Қазіргі таңда халық Жетес бидің басына барып тәу етеді.

Арыстан баб қорымы. Арыстанбабтың жеті жерде жайы бар дейді халық арасында. Әр жердің халқы: «Арыстанбаб әулиенің сүйегін біз аламыз» деп таласыпты. Содан жеті табыт жасап, жеті елдің адамы алып кеткен екен. Бірақ қай жақта орналасқаны белгісіз. Алланың күдіретімен жеті жерге де әулиенің жаны барады деген аңыз бар. Соның бірі Ақбай ауылының Ақирек тауында орналасқан Арыстанбаб қорымы. Бұл жерде Арал, Қазалы ауданының Кіші жүз қазақтары жерленген. Ауырып жүрген адамдар және бала көтере алмай жүрген әйелдер келіп дұға оқып, зиярат етеді.

Дерек кісі: Алмағамбет Нұржамал 1948 ж.т. Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті. Руы - жақайым.

Балықтан жасалатын тағамдар. Қарма. Бұл тағамды көкмойын торта(майлы), жайын, дөңмаңдай, тран балықтарынан жасауға болады. Алдымен балықты тазалап алады. Содан соң қазанға су құйып қайнатады, сосын үстіне балықты салып, тұз сеуіп, 1 сағаттай қайнатады. Балық піскенше қамырды илеп, бастырып қояды. Дайын болған балықты алып қармалайды (яғни, тікенінен айырады). Сосын қамырды жайып, кішкене төртбұрыштап кесіп сорпаға салып, оның үстіне балықты, дәмін келтіру үшін пияз турап салып барлығын 15 минут қайнатады. Дайын болған соң сорпасын жаймасынан айырып құйып алып, қарманы дастарқанға қояды.

Балықтан жасалған ет пен сорпа. Бұл тағамды сазан, бекіре, қаяз, дөңмаңдай, жайын балықтарынан жасауға болады. Алдымен балықты тазалап, кеспелейді. Сосын қазанға су құйып қайнатып, үстіне балықты салып, пияз салып, тұз сеуіп 1 сағат қайнатады. Оның арасында қамырды илеп, күлшелеп, бастырып қояды. Балық дайын болған соң тәрелкеге түсіріп алып, кеспеленген жайманы салып қайнатады. Сосын піскен жайманы түсіріп алып, үстіне балықты салып дастарханға қоюға болады. Балықтан котлет жасауға болады, сонымен бірге балықты қуырып, картоппен, күрішпен бірге беруге болады.

Бата:

*Уа, құдайым оңдасын
Әулиелер қолдасын
Жеті әулие, жеті пір
Ақ ордаңа орнасын
Қай берен қырық шілтер
Шылауларыңда жүрсін
Балаларыңа Жамбылдың жасын берсін
Сәкеннің сәнін берсін
Әміренің әнін берсін
Қажымұқанның қайратын берсін
Мұқатайдың айбатын берсін
Бауыржанның қайтпас қайсарлығын берсін
Бізден дәмектен өлі әруақтарға тие берсін
Әумин!*

** * **

*Асың, асың, асыңа
Береке берсін басыңа
Осы тұрған боз үйге
Қыдыр ата дарысын
Осы үйдің бәйбішесі
Сегіз құрсақ көтеріп
Ұл мен қызға жарысын
Іргеден байлығың кетпесін
Жеріңнің о шетінен бұ шетіне
Ат шаптырса, жетпесін
Әумин!*

** * **

*Аспандарың ашық болсын
Жүздерің жарқын болсын
Тілегендерің қабыл болып
Жүректерің жалын болсын
Қазандарың оттан түспесін
Үйлеріңнен қонақ кетпесін
Оң жақтарыңда ой болсын
Қораларың толған қой болсын
Астарыңда тақ болсын
Бастарыңда бақ болсын
Әумин!*

Ырым. Ұзақ жасаған қарияның киімін сандықта сақтайды, балаға көз тиіп ауырғанда орайды, адам өзі ауырса басына жастайды. Қырғауылдың қауырсынын көз тимесін деп үйге іліп қояды.

Дерек кісі: Өтейева Мәдина. 1941 ж.т., Қазалы ауданы, руы әлім палуан жие-ней.

Жеңгелері үйдің үлкен қызы болған соң «Төре бала» деп атаған.

Аралда Қарақұм, Кішіқұм, Жіңішкеқұм бар. Құм қыстақ болған, қыста малды бір құм мен екінші құмның арасын *адыр* деген, ол малға ық болған.

Қамшы іліп қою әр үйде кездеседі, себебі жын шайтандар қамшыдан қорқады. Арал, Қазалыда үйге тұз іліп қояды. Қалған аудандарда әдіраспан іледі.

Қазалы өңірінде қожалар арасынан шыққан діндар қожа-молдаларды «мақсым» деп атау қалыптасқан. Мақсым пір, мұғалім, ұстаз деген мағынаны білдіреді. Қай ру арасында отырса, сол рудың мақсымы атанған, себебі ол сол руға қызмет еткен, мысалы, «төртқараның мақсымы», «қарасақалдың мақсымы». Құрбан мақсымның екі иығында екі жолбарыс отырған, яғни иесі болған. Хорезмде Пахар мақсым жерленген, оның да иесі жолбарыс болған, 12 жылда 1 рет келіп хабар алып тұрады екен.

Мақсым, молдаларға балаға тұмар оқытып алған. Көп жасаған молда, мақсымның киімін сұрап алып үйге іліп қояды.

Қазалы ауданындағы шеберлер

Оралов Торғанбек 1973 жылы туылған, ағаш, тері шебері. Руы шөмекей аспан.

Дерек кісі: Нұрбаев Нұрғали, сандықшы. Қазалы ауданы. 1967 ж.т.

Әкесі Оразғали Нұрғалиұлы малшы болған.

Тазы баптау. Ұшар атты тазы итін қоянға, киікке салған. Тазы мен төбеттен туылған ит «қайын қаптал» деп аталады. Ол да аңға түседі, бірақ тазыдай болмайды. Таза қара үйдің ішінде, ал қыста үйдің босағасында жатады. Тазыны баптап өз алдына тамақ берген.

Астына мінген атын «Марқа» деп атаған.

Малдың қасқыр тартқан жеріне малдың қабырға сүйегін қыздырып басқан.

Таңбаны шыбын басылғасын, қыркүйектің соңы, қазанның басында басқан. Таңбаны сол жанбасынан басқан, өз малын басқалардың малынан айыру үшін таңбаланаған. Жылқы мен түйелерге әкесі «ОН» деген таңба басқан.

Құнандар 2 жаста «тісиді», яғни өз тісі түсіп қалып, орнына жаңа тіс шығады, сол кезде құнандар ариды, тіс жаңадан шыққанды көтере алмайды. Жылқы маңқа болғанда танауын теседі. Тарттырылған атты «*ақта*» дейді. «*Саяқ*» деп үйірі жоқ еркек жылқыны айтады.

Қара тұзды түйе, сиыр, қойға да жалатады. Үйдің босағасына үйдің малын ұры қарыдан қорғасын деп 10 нан аса кәрі жілікті іліп қояды. Аттың жалын күзде қырқады, қыркылған жалын шылбыр, арқан есуге қосқан.

Саптама етік. Ертеректе саптама етікті етікшілерге жасатқан, кейін балықшыларға берген етік ішіне киіз салып саптама етік жасаған.

Көз тию. Көз тиген балаға сандыққа салып сақтап отырған ата басынан қалған киімнен кесіп алып түтетіп иіскеткен.

Дерек кісі: Ерназаров Әбілтай. 1939 ж.т., руы қарасақал. Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Құмжиек ауылы.

Миф. Жаналғыш туралы: «Әзірейіл, Жәбірейіл екеуі ел аралап жүріпті. Олар Алла тағаланың оң қолы ғой. Яғни, Алла тағаланың хақ бұйрығын орындаушылар. Екеуіне жолай бір ауылдан шыққан жігіт кездеседі. Әзірлейіл, Жәбірейіл, жолаушы жігіт үшеуі сапарлас болады. Аmandық сұрасқан соң екеуі жігітке «Мына ауылда, екі бала бар, соның жанын аламыз, соған «барамыз» дейді. Ауылдың шетіне келсе, бір топ бала тақырда асық ойнап жатады. Асыққа таласып, бірі келесі баланы кеттен ұрып қалады. Асық басына тиеді де, тиген бала тіл тартпай өліп қалады. Ол баланың шешесі келеді де ұрған баланы көсеумен қойып қалады. Ол бала да өліп қалады. «Екеуі өлді ме? Онда, ал, қайттық», - деп Әзірейіл мен Жәбірейіл бұйымтайы біткен соң тағы да жолға түседі. «Енді алдыда бір ұл бар. Соның жанын аламыз», - дейді. Ауылға жақындағанда еріп келе жатқан жігіт «Менің жанымды қашан аласыңдар?», - дейді. «Сенің жаныңды айттырып қойған қызың бар. Соған үйленіп, той жасап, қасына жатқан күні аламыз!», - дейді. Жігіт: «Ойбай, онда неғып тірі жүрейін. Қазір алыңдар», - дейді. Әлгі екеуі «Жоқ, алмаймыз. Сызығың біткен жоқ», - дейді. Кете береді. Сол күннен бастап жігіт санадан солады. Әке-шешесі айттырған қызды ал десе, алмай, қашқақтап жүре береді. «Шырағым-ау, алсаңшы, айттырып қойған қаншама қалың мал күйіп кетеді ғой», - дейді ата-анасы. Жігіт көнбейді. Бұл жайтты қыз да естиді. Ақыры жігітті шақырып алып, себебін сұрайды да «сен қорықпа, мені ала бер. Бір есебін табармыз», - дейді. Ақыры тойды жасап, келіннің бетін ашады, кешке қасына жатып құшақтаған кезде есікті «тық-тық» еткізіп әлгілер де қағады. Жігіт «Жаналғыш келді», - дейді үрейленіп. «А, жаналғыш келіп тұр дейсің бе? Барып аша ғой», - дейді. «Барып аш та, сіздерден бір тілегім бар, сол тілегімді орында да жанымды ала бер деп айт», - дейді келіншегі. Барып ашқан соң әлгілер «Жаныңды алғалы келдік», - дейді. «Ал, онда, жанымды алатын болсаңдар, мен сіздерден бір сұрақ сұрайын. Содан кейін жанымды ала беріңдер», - деген екен. «Сұрағың не?», - дейді екеуі. Жігіт «Кеше жолдас болдық ғой біз. Менің жолдасқымды бер», - деген екен. «Не дейді?», - депті де Тәңірге осы жайтты хабарлайды екеуі. Сонда Құдайтағала «Жолдасақыға ол не сұрайды?», - деген екен. Сонда жігіт үйіне кіріп шығайын дейді де әйеліне келіп «Жолдасақыға не сұраймын?», - деген екен. Әйелі «Жүз жас сұра», - деген екен. Содан жігіт қайта шығып «Жолдасақыға жүз жас бер!», - деген екен. Әлгілер «Әумин» деп, жүз жас берген екен. Содан бастап осы мысалдағыдай біздің аталарымыз жүз жасайтын болыпты. Біздің бір Қарасақал атамыз 105 жас жасап, қайтыс болды. Менің әкем 1993 жылы 99 жасында дүниеден өтті.

АРАЛ АУДАНЫ

Дерек кісі: Тоқсанбаева Айсұлу Базарбайқызы – 1938 ж. туылған. Арал, Қарақұм қыстауы.

Отбасылық дәстүрлер. Сыр өңірі қазақтары қонаққа тартылған қой басының оң құлағын кесіп алып, балаларының кішісіне берген, басты оң құлақсыз тартқан, бұл ырысым үйде қалсын деген ырыммен байланысты. Бұл дәстүр қазір де жалғасын тауып отыр. Тағы бір ерекшелігі *Құрбан айтта* малды құрбандыққа шалғанда малдың оң сирағын үй иесі ұстаған, оның білек қарынан әйелі, әйелінен соң бала-шағалары, келіндері қаз-қатар тұрып бір-бірін жалғастыра ұстаған. Үй иесі ішінен «*балаларым қайда жүрсе де аман болсын, бізді сүйреп жүрсін*» дегені. Малдың мойнынан шыққан қанды мал бауыздаған адам, тізіліп тұрған бала-шағалардың маңдайына жағын жіберген. Олар қанды кеуіп, қабыршақтанғанша жумаған. Бұл дәстүр Арал өңірінде әлі күнге дейін сақталып қалған. Ал үй иесі ұстаған оң сирақты киіз үйдің жел бауына байлап үш күнге дейін іліп қойған. Айттың үшінші күні пайдаланған. Кез-келген уақытта қазанға ет салғанда алдымен *кәрі жілікті* салған, бұл малдың бар етін кәрі жілік ұстап тұрады, деген сенімнен туындаған. Малды бауыздаған кезде жауырынының ұшын кесіп алып, жылы күйінде үйдің төбесіне, қабырғасына ұрып жапсырған, бұл атым жүйрік болсын дегенді білдіреді. Бұлар Қазақ даласының басқа өңірінде кездеспейтін дәстүрлер.

Сыр бойындағы қазақтар арасында үлкен тамақтан соң бата беру дәстүрі “*ас қайыру*” деп аталады. Ас қайыру кезінде дасқарқан басындағы жасы үлкен, құрметті адам бата бергенде үй иесі, отбасының басқа мүшелері батаны екі қолын жайып, есік аузында түрегеліп тұрып қабылдайды. “*Бата алуды*” есік аузында тұрып қабылдауы да қазіргі таңда осы Сыр бойында сақталып отыр. Қазақ жерінің көптеген өңірлерінде бата бергенде отбасы мүшелерінің орнынан тұрып, есік алдында тізіліп тұру дәстүрі сақталмаған.

Амандасудың да өзіндік дәстүрге бағынған рәсімі бар. Арал, Қазалы өңірінде ер бала, қыз бала да өзінен үлкендерге дауыстап “*сәлем бердік*” деуі керек. Сыр бойының басқа өңірінде қыз бала болсын, ер бала болсын кішілер үлкендерге қос қолын беріп амандасады.

Сыр өңірінде түсетін келінге арналып, міндетті түрде шылымдық құрылады. Түскен келінді келген жеріне үйреніп кетсін, деп үш күн шымылдық артында ауылдың қыздарымен бірге отырғызған. Үшінші күн «*беташар*» рәсімі жасалады. Сырдың төменгі ағысы бойындағы Арал, Қазалы өңірінде келіннің басына ақ жаулық жауып, оған ұзындығы 2 метрдей қызыл мата, оған қамшы сабын жалғап, оны бет ашушы жыршының көмекшісі ұстап тұрады. Сырдың Тереңөзек сағасы өңірінде қамшы орнына қызыл матаны қамысқа жалғап байлайды. Мұндағы қызыл матаның байлануы келінді көз тиюден сақтау, қамшы мен қамыстың байлануы, келініміз жұмсақ болсын деген ырыммен байланысты. Беташарда келіннің екі жағынан сол әулетке бұрын түскен келіндер ұстап тұрады. Және де бұл рәсімді сол үйдің туған келіні емес, жақын ағайын келіндері атқарады. Бұл туысқандарға деген құрметті білдіреді. Бұл Сыр бойында әлі күнге дейін жалғасып отырған дәстүр.

Сыр өңірінде әлі күнге дейін жалғасын тауып, қаймағы бұзылмай келе жатқан дәстүрдің бірі «сәлем салу». Сәлем салу дәстүрінің екі түрі қалыптасқан, бірі келіндердің өзінің күйеуінің үлкен ағайындарына, екіншісі қазақтардың үлкен асы ет тамақты жеп болған соң табаққа «сәлем салуы». Келіннің «сәлем салу» дәстүрі «беташардан» басталады. Беташарда күйеуінің ет жақын туыстарының әрқайсысына арнау өлең айтылған соң келін де, қолтықтап тұрған келіндер де иіліп сәлем салады. Келіннің беті ашылып, босаға аттаған күннен бастап, келін күйеуінің ағайындарына көрген кезде екі қолын алдына бір-біріне айқастырып қойып «сәлем бердік», - деп дауыстап, өзі иіледі. Күйеуінің ағайындары жол-жөнекей кездескен күнде де осылай сәлем салады. Үлкендер келіннің сәлеміне «көп жаса», «бақытты бол» деп жауап қайтарады. Бұл дәстүр келіндердің күйеуінің ағайындарына деген ізеттілігін білдіреді.

Сыр бойында сақталып отырған *сәлем салудың* екінші түрі «*табақ алу*» кезінде атқарылады. Ет тамақ тартылған үлкен астан соң дастархан басында отырған адамның үлкені табақты ұсынғанда келін үнсіз сәлем салып барып алуы тиіс, Сыр келіндері осы өңірде қалыптасқан дәстүр бойынша ет тамақ желініп болғанын сезген бойда табақ алуға дайын тұрады. Үлкен жиын тойда, ас, құдайы тамақ берілгенде тартылған табақтың санына қарай ауыл келіндері бірінен-соң бірі тізіліп, тұрып, әр қайсысы табақ аларда иіліп сәлем салады. Табақ алу рәсімі отбасында қонақ келмей-ақ өздері отырып, ет тамақ жеген соң да келін ата-енесіне сәлем салып табақ алады. Бұл ет тамақты қазақтың үлкен асы деп санап, табақ басында отырған үлкендерге және шаңыраққа деген құрметтен туындаған.

Келіндерге қатысты салт-дәстүрлер олардың киіну ерекшелігінен көрінеді. Сыр өңірінде ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша келін етек-жеңін жинап, яғни аяқ-қолын көрсетпей жеңі ұзын, етегі ұзын киім киген. Келіндер, үйде де, көшеде де орамалсыз жүрмеген. Келіндердің орамалсыз жүрмеу дәстүрі осы күнге дейін берік сақталып отыр.

Сыр өңірі қазақтарының *халықтық білімдер жүйесінен* де отбасылық дәстүрлер көрініс табады. Сырдарияның төменгі ағысы, Арал өңірінде «балықшылық» қосалқы шаруашылық ретінде дамыған. Бұл жердегі қазақтар балық ішінен шыққан майды жинап шырғарған немесе балықты асқанда сорпа бетіне шыққан майды сүзіп алып жинап, оны бауырсақ қуыруға пайдаланған. Балық майын көкжөтелге ішкізген, мал мерткікенде сынығына, қойдың жарасына, адам денесіндегі жараға, пышақ кескенде жаққан. Қасқалдақ аулап, оны бауыздағанда қанын мақтаға құйған да, көкжөтелі бар науқасқа сорғызған.

Халықтық медициналық білім. Балықтың ішінен шыққан майды қуырып алады. *Балық майына* бауырсақ қуырған. 60-шы жылдарға дейін жалғасқан. Балықты асқанда бетіне шыққан майды сүзіп алған. Балықтың майын қойдың жарасына, сынығына жаққан. Балық майын адамның жарасына, пышақ кескенде жаққан, жөтелге аш қарынға ішкен.

Ырым. Тырнақ, шаш алғанда, алынғанын отқа тастаған. Адамның басынан алынған нәрсе жерде қалмасын деген. Балық етін жегеннен кейін ақ тағам ішпеген жөн, «алапес» ауруына душар болады дейді.

Дерек кісі: Тоқсанбаев Қыдырәлі. 1927 ж. т. Арал, Қарақұм қыстауы.

Әлеуметтік құрылым. Төре, төлеңгіт, қожаларды төрге шығарған. Арнайы сыбаға берген. *Ақсақалдар кеңесі* болған. Олар бірігіп мәселе қараған.

Шаруашылық. Түйеге салатын ерді *жазы* дейді. Түйенің жабдықтары жазы, қамытты кез-келген ер адам жасай алған.

Сыр өңірінде отбасына көмек көрсету *«асар»* кезінде көрінеді. Егер бір адамның алдында өзінің күші жетпейтін жұмыс тұрса, (мысалы, бейіт көтергенде, үй тұрғызғанда, қора соққанда, арық тазалағанда) онда ол халықты көмекке шақырады, яғни асар жасап, іс біткен соң асарға жиналған халыққа ас береді. Қазіргі таңда *«асар жасау»* көбіне бейіт көтеру, үй көтеру кезінде ұйымдастырылады.

Асар салу *үмме салу* деп те аталады. Үмме салу – көмекке адам жинау. Көмекке адам үй салғанда, бейіт басын қарайтқанда ұйымдастырылады.

Тасаттық, алладан жауын тілеу, жер көгерту үшін беріледі. Мал үшін, малдың шөбі шүйгін болуы үшін, мал семіз болу үшін беріледі. Тасаттықты бір адам ұйымдастырады. Қой сойып, құран оқытады. Садақа таратады. Көктемде беріледі.

Барымта түйеге де жасалған.

Баспана. Жертөле салу үшін жерді аласа етіп 1 метрдей қазып, биіктігі 1,5 – 2 метрдей болатындай етіп, шидің түбін өреді. Шидің түбін кетпенмен қазып алады. Бір-бірінің үстіне қалап, қимен, сазбен бастырады. Үстіне шабақ салады. Шабақ төбесін жабатын ағаш. Шабақтың үстіне қамыс салады. Қамыстың үсті майда шөппен жабылады, үстіне саз құйылады. Жертөленің ортасында пеші болады. Жертөленің кейде екі жағында екі үй отырады. Екі терезесі болады.

1937-38 жылдарға дейін қыстың кезінде де киіз үйде отырған.

Шым-үй – шымнан жасалады. Ол үшін жер қазылмайды. Жерден бетінен тек шымнан өрген. Шиді түбінен шауып алған.

Ат қою. Келіндер күйеуінің туыстарының атын анығырақ жеткізу үшін кейде қайны, қайын сіңілілерінің көмегіне жүгінген. «Шамамен менің 14-15 жасым болатын, әкем Тоқсанбай ауыл сыртынан егін салып, біз қостың басында отырғанбыз. Бір күні 2-3 жолаушы адам келіп, бұл кімнің қосы, деп сұрады. Сонда Мағрипа жеңгем мені шақырып алып, «жүзден онды алып тастаса не қалады», - деп сұрады. Мен, «Тоқсан», - дедім. Сосын: «малы көп адам кім дейміз» - деді. Мен, «бай», - деп жауап берді. Сонда жеңгем, «енді осы сөзді қосқанда қандай сөз болады, соны мына кісілерге айтып жіберші» - деді. Мен «Тоқсанбай» болады дедім. Сонда әлгі кісілер күліп, «е, бұл Тоқсанбайдың қосы екен ғой деп, жүре берді», - дейді. Өз аттары орнына келіндердің берген жанама аттарына олар өлгенше ие болады. Тіпті өз аты ұмытылып, ауыл адамдары да оны келіндер қойған атпен атап кеткен жағдайлар болған. Мысалы, Кіші жүздің Әлімұлы тайпалық бірлестігінің шежіресі бойынша Әлімнің бір ұлының аты Айнық (Қарасақал). Халық арасында Айнықтың қара қалың сақалды болуына байланысты әйелдер берген Қарасақал аты кеңінен тарап, одан тараған ұрпақтар Қарасақал тайпасын құраған. Өзінің негізгі аты бірте-бірте қолданыстан шығып қалған.

Дерек кісі: Көркей Жиенәлиева. 1924 ж.т. Кіші жүз, Әлім-Кішкене-Құрманай-Палуан. Арал қаласы.

Кілем тоқу. Кілемді бірбеткей теру. Тықыр, түксіз кілемді Арал өңірінде Түрікпен (Түркімен) кілем дейді, ал теру әдісін түрікпен теру дейді. Сырдың басқа өңірінде мұны Арабы кілем дейді. Бұл Түрікпен (Түркімен) жақтан сауда-саттық жолмен тықыр кілемнің Арал өңіріне көп келуімен байланысты шыққан-ау. Кілемнің беті тықыр болады да өнердің бәрі бетіне түседі. Астына өнер түспейді. Астының бәрі салпылдаған кілең жіп болады.

Фольклор. Бата беру кез келген жақсылық іс шарада міндетті түрде орындалады, батаны үлкен адам береді. Күнделікті тұрмыста әр ас ішкен сайын ас соңында дастарханнан тұрарда үйдің иесі бата береді.

Шаңырақ көтеріп жатқан отау үйге берілетін баталар:

*Келінге енді келейік,
Сөздің бәрін салмақтап.
Маржандарын терейік,
Жай қолыңды жамағат.
Алладан болсын шапағат
Мәдинеде Мұқаммет
Түркістанда Қожә Ахмет,
Ақиректе Арыстан бап.
Бата сұраған балалардың
Бар тілегін қабыл ет!*

* * *

*Шаңырағың шашақты болсын,
Уығы моншақты болсын.
Үбірлі-шүбірлі болсын,
Жусандай түбірлі болсын.
Еліне елеулі, халыққа қалаулы болсын!
Оң жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын.
Айында келген қонағың,
Атын соған байласын.
Сол жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын.
Күнде келген қонағың,
Атын соған байласын.
Сегіз келін түсіріп,
Сексен келін қомдасын.
Осы айтқан дұғамды,
Жер үстіндегі әулиелер қолдасын!
Ақыретте Арыстан бап,*

*Түркістанда Қожахмет,
Мәдинеде Мұхаммет,
Тілегіңді қабыл ет!*

*Күнделікті тұрмыста, ас қайырғанда берілетін баталар:
Әумин десең маған,
Бата берейін саған,
Көтерейін білекті,
Білдірейін шын тілекті
Берсін құдай, алмасын,
Уайым-қайғы салмасын.
Алтынна болсын жағаларың,
Күмістен болсын тағаларың.
Бір Алла болсын – паналарың!*

** * **

*Әуелі бердің шай,
Көңілің болсын жай.
Артынан бердің ет,
Мұратыңа жет.
Мына берген асыңа,
Бақыт құс қонсын басыңа.
Бөденедей жорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа
Қыдыр бабаң қолдасын,
Бар ісіңді оңдасын
Түрлі бәле – жаладан қорғасын!
Әумин!*

** * **

*Сұрасаң бата берейін,
Ықыласпен қол жайсаң.
Ақ тілекті төгейін,
Үстем болсың мерейің.
Жоғары болсын жұлдызың.
Алла берген ұл-қыздың,
Көрсетсін Алла қызығын.
Қызың көрікті болсын,
Ұлың білікті болсын.
Құдайым бала менен келін берсін,
Келінің қонақжайға ерінбесін.
Балаңыз дұшпанына берілмесін.
Әр бала өз арманына жете берсін.*

*Есіктің алды ой болсын,
Қораң толы қой болсын.
Ойлаған мақсаттарыңа жетіп,
Көңілдерің жсай болсын.*

Баланы сылағанда айтылатын тілек бата.

Нәрестені сылап-сипағанда қой құйрығының «күнтимес» - деп аталатын ішкі жағының майын шыжғырып, баланы сылаған жақсы. Сонда айтылатын төмендегідей тілек:

*Бет-аузың сопақ болмасын,
Ат жақты бол!
Мұрның қырдай болсын!
Маңдайың жазық болсын!
Мойының құрықтай болсын!
Бойың сырықтай болсын!
Қолдарың салалы болсын!
Құлағың бүрік болмасын, түрік болсын!*

Ораза батасы:

*Бөліл, бөліл, бөлілбай,
Босаға темір, сом алтын.
Суға салса батпасын,
Сенен байлық өтпесін,
Тәңір берген несібең,
Тепкілесе кетпесін.*

Жарамазан айту:

*Қыркүйек қыстың басы қара қазан,
Тіркескен сұлу қыздай суда сазан.
Оразаң қабыл болсын агеке жан.*

Беташар. Беташарды қазіргідей әндетіп емес сарын түрінде, домбырасыз тақпақтап айтады. Беташар айтқан адам бет ашпайды. Ата мен апа бата береді де, жолы үлкен, көп балалы, алды ашылған, ұясы түзу құтты адам бет ашады. Беташар айтушы:

*Келіншек бетін ашайын,
Ашпай неден сасайын.
Қалың топты қақ жарып,
Аққан судай тасайын –* деп қолына ұстаған қамшыға орамал байлап келіп ашады. Беташар 1960 жылға дейін әндетпей ел тақпақтап айтып келген.

Тойбастар:

*Айт дегенде өлеңді ал болар ма,
Жүйрік аттың мойынында жал болар ма.*

*Той дегенде өлеңді айта бермей,
Айдап жүрер бұл шіркін мал болар ма.
Ахау арман,
Дүние жалған.
Бәрі де өтіп барад,
Жұмыр бастан. (Әні, әуені бар).*

*Күйеуін жоқтап былай деп жылап жүрген:
Айт дегенде айтамын қара құрай,
Мұнарасы Ташкеннің саз бен ылай.
Екі етектегі түрініп жүргенімде,
Көздің жасын көрдің бе патша Құдай!*

Күйеу бала Шымболат Ділдебаевқа қызымды ұзатқанда қызымен қоштасып айтқан әні:

*Айналайын Арал-ау жайлаған жер,
Қызу еңбек бұрындар қайнаған жер
От жалындай көзіме көрінеді,
Құрбымменен асыр сап ойнаған жер.
Ақау, бозым,
Мөлдір көзім.
Ұшырған ұясынан,
Қоңырқазым (Әуені бар)*

Күйеу баласы ақын Шынболат Ділдебаевты жоқтауы:

*«Бай құлайды бағынан,
Хан құлайды тағынан.
Шынболат қаза болды-ғой,
Жолаушы кеткен жағынан.
Тертесі кетті-ау арбаның,
Жылжыған қара жорғаның.
Жорға бір демей не дейін,
Көрмеп пе едің ағайын,
Жасынан адам болғанын.
Төрге бір жайған киізім,
Орала біткен мейізім.
Маңдайдағы құндызым,
Төбемдегі жұлдызым.
Шымболат үйден кеткен соң,
Қараңғы болды-ау күндізім.
Ту сыртыңнан қарасам,
Патша бір хандай, сынды еді-ау...
Дулығаның құлпындай...»*

Шынболат Ділдебаевты жиен қарындасының жоқтауы.

*«Нағашымның барында,
Келуші едім еркелеп.
Маңдай шашым көрпелеп.
Нағашым үйден кеткен соң,
Кімге келем еркелеп»*

Сыр өңірінде шешелері өлгенде балалары айтатын жоқтаудың бірі:

*«Алтындай менің анашым,
Балапандай байпадың.
Жұмырқадай шайқадың.
Қараңғыда жыласам,
Даусымнан танып ояның.
Таңсәріден ояның,
Тал бесікті таяндың.
«Мама да, мама да» дегіздің,
Тәтті-тағам жегіздің».*

Сыр өңірі қазақтарының арасында болған далалық экспедицияда көз жеткізгеніміз жоқтау жырларды қайта жеткізуді жамандыққа бастайды деп айтпауға тырысады.

Халықтық медициналық білім. Қой құйрығының ішкі жағын *«Күн тимес»* дейді. Соны қуырып баланы сылайды.

Теріскенді емдеу (көзге шықса). Көк жіп байлап, я қызыл жіп байлап: *«Теріскенді теріс тарт!»* деп теріс қарай тартамыз. Артқа қарай тартамыз. Екі саусағының буынына байлап, оң көзге шықса сол қолға, сол көзге шықса оң қолға байлап, жіпті мойыннан асырып, артқа қарай тартады.

Таңдай тісті емдеу. Балаға *«Таңдай тіс»* (ұры тіс) шығады. Екі шықшыттан шығады. Сонда *«Бетіңе күйе жағылғыр!»* деп күйені жағына жағамыз. *«Мен де қайттым, сен де қайт»* деп те айтамыз.

Жерұшық беру. Ұшынып ауырған науқас бала *«мен ұшынған жоқпын, жер ұшынды»* деп кеш батып бара жатқанда батысқа қарап үш қайтара тәжім етіп еңкейеді. Бұл жерұшық деп аталады.

Су ұшық. Судан шошынған баланы бір кесе сумен ұшықтайды. Дұғалап бетіне бүркеді. Құрбандық малының қаны ем болады деп есептеледі. Оны мақтаға сіңіріп сақтап қойып, ауырған жерге, жараға басса шипа болады.

Теріскенді емдеу. Тілге теріскен шығуға байланысты жасалатын магиялық ырымдар:

- *Тіліме теріскен шықты?*
- *Сиырдың көтіне*
- *Тіліме теріскен шықты?*
- *Қасқырдың көтіне.*

Осылай ауру мен оны емдеуші адам 6 адал, 6 арамды айтады. Содан ауру:

- *Бұл тілім қайтсем жазылады?*

Емдеуші:

- *Былай-былай қарағанша,*

Қарғаның боғын жалағанша, - дегенде науқас бала «*тіфә-тіфә*» - деп, түкіріп тастаса, сауығып кетеді делінеді.

Баланы емдеу-домдау, тұғызу, бағып-күту туралы. Баланың кіндігі шығып болмаса, шиге шаншылып қалған жылқы құмалағын басса, жазылады. Жылқының құмалағын құмырысқа илеуіне қойса, олар көшіп кетеді. Құмалақты алып жатқанда «*ей, өзіңнен өзгеге ем бол*» деп алады. Баланың аузы уылса, *кірпінің инесін* күйдіріп, күлін аузына себеді.

Тістің құртын арбау (құрт шақыру): «*арқадағы алты құрт, желкедегі жеті құрт, төбедегі төрт құрт, асың пісті түс-түс*» – деп басқа орамал жауып отырып айтады. Таңдай тіс (ұры тісті) емдегенде «*бетіңе күйе жағылғыр*» деп екі жағына күйе жағып «*мен де қайттым сен де қайт*» деп айтамыз.

Ырым.: Есіктен кіргенде сүрінген баланы төрге аунатады. Жүн сабағанда көпіршіген жүнге қыздар көмілсе, «*Күйеуіңнің сақалы көп болады. Қаба сақал екен*» деп әзілдейді. Киіздің шеті олпы-солпы шықса, «*Бар да қайт*» деп білектеп басқанда жөнделеді.

Босағада бала сүрініп кетсе «*бірдеме көтере алмай келді, олжа келді*» деп төрге апарып аунатады.

Бала тоқтамаған жағдайда баланың иесін (жолдасын) киізге тігіп, молдаларға оқытып, күлдіреуішке (шаңырақ ортасына) бала жеті жасқа келгенше іліп қояды. Бала жетіге толған соң «садағасын» беріп, иесі салынған киізді ұлы жолдың бойына апарып тастап ырым жасайды.

Толғақты жеңілдету үшін келінді көрпеге салып тербетіп, «*оң ба, сол ма?*» дейміз. Сонда бірі «*оң, оң*» дейді. Сосын толғақ жеңілдейді. Үш қайтара аунатады.

Аяғы ауыр келінге отқа май салғызғанда ағарып ұзын жанса, ұл бала болғаны, қыз бала болса қызарып жанады. Толғақ жетпей тұрса, май ұзарып жанады. Қыз бала туса, «*нашар бала туды*» деп айтады. Баланың иесін (жолдасын) перзентханадан босанса да үйге алып келіп, екі асық қосып, сарайдың табалдырығының ішіне көемін. Асық – ойнайтын бала жалғассын деген тілек. Тіл-көз тимеу үшін босағаға 7 түрлі шүберек байлап, ине шаншып қояды. Толғақ басталғанда есікке, терезеге пышақ, ине шаншып қояды.

Осы кезде балаларға туарда операция жасайды. Бала пышақтан ұшынып сескенсе, соны ұшықтаймыз. Бала больницада жатқанда қолына «*тұз – тіл-сұққа, топырақ – адам құмнан жаралды деп, содан пышақтан ұшынды*» деп пышақты қосып, перзентханаға апарып, осы үш затпен сәбиді ұшықтап, үстінен айналдырып, балаға түкіртіп, ұлы жолға апарып, оң жағымнан, артымнан асырып, ұлы жолдың айрығына тастап кетем. «*Мына баланың ұшығын кетір, жолын ұзақ қыл*» деймін.

От жанбаса «*Қоян шабан, от жүйірік*» немесе «*Қоян жүйірік, от жүйірік*» деп қайталап айтамыз. Құрбан айттың қанын мақтаға сіңіріп «*ем бол*» деп алады, ол шипа болады.

Бала тоқтамаса кемпірлер «*бала сатып алу*» ырымын жасайды. Ол үшін бір кемпір бесікке мініп, қамшыланып:

«Жайық бойынан келеміз,

Жалпағынан су кешіп.

Еділ бойынан келеміз,

Етікпенен су кешіп» - деп әндетіп, «*Бала сатасыңдар ма?*» - деп сұрап, айқайлайды. Солай ырым жасайды.

Сазан пейіш көрген балық, сондықтан оның мың басын мүжісең пейішке барасың деген ырым бар. *Жылымға* балық түспей қырсықса, жылымның сабағына (ұшына) әйелдің дамбалын байлап, балық түсуін ырымдайды немесе балық түсіп тұрған біреудің жылымының аузындағы қоржынның (шонтайдың) тасын ұрлап әкеліп, байлайды.

Зікір салу. Бақаш қожа деген молда менің анам ауырғанда зікір салды. Бір шелек су, қалақты отқа қыздырды. Әуелі инені жұтты, ит әкеп қойды. Итті әкелмесе, құлағы ашылмайды екен. Бізбен сөйлесе алмайды екен. Содан 25 ине жұтты. Қайта құсты, бір ине кем болды. Есік алдындағы арам біреуді кет деп шығарып жіберді. Ине сынды. Біреуі кем екен. Есік алдындағы тұрған Нұржау деген жігітті жамбасынан ұрып шығарып жіберді, қазір тірі, Қамбаш ауылында тұрады. Қасақана тұр едім дейді. Шешем «*Қиғышым бар*» деді. «*Қолымды суға тығасың, әйтпесе қиғышым бөренені тіледі!*» деді. *Қиғыш* – жынның аты. Шешемді арқанға топтап байлап, жиналған адамдарды екіге бөліп, тартқызды. Күшікті әкелдік. Содан бақсы алдымен күшікке сөйлесіп, есін әрең жиды.

Дерек кісі: Құлмамбетов Құдайберген. 1952 ж.т., Арал қаласы.

Ұста дүкені. Әкесі Құлмамбетов Тоқжан шебер, ұста болған. Тоқжан ұстаның зергерлік бұйымдарға арналған қалыптары, ұсталық зергерлік көріктері сақтаулы. Қалыптар зергерлік бұйым атымен немесе ою атымен аталады, мысалы *құсқанат қалып, құсмұрын қалып, айшық қалып, шеге қалып*, т.б. Мүйіз қысатын, тарақ қысатын аспап *шапашот* деп аталады. Күміс салмағын таразымен өлшеген, құралдарды өзі жасап алған. Жасаған дүниесіне кесімді ақы қоймаған. Мал терісін өндеп құрым етік тіккен. Ағаштарды кесіп сарайында көлеңке жерде кептірген. Баласы Құдайберген қатты ауырғанда емші, тәуіптер әке жолып ұстап шебер болуың керек деген. Кезінде мән бермей әкесінің дүкенін бұзып тастаған. Қазіргі таңда әкесі жасаған бұйымды сақтап отырған біреуді кезіктірсе қайта сатып алуға тырысады.

Тазы ит өсіру. Тоқжан ұста аңшылықпен айналысқан Қонсонарда аңға шығарда тазыларын кезектестіріп шығарған. Аңға түскен тазыны өзі соққан медальмен марапаттаған. Тазыға шикі ет, таза тамақ берген, алған аңының етінен сыбаға жегізген. Әр тазының аты болған. Тоқжан ұста өлгесін тазылары біртіндеп жоғала бастаған. Бірде баласы Құдайберген әкесінің бейітінің басына барғанда сол жерден екі тазысының қайғырып жатқанын көрген.

Көш кезінде жолға тоқтағанда үш қанатты шағын қос сияқты үй тіккен, негізінен мұндай үйді киіз үй жанына ас үй есебінде құрған. Үлгісі Арал музейінде сақталған.

Сандықты қастерлеп, әрі сәнді болып тұруы үшін бетіне кілемше жапқан. Сандық бетіне кілемше тоқу ХХ ғасырдың 50 жылдарында орын алған, себебі ертеде

киіз үй негізгі баспана болғанда сандықтар бірінің үстіне бірі қойылып, оның үстіне тең жиналған. Сандық бетіне негізінен өсімдік оюларын оймыштау әдісімен салған, ұзатылыр қызға арнап жасаған сандықшаларды сәнді болу үшін сүйектеген, бояған.

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ

Қармақшы ауданы Тәйімбет Көмекбаев батыр атындағы ауылдан жиналған мәліметтер:

Дерек кісі: Нұрханова Гүлнұр 1975 ж.т., руы сарғасқа, Т. Көмекбаев ауылы.

Жаңақала ауылынан 230 км қашықтықта «Шопан қазған» деген ауылға Қарақалпақстанан қазақтар келіп жатыр. Жергілікті қазақтар негізінен мал шаруашылығын кәсіп етеді. Тілдік ерекшелік байқалады, мысалы, күректі-бел, қамыр күлшелеуді - жуалау, жүрежақ, кележақ беріңізші, беріп тұрыңызшы, былай тұрыңызшы дегенді - қашып тұрыңызшы, - деп айтады, сөйлеу тілдерінде қарақалпақтармен шатысы бар.

Жүнді іріктеу. Қырқылған жүнді кептіргесін іріктеу жұмыстары басталады. Қойдың бетіндегі жүн жамылғысы сапалық көрсеткіштері бойынша барлық жерінде бірдей емес, сондықтан да елтірінің әр жерінің өз атауы бар: басы, мойын, шүйде, жон терісі, жая жағы, құйрық, сол және оң жақ бүйірі, алдыңғы сол және оң аяғы, артқы аяқтары. Қойдың мойын, шүйке жағындағы жүндерінен жіп иіріледі. Қойдың бауырында, пұшпақтарында орналасқан жүндерін киіз, текеметтің астындағы бетіне тартады. Ал жон терісінде, жая жағындағы жүндерді текеметтің, сырмақтың, киіздің бетіне, яғни киіздің оң жағына шабақтайды.

Жүнді тазалау. Іріктелген жүнді шаң-тозаңнан, шөп-шөгірден тазартып алып бастайды. Жүннің білгеленіп ұйқасқанын жазу үшін сабаумен сабайды.

Жүнді жуу. Тазаланған жүнді суға 30 минут батырып қояды және арасында қолмен талшықтарды бір-бірінен ажыратады. Уақыт мөлшері өткен соң жүнді таза ыстық суға салып шаяды. Судың температурасын өзгертпеу керек, себебі ол жүннің сапасына әсер етеді. Шайған жүнді алақанның ортасына салып орамай қысады да кереуеттің сеткасына салып кептіреді. Жүннің иісін кетіру үшін суға шампунь, хош иісті сабынды қосады. Осылай жүнді екі-үш қайтара жуады да кептіреді. Кептіру барысында жүнді қолмен немесе станокпен тарайды.

Киіз басу технологиясы. Киіз басу үшін керекті құрал-жабдықтар: 1,5х2м.х5м. оралмаған ши, қалың кенеп материал-1,5х2-3., целлофан-1,5мх2-3м., мақта жіп немесе арқан 5-6 м., ыстық су, шелек, шөміш.

Жүнді шабақтау процесі. Әуелі шидің үстіне киіздің бетіне арналған жүн шабақталады, яғни үлпілдек жүнді екі адам қолмен шабақтайды. Осыдан кейін бет тартылады, сол қолымен уыстап алып, шабақталған жүннің үстіне салып отырып, оң қолдың қырымен басып қалып үзіп қалдырады. Үзілген жүн бір-бірімен жалғаса, тегіс болып төселе береді. Жүн ала-құла тартылмау үшін алақанмен басып тексереді. Шабақталған жүннің биіктігі 5-8 см болу керек. Қайнап тұрған ыстық суды

сүзгімен шашыратып шидің бір жақ шетінен бастап себелеп құяды. Су себіле бастағанда қатар отырған 3-4 әйел басылып жатқан жүнді қабаттай шиыршықтап, ескен тәріздендіріп, жинап отырады. Шиді ширатып ораған сайын әлсін-әлсін ыстық су құйылады. Ши түгел жиналған соң, оны кенеп матамен кейін целлофанмен орайды. Сыртынан жіппен шаңдып, жұмырлап байлайды да, ортан жерінен бір жерінен немесе екі жерінен арқанды өткізіп алып, екі басын тұйықтап бос салып қояды. 160x130 см қабатты киіз өндіру үшін 35-40 литр ыстық су қажет. Киіз таза және сапалы болу үшін қайнаған суға кір сабынның ұнтағын салады. Бүктелген шиді 4-5 метр қатар жүріп теуіп отырады. Бұларға қарама-қарсы бір адам тұрады, оны *ой бастар* дейді. Бүктелеген киізді алға қарай домалата сүйретеді. Тебу процесі 1-1,5 сағатқа созылады. Киіз неғұрлым көп тебілсе, шымыр, тегіс, әдемі шығады.

Қолмен білектену. Киіздің тебуі жетті-ау деген ау кезде киізді жазып босатады. Қатарласа отырған киізшілер киізді орап білегімен басады. Білектену процесі 20-35 мин орындалады.

Киізді жуу. Дайын киізді көлденең біренеше қаттап, тыңғыздап рулон тәрізді орап сыртын жіппен сыртын орайды. Киіздің үстінен шлангімен салқын суды ақтырады. Киізден аққан су таза болғанша киіз судың асытнда жуылады. Кейін суы таусылғанша киізді жазбай сағатқа іліп қояды. Осыдан дайын киізді жайып кептіреді. Салқын сумен жуылған киіз кепкеннен кейін тығыздығын жоғалтады. Сондықтан кепкен киізді қайта 15-20 литр ыстық су құйып білектейді.

Дерек кісі: Бақытбек Жолай. 1974 ж.т. Т. Көмекбав ауылы.

Шежіре. Шөмекейдің ұраны - *Дөйт*, ол Шөменнен Шөмекеймен Дөйт туған, Дөйт ерте қайтыс болып кетіп, есімін ел есінде сақтау үшін ұранға айналдырып жіберген. Қаратамырлардың ұраны – *Қарақожа*, қаратамырдан Жолақай (Калпе), Қожас туады. Бозғылдан Қаратамыр, Сарыбай, Торыбай, Келдібай, Қайқы (Балқы) туады. Бозғылдың екінші әйелінен Көлдей деген туған Келдібайдан Сейін (Желдер), Қожакемелді, Келмембет (Сарқасқа) өсіп өнеді. Сейіннен Қошқаралы, Қасай, Дөсек, Бекет атты туып ру атын алған.

Торыбай *Меңей батыр* Шөмекейдің басқа да батырларымен бірге 1831-1835 жылы Телі көлге жақын Қызылжыңғылбас деген жерде қокандықтармен соғыста ерекше көзге түсіпті. Меңей батырға арналған бүгінде жер атауы Қарақ жалы маңында бар. Бұрын Хиуалықтар, Қокандықтар көз тіккен заманда Сыр бойының халқына қауіп төндіріпті осы тұста талай батырлар шығады. Соның бірі астында сары қасқа аты бар батыр, өзіне үлкен тон киіп алған, жау ортасына кіріп тартысқанда тоны артықтық қылып содан оны қылышпен кесіп тастап, келтелі тонды батыр одан әрі жауын жайпай беріпті. Енді қамалды алу керек болғанда қолбасшы айтады: «кімде-кім қамалды бірінші болып алса, сол бекті қызын жасауымен алады» деп шарт қояды, көбісі барып алмақ болып мерт болады, бір кезде біреу қамалды бұзады. Қапырылысқан адамдардың арасынан кім бастап барып бұзғанын білмей қалады. «қамалды бірінші болып кім жарды» деп сұрағанда сонда тұрған барлық адамдар «мен-мен-деп» қалады, егестің түбі шындыққа келгенде, «бір сары қасқа атты, шолақ тон

киген жас жігіт» екенін айтады. Сонда жан-жақтарына қараса батыр көрінбейді, содан қамалдың төрт тарабына адамдарды жіберіп іздетсе, бір жолда бір күйме ашылып-шашылып жатыр ішінде үш қыз отыр, анадй қырда бір сары тоны қысқарып кеткен батыр ұйықтап жатыр, іздеушілер келіп жөн сұрасса жаңағы қамалды алған уақытта мына күйме қашып бара жатыпты соны қуып ұстап, шаршағаннан көз іліп кетіпті. Батырды ертіп халық алдына әкелгенде бәрі танып мойындапты сонда хан: «атың кім? дегенде: «Келмембет» депті, сонда хан *«Келмембет келбетіңе рахмет»* депті. Содан үш қызды батырға тарту қылыпты. Біреуі-бектің, біреуі - бақсының, үшіншісі-қызметшінің қызы екен. Содан үш қызды ертіп алып, киетін бір тон таба алмай жүргенде басына қатынды бергеніне сенбей келе жатқанында алдынан үлкен ағасы Қожакелде шығыпты *сауға* деп, Келмембет *«қалағаныңызды алыңыз»* депті, сонда үлкен ағасы да үйленбеген екен, екі қызды екеуіне беріпті, үлкен ағасы Сейін бектің қызын алып одан - Досек, Бекет тарайды. Қожакелді бақсының қызын алыпты, үшінші қызметші қызды өзі алған. Ұлдары - Өтебай, Құдайқұл. Кейін Келмембет деп аталмай Сары қасқа аты бірнеше рет жарыстан озып аты шығып, келіндер де атасының атын атамай *«Сарықасқаның елі»* деп киелі бір жылқының атымен руы атауы шыға келді. Бұл сарықасқа Қаракесектен Жетірумен Байұлы шықса, Қаракесек Алшыннан шығады, Байсарыдан Әліммен Шөмен туады, Шөменнен Дөйтпен Шөмекей туады, Дөйт ағасы бір жорықта ел үшін құрбан болып кетіп содан Дөйт деп ұран қылып кеткен. Шөмекейден тарағандар Қызылмен Сырдарияның жағасын мекендеген, одан әрі қарай Тоқа, Көнек, Аспан, Бозғыл тарайды. Олар Ақтөбе, Орал, Торғай, Атырау бойын мекендеп жайылып кеткен. Тамды, Шыңбай, Төрткүл, Кеңмақта бар. Бозғылдан бес бала тарайды, үлкені Қаратамыр, Сарыбай, Торыбай, Қайқы, Келдібай. Осылардың барлығы Сарықасқа руынан атышулы көп батырлар шыққан: Бәйтiк, Тоғанас, Метейден Тәңкі шешен, Айғозы, Тамай батыр, Қалдан батыр, Зарқұм, Қара, Темірбек Жүргенов. Ораз ахун әйелі әулие болған, *13 жылдан соң бейітін қайта ашқанда сүйегі сол күйінде жатқа.*, кейін сарықасқа аттың тұқымы Сәтбай бурыл деп аталып, 20 жыл бас жүлдені бермеген. *«Болмаса атың тойға барма»* дегендей бұрын тұлпарсыз батыр болмайтын, бүгінде талай тарланы шыққан бір ру аты жылқы атымен аталуы да тегін емес сонда, «ер қанаты ат» деп атты қазақ ермен тең санаған. Дабылұлы Молдахмет жыраудың шежіресінде жырланады.

Дерек кісі: Қосбаев Сақтапберген Төлегенұлы, Т. Көмекбаев ауылы, 1960 ж.т. руы кете-ұлтай.

Сыр, Қуаңмен арасы деп көне әдебиеттерде көп айтылатын Тұран ойпатындағы бұл кең жазық талай тарихи оқиғаларға куә болған жазира дала әрісі сақ, қаңлы, одан әрі түркі жұртының көне жәдігерлерінің қойнына сақтап келе жатқан киелі мекен. Бізге белгілі Қорқыт бабадан бастап көріпкелдігімен, даналығымен талай елді аузына қаратқан әулие, сөз семсерін сермеген талай би, елін жерін қорғаған, талай батырларын түлеткен рухани мұрасы мол қасиетті топырақ. Осындай қасиетті мол киелі мекендердің бірі Қуандария бойындағы *Қарақ жалы* деп аталатын биік

қоңыр төбе. Тәйімбет Көмекбаев ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан қасиетті төбі сан ғасырлар бойы өз қасиетімен ұмытылмай келе жатыр. Биіктігі - 94 метр. Төбесіне шықсаң «қозы көш жер» түгел көрінеді. Ел аузында жүрген аңызға сүйенсек, «бір күні Қарақтың басында Марал ишан, Сейітпенбет әулие, Жәрімбет әулие үшеуі кездесіпті. Үшеуі әңгіме дүкен құрып отырғанда әңгіме ретінде сөз ретінде Жәрімбет: «Біз өмірден өткенде Марал сен Сырда қаласың, Сейтпенбет сен аралық шөлде қаларсың, ал мен Қуанда осы төбенің басында қалармын» деген екен. Шынымен аңыздағыдай Марал ишан Сырдарияның жағасында жақын жерде Жәрімбеттің бейіті Қуандарияның жағасында Қарақ жолының басында, ал Сейтпенбет әулие бейіті Қуандариядан 45 шақырым, Сырдариядан 45 шақырым аралықта шөл далада орналасқан.

Жәрімбет Солтанұлы 1735 жылы туылып, 1809 жылы қайтыс болған. Атақты би, есімі бүтін елге ұрпағы бір рулы елге айналған. Асқан сезімталдығы мен ел ішіндегі жағдай назарынан тыс қалмайтындағымен, көріпкел болжампаздығымен әулие атанған. Қазір сарғасқаның бір тармағы Жәрімбет деп аталады. Жәрімбет жеті әйел алған кісі екен. Өзінің 15 баласы болған. Тағы үш баланы қамқорлығына алып, барлығы 18 бала тәрбиелеп өсірген. Жәрімбет әулие тек өз руының ғана емес бүкіл халықтың қамын ойлаған. Халық көбейсе жанын алдырмайды деген қағиданы ұстанған. Жәрімбет әулиенің көрегендігімен елге жасаған жақсылықтары жайлы әңгімелер жетерлік, соның бірінде Жәрімбет әулие атқа мініп, ел іші көп аралайды екен. Бір күні ел аралап жүріп теңіз жағасындағы бір ауылға келіпті. Ел жағдайына зер салып қараған әулие ауылда ойнап жүрген балалардың аздығын байқаса керек. Адамдары жүдеу, бала-шаға аз, көбі аурушаң. Келесі жылы осы көктемде сол елге астық тұқымын апарып беріп егін салуды үйретіпті және жыл сайын егін егуді тапсырыпты. Төрт-бес жылдан кейін сол елге қайта барған әулие бабамыз балалардың көбейіп адамдардың толығып, жүздеріне қан жүгіргеніні көріпті. «*Балықты жеген тоқ болар, ал-дәрмені жоқ болар*» деген сөз сол кезден қалса керек. Әрине бұл аңыз. Бірақ негізінде шындық бар. Бұл кісі туралы білмейтіндер елге ине таратыпты деген аңыз бар. Бір сөзбен айтқанда халыққа қамқоршы қайда жүрсе де қайырымды іс тындыратын ақылды дана тұлға.

Сарқасқа руынан небір атақты адамдар шыққан. Әрине Жәрімбет әулиенің ұрпақтары өз заманына қарай әр түрлі қоғамдық көзқараста болған Жәрімбеттің шөпшегі Қара ел билеп халық басқарған адам. Қосжан мен Досжан Кеңес Үкіметіне қарсы Қарақұм көтерілісіне қатысқан. Ал Темірбек Жүргенов Қараұлы Жәрімбет әулиенің бесінші ұрпағы. 1898 жылы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында туылып, 1938 жылы қайтыс болған. Атақты ақын Тұрмағанбет Ізтілеуовтың шәкірті және Тұрмағанбеттің «Шаһнама» деп аталатын көлемді шығармасының Алматыда аударылуына көп септігін тигізген. Темірбек Жүргенов қоғамдық өмірге белсене қатысқан. «Тектілік тұқым қуалайды» дегендей үш жүз жылға таяу уақыт өмір сүрген баба қасиетін кейінгі ұрпақтары қайталап отыр.

«Қарақ жалының басында Жәрімбет әулиенің көне бейіті сақталған. Бейіт басындағы тас белгіде жазу болған бірақ қазір анық байқалмайды. 1995 жылы жаңадан кесене тұрғызылып ескерткіш белгі қойылады және әулиеге тәу етіп түнеуге

келгендер үшін арнайы қонақ жай салынған. Бұл қасиетті орынға әр жерден адамдар үзбей келіп жатады. Мейлі ол батыр болсын, би болсын, кез-келген адам әулие атанбайды. Елге сіңірген еңбегімен қатар өткенді таразылап, сонымен бірге, алдағыны ақыл парасатымен болжай білетін ерекше қасиетті болған. Ондай адамдарды ел қадірлеп, пір тұтып, көріпкел әулие деп атаған.

«Әулиелік» деген Қарақтың ар жағында жер бар. Жырадағы бірнеше қорытқан пеш орындары пайдаланылған, «Тоғызқұдық» қасиеті жер тұздың беті мұз қатқандай, қалың қара тұз, бетін ойып ойып алып тастап, пайдаланған, суық, жел ол жерлерге ниет етіп таза болып бару керек, сынықшы-дарын, қасиет, ұрпақтан ұрпаққа берілетін қасиет, тоғышар-жұмыс жасамайтын паң адам, Гүлнұр тате күйеуі Бақытбек ағасы Ақмырзаның жылқыға басқан таңбасы болған, Жалаңбас деген жылқы қуып келе жатқанда жарамай қалады, аттың үстінде байлап ер-тұрманға аттың бауырына арқандап, сегіз қылып Құтыш бабасы айтып отырады екен, сол жеті *қысырықтан* өсіп қазір 400-ге жетті деп, Бақытбек ағаның әкесі айтып отырады екен. Жәрімбет әулиенің басында төртқұлағы бар. *«Жақын жақынын құртады»* деген сол байларды тәркілеуде көрініс алған.

Кете Шөмекей, Балқы жері, Дөзек, Жолай, Қошқаралы, Шөмекей, Төбет (Аспары), Қоңыртай, Қарабазар, Сойырғас, Құлыс, Қожалар бар. Байырғы қазақтар Қырға, Арқаға, Бірғызға меридианды жолмен көшкен, қола дәуіріне жататын Жаңадария арнасынан Іңкәрдария сағасы бар, Темір дәуірінен Шырық Рабад, Бұланды, Бәбіш Молда, 55 шақырым Қосқала деп аталады екі костан тұратын Бәбіш молда бар, «Қабылдың қорғаны» соңғы дәуірге жатады.

Көне дәуір ескерткіші ретінде көптеген тарихи археологиялық орындар жетерлік, соның бірі– Бұланды бұлан болғанына байланысты қойылған. Жаңақала ауылынан 27 шақырым жерде орналасқан дауға барғанда өлтіріліп жіберілген Нұралы жерленген *«Нұралы төбесі»* бар. «Сейтпембет» қорымы Т. Көмекбаев ауылынан 55 км солт-батысында үлкен қорым, Сыр өңірінің молдасы, қабірі зират орнына айналған.

Сырлытам - Т. Көмекбаев ауылынан 115 шақырым оңтүстік батыста сәулет өнер ескерткіші 12-13 ғасырларға жататын күмбезді құрылыс. Кезінде оны орыстар трактормен бұзған, кейін қалпына келтірілген, төртбұрышты кесектері ерекше, лайлары көрінбейді, бір жағы жұқа, бір жағы қалың, арғы бетіне лай салып, бер жағына салмаған.

Т. Көмекбаев ауылынан солтүстік, солтүстік-шығыс, солтүстік-батыс бетіндегі Қуаңдария арнасының солтүстік бетіндегі тарихи ескерткіштер, мешіттер, қорымдар, көне қала орындары туралы мәліметтер.

Қараасар - 6 км 1 б.з.д 1 м.ж солт-батыс, 1966 жылы анықталған, 1971 жылы КСРО ҒА ХА Итина бастаған экскавациялық топ бекініс жүйесіне археологиялық барлау жұмысын жүргізген, Құрманқұлов ескерткіштің аумағының 70х70 шаршы екенін анықтап, археологиялық сипаттама берген. Жетіасар қаласы, Қауыншы мәдениетінің іздері кездеседі.

Жадабай - көне жер атауы үлкен аумақты алып жатыр. Т. Көмекбаев ауылына қарасты аймақта орналасқан тарихи археологиялық көне ескерткіш.

XIX ғасырға жататын Т. Көмекбаев ауылынан Байқоңыр жолының батыс бөлігінде орналасқан *көне мешіт* орны бар. Жәрімбет елді-мекенінен мектеп, дүкен салу үшін мешіт ірге тасы бұзылып алынған, мешіттің бір бөлмесі күрделі жартылай сақталынған, мешіт балалары оқитын орындары бар, бөлмелерде текшелер жақсы сақталынған, ғимарат биік еңселі сапалы, күйдірілген кірпіштен ірге тасы қаланған, Кеңес Үкіметі кезінде сақталу деңгейі нашарлап, қараусыз қалған.

Бұланды 2 - күмбезі Т. Көмекбаев ауылынан 110 шақырым оңтүстік б.з.б 4-2 ғасырларға жататын сәулет өнер ескерткіші.

Бұланды 1 - бекініс қамалы Шірік Рабадтан 38 шақырым шығыста, Т. Көмекбаев ауылынан ауылынан 110 шақырым оңтүстікте б.з.б 3-2 ғасырларға жататын батыс қамал орны.

Сеңгіртам - ғұрыптық жерлеу кешені б.з.д 5-2 ғасырларға жататын Т. Көмекбаев ауылынан 100 шақырым оңтүстікте Шірік Рабадтан 25 шақырым шығыста биік төбе үстінде орналасқан.

Бұланды 3 кесенесі – б.з.д 4-2 ғ. жататын Т. Көмекбаев ауылынан 110 шақырым оңтүстікте орналасқан.

Бұланды 4 - Т. Көмекбаев ауылынан 110 шақырым оңтүстікте жерлеу құрылыс б.з.д 4-2 ғасырлардағы көне құрылыс.

Қоныс орны 2 - Сеңгіртамнан - 4,8 шақырым жерде орналасқан көне қоныс орны болып табылады, зертеуді қажет етеді.

Обалар қорымы - Сеңгіртамнан 1-5 шақырым жерде орналасқан.

Сырлытам қонысы - Шірік Рабаттан 20 шақырым оңтүстік-батыста Сырлытам кесенесінен 6 шақырым жерде орналасқан, XII-XX ғасырларға жататын орта ғасырлық қоныс орны.

Жаман Асар қалашығы - Т. Көмекбаев ауылынан 40 шақырым солтүстік батыста Қабыл қорғанынан 31 шақырым солтүстік орналасқан, б.з.д 1 мыңжылдықтың соңы б.з 1 ғасырына жататын бекіністі қалашық, қалашықтан қорғаныс дәліздері бар алты бұрышты бекініс қабырғаларымен қоршалған, XX ғасырдың 40-50 жылдары Толстов ашып зерттеген.

№1 Қоныс орны - Шірік Рабадтан 15 шақырым алыс жерде.

Іңқардария қалашығы - б.з.д 1 мың жылдықтыққа жататын қалашық орны. Шірік Рабадтан 6 шақырым оңтүстік шығысында.

Кекіселі қалашығы - Шірік рабад қалашығынан 39 шақырым көне қала орны.

Орқала қалашығы – XII-XIII ғасырларға жататын орта ғасырлық қала орны Кекіселі елді-мекенінен 10 шақырым жерде орналасқан.

Орынбай қала - Шірік Рабадтан оңтүстік-шығыста 40,7 шақырым жерде орналасқан орта ғасырлық қала орны.

Мырзалы қалашығы - Кекіселі елді-мекенінен оңтүстік батыста қарай 35 шақырым жерде орналасқан бекіністі қала орны.

Аралбай қалашығы - Шірік Рабадтан 61,5 шақырым жерде орналасқан XVIII-XIX ғасырларға жататын қала орны.

Бегім қалашығы - Шірік Рабадтан оңтүстік-батысқа қарай 45,6 шақырым жерде орналасқан 18-20 ғасырға жататын қала орны.

Қарабас қалашығы - Шірік Рабадтан батыста 9,5 шақырым жерде орналасқан қала орны.

Кекірелі орны - Шірік Рабадтан 27,5 шақырым оңтүстік батыста орналасқан орта ғасырлық қала орны.

Қаттақорда қонысы - Кекірелі елді мекенінен 32 шақырым жерде.

Арысбай 1 қонысы - Шірік Рабадтан 42 шақырым оңтүстік батыста орналасқан XI-XV ғасырларға жататын қала орны.

Арысбай қонысы - Шірік Рабадтан 42 шақырым оңтүстік батыста орналасқан XI-XV ғасырларға жататын қоныс орны.

Тулақ қонысы - Шірік Рабадтан 44 шақырым оңтүстік батыста орналасқан XI-XV ғасырларға жататын қала орны.

Алыпсатар қонысы - Шірік Рабадтан 34 шақырым оңтүстік батыста орналасқан, XI-XV ғасырларға жататын қала қоныс орны.

Ақмәмбет қонысы - Шірік Рабадтан 54 шақырым оңтүстік батыста XI-XV ғасырлар аралығына жататын қоныс орны.

Алтыбұлақ қонысы - Шірік Рабадтан батыста 25 шақырым жерде орналасқан, жататын қоныс орны.

Үй жай (қоныс) - Шірік Рабадтан 10-8 шақырым оңтүстік батыста орналасқан XI-XIV ғасырларға үй жай орны.

Үй жай (қоныс) - Шірік Рабадтан 19,5 шақырым оңтүстік батыста орналасқан XI-XV ғасырлардағы үй жай орны.

№3 Бекіністі үй жай орны - Шірік Рабадтан 44 шақырым оңтүстік батыста орналасқан орта ғасырлық қала орны.

№4 Арабай үй жай орны - Кекірелі елді мекенінде солтүстікте 11,5 шақырым жерде орналасқан XI-XV ғасырларға жататын қоныс орны.

Жалдыбай қонысы - Кекірелі елді мекенінен оңтүстік батысқа қарай 41,5 шақырым жерде орналасқан XI-XIX ғасырларға жататын қоныс орны.

Бестам - Шірік Рабадтан 39,5 шақырым жерде орналасқан орта ғасырлық қала орны.

Бестам обасы - Шірік Рабадтан 35 шақырым оңтүстік батыста орналасқан б.з.д 1 мыңжылдықтың бірінші жартысына жататын жерлеу орны.

Бескөң - Шірік Рабадтан 33,5 шақырым батыста орналасқан орта ғасырлық қоныс орны.

Бестам кесенесі - б.з.д 1 мыңжылдықтың соңы Шірік Рабадтан 34 шақырым батыста.

Алтыбұлақ обасы - Шірік Рабадтан 2,5 шақырым жерде орналасқан б.з.д 1 мыңжылдықтың екінші жартысына жатады.

Алтыбұлақ кесенесі - Шірік Рабадтан батыста 17,3 шақырым жерде.

Ақмәмбет кесенесі - Кекірелі елді-мекенінен 35 шақырым оңтүстік батысқа қарай орналасқан XIX ғасырға жататын кесене.

Еркебай кесенесі - Кекірелі елді мекенінен 27 шақырым оңтүстік шығыс орналасқан XIX ғасырға жататын кесене.

Еламан мұнарасы - Т. Көмебаев ауылынан 64 шақырым оңтүстік шығыста Жаңадария ескі арнасының бойында орналасқан.

Жылықайдар мазары - Т.Көмебаев ауылынан 60 шақырым оңтүстік Аққыр жалының батыс бетіндегі ақталар үстінде жатыр.

Мұнаралы - Кекірелі елді-мекенінен батыста 30 шақырым жерде орналасқан, сәулет өнерінің ескеркіші жақсы сақталған.

Жайлыбай мешіті - Кекірелі еді-мекенінен 30 шақырым батыста орналасқан бейіт, күйдірілген қызыл кірпіштен салынған. Ішінде бірнеше адам жерленген. Пайдаланылған саналы қызыл кірпіш сол жерде күйдірілген. Кірпішті өңдеген зауыт орны сақталынған.

Тықының мазары - Кекірелі елді-мекенінен 17 шақырым батыста орналасқан, Қарақалпақ батыры Тықыға арнап салынған мазар. Тықы батырды қазақ батыры Жанқожа осы жерде 1791 жылы өлтірген.

Белгісіз мазар. Т. Көмебаев ауылынан 7 шақырым жерде орналасқан.

Мұңайтпас мазары. Т. Көмебаев ауылынан 12 шақырым оңтүстік батыста Торыбай мешітінен 500 метрдей солтүстік батыста биік төбе үстінде орналасқан кесене.

Бектас мазары. Т. Көмебаев ауылынан оңтүстік шығыста 25 шақырым жерде орналасқан, қазір құлап орны сақталынған, кете тайпасы қарабазар руының Кәнебек тармағынан шыққан беделді кісі болған.

Байқуат әулие бейіті. Т. Көмебаев ауылынан 32 шақырым оңтүстік шығысында орналасқан жер атауы, Байқуат әулие қарабазар руының Кәнісбек аталығынан шыққан кісі.

Сары Дуана Ишан әулиенің бейіті. Т. Көмебаев ауылынан 32 шақырым оңтүстікте шығыста орналасқан қорым, Қарабазар руының Бесен тармағынан шыққан әулие кісі болған, бұл жерде атақты Шораяқтың Омары жерленген.

Жәрімбет әулие кесенесі. Жәрімбет әулие Солтанұлына арнап салынған кесене, «Қарақ» жалының үстінде Жәрімбет 1735жылы туып, 1809 жылы қайтыс болған. Кіші жүз құрамындағы Шөмекей тайпасының Сарықасқа руынан шыққан. Би әрі әулие кісі болған. Ел бірлігін тыныштығын сақтауға ат салысқан, Жәрімбет есімі бүтін бір рулы елге айналған, қазір Сарықасқадан Жәрімбет деп аталатын бір ру тарап отыр. Жәрімбет әулиенің жартылай құлаған кесенесінің басына қойылған белгі сақталынған. 1995 жылы жақа күмбезді кесене тұрғызды. Т. Көмебаев ауылынан 10 шақырым жерде орналасқан.

Жауқашты мұнарасы. Т. Көмебаев ауылынан солтүстік-батыста 42 шақырым тарихи-сәулет өнерінің ескерткіші, диаметрі - 3м, биіктігі - 7 метрге тең. XIX ғасырға жатады, шикі кірпіштен тұрғызылған.

Адресін мұнарасы. Құлап қалдығы сақталған мұнара Т. Көмебаев ауылынан солтүстікке 5 шақырым жерде биік төбеде орналасқан.

Түйебай мазары. Т. Көмебаев ауылынан шығысында 10 шақырым орналасқан, Түйебай Шағырайдың екінші ұлы. Руы-қарасақал, XIX ғасырдың басында өмір сүрген.

Шағырайдың мазары. Т.Көмебаев ауылынан 24 шақырым жерде шығыста орналасқан, қазір құлап орны қалған, Тоғанас белгісінің батысында 9 шақырым жерде

Шағырай Тоғанас батырдың қайын атасы болған. Руы қарасақал XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың басында өмір сүрген.

Тоғанастың белгісі - атақты Тоғанас батырдың есімімен аталған жер атауы, Көмекбаев ауылынан 27 шақырым шығыс батыста орналасқан, көне жолдың оңтүстік жағындағы сексеуілдің қара томарынан беті үгілген биік төбе. Тоғанас батырдың қайтыс болған жері, ал Тоғанас батырдың денесі «Қарақ жолына» үлкен қорымға қойылған. Тоғанас Бектіұлы 1812 жылы туып, 1864 жылы қайтыс болған. Батыр би, кіші жүз құрамындағы Шөмекей тайпасының сарқасқа руынан шыққан. Хиуа және Қоқан хандарының озбырлығына қарсы тұрған, Сыр бойын жаудан қорғауда зор еңбек сіңірген, Кенесары Қасымұлының басқарған ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан Шөмекейден шыққан батыр.

Сейтпембет әулие мазары. Көмекбаев ауылынан 55 шақырым жерде орналасқан, үлкен қорым, Сейтпембек әулие діни қайраткер, шамамен XVIII ғасырдың аяғы XIX ғасырдың ортасы арасында Сыр бойында өмір сүрген, ол халық ішінен үлкен сый-құрметке, зор рухани ықпалға ие болып, мұсылмандықтың үлгісін көрсеткен, ол «Көкмешіт» деген жерде жерленіп, қабірі зиярат орнына айналған. Ұрпақтары қабір басына күмбез тұрғызып адамдар түнейтін тамақ ішетін орындар салған.

Ителген. Жер атауы адам атымен аталып кеткен, руы шөмекейдің көшек руынан XIX ғасырдың басында өмір сүрген, Көмекбаев ауылынан солтүстік шығыста 25 шақырым жерде орналасқан.

Үйжыңғыл - жер атауы, Көмекбаев ауылынан шығыс жағында 5 шақырым жерде орналасқан биік төбе, атының шығу себебі - үлкен төбенің ең үлкен жеріне үй сияқты жыңғыл өскен, ұзақтан көзге шалынады, бұрын жергілікті халық бұл жерді қасиетті деп есептеген. XIX ғасырдағы шығармаларда айтылады.

Жайықбай төбесі - жер атауы, көне бейіт орны, қазір сақталмаған, ақ Балқы руынан, бүгінде ұмытыла бастаған, Көмекбаев ауылынан солтүстік шығысында 7 шақырым жерде үлкен көне жолдың солтүстік шығысында орналасқан.

Шылым жер атауы. Кете тайпасынан Қарабазар руының Кәнісбек аталығынан шыққан Шылым деген кісі есімімен байланысты аталған, «Шылым сайы», «Шылым құмы» деген жер атаулары бар. Шылым XIX ғасырдың басында өмір сүрген, көне бейіт сақталынған, Көмекбаев ауылынан 30 шақырым солтүстік шығыста, Жаңақала – Жосалы көне жолының бойында. Шылым – Алдаберген – Шәкір (Алдаберген інісі) – Тәуірші – Нұртаза – Шәкизада. Шәкизада қазір Алдашбай ахун ауылында тұрады.

Киікші құдығы. Көмекбаев ауылынан солтүстік шығыс 60 шақырым жерде орналасқан, Киікші кете Тұрысмәмбет Әжібай, Алтай деген кісілерге құдық қаздырған. Әжібай, Алтай, Тұрысмәмбетпен құдандалы болған, Әжібай, Алтай - Кете қарабазар Кәнісбек аталығынан шыққан ағайынды кісілер, Алтай- Әлі-Машарап-Жаладин. Жаладин қазір Т. Көмекбаев ауылында тұрады.

Ақмырза мешіті - Көмекбаев ауылынан оңтүстікте 12 шақырым жерде орналасқан, кешенді құрылыс орны, бұл жерде қабырғалары толықтай сақталынған мешіт жартылай мектеп интернат орны бар, мешіт XX ғасырдың басында салынып 1930 жылға дейін жұмыс жасаған, мешітті салдырған Шыбынтай руынан шыққан, Шор-

тан деген кісі мешітке дәріс беру үшін Қазалыда мешіт ұстаған Ақмырзаны арнайы алдырған. *Ақмырза Төсұлы* 1881 жылы Қуандария бойында Қарақ маңында дүниеге келген, шөмекей руының Жолай руынан, текті тұқымнан қоғам алдындағы міндетті айқын түсінген сол замандағы озық ойлы тұлғалардың бірі, ағартушы ұстаз, қол бастаған сардар, елін қадірлеген, ұлттық намысын биік ұстаған діни қайраткер болған.

Қазақстан Кеңес Үкіметінңсаясатына қарсы наразылық белгілері 1928 жылы басталып, 1929-1930 жылдары ашық көтерілістерге ұласып, сол көтерілістің құрамдас бір бөлігі 1930 жылғы Қуандария бойындағы Ақмырза көтерілісі талқандалып Ақмырза 1930 жылы 26 наурызда мешітте қаза тапты. Жерленген жері жері белгісіз, жүз жылға жуық тарихы бар мешіт Ақмырза атын өзгертпей сақтап келеді.

Мірәлім имам мешіті - Көмекбаев ауылынан 70 шақырым оңтүстікте Жаңадария ескі арнасының жағасында «Қараөткел» деген жерде ХІХ-ХХ ғасыр бұл жерде елді мекен болған, Көмекбаев ауылынан Мірәлім иманның руы екен.

Тектұрмас. Көне жер атауы. Көмекбаев ауылынан 18 шақырым оңтүстік батыста түйе ауруына себепті шөптің шығуына байланысты қойылған.

Жаңадария ескі арнасы. Қармақшы ауданының оңтүстік жағымен Қуандария және Көмекбаев ауылынан ауылдарының жерімен өтетін ескі үлкен арал. Басы Сырдарияның Қызылорда қаласының тұсындағы сол жағалауынан басталатын солтүстікке Қарақалпақтан жеріне қарай кетеді. Ұзындығы - 680 шақырым, қазіргі кезде Жаңадария алабында Қарақалпақстандағы *ең ірі сексеуіл орманы* орналасқан. Сонымен бірге, ежелгі дүниеден сақталған *ескі ескерткіштер* арна бойынан көптеп кездеседі, кезінде бұл маңай ірі егіншілік аймағы болған, Жаңадариядан бастау алатын үлкен суару каналдары мен егістік орны қазірге дейін сақталған, бұл жерде ежелгі дүниеден бастап-ақ отырықшы шаруашылық болып және мал шаруашылығы жақсы дамыған өзіндік өркениет қалыптасқан.

Іңкәрдария ескі арнасы. Жаңадария арнасының оңтүстік жағымен қатарласа басталып Сырлытам ағатын ескі арнаның ізі, кесененің тұсынан Жаңадария арнасы қосылады. Қызылқұмның қалың құмтөбелерінің арасымен өткендіктен көп жерлері көшпелі құм болып қалған Іңкәрдария бойында қола дәуірі мәдениетінің белгілері, іздері кездеседі. Бұл жерде мал шаруашлығымен қатар егін шаруашылығымен да қоса дамыған, Сырдария ауданындағы Іңкәрдария деп аталатын ауыл бар.

Қылыштың мазары. Көмекбаев ауылынан батыс жағында 20 шақырым жерде орналасқан қорым, ішінде мазары бар, руы қосбармақ балқы, эруақты сөзі өткір кісі болған, сондықтан қылыш деп аталған, ол туралы Ұзақбай ақынның өлеңі бар.

Елубай имам мешіті. Елубай имамның руы қожа. Сейтпембет әулие ұрпағы, Елубай иман мешіті жартылай сақталынған, Көмекбаев ауылынан 20 шақырым жерде орналасқан, Елубай иманның мешіті сол жердегі қорымда.

Мырзағұл ұста мұнарасы. Шикі кірпіштен тұрғызылған, қазір құлап, орны сақталынған, Көмекбаев ауылынан ауылынан 15 шақырым оңтүстік батыста орналасқан Мырзағұл ұста Шөмекей Бозғыл руының Қошқаралы аталығынан, атақты ұста болған.

Құлатай құдығы. Ертедегі жер атауы. Көмекбаев ауылынан 17 шақырым жерде Қошқаралы руының үлкен қорымы бар, Құлатай құдығы Торыбай мешітінен 5 ша-

қырым оңтүстік батыста, Жолай құдығынан 3 шақырым солтүстік шығыста орналасқан.

Бұқаның бейіті - Көмекбаев ауылынан оңтүстік шығыста Жосалыда Көмекбаев ауылынан үлкен жолының солтүстігінде орналасқан көне бейіт, бұл жерде ертеде қорым болған, ауылдан 4 шақырым қашықтықта шөмекей тайпасының бозғұл тармағынан Бұқа руының атымен аталған.

Маңай мазары. Көмекбаев ауылынан 6 шақырым оңтүстік орналасқан, шикі кірпіштен тұрғызылған Меңей батыр шөмекей тайпасының Торыбай руынан шыққан, 1750 жылы туып, XIX ғасырдың ортасынан дейін өмір сүрген, 1894 жылдары Ресейде шыққан карталарда Меңей атты атауы көрсетілген.

Хамза Жомартов ескерткіші. Көмекбаев ауылынан 6 шақырым оңтүстікте Меңей мазарының жанында Хамза Жомартов Кеңестік мұғалім Ақмырза көтерілісі кезінде елшілікке келіп, Төлеген деген мергеннің оғынан қаза тапқан.

Төребай мешіті. Көмекбаев ауылынан 12 шақырым оңтүстік батыста *шикі кірпіштен* тұрғызылған, қазір толық сақталынған, ру атымен аталған, Төребай шөмекей тайпасының бір тайпасы маймаң молда деген кісі молда болған, XX ғасырдың басындағы діни ағартушы болған.

Жылаған бала әулие. Қарақ жалының етегінде шағын төбешікте орналасқан. Бұл жер атауы туралы ел ішінде мынандай аңыз бар ел ауып, дүрбелең болып жатқан шақта бір әйел құндақтаулы баласымен көштен қалып қойып шаршаған, шөлдеген әйел құндақтаулы баласын жерге қойып, су іздеп кетеді, «*көздіқара*» деген жерден су тауып қайтып келсе, бала жылай-жылай өліп кетіпті. Оның жерді тепкілеген жерінен екі өкшесінің ізінен су жатыр екен, бала сол жерге қойылған, содан бастап бұл жер жылаған баланы «*әулие*» деп атап кетіпті, жақын жылдарға дейін бұл жерге адамдар келіп, зиянат етіп тұрған, Жәрімбет әулие айтыпты дегенде сөз бар: «*әуелі жылаған балаға зиярат етіңдер, сосын маған келіңдер*» деп.

Көздіқара ескі қала орны - Көмекбаев ауылынан солтүстікте, атаудың шығу себебі: Қуандария өзенінің құрғап қалған табанынан ескіден қалған су көзі бар екен, бұл жерде тұрақтар көптеп кездеседі, 1940 жылдан бері ауа-райын өлшейтін метеорологиялық станция істеген, ол «Жаңақала» совхозының құрылуынан соң совхоз орталығына көшірілген.

Аша. Көмекбаев ауылының орналасқан көне атауы, «Аша» атауының шығу себебі: «Қуандария ескі арнасы сол жерге келгенде екіге айырылып, екі салаға бөлінеді. Жер атауы осыған байланысты шыққан.

Қуандария ескі арнасы. Қармақшы ауданының оңтүстігінде орналасқан, ескі арна қыста тартылып, жазда қайта ағады, Көмекбаев ауылынан, Қуандария, Алдашбай ахун ауылдарының үстінен өтеді, өзеннің ұзындығы 353 шақырым, Сырдария өзенімен тікелей байланысты өзен ежелгі дүниеден бастап осы кезеңге дейін ескі құрылыс орындары бар, қазір құм болып жатқан бірнеше салалары бар, өзен жағасында Қуандария деп аталатын ауыл бар.

Қарақ жалы - жер атауы, Т.Көмекбаев ауылынан 10 шақырым жерде орналасқан, Қуандария өзенінің оң жақ жер атауы, бейіттер шоғыры, төбе биіктігі 93 метр, Бұхара, Үргенішке баратын керуен жолы Қарақ арқылы өткен, бұл жерде XVIII- XIX ғасырларда ірі бірнеше шайқастар орын алған, үстінде бірнеше қорым бар.

Қарасар қала жұрты - б.з 1 мыңжылдықтың 1 жартысына жататын қала жұрты, Т.Көмекбаев ауылынан 6 шақырым жерде орналасқан, ауылдың солтүстік-батыс бетіндегі Қуандария арнасының оң жақ жағасында қала орны 1966 жылы анықталған, 1971 жылы КСРО ҒА ХАЭЭ М.А. Итинаның жетекшілігімен бекініс жүйесіне және қаланың орталық бөлігіндегі құрылыстарға археологиялық барлау жұмыстары жүргізілген, 2011 жылы ШР АЭ жеке барлау жұмысы қайта барлау жұмысын жүргізген, жетекшісі Жолдасбек Құрманқұлов Асардың жоспары төртбұрышты шаршы көлемде 70x70 метрге тең. Сол жерден табылған керамикалар арасынан Жетіасардың және Отырар Қаратау мен Қауыншы мәдениетіне жататын керамикалар кездеседі.

Шақанай кесенесі - Шақанай Т.Көмекбаев ауылынан 7 шақырым жерде кесене орны. Бірнеше кесенелер қалдығы сақталынған, Қуандария арнасының оң жағында XIX ғасырдың басындағы тарихи шығармаларда аты аталады. Шақанай Қажы Сейтпембет әулие ұрпағы.

Күйік асар. Т.Көмекбаев ауылынан солтүстікте 22 шақырым жерде орналасқан екі қамалдан тұратын қалашық, 1940-1950 жылдарф ХАЭЭ С.П Толстов ашып зерттеген, (Л.М.Левина), 2005 жылы ҚР ҰҒА АИ Шырық Рабад археологиялық экспедициясы (Ж.Құрманқұлов)

Қабыл қамалы - Т.Көмекбаев ауылынан 4,7 шақырым батыс бетте орналасқан, б.з.д II-VI ғасырда өмір сүрген тік бұртөрт бұрышты биік бекіністі қабырғалардан қоршалған қамал.

Түгелбай мұнарасы- Т.Көмекбаев ауылынан оңтүстікте 70 шақырым Жаңадария ауылының жағасында орналасқан, сонымен бірге бұл жер «*қараөткел*» деп те аталады, өйткені Жаңадариядан әрі бері өтетін жол осы арқылы өткен.

Ақ шұңқыр - Жаңадария бойындағы көне қала атауы. Т.Көмекбаев ауылынан 80 шақырым шамасында оңтүстік батыста, бұл жерде XVIII-XIX ғасырларға жататын үлкен қорым бар.

Тағай - Т.Көмекбаев ауылынан 75 шақырым батыста орналасқан көне қала атауы. Тағай құдығы, бірнеше мазарлар бар үлкен қорым, 1963 жылдан бастап, «Жаңақала» совхозының №2 фермасының ферма орталығы болған, шағын елді мекен орналасқан, қазір ел жоқ, Тағай деген кісі аты, атақты, бай дәулетті, елге сыйлы кісі болған.

Нұра құдығы - Т.Көмекбаев ауылнан 40 шақырым оңтүстік батыста орналасқан елді мекенінен XX ғасырдың басында Қошқаралы руының мекені болды. Байқожаның әкесі Шүкірәлінің бейіті сақталынған. Бұл сексеуілден сақталынған, Үлкен қорым сақталынған.

Келіншектің құмы - көне жер атауы. Т.Көмекбаев ауылынан 30 шақырым оңтүстік батыста «Орта Келіншек», «аяқ Келіншек» деп аталатын екіқұдық орны бар.

Қартбайдың қарақшысы- көне жер атауы, Т.Көмекбаев ауылынан 35 шақырым жерде орналасқан. Биік төбе үстіндегі белгі, руы кедей, Төбет Қартбай деген кісі.

Сарбұлақ құдығы - көне жер атауы. Қазір аталмайды, Т.Көмекбаев ауылынан 15 шақырым оңтүстік батыста орналасқан, XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында шағын елді мекен Қошқаралы руының қонысы болған.

Сыз қора - Т.Көмекбаев ауылынан 9 шақырым оңтүстік батыста Кекірелі Тағай үлкен жолының шығыс бетінде орналасқан көне елді мекен орны. XIX-XX ғасырларға жататын, 1918 жылы екі жас комсомол осы жерде өлтірілген.

Қандыарал 1 - Т.Көмекбаев ауылынан 7 шақырым оңтүстік батыста орналасқан, көне жер атауы, көне қыстау орналасқан, өте ерте замандағы тұрақтар орны кездеседі.

Томпының құдығы - Т.Көмекбаев ауыдылнана 132 шақырым оңтүстік батыста орналасқан, көне құдақ орны, кісі есімімен аталған сол жерде елді мекен болған көне қорым бар.

Ақбас бейіті - Т.Көмекбаев ауылынан 7 шақырым оңтүстік орналасқан, төбе үстіндегі көне қорым, кісі есімімен аталған жер атауы.

Қырғаның мазары - Т.Көмекбаев ауылынан орналасқан Қуаңдария арнасының қарсы бетіндегі жаңа қорымнан 102 метр шығыс бетте орналасқан. Өте көне мазар. Қазір құлап, үйіндіге айналған, орны сақталынған, Қырға деген адам есімі Қуаңдария өзенінің су көп кездескен көшкен ауылыныңжүгін судан өткізіп тұрған, осы жерде суға кетіп қайтыс болған, соған байланысты аталып кеткен.

Мырзакелді. Көне жер атауы. Көмекбаев ауылынан 42 шақырым солтүстікте кісі атымен аталған, ел жайлаған үлкен қала орны, қорымы бар Мырзакелдінің осы жерде.

Жиделібай көне жер атауы- үлкен аумақты алып жатқан терең ой, көл орны «Қарамерген» деп аталатын көне арнаның бір саласы осы Жиделіойға құйған, Көмекбаев ауылынан 65 шақырым солтүстікте.

Тоғызқұдық. Көне жер атауы. Көмекбаев ауылынан 37 шақырым солтүстікте сол жерден қазылған құдықтарға байланысты аталған, бұл жерде ерте заманнан шығып жатқан тұзды көл бар, сол тұздың суына адамдар түсіп әртүрлі науқастарынан емделетін болған.

Ақмешіт-Қазалы-Үргеніш керуен жолы. Көмекбаев ауылынан 33 шақырым солтүстіктен Сары бұлақ елді мекенінің жанынан өтеді, ерте заманнан ұзақ уақыт бойы қызмет атқарған керуен жолы, қазірге дейін айқын білініп жатыр.

Тасмола - Көмекбаев ауылынан 60 шақырым солтүстікте төбе үстіндегі көне бейіт орны Бұл жерде мазар болған, құлап үйіндіге айналған, бейіт басына қойылған тас белгі, 1910 жылдарға дейін сақталып кейін әлдекімдер бүлдіріп кеткен, осы тас белгіге байланысты «*тасмола*» деп атап кеткен, ескі атауы белгісіз, тас белгідегі араб әрпімен жазылған ауыл тұрғыны Самұратов Құлназар 1970 жылы көшіріп алып Мұзарап ақынға оқытқан. Жазу мазмұнына қарағанда бір ауқатты байдың қызы күйеуге берген күні ертеңіне кенеттен ауырып осы жерде қайтыс болған, тас белгідегі жазу аудармасын сақталмаған, көп уақыт өткендіктен Құлназар ақсақал жазудағы адам аттарын ұмытып қалған.

Алтыбай - көне жер атауы Т.Көмекбаев ауылнан 47 шақырым солтүстік шығыста орналасқан биік төбе. Тоғанас батырдың ру басы ақсақалдарының кеңес құратын жері болған.

Ақмырза қорымы - кісі атымен аталған, жер атауы, Т.Көмекбаев ауылынан 45 шақырым солтүстік шығыста биік төбе үстінде орналасқан көне жер атауы.

Мырзалы - көне жер атауы. Кекірелі елді мекенінен 37 шақырым батыс бетте Қожа Қалы иманның мешіті бар қорым бар көне үлкен елді мекен орны сақталынған.

Қасқа төбе - Кекірелі елді мекенінен 75 шақырым солтүстік батыста орналасқан биік «қасқа» деп аталуы төбенің оңтүстік жағы ақ ойпақ, алыстан ағарып көрініп тұрады.

Шобанқазған - Кекірелі елді мекенінен 80 шақырым батыста орналасқан көнеден келе жатқан елді мекен, кісі есіміне байланысты құдық атымен аталған.

Жаңа төбе - көне жер атауы. Т.Көмекбаев ауылынан 50 шақырым батыс бетте орналасқан биік екі төбе, бұрын айыр тауы деп атаған. Кейін аңға құс салатындар «*Таң төбе*» деп те атап кеткен.

Қарарал - Т.Көмекбаев ауылынан 45 шақырым батыста жазық тақыр ортасында орналасқан су алып жатқан алыстан қарайып көрінетін болғандықтан «Қарарал» деп аталған жер атауы.

Қызыл үй - Кекірелі елді мекенінен 50 шақырым батыста орналасқан күйдірілген қызыл кірпіштен салынған ғимарат орны. 1873 жылы Ресей патшалығы Хиуа хандығын құлатқаннан кейін Қазылы-Төрткүл жолын салған, осы жолдың бойындағы аралықпен 5 бекет болған, сол бекеттің бірі осы «Қызыл үй» қызыл кірпіштен салынғандықтан «Қызыл үй» деп аталған.

Ортөбе - Кекірелі елді мекенінен 45 шақырым батыста орналасқан үлкен төбе ертеде адамдар тері илеу үшін осы жерде бор алған.

Қазалы-Бұхара керуен жолы - «Сауранбай жолы» деп аталады. Қазалыдан шығып, Т.Көмекбаев ауылына қарасты аумақты солтүстіктен оңтүстікке қарай өтетін Жаңадария арнасының «*Қарабас*» көпірнен Бұхараға шығады, өте ертедегі керуен жолы.

Ақмешіт-Шалбай керуен жолы – байырғы керуен жолы ізімен 1924 жылы Кеңес Үкіметі салдырған жолды салуға Оспан деген кісі басшылық жасаған, Мырзалы-Бестам-Шірік Рабад арқылы Т.Көмекбаев ауылының оңтүстігімен Жалағаш ауданынан шығады.

Заңғар - көне жер атауы, биік төбе дегенді білдіреді, «үлкен заңғар» , «кіші заңғар» дегендер бар.

Қандыарал 2 - Т.Көмекбаев ауылынан 70 шақырым батыстағы көне жер атауы, бір бай кісінің 9 өгізін ерте де жолбарыс жеп кетіп бұл жер сондықтан «Қандыарал» деп аталған.

Қаракөл - Т.Көмекбаев ауылынан 70шақырым батыстағы көне жер атауы, Қуандария арнасының су алады, Көл ортасында тереңдігі 7 метрге жететін шұңғыл жер көктемде құс базарына айналады, түрлі балықтар өседі, қарайып көрінуіне байланысты «Қаракөл» деп атаған.

Таскөл - Т.Көмекбаев ауылынан 8 шақырым солтүстік шығыста орналасқан үлкен көл, Қуандария өзені арқылы суландырылады.

Майданбай - көне жер атауы, Т.Көмекбаев ауылынан 10шақырым солтүстік шығыста төбе үстіне орналасқан бейіт, көне қыстау орны бар.

Төлеген мешіті - Т.Көмекбаев ауылынан осы жерден айналадағы ел балалары ауылынан 10 шақырым жерде солтүстікте орналасқан, ХІХ ғасырға жататын мешіт,

Сәмет Балқы Төлеген деген кісі кедей болғанымен діни білімді болған, руластары оған мешіт салып беріп, осы жердегі елдің балаларын оқытуды тапсырған. Мешіт құрылысы күрделі. Мешіт бала оқытатын орын және кітапхана орны жақсы сақталынған. Кітап қоятын текшелері бар. Сонымен бірге қыстау тұрақтары орындары бар, Төлеген қыстауы 1960 жылдары бұзылып мал қораларын салуға пайдаланған. Төлеген осы жерде егін егіп кейін ауқатты адамға айналған. Ауыл тұрғыны Өскенбаев Әбіштай ақсақал қыстау бұзылған кезде жүргізуші болып кірпіштерін тасыған. Ол кісі бір бөлмедегі текше ішіне жасырылған екі бума 100 сандық және 50 сандық Ресей ақшасын тауып алғанын айтыпты.

Мырзақара мешіті - Т.Көмекбаев ауылынан 9 шақырым солтүстікте орналасқан адам жерленген, Мырзақара баласы Мірәли және Мірәлидің баласы бейіттерінің орта аралықтары ашып бүлдіріп кеткен. Мырзақара деген кісі өте діни білімді кісі болған, руы Таңқожа болған, XIX ғасырға жататын мешіт, Т.Көмекбаев – Байқоңыр жолының батыс бөлігіндегі мешіт құрылыс күрделі, жартылай сақталынған, мешіт балалар оқитын орындары бар, бөлмелерде текшелер жақсы сақталынған, ғимарат биік еңселі сапалықкүйдірілген кірпіштен ірге тасы қаланған, Кеңес Үкіметі кезінде 1954 жылы Ерiмбет елді мекенінен мектеп, дүкен салу үшін мешіт ірге тасы бұзылып алынған, мешіттің бір бөлмесіне 3 адам жерленген, Мырзақара баласы Мірәли және Мірәлидің баласы бейіттердің орта арқалықтары ашып бүлдіріп кеткен. Мырзақара деген кісі діни білімді кісі болған, руы Таңқожа болған, осы жерден айнала дағы елдің баласын оқытқан.

Жапақ мазары - Т.Көмекбаев ауылынан 16 шақырым оңтүстікте батыста жол жиегінде орналасқан, Балқы руынан шыққан кісі атымен аталған.

Көлдей мазары - Т.Көмекбаев ауылынан батыста толықтай сақталынған үлкен мазар. Қуандария арнасының оңтүстік жағалауында ішінде екі бейіт бар, мазар іші көптеген өрнектермен безендірілген, түйелі керуен, түрлі малдардың суреттері салынған, Шөмекейдің Балқы рунан шыққан кісі атымен аталған.

Қоңыраулы қорымы - Т.Көмекбаев ауылынан 25 шақырым батыста Қуандария арнайсының жағасында орналасқан үлкен қорым «Қоңыраулы» аталу себебі бейіт ішінде Қоңырау таққан түйе суреті бар,

Жарқын бай мазары - Балқы мазарынан шыққан кісі атымен аталған, құлап жартылай сақталынған биік төбе үстіне орналасқан мазар Т. Көмекбаев ауылынан 14 шақырым батыс бетте.

Қосайдар мазары. Т.Көмекбаев ауылынан 33 шақырым батыста биікте орналасқан қатар тұрған 2 мазар, бұл жерде елді мекендер және кірпіш күйдірілетін зауыт орны бар.

Төбесі ойық мазары. Ескі атауы белгісіз мазар, құлап қалдығы сақталынған, Т.Көмекбаев ауылынан 16 шақырым батыста Қуандария арнасының оң жақ жағасында орналасқан, «төбесі ойық» деп аталу себебі, мазар төбесінің құлауына байланыстаы аталынған. *Белгісіз мазар* - «Төбесі ойық» мазарынан 2 шақырым солтүстікте орналасқан, қалың сексеуіл тоғайдың арасында орналасқан. *Белгісіз мешіт:* «Төбесі ойық мазарынан 2 шақырым солтүстікте Қуандария арнасының сол жақ жағалауында көне қорым, кірпіш зауыт және мекен орындары бар.

Қарабас көпірі - Қарабас деген ру атымен аталған, Қарабас Шөмекей тайпасының Аспан тармағы Төбет руына жатады, Бұхара, Үргенішке шығатын керуен жолы Жаңадария арнасына салынған, Кекірелі елді мекенінен 30 шақырым оңтүстік шығыста өте ертеден келе жатқан жер атауы.

Маңқат бөгеті. Кекірелі елді мекенінен 15 шақырым оңтүстік батыста орналасқан жер атауы, аталу себебі Жаңадария арнасына егістікке су шығару үшін қапқа құм толтырып, тоспа бөгет жасаған, содан «Мыңқап бөгеті» деп аталып кеткен.

Қарақ метеостанциясы. Т.Көмекбаев ауылынан 6 шақырым батыста 1940 жылдары құрылған ауа райын бақылайтын құрылған станция, бұрын тікелей Мәскеуге қараған 1955 жылы ҚАЗССР-іне берілген. 1967 жылы сол кездегі Жаңақала совхозының орталығына көшірілген қазгидромет Қызылорда облыстық филиалының Қарақ метеостанциясының Т.Көмекбаев ауылынан ауылында жұмыс істеп тұр.

Көздіқара мешіті. XIX ғасырдағы мешіт орны Т.Көмекбаев ауылынан 90 шақырым батыста орналасқан көне елді мекен орны. 1940 жылдары осы жерде құрылған ауа райын өлшейтін станция алғаш рет мешіт ішінен орны тепкен, кейін мешіт бұзылып жаңадан метеостанция ғимараты салынған, мешіт жанында төртқұлақ бейіт бар.

Төртбұлақты мешіт. Көздіқарадан 100 метр оңтүстікте орналасқан көне жалғыз бейіт, аты белгісіз бұл туралы нақты мәлімет жоқ.

Белгісіз бейіт. Т.Көмекбаев ауылынан ауылдан 7 шақырым оңтүстікте, Меңей мазарынан 4 шақырым оңтүстікте батыста орналасқан шағын қорым, аты белгісіз.

Шірік Рабад метеостанациясы XX ғасыр бірінші жартысында Шірік Рабад қала жұртының оңтүстік батыс жағына орын тепкен ауа райын бақылайтын станция, «Жаңақала» совхозы құрылғаннан кейін Кекірелі елді мекеніне берілді. Қазіргі таңда жұмыс істеп тұр.

Қыздың ұйтамы. Т.Көмекбаев ауылынан 23 шақырым Қуандария жағасының оң жағында орналасқан мазар, кімге арнап салынғаны белгісіз, мазар іші ою-өрнектермен безендірілген.

Сауқым мазары. Т.Көмекбаев ауылынан 24 шақырым оңтүстік шығыста орналасқан мазар толықтай сақталынған, Сауқым төре руынан сұлтан, хан болған, Кіші жүз ханы Әбілхайырдың ұрпағы Ералы ханның немересі Бөлекей сұлтанның баласы. Туған жылы белгісіз. 1844 жылы қайтыс болған, 1837 жылы Хиуа ханы Аллақұлдың қолдауымен кіші жүздің шөмекей руына хан болып сайланған. Қуандариялықтарға қарсы жорықтар ұйымдастырған.

Атасай қорымы Көмекбаев ауылынан 23 шақырым солтүстікте Атасай деген елге белгілі кісі болған. Апақай деген қызға үйленген, көп ұзамай ауырып қайтыс болған, Атысай басына мазар тұрғызған, қайтыс болғанда әйелінің қасына қойындар деп өсиет еткен екен, бұл қорым Атасай-Апақай деп аталады.

Мұнаралы Төбет Шалбике руынан шыққан Байқонды бидің баласы Қара деген кісінің әйелі Шаштыға арналып салынған. XIX ғасырға жатады.

Жайлыбай адам аты. Келей Төбет руынан атақты бай болған, осы жерде мешіт салдырған, Жайлыбай бейітін Әлпейіс деген ұста салған XIX ғасырға жатады

Көне орындар қола дәуірінің белгілері 70 км Жаңадарияның арнасы бар. Іңкәрдария саласы бар соның бойында кездеседі, Темір дәуіріне Шырық Рабад , Бұланды кешені сақтардың орталығы, 55 шақырым жерде қос қала деп аталатын Бәбіш молда, орта ғасырлық Кекіреліде Қабыл қорғаны сақ дәуірі, Бәбіш молда молданың аты, Жаман қос қала, Бұланды деген «Бұланды құмы» деген жерде бұлан болған, Кекірелі бөлімшесінен 15 шақырым Сырлытам 11-12 ғасырларға жататын күйдірілген кірпіш, шыны бояу, кезінде орыстар трактормен тартып, кесектерін алған.

Жолай қарақтарының шыққан атақты адамдар. Алғашында Жолай би ел бірлігін үшін Әбілхайыр хан туының астында болғанымен кейін Кіші жүздің Ресейге қослу саясатн қолдамай одан бөлініп, осы саясатқа қарсы Барақ сұлтанның жағына шығады. Осыған байланысты қудалау көрген Әлім-Шөмен руларының біраз бөлігі өзінің ата қонысы. Кеңгір өзенінің бойынан қазіргі Қуандария бойына қоныс аударғанда Жолай ұрпақтары да осы өңірге келіп қоныс тепкен. Жолай ұрпағынан көптеген атақты адамдар шыққан, Таңат палуан, Өтетілеу, Пірәлі, Аман, Алмас, Әбдірайым, Дабыл билермен қатар, Сопак, Қожеке, Түбекбай, Арғынбай, Алданқұл, Ысқақ батырларың аттары белгілі. Діни қайраткерлер мен ағартушылар Молдашер ахун «әрі палуан», Достан сопы, Ақмырза ахун тағы басқа елге танымал көптеген тұлғалар болан. Бұлардың барлығыда үнемі отаршылдық саясатқа қарсы күрес жағдайында өмір сүрген. Ақмырза солардың ішінде ерекше ықыласқа қалған бірыңғай тұлғалардың бірі.

Ақмырзаның балалық шағы. Ақмырза Төсұлы 1881 жылы Қуандария бойындағы Қарак маңында (қазір Т.Көмекбаев ауылы) дүниеге келген. Ақмырзаның әкесі Төс деген кісі қарапайым шаруа адам болған. Бала Ақмырза лақ қозы бақтырып қойыпты. Ауыл балаларының молдаға оқып жатқанын көріп білімге құштарлығы күн сайын арта түскен бала бір күні лақ қозыны тастап келіп, «менде оқимын» деп құштарлықпен келген. Білімге құштарлығына ырза болған молда оған күн сайын тапсырма беріп сынап әбден шыңдаған. Ақмырза тапсырманы аса ыждахаттылықпен орындап, зеректігімен көзге түседі. Кішкене бала Ақмырзаның мешітке өзі келіп кетіп жүргенін байқаған туысы Құтыш деген кісі Төсті шақырып алып, «мына баланы оқыту керек, Алла бұған ерекше назар беріпті, мал соңына салып қор қылма, екінің бірі мұндай болмайды деп, түбінде осы баладан бірдеңе шығады» деді, сол Құтыш мал соңында жүріп жара басып кеткен басын әйеліне тазартып, баланы қолына алып оқытады.

Ақмырза білім жолында. Ақмырза ауылындағы мешітке Елмұрат молдадан дәріс алып, әптиек құранын аз уақытта игеріп алады. Бұл оқуды азсынған ол оқу іздеп Бұхараға жол тартады. Мұнда Көкілташ медресіндегі оқуын жалғастырып исламмен толық сусындайды. Бұдан соң Ауғанстанда, Түркияда білімін толықтырып, «ахун» шатырхатын алып, 18 жылдан соң 1910 жылы елге оралады.

Ақмырзаның қызметі. Әуелі Қазалы ауданындағы Кеңтүп деген жерде мешітке дәріс береді. 1915 жылдар шамасында Шыбынтай Шортан деген кісі Қуандария бойында Үштөбе маңынан мешіт салдырып (қазір Т.Көмекбаев ауылы Ақмырза мешіті деп аталады) осында дәріс беруге арнайы көшіріп алдыратады. Ақмырза ахунның бай кітапханасы болған. Тоғыз түйеге жүк артып келгенде көбі кітап болған. Осы

жерде айта кететін бір ерекше жәйт Ақмырзаның ұсыныс бойынша мешіт жанынан арнайы дәріс беретін мектеп, балалар жатып оқитын жатақхана (интернат) салынған. Ақмырза өзіне ғана емес өзгеге болсын дейтін жомарт жан болған. Кедей отбасыларына ерекше қамқорлық жасаған. Өзіде білімге құштар жан болған және барлық ынта назарын білімге ағартушылық жолына салған. Ол Қызылқұмдағы елдің балаларының арабша, латынша сауатын ашып, көптеген елге белгілі азаматтарды баулып, тәрбиелеп шығарған ғұлама ұстаз. Одан білім алған Толыбеков Серғали ҚАЗ ПИ ректор, Қайнарбаев Әлқуат шежіре жинаушы, Сәндібеков Абдулла Қарақалпақстандағы қаржы министрі болған.

Ағартушы ұстаз Ақмырза. Ол «халқым балаларыңды қашанғы қой соңында салпақтатып қоясыңдар, білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген заманға келе жатырмыз. Елін қорғар, оған шамасы келмесе өзін қорғар білім алсындағы. «Алла тағала иіс алмас надандықты, ұйқылы ояу күн кешуді құрсақ толып, құлқын тойғаннан өзге тоят іздемес қамсыздықты біздің маңдайымызға жазып қоймаған шығар» деп тебірене айтып отырады екен. Ақмырза қазақтың белгілі ағартушылары Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсариннің жолын қуып, ісін жалғастырушы, өз замандастары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтармен бірге қоғам алдындағы міндетті айқын түсінген сол заманның озық ойлы тұлғаларының бірі. Сонымен бірге дін үшін, ұлт-азаттығы үшін отаршылдық саясатқа қарсы болған елді бастаған күрескер сардар еді.

Қазақстандағы Кеңес Үкіметінің саясатына қарсы наразылық белгілері 1928 жылы біліне бастаған. Мұның себебі осы жылы жүргізілген тәркілеу және жаппай ұжымдастыру науханы болаын және қарсы дінге қудаара мен орынсыз салынған алым-салық халықтың наразылығын туғызды. Ол 1929 жылдың күзіне қарай ашық көтерілістерге ұласты. Жер-жерден халық арасындағы көзі ашық сауатты тұлғалар елдің қамын ойлап, болашақты ойлап, қарсы наразылыққа халықты жұмылдырды. Көтеріліс қазақ жерінің көптеген жерін қамтыды. 1929 жылы қыркүйекте Бостандық ауданында, Қостанай округінде тағы басқа жерлерде қаруыл көтерілістер болып өтті. Бірақ нашар қаруланған көтерілісшілердің бір-бірімен байланысы болмады. Бұл жерде айта кететін бір жай көтеріліске шығу жөнінде ортақ шешім болмаған, ұйымдастыру жағынан бір орталыққа басқару жағы қарастырылмаған. Сондықтан көтеріліске шыққандар әр аймақта, әр уақытта жеке-жеке талқандалып отырған. 1930 жылы көтерілістер Шығыс Қазақстанда, Жетісу аймағында Ақтөбе; Қостанай, Қызылорда округтерінде және Маңғыстауда орын алған. Ақмырза көтерілісі осы көтерілістің құрамдас бөлігі ретінде Қармақшы ауданындағы Қуандария бойындағы Қызылқұм өңірінде болған. Көтеріліс басшысы Ақмырза ахун барлық қызметін, бүкіл ғұмырын дін жолына арнаған, дінді берік ұстанған адам маңайына 500-ден аса сарбаз жиналған барлығының ойы ақ адал малын қайтару елді тыныштандыру үшін қалай болған да бір шешімін табу үшін жиналды. Ақмырза сарбаздар мен жазалаушылар арасында соғыс болдырмай бейбіт келісім жасауға жолында кеңес мұғалімі Хамза Жомарт көп күш жұмсағанымен еш нәтиже бермеді. Оның өзі осы жерде қаза болды. Ақмырза сарбаздары 250 адамдық жақсы қаруланған қызыл отрядпен бірнеше рет бетпе-бет ашық майданға шыққан. Пулеметпен

қаруланған қызылдар Ақмырза отрядын көп шығынға ұшыратты. Ақмырза қаруы күші тең емес жазалаушылармен одан әрі шайқасудың орынсыз екенін түсініп шегінуге мәжбүр болады. Ақмырза: «жазалаушылардың жеңілтініме менің зейінім жетті, дін мен ұлт мүддесін қорғау жолында өлсем арманым жоқ» деп өз адамдарына рұқсат береді. Көтеріліс жеңіліс тапты. Ақмырза 1930 жылы 26 наурызда қаза тапқан. Кеңестік солақа саясаттың салдарынан Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске қатысқандарды олардың жақын туысқандарын тіпті руластырана дейін тоз-тозын шығарады. Ақмырзаның рулас ағайындары Өзбекстанның Тамды ауданына қоныс аударып, алды Ауғанстан, Иран, Түркияға дейін асып кетті. Ақмырза ахун соғысты қаламаған. Тек елдің тыныштығын сақтау мен бейбіт өмірді сүру мақсаты болған, қанша жылғы алған білімін пайдалан отырып, бейбіт түрде халыққа тейіттей болса да пайдасы тиіп елдің ауызбірлішілігін сақтап, елдің кейпін сақтап қалуға тырысан. Ол кісі дүниетанымдық еңбектер мен оқулықтар жазған. Ақмырза ахун соғысты қаламаған, бірақ, дінін, ұлт азаттығын ақату үшін амалсыздан қолына қару алына тура келген. Кеңес Үкіметі Ақмырза мешітін бұзып, мал қораға айналдырған. Тіпті Ақмырза атын атуға тыйым салып, елде оның сөзін сөйлегендердің өзін жауапқа тартып, тыйым салған. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ғана Ақмырза туралы деректер жиналып, аты ауызға алына бастады. Шашырап кеткен ағайын туыстары елге оралды. Көптеген еңбектері қызылдар қолына түсіп, барлық жинаған кітаптарымен бірге өртелген. Тек шет елге қашқан ағайындарының қолында «Түрік иман» атты кітабы сақталған. Ақмырза ағартушы ұстаз, діни сауатты, қол бастаған сардар, елін қадірлеген, ұлттық намысын биік ұстаған біртуар азамат. Дінді берік ұстанған, ағартушы ұстаз, дарынды, білімді, жастарды білім алуға үндеген, жастардың білім алуына қамқорлық жасаған, Кеңестік саясатқа қарсы болған, ұлт-азаттық көтерілістің басшысы, кедей-кепшікке қол созған, ағылшын, араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерген, артынан өшпес еңбектермен оқулықтар жазып қалдырған халық айнасы.

Дерек кісі: Жалғасбаева Шырынкүл, Көмекбаев ауылы шөмекей, жеке кәсіпкер.

600 мың мемлекеттен грант ұтып алып, киіз басуды жеке шаруашылыққа айналдырып, қарамағына 4-5 әйелді жұмысқа алып, киіз басумен, қараша үйдің киіздерін дайындаумен айналасады. Күзем жүннен киіз жасайды, ақтай, бау, току, басқұр, аяқбау, шашақтар, иінбау, туырқас, қоржын, желбау, шашақ дайындайды. 14 кг жүннен 1 киіз шығады, шабақтап су құяды, шала өлтіріп, екінші бетін басады, үстін жауып, екі қабатты таптап білектеп, аяқпен басып, қарпиды, айналасын тігіп, қарпиды, дайын болған соң жан-жағын сөгіп аяқпен кеселеп басады. *Миранас қой* Алматы, Жамбылда өсіріледі, миранос жүнді сол жақтан алдыртады, сол қойдың жүнінен қолөнерлік бұйымдарын жасауға пайдаланады. *Кеселеу* - қарпықтан кейінгі мықты болуы кеселеуге байланысты.

Ырым. Ел ішінде кішкентай балаға көз тиеді деп көбіне жасырып ұстаған, себебі бала пәк әрі таза, сүйкімді болғандықтан көз тез тиеді деп санаған. Енелері келін-

дерімен қосып қонақ келгенде емшектегі баласымен жасырын шымылдықтың артында ұстап, көзден таса ұстаған. Бірақ бала шамалы өсе келе бір орнында отырмайды, сондықтан кейде балаларға көз өтіп жатады. Балаға қатты көз өткенде сары иттің басын асып соған суға түсірген, ел ішіндегі *«сары иттің басын асып тартсаң шошынар»* деген сөз осыдан қалса керек.

Диалекті сөз: Божырайған - аузынан сөзі кеткен деген сөз, адырайып, кежір мінез.

Кәрі жілікті маңдайшаға іліп қойған, тілкөз, бәле-жаладан сақтайды деп, кәрі жілікті жасқа ұстатпаған, үйді адыраспандау бар, тамақ ісіп кетсе, үлкен кісілер көреген кісілер таңертең таң атып келе жатқанда таңдай басады. Бала дүниеге келгенде ырым қылып ағаш отырғызған, балам ертең жейді баламен бірге өседі көктейді деп, ер жігіт жолға шығарда ауылдың көне көз аузы дуалы кісілерінен таңертеңмен барып бата алатын болған.

Дерек кісі: Қосбаев Сақтапберген, Т. Көмекбаев ауылы. 1960 ж.т.

Т.Көмекбаев ауылының ру-тайпалары: Шөмекейдің балқы, дөзек, жолай, қошқаралы, бозғыл, төбет-аспан, кетеден: қарабазар, сойырғас, текей, құлыс; қожа, төрелер бар. Арқа, Бірғыз, Торғайдан меридиандық оңтүстік солтүстікке қарай көшу жолдары болған, қыста Қуаң бойына қыстаған.

Жыраулық туралы:

Жырау дегеніміз - ақын, ән шығарушы және орындаушы; *жыршы* - ұзақ жыр-дастандарды орындаушы; *термеші* - қысқа қайырымды нақыл сөздерді айтушы; Жалпы бұл өнердің түрі екі жолмен беріледі: 1. балаға 2. Ұстаздан шәкіртке. Енді жыраулық жыршылық өнердің атадан балаға берілуіне мысал келтірейік.

Ешнияз сал Жөнелдіқұлы (1834-1902) 1834 жылы бұрынғы Қазалы уезі Қуаңдария болысының бірінші ауылында қазіргі Қармақшы ауданында дүниеге келген. Жасында ауыл молдасынан сауаттанып, өз заманының білімді адамдарының бірі болған. Ел басқара отырып, ел арасындағы дау-жанжалдарды бейбіт жолмен шешілуіне ықпал етіп отырған.

Ешнияз Құрманғазымен достық қарым-қатынаста болған. 1925 жылы А. Затаевичтің Орынборда шығарған «Қазақтың мың әні» жинағына Ешнияз әндерінің алтауы шыққан. Ешнияз салдың «Өмір жайлы» деген өлеңінде:

«Балалық дәурен байқаусыз,

Өте шықты білінбей.

Оқи алмай ойынмен,

Бос қалдық қолға дым алмай» - деп жырлайды. Қазіргі Жосалы - Т. Көмекбаев жолының бойында Ешнияз деген жер бар. Бұл жер сол Ешнияз сал атымен аталған және ақын сол жерде жерленген. Үлкен жолдың солтүстік жағында Ешнияз салған үлкен төбе үстіне салынған кесене салынған.

Кете Жүсіп Ешниязұлы (1871-1927).

Жүсіп Ешниязұлы 1871 жылы бұрынғы Түркістан өлкесі, Сырдария облысы, Қазалы уезі Қуаңдария болысының бірінші ауылында (қазіргі Қармақшы ауданы) дү-

ниеге келген. Ескіше де, жаңаша да оқып, жаза білген. Ауыл-аймақ бала ақын, бала жырау атаған.

Жүсіп ақын өзім былай дейді:

Баласы Ешнияздың Жүсіп ақын,

Сыр бойы біледі Жүсіп атын.

Қаламмен домбыраға бірдей еркін,

Жел сөзден жері жоқ еді қысылатын.

Байұлы, Жетіру мен Қаракесек,

Ақылмен еттірмеген ешкімге есеп.

Үш жүздің атасы мен анасы бар,

Арасын бола ала ма қашық десек.

Таласпай татулықтан енші алысып,

Тарасқан бір-біріне атпай кесек.

Балқы Базар жырау мен Кете Жүсіптің жас алшықтығы біраз болса да, жақсы қатынаста болған. Жүсіптің әйелі босанып ұл туып сүйінші сұрағанда, Базар ақын «аты Мұзарап болсын» депті. Кете Жүсіп Ешниязұлы 1927 жылы қайтыс болған.

Мұзарап Жүсіпұлы (1905-1972). Мұзарап Жүсіпұлы 1905 жылы Қармақшы өңіріндегі Қуаңдария болысының №2 ауылында дүниеге келген. 12 жасқа дейін молдада оқыған. 13 жасынан бастап өлең айтқан. Өз бетінше сауатын ашып, ескіше де, жаңаша да оқып алатын болған.

Дастандары: «Тамшы», «Үш насихат», «Үш жұмыртқа», «Самұрық», «Бақытты бала».

Мұзарап Жүсіпұлы көптеген әндер жазған. Соның бірі «Балымша» әні сол кестік кездегі қыз-келіншектерге арналған. Мұзарап ақынның үлкен баласы Сабыт Жүсіповтың әнші, жырау, ақын болған. Ол өзі туралы «Өзім туралы толғау» деген өлеңінде былай дейді:

Ешнияз, Жүсіп арғы атам,

Мұзараптың Сабытпын,

Жыр жырлап, жастай ән шырқап,

Алғысын алдым халықтың.

«Тегіне қарай ұл туар»

Ешнияз→Кете Жүсіп →Мұзарап→Сабыт. Мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Жиенбай жырау→Рүстембек жырау→Көшеней жырау→Бидас жырау→Арнұр.

Енді ұстаздан шәкіртке берілуді жайлы сөз етейік. Ауылымызда тұратын Машарап деген кісі туралы. Машараптан атақты Алмас жырау үйренген, Алмастан ауылымызда тұратын Болат Баймұрзаев деген жігіт үйреніп, қазір жырау, термешілікті жалғастырушы болып отыр.

Тұрмағанбет Ізтілеуов атындағы ауылынан жинақталған мәліметтер:

Дерек кісі: Ақбар қажы Минвар Алдашбаев Тұрмағанбет ауылы, ауыл молдасы, руы Қарабазар.

XIX ғасырдың ортасында ескіше сауаттанып, мешіт ұстап, ел балаларын оқытып, кезінде Тұрмағанбет шайырдың алғашқы ұстазы болған Алдашбай ахунның немересі. Әкесі Асан Алдашбайұлы имандылық пен палуандылықты, ақындықты қатар алып, елді имандылыққа тәрбиелеген, әкесінен ескіше сауатталған өте білімді адам болған.

Өлікті жөнелту - тірі қалған артындағы адамдардың парызы, парыздық фая, кеудеден жан шығып кеткеннен кейін бұзылмай, арулап, тазалап, құмға апарып қосу, бұны орындап болғаннан тамаған соған арнап, Мұхаммед (с.ғ.с): «кімді-кім өлген адамның артынан 3 сап болып, шығарып салса, Алла Тағала оған жәннаттан орын береді, адам жиналғаны жақсы деген, бұл дегеніңіз - өлген адамды шығарып салуға адамның көп келуі жақсы, сауабы мол, адамның жақсылығы туралы көбірек айтылуы тиіс, Мұхаммед (с.ғ.с) айтуы бойынша: «кімде-кім өлген адамның артынан 1 аят оқыса, оған бір түйенің сауабы жазылады, кімде-кім 2 аят оқыса 2 түйенің сауабы жазылады, кімде-кім 4 аят оқыса 4 түйенің сауабы жазылады» - деген екен. Көптеп аят оқыса көптеп сауап жазылады. Бізде артта қалған ұрпақтың міндеті - ата-ананың ақ сүтін, маңдайының терін, еңбегін ақтау үшін ұрпағы садақа беру. Өлген адамның артынан садақа берсе, байға 1-ге 1 есе, жарлығы 100 есе, мыскілге, санбағалға берсең сансыз есе сауап жазылады деген екен, Алла тағала періштелерін жіберіп, садақаны орнымен, жұмысты орнымен істесе Алла періште жіберет ол оң жақта соларды жазып турады, сауап кез-келген орынды орындалған істен жазылады. Өлікті шығарғанда Құранды оқудың сауабы көп, өлікті тазалауға 5 адам керемді, әр ру өз аталығымен жолын келтіріп, кіргізеді, Асан, Құлыс екі аталықтан егер Асаннан адам қайтыс болса, Құлыстан екі адам кіреді, Құлыстан қайтыс болса, Асаннан екі адам кіреді, 3 жол өзіне қалады. Қайтыс болған адамнан іш дәрет алдыртады, оң жағына аруалып, орын дайындайды, салқын жерге, қолтығына мұз салады, қазіргі салқындатқыштарды қосып қояды, жуатын кезде адамның басын, аяғын, ортасын бөліп жуады, жуып болған соң өлікті шығарады, саптың алдына қояды, молда сұрақ қояды: «қандай адам еді, кімде қайтыс болып жатқан адамның қарызы бар, өкпесі бар, қарызы бар ма» деп балаларынан да сұралады, жаназа намазын оқиды, садақа таратылады, батасын береді, қонақты бейітке апарған соң, бейіттің оң жағына қояды, қабырғаға екі адам түседі, оң жаққа бұрып, басын денесінен сәл пәл биіктеу қылып, қолынан жастық жасайды, белдік, белбеуін тастайды, барғаннан кейін, мәйітті қойғаннан кейін оқылады: «Бисмилләһир-ләәһи уа аләә сунәти расуули Аләәһи». Бірінші адам былай деп құм тастайды: «Минһа халақна-кум», екінші адам топырақ тастағанда: «уа фиһа нуйдукум», үшінші адам топырақ тастағанда: «уа минһа нухрижукум тәрәтан ухра». Топырақ тастау *мұстахаб* деп аталады. Мәйітт жерлеп болғана соң оқылатын дұға: «Аллаһуммағ-фер ләһу, Аллаһумма сәббитуһу». Өліктің беті жабылып, *Бахара сүресінен* бір аят оқылады. Өлікті

жерлеп болған соң, үй келгендер сағыртамжасалынады, әртүрлі аяттар оқылады, сүйекке кіргендерге киімдер үлестіріледі, пидия шығару үшін бай болу керек, 100 келген кісі болса, 12 жас кейін шегеріп алып тастайды сосын оған 4 жас қосады, сол 92 рет 92 адам алдына қайталанып келіп отырады, сөйтіп *пидия* толықтырады, пидия қысқарытылған,

Бейіт түрлері: төртқұлақ, ұйтам, сыпа, сахана; қой көлеңкесіне жата алмайтын сыпа болса, шарифатқа сай біз жақта көбінесе осы сыпаны салдыртқан. Белгі атақты адамдарға ескерткіш ретінде қойылады.

Еске алу кешінде. Әлде бір кісінің әруағына бағыштап құран оқылды. Танысымызға көңіл айта барып, қол жайып отырмыз. Төрде отырған молда уағызынан кейін, қаза болған кісінің ағайын-туыс, құда-жегжат, таныстары естелік сөздер айта бастады. Осы айтылған естеліктерден кейін, сол қаза болған кісіге қол жайып құран бағыштай барғаным дән риза болдым. Өмірдің келтелігіне, пенденің еркелігіне, бес күндей зулап өткен өміріңнің өткендеріне тоқталды, еске алушылар. Сол уақытта жасаған жақсылықтарымен қатар ақ көңіл, елгезек, әр дайым көмек қолын созып, әлсізге демеу, жақсылыққа жебеу болып жүретіндігін тілге тиек етті. Осы сәтте бұл пәниден өткенде артында ісінмен қатар, жақсы мінезін де қалады екен-ау деген ойға қалдым.

Дерек кісі: Нұржан Пірмантаев. Ауыл директоры. 1974 ж.т., руы кеген-кете.

Ауыл тарихы туралы: Талай саңлақтарды қанат қақтырған, рух берген, өлмес өшпес асыл тәрбиесімен суысында отырып, еліміздің түкпір-түкпірінде қызған еңбекте атсалысып әр ғылым саласында білікті маман алды ғылымның жетегін ұстаушылар айналған тұлғаларды шығарған ауыл, талай шайырларды тәрбиелеп ұядан ұшыра отырып, серпін берген, еңбегі қызған, берекемен бірлікке толы ауыл кешегі Шығыс ғұламасы Фирдаусидің алтын еңбегін қазақша сайратқан Тұрмағанбет Ізтілеуов атындағы Қармақшы ауданында орналасқан шағын ауыл. Бүгінде ауылда 87 жыл болып отыр. 1928 жылы аулдағы ірі байлар конфескеленіп, олардың малы негізінде осы аймақта 5 серіктестік құрылды. Олар «Талап», «Алға», «Екпін», «Ұмтыл», «Жұлдыз» деп аталды.

Тұрмағанбет Ізтілеуовтың еңбектері: «Лұқпан хакім», «Ата мен бала», «Сүлеймен мен кірпікшешен», «Төрт дос», «Дарақ пен сая», «Жолаушы мен дана», «Қанатты аттар хикаясы», «Есер мен есті», «Дәріуш хикаясы», «Қара қоңыз», «Көкқұтан мен шымшық», «Өгіз бен есек», т.б.) дастандар («Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», «Әшкәбус», «Мақта», «Соқыр мен ақсақ», «Үш бәққор», «Шаһнама», т.б.) Рүстем-Дастан» (1961), «Назым» (1972, 1982), «Шаһнама» (1, 2-кітаптар, 2004), «Шығармалар» (2007, 1-4 томдар), «Шығармалары» (2007, бір томдық), сонымен бірге «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» антологиялық жинақтарына енген. Ақын шығармашылығы туралы зеттеу монографиялар, «Қазақ Совет энциклопедиясында» (11-т., 1977), «Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясында» (8-т) бар.

Дерек кісі: Бердігүл Жаудатбекқызы Райымбаева Тұрмағанбет ауылы.

Баланы бесікке салу. Қазіргі күні орындалып жүргендегідей бұрынғы апаларымыз қызы дүниеге ұрпақ әкелген кезде артынан қыздың бесігін дайындап әкелетін болған. Оның ішінде атап айтқанда: бесікке қажетті бүкіл *түбек, шүмек, қолтық жастық, тізежастық, көпшік, жастықтары* әдемі етіп жұмсақ маталардан әдеміленіп жасалынады. Бесіктің басына үкі тағады, бұның мәнісі көз тілден сақтайды, екінші жағынан әдемілік үшін таққан. *Бала бесігін* ағаштан жасатқан, оны қыз төркінің қызына деген көмегі және анасының қызына деген баланы өсірумен бесікке бөлудің өзіндік тәрбиесін үйретуге деген астарлы сыры жатыр. Қыздың төркіні бесікті бала туылмай тұрып жатпайтын болған себебі ол жаман ырым, бала дүниеге келді деп естіген сәттен бастап сатып алған арнайы дайындалып қойған ұсталардан не болмаса тұңғыш немересі не көп жылдан бергі қуанышы болған жағдайда арнайы дайындатқан, ешқашан бесікті саудаласпаған, шебердің айтқан бағасына алатын болған. Бала дүниеге келген сәттен бастап оның жатқан бесігінен бастап оның тәрбиесі басталады, сондықтан аналарымыз баланы бесікке бөлеу мен оны бесікте тербетімен «әлди жырына» көп мән берген. Дүниеге келген баланың барлық керек-жарағымен қоса құдалары құдаларына құтты болсын деп сый-сияпат әкелген. Бала бесікте көп жатады. Бесік - баланың жылы ұясы. Баланың нағашы жұрты бесікпен бірге, немерелі болып жатқан құда-құдағиға да сый-сияпатын ала келеді. «*Мың жылдық құда*» дегендей осылай құдалықтың тамырын одан әрі тереңдете түсіп, жігіт жақтағы құдалары да құда-құдағиларына жауап ретінде сый-сияпатын беріп, мұнымен қоса жоғарыда атап өткендей баланың барлық керек жабдығын әкелгендіктен қыздың анасы қыздың жеңгелерімен бірге келген сондықтан, оларға да өз сый-сияпаттарын беріп қарық қылып отырған. Көбіне бұрынғы жағдайда қыздың артынан жүгіннен кейін анасының қыздың артынан көбірек дүниелер әкелуі парыз деп есептеліп, көбірек әкелетін болған. «*Бие құлындамаса, ат болады, ағайын-туыс алысып-беріспесе, жат болады*» деген мақал осы жағдайға айтылғандай. Жаңа босанған қыз бір жағынан анасын көріп рухани күш алады, ата-ана әрқашан қай баласы үшін де қорған, сүйініш, тіреуіш. Ана ақылы қыз үшін өте қажет, қанша жасқа келсе де қызы сол бала күйінде анасы әрдайым ақылшы болып қала бермек. Алтын қазына ананың артық бір ақылы қызына демеу болып, анасының қуанышты келбеті қызды одан әрі қуантып, қызының бақытына ортақтасқан құдалардың қуанышты тілектерінің ниеттерінің жарасуы екі жастың шаңырақтарының одан әрі беку түсуіне септік болады. Ана бола отырып, ана құшағында жылылыққа бөленген қызының бақытты жүзін көрген анамен бесік әкелуі сыры өзіндік бір үлкен сағынышты жеңе отырып, өмірдің жаңа белестеріне із салады. Қазақтың ұрпақшыл болуының мәні осында жатыр, екі жақұтың ата-анасының ізгі ниеттері тілектес болып тұрса, екі жас ерлеп әулетке сәби сыйлап жатса жақсылық әрдайым өз жалғасын тауып отырған.

Қазақтың жаңа түскен әйелі ешқашан *ақ орамал* тақпаған. Көбіне жаңа түскен келінге көрінген көз салатын болғандықтан көз тіл деген бар сондықтан, қызыл түс таққан. Қазіргі келіндер арасында осы жайтты ұмытып түскен күннен бастап ақ

жаулық тағып алатындар бар. Қазақтың әр сөзімен ісі бір-бірін толықтырып отырған десем артық болмас.

Дерек кісі: Сәлима Жұмабекова «Батыр Ана», Социалистік Еңбек Ері, күрішші. 1935 ж.т., Т. Ізтілеуов ауылы.

Әкесі Жұмабек елдің балаларын әл-ауқатына қарамай оқытып, сауаттарын ашқан, ескіше сауатты кісі болса, анасы Ақсалы өте қайратты, жігерлі, рухы таза қайырымды кісі болған.

Арғы атасы Әлібай ахун, бергі аталығы Қашқынбай, Қабылан батырлар, яғни тектінің тұяғы болып саналады. Әкесі Жұмабек майдан даласында ерлікпен қаза табады. Отбасында анасы Ақсалы, апасы Жәмила, інісі Жаухарбек болды. Сол кездегі тұрмыстың, күнкөрістің ауыр азабын тартып, балалық өмірінің қызығын көрмей өсті десек болады. Жастайынан жетімдіктің ауыр жүгін арқалаған ол жас болса да, анасы мен апасына көмекші болып, басын тік ұстады. Буыны қатпай тұрып мазақ терген.

Келін тәрбиесі «Ер адам - шаңырақтың иесі, әйел-оның киесі» дегендей әрбір үйдің берекесін кергізер, мерекесін асырар әйел адам. Біздің елде тізесін бүге иіліп, сәлем салып тұрған келіннің ибалылығына, кішіпейілдігіне, ізеттілігіне қарай «Бақытты бол! Қосағыңмен қоса ағар, көп жаса!» деп бата берген. *«Қайынаға иманды болмай, келін ибалы болмайды»* дегендей қайынағалар жағы келінге қарындасындай қараған. Келін өте қолғанат кешіпейіл, ақкөңіл ретінде сипатталады қазақ түсінігінде, ерінің айтқанынан шықпайтын кісі көзіне тік қарамаған, дауыс шығарып сөйлемеген, үйдің үлкен кісілері отырған жерде немесе басқа жағдайларда келінде сөйлемеген, қатты қарқылдап күлмеген, ел аралап жүрмей үй тірлігін тындырып, таңертеңнен ата-енесінің дәрет суын дайындап батасын алып, үйдің тірлігін атқара отырып, тәрбие тазалыққа баса көңіл аударып, ерінің көңілін аулап, ерінің қолғанаты болған. Келін түсірген ене қолым ұзарды деп қуанып, келініне ақыл-кеңес айтып қызындай тәрбиелеген. Келін екіқабат болған жағдайда көптің көзіне түспеуге тырысқан қайтыс болған жерлерге бармаған, үлкен алдын кесіп өтпеген мұндай жағдайда келін сәлем салудан босатылған. Мұндай жағдайды қазақта: аяғы ауырлығын *«пәленшенің келіні ақ алғысты болыпты»* деп жеткізген екен. Күйеуі қайтыс болған жағдайда келін сәлем салудан босатылған, ендігі жерде басың иілмесін, жүзің төмен түспесін, қызымыздай бол» деп оны күйеуінен кейінгі қайын інісі не қайын ағасына қосқан, егер жасы үлкейіп қалған болса отыра берген, мұның мәні қазақ ешқашан жесірін жылатпаған, келінді қызындай көріп кейде көңіл қосар адамың болса, көңіл қос қаласаң бізде қал деген сияқты ерік берген. Қалай болғанда да көз жазып қалмай қызындай көріп, араласып тұрған. Егер басқа жанмен отбасы құрып түзеліп жатса оған тілектес болып, арадағы бала үйлеріне әкеп аралысып тұрған. Мұндай жағдайдың көбінде бала ата-енесінде қалдыралытын болған. Келін ата-енесінің айтқан сөзін жерге тастамай атқан тәрбиесін құлағына құйып, соны орындап отырған, адамның табиғатынан әртүрлі болатыны ескерсек талай келінді жөнге салған күйеу мен енелерді айтуға болады, *«жылы жылы сөйлесең, жыланнан інінен шығады»*

дегендей келіннің ешқашан төркіне қайтуы болмайтын болған. Келін таңдау бір жағынан ата-ененің міндетіне кірген, таңдап ел аралап жүргенде талай жерде жас ақылды сүйкімді қыз көрсе не текті жерден құдандалы болуға тырысқан. «*Көріп алған сұлуыныңнан, көрмей алған тектінің қызы артық*» деген содан қалса керек. Тарихта оқып отырсаңыз талай келіндердің ақылдығынан талай мықты тарландар шыққанын білеміз. Соның барлығы айналып келіп бала тәрбиесі орның ішінде қыз тәрбиесіне тірілетіні сөзсіз. Кезінде Омардың сахихтың келін таңдауын айтып берейін, түнде бір үйдің тұсына келіп іштен шыққан дыбысқа құлап салады, тыңдаса шешесі қызына сүтке су қоса бер, сол Омар көріп тұр дейсің ба, бізге көп шыққаны керек десе, қызы шеше олкісі ұйықтап жатқанмен Алла көріп тұр дегенінен Омар сыртта тұрып қыздың шыншылдығына сүйсініп, ертеңінен барып сол қызды баласына алып берген. Өзіміздегі Төле бидің келін таңдауын білесіз, Төле би жолдатып бір топ болып келе жатқанда бір топ алыстан қараңдатып сонда алдын кеспей бір қыз тұырп қалыпты сонда келіп жөн сұрасқанда қыздың бұл кісілерді тосып ел қамын ойлап талай мәселереді шешіп жүрген сөздей үлкен кісілер келе жатқанда мен қалай алдарызды кесіп қтім деген екен, кейін Төле би келін қылып алып, қарақшылардың қолына тұтқынға түскенде де сол келіні тапқыштығымен ақылдығымен босанғаны белгілі. Айта берсе көп қой, әсіресе бес уақыт парызын өтеп таза исламды ұстанып нағыз киеге ие болған талай кезінде ибалы келін болып, 10-16 дан 20-ға дейін құрсақ көтеріп, оларды азамат қып тәрбиелеп үйде отырып солардың тілеуін тілеп балаларының талай шыннан көрінуіне тілекші болған, аңыздары бәтуалы қарт аналарды көрдік. Оларды қазына дерсіз. Қазақта жалпы Домалақ ана қасиетімен Айша бибі қасиеті тәу етіледі. «Келіннің келіпсаптығынан» сақта дейді қазақ. Сондықтан келін үйдің берекесі, мерекесі, шырайын кіргізер сәулесі. Талай аналар осы өңірде балаларды дүниеге әкеле отырып, қызу қанды еңбекке араласа білген, ер азаматтан кем емес, тіпті кейде артық дерсіз, сонда мұның барлығы әйел бойына берілген не деген құдырет дерсіз.

Кіндік шеше. Енелері келіндері дүниеге сәбиді әкеледі-ау деп толғақ басалып жатқаннан кіндік шешені таңдап қойған, кіндік шешені мінезі биязы қолының ісмерлігі бар, ел жұртқа сыйлы, өнерлі, жақсы, ізгі адамнан таңдаған, баласы соған ұқсасын деп, соған тартсын деп. Қазақ «*бала кіндік шешеге тартады*» немесе кейде мұның кіндігін пәленше кескен кей мінездерін айтып аумай қапты деу отыру сондықтан, кіндік шешесінің жақсылықтары балаға беріледі деп сенген, жолы өмірі сондай болады деп ырымдаған. Кіндік шеше өніп өскен болады сондай өніп өсе берсін деген, себебі әрқашан қазақ бастың көбеюіне көп мән берген. Құдалық пен той дегенге асыққан, бала дүниеге келгеннен бастап баламның тойына деп дүние жыйып, ертең келін жұмсайтын деп айтып отырған. Кейін бала өскеннен кейін де кіндік шешеге қарыздар болады, оған үйленгенде сапарларда н келгенде сыйлық әкеп отырған.

Біздің ауылда кезінде барлық аналар дерлік 10-нан 20 дейін құрсақ көтерген. Солар қазір өсіп өніп бір-бір ауыл болып отыр. Қазақтың көп балалы отбасынан шыққан балалары бауырмал, ел, қауым, көпшілікпен сыйыса білетін, жөнді білетін, білімді, еңбекқор болып өседі. Сондықтан көп болсаң, жауың ала алмас дегенді ұс-

танған қазақ отбасылары Алла Тағала бергенше баланы дүниеге әкеле берген. Сол кезде адамның кеуілі тоқ еді ғой, «жоқ» деген сөзді білмейтінбіз, енелеріміз «жоқ» деген сөзді айтпа, біреу бірдене сұрап келсе, қолың бос қайтарма, шынымен болмаса қолыңа басқа нәрсе алдаусыратып жібер, ешқашан «жоқ» дегенді айтпа, жоғалып қаласың, біз талай ашаршылық, жоқшылық соғысты көрдік, сондықтан тірі күніңде бір-біріңмен сыйлас, еңбегі қарай асыр мақта, қолдау көрсет дейтін. Еңбекке көп баулайтын, еңбектің түбі зейнет, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық деп, ертеңмен тұрып, күрішке кетіп, кешке бірақ келеміз, сонда балаларымызды енемізге тастап кетеміз. Келе сала кешкі сиыр сау, тамақ жасап, етті жайып, түтіндік қойып, кешкі тамақты жинастырып, айран, қатықты дайындап ертеңгі күріштікке, төсек салып, бір күндік қам осылай өтеді. Әжесі балаларын жинап, ертегі айтып береді. Ертеңкітерін айтсаңызшы әжеміздің шығыстың мың түрлі дастандарын, батырлық, ерлік оны тыңдаған бала ешқашан рухани әлсізремейді, жалғызсырмайды, теріс жолға түспейді. Міне бала өміріндегі әже ролі қандай болғанын көрдіңізбе, тіпті, *тұңғыш немересінің* мұрнынан мұрынбоқ аққанда оны сұрткенде ауырады деп, аузымен сорып алатын. Таңертең ертемен тұрып, таң бамдат намазын оқып, құлшылық етіп, шүкіршілік айтып, келер күнге шапағат тілейді.

Дерек кісі: Мұратова Сәлима Жұмаділдақызы. Тұрмағанбет ауылы, 1960 ж.т. руы құлыс.

Жүнді бояу. Жүн бояу ақ жүндерді бөлек іріктеп алып, қазанға тұзды салып, қайнатамыз, үстіне бояуды қосамыз, бояуды бойына сіңіріп алғанша қайнатамыз, сосын қажетті нәрсеге пайдалана береміз, бояуды тоқтату уақыты бояуды сіңірген уақытына байланысты, бояуды сатып алған, бояулардың сапалысын таңдап алу керек. Кезінде басқұр тоқып, ши тоқып, шигіл, сегізжапырақ етіп матаны ромбылап қиып құрақ жасаған.

Ертеректе әйелдер құрсақ көтермеген жағдайда ырымдар жасайтын бұл ауыл ішінде тарап кеткен түсініктермен жүргізілген. Енесі басты ролді басқарған барлық нәрсені үйретеді, ол кісі атаның таңертеңгі дәрет суын дайындап бер, таңғы шәйін беру, төсегін салып беруді үйреткен. Ата-енеңнің төсегін баспау керек, бұрын енесі үйде босандырып ала берген, тәжірибесі бар абысын кіндігін кесіп алып, шай-суын беріп орынынан қозғамай баптаған.

Шілдеhana ата-ананың қуанышы әр сәбидің өмірге несибесі бар мал сойып, баланың мойны тез қатады мойын омыртқа әйелге әкеп баланың сорпа суын беріп, суға түсіріп, кіндігін енесі 40 күн майлап, массаж жасап, тартып созып осының бәрін енесі атқарған. Жаңа туған әйел бұған әлі келмейтін болғандықтан, 40 күн шілде суына түсіріп, 40 күн толғанда шашын алып, тырнағын, тұзды суға түсіреді, тұзды су тимей қалса, ауырып қалады деп барлық жеріне енесі көз жеткізіп түсіретін болған, бала сылаумен өседі жас келіншектің мұны жасамауы келіншек өз баласын аяйды, сондықтан ене атқарады, көз көрген, оны өз енесінен үйренгені бойынша және оны келініне үйрете отырып, баланы екі мезгіл суға түсіреді. 1 мезгіл тұзды суға түсірген, ене қарап шығады, аяқ қолын байлап береді, ене баланың уақытылы

емшек емгенін тексеріп, қадағалап отырған, көз көрген енелер ана сүтінен артығы жоқ деп қарап, қадағалап, емізеуін тексеріп отырған. Жас келінді ене осылай тәрбиелейді. Шілдеханадан соң ене бесікке бөлеген, ата-ене алғашқы немересіне өзі дайындаған, өз балама өзім бата беріп, жатқан бесігіңе бөлеймін деп, әулиеттік бесікке бөлеген. Негізі қыздың әке-шешесі дайындаған.

Тұсау кесерде бала жасқа толған кезде ашамайға мінгізіп, ала жіп есіп, тиын тағып баланы қызықтатып, пышақпен кеседі, тұсауды кім кессе соған ұқсайды деп ауылдағы өзіне ұнайтын жақсы мінезді, өсіп өнген, тәлім тәрбиеген салт-санаға қанық жолы болғыш, ауылда сыйлы қадірлі, ай осы кісінің мінезінің кереметін-ай, жайсаңын-ай деп тамсанатын және жақсы адамға кестірген. Немересі де сондай адам болсын деген ниетте, итжейдесін итке байлап, 40-нан шығарарда кәмпит тәттілерін салып жібереді, балалар соны қуып жетіп, ит мойнынын алып, бөліп жейді. Мысалы, *итжейдеге* қатысты тағы бір ырым ұл туа алмай жүрген әйел ұл босанған әйелдің баласының итжейдесін алып, ұл туа алмай жүргенге берген. Мысалы, Ағайшаның апасы Сәлима Даниярды босанған соң, итжейдесін алып, Өрікке берген, Өрік оған дейін 4 қызды екен, содан соң ұлды болыпты, ендігі немерем ұл болсын деп енелері осыла ырым жасаған. Ененің атқаннының бәрі заң сияқты, ата-ененің атын атамаймайды, үлкен кісінің атын атап бетіне діңк еткізіп, қоя салмау керек. Келін ешқашан адамның көзіне тік қарамаған, жанарымен жасыра қарап сезетін болған, басын төмен түсіріп, ибалықты көрсеткен. Дауыс шығарып қатты сөйлемеген, қатты күлмеген, ер адамдардың алдын кесе өтпеген, атаның алдынан өтпеген, *төрге шықпаған*, ерінің айтқан сөзімен жүріп, үйде отырып, сыртқа шығатын болса, ерінен сұранып шығып, ерімен ақылдасып жұмыс жасаған. Қонақ келсе, қонаққа ет асып, жағдайын сұрап, сусынын беріп, жағдайын жасаған.

Киіз басу. Осыдан бес алты жыл бұрын ғана киіз басуды тоқтатқан, кілем шыққан соң қазір ешкім киіз баспайды. Киіз басу үшін қойды әуелі жуады, бір күн қойып, кептіріп, нешақты тезірек қырқамыз шөп-шалаң жабысып кірлемей үшін, қырқамыз, реті келсе он қойдың жүнінен бір киіз шығады, *тулаққа* салып сабаймыз, *сабау* деген- киізді түтудің бір түрі, күзем жүн қырқүйекте, жабағыға қарағанда екі есе қысқа болады төсенішке киізге күземді *тірі жүн* дейді. Жабағыны өлі жүн деп сабап болғаннан екі өре ақ шиді қабаттап жайып, бетіне бір тегістеп жүнді салып шығамыз мұны *шабақтау* деп атайды, шабақталған жүннің қалыңдығы бармақтан аспайды, бір тегістелген соң бетіне сыпырғышпен қайнаған су себеді, үщ жерден жіппен байлап, орап, енді екінші бетін басады, шамалы жүгірткен соң оны шидің бетіне алып орайды. Кенептің үстіне қояды, бетіне көк, қызыл ою кошқар мүйіз, түйетабан, ілгек, кошқар мүйіздің өзгертілген түрлерін түрлі оюларын, геометриялық бейнелерін сала отырып, ыссы сумен сеуіп орап, алақандайды, тез-тез алақандап шығады, әуелгісін жайып бетіне мынаны ақ бетін астына қаратып, оюын бетіне қаратып, шидің үстіне екеуін тағы ыстық сумен себелеп, арқанмен зырылдатып тарта береді. 1 сағаттан соң піседі, шиді жазып, киізді алады баяу саусақтың ұшы кірмеуі үшін мұқият алу керек, *алақандайды*, білекпен шынтақпен екі ортасын жүгірту киіз қатая басайды, киіз қатайған соң алып, бір бетімен екі басын тігіп, дөңгелек шеңбер қылып алып *қарту* басталады, жарты сағат бір сағатқа жуық қар-

пу, киізді аузын алып дөңгелентеді 10 минут осы арқылы киіздің аузы, шаршысы көлемі дұрыс болып келеді, бұл тігісті шешуге дайындық, жіпті сөгіп, қайтадан орап, тағы жаңадағыдай ақ шиге орап арқанмен тартып тартып, аяқпен жарты сағат басады, болған соң, кептіреді, бұл түрі бар киізді дайындау технологиясы. Ақ киіз тура осылай бірақ түріне ою-өрнек салынбайды.

Ши - шиді дайындау процесі арқылы басталады, әуелі шиді алып аршимыз, ши далада өз бетімен өседі оны адамдар кетпенмен шауып алады немесе беліне арқан байлап сол тартып алады, аршып болған соң, *мосы* құралады аспалы екі жағында ағашы бар, ақ ши болса, он жерден жіп салынады, жіптің екі басын екі жаққа бірдей теңестіріп алады, *теңестіруші тасы* немесе кейінгі уақытта тракторлардан қалған темірлерді пайдаланады, салмағы қолға өте түспейтін, салмақтары тең болуы керек. Жуан басымен жіңішке басының айқасып түсіп отыруын қадағалау керек, мұнымен қоса ши екі екіден салынады, ауыстырып отыра тоқу, ақ ши тоқу оңай, зырылдатып тоқи бересің, ортадағы аспа – *шәңгек* екі басына белгі салып қоясың содан аспауы керек, жіп үстінде болады, бір жағына түсе береді, бір жағына кете береді. *Ақ ши* алты қанат үйге екі бөлек болып тоқылады, түр шиге шиге түр жіп орайды, гүлдейді. *Тақта ши* киіз үйдің есігіне қолданады, бірақ оны жиі қолдана бермейді, киіз үйдің есігіне де шаршы қылып түр салып, квадрат қылып тоқиды, 10 шиді бір түсті, 10 басқа түрден тоқиды сол арқылы араласып квадрат қылып түсіреді, *шынта* қара үйдің есігіне ұстайды, ақ шиден тоқылады, киіз есікті ауыр болады деп ақ шиден тоқылған жеңіл есікті күнделікті пайдаланады.

Киіз үй жабдықтары: кереге, таңғышы болады, 6 қанат үйде 8 таңғыш болады, екі босағада екі таңғышы бос болады, оны қолдан тігеді немесе тоқиды, шуда жіптен 6-8 қатар қылып, иіріп, тігеді, көз қылып, таңдайша, көз қылып, алақұрт, гүлдейді, бір түсті қылып та жасайды.

Басқұр – 2 түрлі: нақышталған немесе бір түсті басқұр болады, *қақпа* деп – бір түстен тоқылған түрі, өзгермейтін түсін салып тоқиды, ешкінің қылынан тоқиды, оған таңдайша, құсмұрын қылып өрнек салады, нақышты басқұрға әртүрлі өрнектер салынады, ақ мақтадан бетіне түрлі бояудан әсемдеп өрнектер салып тоқиды.

Уықта *шінбау* деген болады уықтың иілген жерінен ешкінің қылынан есіп жасайды, керегемен уықтың ортасында басқұрдың жоғарғы жағында, уықты байлайтын, уықта *аяқбау* деген болады, басына гүлдеп үш төрт жерден есіп салбыратып, сары қызыл қып, әр қанатқа 2-3 ден болғанда алты қанат үйде 15-тей болады. Есіктің *екі иін бауы* болады, оның екі басында екі салпыншағы болады, моншағы болады тағып қояды, есікті де шиден орап, гүлдеп істейді, есіктің астыңғы жағы жуан болып үстіңгі жағы жіңішкере береді, керегенің сыртынан *таңғыш бау*.

Шаңырақ – 8-6-4 күлдіреуіш 3-4 арыс болады, құрастырмалы, конус тәрізді жоғарғы бөлігіндегі ағаштар-*күлдіреуіш*, оның сыртындағы ағаі - *арыс* деп аталынады, арыс үйдің кеңдігіне қарай болады, 110 басты үйге үш *арыс* болады, 120 бастыға төрт арыс, екі арысты шағын үйге пайдаланады, керегенің басы 18 болса 3 арыс болады, екі жағында желбау бағатын құлақ болады, оған екі жағына екі *жел бау* байланады ол тоқылып әсемделіп жасалынады, *шашақ бауы* болады қайырып құ-

лақшадан өткен жерін жарты метр қайырып, оған да шашақ бау тағады, жел күні кара үйдің салмағын тартып түрі үшін керек, шаңырақтан жел күні тартылады, үй қысайса керек бағытына қарай тартып келтіреді, есіктің бауы киізді екі жағынан тең тұруы үшін күлдіреуіштің екі жағынан екі бау түседі, екі артқы қаптал киізде 4-4 тен сегіз немесе 3-3 тен алты *иін бау* болады әсемдік үшін қадалады.

Сықырлауық есік – ағаштан, екі босағасы, екі маңдайшасы, табалдырығы, есік-тен тұрады. Екі босағаны таңғыштан бекітеді.

Керегенің сыртына түр ши ұсталынады туырлық салынады тұтас және үзік, шағын үйлерге тұтас салынса, үлкен үйлерге үзік салынады, үзік дегеніміз-шаңырақтан керегеге дейін бөлек, керегеден бөлек екі бөлек киіз ұсталынады, *туырлық* үш бөлікке салынады, екі жамбасында артында, екі жамбасқа бау қадалынады, әрқайсысының бауы болады, бас бау, жан бау, жанбас бау, киіздің үлкен кішілігіне қарай қадай береді 4-6 бау қылып, туырлық болған соң белдеу арқан ұсталынады. *Ішкі белдеу арқан* 12 құлаш, онан соң түр ши ұсталынады, түр шиден соң ақ ши ұсталынады, ақ шидің сыртынан бас арқан ұсталынады, әуелі киіз есік салынады, сосын түңлік салынады, түңдікте төрт бау болады, үйдің температурасын ауыстырып, бірқалыпты ұстау үшін күннің жылжуы бойынша өзгертіліп отырады, әр қанатттың тұсынан жер қазық қағылады, бұл қазық белдеу арқанға мықтап байланады, бұл желді күндері үйдің қозғалмауымен ұшырып кетпеуін қамтамасыз етеді отырықшы халықта. Туырлықтардың желбау, белбаулары байланады, кара үйге төсек салып керген соң, тамақ шай дайындап көрші көлемді шақырып, ас береді, бата алады.

Ұлттық ас атаулары: жент, қуырдақ, тарыны түйіп сары маймен араластырып жейді жент. Күнжітті сөкке езіп, жейді, қауынішекті, қауынкұртты, айраннан екі үш мес күзде дайындап алып қыстай жеп шығады. Сүттің үстіне айран қосып қайнатқанда ірімшік болады оның сары суын алып, оған күлше қамыр жазып еттің қамырын сүзгендей сүзіп алып сүзбе нан қыла отырып үстіне картоп, пияз салып жейді тойымды және құнарлы тамақ болады. *Қазанжаппай* үстіне сарымай қаймақ қосып желінеді.

Айранды қайнатылған көжеге құйып айран көже қылып жеген, ыссылай құймайсың ыссылай құйсаң іріп кетеді. Бидай көже түйіп кебегін алып үш қайтара түйгендегі *кеузеу* сыртында болатын қабығы, айран қатық қосып жейсің өте құнарлы ас, бидайды *кеузеу* - бидайды түю. Құнарлығы күшті көздің көруіне, есту ойлау қабілетінің дене бітімінің толысуымен, қанның көбеюіне көп пайдасы бар. Жаңа туған әйелге бидайды шала қуырып, тартып атал жасап беретін болған, қойдың құйрығын қатып, пияз қуырып, қазанға қайнатып береді, жаңа босанған әйелдер тез аяқтанып әл-қуатты тез жинайды. Мұны *бел көтерме* деп атайды, бұрынғы әйелдердің көп баланы дүниеге әкелуі денсаулықтарынан ақаулық көрмеуі осы аталаны немесе *бел көтермені* жеу арқылы болған. Берман ата бізде құдайдың пендесіміз деп әйеліне дайындалған аталасын өзі ішіп отыратын бой бойы терлеп, сонда жаңа босанған әйелдің бойында жел қалдырмау үшін беріледі. Термен шығарып жібереді, жаңа босанған ана жаңа босанғандай болу керек, әйел босанған әйел беті аузын орап сыртқа шығуы керек, шілде болса да тісін суық алып түседі екен. Шілдемен суық бірдей болады екен оларға сондықтан қай уақытта босанса да аузын

орап шығуы тиіс, өмірлік дәлелдер бұны барлығын біздің әжелеріміз пайдаланған. Қазіргілердің көп аурушаңдығы осы ырымдарды заңдылықтарды білмеуінде, кезінде біздің әжелерімізге ежелері құлақтарына құйып кеткен. Сол кезде босанған әйел осы қыздырылған бидайды, аталаны ішкен.

Зергерлік бұйымдар, ұсталық құралдары: шапқыш, қысқаш, балға, қосқол, иіндейтін құрал, домалақ келтіретін труба, төс, жұмыр темір, көмір, көрік, көрікпен от жандырып, көмірді қызыдырып. Темірді салады, қыздырады. Балқытатын өзінің құралдары болады, қазір балқытатын автоген, балқытып иеді, қырнауыш, жонғыш қалыптауыш болады өрнек салатын қырнауыш болады, күмісті арнайы жіппен тартады, қалыпқа келтіреді. Жүзік, сырға, алқа, белдік, бойтұмар, шашбау, білезік - құсмұрын, жұмыр түрі болады. Сырға талғаммен түрге, сұранысына қарай өзгеріп отырады, ұстаға әркім өз сұранысына сай жасатып алған. Қамар белдік-қыз әйелдерге, кісен пышақ, оқшантай-пышақ салатын, пышақ ер әрдайым пышақпен жүреді әрі құрал, тамақ ішетін құралы. Орама, құсмұрын жүзік болған.

Дерек кісі: Оразымбетов Серікбай Тұрмағанбет ауылы, 1955 ж.т., руы кегенкете

Егіншілік жайлы. Наурызда егіннің жамбасы тонға тисе, аузың нанаға тиеді, жейді, тоқсан шыққаннан арық аршып, жап қаршу, кетпенмен сырық, мұрап – қазіргі гидротехник. 10 сырық - 10 метр. Ауысыммен соны тазалап шығады. Қыршу 1 кетпен бас тазалайды. Қарақұдықта Түймебаев Тұңғышбай кетпенші қазған жерін шашы алынған адамның басындай етіп, таза қып қоятын сондай жерді тазалайтын шебер кісі болған. Тұңғышбай Фазлының құрдасы жазда осындай жұмыстармен айналысқан.

Мал көңін төгіп, сәуірде көшет отрығызып бастайды, қызанақ топырақта 17 градуста түнгі 10 градуста болған кезде дақыл егу керек.

«Құралайдың салқыны» сәуір аяғында салқын күндер өткен соң, сәуір айының 25-27-леріне сәйкес келеді және киіктің жаппай туып біткен кезі киік осы кезде лағын өргізеді. Киіктің лағын қарақұстар жеп қояды. Жаңбыр жауады, «киіктің көтжуары» киік аяқ табандағандары жел тұрғанда жаңбырмен оянады.

Егісті содан соң бастап егеді. Көңге отырғызу 5 см қызанақты бетіне кленка жабады, үстін түнде киізбен жабады, 1 ай сәуірдің аяғы «құралайдың салқынынан» соң ашамыз. Қаламша отырғызу, сыр талдары, қара тал-балық көзді,

Көктемнің бір күні жылға азық деген сөзге қанықтырып өсірген әке-шешеміз бақшаға дақыл егуді ырымдап, әр балаңның несібесі ертең әркімге жалтаңдағанша өзінің екенінді жейді деп, ырымдатып өсіруге баулыды және сол дақыл егу арқылы жалқау болмайсың, әрі өзің қолыңнан еккеннің тәтті болады деп үйретіп құлаққа құйып отырады. Бір қой егіз туса, 1 түп жусан артық шығады.

Сары су, жүгеріден *күртік нан* етке салады, жүгеріні қуырып *патнақ* қылады, бидайды диірменнен өткізеді нан болады, бидай көже, айран көже, тары 2 түрлі болады: түйір, тары. Сөк бастырып, суға қайнатады, 2 сағат сыртындағы қара қауыз жарылады, кептіріп қуырады, суырып, сөк алады, жуып бықтырып қояды. Сүт қосып, сарымай қант салып жейді.

Жаңа босанған әйелге *қыздырманы* береді, тұла бойын қан айналымын жақсартады, адамның күшін қалпына келтіреді. Неше түрлі дақылдан талқан дайындайды.

Басқа бас басқа тұяқ құн төлеу, 1 ердің құны 1 ердің құны. 1 ердің құнына 3 еселеп баспен қайтарған, Табындармен кетелер Дауылкөлде жерге таласып, табындар екі адам өлтірген, би кетеге не аласың дегенде : «мен өлген ерлерімнің орнына сырты түк, іші боқ алмаймын, маған екі қызы бересің» деген. Сүйтіп баларының орынны түштеп елді өсіру мақсатында айтылған тапқыр сөз.

Сол кездерде жесір дауы болған, бір-біріне айттырып 16 жасар қызды алатын болған, бір-біріне көмек қолын созу *асар, жылу* деп аталған.

Тұрмағанбет Ізтілеуұлының ел аузында жиі айтылатын жырынан:

*Ұлмен қыздың қызығы
Тілі анық шыққанша
Мергендіктің қызығы
Көздеген аңыш жыққанша
Жүйрік атытың қызығы
Шомылып терге лыққанша
Тәтті тамақ қызығы
Қарныңа барып быққанша
Сұлу жардың қызығы
Піскілеп бір ай сұққанша
Татулықтың қызығы
Кеудеңнен жаның шыққанша
Әр түрлі үгіт айтайын
Өтіп кеткен бір Лұқпанша*

Қасқырдың құлығына байланысты ел аузындағы әңгімелер: Бір қойшы қой бағып жүрсе, иіріп тастап, ана бастан бір сүйек қылмаңдайды дейді, сонда қойшы дүрбі салып қараса, қасқыр басына сүйек киіп алып келе жатыр екен. Қойшы қасқырды атып алыпты. Бұл қасқырдың құлығына таңғалып ел аузында қалыпты.

Қойды көгендеу ұзын арқанмен қозыны байлайды, сосын қозыны жамыратады,

Қасқырдың жылқыны алуының бірнеше тәсілі бар. Олар: үйірден алыстау жерде құйрығымен ойнап, шаң қылып, құлынды алдап, өзіне тартып, құлынды жейді екен, құлын еті өті тәтті жұмсақ. Кеміруге өте жұмсақ тіпті сүйегінен қалдық қалмайды; Жылқының суға барар ізі тек бір жол болады. Бір жолмен барып, қайтады. Сол жолда жарманың суатта ойлы-қырлы жерінде алып биенің шабынан жұлып, алып алады; Біреуін балшыққа көміп тастап қасқырлар, суға келген құлан, киік, ақбөкендерді табынын қуып, жаңағы көміліп қалған қасқырдың үстіне қарай айдайды, сонда балшықтағысы үстінен табын өткен кезде алып ұрады; Біреуін жолға қалдырып, бір тобы артынан қуып алады.

Айдархан деген кісі қасқырдың ұясына тап болып, 2 баласын алып келген, қалғандарын өлтіріп кеткен, иісін сезген қасқыр 1 жол бойы сол үйдің 30-дан аса қойын қырып, тек екі ақ қойы қалыпты.

Әңгелек жұмақтағы қауын деп есептелінеді, себебі ондағы 10 саусақтың ізі дәмі өте тәтті, 10 қол екі алақандағы сызықтар Алла деген ұғым.

Бала көтеруге байланысты ырымдар: Нұржанар бала көтере алмай жүргенде тәуіп нағашыларынан бір қасиетті адам бар, соның үйіне барып, құран оқыт, депті. Солай жасап, содан балалы болыпты. Шонай көкөнің немересі Гауһар Бақыткүлдің қызы тұрмысқа шыққан соң, бала сүйе алмай жүргенде ағасы Ғанидың кіші бөпесін асырап алып, бауырына басқан. *Мәні:* балалы бол, содан соң Гауһар балалы болып кеткен. Серіктің қарындасы Өрік күйеуі Қуаныш бала ұл туа алмай жүргенде Сәлимадан Даниярда босанған соң, соның иткөйлегін алған, содан соң 2 ұл туыпты. Бақытгүл кезінде тұрмысқа қашып кетіп шыққан екен, үлкен қызының рұқсатысыз кеткеніне және одан кейінгі қыздарының бар екендігін ойлаған әкесі қатты ренжіпті. Сонда көпке дейін босана алмай жүріпті, тәуіпке барса, тәуіп айтыпты: «нағашыңның үйіне барып, құран оқыт, ол үйден бір тәуіп шыққан екен, сол кісі сенің қашып тұрмысқа шыққаныңа ырза емес депті, содан келіп, құран оқытып, мал сойып, содан кейін көтеріп, 4 балалы қазір.

Дерек кісі: Қожабаев Бижан, 1937 ж. т., руы кеген кете.

Соғыс кезіндегі ауыл ақсақалының ролі өте жоғары болған. Ауыл кете, асан, құлыс руларынан құрылған.

Мал шаруашылығымен әке-шешесі көз ашқаннан дүниеден өткенше айналысқан, Қостанайда, Ақтөбенің Ырғызын қыстаған, Торғай Нұра Қарқұмда қыстаған, аталарының жүрген жерлеріне байланысты жер атаулары бар, соның бірі «Ақбайдың ақшасы» деген жер бар. Ақбай үлкен әкесі кейінірек қыстауға Қуаңға келіп отырған, бай құлақ деп Қожабай комплексіленіп, Қожабай баласы Ақбайенші бергенінде 300 қой ешкі, 30-40 жылқы, 10-15 түйе бөліп берген, түрмеге әйелін де өзін де 3 ай қамаған, кейін ақтап жіберген, Өзбекстанға 2 жыл ашаршылықтан барып бой тасалаған, келгеннен кейін колхозшы болған, шаруашылықтың малын баққан. Ақбай ауылнай сайлаумен болмаған, бір кісі сыйлап баласындай көрген соң бере салған, Боқбай, Тоқбай, Тоқмырза, Ақбай ең кішісі болған, Тоқбай Қойшыбай-Омар, Оспан, Ерженбай.

Омар-ауыл советінің төрағасы болған. Берішкей деген ауыл совет предсталі болып тұрғанда елде оған қатысты қарсылас дау туып, содан қаза тауып, ыза-кектен өлтірілген. Омар содан ауыл совет предстаетілі болған, Тоқмырзы – Құдайберген Отызбай. Отызбай - палуан, күреске қатысқан, 1 қызы бар. Халық жауы болып кеткен, Мырзабек деген үлкен ағасы 1938 жылы кеткен, Фин соғысына қатысқан. Ақбай Сүйінбаев - мұғалім болған, мерекеге жырауларды дайындап, концерт ұйымдастырып, мәдени ат салысып, ауылдағы іс-шараларды ұйымдастырушы болған. Оның ішінде сол кезде атақты Үбісұлтан, Рүстембек, Ойнар, Сағынтай, Әлихан, Көшеней, Жаппар сияқты шәкірттер тәрбиелеген.

Қаражан Қожабаев 1950-83 жылдары №29 мектептегі музейді ұйымдастырған. 17 жыл мал шаруашылығымен айналысқан, малдың басын сақтаудың бір жолы - туылған кезде жаңа туылған малды уызына әбден қандыру керек, ол 3 күн не 1 жеті болуы мүмкін, қойды түнде жаяды, танертең ерте 10-11 де кешкі 5-ке дейін қой жа-

тады, «түнекке жаю» дейді бұны көз тимес үшін ерекше қызылды-жасылды тағып қояды, ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің жас кезінде көргендерін ұмытылмай кейін кәдесіне жаратқан.

Бала тәрбиесі. Баланы жасына қарай еркелетеміз, мектепке дейін патша деп атап, сабаққа барған соң, тәртіпке салады, мектепке дейін санау, оқуды үйреніп алған. Көз тимес үшін моншак, шүберек байлап қояды. Адам көзін тайдыру үшін солай жасаған. Ер баланы сүндеттеу үлкен мереке, қазақ үшін азамат болды деп, «ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» деген, жас кезінде баланың көргені ұмытылмайды. Ашу келгенде баладан тыс ұрысу керек, бала жадында қалып қояды. Қазір қазақ тіл қатты бұзылып кетті, апа деген туыстық қатынас, «апше», «тате» деген кіріп кеткен, «бір нәрсе істеп жатырық, отырық», «апа» деген үлкен шешесінен жасқанып шешесін «апа» деген, «апа» деген сөз ардақты сөз. «Папа» деген сөз жоқ болды, құда- құдағайды жегжат деп есептейді, кейін пайда болған туысқан деп, өзімен бірге туылғандарды бауырлар деп атаған.

Қазақ жеті атаға дейін қыз алыспайды, біздің елде 5 Текей қыз алыспайды: Ақкөбек, Абақан, Құтпамбет, Шымырбай, Кеген, Ұлтай. Ұлтай асыранды бала, алтыншы боп кіреді. Кегеннің шешесін қалмақтан алған, Шымырбайдың шешесін айттырып алған. Қарабазар Қарпық Асаннан тарайды. Қарабазар мен қыз алысамыз, Қарпық-Құдайназар-Сойырғас, Текей. Құлыстармен Текейліктер қыз алыса береді. Текейдің бейіті Түркістаннан табылып тұр, Мырқы Исаевтың «Текей батыр» кітабы бар, тарихи айқын дерек жоқ, жобалап жазған. Тәуке ханның бас батыры болған, сонда қырғызды шабуға барған, сонда бір қырғыздар тауда екен, оған баратын бір төте жол бар деп, басқа жол айналмалы 10 күн жүреді екен, сонда Текей барамын деп жолға шығыпты, Текейге Керейіт Бидас еріпті. Сол жорықта Текей аждаһардың басын алып қырғыз еліне шыққан қазақ әскерінің тура жолмен барып жауын жеңуіне септігін тигізгені үшін хан жаугершіліктен түскен бас жүлдені Текей батырға беруді тапсырады. Бас олжа ханның қолға түскен қызы Бөке сұлу болыпты және оның қасында ханның туарман болып отырған тоқалы бар екен. Қызды біреулер өзіне алады дегенді естіп, батыр ханға барып, есігін найзасының ұшымен көтеріп тұрып, «хан екі айта ма» депті, сонда хан: «жоқ айтқаным айтқан» депті. Сол Бөкеден үшеуі туылған, оларды ҮшБөке: Ақкөбек, Абақан, Құтпамбет деп атайды. Бидасқа туарман болып отырған тоқалын берген, келгеннен екі айдан соң босанып «жарты ай» деп баласының атын қойған қазіргі керейіт ішінде жарты ай деген ру ататуы содан шыққан, ал ана Бөкеден тараған үш ұлдың ұрпақтары үлкен руларға айналған.

Өлік шыққан үйден тамақ ішпейді, 1 жеті үйін сыпырмайды, әйелі үстін жумайды, көйлегін, ормалаын жаңартпайды, абысындары 1 жетіден соң басың жаңарсын деп орамалын ауыстырып береді. Ер азамат атын тұлдап қояды, жалын құйрығын кесіп, асына сояды, үйге қарап, жүгірме, шаппа, 1 өлген адамды естіртуде «Ой бауырым» деп естіртеді.

Үйленгенде құда түсіп келіп алады, бұрынғы кезде қаңқу сөз ортада жүрмесін деп «анттасқан» деп, Қалыңмал көлемі, «теңін тапсаң тегін бер» үлкен үй, кіші үй, үлкен үй -кемпір шалдың ең кенжесі қалған, отау енші алған ағаларының үйі. Екі әйел тоқалдың үйі кішілікке алған үй кіші үй. Ерулік жаңа көшіп келген шай береді, бұрыннан отырған адам. Қарулық оның қайтармы.

Адам қасиеттері: руластардың қыз алыспауы, міндетті түрде шаңырақ көтеретін жас жұбалайларды баталастыру, үйлендіру, ақ адал еңбегімен нан табу, өтірік айтпау, рұқсатсыз біреудің үйіне кірмеу, бұрын бір-бірінің үйіне иесі жоқ болса, кірмейтін; заттар көп жоғалмайтын, қазір адамдардың ойлары бұзылған, көзің тайса жамбасқа салып тығып алып кетуді ойлап тұрады. Бұрынғы исламды ойлау, ана дүниеге барғандағы ұрлықтың қорлық болатындығын ұмытып кетеді, жоқтықтан барып тұрса да, Алланың әр сынағынан артында рахаты сыйы күтіп тұрғанын ұмытып, кішкене қиындық көрсе тек өзгеден көріп біреуді жамандап көре алмай, қолы жеткен адамды көре алмай өзі еңбек етпей жатып ішерлер көбейіп кеткен. Бұрынғы тәрбиеде ер адам түздің адамы болып, алыс жақындағы барлық қызметті атқарып бала-шағасын әйелін үлдемен-бүлдеге бөлеп, өзі де абыройға ие болып отыратын, аталарымыз айттатын ер адам еңбек ету керек, үйден шықпаса қатын жанды, қатын басты деген сөзге қалмас үшін ел қамы жер қамы үшін ойда қырда жүретін, соның барлығы атадан берілген тәрбиелік сөздер емес нағыз тәрбиенің кілті еді.

Сырдың ар жағы Нұра, оның ар жағы Қарақұм, Қуаң, әр қарай Қызылқұм, Қарак деген төбе бар. Жаңақалада Аққыр деген құм бар, картада аттары бар, Жаңадария ізі бар, теңіз болған, жолбарыс болған. Қылышбек әкесі Байжан жолбарыс қақпанға түскен кезде ұрып алған, кие қасиет, артық нәрсені ысырап етіп, зардабын тартасың, тамақты тоя жеу, *«бір аштықтың бір тоқтығы, бір тоқтықтың бір аштығы бар»*, *«басқа жарымаған қазақ»* қазақ әрқашан отбасында оннан аса адам болғанын қалаған баласы болмаған жағдайда бала асырап алатын көбінесе жетімдерді далада қалдырмай бауырына басып бала қылып алатын болған, қазақ қашанда отбасында баласының көп болғанның, қонақ көп келгенін қалаған, басың көп болса, жау да дау да ала алмас, ұрпағың өсіп көбейер, қонақ келсе ырысың артып, береке-бірлік ынтымақ таныстық артар деген мағынада аталарымыз үнемі балаланың тәрбиесінде осының барлығын құлағына құйып, баласының ертерек үйленіп ата жолымен ұрпағын көбейтіп, екінші жағынан ерте үйленген адам қылтым-сылтымнан көзін таса қылып жүреді деген тағылымдармен сыйысады. Ешкімді жасырмайды, тосырқаймайды, қонағың ырза болса, құдайың ырза дегенді білдіреді. Жамбасына қазақ жолға шыққанда азығын байлап шықпаған, себебі тамағының барлығы жолда жиеннің үйі, қыз, құданың деп межелеп, есептеп шығады, ертең баламның үйіне оның арғы күні түсте қдамның үйіне түсем деген сияқты, жорықта ғана азық алып шыққан, аттан түскенде үйдің егесі «кімге?», «Неге?» келдің деп сұрамаған, қонақтың арнайы түрлері болған: құдайы, арнайы қонақтау деген. Жазалауды ақсақалдар шешкен, айыбын төлеткен, төрелігін айтқан адамға ат мінгізіп, шапан жабады.

Қатық, айран сусын ретінде әлге дейін қолданыста болып маңызын жоғалтпай отыр. Жент әртүрлі май, қант, бал, қосып жасалынады.

Сүрі ас - біреу көктемде қайтыс болса, майлы мал табылмайды, сондықтан күзде малды сойып, көктемге дейін қарап жүреді. 2-3 мал сүрлеп алып жүреді, соны жылына да осылай дайындайды.

Қазақтар малдың ішінде өзіне жаққан малдың басын сақтап қалуға тырысқан, қайырлы айғыр малының басы құтты деп сақтап қойған, мал қоралардың қадаларына іліп қояды, сыртқы тіл көзден пәле-жаладан сақтайды деп бір жағынан бөленбай

жыл үйірді көбейтіп, қасқырдан үйірді сақтап, жайылатын жақын жерлерді таңдап жасаған көп жылғы еңбегі үшін басын сақтап қояды. Оларды соймайды, өздері қартайып өледі. *Қарақшы* қылып бақша қораларға да қояды.

Сабантой - егіс мерекесі, құрбандық шалынып аллдан егістің мол болуы үшін ақсақалдарды шақырып аузы дуалысынан бата алып, егістің мол шыққанына шүкіршілік ету.

Құдық - қайырлы сауапты іс болған, себебі одан қаншама адам нәр алып, малдарын суарып, қарық болады. Қарақұм жолында қаншама құдық бар, тереңдктері - 40-50 құлаш, Қызылдағы сексеуілден шегенделген, таспенде де шегендейді.

Өсиет. Жолдағы затты алып тастасаң сауап, ол біреуге кедергі жасайды, жол апаты болуы мүмкін, біреудің затын алма, қызғанба, қызғанып бара жатсаң теріс қарап басқа нәрсені ойлауға тырыс, себебі қызғаншақтық жаман. Тіпті қызғаншықтық ауруға әкеледі, ел ішінде қызғаншақтығы басым екендігін мойындаған кісілер болған. Бұл дүниеге деген қызығушылық мына дүниенің жалған екенін ұмыту.

Әдепкіде «Көроғлы», «Мың бір түн», «Жұмбақ жалау», «Ботакөзді», «Кембағалды» оқып өскен.

Дерек кісі: Дәуренбекова Сәуле 1946 ж.т., руы табын, Бижан атаның жұбайы.

16 жасында тұрмысқа шығып, 10 баланы дүниеге әкелген, балаларының барлығы аяқтанып, қазір немере сүйіп отыр, балаларының барлығы туылғаннан бастап жөн-жоралғыларын енесі жасаған, апамыз өзі шөпке атамызға көмектесіп жүреді екен.

Дерек кісі: Берманова Шәркүл. 1948 ж. т. Руы кеген-кете.

Үйінде қыздың үшіншісі болған, 1968 жылы ұзатылып берілген, 1970 жылы балалы болған, шілдехана, шілде суға тұзбен түсіреді, 1 күн тұзды, сары маймен сылайды, сабынға май жақпайды, 40 қасық суға түсіреміз, тиын, білезік, сақина салдартамыз, 40 күнге толмай, бесікке салады, бесік әкесінің бесігі, Бодыбай әкесінің бесігіне жатқызған, бесікті сатпайды, құнын сұрамайды, немересін салып бөлеген, түбек салытн тесігіне тыштыма, сиді ма «*қолың боққа толсын*» деп ырым жасаған, бөлеген кісіге көйлек, сатқан, нокта – тиынды майдалап шүберекке түйіп, сатады, көйлек орамал, сақина береді. *Ноқтадағы тиынды тарату* керек, қазір ала салады. Отырғандарға таратып берген. Тұсау кесер екі басына тиын кесіп тағады. Шәркүл апаның үйінде Бораш деген енесінің берген сақинасы, Аршабек кемпірінің сақинасы, Тұрмағанбет келіні берген Рабиғаның Шәркүл апаға берген сақинасы, 50 жасқа таққан 1993 жылғы күміс сақинасы бар. 1955 жылғы сандық бар. Ши түсті шиді тоқу үшін шидің сыртына түрлі-түсті жүн орайды, гүлдейді. Тақта ши бірыңғай жүннің қарауі есігіне шахматный қылып, тоқиды. 10 шиді көк, 10 шиді қызыл квадрат қылып тоқиды.

Шытпа есікке шиден жеңіл 8 таңғыш қолдан тоқылады, тігеді.

Дерек кісі: Жолшараева Шәрипа 1948 ж т., руы кеген-кете.

Күзем жүнді сабап, басамыз, тысын бетін басамыз екеуін қосамыз, шет пұшпағын тастайды. Киіз үйдің барлық жабдықтарын үйдегі бүкіл төсеніштерді, қыздың жасасын, балалардың еншісін өзіміз жасап үйрендік. Еншіге әр балаға төсек орны, қазан, ыдыс-аяқпен қоса киіз 5-6, көрпешелі, көрпе 8, жастық 10 бастапқысына береді, сосын тағы жетіспегендерін бере береміз.

«*Аузыңа қорғасын құяйын ба*» деп ашуланғанда айтатын болған.

Дерек кісі: Мәдіров Зада 1934 ж. т., 80 жаста. Руы кете- құлыс.

Бұрын ауыл 10 колхоздан бірігіп, үлкен шаруашылық қожалығы болған. Оған дейін әр аталық балалары басқарған. Ақтайлақ, Күйеуасарда 10 колхоз ізі бар. Кейін біріккен, мал, егін шаруашылығымен айналысқан, діни сауатты кісілер, араб тілі арқылы Қазанға оқуға жіберген, Қожабай, Алдашбай ахун мектеп ашып, сауат ашқан, Кете Шөмекей негізгі мекені Ақтөбеде болған. Еділ, Жайықта болған. Асан Құлыс бірігіп, Сыр бойына бет алған, Әйтек «аю» басшы қылып, көптеген қарулы адамдар келіп канал қазған, осында көшіп келу үшін келіп дайындаған. «Әйтек» деген канал «Қараөзекте» бар. Құтпамбет, Киікші аталығы Сыр бойына Ақтөбеден келген. Құтпамбеттен тарағандар Қызылордада тұрады, палуандар, Киікшілер Жалағашта тұрады. Каналды қолмен қазған, Ақтөбеде қалған Асан Құлыстан Әйтекке шақырту келеді. Қайтып келсе, жаппастар қазып кеткен каналын Әйтектің иеленіп алыпты, кейін оны бейбіт жолмен шешкен, Таңның тұсында Аюшы каналы Қармақшы бүкіл халқы қатысқан, Майлыөзекте Бектібай, Шырпылыойға дейін апарған. 20-30 аталық болған, оларға жер беру керек, Таңның Киікшілері пайдаланады, содан соң Ақасардағы Қожакелділер пайдаланды, содан соң кетелер, Күйеуасарда кеген, Көктөбеде Қарабазар, Майлыөзекте Абақан, Ақкөбек пайдаланады.

Шырпылойда Дуан аталығынан тараған рулар тұрады. Нұрмағанбет: «*Шырпылой қап-қара көң төккендей*» деген тамсанған Есқараев Сүлеймен.

Ақшоқы, Ақтайлақ, Бектебай жер атаулары бар.

Ақтайлақ - Асан, Құлыс 20 аталық мекендеген, Майлыөзекте ағып жатыр, Аю каналының бір жағын өзекке ағызған, әркім саға алғандықтан, 1 тоған салдырып 1 жерден су алатын қылып жасаған, кейін бөліп алады. 3 арық батысқа, оңтүстік, деп 3 жаққа бөліп алған, 30 км, билерге ақсақалдарға бағынған, Бекет би, Алман, Құлтан, Бегім би.

Ең тоқтамға келетіні *Бекет би* бар аталық соған бағынған, 3 жүздің билерінің басқосуына Бекет би болған, Шөмекей, Кете мәселерін жеткізген, жесір дауы, жер дауы өршіп тұрған шақ еді ол кез. Бекет тұқымынан Құлжан, Әбіш, Жарылқасын, Самат, Зәуре – кемпірі, тірі Илияс, Жамал, Ұнарбек. Би ауыл боп отқан. Бекет биге келіп барлық әрбір аталықтың билері келіп жүгінетін болған, егер одан даулы болса, үш жүздің бас қосатын кеңесіне билердің кетелерден Бекет би барып, айтып, талқыланатын болған, бірақ көп жағдайда оған жеткізбей Бекет бидің өзі шешіп тастайтын болған, ол үлкен кеңеске тек даулы жер мәселелсі, халықтың ортақ қа-

зынасы қаралатын болған. Оқымысты ахундар, батырлар болған, Асаннан Текей батыр болған. Үш жүзге белгілі, Құлыс қара Қыйсық батыр, Қайрақ батыр, Жабай батыр, Есетбай батыр.

Қолөнерден Жанділда топырақтың темір, алмас құрамын айырған, соғыс құралдарын жасаған. Якия ұста Ғалымжаннан Оңғарбай, Алмахан шебер.

Омар ұста шәкірті болған, Ибрашев Торта мықты ұста болған, күнделікті тұрмыс қолданатын барлық темір ағаштан заттар жасап берген. Ел басқару жөнінде белгілі азаматы Жүсіп Қожамжар аса сауатты Егізбаев Әбзали, Амангелді. Халық осылар арқылы ұйымдасқан, бодан болуға халыққты көндірген сол кездегі халыққа жалпы ұлт жағдайын жеткізе белген, асыра сілтеуде осылардың барлығы құрбан болып ұсталып, сотталып, жер аударылған.

Дайрабаев Мәдір, «аю каналын аяғына дейін әкелген, суландыруға 22 жыл қатысқан, Ленин Серіктестігі ТООЗ колхоз ұйымдастырған.

Ерекешов Тілеу халық жауы делініп, тұтқындалған. Тұрмағанбеттің Ақтайлақта мешіті болған, кезінде Тұрмағанбет ақында «дінді уағыздаушы» деп бірнеше қамап, түрмеде ұстап, ақыры сол қыспақтың түбі ақынның өмірден тез көз жұмуына әкелді.

Асан Құлыс қожа ұстамаған, бала оқытуда ахундар, молдалар Көкілташтан діни сауат алып келгендер өздері оқытқан, *Бекет құмы* бар 21 метр мұнара ішіне саты қойып өтеді, адамдарды қарап, өтіп кетіп бара жатқан адамдардың жөндерін біліп, жөн айтып, даулы мәселе болса, шешімін тауып, адасушыны дұрыс жолға түсіріп, ұрлықшыларды ұстап, қарақшыларды торып отырған, бара-келе жатқан адам Бекетке кіріп жөн білісіп жөнін айтпаса, ол қашқын иа ұрлықшы деген сөз, Бекет жолаушыға ас, көлік берген, Бекет туған інісі Аман, Жанбала.

Бір жолы екі атты суытып тоқтамай өтіп кете беріпті, артынан қуғыншы барып, жөн сұраса біреуі ілгері шығып, неге биге соқпай бара жатсындар десе, біз өте асығыспыз, би біздің мәселемізді шеше алмайды депті, бізге тезірек жүру керек депті, жүргелі тұрғанда бидің адамдары сендер бәрібір биге қарсы шықпайсындар деп екі жақ келіспей қалыпты, сонда қамшы шығарып күш көрсете бастағанда екінші жолаушы қамшыны қайтарып үлгіріпті, сонда Бекетке алып келіпті. Аман кешірім сұрап, биге алып келсе қамшы қайырып жібергені қыз болып шығыпты, сонда жөні сарқасқа қыз Нүкіс жактікі екен, байдың қызы жаугершілікке үйренген, қарулы екен, Ұлы жүз қыпшақ айттырған, мынау менің сүйгенім сүйгеніме қосылуыма қарсы содан бой тасалап қашып барамыз бірге болу үшін депті. Бекет көмектесуге уәде беріпті, артынша айтқанындай қалың қыпшақ келіпті, Бекет шешімін тауып екі жасты қосады, қалың малын 3 есе төлеп, айыбын жуып шаяды, сонда Бекет би Кіші жүзбен Орта жүзді татуластырған.

Жер кіндік деген Қорқыт маңында жер аты бар. Кезінде Королевтер Қармақшы жердің кіндігі екендігін білген, жерді симметриялы өлшегенде жер кіндігі осы Қармақшыға сәйкес келген, Байқоңырдан ғарышқа зымыран ұшырауға сол жерді кезінде орыс ғалымдарының таңдауы және кезінде Қорқыттың Жанкентте туылып, Қармақшыға келіп дүниеден өтуінің мәні бар. Оған дәлел ретінде біздің әкелерімізде айтып отыратын «Жер кіндік» деген жер атауы бар. Жұлдыз жорамалдаушылар жер кіндігін білген, бақсыларға аруақ қонған.

«Аңдыған Шалған бейіті бар, екі бақсы болған, көріпкел әулие. Олар бәйгеге қосылған, аламан бәйгелердің алдын бермейді екен, шешелері «Иә Аңдағым келер, иә Шалғаным келер» деп отырған.

Көтермешіге – әр жерде тосқауыл, сондағы адамдарға жай жүгіріп келе жатса, арқамнан қамшымен сал дейді екен содан шаң қылып артын жосыта шабады екен, олар 30-40 км жүгірген, бәйгені біренеше мәрте алған, бәйгенің алдын бермеген, жарысқанда артынан шаң көрсететін тұлпардан озған жүйрік болған.

Ашаршылық мырзалар малдарын тартып алып, балаларын әскерге беруге қарсы болған, сонда Ақмырза бірігіндер деп үндеу тастаған. Романовтық бойынша билердің баласы ғана оқиды. Шөмекейден Төбет Аспанов би болған, Биіс деген би болған, Ұлғаспай, Жалғасбай, Ахмет. Ахметін Ленинградта оқуға берген. Құлымбетовтермен, Троцкиймен бірге оқыған.

Халқы бірге емес, жерінің байлығы малы керек, Голошекин: «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген, Асан, Құлыс малын тартып алады. Малы, құралы, жері тартып алынды, салық салды. Халық көшіп кетті, 5 млн репрессияға ұшыратты, кете, шөмекей ел басқарып отырған, жер басқаратын балаларын, молдаларын ұстап алып кетті, мешітті қиратты, наубет болды.

Ауыл ақсақалдарын би сайлайды, бірнеше бидің алдынан өтеді, барлығын ойлап, жанашыр адамды ақсақал. Рет би алдында есеп береді. Мәселелер талқыланады. Ру басы әр аталықтың ру басы болған. Ақсақалға сүйенген. Кегенде Бержікей деген рубасы болған. Ораз ахун қасынан астық қабылдайтын орнын берген. Әділдік орнатам деп. Аюда рубасы Мәдір, Оспан, Дәрмендер болған. Құлыстан Қожамжар Жүсіпов, оқыған кісі, орыс тілін білген.

Ақжарда Есбол аталығы Қожагелді, Ақтөбеде Есбол, Қаратамыр, Майлыөзекте, Тұрмағанбетте кете, қарабазар, бозғылдар, шөмекей отырады. Шөмекейді Биісов Ахмет көшіріп әкелген Тұрмағанбет ауылына кезінде. Мәдірмен келіседі, туған апасы Күліммен, Құлымбетов Өзбекстан президентімен келіп, Бұқардан әкелген, Каганович колхозы құрылды. Балқы, Дөсек, Төбет, Қожа, Сәрсенбаев Дәлиді қойды. Төбет кетелер елінде бір рулы ел пайда болды. 1932 жылы 49 33 жылдары көшіріліп әкелген, қолдарына ағаш соқа, бәрін берген. Майлыөзекте 10 колхоздың ізі бар. Түпбөгет дейтін Майлыөзектің бұрынғы атауы. Қарабазар, Қарпық аталығы, Бейсен, Шораяқтың Омары, Қарабазардан шыққан.

Ерулік - жазда Қарақұмға көшеді, жері ерте көктемде күзде Қызылқұмға келеді, отырықшы ел ерулік беерді, қарулық-қонағасын береді.

Көшпелілер-малы бар байлар, бірнеше жалшылар, қайырымды болған, Қарақұмдағы 200-300 адамды қамтамасыз еткен, отырықшылар малын егінін дайындаумен айналысқан.

Мерзімдік жайылым-аталықтар жері бар, шекаралары бейіттер болған, жайылымды көшіп кетіп қайта келіп қоныстанған.

Қора соғу көктемде көшіп кеткенде қораны соғып, егін егіп дайындап қояды. Рубасы ақсақалы дайындап қояды бәрін қадағалап, басқарып дайындап қояды. Малды тану түйе, жылқы жылқыны тасаттыққа, құрбандыққа шалмаған. Қойды таныған, қойдың сүті қорғасын деп, құрт, ірімшік жасаған.

Қазанжаппай - майға салып, тамақ істелмеген қазанға майсыз, ет, асылмаған қазанға дайындайды. Тұзды қайнатып, сақырлатып барлық майын кетіріп, қазанның асқазан, тайқазан, нарқазан деген түрлері болған. Нарқазанға түйе асады. Көшіп қонатын жерге түйеге артып орнатады, ерулік аламыз деп келеді, ірімшік, құрт жейді, алады. Түнімен жырау жырлап, алтыбақан құрылады. Өн жыр, бірнеше жыраулар кезектесіп жырлайды. Бәйге беріледі еруліктен.

Ұсталар қазанды құяды, шыдайтынын біліп, қазанға қазы, қарта, жал жая, асады. Науат жібек жолымен келген, шұбат, қымыз, бесті қымыз, қысыр қалған байталдардың қымызы, бидайды диірменге түйіп азық қылған, *келтекпен* ұрып, таза-лап, жуып талқан қылған.

Малта жолға жасалынатын тағам, қазыға, тарынын түйіп, құрт жасайды, 1 түйірі 1 күнге азық. Жент.

Малта сөктің өзіне қазы, науаттың суына езіп, мейіз салады, құрт сияқты болады. *Ешкі сүті* балаға қолайлы, жарлыларға балаларын жетілдіру үшін 2-3 ешкі берген, малды төлдету, қойды 10 күннің ішінде төлдейді, наурыз, наурыздың 22-сіне туатын қып малды төлдетеді, қошқарды текені бөлек бағады. Мал ауруы ешкі *әлекпе* ауруы бақырып ауырады, *топалаң*- қой ауруы, топалаң болған жерден қоныс аударып кеткен, шөбін жегізбейді, сиырда *қарасан-сарып*. Сиырдың еті қарайып кетіп өлген, жер ауыстырған. Жылқы ауруын малды емдейтін адам болған Майлыөзекте Райымбай деген кісі, бридагер, зоотехник мал шаруашылығының ферма бастығы болған. Жылқының *маңқасын* емдеген, 2-3 жазып берген, ұрпақтары Райымбаева Нүргүл, Бекпандар. Мал емшілері болған елде, Райымбай жылқыны емдеген.

Малды сақтауға байланысты ырымдар: аталығын соймаған, өздері өлгенше, малды сою келген кісіге көрсетіп, батасын алып, сояды. Қармақшы өңірінде мал сою ерекше, малды алдын ала сойып қоймайды, қонаққа көрсетіп, бұл осы елдің үрдісі, бұрын не қонақ көрмеген уақытта соймайды, басқа аймақтармен салыстырғанда, малды союда «бисмилла» деп Алладан рұқсат сұрап, адалдықты көкसेген. Мүше-мүше қылып бөліктеп сояды, бас ірі болып жатса бұзады, негізі бұрын басты бөлмеген.

Көпір салу, құдық қазу - мұсылман дініне дейін де қайырлы іс болған еді, рубасылар, ақасақалдар, қарулы жігіттерді жинап құдық қаздырған, қайырлы іс, көшу, қону жолдарына 40-50 км, аузынан бастап жас сексеуілмен шегендеген, аузынан басы 40 м, шекеленген. *Мытыра* - презен болмағандықтан, ешкінің терісінен шелек жасап, 20-30 күн қойып кетеді, құдықтың аузына. Аузы ашылып тұрады екінші жағында қыл арқан тұрады, құдық түбіне тастап жібергенде аузы ашылғанда су құйып алып, тартады, қыл арқанды ешкімен жылқының қылымен қосып еседі. Жұмыс жасаған орны басында *ат қорым* - мал бордақылайтын жер. Жылқымен ешкінің таза қылынан арқан есіп, 4-5 кісі тартады, 60 литр тартады, сауапқа қазады, аты болған құдықтардың көшкенде аралықтарын есептеп отырып қазған, *көнегін* рубасылар әкеп қояды. Егіншілік, бау-бақша, совет үкіметі кезінде дамыған, егін саларда әркім үйінен қазанжаппайын, айранын апарды.

Марал Ишан - орта жүз, керей, Қостанайдан көкмешіт аштырған, Шағырай деген жер бар, батыр аты, Шағырай айтыпты: «Марал Ишан жәдегойсың, елдің назарын тек өзіңе қарату үшін сондай ақымақтық қолданып жүрсің, керемет көрсетпесең

басынды алам» депті, себебі ол кезде батырлардың атағы ел аузында еді, Шағырай ел аузынан түспей тұрғанда Марал Ишан келіп бәсекелес болып, содан зығырданын қайнатқан. Түйенбайдан әрі Шағырай жері бар, өткелден жүзіп өтеді, Шағырай өледі. Марал Ишан «*Құдайым берсін, айтқаным келсін*» деп қана бата қайтарады екен, ұлы адамдар тілегі қысқа болған, медет тіле болды. Қазіргідей сапырып тұрмайды екен, жағымпазданып ананы мынаны төгіп айтпай нақты керек нәрісені тілеп артық нәрсені тілемейді екен, қысқа бірақ қабыл болатын тілектерді айтып бата қайтарған. Күріштің «*көгіне күл тимесін*» деген тілек айтқан күріш саларда, себебі күл тисе күріш өспей қалады. Марал Ишанның қайда барса бата тілер екі ауыз сөзі «*Құдайым берсін, айтқаным келсін*».

Отбасылық дәстүр, туған күн қазақтар ешқашан тойламаған. Қазақтар сәрсенбінің сәтті күні жолға шығатын болған. Серкеш 2 тамақ ішпейді, ата-бабаға сыйыну, аяқтағы басы төрге шығады, айдарды бәрі қоймайды, ұл біреу болса, өріп піштірерде алады, тайға мінгізеді, нағашысы әкеп береді, *айдар алу* үлкен қасиетті кісіге алдыртады.

Диалектілер: Қармақшылықтар таза қазақ тілінде сөйлейді себебі ешқандай орыс, өзбек, қытаймен шекесіп араласып отырған жоқ. *Ат қою* исламнан бұрын табиғатқа байланысты ат қойған, шаман діні дейді. Ұйқастырып қою, абысын ажындап қойған, сүндет 7 жасында «*орыс едің қазақ болдың*» деп қойған, 5-6 күнде жазылады *Тұсау кесер* 2-3 айында орын алған. Ыстық бұлақ स्वाжина қазған, жылы су, сынап сияқты, 35 градууста қыста түседі, ішесің өте ем.

Шілдеhana 40 күннен кейін шілде суына ішіне тиын, күміс 40 қасық суға шашын алады, 1 күн тұзға 1 күн сабынды суға түсіреді, тұсаукесер алажіп есіп, 3-4 жаста кеседі, кескен кісіге кәдесін береді.

Дерек кісі: Есбаева Райхан. 1951 ж.т., руы кете-құлыс.

Балаға *бесік дайындау* жайлы. Көрпеше, жаялық, түбек, шүмек, дайындайды. Төркіні бесік сатады, тыштыма жасайды, 1 табақ кәмпит печенені шүмектен өткізеді, кәдесін береді, «*бесік сатам*» дейді отырғандарды айналдырып, көрімдік алып шығады. «Бесік мінеді», «бесік байғазы» береді, өлең айтады, бөлейді, «әлди әлди ақ бөпем» деп, келін жаққа сатады, құдағилар жасатады, бесіктің ақысын сұрамайды, қанша десе соншаға сатып алған.

Тілашар. Кеңес Үкімет кезінде онша орын алмаған, бұрын бай адамдар баласын молдаға берер де мал сойып, молда ақсақалдарды шақыртып, батасын алып, әсіресе көрегенді, данышпан кісілерден алуға тырысқан, «сүйегі менікі, еті сенікі» деп, кейін «*аузына түкірту*» деген орын алған, атақты, жазушы, жырау, кісілерге балаларының аузына түкіртіп дәл сондай болсын, аузынан түсіп қалғандай болсын деген ниетте болған. Құда түсу сырға саларда әке-шеше алдынан өтеді, күнін белгілейді, кейбіреу екі жеңгесі қыз ұзатарда салады. Сыңсу қыз айтады, жеңгелері 100 метрге шығарып салады, артыңа қарама, жылама, шілдеханасы кешке, есік ашу, құда күту-«есік ашу» кәде, қауымет, киттерімен барады. Содан соң құда шақырады. 5 шапан, костюм шалбар, дубленка сұтақы мал береді. Китке жағалы шапан кигізеді.

Айдар қою тұрмай жүрген балаларға қояды, оқуға барарда молдаға алдыртады, бір жерге алып қояды, кез-келген жерге тастамайды.

Басқұр ақ жіпті құрамыз, қазыққа, қағып жүреді, теріп байлап тоқиды, қылыш, адырғы, *үш ағаш* - көтеріп қоятын ағаш.

Дерек кісі: Жарылқасынов Манарбек Тұрмағанбет ауылы, 1958 ж.т.

Атасының аузынан жазып алған кітаптарда *жарияланбаған* құлыстардың шежіресі: Кіші Жүз Құлыс Кете. Әлім бірлестігі – Бозаншы (Кете) Жеті Ата: Манарбек, Жақсымұрат, Жарылқасын, Құлжан, Базар, Бекет, Өтеміс.

Құлыс 3 бала: Алманбет, Сарманбет, Әйтпенбет.

Сарманбеттен: Құрманалы, Мұртызалы.

Құлыс-Сәрмембет-Мұртызалы-Добай-Жомарт.

I Мұртызалы: 1. Андақұл 2. Добай 3. Қарба 4. Бостанбай 5. Күлкі 6. Қойбақ

II Добай: Есен, Мырза, Алшау, Маман, Әйімбет, Дулат, Бақашы

III. Есен: Жомарт, Бай, Байсал, Барақы, Шынкеш, Қозыбақ, Қойбақ, Төле.

IV. Жомарт: Игілік, Әжібай, Ыстыбай, Итемген.

Игіліктен: Құрымбай-2 бала: Меңтіке, Қойбағар

1. Меңтікеден-4 бала: Аңсатбай-Мақым-Әли

Жылкелді- Беркімбай-2-Тоба, Дайрабай

2. Қойбағардан-Оспан-Әмірбек-Алтынбек

Әжібайдан 4 бала: 1. Өтеміс 2. Бейбіт 3. Үсен 4. Нұржау (жөк)

Өтемістен 6 бала: Бекет – Ораз – Аман – Тынымбай – Жанбала - Тиышбай

Бекеттен 2 бала : а) Базар б) Әлімбай – Әбіш – Ілияс - Сермахан, Омарбек, Сержан

Базардан 5 бала: Айтмағанбет (Әлмағанбетжөк), Ісжан – Қарабатыр – Сәрсен - Сәду. Құлжан – Жарылқасын – Жақсымұрат - Манарбек, Сапарбек, Еркінбек, Мансурбек. Отар-Сайлыбай - Сағынбек. Қыстаубай - жөк.

Ораз: Ерекеш – Оспан – Жұбай - Тілеу, Қабақ.

Аман - Қалия. Тынымбай 2 бала : Құтыш - Нұржан, Әбжан. Түрекей – Қарғабай -

Салжан

Жанбала: Досжан-Көшекбай-Тұрарбек-Сардарбек-Тиышбай.

Бейбіт: Тастан – Ырза – Ақназар - Сарыбала

Үсен 3 бала: Айтұған, Жарықбай, Байнияз, Айтұар-1. Ернияз-Алдамұрат 2. Наурызбай-Бегежан, Ержан, Айтпақ-Ілімбай

Ыстыбай 2 бала: Асаутай. Тай-баласы жөк

Асаутайдан: 5 бала: Мамырбай 1. Боранбай 2. Өтеген 3. Омар: Төребай, Тайжан, Бегалды, Жаңбырбай.

Итемгеннен-2 бала: 1. Тоқсанбай-2 бала: Кәлмен-Аяп, Үбісұлтан. Тәжібай-Үбжар, Смайл

2. Қайнарбай-2 бала: Қожабай-Айдарбай-баласы жөк

Қожабайдан-2 бала: Тәжмақан-Сарбас-Зұлпыхар-Рахман-Серік. Әбдіхалық-баласы жөк

Жарылқасыннан: Жақсымұрат, Жақсыбике, Бекмұрат, Мұратбек, Болатбек, Саматбек, Аққарша.

Дерек кісі: Ділманбетова Зылиха 1964 ж.т. Тұрмағанбет ауылы.

Қойшының қызы болған бала күнінен анасының қолдан жасайтын барлық киіз үй жабдықтарын, төсек, орын жасап өскен. Киіз бастық, ою киіз киім-кешек, төсеніш, ұлттық тағамдарды жасау жолдарын көріп, үйреніп өскен. Соның ерекше есте қалғаны сабын жасау әдісі. Басқұр, бау шу, ақбау, жіпті қазық қағып байлап тоқыдық, көрпе көрпеше, құрақ құрау, түскиіз, жұрт көмекке шақырғанда барып, киіз басысыстық, сегіз құрақ, *жiп иiру* - жүнді түтіп, ұршықпен иіріп, домалап екі тіндеп ширатамыз, арқан есеміз,

Сақар - әуелі майлы сүйекті жинап алып, бәрін 3-4 сағат майы қайнатады, сақырлатып, сосын шамалы мұздатып қояды да, сүйектерін алып тастап, көк сексеуілді өрттеп, сүйектің майына салып қайнатады, көп қайнап қоюланады, оны шүберекке алып, түйіп тағы қайнатады, содан доп дөңгелек сақар боп шығады, майлы барлық заттардың майын алып түседі, майлық жууға арналған.

Дерек кісі: Таженова Күләнда - Тұрмағанбет ауылы, 1960 ж. т. Руы- Сарғасқа.

Қауыншек-қауын тәттісін қыркүйек аяғына таман сары ала, арала, торы ала қауыннан алады. Әңгелектен тұнба жасайды, қауынды қақа бөліп, жіңішкелеп, ағашқа, бақанға іліп қояды, 10-15 күннен соң жинап алып, қарбыз суымен өреді, шаша сияқты үш өрім сырты аппақ болып, тұрып тұрып сырты қызарып шіресі бір бірне жұғып кәуіншек болады. Қалта-құлтаға салуға дастарханға қоюға болады, көгермейді. Кәмек емес нағыз күздің күні піскен қауыннан жасайды.

Қауынқұрт. Әңгелекке талқанды қосып қайнатып шидің үстіне жаяды, кепкен соң жинап алып, қыста азық қылады. Қауын шопағын түйіп, талқан қосып, жейтін болған, тағам ретінде қауыннан тұнба жасаған.

Ши тоқу ағаштан мосы істеп аламыз, шидің арасы 20 см жіп қоямыз, басына 17-18 қарсы ши далада өседі, адамдар беліне арқан салып тартатын болған, көлде аршиды, бір көтегін былай, екінші көтегін былай ауыстыра отырып, өрнекті арасында салып отырамыз, 18 бас, 1 қанат үйге кетеді, 3 күнде бітіреді, шидің артықтарын балтамын шауып тастайды, тұс ши, ақ ши болады.

Талқан жүгеріден, әуелі жүгеріні тазалап, 3-4 рет диірменге тартып, талқан шығарады, бидай келіге түйіп шала қуырып, диірменге тартып, талқан болады, күріштен, тарыдан талқан болады.

Ірімшік 2 шелек сүтті әбден қайнатып тасуға таяу қалғанда айран құйып қайнатамыз, 2,5-3 сағатит тұщы айран ішіне қант саса болады. Адамға пайдалы, қан көбейтеді, бас жұмысын жақсартып, сары суды әбден қайнатады берсек, одан да шығады, одан баяғыда конфет жасайтын, ірімшік сияқты қыста тәтті орнына жейді.

Құрт сүтті пісірген соң, қатық қылып ұйып, күбіге пісеміз, майын алған соң айранды қайнатып, құрт істейміз. Құртты илеп, тұзды татымына қарай салып, жайып, кептіріп, қысқа сақтап қояды. Қысқа майды да сақтаған, көбірек мұздай суға шайып, тұзды салып, дым ашымай ашада сақталып, қыстың күні желінген.

Жылқының ішегі 12 елі ішін жуып, үрлеп, ішіне ет, қабырған, салады, сойғаннан кейін тұз, шеснок, бұрышқа етті қазанға бастырып тастаймыз, сүрлеп қоямыз, қыстың күні ұнның арасына қоямыз. Қазы тәтті, әдемі сүрленеді, етке қочып асамыз, дастарханға қоямыз, қарны қарта пысытып алып, турап қоя береміз, жая дегенде құрт болады, алып тастап оны осы сияқты дайындай береміз.

Бақан. Шаңырақ көтеретін 6-7 метрлік ағаштан жасалған, басына айыр темір аша кигізілген ағаш, әр үйдің өз бақаны болады, жақсы үйдің бақанын ырым етіп алып, шаңрақ көтереді, біздің үйімізде солай болсын деп, бақанды аяқ астына тастамайды, тек шаңырақ көтергенде ған шығарып, басқа кезде сарайдың төбесіне іліп қойған, оны аттамаған, баспаған, себебі қазақ үшін шаңырақ көтеру өте қасиетті, қадірлі ұғым сондықтан сол шаңырақты көтеретін ағашқа да солай қараған. Шаңырақ көтерерде бақанды үйдің отағасы ұстап арулы кісі көтереді, себебі сол шаңыраққа байланысты уықтың кіріктірілуі және үйдің жұмыртқадай тең шеңберлі тігілуі тікелей байланысты болған.

Ұлттық тағамдар. Бидайды түйіп, шала қуырып, диірменге тартып, қой құйрығын қосып, пияз қосып, жаңа босанып жатқан келіншекке дайындайтын болған. Шалап ұқсатып, бидайды қайнатып, атала істеген, 1 сағат қайнатады, жаңа босынап жатқан әйелге күш жинауға, қанын қалпына келтіруге, аяқ қолын бауырына тезірек алып, энергия алуына көмектеседі. Өте құнарлы ас. Бір ішкен соң әйел терлеп, буындары босап, жақсы болады, күш береді, еттен кейінгі тамақ қазақтарда осы атала болған.

Құрт жасау үшін әуелі сүтті пісіріп, ұйытады оны **қатық** деп атайды. Қатықты сүт қан жылым болғанда, түбіне бір қасық ұйытқыны апарып салып, бетін қақпақпен сосын оның бетін жылы киіммен ауа өтпейтіндей етіп және жылы болу үшін орайды. Ұйытқыға айраннан не ащы емес қатықтан салынады. Қатық ұйиды 2 сағаттан соң, сосын оны күбіге салып, үстіне мөлшерлеп салқын су қосып, піседі. Майы алынады, айранды қайнатқанда қоюы қалып, сары суы бөлініп шығады, сол қоймалжыңды шүберек қалтаға құяды, суы сырғиды жарты сағатта, сосын 1 күн тұрады, содан соң, одан құрт жасайды, тұз қосып, жайпақ ыдысқа илейді. Құрт 2-3 күнде кебеді. Ащы айраннан жасалынған құрт басқаша болады. Майлы қылып та құрт жасайды.

Ірімшіктің сары суын тастамау үшін жұмыртқаға екі күлше қамыр илеп, бидай ұнға илеп, ет қамырындай етіп салып, сары суға помидор, бұрыш қосып, салма нан деп аталтын тағам дайындаған. Май салынып желінеді.

Айранға бас жуған. Шаш көп түскен жағдайда кірін кетіріп болған соң, бальзам ретінде айранмен бас жуған, айранмен жуылған бас біркелік болып, ұшпай тұрады, Қуаныш апай бірыңғай осы айранға басын жуып, майлап қойғандай етіп тарап қоятын бірақ ол май емес біркелікі жылтырап, түсі ашылып, көрінеді. Айранна кейін ол майлы болып қалмай үшін шампунмен жуған, айранмен жуылған бас иісті болады, майдлы болады, айранынның сары суына да бас жуған, үрімшіктің сары суына да бас жуыған бас ауруды қойдыралды, бет күтіміне қатық пайдаланған, жылтыратып, қоректендіреді теріні. Арпаны қайнатып, келіге түйіп, қуырып, суға бөктіріп жейді.

Малды сойғаннан кейін малдың басын тастамайды, құран оқытқан соң, 1 күн үйде сақтап, екінші күні биік жерге іліп қояды. «Бәле жаладан сақта» деп жылқы басын ілген.

Қарақшы ағаштан жаман көнерген киімдерді кигізіп, басына құлақшын кигііп құстан қарғадан сауысқаннан торғайдан қорқытуға пайдаланған.

Айға тиын лақтыру, сүйел шыққан *«ай сүйелімді ал»* деп, айға қарап тиын лақтырады. Қазақта бір нәрсеге секем алып ұшынса, күн батар батпас кезде ақшам кезінде ұшықтау *«мен ұшынған жоқпын, жер ұшынды»* деп кесеге су құйып алып, бүркіп, адам баспайтын жерге суын төгіп, босаға оң кесені төңкеріп қояды. Көз тисе, біреу қатты ауырып жатса, керегені сүртіп, алып, суын ішкізеді. Келген адам тұтқаны ұстайды кішкене балаға көз тигенде босағаның тұтқасын сумен жуып ішкізеді. Сары иттің басны тауып алып, оны қайнатып беретін болған.

Ертеде кетеді бәйгеге қосатын тұлпар болыпты. Ол байтал болыпты, жыл сайын бәйгеге қосарда құлынын сойып тастайды екен, қартайғанша сол байтал жүйрік аттарды осылай баптап ұстаған, сонда құлынын емізбей кейбіреулер жылқының тұлпарлығына қызығып ұрлап та алған.

Қазақтар атты қатты жақсы көрген, тіпті мына бір оқиғада бір кісі бір тұлпардың жүйріктігіне қызығып оны ұрлап елден бой тасалап бала -шағасынан көз жазып неше жылдар бойы Өзбекстанда бой тасалап жүруіне тура келген. Көңілі кетіп бір ауыл адамы бір төренің атын мініп кетіпті, қазақтың атқа сонша құмарлығының көрінісі сонда бар тіршілігін тастап, атты алып Қызылқұмда қашқан ат зорығып өліп өзі жаяу қашып қуғыншылардан алып қашып Қызылда, қозы көштей жердегі құдық басына киімін жыртып-жыртып тастап отырып, өлді деп ойласын деп Өзбекстанға өтіп. Жылдар өткен соң балдарын іздеп келіп табысқан.

Еңбекқорлық. Шәргелтай деген кісі жұрт ауып кеткенде Фазыл екеуі көлтабанға бидай тары, жүгері, қауынқак, шопак, жасаған, әңгелекті жеп болған соң қабығына шопағын салып кептіріп алып қояды.

Шопакпен қабық кепкен соң келіге салып түйеге, талқан болады. Қақпанмен, тұзақпен қоян, қырғауыл алып, киіктің терісін бүлдірмей алып, тұлып жасап, соның *киіктің терісін меске* пайдаланған. Ішіне жаңағы шопак талқанды салып, жинап қояды. Сол қаншама тамақ болды. Қоян терісін бүлдірмей алып, құлақшын тігіп береді.

Ашаршылық 3 жыл болып, құмның арасында осылай күн кешіп, төртінші жылы милиция келіп тауып алып, елге жеткізген, ол кезде ел жаңа-жаңа қайта бас біріктіріп, ес жиып жатыр екен. Солай бейнет етпегендер Қарақалпақстан, Өзбекстанға өтіп, бара жатқанда жаңа қаншамасынның сүйегі шашылып қалған. Көбісі ауылда қырылып, қалған. Аштықтан ит, мысық, есекті сойып жеуге дейін барған. Адамдар адамдарға шабуыл жасаған. Тынымсыз еңбекпен тірі қалған, жеркепеді сексеуіл, балық аулап, күн өткерген. Еңбек істеген аталарымыз осылай қалған.

* * *

Ақбай деген кісі болыс болған, біреу өгізшесін жоғалтып, сонда Ақбай атаға барыпты. Сонда: Ақбай ата: «ой, шырағым-ай, енді Ақбайдың болыс болғанда өгіз-

ше қарамағы қалып еді, бұны да маған тапсырдыңдар ма» депті. Сосын өзі турашыл, әділ болғанымен, сауаты аздау болған екен, салық жинағанда 10 тиындығын 10 тиынға 20 тиындығын 20 тиынға салыстырып барып таниды екен, патша заманында балаларына «біреудің малын қолыңмен ұстап тауып бермесең көрдім деп» айтушы болма деген екен, себебі сол кезде барымта, мал дауы көбейіп тұрған кез, сондықтан мәселенің алдын алу үшін осындай көрегенді ақыл айтқан.

Көз тигенде сол адамның ұлтарағын өрттеп иіскетеді адамға да малға да солай жасайды.

Мақал-мәтелдер:

*Ит сегіз тауып, елден аспайды,
Ешкі сегіз тауып, қойдан аспайды.*

Сабағы жаман жемістің дәмі де жаман.

*Арғымақты байтал бастамайды,
Аруақты шайтан бастамайды.*

*Өрісі бірге оттамайды,
Ауылы бірге ас ішеді.
Есек мінген ат сұрамайды,
Балық жеген ет сұрамайды*

Жаз жыланнан қорыққан ақ арқаннан аттамайды.

(Мал шаруашылығымен айналысқан адамдар жиі арқан алуға барғанда жылан ұстап қалып жатады екен, тіпті қаптардың, қоржындардың ішінен жиі жылан кездестіретін болған).

Бесті бураның көні күркірейді.

*Байлаулы ит үреген,
Байлаулы өгіз сүзеген.*

Ақсыз бөрі қой үркітеді,

Ит - адамның құлағы

*Бір сиыр тоғай боқтамайды,
Оны тоғай жоқтамайды.,.*

Құс қарағына, ер жарағына

Қойшы бір санаса, қой егесі екі санайды.

Жеті тоқсанда жер мұздайды

*Елу шылбырын алды
Алпыс тірінін алды
Жетпіс өре салды
Сексен тұзау салды
Тоқсан толқып қалды*

*Жылқы малдың патшасы
Түйе малдың қасқасы*

Атпен ойнағаниша атаңның басымен ойна

Жуас түйе жүндеуге жақсы,

*Ер сасқанда белгілі
Ат шапқанда белгілі*

*Тіріде сүйерім өт, өлгенде күйерім от.
Қаршыға қазан қайнатады.
(Мағынасы: құсты салып, ас аласың)*

*Атыңның етін ит жейді,
ителгі салған ет жейді
(Бөктергі, ителгі аң алатын құс). тұрымтай (ең кішкентай құс),*

*Ертеңі үшін есек қайғырады.
Мал қайда: арыстанның аузында түрікпеннің төрінде.*

Пәтуә уәде бас алды, бет алды.

*Ат баққан адам аш болады,
Аттанған күні тоқ болады,*

*Төсектен шошынған ер оңбайды,
Көнектен шошынған бие оңбайды.*

Жақсы айғырдың үйірін ат сақтайды.

Сексен шықпай, тосан кірмейді.

Итке ит ошақтың басында ұшырайды.

Балықта сүт жоқ, баласын теңіз асырайды.

Жонға салсаң жүйрік, жолға салсаң жорға.

Қабаған ит қайыр байлайды.

*Шөлдеп ішкен қара су, шекер емей немене
Тебінгімен біткен мал бекер емей немене.*

*Көсенің қарығаны білінбейді.
Шабанның арығаны білінбейді.*

*Тебінгі аударсақ, дау-жанжал
Тебінгіні аттың екі қабырға
Тебінгіден тер шықпай*

*Атты күнде мінсең тулақ,
Аптада мінсең қунақ,
Айында мінсең ат,
Жылында мінсең тұлпар
Көн қатса қалыбына барады,*

*Інгенімді қараймын деп
Мінгенімнен айырылдым.*

*Өре табылса табақ
Талқан табылса тамақ*

*Егіншіден жарма
Балықшыдан қарма*

Артқы айылым берік болса, атым тулап нетерсің?

Нарға барсаң нар сойылады.

Ер мұрынды келсін, ат ерінді келсін

Жұрттың жақсысы кетіп, жаманы қалар, жылқының жүйрігі кетіп, шабыны қалар.

*Жылқының жүйрігі кетіп шабаны қалады.
Сөздің расы кетіп амалы қалады.
Бидайдың дәні кетіп, сабаны қалады.
Көлдің суы кетіп, самалы қалады.*

Май әулие майсыз жарылқайтын қай әулие?

Әулиенің қасындағы мазарды ит ашпайды

Қарғыстың жаманы: білме, білгеннің тілін алма

Ауырған басқа-темір тарақ.

Қотыр қорадан, таз есектен.

*Қалы кілем төрге керек
Алмас қылыш белге керек,*

Ортақ өгізден оңаша бұзау.

*Ас қадірін білмеген ашаршылық берер сазаңды
Ат қадірін білмеген жаяушылық берсін сазаңды*

*Өзен жағаланның өзегі талмайды.
Жатқан бория, жүрген дария*

*Арғымақ ат жабы болмайды
Жалы кетіп арыса да*

*Арғымақ аттың баласы
Аз оттап, көп жусайды*

Қойшы көп болса, қой арам өледі

Аузы кіші, қарны әйдік

*Қой семірсе көтерер
Аузы үлкен, қарны кіші.
Ит семірсе құтырар.*

Жантақты жерде сона бар.

*Екі тізгін жоқ болса,
Ат басын адам бұра алмас.
Екі тартпа жоқ болса,
Ат үстінде тұра алмас
Екі үзеңгі жоқ болса,
Атқа адам міне алмас.*

Қамшы қанат, құйысқан құт.

Екі қанжыға тон сақтайды, тон жан сақтайды.

Мал артығы сиыр, жер жақсысы кебір.

Бір киікті тау аш қылады.

Жатық болсаң, ішкенің қатық болар.

Қиық болсаң, ішкен айраның сұйық болар.

Атыңнан айырылсаңда ер тоқымыңнан айырылма.

Сауып ішсең мың күндік.

Сойып жесең бір күндік.

Көрік көмеуден.

* * *

Тұрмағамбеттің әкесі Ізтілеу Танагөздің апасынан туады екен және Тұрмағамбет жиені болады екен. Тұрмағамбеттің аударған Фирдаусидің «Шаһнамасы» иран патшаларының яғни, шахтарының өмірбаяндары және биліктері, саясаттары жырланады. Фирдауси шығыстың атақты 7 ғұламасының бірі болған. Ал оның еңбегін қазақ тілінде сөйлету жаңаша 11 жолдық өлең жазу жаңа кітап жазумен тең деген М. Әуезов. Кезінде бұл кітапты патшалар жастықтарының астына қойып, күн оқып, одан ғибрат алатын болған. Ол кезде кітап тек патшалардың ғана қолында болған кезінде алтын, гауһармен пара-пар болып есептелген. Кітап, қазақша сайрап, ел арасында қазір кітапты арнайы тауып алып оқуға болады. Онда Тұран мен Иран арасында мың жылдық соғыс, Рүстем дастаны, Тұранның патшасы Афрасиаб жырланады. Патшалардың өмірбаяндары жазылған бұл кітапта әр патшаның билікті қалай өткізгені туралы және нәтижесі қалай болғандығы жөнінде жазылады.

Тұрмағамбеттің шығармаларының басты құндылығы оның Бір Аллаға сеніп, исламға барынша берілген түрінде тақырыптарды қамти алуымен ерекшеленеді. Халық арасында кешегі өшкелі тұрған мұсылмандықты қайта жандандыруға оның қисса, дастандары мен рубаиларындағы адам бойындағы тазалық, пәктік, мөлдірлікті жырлауы арқылы халықтың қайта ислам іліміне бет бұруына әсер етті. Өзі оқыған шығыс мысалдарын қазақ тілінде сөйлетуі ерекше шеберлік. Осы арқылы Тұрмағамбет оқырманды дін жолындағы имандылыққа әкеледі. Сол үшін де оның еңбектері мың жылдар бойы жасай бермек.

Мұхаммед (с.ғ.у) айтқан екен: «Бір сөзге шеберлер болады, айтқандары ауыздарына жұқпай сырылдап, сусылдап, өтірікті қоса жырлағанды жаны сүйіп, одан әрі үдете түсіп, төңіректегілер оның өтірік қосып отырғаныны сезбей де қалады, мұндайлар таза ақын емес олардың көмейлеріне сөзді шайтан салып береді, олардыкі

заман өте өшеді. Ал екіншілері болады айтқан сөздері тартымды, шыншыл, мысалдармен келтіріліген, бұлардың сөзі мәңгілік болмақ. Себебі бұлар жырлау үшін қаншама оқып, көзін жеткізіп, я өз басынан өткеріп барып жырлайды деген екен.

Танагөз бабамыз кезінде жаугершілік заман болғанда ауыл бір жерде отырмаған, орысқа кірген соң тыныш болды деп отырады екен әжелеріміз, барымташылдыққа байланысты қазақ бірін-бірі шапқан кездер де болған, бабамыз 9 отар қойды айдап келе жатса алдынан қарақшылар шығып, ішіндегі біреуі шығып, қойды тартып алмақшы боп, қойшыға келіп тіліңді көрсетші десе, бабамыз тілін көрсетіпті сөйтсе сол танып қой мынаны босату керек тілі бүлкілдеп тұр екен деген екен, сонда екінші келіп тиісіп сонда атамыз төртеуін жайратып, аттарын отарға қосып алып, келе жатса алдынан кегендер күтіп алады, сонда қой қарауға 2 бала тастап, кетеді екен, біреуі Игісін, Пірмән әкесі, екіншісінен бала жоқ. Сонда екеуін жараса қоржынға салып алады екен. *Көсік, жуа*, құмда өсетіндерді Танагөз атамыз алып береді екен. Сонда екіншісі Игісіннің жеп жеп отырғаны сенің жеп отырғаның деп тартып алып жеп қоятын қу болған екен, одан ұрпақ жоқ екен. Сонда атамыз орысқа бағынып барып тыныштық орнады, *«атты қазақ жаяу орыс»* деген шықты содан дейдін үлкен қарттар. Оған дейін қайда жыңғыл, құм арасына қашып, көшіп, негізгі бәрі мал өсірген, егіншілік болған, егіншілерді *жатақ* деп атаған. *Суалма* - деген болады көктемде су тасып дарияның арнасынан асып сай салаға шөлді балшыққа айналдырады.

Қайтқандағы көлтабанды кетпендеп қарық жоқ, сонда қауын асқабақ, арпа, бидай еккен. Ауысқанын мал, киім қылған. Малмен егін қатар егіншілік болып мал көп болған. Тары, бидай егіп, жатқанда байлар келіп тары кеусен, бидай кеусен алды дейді. Орнына өздері мал береді. Олар мал береді, бұлар астық беріп күн көрсі жасайды екен. Астықты Арқадан астып алады екен, Қостанайдан кір айдап сол жақтан әкеп алады екен. Бұл жақта егеді бірақ аз екен. Қалғаны қыстауға қарайды, қораны дайындап, егін, азық аулақ пішен шөбіне дайындаған. Мұзбалық мұздан балық аулаған. Ертеде ну болған, өзек ағып жатқан. Жолбарыс болған. Байжан деген кісі жолбарыс аулауға шыққанда өгізді апарып қамыс арасына жеп жатқанда тойып жатқан кезінде үстінен түскен, қолына қыл шылбырмен байлап сауыт жасап, биалай киіп барған екен, оның сыртын қыл шылбырмен орап, бір қолына қаруына асынып, қылыш, шоқпар. Төлес деген кісі інісі екеуі үстінен түсіп, Байжанды жолбарыс басып қалып, Байжан алысып, қолын аузына тоса қалып қасындағылар қорқып қашып, Төлес қайтып ағасын қимай келіп, басына шоқпармен ұрып, жанбасына қылыш тығып алыпты. Байжан сонда жолбарыс аузына қолын көлденең салған, алысып жатқан екен, сонда аңшылыққа сауыт кесе де биалай қылды қарулы болса да алдырмай алысып жатыр екен, сонда жолбарыс бір адамға алдырмайды екен. Сонда Байжанның күшті болғаны ғой әйтпесе, анау-мынау адамды лақтырып жібереді екен, жолбарыс тісі қыл шылбырдан да өтіп кетіпті. Малын сақтау үшін солай жасаған, ол кезде мылтық болмаған. Солардан соң жолбарыс болмапты. Шағал, борсық, түлкі бар

Тарихи орындар: Ержан бұлақ Тұрмағанбет ауылынан жапсарлас іргесінде Жаман мортық бар, соның жанында құмнан шығып жатыр. Тоғанас батыр одан әрі ор-

наласқан, Ешнияздың бейігі ұйтамы бар, Бұлағы бар басында әр жағында Ерденнің әкесінің ұйтамы *өзек* бар.

Шежіре. Ауылдағы барлық ақсақалдар осы шежірені қолданады. Алшын шежіресінен Теңізбай Үсенбаев. «Жетіру» «Байсары», «Әлім».

«Шөмекей» он екі ата Байұлы руларынан құралған.

Бекарыстан: Ордаш→Мөңкеби→Сарымырз→Қоғам→Арғымақ→«Алау Тұлпар» Арғымақтан –Телеу, Рамадан, Сәдір, Нәдір.

Алау - Қыдуар тентек, Құдияр, Сәду, Жағалбайлы.

Қыдуар тентек -Алқожа, Асан қожа.

Алқожадан –Кәдірқожа, Сәдірқожа, Беріш.

Кәдірқожадан –Қаракесек, Байсары, Әлім, Шөмен.

Ханбибіден- Байсары.

Қағаздан- Әлім, Шөмен.

Байсарыдан –Бозанша, Майлыбай тұқым жоқ, Бозанша, Адамқожа, Сәду.

Адамқожадан -Қара, Сара. Сарыдан -Асан, Жанбақты, Құлсын(Құлыс).

Киікшіден –Тілеу, Шортық.

Қарпықтан –Текей, Құдайназар.

Текейден- Ақкөбек, Абақан, Құтмамбет, Кеген, Шымырбай, Ұлтай.

Кегеннің бәйбішесінен: Есенгелді, Есен, Бикелді, Дәуірбай, Шәкебай. Танагөз

1650 жылы Тәуке хан Құлтөбеде үш жүздің басын қосып, ұлы кеңес өткізеді.

1. Үш жүзге пір. 2. Ел бірлігін сақтау, сыртқы жаудан қорғау. 3. Жеті жарғыны қабылдау. Ұлы жүзден: Қожа Мағзам, Орта жүзден: Қожа, Сайд, Сейтпенбет, Кіші жүзден: Түркістаннан Ақтан Сопыдан, Әйтеке биден пір болатын адам сұрайды. Менде оқып жүргеннің бәрі бала, саған қандай пір керек десе, Әйтеке «Тақсыр маған, сақау емес тілі бар, соқыр емес, көзі бар, ақсақ емес, аяғы бар пір керек» депті. Әйтеке: «шырағым мешітте 1001 бала оқиды, ішінен өзің таңдағаныңды ала ғой» депті. «Анау айдарлыны берсеңіз болды» депті. Бұл Мүсірәлі еді. Оған имам батасын берді. Баланы қалай таңдап алдың дегенде, Әйтеке Тақсыр бұл баланың басында шырақ жанып тұр, екі иығында екі арыстан тұр депті. Кіші жүзден Керейт, Ақсақал аталығынан аса аруақты, оған қарсы тұрған тұқымның ұрпағы оңбайды. Он жеті жасында бас пірлікке сайланған. Сопы Әзиз деп атаған, Қожа атағы берілген. Керейт қожа атанды.

Шалы, Қашы - екі жерден қамыстың белін қамыстап бүреді, жол үйге ұқсатып, кейде қамыстың өзімен басын иіп тұрып төбесін жабады, қазіргі шәйлә сияқты балықты сақтайтын орын ретінде оған балықты қыстың күнітекшелеп жинап алады. *Мұзбалықты* сонда қалап, кейін ондағы мұз болып қатып қалған балықты ыстық суға салып жібітіп пайдаланна береді. *Тонбалықты* қыстай сақтайтын орын қазіргі тоңазытқыштың қызметін атқарған.

Қызылсу дарияның бетін басқанын күтеді, халық бір-бірінен *қызыл су басты ма* деп сұрайтын болған. Қызыл суда әжелер көшетін болған, кейін сең басқан. Сол қызыл судың бетінен бір күнде көшіп өтетін болған. Көшіп Қаракұмға өткен. Бері қарай мұз ұстасқанда өтетін болған, яғни қыс түскенде. Сонда алтын, қаратамыр, кеген бірге көшетін болған олар бері жақтан келіп қазіргі Қуандарияны мекендеген.

Сол көшкен кезде қатыс болған адамды сол жерге көміп кеткен, байқуатты адамдардың ұрпақтарын арнайы көктаспен бастарын *ағартқан*. Сол көшіп жүрген кездің өзінде бел, бесік, қарын құда орын алатын болған. Бір жерде 2-3 күн тұрақтаған одан соң, ол жерден өтіп кеткен. Ар жаққа көшкен кезде Қарақұмнан әрі асып Троицк, Ор, Үркітке дейін көшкен.

Жаңа отау құру, бөлек шығару. Жаңа отауға енші береді. Оған көрпе-төсек, малын береді, қазақ ошақ, өзінің жан басына қанша мал тиеселі соны береді, ағайын туысқандар да немеурін береді, қосатын жаңа отауға беретін үлестері, мал, ыдыс-аяқ, көрпе-төсек береді. Міндетті түрде кіші баланы қолға ұстайды, үлкен үйде қалдырылады, ата-анасының отырған үйіне ие болады, үлкен үй қара шаңырақ. Бөлінген аталықтың ішіндегі үлкені ақсақал деп есептеліп, ол көктеуді, күздеуді көшу орындарын бөліп отырады. Сыртқы билік ақсақалда, ішкі билік бәйбішеде болған, келіндердің, балалардың тәртібіне жауап береді бәйбіше.

Ерулік дегеніміз - көш келіп жаңа жерге қоныстанғанда көшіп келген отбасыны жаңа көршілерінің шақырып, тамақ беруі, күзде соғым сойылады, соғымнан сыбаға беріледі, әуелі бас асылып, ауыл ақсақалын шақырып, батасын алады, сосын қабыртқа жейміз, омыртқа жейміз деп келушілер болады. Орта жастан төмен кісілер ағама сәлем берем, жеңгеме сәлем берем деп келеді оларға омыртқа, қабыртқа беріледі, құдама сәлем берем деп келеді оларға өздерінің сыбағалары беріледі, құдаларға жамбас асылып беріледі, өйткені малдың басы біреу-ақ, әрқайсысының өз сыбағасын береді. Күйеумен қызға төс, құйымшақ, кәрі жілік асып береді, кәрі жілікті асу себебі ажырамай бірге өтсін деген мағынада берген. Ауылдың үлкен кісілеріне жілік, Сыбаға, ерулік көшкен кезде беріледі. Асық жілікті біреуден біреу бала асырап алғанда ұстатқан, асы жілік ұстатқанның мәнісі-мынау менің балам деген сөзі. *Асық жілік ұстататың ба* деген мақал содан қалған мақал.

Айырылысу көже тұрғылықты жерінен белгілі шаруашылық немесе тұрмыстық, жұмыс жағдайында көшуіне байланысты көрші қолаң, құда жекжат, туысқандарын шақырып, тамақ береді. Жаңа жерге барғанда оларға танысу тамақ деген болады оларда сөйтіп кезекпен кезек оларда әуелі ауыл ақсақалына соң, тамаққа шақырады, ондағысы көшіп келушінің ойында жаңа жерге келдім түсінікті қалыптастыру үшін жүргізілген.

Қарулық кісілер көшіп келген соң өздерінің үйінен беретін тамағы.

Бастаңғы-ауылдың ер кісілері барлығы жиналып жол жүріп кеткен кезде ауылдың жас, бойжеткендер, келіндер, бозбалалар ауылда қалып, үлкен кісілердің көзінше емін-еркін ойнап күле алмаған, кеткен адамдарға жеңіл бола бас таңамыз жолы болады деген мағынада.

Көктемде жер көктегенде жайылым мол жерге көктемде – күн отырады, жаңа өсп келе жатқан шөп жұтаң болады соған байланысыты. Жаздық жайылым қамыс қара буын, ат тілді болғанда көкке мал тойынады, июнь, сона, маса болмайды, мал қоңалады, адамдар тегіс рухани күшейеді, ағарған толысады, ерте заманда осы кезде соғы, жауға шабу осы кезде жүргізілген ат күшеймей адам күшеймейді, шілдеге жетпей, қыстауға бармайды, Абай Күздеу қыстауға көшер отыратын жер 5-10 күн отырады, қар бір жауғанша Абайдың: *«Ерте барса қыстаудан жеп қояды, деп*

ықтырмалап отырады бай», қоспен ықтырмамен отырады, күн райына көшеді. Қыстауға келеді, жер қатқанда өора, там болады, сыртта жылқы болады, қалғандары қолда болады, күндіз жаяды, түнде шөбін береді, аязда қолда болады, албар қора-кең, ашық, қора, бітеу қора-арық құрағын, бағатын малын осы бітеу қорада ұстайды. Қораны бопырдан соғады, қамыстан, жыңғылдан соғады, бірақ кесектен соқпаған. Бұтасы қалың, боранда мал ықтайтын, емін еркін жайылатын, тоят болатын жерді таңдайды, жаздық жер көлі, құдығы болады.

Малды тану - әркімнің таңба-ені болады, жылқыға таңба басады, малды түрі, түсі, ен, таңбадаан таниды, жасына қарай қолға тәуір еттисін, суға, төзімдісін ұстайды. Кәрісін семірітіп сйып алады. Пішен, жантақ, жоңышқа, августте пішен піседі, айда жоңышқа, қара шөпті күзде жабайы шөптер гүлдеген піскен кезде орады.

Шөп шабу құралдары: орақ, шалғы орақ, қол орақ, бел орақ (білекке орап алып, құшақтап алып әйдік болады, бір құшақ бір орам болады, көлтабандарды сонымен орады). Шалғымен оғанды фокустейді, үйеді, шөмелдейді, айырмен арбаға салып арбамен тасиды, маялап жинайды.

Малды төлдету әуелі малды қашыруды дайындайды апрельдің басында мал төлдеу керек, көкке ауызданған мал ширақтанып, тоқ болады, тез оңалып кетеді, ал ерте туса, онбай суыққа ұрынады, тамаққа жарымады, *қыркүйек-«күйек»* алу деген сөз қошқарға күйек байлап белдемше мезгілсіз қашырмасын деп, қыркүйектің аяғында алып қалады, ноябрьде қашуы керек, төлдету айрықша қарау өріске жібермей алып қалу керек, төлдер кезде біреулері теріс келеді, қолдан тартып алады, мал басымен алдыңғы екі аяғымен тұмсығы шығу керек, саусағымен теріс келсе айналдырып, жіберу керек, міндетті түрде жылы сумен жем берсе жолдасын тез түсіретін болған. Мал ауруларының түрлері қойда *топалаң күл, сарып*, сиырда *аусыл, қарасан, маңқа*, түрлі жаралар. Аттың танауын тіліп, шеміршегін алу керек, қатты күш түскенде тыныс жолын жауып, өліп кетуі мүмкін, ұры тісті алады, азу тісі өсіп жылқыға шөп жегізбейді, тайдан құнанға өтерде алып тастайды, көп шауып мұздай су ішкізсе, *алаөкпе* болады, ыстылы суық болып, жазылмайтын ауру болып, өледі. Түйеде *қатпа* болады әлсіреп өледі, *иш тастау брюцелез* дұрыс күтім болмаса, түйе, жылқы 10 айды, сиыр 9, қой 5-6 ай, қой сиыр, *сарып* деген ауру болады, тұяғының екі бақай арасы тесіледі оған бір бидай тығып, емдеген ырымы. Бір-екі күн емдеген, сиырда бұған жас баланың кіші дәретін шаптыртады, жылы су құяды, жылқының ауруын пышақпен емдейді, тіліп алып тастайды, сосын маз жаққан, қотырға қимайы қойдың тезегін отқа өрттеп, соның бір жағымен шүмекпен майын алып, сол майды жағады. Құртағанға, қотырға жағады, түйеге ыстық темір басады, *«жылқыға пышақ, темірге дақ»* деген мақал осыдан, Кегеннің руында малға қос қару шоқпармен қылыш айкастырып басқан, әр рудың өз таңбасы болған. Емдеу жолына дәрілік *құртқашаш, күкірт, қимай* қолданған, еркек малды кестіру күн суық болған кезде шыбын шықпай тұрып, кестіреді. 20 градушта, жылы қорада астына саңылтыр төсеп, 1-2 күту керек, мал басын сақтауға байланысты ырымдар соғым сойғаннан кейін басын асып бата алады, малың көп болсын, уайым малың өссін мыңғырып, жүйрік тұлпардың басын сақтап қояды, кейін тұлпар тұқымы сақталсын деп және Ерденнің үйінде Ақат апам кәрі жілікті сақтап қояды көз тіл-

ден сақтайды деп маңдайшаға іліп қояды, етті, сүтті, айрықша сақтап, *көктемде шілдеқотыр* болады, қой шеңгелде жайылғанда болады, өзінің сүтін сауып қайна-тып аузын малып алады, бірден түседі. Мал сою құбылаға қаратып, төрт аяғын бай-лап, «сенде жазық жоқ, бізде азық жоқ». Алла өзің қабыл ет, құда жолыны қабыл ет деп шалып жібереді. Төрт сирағын кесіп, терісін алып, қол желігін аласың, малдың мойынында екі күретамыр қанын ағызу керек, қан қою болғандықтан жабылып қала береді, пышақпен соны ашып отыру керек, соны қарап отыру керек, рамазан айында арнап айтасың, пәленше, туған, туысқаныма деп қабыл ет аты-жөніңді ай-тып, дұға жасап мауыздайды.

Жіліктеу. 6 жілікте 12 жілік болады, алдыңғы, қоқатай, кәрі жілік, артқы: жам-бас, кәрі, 6 беломыртқа, ортасыннан шапсаң 12, сабақты омыртқа әр қабырғаның тұсында тұмсығы бар 6 мойын омыртқа, төсті де бөледі, 12 болады, қабырға 24, жылқыда артық болады *қара қабыртқа* деген болады қазыға келмейтін, басты үйітіп, тазалап, жуғаннан соң, екі жағынан езуінен бастап тіліп, айырамыз, бастың бас жағында кеңсірік, көз, шүйде, ми, қаракұс, астыңғы жақ: ұрт ет, жақ, тіл... Басты екі бөлеміз, сиырдың басын 4 бөледі, қазанға сию үшін, жылқының басын бөлмей асу керек, кейін бөлетін болды,

Құдықты жер қатпай қазады, Маңғыстау жақта бір ауылдың бір жылдық напа-қасын беріп қаздырады. Құдықты кім қаздырса сның атында қалды, сол құдықты-рады арасы 1-2 күндік болған, қозықош, түстік, қонаға, бір күндік болған.

Егіншілік көктемде егіс бастарда көп несиебесі деп себу керке, ең бастысы көпке көп береді деген түптамыры бір ақ сөз. Үлкендерге сый- сияпат жасап батамен бас-тайды, бау-бақша отырықшы елде болған. Бала шағасынының аузына тез тиетін кө-кеністі еккен, ыңғайы келсе, жақсы, құнарлы жерге еккен, күнжіт-сарымай сияқты дәмі, майдың орнына бұтасы ақбас сияқты орып алып, қырманға салып, сабап, 90 пайызы май болады, қауын қарбыз, қара өрік, сары өрік, алша, шие, қызынақ.

Арық қазу ауылдың үлкен кісісі ешешпі сырықпен өлшеп кетпен саппен өлшеп жер береді, 2-3 жапты, арықты тазалап, қыршып, қазып болады, құмдардан, тазар-тады.

Тазаттық - жауын жаумай, боранда, табиғи түрлі апаттар, жер сілкіну, му басу, адамда малда індет тараса, халық тасыттық береді, әр ауыл жеке өткізеді, судың, каналдаың басына малын сойып, халық жиналып, Алла тілегімізді қабыл ет дұға оқиды,

Сабантой - күзде астық жиналып, егіншінің қолы ұзарып, адам көңілі күшей-генде жасаланады. Марапат жүргізіледі, Күрішке жер айдалып, дискіленіп, тырна-малайды, катог жүреді, селік себеді, глаткий катог дәнді топыраққа нығыздайды, сосын су жібереді, 90-120 күнде күріштің сортына байланысты піседі.

Балық кәсіпшілігі – өзеннен қармақ, кермеше аумен аулайды, көлден ауласа сү-зекі дөңгелектіп ауды, *нәрете* - қалта-қалта болады, *шанышқы* - бөлінген судан аулайды, шөппен ысырмалап аулайды, 200 метр жерді ұстайды, бөлінген тұйық суларды сөйтіп аулайды, *көттаспай* - екі адам бір-біріне итермелеп отырып, аулай-ды. Қыстың күні мұзды ойып үкі жасайды, балық тыныс алу үшін шүпірлеп келеді, сол кезде үкіні айналыдырып, қалың камыс пен үстіне бүркеме қараңғы қылып,

қолындағы шанышқымен аулайды, Мұзды ойып, ойып, аумен де аулайды, ілмек темірмен беріп отырады.

Аңшылық қақпан құру, аң ізіне аң жолы деген болады бірыңғай жүріп отыратын, қақпанның соққысы, тиегі, серіппесі, түңлігі, серіпені басаң қақпанның аузы ашылады, ашып тұрып, тиектің бір басы өзінде екіншісі қақпанда болады, серпіппені сосынмен иіліп қоясың, түңлікті жайып, құммен жайып, шөппен жауып тастайсың ешқандай иіс болмауы керек, қапан шапқанда соққы ұстайды, кейде қазық болады, киік қасқыр, шағал, борсық, шошқа, мәлін, түлкі, қарсақ, шағал; Аң аулау құралдары *тұзақ* деген болады шағын нәрселерге жіп, сым, тростың бір тінінен құрып қояды, Әби деген кісі қауаққа ет салып қойып, түлкі тығып, тығып басын алған Шәкәрман - Қаржаубайдың әкесі болған қауақпен түлкі алған деп аты қалған. Қасқырды қақпаннан босатып ауылға тірілей алып келгендер болған батырлығын көрсету үшін түлкі, қасқырды қара тұмсықтан ұрған. Қасқыр өте қу, ақылды болады, қазақ ертегілерінде қасқырды аңқау қылып көрсеткенмен қасқыр қу болып келеді, мысалы Тәңірберген деген кісі қақпан қойып енді кете бергенде қақпанға қасқыр түсіп қалыпты, енді атылайын деп ұмтыла бергенде аңшы артқа мысық табандап жылжып, мылтығына қол жеткізіп алыпты. Шыққан соң қараса үсті басы былшыған терге бығыпты.

Үлкен кісі төрде отырып, тамақ үшін болған соң ас қайтарды, ас қайтарғанда «*Ләһи аумин*» деп бата берген.

Мақал

*Жылқыны он жыл мінбесе,
Бие он құлындаса,
Сыыр он бұзауласа, - ер (бір) болады.*

*Аяғын аңдап басқан,
Қыдырдың ізін басады.
Аңдамай басқан –
Жын-шайтанның ойнағын басады.*

*Жаманнан жақсы туса,
Нұрдан пайда болады.
Жақсыдан жаман туса,
Жыннан пайда болады.*

*Барымтаға қарымта.
Отырық батырық
Түйенің ауруы қатпа*

«Үй үстіне үй тіксе үйден де жылы болады», - деп сүйек жаңғыртқан.

Дерек кісі: Сұлтанбек Мырзабеков Тұрмағанбет ауылы. Ұсталар туралы арнайы мәлімет жинақтаған.

Тұрмағамбет ауылынан шыққан билер, ұсталар және зергерлер

Бекет би Өтемісұлы (1813 – 1898) – Жанқожа батырдың жиені, руы Кіші жүз, Қылыс кете – Добай. Арғы атасы Әжібайдан бері қарай билік айтқан арқалы би болған. Қуандария жолы бойында Бекет құмы, Бекеттің мұнарасы деген жерлер бар. Патшалы Ресей кезінде старшын қызметін атқарған. Бейіті Қуандария жолындағы бұрыңғы «Ақтайлақ кезеңі» деген елді мекенде. Ұрпақтары Тұрмағамбет ауылында, Қызылорда қаласында тұрады.

Аман би Өтемісұлы (1815 – 1899) – қалың қабақты, өткір көзді, аузы дуалы би болған кісі. Тіктеп қарағанда тірі жанның өліп кететін жағдайлары болған әруақты адам. Бейіті Бекет ағасымен бірге «Ақтайлақ кезеңі» елді мекеніне қойылған, ұрпақтарынан тек тараған жиендері бар. Олар Қармақшы, Қызылорда, Тұрмағамбет ауылдарында тұрады. Айтбай деген ер баласы ұрпақсыз ерте қайтыс болған. 2003 жылы екі бидің ұрпақтары олардың бейіттерінің басына белгі көктас қойған.

Құлжан би Базарұлы – өте әділ, елге жағымды, беделді, әруақты би болған жан. Билік арғы аталары Әжібай, Өтеміс, Бекеттен бері қарай атадан балаға дарыған. Ел аузында әлі күнге дейін Құлжан бидің әділ биліктері айтылып келеді. Ұрпақтары Тұрмағамбет ауылында, Қызылорда қаласында тұрады. Бейіті Бекет, Аман билердің қасында, «Ақтайлақ кезең» елді мекенінде.

Бегім би Сарыбасұлы (1858 – 1924) – әділдігімен ел құрметтісі атанған би. Халықты отырықшылыққа үйретіп, сауатын ашуға көп көңіл бөліп, мешіт салып балаларды оқытуға жағдай жасаған. Қуандария жолында «Бегім мешіті» деген жер осы кісінің атындағы мешіттің орны. Ұрпағы Зейналадин Бегімов кезінде мектеп директоры, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, сауда орындарында қызмет істеп, зейнеткерлікке шыққан. Қазір Алматы қаласында тұрады. Бегім «Ақтайлақ кезеңі» елді мекеніне жерленген.

Көшер би Таңатарұлы – ХІХ ғасырда өмір сүрген әруақты, көреген, аузы дуалы, елге сыйлы жомарт би болған кісі. Руы Кіші жүз, Кеген Кете. Иран, Пәкістан, Қытайға қатынап, сауда істеген ірі бай болған. Әруағы арқылы адам емдеп, жетімдерге көп көмек көрсетіп, қамқорлығына алып отырған. Балаларынан тараған ұрпақтары Тұрмағамбет ауылында, Қармақшы ауданында, Алматы қаласында тұрады.

Ұста-зергерлер

Ауылымызда ағаштан түйін түйіп, ұсталықпен, зергерлікпен және тігіншілікпен өнерлері көпке танылған көптеген кісілердің қолынан шыққан қазақтың ұлттық нақыштарындағы дүниелер кейбір үйлерде әлі күнге сақтаулы.

Қошқаров Омар, Самалық ұлы Томпа, Қойшыбайұлы Жанай, Дәрімбет ұлы Бодыбай, Мұратов Жәнділданың соққан сырғалары мен алқалары, білезік, сақинала-

ры, пышак, кетпен, ат әбзелдері олардың киелі аруақты ұста екендігін көрсетіп, аттары аймаққа жайылған еді.

Сол кездегі қыз ұзату мен келін түсіру осы кісілердің соққан күмістеткен білезіктері мен сақиналарыңыз, шашбауларыңыз атқарылмағандығы белгілі.

Мұратов Жанділда Отан соғысы кезінде қару шығаратын заводта ұста болса, кейін зейнеткерлік демалысқа шыққанша шаруашылықтың қажеті үшін ұсталықпен көмек көрсетіп келді. Жанділда әкеміз ешқандай химияны оқымай-ақ шыны ыдыстарды жоғары температурада балқытып, сынған кесе-пәрнектерді желімдеп, күміс тиындардан күмісті булап ұшырып, сымға тізіп, білезік, жүзіктерге салып отыратын. Сонымен қатар, ол аңшы болатын. Қос ауыз мылтығымен қатар ұшқан екі қырғауылды, қатар қашқан екі қоянды атып алғанын көргендер бар. Атқан аңдарынан өзіне жетерлігін алып қалып, қалғанын көршілер мен ағайын-туыстарға таратып беріп отыратын **сақи** кісі еді. Жанділданың ұрпақтары Қалмақан, Оңғарбай, Яхиялар елге танымал ұсталар болды.

Әби Шораев ақсақал да ұсталығымен бірге қақпаншылығымен көпке танылды. Қу тілді аңшылардың асырып айтатын әңгімелерін көп айтатын. «Мен түлкілерді ешқандай оқ шығармай, ауылдың қасынан аулаймын. Ауыл шетіндегі электр бағанасына ішіне ет салып қауақ іліп қоямын. Сол қауақтың ішіндегі етті алып жеймін деп түлкі басын қауаққа тығып алып, кейін шығара алмай қаңғалақтап жүргенде оны тірілей ұстап, не соғып аламын», - деп әңгіменің майын тамызып отыратын еді. Ол кісінің мұндай әңгімелері өте көп. Балалары Шәкарман, Қаржаубайлар да әке жолын қуып ұсталықпен айналысса, жиені Нағымет қақпаншылықпен аты шығып жүр.

Ақбаев Қожатайдың қолынан шыққан киіз үйдің кереге, уықтарын көп отбасылар әлі пайдаланып келеді. Бұлардан басқа Шораев Әби, Алдамжаров Байнаш, Шәдім ұста, ерші Қасай Орақбай, Боранбай сияқты азаматтардың өнеріне көбіміз куәміз.

Тігіншілікпен, оюшы, кілемшілікпен аты шыққан Жүркенова Әніш, Шайхы, Жүсіпова Жазық, Қауынова Ибагүлдер өз өнерлерімен халық қажетін өтеп отырған. Осы кезде Қауынова Ибагүлдің қызы Злиха Баймырзаеваның өз қолымен оюлап жасаған киіз үйі республикалық дәрежеде өтетін салтанаттарға тігіліп, лайықты бағаларын алуда.

Жанділдаға шәкірт болған Бодық Шәдиев, Жәрімбет Арыстанов, Омар ұстаның шәкірті Торта Ибрашев, ағаш ұстасы Жаппар Тасымовтар ұстаздарының жолын қуып, шебер ұсталар ретінде елге танылды.

Ұста - **Жәрімбет Арыстанов**. Өткен ғасырдың ортасы және аяғында Сыр еліне есімі белгілі болған ұста Жәрімбет Арыстанов 1930 жылы сүлейлер мекені Дауылкөл табанында, яғни Тұрмағамбет ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Балалық шағы ашаршылық пен репрессия, содан кейін Ұлы Отан соғысымен тура келген Жәрімбет мектепті тәмамдаған соң туған ауылында ауылшаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын өркендеуге өзіндік үлесін қосып, бірнеше жылдар шопан болып еңбек етеді. Кейін келе ол шопандық таяғын ұсталық балғаға айырбастап, сол кездері өздерінің ұсталық өнерлерімен өнімімізге танылған ұс-

талар Жанділда Мұратов пен Бодық Шәдиевтерге шәкірт болып, ұсталық өнерді үйренеді. Кейін келе Жәрімбет ұста өзі жеке ұсталық қазандықты иеленіп, ауылдағы шаруашылық техникаларын, жеке тұрғындардың күнделікті тұрмысқа қажетті құралдарын жөндеп беретін болды. Осы абыройлы жұмыста Жәрімбет ұста 1990 жылға, яғни құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін атқарып, ел құрметіне бөленді. Жәрімбет ақсақалдың алтын қолынан шыққан кейбір тұрмыстық құралдар әлі күнге дейін ауыл тұрғындардың керегіне жарауда. Оның еңбегі ел есінде қалды. Жәрімбет ақсақалдың ауыл экономикасын нығайтудағы елеулі еңбегі жоғарғы органдармен бағаланып, ол көптеген Мадақтамалармен марапатталды. Ол «Еңбек ардагер» құрметті төсбелгісінің иегері атанған ардақты азамат 2008 жылы өмірден озды. Қысқасы, *ғайыш* тілін білген бабаларымыз о дүниеге сегіз есік арқылы енбей-ақ, ғарышқа ұшпай-ақ, өз құдіреттерін жер бетінде отырып-ақ дәлелдегені мына дұғаның ғаламаттарынан-ақ көрініп тұр. Қысқасы, мұсылман елінің тума және ғайыш иелері таза жолда жұмыс істеген сол үшін де басқа діндегілер сияқты ғарышқа ұшпай-ақ нақты дәлелдейді. Мәселен, XVII ғасырда қасиетті Сыр бойында Қоқан хандығын басып алған қалмақтарға қарсы 200 кол әскерімен қалай қарсы шығамын деп Жанғожа батыр Марал Ишан әулиеге келеді. Сонда Марал Ишан әулие бір дұғасын оқып, Жанғожа батырға бара бер деп өзі қалып қалады. Жанғожа батыр тайсалмастан барып, 2000 қолды әскері бар қалмақтарды тырп еткізбей басып алады. Кейін қалмақтар айтыпты: «Бізге келе жатқан әскерлер бірнеше мың болып және бойлары 2 метрден де ұзын болып көрінді. Біз оқ шығарудан қорқып тыштықпен берілдік», - деген екен.

Тағы да Марал Ишан әулие кезінде елде осы замандағы сияқты «жасанды әулие Алланың елшісі т.б.» қаптап кетеді. Ауыл азаматтарын әбден шаршатады. Ел азаматтары қырық түйе сексеуілді алғызып, оны шеңбер етіп жайып, оның ішіне Марал Ишан әулиені және ана «әулиелерді» жинап отырғызып сырттарынан өрт қояды. Өрт басталғанда әулие-лер қашып шығады. Марал Ишан әулие от ішінде қалады. От толық жанып бітеді. Марал Ишан орнында отыр. Бір уақытта орнынан тұрады. Елге қарай жүреді. Ешқандай жерін от шалмаған. Тек қана шекпенінің бір жақ етегі кішкене сарғайыпты. Бұл сарғыш сөйтсе жас баланың дәреті тиген жер екен. Содан бастап халық жасанды «әулие»; т.б.-дан құтылған екен.

Дерек кісі: Нұртаев Тілеубай. 1960 жылы Тұрмағанбет аулында туылған, Кеген кете.

Атты баптаушы, кезінде аталары атқа бай болған. Жылқының көп болуымен аман есен үйірде жүруі айғырға байланысты, сондықтан айғырды тай кезінен бастап, қарап, мықты, буырқанған болса, айғыр қылып қойған. *Ат әбзелдері:* аттың сулығы, жүген, ноқта, жалпы жүген болады, тартатын тартпа, жүгені, ер тоқым, терлік, қамшы, өмілдірік, құйысқан. Ерді ағаштан жасаған, шотпен шауып жасай береді аз құралдармен, қазақта жейде талдан бүтіндей сүйегін дайындап алуға болады құрама ер де болады, *керсен*-арт жағы, арқасын сүйейді, екі жағын қаптал ол да бөлек шабылып алынады, басы, екі иығы екі қапталға, басы, иіп келтіру құра-

мада барлығы бір біріне киліктірілген құрама ағаш басы бөлек, жонып әкеп отырғызған қапталы бөлек, барлығының ізі тұр, бәрі бір-біріне киліккен. Бүтін ерді дайын ағашты шапқанда о баста ағашты бүтіндей шауып алады, құрамада құрамадан, отыратын бөлек ағаштан тұрады, керсен 3 бөліктен, тақтай әдемі болса екі бөліктен, тақтай кішкене болса, 3-4 бөлік, барлығын ұстайтын кілеймен не майда шеегмен шегелейді, мықты қып тұрғызады.

Ердің түрлері: құранды ер, бүтін ер, бөренеден бүтіндей шауып шығарады, әшекейлеп тастаған күміс ер, көкпарға ер, әшекейлі ер көкпарға болмайды, көкпарда аттың тісі тиеді, басы тиеді және басқа аттармен соқтығысады, сондықтан әшекейлі ерді тек салтанатты мерекелерде, жай мініп сереуілдеуге, жиын тойларда пайдаланылады. Үстің үстіне матамен қапталады, матаның астына астар салып, көрпешеден, сырып, қалыңмау матадан әсіресе, отыратын жерге қалыңдау етіп, қапатап, ердің қабын жасайды, басы бөлек таза кожамен қапталады, жабуы болады, астында тоқымы кетеді, астында жона-екі қапталға киелетін желдік, беті кожа асты киіз болады, қаттылау қылып, үстіне кожаны қойып сырып тігіп, бетін кейде оюлап тігіп, пішеді, астында тоқымы болады, ерден үлкенірек киіз болады, оның астында терлік болады, мақтадан тігілген матадан болады аттың терін тартып алады, терліктен кейін киіз тоқым оюланған жиегі, желдік салынады оның үстінен ер салынады, ердің үстіне қапталатын киімін кигізген соң, тартпа тартылады одан соң ештеңе керек емес ол енді көкпар жабуға дайын егер оның үстіне тағы көпшік салса, қалың болып, шабуға келмей қалады. Аттың сол жағынан мінеді сол жағынан ерттейді.

Дерек кісі: Сәлима Мұратова, 1960 ж.т. Тұрмағанбет ауылы.

«Атаңның баласы болма, адамның баласы бол», «жақыныңа жақын бол», «өзіңе қатал, өзгеге адал бол», «біреудің нанын жеме, ұрлық жасама, үлкенге жол бер, бата беріп жатқанда қол жауып қабыл ал, көп батасы қабыл болады», үйден алысқа шығарда оң аяқпен «бисмилла» деп шығу керек, қалтаңа нан салып жүр, жолың болады, күрделі істер болса, көмектеседі. Жолыңды жылан кіссе жолың болады. Көршіңмен тату бол, туысыңнан жақын. Сөз елді ірітеді, аз сөзді көп ойлы бол, көп ойлану жұмаққа апарады, қанағатшыл, көпшіл, кексіз бол. Кек сақтама, бірумен ренжіспе, бай боса бірінші болып кешірім сұрауға асық себебі пайғамбарымыз өте кешірімді, кексіз болуға жол салды. «Алла атымен ант» етемін деп күрделі, шынайы маңызды мәселерде көз жеткізу үшін айтылған, кез-келген жерде айтпаған, ант, серт -құдай сөзі, аманатқа жаманат жасама, не жамандық қылсаң алдыңнан шығады, я ұрпағына келер. Ешқашан нәпсіге, өтірікке, мадаққа берілме. Үнемі өзінді жаңартып, рухани байытып, отыр. Үлкеннің айтқанын екі етпе. Оның көз алсына қимылына көңіліне қара, артық кетсе көтеруге тыырс, бәрібір сен де сол жасқа келгенде көрерсің, қарғысқа ақалма, ешкімнің ала жібін аттама, бір сөзді сенімді бол, сезімтал бол, табиғатты аяла, жерді, суды үнемде, бәрінің есебі бар жауап бересің. Көпшіл бол, көпшілікте бәрі бар.

Байұлының ішінде алтын деген ру бар. Алтын қатынның аты. Қуаңдария ауылында жетірулықтар тұрады. Кердері, тама, табын, жағалбайлы, рамадан, керейт, телеу.

Кете, ожырай, шөмен, әлімнен шықпаса да әлімге қосылып Әлімұлы деп аталады. Адамның рухани және дене тазалығы. Ешқашан кірлеме. Таза емес адам елестен деп есептелеген, қыз бала аяқ қолы таза жүруі тиіс, даманың дене тазалығымен де көп нәрселер байланысты. Ашуды ақылға жеңдір. Елді қате дегенің өзіңнің ақымақтығыңды көрсеткенің. Үйдің үлкен адмы үйдің қазынасы оның дәрет суын дайындап, қолғанат болып жүгіріп сырын ашып сөйлесіп, арихымен мұңын тыңдай әрбір ата аансын сыйлаған баланың міндеті, қазақ ата ана разы болмай Алла разы болмас жеген сондықтан ата ананың артық сөзін көтеріп, оларды сыйлап айтақын тыңдап, арман тілегін тыңдап, шерін тыңда, білмейтін нәрсеңді үйреніп ал. Тіртінектеп жиған малы қазынасы сол малды балам үйленсе деп тойға жыйнайды, той дегенің ертең екі жас бас қосып дүниеге сәби әкеліп ұрпақ көбейтеді, қазақ қашанда бал көбейгенін қалаған. Ешкімге кесірің тимесін, көзі бар адмадрдан сақтан, көп алдында артық сөйлеме, ашылып, көзі бар адамдар болған, адамның сұлулығы не келбетілігіне не басқа да заттарына қызықсаң «Аллаһтың шебер жасағанын -ай» деп айту керек. Дүниеге артық қызықпа артыңда дым қалмас. Бұның барлығы жергілікті етермешіледің термелерін тыңдай отырып қалыптасқан және шешемізбененелеріміздің атықан сөздері.

Дерек кісі: Дұрманов Тілеу Тұрмағанбет ауылы, 1957 ж.т.

«Құрқылтайдың ұясы» қуық ауырғанда пайдаланады. Оны әкеп тығып қояды, әйтпесе сұрай береді, себебі оны тауып алу қиын. Бір күні көршісі түнімен ұйықтай алмай құрқылтай ұясын сұрап, соған беріпті. Қазақта үйің «құрқылтайдың ұясындай екен» деген теңеу содан шыққан. Ертеде мұны жылқының қуығына да пайдаланған.

Ертеде бір кісі басқа құспен шатастырып, байқамай аққуды атып алыпты, әйтпесе ел біткен біледі аққуды атпау керектігін. Содан ұрпағы тұрмайды. Аққу өте киелі ол бақсы, балгерге түсіне кіріп, қасиетті қондырғанын білдіретін. Қазтай бақсыға аққу көрініпті аққу кіріпті.

Ханның Әуп деген балуанын Текей батыр 16 жасында жыққан. Екеуі ұстасады, Әуп дәу атақты, қоңыраулы балуан болған. Текей жігіт, бозбала, палуанға қорқып ешкім шықпағанда «батанды бер» деп Текей шыққан екен. Әуппай лақтырып ширайын дегенде ұстаған жерінен айырылмапты, Текей батыр бабамыз әрі-бері жұлқынып, ұстасады, ұстап қыса берген екен, шалып, құлатып, үстіне мініп, қарақ болды десе палуан орнынан тұра алмай қалыпты, сөйтсе Текей батыр Әуптің төрт қабырғасын сындырып жіберіпті. Сонда ел «қалай білдің жығатыңды деп Текейден сұраса: «мал бағып жүргенде түнгі күзетте атамның жылқысын бағып жүргенде ішім пысып орманның арасынан еріккенде құшағым жететін жуан ағаштарды қысқан кезде ағаштан шыпшып су шығады екен, сонда күрескенде солай шығар» деп «әй бұл нәті адам» ғой деп шыққан екен, сондай жас күнінен болымды батыр болған, батырлығын өзі білмейді тек балалықтан жасаған.

Құдайназар деген ағасы қол бастайды, қол бастап, ханнан жарлық келіп, қырғыздарды шабуылға шығады. Сонда Текей менде барам деп қолқа салады, сонда

ағасы жоқ сен әлі жассың, 18-ге толған соң барасың астында бәсіре құнан тайы бар екен, әскерді ел аттандырып болған соң, неге төте жолмен жүрмейсідесе ол жолда аждаһар бар деген екен барған дам қайтып қайтпайды, олар аттанып кеткен соң Текей батыр құнанға ет тоқымын салып, шабады, аналар Текей кетті деп шулайы, ағасы атты қояды, келсе Текей ұйықтап аждаһар өлулі екен, сөйтсе аждаһардың ұйықтап жатқан екен кліп көзін ойып түсіріп, басын шауып алған, екен сол аралық та уын шашып соған мас болып Текей батыр ұйықтап жатыр екен кле сал сүт беріп уды қайтарып, тура жолмен жауға шауып сонда Текей шауып кел жатып не де болса көзін құртсам бір жөні болар деп садақпен алыстан межелеп көзін ағызып түсірген екен. Аждаһар долданып жан жағын топырақтың бәрін аспанға атып, шеңгел жыңғылды аспанға атып қара түнек қылған екен, әлем тапырық жаса,ан екен, сол кезде Құдай-назар: «ой Жалғыз інімнен айырылдым-ау деп « ойлаған екен. Содан ханға аждаһардың жон терісімен тісін әкеліп, сонда Тәуке айтыпты : «осы соғыстағы бірінші олжаны Текейге беріңдер депті. Текей соғысқа қатыысп жауды жеңіп келсеген соң ханның қызын қолға түсіріп алып келген сосын бір сұлу қыз алып келіпті. Ол хан қызы екен, келесінде алтын бесікті ұл әкеледі, соған дейін Бөке бала таппайды. Содан соң Ақкөбек, Абақан, Құтпембетті туады. Кейін барып қалмақтан Текей атамыз тоқал алады, одан кеген туады, үшінші әйелі қазақтан алады, Шымырбай туады.

«Иттің басын сары табаққа тартсаң шошиды» деген сөз бар. Жатарда қонақ кәдесін жасау деген төсегін салып қою, қонақ сыртқа шығып кетеді, төсек саларда қонақ кәдесін жасайын деген.

Дерек кісі: Бисенова Ізім. Руы әлім, 1946 ж.т. Тұрмағанбет ауылы.

Басқұрды бір ақ, бір қара қылып шатыс түсіріп тоқиды. Бір тініне ақ жіп, жүгіртіп, бұзаутіс болады. Бірақ бір қызыл жаппай бұзаутіс. 3-4 жіптен бөлек жиек жасайды, жақындаған кезде түп ағашты босатып жіберіп аудармашыға қылыш симай қалғанда қиып қалады ауысқан жерін ширақтайды әдемілеп.

Қылышпен ұру - шатысты ұрып отыру, шүлтікпен өткізеді. Шатысты қылышты ұрғанда келеді, серуді жақындағанда жылжытып отырады. Шатыс өткізілетін жіптер, шатысы келіп тұрады. *Арқауға* жалғыз дінді жіп керек. *Адарғы*- екі қатар керілген жіп ортасына салынады. *Серу* - әр дінді жіпті іліп бірінен соң бірін байланыстырып шығу. *Шүлтік* -арқау төгетін ағашты жіп оралатын ағашты атайды, шүлтікке бос ширатылмаған жіп керек. Айналдыру өрмек жүргізу.

Қой сүтінен жасалған құрт ең дәмді құрт.

Беташарда 1) амандасу елдің назарын өзіне бұру; 2) таныстыру

3) ақыл айту мысал айту, қорқыту;

Сөз тіркестер: Алғыр бүркіт, мұзбалақ. Аруана шалқұрық, қаражал жүйрік. Жігіттің алғыры еңбекке көнеді, досыңнан айырылу істің соңы, сағасыз аққан су, лайқат мылтық. Даңғайыр, дүр маржан, көпек-бөлтірік ит, қоңсы көрші, ләпкі лавка дүңгіршек, мүшкіл мәселе қиындық, назым өлең жыр, ұлтарақтай жер, сары бал, қара қазан қамы үшін ат жалында түйе қамында алысып өткен. Терме айтыла бастағанда құдыреттене, қасиетене бастайды, су кетті арал сырдан ақын жырау кетпеді.

Қарғыс сөздер: оттама, жексұрын, албасты, аузыңа сисін, иттің асырған баласы, төбенді көрмегір.

Кілем түрлері: арабы, тықыр, түкті кілем. Құру тәртібі кілем көлеміне қарай, ешкінің қылынан иірілген шыңлаймыз, ширатып, жерге шыңлаймыз, ортасына ғааш немесе темір салып, 10 күн оңға қарай бұрап тұрамыз, ешкінің қынынан немесе мақтадан да дайындауға да болады, кілемнің желісін шыңлау деп атайды, түкті кілемге бетін шалып отырып, қиып отырамыз, арабы кілемге арқау өткізіп отырып, қимай шалып тігіп отырамыз, қора мүйіз, сыңар мүйіз болып түседі, бір тегіс болады, тықыр кілемге өзіміздің қалауымызша өрнек жүргіземіз желінің арасынан жүргізіп үйге төселеді, бетіндегі өрнектер салынады, үйге төселеді, палас орнына 25 жіптен үйдің төріне айқастырып баулар жүргізіледі, бір бетін қызыл бір бетін жасыл қып жүгіргізеді, екі шетіне қарадан салынады, кәшек ағаш тарағы болады. Тісі болады. Өрнекті қылышпен қағады, кузуға өрнекті байлайды, балалар айналып жүгіреді, біреуін кузуға байлайды, біреуін бос қояды, адарғы жүгірген жіптің байлаймыз, қанатын жайып қоямыз, шатыс алдымызға қылышты қағамыз, 25 бауды кузудың жібі болады, шатысқа арқау түседі, түкті кілемге бетіне шалып шалып алып кесте тоқу тігістері шалып, Бер жағында адырғыны көтеремсі, кузудан өткізіп шатыс алдымызға келеді, сол кезде қылышты көлденеңнен саламыз қағамыз, 25 жіптен тоқылатын терме бау бетінде ағаш болады, қағып түсіремсі. Желіні дайындауда ешкі қылын немесе мақта пайдаланнамыз. Арасына темір не ағаш салып, күнде бұрап тұрамыз. Оңға бұрап тұрамыз, арқау ткііп бетін қиып отырамыз.

Тықыр кілемге қаламымызбен ою-өрнек, қиық жасап, арқаумен өткізіп, әртүрлі жіп, сары, жасыл, көк, желіден өтеді. Бетіндегі өрнектер бәрі қойдың жүнінен иіріледі. Түкті кілемдікі жуандау бос болады. Бір тін болады. Арқауы 2 тік, ширатылмаған ббос, қой жүнінен болады.

Өрнектен бау тоқылады, арқау өткізіліп, қағып тоқиды. Арқауды шатыс түседі, 4 метр ағаш екі қасына труба қояды.

Тоғарақ - малдың ішек-қарнынан айыру. Малды ішегін тарқату, «Томарбөгеттің тоғайрағын өзім аршығанмын» дейді екен Раушан әже. Бісенова Ізім апа 13 балалы, 1956 жылы атамыз апаны алып қашып кеткен. Сонда апа әлі кәмелетке толмаан екен, ол кезде кәмелетке толмағандарды алып кеткендерді 3 ай түрмеде қамаған. Сонда атамыз 1940 жылғы екен, ұлу жылы туылған, өз құжатын тығып қойған. Алып қашып келген қызды Қазалыдан алып келген 4 ай тығып ұстап, дарбазадн шығармай, қыздың жақтағылар іздеу салып таба ламаған содан кейін барып хабар беріпті. Ол кезде келін ат қояды, тұңғыш баласының атын атамаған, өйткені тұңғыш баланы ата анасы бауырына басқан. Қайын інілерін «ұл-ау» деп атаған, отау үй. Бисенбаев Берман атаны «Би атам» деп атаған, Шәкенің үйін «кіші үй», Баян Мұрат «үлкен үй». Есік ашып келгенде күйеу табакқа 50 сом салған.

Жіпті иіріп, ұршықтың басы толған кезде «көзтолма» дейді, ауыр басын алып тастап айналдыру «бас алма», 2 бас алма, жіп 1 ұршық жіп болады. Толған 1 ұршық жіп. Тарақ-жейде, қайың ағашынан жасалынады. Отқа күйдіріледі де басына шегенің ұшы алынып қалған егелген түрі кіргізіледі. Апалар жергілікті жердегі ұсталарға жасатып алған. Тарақтың ағашы да, тісі де егеледі ешқандай ағаштың

да темірдің тіні шығып не өткір жері болмау керек, себебі ол жіптерді тарайды, түтелендіріп жібермеуі тиіс. Өрнек токудың кезеңдері: Үш қазық үшбұрыш болып арақашықтары 1 метрден қадалады. Екі қазықтың ортасына кзу түседі. Өрнек токуда жіпті айналыдырып жүгіріп Ішығу «өрнек жүгіру» дейді. Жіпті ортадағы екі қазықпен кезек-кезек айқастырып жасайды. «Бұзау тіс» салу. Үшінші қазықты алып, екі қазық қалдырады. 12 құлаш, 7 құлаш ақ бау сыртқы ақ бау, басқұрға 20 кг, 100 бас кетеді, бас дегеніміз-созылған жіп.

Екі қазық қалғанда қазықтың екі белінен жіп өтеді айналып осыны көтағаш не тұпағаш дейді, серу байлаймыз.

Ою-өрнек түрлері қошқар мүйіз, сыңар мүйіз.

Өрнекті шешеміз құрып кетеді, біз соны 10 жастан бастап өзіміз тоқи беретінбіз. 10 жаста қанар қап тоқыған.

Қанар қап - шамамен 90 кг 1x8см шамасында, ешкінің қылынан тоқиды, оны да осындай өрнектен тоқиды, қанар қапқа жем, дән салады, ірімшік құрт жасайды. Қанап қапқа үш ұршық, яғни алты «бас алма» кетеді.

Адарғы - өрнектің ортасында ағаш.

Шүлтік - арқау төгетін ағаш.

Қылыш-шүлтікпен жіпті өткізіп алып, қылышпен ұрып отырады, қылыш алаша токуды біріктіреді. Шатысты ұрып отырады.

Шатыс-өрнек жібіне салынған өрнектің түсуі.

Өрнек жібінің шатысы келіп тұрады, бір қызыл бір ақ жіп салуды «бұзау тіс» дейді.

Бір кілем 2-4 өрнектен, 3,5 метр кілем шығады. 2 адам ақыға тоқысаң екеуі 100 сомнан алыған, сыйлыққа көйлек, орамал берген.

Көктемгі жүн «жабағы», қошқарлар - 3 кг, жүдеу қойлар - 2 кг жүн береді. Көктемгі жүн ауыр, күзгі жүн жеңіл болады, әрі қысқа болады, көктемгі жүннен бау-шу, жіп жасалады, күзгі жүннен текемет, киіз басылады.

Келіндер төрге шықпайды: Ата-анаға құрмет; Қазақи наным-сенім бойынша төрде аруақ отырады; Бейсенбі, жұмада кір судың кір суы қалмауы керек, кір жумау керек, бір бөлмеге көрпеше төсеп, жастық қояды, аруақтар келеді деген түсінікте; Төрге аруақ отырады, мысалы бір келіншек төрдегі төрбауларды баулауға шығып кеткен кезде мүгедек болып қалған. Сәлем салып, рұқсат алып басып шығу керк.

Қазтай құмалақшы болған, 9 жасында байдың қойын бағады. Байдың 1 күлшесіне, бидайын басқа құл тартып алады. Сөйтп күн аш қалынатын көренеді. Бір күні оны байдың бәйбішесі көріп қалыпты. Сонда бала байдың әйелінен зікірді жаттап алыпты. Түс көреді, түсінде екі тісі шошқаның тісіндей кемпір түсіне кіріп отырыпты. Қой жоқ дейді, сонда осы бала ма бізді шақырған деп келіп, 2 аққу беріп жібереді. Ұйқыдан оянып, жұмысына келсе, байдың әйелі тағы кесенің бетіндей күлше, бидай береді. Тағы екі құл келіп ыарытп алмақ болғанда, Қазтай ұрып жіберіпті. Екі аққу көмектесткен. Кейін жүрісі өзіне білінбей тез жүретін болған. мал жуытпай, содан «жынды Қазтай» атанған. Кейін соғысқа барғанда соңғы қатарда болс ада, алдына жібере берген. Кейін шошқаның саласын кезіктіріп соны жеп қойып, содан жеп қойғаннан кейін, 2 аққу жоқ болып кетеді, содан соң 2 сары қыз шығатын болған. Содан қайта Қазтай атаныпты.

Дерек кісі: Бисенбаев Ержан, Тұрмағанбет аулы. 1960 ж. т., кеген кете.

Ертеден әкелеріміз шежірені тарқатып айтып отыратын әсіресе, Текей батырдың ұрпағысындар, Кеген батырдың бәйбішесінен өрбіген батырлардың ұрпағынан боласындар деп құлаққа құйып отыратын. Жыраулар да көп жырға қостатын. Кіші жүз –Бекарыс, одан Мөңке туады, Мөңкеден Арғымақ, Алау, Арғымақтан Телеу, Рамадан, Жағабайлы, Тама, Табын, Кердері, Керейт балалары өсіп өнген. Қыдуардан Қыдырқожа, Қадырқожа, кейде Қадырбай, Қыдырбай болып аталады. Қыдырқожаның лақап аты Байұлы, Байұлының бәйбішесінің аты Жанбибі, Жанбибі өлгеннен кейін балдызы Зәуреге үйленеді. Қаракесектің бірінші әйелі Тоқсұлудан Байсары туады, бірінші әйелі өлген соң Қаракесек балдызы Қағазға үйленеді. Қағаздан Әлім, Шөмен туады.

Кіші жүз 31 таңбалы 6 ата әлімұлы, 12 ата байұлы, 7 ата жетіру, 4 ата шөмекей, 3 ата кете. Байсары аты 10 ғасырда кездеседі. Кете атауы Кеть өзені мен байланысты. Байсары Кетебикеге үйленген. Одан Бозаншар, Майлыбай туады. Байсары баласы Майлыбаймен бірге жаугершілікте өледі. Бозаншар Майлыбайдың аты өшпесін деп оны өздеріне ұран қылып алады.

Кетелер қазір Қызылорда мен Ақтөбеде басымырақ кездесіп және түкпір-түкпірде кездесіп отырады. Байсары өлгеннен кейін Кетебикені қайынысы Әлім алады. Әлімнен Тегінболат, Тайқожа туады. Одан тарғандар кетенің ағы деп аталады. Әлім қайтыс болған соң Кетебикені Шөмен алады, одан Түмен қожа туады. Байсары өлгеннен кейін Кетебикені қайынысы Әлім алады. Әлімнен Тегінболат, Тойқожа туады. Одан тарған ұрпақтар Әлімнің Ақкетесі аталады. Әлім қайтыс болғаннан кейін Кетебикені Шөмен алады, одан Түменқожа туды деген ел аузында сақталып келген сөздер де бар.

Әлім балалары Бозанжарды өгейсітіп, шетқақпай жасай береді. Осыған намыстанған Бозанжар бір үйір жылқыны айдап, Шөмен ағасына келеді. Шөмен шаруа кісі болыпты. Біраз уақыттан кейін Бозанжарды үйлендіріп, отау етеді. Бозанжар Әлімнен туған інілерін өзіне тартып, анасының өсиетімен Кете аулы атауына күш салып, Шөменмен қоныстас бөлек ауыл болып отырады. Ел аузында бұл жөнінде: «Бітеді қамыс қатар емекпенен, Байсары бірге туған Шөменменен» Бозанжар әкесінен айырылғаннан кейін Қайғының қарнын тіккен тебенменен» - деген сөздер қалған.

Кетебикенің үш ерге тиюінің кей деректерде Кете мен Шөмекейдің алты Әлімнің баласы де атауы дұрыс емес. Қаракесек балалары десе, шындыққа сияды. Оны атақты ақын (Ақкете) Шернияз Жарылғасұлының (1807-1867) Сырым батырдың ұлы Қазы бидің зорлығына шыдамай айтқан мына өлеңінен байқауға болады:

....Алдыңа арым жібермен,
Үш таңбалы Кетенің
Тұқымы бітіп, қырылмай...

Осындағы «үш таңбалы» деген сөз бар. Бұл бір анадан-үшеу, үш атадан үшеу меңзейді.

Байсарыдан баласы Бозаншардан Адамқожа,Түменқожа, Сәду (еншілес) туады. Сәду Адамқожамен еншілес болыпты. Адамқожадан Қара, Түменқожадан Сары,

Томпақ, Сарыдан Асан, Жанбақты, Құлыс туады. Бозаншардың түрі қара, Тойкожаның түрі ақ болғандықтан жеңгелері атын атамай, бірін қара, бірін ақ деп атап кетіпті деген сөз бар. Асаннан Қарабазар, Қарпық, Киікші тарайды, кейде оған Кедей деген ұрпақты қосады. Ал кейбір деректерде Түменқожадан Мамыт, Түйтені де тудырады. Енді бір ауызша шежіре деректерде Бозаншардан Адамқожа, Асанқожа, Түменқожаны тарқатады. Жанбақтыдан Нұрымбет пен Құлыс және Сарыны тудырады.

Тағы бір деректерде Кетенің 2 баласы істі болыпты, бірі ақ аталып, бірі қараланып, содан Қаракете, Ақкете аталынады десе, кете орынсыз мінез көрстеіп ожырайғандықтан «ожырай кете» деп аталып кеткен деген нұсқасы бар.

Алшыннан Қыдырқожа (Байұлы), Қадырқожа (Қаракесек) тарайды. Ал осы үлкен аталық Қаракесек үшке бөлінеді: Байсары (Кете), Әлім, Шөмен. Шөмен Әлімнің ағасы.

Әлиакбар Жұматайұлының шежіре өлеңі:

*Алшыннан Арғымақ пен Алау туды,
Алғаны ала жібек жалау болды,
Ту ұстап, тұлпар мініп, топты бастап,
Дұшпанға туғаннан-ақ талау болды,
Алаудан туды бала-тентек Құдияр,
Жан болды жауға қарсы қайрағы бар.
Баһадүр батырлығы жұрбыан асқан,
Семсері сілтегенде кесіптің нардың
Үш қожа тағы туды, Құдиярдан,
Ерлікте пар келмеді бұларға жан,
Байқожа, Сәдірқожа, Нәдірқожа,
Нәдірден Қаракесек бала болған.
Баласы Қаракесек Әлім, Шөмен,
Болыпты бұлар да үшеу Байсарымен.
Бозанша Байсарыдан жетім қалып,
Қайғырып, қаршадайдан шөккен Шөмен.
Асырайды Бозаншаны Әлім алып,
Еңшілес еткен оны малын салғп,
Әлімнің аты ұлымен сыйыса алмай,
Шөменге жүрген екен қашып барып.
Бозанша қатарынан болды мықты,
Өзгеден өз күшімен озып шықты,
Бір күні тойға барып төбелесіп,
Әлімнің төрт баласын ұрып жықты.
Әлімге бұдан сыйыса алмай,
Шөменге қашып келіп паналаған.
Болыпты Байқожаның он екі ұлы,
Біледі, айта қойсам, әркім оны.*

Әуелі Алтын, Жаппас, Серкешпен,
Бұлардың Тана, Масқар тағы бірі,
Байбақты, Алаша мен Адай, Беріш.
Дей алмас бұл сөзімді ешкім теріс.
Ыстық пен Естемір, тағы да Таз,
Бойынан Маңғыстаудың алған өріс,
Бұларды Байұлы деп атап кеткен.
Сәдірден тағы туды жеті бала,
Кердері, Керейтпен болған аға,
Біріккен ауыздары ала болып,
Жайлайтын Сырдың бойын Табын, Тама.
Телеу мен Рамадан қатар көшіп,
Болмаған белгілі бұл арады,
Арақанда Жағалбайлы жалғыз көшіп,
Жай болған Жайық деген үлкен сала.
Әліменен алты бала желдей өсіп,
Жүріпті жазы-қысы бірге көшіп,
Қапталын Қаратеңіздің мекен етіп,
Өрбіген осы арада өніп-өскен.
Аттары балдарының Айнық, Шекті,
Тағы да деген Болат, Шіңгір депті,
Төртқара, Қаракесек енді екеуі,
Байлықпен жаңғыртады жер мен көкті.
Сабаған салдарынан Бозаншаны,
Шөменмен көпке дейін болған кекті,
Бұдан да Аспан, Бозғыл, туды Көнек,
Тоқа, Дөйт бір қатыннан тағы бөлек.
Дөйтiнiң тұқымы аз болғандықтын,
Қалыпты ұран аты «Дөйт, дөйт» демек,
Басқасы Төрт шөмекей атақ алып,
Солардан біраз өсіп өнед.
Бозанша қайратына жүрді бай боп,
Бой тіктеп, ержеткесін көңілі жай боп,
Ақ кете, Қаракете-үш ұлы бар,
Атаған үшіншісін Ожырай кете,
Ту ұстап, тұлпар мініп, топты бастан,
Ұранын шақырыпты Майлыбай деп.
Қараның тағы да үш баласы бар,
Бірінің Адамқожа жетпегенсің,
Жазылмас жүрегіңде жарсы бар,
Екіншісі-Асанқожа, Түменқожа,
Болады бұған кімнің таласы бар?!
Түменнен Жаңбақты мен туды Асан,

Осылай жұрт айтады жаңылтпасам,
Үш ұлын Жаңбақтының баян етіп,
Мінеки, білгенімше парқын аштым,
Атанған Жанбақтының балалары,
Нұрымбет, Құлыс пенен бірі- Сары,
Қой бағып Құлыс бала жүреді екен,
Бір байда болып билік, ықтияры.
Іздеусіз інісінің кеткеніне,
Ұялып, Нұрымбеттің келіпті ары,
Баланы сұрағанмен, бай бермеген:
«Мұның сен емессің», -деп,-туысқаны».
Айтысып ақырында антқа келіп,
Кеңеске кірісіпті жұрттың бәрі,
Айтыста абыройға еге болып,
Ауылына алып қайтқан ағалары.
Жасынан Құлыс бала зерек екен,
Нұрымбет оған енше береді екен,
Әлмәмбет, Сармәмбет пен бірі-Әйтек,
Ел болып Құлыстан да өреді екен.
Бір бала Дуан туды Әлмәмбеттен,
Ес біліп, етек жауып, ол да ержеткен,
Әйтектен Аю туды Қалмақтай мен,
Енші алып, екеуі де бөлек кеткен.
Туады Сармәмбеттен Құрманәлі,
Артынан тағы туды Мұртазәлі.
Екі ұлын енші беріп екі бөлді,
Көп болып атамыздың дүние малы.
Туған соң Мұртазәлі Сармәмбеттен,
Қайратын қатарынан артық еткен,
Арқалы асқар таудың төскейіндей,
Ықпалдың табаны аумай, бұлты шөккен.
Одан да Андағұл мен туды Добай,
Жауына жан болған жоқ бұлар да оңай,
Шын тағдыр шынжыр болақ аруақ орын,
Артықша берген бақыт жаптар құдай.
Бір ұлы Андағұлдың Қараменде,
Бұны қоса алмады ешкім кемге,
Есболат есті жігіт одан туған,
Қайратпен қабиласын салған жөнге.
Ізбасар Есболаттан тағы туды,
Көрмеген жауы жақын жүріп шенге,
Сарыбас-Ізбасрадың бір баласы,
Секілді сары алтыннан салған көмбе.

Одан соң Сарыбастан туды, Бегім,
Теңеген Асан, Құлыстан аз бен көбін,
Шілмахан-шын болаттай кескір алмас,
Дұшпаны мұқатпаған асыл тегін.
Жалғаннан жөнеп марқұм кеткенінде,
Қалдырды Зейнулабдин-жас бөбегін.
Таза, алтын тұлпардан ол тұқым болса,
Жібермес жан ауыртқан жанға кегін.
Тағы да Андағұлдан туды Жапақ,
Түгелбай туып одан, алған атақ,
Кезінде кемеңгердің ол да бірі,
Қиянан іс етпеген жанға нақақ.
Баласы Түгелбайдың Дәуіт, Садық,
Төрт ұлдың енді екеуі Манақ, Қадақ,
Жөнелдіктен Қожағұл Дәуітұлы,
Кенелген бақ – дәулетке туғаннан бақ.
Ешнияз ерке туды Жөнелдіктен,
Өлеңнен кесте тіткі жібек жіппен.
Ерлігі білігімен қатар болды,
Бақаста бас тартпаған ауыр жүктен.
Онан соң Ешнияздан туды Жүсіп,
Өлеңмен ол да жүрді үлгі пішіп.
Сүйсініп, сұхбатына болушы еді,
Шарбатын сұлу сөздің әркім ішіп.
Мұзарап-майталманның нағыз өзі,
Әр жерде сыналып жүр айтақн сөзі,
Жазушы, әнші, күйші, композитор,
Бұлақтың қайнап шыққан нағыз көзі.
Дәме ғой туып еді, Қожағұлдан,
Туысы артық еді жаман ұлдан,
Ән салып, он саусағы сырнайды ойнап,
Қалған жоқ қартайғаниша ұлы думан.
Добайдың жеті ұлы бар, бірі-Есен,
Сал құлақ, ата жолын білем десең,
Есеннің үлкен ұлы аты-Жомарт,
Аталас басқасынан болған көсем.
Жомарттың үш ұлы бар, бірі-Әжібай,
Ақыл-ой, бақ-дәреже-бәрі сай,
Билігі бүкіл жұртқа болған мәлім
Тартылған танладағы таразыдай.
Өтеміс Әжібайдан туды кейін,
Әрі би, батырлыққа болған бейім,
Тұсында туралықтың тұрған аумаи,

Данышпандария заңлы, артық зейін.
Бекетті білед тегіс қазақ елі,
Дұшпанға қайыспаған оның белі,
Жүз түгіл, Алышынға да таы мәлім,
Таусылмас тау кеніндеі берекелі.
Тынымбай, Аман, Ораз, Жаманбала.
Секілді жол бетіне соққан қала.
Осы айтқан Өтемістің ұлдарынан,
Белгілі Бекет, Аман болған дана.
Бекеттен Әлімбай мен туды Базар,
Тел өсті, теңдес көрмей азар.
Базардың бес ұлы бар бір өзінен,
Бағасын байқаңдар салып назар.
Қыстаубай, Айтмағамбет, бірі-Құлжан,
Пенденің өмірі бітсе-бәрі күнжам.
Отар мен Қыстаубайдың онғаны жоқ,
Дүниеге келіп кеткен ол да бір жан.
Тәуірі Құлжан мен Айтмағанбет,
Құлжаны сыйлаушы еді ел қадірлеп,
Құлжаннан –жалғыз ұлы Жарылқасын,
Өздерің ұйғарыңдар не болар деп.
Құдайдың берген ұлы Құлысыма,
Блайық ерлік еткен жынысыма.
Қақ жарған қаар қылды Жабай атам,
Құдайым ықпал беріп тіл ұшына.
Қайратпен Қарақисық бабам да өткен,
Түскен жау үк етпеген уысына,
Қорғанын қоқандықтар татай қашқан,
Солардың шыдай алмай қылышына.
Еңбегін Есетбайдың әркім білер,
Туған жан елдің арнап ырысыңа.
Осылар көңілге тоқ, сөзге желі,
Дем берген тарылғанда тынысыңа.
Талай ұл Добайдан да өсіп жатыр.
Бірі ақын, бірі әнші, бірі батыр.
Тәйімбет Көмекбаев мырзасынан,
Тараған сүйікті ұлы мыңға татыр.
Белгілі атақты ақын Тұрмағанбет,
Оны да отан сүйген, ел ақдірлеп,
Әйгілі «Шахнаманы» жазып шығып,
Қалдырған «Халқым үшін сыйладым», -деп.
«Үлесім өмірдегі осы зой», -деп,
Қалдырды өсиеттің жинаған көп,

Еске алып есіткен жан ер еңбегін,
Айтады ақын үшін көп рахмет.
Добайдың тағы да бар туымды ұлы,
Жырға бай, сөзге шешен, өткір тілі-
Ағамыз Алпысұлы Үбісұлтан,
Адам жоқ білмейтұғын айтсам мұны,
Сөзі алтын, кішіпейіл, кіршігі жоқ,
Ақжарқын, баладай-ақ жүзі жарқын.
Баласы Науан ақын Айтуардың,
Қадірі біліне ме қолда бардың,
Сөзі өткір, тілі жүйрік, теңдесі жоқ,
Жүзіндей жалт-жұлт еткен зұллықардың.
Дарынды Добай атам өсіп өнген.
Ақылмен заманында жауын жеңген,
Іріктеп ізгі үлесін еске салдым,
Сақтаулы асылымдай алып теңнен.
Жиенбай-жұлде алумен ол да өткен,
Таңдатып, талай жерге даңқы кеткен,
Бұрқ етіп бұлттай ойнап бір-ақ шыққан,
Жеті ата жерден келіп Әлмәмбеттен.
Үрістембек пен Дастанбек-екі сұңқар,
Бәйгеде басып озған бұл да тұлпара,
Асық боп асқақтаған әндеріне,
Талайлар қалушы еді болып іңкәр.
Болыпты Құрманәлі тоғыз ұлды,
Қайратны қатарынан басым қылды,
Топ бұзар топта шоқпар тоғыз бала,
Талғын талай жерге ұрып жүрді.
Анамыз Тоқтабике жесір еді,
Бір күні мал жайына көшіп еді.
Тоғызы тоң аударып, жұрт дайындап,
Сондықтан Қараторғай десіп еді.
Анаға аймалаған ерке болып,
Сайраңдап саясында өсіп еді,
Қайратын қанатына сыйғыза алмай,
Ел шауып, ердің басын кесіп еді.
Бұлардың қылығына наразы боп,
Талайлар дұшпан болып, өшігеді,
Ақыры анасынан қарғыс алып,
Ағайын, өмір шамы өшіп еді.
Тоғыз ұл тентектікке мәз болып,
Деміне үйрек ұшып, қаз қоныпты.
Анамыз Тоқтабике қарғағасын,

Тұқымы тоғызының аз болыпты.
Біреуі тоғыз ұлдың – Мүсірәлі,
Көр болған өз әліне дүние-малы,
Туғасын Ноғай, Сырғақ екі бала,
Оның да өмірі бітіп, жетті ажалы.
Сырғақтн туған екен тағы Таңат,
Өр көңіл, туғаннан-ақ оттай жанат,
Қайтпайтын қайсар жүрек адам екен,
Демепті: «ешкім менен кегін алады».
Қазақтың қоқаңымен араз еді,
Ел көшіп жазытұры құмға барады.
Көп дұшпан көшке тиіп қалың қолмен,
Атамыз жау қолында жалғыз қалады,
Тар жерден оның басын қылыш шабады,
Есіл ер жау қолында қаза табады.
Таңаттың артық болып қайрат күші,
Үлгі болып кейінгіге қалған кісі,
Дүниеден Таңат ағам өткен екен,
Баласы болды Ордабай жедейтін кісі.
Үш бала Ордабайдан тағы туды,
Адамның сол бала зой бақыт құсы,
Құлдыбай, Қалдыбай мен екі ағасы,
Мәделі бәрінен де болды кісі.
Баласы Құлдыбайдың аты-Жүсіп,
Ешкімге көрген күні түсіп,
Білерлік бас пайдасын шаруа кісі,
Қатардан болмағанмен өте пысық.
Жүсіптен Тәжімбеттен пен Қасымтуды,
Атадан осы екеуін нәсіл еді.
Тәжімбет алып ғылым, тақуа болды,
Қасым да қаатыранан басым еді,
Жатпайтын қап түбінде қара кездік,
Сүйегі сұңқардайын асыл еді.
Екі ұл Қалдыбайдан қалған еді,
Назарбай мал жинаған маман деі,
Туысы Тұрмаханның жұрттан өзге,
Бәйге алған байтақ жұрттан тарлан еді,
Өткір тіл, өжет жүрекоттай жанған,
Жауына қайыспайтын қабылан еді.
Көшекбай туып еді Тұрмаханнан,
Туысы артық еді өзге жаннан,
Оқ атып, Отан жауын құрту үшін -
Келгеннен жоқ елге қайтып сол барғаннан.

Белгісіз қай қаланы қорғағаны,
Бағдары білінбеді жақын маңнан,
Теңелбай-бұл да туып Назарбайдан,
Білінбейді ат болары құлын-тайдан,
Ер жігіт еңбегімен көрінер де,
Сынайтын сұңқар күшін болса майдан.
Жұматай-Мәделіден, менің көкем,
Мәделі Ордабайдан туады екен,
Таңаттан тап қазірде төр атамын,
Қалдырмай, бұл жағын да баян етем.
Қуаңның ағдарында Құлыс кете,
Аясын Ақтайлақтың еткен мекен,
Бір кезде құлазыған қу дала еді,
Жүрмейтін жабайы өскен аңнан бөтен...
Болады өзім атым Әлиакбар,
Тартынбас тап бергенде тіл мен жақ бар,
Жеткенде жеті жасқа жетім қалып,
Жүрекке ұялап ед ауыр дақтар,
Кеудені кедейшілік ит көтертпей,
Көп жылдар ілініп ед жез қармақтар.
Бұл күнде бостандыққа бой түзеліп,
Жол ашты талай қызық болашақтар,
Қалсын деп ел есінде ескі әруақтар,
Жайылған жан-жаққа біз-жапырақтар.
Бұхардың «Сайхы» деген кітабында
Ақиқат айтылыпты мұндай ақпар,
Жылында мың тоғыз жүз қырық жетінші
Етілді елге тарту бұл жинақтар.
Көп білген көне сөзді болмайды қарт,
Білсе де, бола бермес сөзге жомарт.
Ар жағы ата Аннос бізге дейін,
Бір туған Естек, Ноғай, Қазақ пен Сарт.
Қырғыз бен Қарақалпақ, Түрікпен, Өзбек.
«Бөтен», -деп бөлінбеңдер, қалсаң кез боп,
Түбім бір туысым да, туым да ортақ,
Мұнымды ойламаңдар бөтен сөз деп.
Алғанда жау жағаждан жаным бірге,
Төрт түлік төскейдегі малым бірге,
Жолында елім үшін құрбан болсам,
Төгілсе қара жерге қаным бірге.
Меніңше, әдетімен адам қымбат.
Қанымда солар бұзар, ойды былғап,
Ойымды ортасында салдым көптің,

*Ыбырат осы сөзден алса тыңдап,
Әбеке, кетелерден болсаң жерік,
Аларасың керегіңді өзің теріп,
Ат түгіл, атанды да алмас едім,
Тегіме танысқан соң көз жіберіп,
Атамның әруағы тегіс барды.
Болып тұр, сыйласаң өзіңде ерік.*

Дерек кісі: Тасымова Зарифа. Тарих пәнінің мұғалімі. Тұрмағанбет ауылы.

Ерулік. Халық дәстүрінде ауылға келгенде көш алдынан шығу адамгершілік, мұсылманшылдық болашақ көршілік парыз. Ақ алып шығу, осы ақтай таза болайық» деген тілекті білдіреді. Мұндай жағдайда жаңа көшіп келгендер ризалық білдіріп алғыс білдіреді. Бір тоқтысын сойып, көршілерін қонаққа шақырады. Ал бұрынғы көршілер бұдан бұрын ерулікке шақырып үлгіреді, көші көшіп келіп, жатқанда оның алдынан шықпау, ерулік бермеу қазақы салтты бұзғандық көргенсіздік болады. Мұндай ұят, ерсі істі айта жүреді.

Айрылысар көже. Көрші қонғанда «ерулік» беріп, қыстай немесе жаздай бірге отырған сыласқан отбасылар қоныс аударып, бөлінген жағдайда олар енді «айрылысар көжеге шақырылады «көже» сыйпайылап атағаны болмаса сыйлы, сыбағалы табак тартылады. Олар бір-біріне ризашылығын білдіріп, ұрыспай айрылған ұялмай қосылар деп тағы да аман сау қосылу тілек білдіреді. Бұдан олардың бірі бірі сыйлау киммастық көңілдері көрінеді. «айырылысар көже» адалдық әрі әдемі дәтсүр.

Қармақшы аудандық К.Рүстембекұлы атындағы Жыраулар Үйіне қарасты Тұрмағанбет ауылындағы «Тасберген жырау үйірмесі» 2006 жылы ашылған. Тасберген Құламанұлы-1870 жылы Қармақшы ауданы, Алдашбай Ахун ауылында, ақынн Кете Жүсіптің тәрбиесінде болып, жыраулық өнерді ерте бастаған. Тасберген Құламанұлы табиғат ана сыйлаған тума талант кәдімәйден көмегімен мың бұралтып сазды әуен төгіп өткен. Атақты жырау жастайынан жетім қалып, жоқшылықтың тапшылығын көп көрген.

Баспана түрлері: киіз үй, жабдығы, тігу, жығу әдістері, қыстау үйлер, жертөле, бастырма, жеркепе. Киіз үйдің қазақы және қалмақы деп аталатын 2 түрі бар, қазақы үй-дөңгелек, толық күмбезді.

Қалмақы үй төбесі шошақтау, бізде көбінесе осы үйді пайдаланды. Қара үй 3 қанат, қоңыр үй 4 қанат, боз үй 5 қанат, аяқ үй 6 қанат, ақа ал орда 8 қанат, ақ орда 12 қанат, ақ шоң қон 18 қанат, алтын үзік 24 қанат, алтын орда 30 қанат. Көшіп қонуға уақытша пайдаланылатын үйлер қос, абылайша, күрке, кепе, итарқа, жаппа, жолыбайүй, ас үй, қалқы.

Киіз үй берік ағаштардан – қайыңнан, талдан жасалынады. Туырлықтан жазда ыстық, қыста суық, жазында су өтпейді. Кейде қыстайтын үйлердің туырлығын 2 қабат етіп жатады. Үй іргесін шөппен бітеп, айналасын қамыспен шалынып, қоршалады. көбінесе қопалы, қамысты жерді паналағандықтан желде көп болмайды. Киіз үйдің іші. Төр - қонақтар отыратын сыйлы орын. Сол жақ үй иесінің отыра-

тын орны. Оң жақ балалар орналасады. От орны - қасиетті орын. Киіз үйдің негізгі бөліктері – үйдің сүйектері киіздер, бау-шулары. Халық ұғымында киіз үйді құрас-тыру «тігу», қайта бөлшектеу - «жығу» деп аталады. Тігу үшін алдымен керегелерді қосып, оның екі жағын таңғыштар арқылы есік босағасына бекітеді. Есік шығыс жаққа қаратылады. Кереге басын бас арқанмен орап тастап, маңдайшаның екі жақ басына мықтап байлайды. Үйдің мықты болуы салмағы осы бас арқанға байланыс-ты. Бақан арқылы шаңырақ көтеріліп, оның жан жағы нан уық шаншылады. Қазақ салтында шаңырақты мықты ер кісі көтереді. Уықтан кейін ірге киіз жабылады. Содан кейін туырлық жабылады да, ол құр арқылы уықтан асып қарсы керегеге байланады. Үй көлеміне қарай туырлық 3-4 бөлік болады, туырлық екі босаға жақ-тан бастан жабылып, ол да үзік бау арқылы белдеуге байланады. Ең соңында түндік жабылады.

Киіз үйді жығу тігу әдісіне керісінше, яғни, түндікті сыпырумен соңы кереге-лерді жинап алумен аяқталады.

Балықшылық құралдары: Ау балық аулайтын құрал. *аза* қамыстан тоқып балық аулайтын құрал. *Сүзекі* қазадағы балықты сүзіп алатын торкөз. *Қармақ*- балық ау-лайтын құрал. *Жұтпа* - балықты тірі шаншып шортан аулайтын қармақ. *Қайық* – өзеннен өтуге арналған ағаш құрал.

Жыраулық, ақындық, суырып салмалық туралы.

Ешнияз Жөнелдікұлы 1834 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрма-ғанбет ауылы (бұрынғы Қазалы уезі, Қуаңдария болысы, 1 ауыл) дүниеге келген., 1902 жылы сол ауылда қайтыс болады. Ата тегі Кіші жүз-Алшын-Қаракесек-Байса-ры-Құлыс Кете-Андақұл-Жөнелдік-Ешнияз болып келеді. Жасынан молдадан оқып, өз кезеңінің сауатты адамы болған. ойын тойда, жастардың джыр сайыстарында ән де, жыр да шеберлігімен танылып, халық арасында Ешнияз сал атағын алды. Ақын-дық, әншілік, домбырадағы терең сазгерлік өнер саласында биікке көтеріп, өзінің терең таланты ізінде көптеген әннің шығуына жол әкелді. Ел арасында Ешнияз шы-ғарған деген «әуия», «ой-ой», «Айжан-ай», «Гөй-Гөй», «Жүрек сазы», «Дұрдараз», «Желдірмая» әндері сақталған. Атақты зерттеуші А.Затаевич 1925 жылы Орынбор-да шығарған «Қазақтың мың әні» жинағында Ешнияз әндері енген. Кезінде белгілі күйші Құрманғазымен жолдас болып қадірлескен, достық, сыйластық қарым-қайт-наста болған. сералы қожамен, Кенеге ақынмен айтысқан. Ырысты қыздың жұм-бағын шешуге қатысқан. Ешнияз қисса, дастан, өсиет, терме, көңілқос, ғашықтық салаларда көптеген шығармалар жазған көрінеді. Бірақ, онан бізге дейін жеткендері мардымсыз, жоғалып кеткен. Егер қолда бар Ешнияз шығармалары болса оқушыл-радың хабар салуын қалар едік. Бір тамаша өнер саласындағы ерекшеік ақындық Ешнияздың рпақтарына тараған. Ешнияз баласвы Жүсіп атақты «кете Жүсіп» дегн атақ алып Сыр бойында, бүкіл Қазақстанға белгілі ақындық өнерімен республика-лық, облыстық, аудандық басылымадрада өлең, жырлары шықты. Мұзарап баласы Сабыт та ақындық өнермен сахнадағы әншілік өнерін қаапт ұстаған кісі болды. Жалпы 4 ұрпаққа ақындық тараған. Ешнияз Шынар сұлумен кездесуін бірауыз сөз-бен естіген сол сөз қысқа түрінде төмендегідей баяндалады. Ешнияз ақын бір топ

жолдастарымен Шынар қызды іздеп келе жатып, ауылдың маңында жақындағанда суға түсіп жатқан бір топ қыздарды көреді. Ешнияз осы қыздар ішінен Шынар болу керек деп жобалап тура суға түсіп жатқанда жатқан қыздардың қасына келіп атын суарады. Жігіттерді көріп қысылған құыздар судан шықпай бастарын ғана шығарып теріс қарп екі бөлігініп отырады.

Сонда Ешнияз:

Қамысы Сыр бойының буын-буын,
Айдынның атын алдым ақша буын,
Шошқаның торайындай тоңқайған қыздар,
Өзеннің арамдама аққан суын, - дейді.

Сөйтсе Шынар сол қыздар ішінде бар екен, бұл өлеңнің өзіне арналғаныны байқап, өлеңмен жауап беріпті.

Деген бар бұқа-буға, тентек-дуға,
Тимейді атқан оғың ақша қуға,
Шешеннің күбідегі айраны емес,

Болатын ит итаршы аққан суға-деп жауап айтқан кезде Ешнияз қыз ауылына бармастан қайтыпты.

Өзім жайлы

*Атандым Жөнелдіктің Ешниязы,
Еленбейт есерліктегі естің азы,
Жарқын жүз, жадыраған жастық дәуір,
Секілді Сырдың самал кешкі жазыу.
Мен едім Ешниязды Жөнелдіктің,
Сейісіндей сындарды сөз шеберліктің,
Жай жағдай жас кеткен соң өзгертіліп,
Болмай жүр барқадары сенерліктің,
Жастықта сүрдік дәурен бір адамдай,
Ықпалдың өзі орнап ет, сұрап алмай,
Кем-кемнен бұл кездерде ол кетті алыстап,
Көрінген көзге бұлдыр құба жолдай,
Қаумалап қарттық шіркін көндірді ақыр,
Қақсам да қыр ізімнен сірә қалмай.
Айтуға әбестеніп жастықтағы,
Көп сырды қойдық қымбат шығара алмай,
Әдеті жан сүйсінер жақсылардың,
Скеілді біреуі іні, ағаңдай,
Жаманы жаттан төмен ағайынның,
Сыпсыңдап сын шағатын сып ала алмай,
Ерлердің қайсар туған қайтбас беті,
Тұлпардың тасқа соққан тұралмай,
Соны ойлап соңғы белгі қалама деп,
Тапсам сөз тыңдаушыға ұнағандай.*

Әзілкеш Шымырұлы

(1830 – 1895).

Әзілкеш ақын «шын аты Әзірбай» Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Жүргенов ауылында бұрынғы Қостам облысы, 16 ауыл, 1830 жылы туылып, 1895 жылы қайтыс болған. Тегі кіші жүз Алшын Қаракесек-Шөмекей-Сарыбай аталығы. Сарыбайдың Қаламынан Шымыр, одан Әзірбай. Әнші, сауыққой, домбырашы, жыраулығы арқасында ел арасында Әзілкеш ақын деген атақпен белгілі болған. толғау, терме, айтыс, домбыра тарту өнерінің шебері болған. жастайынан ел аралап, өз өнерінің оқықтығымен елге танылды. Арқаның көп жерін аралап өзбектан жақтан Нұрата, Кенімық, Елібай бойларында болады. Әзілкеш жырлары кезінде көп болғанымен бізге жеткені санаулы ғана өлеңдері. Баспаға түсіп елге белгілі өлеңі Болық қызбен айтысы, ол жда Ыбырай Алтынсариннің бастамасымен Қазанда 1883 жылы баслып шығарылған. Екінші деректерде Я.Лютш Ташкенде сол жылы бастырған делінеді. Бұл кітаптың нұсқасы Ленинградтағы «петербург! Салтыков Щедрин кітапханасында сақатулы. Немересі Әбдікәрім Оңалбаевтың айтуынша Әзілкеш ақын Болық қызды іздеп Арқаға барады, Болықтың жастармен отырған үйіне барған жерінен қонақ келгенін білдіргенмен үйдегілерден ешқандай дыбыс шықпайды. Сондыа Әзілкеш:

Отырған қыз бен жігіт тізілесіп,

Алмадай сағақтарың үзілісіп,

Біреуің сөйлес десе, тырп етпейсің,

Иттей-ақ қалдыңдар ма ілінісіп – деен сөзімен айтыс басталыпты.

Әзілкеш кезінде Құрманғазы күйші мен дос болған көрінеді. Әзілкештің әйелі Жөнелтік ұлы Ешнияз ақынның қарындасы. Баласы Оңалбай да сауатты кісі болған. немересі Әбдікәрім Оңалбаев Сыр бойындағы белгілі ақындардың бірі. Республикада өткен өнерімен танлған адам. Әзілкештен Оңалбай, Қылқожа, Иманбай, Махмут, Ибрай.

Базар Оңдасұлы. Халық арасында Балқы Базар дүрділігімен аты қалған 19 ғасырда қазақтың көрнекті ақындарының бірі, даңқты жырау Базар Оңдасұлы. Жыраудың асыл мұрасына Сәкен Сейфуллин, Ә.Диваев, М.Жұмабаев, Ә.Марғұландар «Бұқар жырау мене Маханбеттен кейінгі толғау алыбы базар жырау»- деп лайықты баға берген. Міне, бұл қазақтың әйгілі жырауы Марбай мен атақты Қашаған паақынмен құрдас, Ешнияз салдан жеті жас кіші, Кердері Әбуббәкірден жиырма, кете Жүсіптен отыз, Омардан отыз жеті, Тұрмағанбеттен қырық бір жас үлкен Сыр елі-жыр елінің «Қуандария» бойындағы көне Шірік –Рабат қаласы бағытындағы «Қарак» дегн жерде туған Базар жыраудан 150 жасқа толуына арналған екі күнге созылған өзіне тән сән-салтанатты дүркіреп өтті.

Балқы Базар білгенге,

Атақты әйдік астана,

Жұмыла жұртты жинап алып,

Жырласа бітпес күн-түні,

Шынымен шамдансаң,

Екпінің тасты жарғандай,
Күміс құйрық, келте жал.,
Ойқастап шапқан тарландай,
Әпер бір түйірі сөзінің,
Зеңбірегі оғындай
Өткірлігі тіліңнің,
Екі жүзді қанжардай,
Есіткен жан сөзіңді,
Көтеріліп қалғандай,
Кәусар, зәмзәм суынан,
Емін еркін қанғандай, - деген Орызымбет ақын.

Тұрмағанбет ақын. Ақын Тұрмағамбет атамыз 1882 жылы бұрынғы Қазалы уезі, Қуандария болысының 2-ші ауылында «Ақтайлақ–Кезең» атанған елді мекенде дүниеге келіп, оның есімін ата-анасы туған нағашысы Ермағанбеттің атына ұйқастырып, Тұрмағамбет деп қояды. Тұрмағамбет алғашында өз ауылындағы Қожабай, Алдашбай, Ораз ахун сияқты атақты ишан-молдалардың көшпелі мектебінде оқып мұсылманша білім алса, 1899 жылдары Таяу Шығыс және Орта Азия елдері үшін ұлық саналатын, іргесі ХҮІ ғасырда қаланған Орта Азиядағы әйгілі оқу орындары «Мир-араб» пен «Көкелташ» медресесінен шығыс тілдерін үйрену мақсатымен таудай талаппен, ұшқан құстың қанаты талатын шөл дала атанған Қызылқұмды кешкен керуен соңына еріп Бұқара қаласындағы «Мир – араб», кейін «Көкелташ» медресесіне оқуға қабылданады. «Мир–араб» медресесінде оқу тілі араб тілінде болса, «Көкелташ» медресесінде парсы, шағатай тілдерінде жүргізілген еді. Белгілі мемлекет қайраткері, Тәжік ғылым академиясының тұңғыш президенті, академик, жазушы Садриддин Сайдмуратұлы Айни да (1878–1954) осы жылдарда «Көкелташ» медресесінде шәкірт болып түсіп, екеуі алғаш осында танысып, дос болады және екеуі бір мезгілде «Көкелташ» медресесін бітіріп, Хатиршатты (дипломды) бірге алып шығады. Бұқарада оқып жүргенде ол араб, парсы, шағатай тілін үйреніп, еркін меңгереді. «Мың бір түн», «Шахнамадан» бастап парсының барлық классиктерін–Новои, Бабур, Низами еңбектерін, Әл-Фараби, Ибн Сина, Әбу Райхан, Бируни философиясын терең игереді Түрекеннің Сыр бойына оралуы осы елде шағатайзитуркизм стилімен ұштасуына қазақтың жазба әдебиетінің тууына бастама болады. Сыр поэзиясы әр қилы жанрда дамыды. Балқы Базар, Рүстембек, Сәрсенбай, Молдахмет жыраулық салтында көрінсе, Нұртуған, Ерімбет қисса ақындары, Қаңлы және Кете Жүсіп, Даңмұрындар айтыспен шұғылданса, толғау, терме ақындары қатары өсті. Тұрмағамбет ақын шығыс халқының классикалық шығармаларын еліне жеткізуді өзіне мақсат етіп, «Мәрді дихан», «Данышпан қарт», «Тұтқын қыз», «Рауа бану», «Лұқпан Хәкім», «Сүлеймен мен кірпік шешен» және басқа да шығармаларын шығыс ақындарының классикаларының сюжеттерін негізге алып, қазақтың өз өлеңіндей етіп көпті тамсандыратын оқиғалы мысал, хикая, дастандар жазды. Тұрмағамбет ақын 1934 жылы маусым айында Алматы қаласында өткен Қазақстан жазушылар одағының тұңғыш съезіне және көркем өнерпаздардың Республикалық І-ші слетіне Оңтүстік Қазақстан облысынан делегат болып қатысып, 1935 жылы Қа-

зақстан өлкелік партия комитеті оны Алматы қаласына шақырып, Крайкомның сол кездегі бірінші хатшысы Л.И. Мирзоянның жеке қабылдауында болып, сол кезден бастап Қазақ ССР оқу Халық комиссариатында ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Шығармаларының бір қатары орыс тіліне аударылып орталық газет, журналдармен жинақтарға енгізілді. А.М. Горькийдің бастамасы бойынша «Правда» редакциясы бастаған Творчество народов СССР кітабына басылып шығады. СССР Ғылым академиясы «Совет дәуіріндегі орыс халқының поэтикалық творчестволық очерктері» деп аталатын еңбегінде Тұрмағамбетті халық шығармашылығын дамытуға еңбегі сіңген еліміздегі белгілі қайраткерлердің қатарына қосты. Тұрмағамбет ақынның елге берген басты жаңалығы қазақ елін Фирдаусидің «Шахнамасымен» таныстыруы еді. Оның сол аудармалары кейін 70 мың жолдық «Рүстем-Дастан» деген атпен басылып шықты. Фирдауси «Мұта Кариб» деп аталатын ұзақ буынды бәйіт ұйқасын түр етсе, Тұрмағамбет қазақтың Мұта Карибке жақын 11 буын қара өлең ұйқасын қолданып, қисса-жыр етіп жазуға кіріскен. Тұрмағамбет ақын «Рүстем-Дастанның» кіріспесінде:

«Өлеңмен он бір буын он ай жазып,

Бітірдім басым сипап, шаршап, терлеп», - дейді.

Бұл дастан туралы қазақтың белгілі классик жазушысы М.Әуезов «Рүстем жайлы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдаусидің «Шахнамасынан» тікелей жасаған аударма демейміз, сол Фирдауси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз» десе, белгілі сыншы, ғалым М.Қаратаев: «Қазақтың қара өлең үлгісімен жазылған «Шахнама» дастанында данышпан Тұрмағамбет ақынның философиялық, поэзиялық ой, пікір, сезім байлығы қазақ поэзиясының эпикалық дәстүрлері дәрежесінде анық, түсінікті, ақындық тілмен берілген» деп атап көрсетеді. Көз майын тауысып, бар ақыл-санасын сарп етіп, ақындық қуатын сарқа пайдаланып жазған «Шахнама» дастаны сиясы кеппей жатып саясат құрбанына айналып, қызыл империя Бұқарада білім алғаны үшін өмір бойы «Молда» деп соңына «жарық» алып түсіп, «халық жауы» атандырып, саяси күдікті ретінде тұтқындалып, қамауға алуы себепті «Шығыс Илладасы» атанған «Шахнама» 20 жылдан астам Сыр топырағында көмулі жатты. Түрекеңнің өз қаламынан туған 30 мың жолдық хикая толғаулары 1972 жылы «Назым» деген атпен басылса, 1982 жылы ол қайта толықтырылып екінші рет басылып шықты. Жақында «Шахнама» дастаны белгілі фольклоршы жырау А.Алматовтың дайындауымен толық нұсқасы 2 том болып қайта басылып шығып, оның бір данасын ақынның немересі, «Тұрмағамбет қоры» президенті Нәсербек Тұрмағамбетов өз қолымен Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа ескерткіш ретінде ұсынып, президенттік мұражайға қойылды.

Түрекеңнің негізгі шығармаларын қастерлеп кейінгі ұрпаққа жеткізген Биға әже болды. Ақынның адал еңбек, маңдай термен араб әрпімен 45 қалың дәптерге жазылған түпнұсқа қол жазбасын ақынның жұбайы – Биға қария ұзақ уақыт ұқыпты сақтаған. Дуан аталығынан шыққан Байболат болыспен Ізтілеу жақын қарым-қатынаста болып, оның аяғы құдандалыққа ұласып, Байболатқызы Биға Ізтілеу баласы Тұрмағамбетке атастырылады. Түрекеңнің тұңғышы Әбдіхамит 32 жасында дүние салса, тағы бір ұлы Махмутбек 1944 жылы майдан даласында шейіт болады.

Әке соңында жалғыз қалып, әулет шаңырағына еге болған Әбдірауық Тұрмағамбет баласы еді. Міне, осындай қайғы-қасіретке толы аянышты күндер мен қудалау, жазықсыз жазалаудың салдары Тұрмағамбеттің денсаулығына кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Тұрмағамбет өзінің төл шығармаларының тас баспасымен теріліп, түптелген жинағын көзімен көріп, қолымен ұстап оқи алмай 1939 жылдың мамыр айында түрмеден тапқан ауруы салдарынан қайтыс болды. «Халық жауы» деген жалған айып тағылған ақынды жерлеудің өзі де өте ауыр болғанға ұқсайды. Қытымыр заманның қыспағында жүріп, ондаған хикая-дастан, жүздеген жыр-өлеңдерді тудырса да ақынның революцияға дейінгі еңбегі баспа бетін көрмей Тұрмағамбет жырлары жыраулар арқылы қалың қауымға кеңінен таралған болатын. Академик жазушы Ғ.Мүсірепов 1958 жылы жазушылардың республикалық III пленумында жасаған баяндамасында Тұрмағамбетке арнайы тоқталып: «Шынын айту керек бұл жөнінде Қазақстан Жазушылар одағы да түрткі салмаған, баспа орындарының алдына талап қоймаған, қадағаламаған. Бұдан былайғы жерде бұл ұятымызды жууға тиістіміз», - деген еді.

Тұрмағамбет атамыздың:

«Дүниеден өмірім бітіп өтсем де өзім,

Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.

«Көре алмай кейінгіні кеттім-ау,

Арманда болмай-ақ қой екі көзім» деп жырлаған ақынның арманының жүзеге асуы шығармаларының баспа бетіне жарық көруі болса, ақын өнерінің қайта оралуының қозғаушы күшінің бірі оның 100 жылдық мерейтойының аталып өтуі еді. Бұл мерейтойды өткізу әлі де кеңестік солақай саясаттың заманы болғандықтан аса қиын жағдайда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Көшербаевтың, ауылдық сол кездегі партия ұйымы хатшысы Т.Бекпанов, Социалистік Еңбек Ері С.Жұмабекованың, белгілі фальклоршы-ғалым М.Байділдаевтардың еңбектерінің өлшеусіз үлесі болды. Ойластырылған табанды жұмыстар нәтижесінде ауылдың кіре берісіне осы күнгі «Тұрмағамбет ескерткіш күмбезі» осындай қиын– қыстау кезеңде 1980 жылы 15 қазанда ашылғанымен, «Тұрмағамбет – Ислам дінін уағыздаушы, молда» деген қиянат айып тиісті орындардың қатаң бақылауында болуы себепті ақынның 100 жылдығы атап өтілмей қалған еді.

Заманның солақай саясатының салдарынан ақынның 100 жылдық мерейтойын республикалық деңгейде атап өту жоғарғы орындардан шешім таппай, бірақ «Қазақ Совет әдебиетінің Қызылорда облысындағы онкүндігі» деген астарында Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 100 жылдық мерейтойы 1983 жылдың 27–28 мамырында ашылды. Бұл күн Қармақшы халқы үшін тарихта алтын әріппен жазылып, есте қалатын сәтті күн болғанына куәміз. Бұл туралы Тұрсынбек Бекпановтың «Гуманист басшы немесе ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 100 жылдығының «қозғаушы күші» болған тұлғалар туралы «25 жылдан кейін ашылған дәптер бетінен бір үзік сыр» деген мақаласынан толық танысуға болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін даңғайыр ақын туралы жан–жақты зерттеу жұмыстары кеңінен жүргізіліп, атын мәңгілікке қалдыру мақсатында ауқымды іс–шаралар жүзеге асырылуда. Оның көркем бейнесін А.Тоқмағанбетовтың «Жыр күмбезі», «Көтерілген күмбез» кітаптарында сом-

далды. 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап аудандық Көшеней Рүстембеков атындағы жыраулар үйіне қарасты, Тұрмағамбет ауылындағы «Тасберген жырау» үйірмесінде үйірме жетекшісі болып қызмет атқарып келеді.

Дерек кісі: Зәуре Кәрібаева Жергілікті Тасберген жырау мектебінің ұстазы.

Қармақшы өңіріндегі жыраулық өнерге тән негізгі ерекшелік – дыбысты таңдай-ға салып дірілдетіп шығару. Бұл дәстүр ел арасында маңырама (аңырама) аталып кеткен. Дәстүрдің кез-келген көрінісі қоғам дамуының тиісті сатысына сай жетіліп, түрленіп отырады. Жыраулар мен жыршылардың негізгі айту мақамының өзі ерекше. Сыр өңірі жырауларының айту мақамының өзі қайталана бермейтін ерекше құбылыс.

Сыр өңірінің жыршы-жыраулары әдеби-музыкалық шығармаларды орындау, аспапта ойнау шеберліктеріне және дауыстық мүмкіндіктеріне қарай, мынадай топтарға бөлуге болады: бірінші топ – дауысы шамалы, бірақ дыбыстық бояуы жағымды, салмақты, аспапты орташа меңгерген орындаушылар; екінші топ – дауысы зор, желдіртпін тез айтатын, аспапты да өте жақсы меңгерген орындаушылар; үшінші топ – дауысы зор, мақамның мінезін, сипатын, құрылымын түсінетін, кәсіби сауатты, домбыра ғана емес, басқа да аспаптарды жақсы меңгерген, сөзге бай, тілге шешен, әрі ақын, әрі композитор орындаушылар; төртінші топ – дауысының кеңдік өлшемі орташа болғанмен әдемі, әуезді иірімдері құлаққа жағымды, аспапты шебер меңгерген, өзінің дауысына көнетін кез-келген мақамды мәнеріне келтіріп айту арқылы тыңдаушысын тез баурап алатын орындаушылар. Сыр өңірі мақамдары: кіріспе, бастау, негізгі бөлім, қайырымдардан тұрады. Кіріспе аспаптың құлақ күйін келтіруден басталады. Өйткені, жыршы, не жырау аспабын қолына алғаннан бастап, іштей тебіреністе болады. Осындай сәтте күй тектес мақам, кейде оның орнына мақамның өзін, оның үлкен, не кіші қайырымын түрлендіре ойнап алады. Күй тектес мақам ойнау жыраудың шабыттануына, жігерленуіне, жырға тез кірісуіне көмектеседі. Бастау – кіріспе біткеннен соң, негізгі бөлімге өтер алдындағы, бұрын «ән шақыру» деп аталып келген, тыңдармандарды өзіне қаратып алу үшін мақамның орта буыннан, кейде кіші сағадан басталатын, «оу», «ей» одағай сөздерін қосып айтатын бөлімі. Бастау бөлімі де бас буын, орта буын, кіші сағада ойналып, айтылады.

Негізгі бөлімде айтылатын мәтін мен әуен бірнеше тармақтан, кейде бірнеше шумақтан тұрады, ара-арасында кіші қайырымдармен өрнектеліп, жыраудың тынысын бірқалыпқа түсіруіне мүмкіндік береді. Мақамдардағы қайырымдар екі түрлі болады. Біріншісінде жырды бас, орта буындардан немесе сағадан біраз толғап, тақпақтап айтып, бір нақты ойды тұжырымдап болған соң ғана қайырады. Мұндай қайырымдарды кіші қайырымдеп атайды. Кіші қайырымнан соң тыныс алып алған жырау қайта жалғастырып айтып келіп жыр, не бір көлемді эпизод біткен соң үлкен қайырым жасайды. Кіші қайырымдар елді жалықтырмау, жыраудың өзіне күш түсірмеу, басқа мақамға ауысу үшін қолданылады. Қайырымдарының ерекшеліктеріне қарай да мақамдарды қайырымдары бірдей мақамдар, қайырымдары ерекше, қайталанбайтын мақамдар деп бөлуге болады.

Бірінші топтағы мақамдардың құрылымына қарай, бір қайырым әуенін екі-үш мақамда да қолдана береді. Екінші топтағы мақамдардың авторлары белгілі болғандықтан және ондай мақамдардың қайырымдары өзіндік әуенін, мазмұнын, сипат-мінезін өзгертпейтіндіктен, өзге мақамдарға телінбейді. Өңір мақамдарының құрылымдары бір-біріне ұқсас болғанмен, ешқашан бірқалыпты орындалмайды. Ол орындаушының көңіл-күйіне, мінез-құлқына, айту мәнеріне, мәтіндегі оқиғаға байланысты. Кей мақамның өзі де неше түрлі мінез бен көңіл-күйді білдіріп тұрады. Бұл өңірде ойын-сауықтық, көтеріңкі көңіл-күйге құрылған мақамдар аз, терең ой мен үлкен талғампаздықты, бекзадалықты қалайтын, тектілік пен адамгершілікке тәрбиелейтін, кең тынысты, таза, әуезді дауысты қажет ететін мақамдар басым. Мұндай мақамдар қашан да өз ерекшеліктеріне сай, тыңдаушыларын еріксіз баурап алады.

Байтақ жыраулық өнердің тек асқақ рухын ғана еншілеп қалған сөз өнерінің сүлелейлері сұрасана болған түркі мұраттарын жаңғырта жырлады.

Сырдан шыққан жыраулық дәстүрді насихаттаған, халық жүрегінен орын таба білген жыраулар мен жыршылардың ерекше мақамдары, нақыштары халық жүрегіне мәңгі сақталады.

Қой қырқу. Қойды әуелі жуады, бір күн қойып, кептіріп, нешақты тезірек қырқамыз шөп шалаң жабысып кірлемеу үшін, қырқамыз, реті келсе он қойдың жүнінен бір киіз шығады, тулаққа салып сабаймыз, сабау деген киізді түтудің бір түрі, күзем жүн қыркүекте төсегішке киізге күземді тірі жүн дейді, сабап болғаннан екі өре ақ шиді қабататп жайып бетіне бір тегістеп жүнді салып шығамыз мұны шабақтау деп атайды, шабақталғанан жүннің қалыңдығы бармақтан аспайды, бір тегістелген соң бетіне сыпырғышпен қайнаған су себеді, үш жерден байлап, орап, енді екінші бетін басады, шамалы жүгірткен соң оны шидің бетіне алып орайды, бетіне ою қошқар мүйіз, түйетабан, түрлі оюлар, геометриялық бейнелер, ыстық сумен сеуіп орап, алақандайды, әуелгісін жайып бетіне мынаны ақ бетін астына қаратып, оюын бетіне қаратып, шидің үстіне екеуін тағы ыстық сумен себелеп, арқанмен сырылдатып тарта береді 1 сағаттан соң піседі, киізді алып, алақандайды, білекпен шынтақпен алақаннның екі ортасын жүгірту киі қатая басады.

Дерек кісі: Камулова Бақыт Тұрмағанбет ауылы 1960 ж.т.

Бала тәрбиесі жайлы. Бала тәрбиесіне атам қазақ үлкен мән берген. Асық ойнатып сана сезімін оятса, атқа мінгізіп тазалықтың, пәктіктің сезімін оятқан. Нәресте дүниеге келмей жатып құрсақ той, ал дүние есігін ашқан күні шілдеhana жасайды. Бесік сатып алары, бесік мінері, онан соң түбек тесігінен тыштыма жасалған. Бала 1-жасқа келгенде тұсау кесері жасалған. Бала ананың бауыр етінен жаралған дейді қазақ.

Ат қою. Балама бақыт, сәттілік, ұзақ өмір, ата-анасына сыйлылық, достарына беделді болсын деген ниетпен тұңғыш Немереме Нұрай деген есімді қойдым. «Шырай әжесіне ұқсап пысық, бауырмал, өнерлі, ел-халқына сыйлы болсын! Ай Нұрындай аппақ кең пейілді, мейірімді сұлу болсын! Қасиетті рамазанның Нұрлы айының арайлы таңында туылғандықтан немеремнің азан шақырып қойған есімі Нұрай болсын!» - деп тілек айттым.

Дерек кісі: Пазлиев Мұратбек Тұрмағамбет ауылы. Кеген кете 1981 ж. т.

Ескінің көзі тозса да, сөзі тозбас дегім келеді. Бала кезімде әжемнің тәрбиесінде болып, анамды жеңгем ретінде санап көп жағдайда анамның айтқанында болып илана қоймайтын. Адамның жақсылығы немесе жамандығы маңдайында жазылып тұрайды, істеген ісіңмен, сөйлеген сөзіңе қарап, дана халық атыңды да затыңды да дәл тауып береді деп отыратын. Осы күні ойлап отырсам ол кісілер жатқанымен бітпейтін шежіре ғой. Кешкі ымырт түсіп мал қораға қамап, кешкі асқа отырғаннан басталған әңгіме түн жарымында өзім ұйықтап кеткенше жалғасатын. Ол кісілердің бастан кешкен жай өмірінің өзі маған ертегі сияқты болатын. Айналайын қазір орыс биледі дегенің болмаса пайғамбардың заманы ғой бұл дейтін. Қой үстіне торғай жұмыртқалаған күн дегеніміз осы, шүкір деп отыратын.

Бұрын біз бала кезімізде көшіп жүретінбіз, көршілес жатырған Қоқан, Өзбек, Қарақалпақ елдерікішігірім шапқыншылық жасап отыратын. Одан қалса, барымта мен қарымта, әлі жетен-әлі жетенді тонап, озбырлық көрсетіп, күштінің әлсізді жүндей түткен кездері де болған. қайда қалың соның тығылып жүретінбіз, жау келді десе балапна басына, тұрымтай тұсына демекші әркім өз бетінше бас сауғалап кетеді. Сұлу қыз, келіншектерді тығып ел көзінен тасалау ұстайтын. Елдің қонысын жасыру үшін иттің ішін арқанмен тартып байлап қояды, арқан жетпей жатса иттің көтеніне ас майын жағып қойсаң үре алмайды. Міне балам осындай жаугершілік заманды да бастан кешкенбіз деп отыратын еді әжеміз.

Жолбарыс аулау. Сырдың бойы ну қамыс еді. Сол қамыстың арасында жолбарыстар мекендейтін. Даланың теңбіл жыртқышы кездесіпжатырса адамның өзін жай жібере салмайды. Сондықтан қалың арасында барынша сақ болуға тырысып бағатынбыз. Бірде ел іргесіндегі қамыс тоғайдың ішінде бір жолбарыс пайда болып, малмен күнелтіп отырған ауылдың жайылымға шыққан ірі қарасына тиіп, қиындық тудырды. Бұл пәленің сол жолбарыстан келгенін білсе де, қара халық лажсыз отырды. Ол уақыттарда малынан айырылған елге жұт келеді. Сол уақытта елде Арынбай есімді, сыйлаған азамат болыпты. Әжемнің сипаттауыншша, бойшаң, денелі, ақсары, салалы кісі болған. сол Арынбай орта жасқа келіңкіреп қалған кезі екен. Елдің берекесін алып, аузындағысын тартып жеген жолбарысты аулауға дара шығады. Аңшы сол қолына жылқының қылынан есілген қыл арқанды орап, оң қолына қанжарын ғана алады. Арекең осылай ел мүддесі үшін өз өмірін бәйгеге тігеді. Алыстан жалғыз екенін байқаған жолбарыс аңдуға кіріседі. Осыны байқаған аңшы өзін іштей дайындап, өте сақтықпен жүре бастайды. Осылайша аңдысқан адаммен түз тағысы бетпе-бет кездеседі. Қапталынан қыбыр еткен қамысқа қарағанда оқ жыланша атылып келе жатырған, өгіздей теңбіл жолбарысты көрді. Арандай ашылып, тістері ақсиып, келе жатырған аузына сол қолын тосып үлгіреді. Осы уақытта талайды қиып өткен ақсиган тістері жылқының қылынан есілген арқаннан өтпей тұрып қалады. Сол уақытты пайдаланған аңшы қанжарын жан ұшыра жолбарыстың жүрек тұсына сұғып-сұғып алады. Ырылдаған жолбарыс аңшыны жан екпінімен төсіне басқанымен өзі де сол жерде жан тәсілім етеді. Жолбарыс бауырында жатырған батырды ауылдастары артынан іздеп келіп шығарып алады.

Ашаршылық туралы. Ашыққан адамдар ит, мысық, тіпті тышқан, тасбақа демей азық қылды. Сол кезде даланың төсінде жыбырлаған жәндік болса ұстап жей беретін. Егер тысқа кішкене бала шықса қауіп болатын. Көзбен көрмесекте жан түршігерлік жайттарды естіп жүрдік. Баласын жоғалтып, кмнен көререін білмей ашына зарлаған аналарды да көрдік. Киіз үйдің астына ұра жасап, ұраның жоғарғы жағын тарлау етіп, қақпағын кішкене етіп қалдырып, үстіне төсек төсеп отыратын шешелеріміз. Жәй жүрген дадамның қолында таяғы болады. Таяғын жерге тіреген болып, жерді соққылап ұра іздеп жүреді. Ұра салынған жерді байқап қалса ағайын туыс демейді, түн жамылып қасына ашыққан бірер кісі жинап келіп тонап кетеді. Сондықтан ұраны жасыру өте қиын болатын. Ашыққан адамдар ісініп кетеді. Кейбірулер тек етпен қоректеніп іші қатып, қаталап бір үзім нанды ішін жүргізуге емге таппай жүреді. Бәрінің аңсағаны ашыққан қарынды тамаққа тойдыру ғана болатын. Міне осындай қиын-қыстау заманда халық бет-бетіне тоз-тоз болып шет ел асып кетіп жатты. Елдегі аштықтан қажыған бір үйлі жан Өзбек елін бетке алып жолға шықты. Ері мен жұбайы реерсектеу екі баласы және кішкене бес жастағы шамасы баласымен бесеуі жаяулатып жолға шықты. Аш құрсақ, біраздан тоя тамақ ішпеген олар, күннен күнге әлсіреп діңкелей бастады. Жол арасы құмнан жуа, көсік кездесіп жатырса соны азық етіп келеді. Таңертең қарыны шұқырап ұйқыдан тұрған әке, балалары мен әйелі аштықтың әсерінен бойларын ісік шалғанын байқап зәре құты қалмай шошып кетті. Еріні кезеріп, тілімденіп, қабырғалары ақсиып, екі көзі шүңірейіп санаулы қалған демін санап жатыр. Осы уақытта жұбайын отағасы оңаша шақырып, мына баланың жарығы сөнуге таяды, қалғандарымен өзімізді сақтап қалу үшін осыны азық етейік деген ой тастайды. Шошынған ана не дерін білмей аңтарыла қарайды, бірақ бұдан басқа шара жоқ. Расында бір үйлі жан опат болғалы тұр. Іштен шыққан қу жылан демекші баласын да қимай өзі аштығы ашөзегіне түскен құр сүде дал болды. Бір уақыт өз баламның етін жегенше аштан өлейін деп ойлайды. Ал қалған балалары не болмақ, олардың өлуі керек пе, ұрпақ қалу керек, жоқ олардың келулеріне жол бермеймін деп бел буады. Екі оттың арасында дал болған адам келісімін берді де отыра кетті. Баланың баласын құбылға қаратып бәкісін баласының тамағына тақаған әкенің дәйт барар емес. Көзін жұмып тірі өлік болып жатырған бала да бір қиындықтың күтіп тұрғанынан хабардар. Бірақ жылауға шамасы жоқ, көзінен бірер тамшы ғана жас шығып, селк-селк етеді. Ана жүрегі бір нәрсені сездіме әке қолындағы кездікті кейін қайтарды. Өзі алдарына тұрған төбеге құмның үстіне өрмелей жөнелді. Сөйтті де төменде тұрған отағасын шақырмақ болып айқайлаған, бірақ даусы шықпады. Келіп жеткен отағасы аң-таң қарама-қарсы екі киіктің текесі сайда жатыр. Төбеден түсіп жақын барғанда байқады міне құдайдың құдыреті сүзісіп жүріп мүйіздері бір-біріне ілінген екі теке сілелеп құлап жатыр. Манағы баласын бауыздамаққа шығарған бәкісімен табанда киіктің екі текесін құрбандыққа шалды. Осылайша бір үйлі жан аман қалып, межелеген жеріне жетіп, кейін ашаршылық біткен соң елге оралып, үлкен әулетке айналған. *Міне өлмегенге кездесер өлі балық* деген. Көрсеңде күніне мың пәле. Жаратқан Алладан үмітіңді үзбе деген осы болады деп сөзін аяқтады.

Ырым. Барымталайтын кезде иттің құйрығына май тығып қойған. Малдың бас сүйегін қораға іліп қою мал басының бүтіндігін тілеп тұрады, үйді, малды тіл-көзден сақтайды.

Қауаққа сақталған ас бұзылмайды, қауақты арнайы өсіреді. Қауақты түлкі аулауға да қолданады, інінің алдына қойып кетсе, басын тығып алады.

Құрт кептіру. Құртты бақан басына іліп кептіреді.

АҚТӨБЕ АУЫЛЫНАН ЖИНАҚТАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР:

Тереңөзек ауданының Шаған ауылында бір қарт кісіден жырау Қыдырбектің әкесі Өмірбай Сәденов жазып алған беташардың нұсқасы.

Беташар:

*Уа, құрметті ағайын,
Домбыра қолға алайын.
Ойнақшытып он саусақ,
Оңды да, солды қағайын,
Сөз сарасын саралап,
Беташар жырын салайын,
Ойдан да қырдан жиналып,
Тұрсыңдар келіп ағайын,
Мерекелі күн бүгін,
Гүл жайнаған маңайың.
Берік болса одағы
Екі жас сүйіп ұнасқан,
Болмаса кірбің ешқашан,
Ренжісіп жыласқан,
Беташардың жорасын,
Беріп тұр маған көпшілік,
Беташар салты ауыр жүк,
Оған да керек ептілік,
Ептілігімді көрсетіп,
Бір-екі ауыз айтайын,
Көп тұрғызбай келінді,
Ырымын жасап қайтайын,
Келін деген тұңғыш сөз,
Құлаққа тосын естілер,
Ондай құрмет атақты,
Адамын тағып берілер,
Ел халқыңның алдында
Есті келін атанып,*

*Құрметің жағып үлкенге,
Жүргейсің қалқам бата алып,
Қатерлі күнде қорғанып,
Боранды күнде орманың,
Ойласаң қамын халқыңның,
Азамат келін болғаның,
Кімнің де болса да басына,
Жамандық соқпай өтпейді,
Кімнің де болса да басына,
Жақсылық соқпай кетпейді,
Жақсы ір күнде тасымай,
Жамандық күнде жанишылмай,
Ақылға бәрін жеңдіріп,
Сабырлы болғын жасыңда-ай,
Үйретіп әлі-ақ есейтіп,
Өмірдің өзі толқындай,
Балалық қызық қыз күнің,
Артыңда қалды ай қол бұлғай,
Міндетің қалқам бұрыннан
Тұңғыш рет сәлем бер,
Халқыңа мынау жиналған,
Осы әулеттің киесі,
Осы тойдың иесі,
Жетелеп жебеп жүретін,
Ендігі кезек өлі аруақ,
Әруақтарға бір сәлем
Келінім қашан келер деп,
Жолыңды күткен адам бар,*

Алатаудай ақ басты,
Қайыната деген атаң бар,
Атаңда сенің әкең зой,
Тілеуқорың батағой,
Аталарға бір сәлем,
Өмір теңіз болғанда,
Толқында жүзер кемең бар,
Келіннің нағыз егесі,
Қайын еке деген енең бар,
Күн болып күндіз тұратын,
Ай болып түнде туатын,
Сендер үшін құрбан боп,
Сарқытын берер қуантып,
Енелерге бір сәлем.
Сәндеп тіккен киімге,
Жарсып тұрған жағаң бар,
Ақылын айтып жән сілтер,
Қайынаға деген ағаң бар,
Қадірін білсең қайынағаң,
Төбесін үйдің көтерген,
Айнала тұрған бағандар,
Қайынағаларға бір сәлем.
Отсыз-ақ үйің жылиды,
Тату болса абысын,
Ауылға түгел жеткізер,
Ерінің тапқан табысын,
Тату болса абысын,
Ақ орданың сәнісің,
Бірің алтын тағысың,
Абысындарға бір сәлем.
Бәрінен өзге бағасы,
Арналы судың сағасы,
Ыстық-суық бәріне,
Ашитын жаны нағашы,
Нағашың кім деп сұрайтын,
Атамыз қазақ баласы,
Нағашыларға бір сәлем.
Нан піспейді табасыз,
Асық болмас сақасыз,
Жігіт брлсын, қыз болсын
Көңілі жарым апамыз,
Жүрседе қайда апаңыз,
Сенімді ақыл қалтаңыз,
Бөлінер бірге солармен,

Қуаныш-қайғы қапаңыз,
Қайынапаларға бір сәлем,
Осы тойға жиналып,
Жан-жақтан келген құдалар,
Жас келіннен бір сәлем,
Дәметпей қалай тұра алар,
Құдаларға бір сәлем.
Қазан асып, от жағып,
Қызметі сіңген күйеу зой,
Көп болса күйеу мұндайда
Жан-жағыңнан сүйеу зой,
Жезделерге бір сәлем.
Паңнан туған ұл-қыздар,
Келеді өсіп жұлдыздар,
Осылар саған өріс боп,
Қонаққа барып тұрыңдар,
Нағашымның тойы деп,
Жиендер жүр жымыып,
Жас келіннен бір сәлем,
Дәме де қылып қиылып,
Жиендерге бір сәлем,
Айтқызбай жайды білетін,
Ренжісең ренжіп,
Сен күлсең күлетін,
Қайынсіңлің қасыңда,
Шарайнаң болып жүретін,
Қайынсіңлілерге бір сәлем.
Бар екен тағы жақының,
Сасқан жерде ақылың,
Жалғыз жүріп қорықсаң,
Қасыңдағы батырың,
Бәйтеректің түбінен,
Балапан шыбық өседі,
Одақтас болсаң қайыңмен,
Қаратасты да теседі,
Қайныларыңа бір сәлем.
Туыстан жақын көршілер,
Мәртебеңді өсірер
Келінің ана келді деп,
Сүйіншіңді бершілер,
Көршілерге бір сәлем.
Осы тойға жиналып,
Достарың бәрі келіп жүр,
Қуанышты кешеден,

*Бөлісіп бірге көріп жүр,
Достарыңа бір сәлем.
Жастайымнан ән-жырға
Сусындап өсіп қанғанмын,
Атақты жырау Алмастан,
Оқып дәрі алғанмын,
Арқасында өнердің,
Талай жерге барғанмын,
Талай тойан бәйгеден,
Қанжығаны майладым,
Ақ Ордасы патшаның,
Конгресс Холдың өзінде,
Асыл жырдың мәйегін,*

*Бабаларға әуеннен,
Асқақтата салғанмын,
Жиылған қауым ағайын,
Өздеріңе осылай,
Өлеңмен жыр арнадым,
Алдарыңда жырлаған
Жырмен сөзі жүйелі,
Бітімбектің жиені
Руы Метей Сарғасқа,
Қыдырбек деген балаларың.*

*Саденов Қыдырбек Өмірбайұлы
19.07.2013 жылы. 1974 ж.*

Қыдыр аға беташар ашарда баспа бетінде шықпаған, әкелері Тереңөзектің Шаған ауылына әкелері тойға барып сол жақтан бір үлкен кісінің бет ашу дәстүрін жазып алып келген, аяғындағы сөздерін өздері қосып отырады. 5 сыныптан бастап домбыра тартып, 11 сыныптан бастап бет аша бастаған. Жыраулық ауызекі жазба әдебиетімен жалғасып келеді.

Шиеліде оқтау, Қазалыда қамшы, Тереңөзекте қамыс байлайды, Тұрмағанбет ауылында қамшы, Ақтөбе ауылында жас шыбықтай жас келін иіліп тұрсын деп шыбық байлайды, қамшы – ер адамның бірден-бір құралы, ер адамның белгісі, келіншекке ер адамның өмірлік жолдасы болдың деген, қамыс-көк құрақтай жас келін, жас құрақтай өссін деген ниетте, оқтауды – Шиелі, Жаңақорғанда ғана байлайды енесінің қызметі азаяды, абысындары қызметінен босайды деп оқтаудың иесі сен деп береді. Үйленіп жатқан баланың үйленбей жүрген құрдасына жұғысты болсын деп, жолын берсін деген ниетте таяқ ұстады. Беташарға байырға кезеңде ақша салу Базар жырауда 1989 жылы шыққан кітабында Естайлақ Оразымбетұлы: «7-де мың сом табасың» деген, сол заманда 1 жылқы 25 сом екен» ол сол кезде бар, жырау той иесіне байланысты егер келінге жақсы ақыл өсиет айтса, бие беріп, түйе жетектетіп жібереді екен. Базар жыраудың өзінің өлеңдерінде де кездеседі. Байлар бұрын айлап күткен, беташар да сол үйдің жақсылығын айтады, бір-біріне ақпаратты жырау тартқан, жыраулар сол кездегі тұлғаларды дәріптеуші, ақпарат тасушы. жылқышы, бақташы ұстаған байлар болған, ол сонда халықтың экономикалық жағдайын көтеріп, жұмыспен қамтып, жырауларды шақыртып, елді жинап, айлатып жыр төккізетін болған. Қармақшы өңірінің жыраулары нағыз исламмен қаныққан ата қанымен берілген жырды төгіп, төселіп айтуға машықтанған, одан соң кіріспемен елге таныса отырып, алыс-жақынның есендігін, баршылыққа шүкірлік етіп, халықты бір масайратып, әлден соң шығыстың небір болған оқиғаларын мысалмен өз тілінде ұйқастыра отырып шабады, сонда делебесі қозған халық жақсылықпен әділдік, хақ жолы жөнінде терең білім алып, еңбекте жүргендер біртабан дінге жақындап, рухани күшейіп, тыныс алады. Беташарда *таяқпен* ашып оны күйеу жігітке береді, мұның мәні ендігі билік сенің қолында деген сөз. *Тоғышар* - надан, топас, өз камын ойлаған.

Сарықасқалардың шежіресі: Келмембет батырдың ұрпағы, бабалары жауға шапқан қамалды алған кезде қамалды бұзған кезде кім деген дегенде атын жөнін білмейді, сарғасқа атты біреу деген, сол кезде астындағы аттары сарықасқа болып, содан сарықасқа аталған, ханның алдына келіпті: «ей, батыр атың кім?»- депті хан, атым Келмембет депті үстінде қысқа тоны бар екен, Келмембет келбетіңе рахмет» деп батасын беріпті дейді хан. Кейіннен сол бабамыздан тараған 4 ұлының ауылын «мынау кімнің ауылы дегенде, мынау сарғасқалардың ауылы» делініп аталып кеткен. Есбол, Метей Қармашқы, Жалағашта кездеседі. Өтебай, Құдайқұлдан тарағандар Тереңөзек, Жалағаш, Қызылорда маңын мекендейді. Метейден атақты Молдахмет жырау шыққан. Метейден тарағандар аз, Қазақстанда 50 шаңырақ, Қожакелдінің бозғылдан тараған көп. Бозғылдан 5 бала Үлкені Қаратамыр, Сарыбай, Торыбай, Қайқы, Келдібай. Келдібайдан Үсен, Келмембет, Қожакелді. Жауға шапқан кезде хан кім мына қамалды бұзып кірсе, ханның қызын жасауымен берем деген, сол кезде қамалды Келмембет алғаннан соң, хан жаңағыдай «*Келмембет келбетіңе рахмет*» делінгеннен кейін хан жарлығы екі болмайды, қызды беріңдер деген сонда бектің қызын жасауымен қасындағы қызметші қыздарымен, пәуескесімен берген екен. Сонда жаңағы Үсен, Қожакелді үйленбеген бойдақтар екен «әй, інім сауға бізгі анауынан бер бізде әйел алайық» депті сонда бектің қызын үлкені Үсенге беріліпті, қазір Жаңақала совхозы жақта тұрады. Жолайлар содан тараған, олар сол бір сөзді ұстанған, билікке құмар боп келеді, бектің қызынан тараған соң, ал енді бектің қызының қасында жүрген қамалдың ішінде бақсы, кожаның қызы бар екен оны Қожакелді алыпты, оның ұрпақтары батырлау тентектеу, «*Қожакелді халқы қой тентек, бас басына бір келтек*» деген сөз шатақтау бақсының қызы адуындау содан. Үшінші жаңағы қызметші қыз екен өзі ешкімге соқтығып тиіспейді тиіскен жаннан есесін жібермейді, сол алаңғасқалар момын өз тіршілігін өзі күйтеген, мал баққан, Сырдан бастап Қырға дейін жайлаулар сарғасқаның жерлері болған, көшіп кетіп жүрген. *Шөмекейдің ұраны – Дөйт.* Майда рулар осы Шөмекейдің Кетелер ұраны Майлыбай. Шөмекейдің шаңырағын ұстап қалған Келдібай болған. Қартамыр, кожакелді, Сарғасқа, Қаратамыр жолы үлкен деп төрге Қайқыдан Балқы Балқыдан Базар ақын туған, Ораз ақын Арабиядан оқып келген Есбол сарғасқа мұсылманша оқыған, бала оқытқан, Ақжар ауылымен Ақтөбенің екі ортасында жайлап отыр.

Дерек кісі: Саденов Өмірбай.

Ара өсіру. Бұрын үсті басының басын жара баптап кеткен сары әулие кара әулие кете әулиелерге дейін барған сырқатына байланысты дәрігерлермен емшілер кеңес берген, Жамбылға барып, кара әулие, Сары әулие иглотерапия, электротерапия, ең бастысы тиімдісі пайдалысы көзге. Емші қазақ кісінің айтуы бойынша араға күніне 2-3 рет шақтыру керек, бірақ қарақұстан шақтырмау керек, сетка бетті жауып тұрады қорғаныш қалпақ болады, Кеңес Үкіметі кезінде Алма бақтың ішіне қойып, жантаққа апарып қойған, шөптің белгілі шөптердің гүлінен сөлінен бал алады да, гүлдің ортасындағы ұнтағынан нан алады, араның ұяшығы *кәрез* деп аталады, орысша рамыны қолдан жасап, араның тастаған ұясынан басқасының бәрі

адамға ем, араның балы арқылы тұздарды да кетіруге болады, шайға, нанға, сүтке қосып жеуге болады, ыдыста қысы- жазы беті ашық тұрсын иістенбейді, микроб жоламайды, ертеректе көсем адамдардың денесін сақтап бір жерлерге апару үшін астаудың ішіне бал құйып соған салып жіберсе, мүрде ұзақ сақталынатын болған, тіпті кейбір қарт кісілердің айтуы бойынша, мүрдені 50-60 жылға дейін сақтауға көмектеседі екен. Араның балымен бірге таблетка таблетка болады, ол пайдалы, ара желімі болады, ара ұяшығының жәшігінің шел, жапсарлары ашық болған жерлерін желімімен желімдейді, араның ұяшығының сыртында жүрген адам жылқы жан -жануар ештеңе бал ала алмайды, тек құмырсқа таси алады, жылқының өзін аудырып жібереді, құмырсқа жәшігінің шелін біліп қойса, ананың балын тасиды, құмырсқа кірді дегенше ара ұясы бұзылды деген сөз, ара көпке шыдамай ұясын тастап басқа жерге көшіп кетеді, салидоль, жәшіктің астына құмырсқа баспас үшін квадрат тәріздес 30-40 см қазыққа қағып қарамай жағып, құмырсқа өрмелей алмады, профолис *ара желімі* - емдік қасиеті бар, ара желімін сағыз қылып та шайнайды ауыз қуыстарына тіс таза болуына әсер етеді, тістің мықты, таза болуына әсер береді. Құмырсқаға әлі келмейді. Бүкіл отбасы көшіп көшіп кетеді, араның аналығы басшылық ететін сол аналық құмырсқа кірген соң ұядан ұшып шығып, бүкіл қызметші аралармен аталық аралар көшіп шығады. Кейінгі кезде күріш егісіне байланысты жантақ азайды, ара бал алатын жантақ жоқ, жоңышқа жоқ, гүлінен да нан бал, қызылмия, қоянсүйек, әрбір өсімдіктің гүлдеу процесі 10 күнге созылған уақытта алады, барлық жеміс ағаштарының гүлінен алады, бал ұнынан нан жасайды, жантақтан жақсы алады, жантақтың балы *жантақ балы* - жантақ жайылымы ең тәуір, ең сапалы, жапондықтарда балды қатты бағалайды, түйенің азығы, жантақтан алады, Жапонияда бірінші дәрежелі балды содан алады, сайып келгенде Қармақшы өңіріндегі осы шөптердің азаюынан құруынан бал арасының өнділісі тежелеуледі. Арамен айналысатын кәсіпкерлер шамамен Шымкент жағынан Өзбекстанмен шекаралас аумақтардан бастайды, 10 күн сайын гүлдеу процесіне байланысты Россияға дейін барады, гүлдеу процесін қуалап, күзде анау басталған жеріне қайтып әкеп береді, қыс айында өзінің балын береді, нанын арнайы алынады, балы медагонка кәрезге салып ағызып алынады, сығып алады, балды шайқау құралы дейді. Табиғат өзгеруімен тоқталды, қантты суға езіп тұнба түрінде бересін қыстай, қыркүйекте гүлдеу бітеді, бір жылдары колхозда қант болмады, негізі ара өсіру қазаққа тән емес, бал түгіл 20-30 мыңдаған, сиыр түйеден алма бақтан айырылып қалдық, 5 км жерге дейін тасиды, омарта деген мәселе бал жинайтын шөптері жоқ, алма бақ жоқ болып кетті.

Қоянсүйек, қараған, шеңгелден күшті бал алады, Емдік үшін қызылмия, жалбыз, жантақтан жинайды.

Акку, қарақұйрық, ақбөкен *киелі* деп саналады.

Дұрман қожа ел кезген, ел аралап жүретін болған, Қарак деген жерде Сейтпембет деген әулиенің басына барып, ауа-райы бұзылып кетіп, ұйтамға түнеп, қар аралас жаңбыр жауып қауіптенген, өзінше әулиелерге сиынып отырса, ентігіп киік кіріп келіпті, артынан машиналармен аңшылар қуып келсе, моланың ішінен Дұрман қожа шығып, жұрттардың зәресі қалмапты, қатты күйзелгенде шарша-

ғанда Аллаға сыйынғанда шығатын нәрсе кие. Қасиет содан Дұрман қожа ауылға жетіпті.

Көктемде Сырдария арнасынан шығып тасып, екі жағы суға қанығып, ну басын болған. Сонда барлық шөптің түрі өсетін болған, жасанды болмаған, кейін шөп түрлері сиреген, содан соң араны ұстау үшін қолдан өсіру пайда болды. Құдайдың құдыреттілігін қарамайсыз ба, сонда Сыр бойы ну пішен, қамыс болып, жолбарыс мекен еткен.

Ұяларын күзде алған, ұядағы ара балы, наны, пропулис «ара желімін» алған, ұяны жасауға пайдаланған. Араның кереметі сол ара организміндегі қорытатын балды шығаратын завод жер жүзінде жоқ, қанша градус, қайда тұрса да иістенбейді, бүлінбейді, шірімейді, сасымайды. Тек қиы ғана қолданылмайды. Ұясына дейін пайдаланады.

* * *

«Сыр сүлейлері» деген сөздің түп төркіні Өмірбай ағаның жорамалдауы бойынша, Сыр бойындағы айтқыш, дарынды, талантты, ғалым, адамдарды су патшамы Сүлейменге теңегені болу керек. Назарбаев айтқандай: «Сыр Алаштың анасы». Сыр бойындағы ғалым, ақын, батыр, адамдарды жырау, дарынды адамды айтқан. Әке-шешесі қойшы болған, «Қарақұм дегенше, қарағым десейші» деген, Қарақұмда көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, дүние жүзіндегі бағасы түспейтін доллар, Қармақшылықтар ертеректе Қарқұмды жайлап, Қуанды қыстаған ерекшелігі: Жер асты суы 3x4 3x2 тереңдігі 1 метр құдық 500 қойды суара алады. Маса, қарашыбын, сона болмайды. Қармақшындан әрі қарай 250-300 км бастысқа қарай орналасқан. 4 жаста атасы атқа мінгізіп қойдың артынан қарауылдатып баласын ертерек тірлікке бейім болсын деп, мал соңынан салып қояды екен. Мал қазына байлығы, оны көздің қарашығындай қорғап, санын көбейтіп, жесе ет кесе киім, баспана, қылып пайдаланған. Сонда ағаның тартпаға аяғы жетпейді екен, Қарақұмнан Қуаңға оқуға келген, 8 сынып бітіргеннен кейін мектеп біткен, одан соң интернет жоқ, оқуға бір ауылдан ара қашықтығының алыстығына қарамастан қатынап оқыған, сол үшін де бір ғана 8 сыныпты Қармақшыдағы 4-5 мектептен бітірген ауысып, ауысып, одан соң әрі қарай жалғастыруға жағдайы болмаған. Әке-шешесі қарт болып, аға ертерек бейнетке араласып кетуіне тура келген, әкесі 60 жасқа толған соң отырықшылыққа көшкен, кейін бақша егіп, күріш егуді бастаған. Әкесі Кеңес Үкіметіне дейін мал шаруашылығымен айналысқан, колхозға «100 бас қаракөлді Қармақшыда қабылдап алған. 30 мыңға жеткізген, оны Шымкентке апарып өткізген, «Қара елтірі» өте бағалы өнім, 1-2 күн емген қозыны сойып соның терісін өткізген, Шымкенттегі қаракөл заводы өндеген, бас киім, кеудеше, тоншалар, жақсы іш киімдер, сырт киімдер тігілген, шет елге өтімді, 14 жасында соқамен жұмысқа кірісіп кеткен, сілкіде отырған, шынжыр тракторға отырған, кейін бәрі автоматтандырылған, өгіз коселкіде 2 аяқты темір арбамен пышағы коселкіде отырады, атта 1-1 адам өгізге атқа пышағын жегеді, кейде атты қақпалап өзін жібереді, комбайн машина 1968 жылдан бастап 1998 жылға дейін қолданылған, 20-300 мың қойға шөп дайындайтын болған, сол үшін колхозда пішен секторы жұмыс жасап, қыстық мал азығын дайындайтын болған. Шөпті алатын орын алдын ала су жіберіліп, суландырылатын

болған. Шөп шапқыш машинадан соң тырмалауды да атқа өгізге жегіп жүріп сүйретеді, тырмалайды, тырма толған кезде ролде отырған адам көтеріп қалады, фокус болып қала береді, қайтадан шөмелеп жинайды, соқа, сілкі, коселкі жұмыс істеген. «32 қайыру 62 мал табу» деп малдың бабын біліп жаю, жусату, семірту, тоқтату, жаюдың әдісін айтып тұр. Ауа райына қарай да жайған, таңертең күннің астына шығарады, қайтарда көлеңкеге қарай қайтады, күннің астында жайса мал ысылап жүрмей қалады. Жайлауда бөлек-бөлек отырады, шамамен 3 күн басқан жерін қайта бастырмайды, бір күн батысқа бір күн шығысқа желге қарай да жаяды, оңтүстік, солтүстік, 1 жеті басқан жерін сегізінші күні бастырмайды, 1 айдан соң бірінші тазаланып шөп тіріліп отырады, ол жер онда көктеп шөбі қайта қалпына келеді. Малды бағудың өзі бір ғылым.

*Арудан асқан жан қайда,
Жылқыдан асқан мал қайда,
Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм қайда?*

Германияның қазір қымызды патенттеп алуы бекер емес.

Бірінші орында сусын саумал болған, келген адамға содан құйып беріп қонағын разы қылған, наурызда, астарда, құдай жолында да саумал қонақтарға саумал берген. Қазақтың әрдайым бата қайтарған сөзі: «ақ мол болсын» деуі сондықтан ақ мол болса бәрі болады, көңіл де мол болып, берекемен мерекеге кенеліп, тоқшылық деп есептеген, Бисмилладан бастап бата берген.

Ата бабаларымыздың көшкен жері Дариялықтың табаны, онда жусан, күйреуік, тасжарған өседі. Қармақшыдан әрі қарай 1-2 көш Тебіз деген жерге көшкен, кейін бұл жерде су тартылып қалған, қазір ақ сор тұз адам емдейтін балшықтар бар. Қарақұмда Белтебіз деп аталатын тұзды жер бар, ол жерде жайылымдық жер болған. Одан кейін аталарымыз Жіңішкеқұмға көшкен, бұл жер де өспейтін шөп жоқ жуа, көсік, қаракене, бал жинайтын араның бүкіл шөбі осында өседі, 100 түрлі шөп бар, содан Үлкенқұмға барған, малын семіртіп, содан кері қайтып жаңағы аталған жерлерді басып күз қайта қыстауға қайтатын болған. Қуаңға келіп қыстаған.

Отбасылық дәстүрлер: Тұсаукесер ақ қар жіпті есіп жасы үлкен жағдайы жақсы өсіп өнген кісіге ырымдап тұсау кестіреді, сол бала өскенде сондай адам болсын деп, тұсаукесер сөзі: «қаз, қаз балам, қаз балам, қадам бассан, мәз болам, тұсауынды кесейін, күрмеуінді шешейін, жақсылықтан қалмағын, жамандыққа бармағын».

Балықтар: сазан, кірәс, шортан, хаяз балық, сырты жылтыраөк, бекіре, жылан балық.

Нақыл сөз, өсиет, термеде адам тағдырын қоршаған ортамен салыстыра отырып, түйінді ой айтады, ақ кара, жақсы, жаман, қасиетті, қасиетсіз, өнерлі, өнерсіз, кіші үлкен, сараң ашық, сөзге шеберлік, надан, еңбекқор, жалқау, батыр, қорқақ, білімді, білімсіз, бақытты, бақытсыз, салыстыру, жер көктің арасында барлық Хақ тағаланың жаратқан нәрселерінің жақсысына жол салу, көзін ашуға бағытталған сөздер айтылады.

Қора түрлері: бопыр қора, қамыс қора, албар қора, жиде, шеңгел қора, бастырма қора, кесек қора. *Бопыр қора*-шеңгелдің үстіне малдың қиын, қалдық қыстан қал-

ған шөптің қалдықтарын жинақтап салып қайтадан шеңгел салып, жасалынады. *Боқтық қора* мал жеген шөптің қалдық сақтарын, бірінің үстінебірін үйіп жинай береді. *Қамыс қораны* қамыстан салады, қамысты қыста орады, пашындап баулау – буып баулау. *Албар қора*-ашық, жазда, көктемде малды жайып еркін жатуына ыңғайлы ашық қора түрі.

Жиде қора - жиде ағашы мықты болғандықтан үйірден ұсталынып алынып келген не болмаса мініс жылқыларын қоятын жылқы қора.

Бастырма - малды қардан қорғап тұратын жартысы ашық жартысы жабық, көлеңкелеп тұратын мал қора, *ықтырма* деп те айтады.

Кесек қора - жұмбаз кесектен сиыр, қой үшін соғылған қора.

Малдың қиын тезек дейді, оны отқа жағады, түтіндікке салады.

Мал қораны құрастыру – қада қадап, қада талдың жуаны сым керіп ортасына шеңгел салып белін буып, қора жасайды.

Сойылатын малдың басы 1-2 күн үйде түнеуі керек, әкесі тірілер асылған мал басын ұстамайды, әкелері жоқтар ұстайды.

Ірі мал басын сойып, тамақ беруді *шеке* беру дейді.

Мал күтімі мезгілімен жем шөбін беріп, тазалығын сақтап бір орнында тұру керек. Балықшы ауының қалтқысын сал-талдардан да жасайды.

Дерек кісі: Шырай Фазылқызы, 1949 ж.т., руы кеген кете.

Құда түсу. Қызын ұзатып, құтты орынға қондыру ата-анасының басты арманы, жасы 13-ке толғанда бұрынғы ата-бабаларымыз қыздың 47-сін беріп, құтты орынға қондырған, сәукелемен көшпен ұзатқан. Қыз тәрбиесіне шешесі жауап берген, оған барлық үйдің тірлігін үйретіп, оң жақта ұстап, жасауын қыз дүниеге келгеннен бастап дайындаған. Қазіргі жасауы мен қалыңмалы жағдайына қарай болып отыр, ақшалай 300 мың әкелсе қалың малына, жасауына шешесі үйдегі қазіргі кездегі бүкіл техникасынан бастап апарады. Қыз баланың тәрбиесіне көп көңіл бөлінеді, қыз күнінен бастап, оның жат жұрттық екені құлағына құйылып, ертең келін болғанда атқаратан істерін және барған жеріне судай батып, сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығуды үйретеді. Қанша қиыншылық көрсе де сол қиыншылықтарды ақылға салып шешуге үйреткен, әйел еркектің қабырғасынан жаратылған, еркек қаншылықты ақылсыз іске бастаса да, әйел оны көндіріп барлығы соның айтқаны дұрыс дей отырып, істің оңға шешілуіне жол салу керек. Әйел өте таза, пәк алып-қашпа әңгімелерден алыс болуы барлығы осы қыз күнімен байланысты болған, анасының тәрбиесіне байланысты. Қиыншылықтарды жеңе білу, отбасындағы ауыртпалықты көтере білу, жоқшылықпен баршылық, жалғыздықпен егіздіктегі барлық шақтағы сабырлық деген алтын мінезді өзіне серік еткені жөн. Сондықтан оның барлығы әкеп тәрбиеге тірейді.

Дерек кісі: Рысбаев Абайхан Рахманбердіұлы, 1961 ж.т. Руы - Қоңырат-Жиенбет.

Көзеші кәсібі туралы. Оңдасбек нағашы атасы, Жаңақорған Бембек киіз үйші, ағаш сүйегін, тері, аң саяткер, таза ұстайтын, 1932 жылғы аштыққа елді аштықтан алып қалған. Көн илеп, аңшылықпен айналысқан. Жиені Абайхан, керамика шебері. 1985 жылы Алматы Көркем сурет училищесін бітірген, бала кезінен бастап, престоң сымынан ойыншық жасап қызығып өскен. Балаларға саз балшықтан ойыншық жасап берген. Құмыра станогында қолмен қалыпқа салып, басу, құмырамен шликер (сұйық май) құю әдісі, формавка қалыпқа басу, жүгіт шүйде ұзын балшықтар бір-біріне саз балшық дайындау саз таза кездеспейді, үлкен ыдысқа салынып, аталайды майда слгезерден өткізіп қапқа құяды. Суды шығарып болған соң, құйылғанды слепанға құйып, сақтап қояды, майға кварц кішкене кварц қосады, қоғаның үлпегін қосады, күзде алғашқы аязға ұрылған. Араластыру әдісі жалпақ балшықты төртбұрышты жайып, бетіне қоға үлпегін сеуіп, рулет сияқты орап, иін қандырады, укалайды. Дайын болған құмыраны кептіріп, 1-2 күн пешке салып күйдіреді. 800-900 градус селси құмыраны станокты дегду-дегдіту шамалы кептіру тырналау штамп салу. Лепкі қолмен суретті бейімдеу, **құрал саймандар:** ағаш істек: ұзын ағаш, пышақ сықылды, сопақ, бедер, орк стекладан жылтырлату, пласмасса үшін. Саз балшыққа әртүрлі фегмент қосып, лайдан әртүрлі рең шығаруға болады. Глозарьға қоңырмен қызыл, бояу түрі, қорғасын түтігі кварц құмы, калий боры, олова, мыс тотығы (қызыл), ковальтты қоссақ, (синий) көне шеберлер глазор қорғасын тотығын кварц қорғасынды қазанда қайнатады. Ұнтаққа айналады, балықкөз деген шөпті шөмелеп, өртейді, түбінде шлак қалады, ұнтақтап, 30 пайызы кварцты қосып, мың градусқа күйдіреді, шиша болып шығады, су қосып, ұнтақтан сырты бояуға қолдануға түссіз глазур пайда болады осылай. Ангобь ақ балшық сұйық болады, фегментті қызыл көк қосып, серой кезінде құмыраның сыртына жағылып құмырамен күйдіріледі, сыртынан түс беру үшін түссіз глазур жағылады. *Ұстазы* – Марат Сансызбаев. Жергілікті шеберлер: Қызылордада-Олжабай, Шымкентте-Қарабжалов Кендебай, Ақтөбеде-Орынбасар деген жігіттер айналысады. Құмыраға қыш құм қыш күпі ұйытқы 1 жеті саласыз, әрі қарай құмыра ұйытқы болады. Өте дәмді қыш табақ ет пісірген, таза қыш құмыра құйылса, 1 сағат таза су болады. Жаман нәрсені тартып алады, емшілер құмыраны іштегі қарындағы желді алу үшін қолданған. Жапонияда машинаның корпустарына, ракеталарға пайдаланды. Іріген лайдды алып тастап, сыртын айналдырады. Пробулка гитардың сым құмыраның астын кесіп алу үшін. Мошалка құмыраның ішіндегі суды алып тастайды. Майлық қол сүртіп отырады. Гипсті қалып алып, сонымен басып шығады. Бедер салу алдын ала дайындалады, штампик саздан ағаштан жасап алынады соны басу арқылы таңба түсіріледі.

Дерек кісі: Төрбек Жанболғанұлы. Төретам.

Аудан 1928 жылы сәуір айының бас кезінде сол уақыттағы үкіметтің қаулысы бойынша Қазалы уезінен бөлініп, өз алдына дербес шаңырақ көтерді.

Қармақшы Ата кім? Атамыз осыдан 230-240 жыл шамасында арқадан тіршіліктің қамымен Сырдария өзені арқылы өзбек ағайынға жан сауғалап көшіп келе жатқанда көіктері мерт болып, осы Сырдың жағасына қоныстанған. Ілгері жүруге мүмкіндік болмаған, отбасымен ойласып: «бұл Сырдан аттан кету мүмкін емес. Өйткені аң, құстары жыртылып айрылады, балығы су бетіне шығып жатқан осындай берекелі жер» - дейді. Сөйтіп осы жерді атамыз мекендейді.

Атамыз орта жүздегі Найман, Бағаналы, алтын Жүсіп, кейде Жүсіпәли атанған. Адам аяғы тимеген жерге келгесін, үйге кіріп жатқан балықты аулау үшін қармақ салып, балық аулаған. Осы жер арқылы жүргіншілер көбейіп, қайдан келесіз деп сұраған жолаушыларға, қармақ салып отырған атадан келеміз, солай қарай барамыз деп жауап бергендіктен, Қармақшы аталып кеткен. Бұдан бұрын бұл жерді «Қос қорған», «Аша», «Күзер», «Форт №2» атап кеткен. Сырдарияның арғы бетінде 14 шақырым жерде тас жоса шыққан үлкен төбе бар. Сол төбеден жоса деген сары түсті тас суға салса кәдімгі сары бояу болып шығады. Ілгеріде осы бояумен қараша үйдің уығын, керегесін, есігін бояған. Осы төбені Жосалы төбесі деп атайды. Темір жол стансасын осы Жосалы төбесімен атаған. Жиырма бес жастағы суырып салма ақын, аудармашы Тұрмағамбет Ізтілеуов халықтың игілікті істері жайында өлеңдер, жырлар жазып, елдің бірлігін тіледі. Шығыстың «Шаһнамасын» аударып, халықтың игілігіне ұсынды. Сол үшін Қазақстан Орталық партия комитеті айына 1500 сом пенсия тағайындады. Тұрмағамбет туған ауылдан жүз шақты ақын шықты. Совет өкіметін нығайту жолында Жылкелді Тырнақбаев, Мұсабай Тайбағаров, Н.Көлібаев, Томанов Үсен, Еспенбетов Метер, Берістенев Өмірзақ, Елемесов Бөжен, Молдахмет, Тасыров Тұрмахан, Ағатаев Асқар, Еркешов Әбдіхалық, Алтыруов Тұрмахан, Баймұратов Қанибай, Құлқашов, Н.Науанов, Шүкір Өмірзақов, Қойкелдин Боран, Мүсірбаев Алмас т.т. азаматтар. Бұлардың есімдері елге, халыққа белгілі. Әсіресе аты аңызға айналған азамат Чапаев дивизиясының отряд командирі Үсен Томанов 1921-1924 жылдары Қармақшы аупарткомының секретары болды. Қазір аудан орталығындағы №183 орта мектеп Үсен Томановтың есімімен аталады. Сондай-ақ бір үлкен көше Үсен Томановтың атында. Атақты күрішші Ыбырай Жахаевтың ізбасарлары: Ленин атындағы колхоздың күрішшісі, Ленин, Октябрь революциясы ордендерінің иегері Шегебай Шаймерденов күріштің әр гектарынан 100 центнерден өнім алған. Қажырлы еңбегі үшін «ІІІ-Интернационал» колхозының председателі Цай Ден Хакқа, Көмекбаев атындағы совхоздың шопаны Әділбек Хайруллаевқа, Ленин атындағы колхоздың күрішшісі, Батыр ана, СССР Жоғарғы Советінің екі мәрте депутаты *Сәлима Жұмабековаларға* Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ауданда тарихи ескерткіштер өте көп. Шығыстың архитектурасымен өрнектеліп салынған «Сырлытам», «Жеті асар», «Алтынды асар», «Моншақты асар», «Жалпақ асар», «Сауқыма» мұнара, үй тамдар. Қорқыт ата мен Тұрмағамбетке жаңа үлгімен салынған белгілер бар.

Дерек кісі: Талайлы Досымова, Қармақшы ауданы Ақын. Ел аузында жүрген Тұрмағамбеттің тапқыр сөздерінен:

Ақын Тұрмағамбет бір жиында жастармен жұмбақ айтысып отырады. Жастар арасында Әлия деген қыз:

- Ағай, сізге бір жұмбақ айтуға болмас па екен? – деп сызылады.
- Қарағым, айта отыр, - дейді ақын. Сонда қыз:
- Төбетейім іші толған сөк.
- Таң атқан соң қарасам жоқ. Ол не? –дейді.
- Шешуін таппадым, - дейді ақын әдейі әзілдеп, - мен де саған жұмбақ жасырайын:
- Төбетейімнің ішінде сөк жоқ.
- Мұндай сұрақ болмайды, - деп жастар шу етеді.
- Ал онда жұмбағыңның жауабын айта ғой, - дейді ақын.
- Менікі жұлдыз еді, - дейді қыз.
- Менікі күндіз еді, - дейді ақын.
- Ағай, тағы жұмбақ жасырайық, - дейді қыз.
- Таудан тас домалаттым. Ол не?
- Білмеймін, - дейді ақын жорта. Мен де жұмбақ айтайын.
- Таудан тас домалатқан жоқпын.
- Мұндай жұмбақ болмайды, - деп тағы дау салады.
- Онда сен жұмбағыңның жауабын айта ғой.
- Менікі түйенің құмалағы, - дейді қыз.
- Менікі түйенің жұмалағы, - дейді ақын.

* * *

Өзін діннің тұтқасымын деп ойлап жүрген бір атақты молда Тұрмағамбетті дінді күтпейді, халыққа шарифатты уағыздайды екен деген діншілердің сөзін естіп, әдейі Тұрмағамбетке келіп:

- Сенің білімің менен де жоғары, содан келіп пәни жалғанның әуесқойы болып барасың. Бұл түріңмен қиямет-қайымның қыл көпірінен өте алмайсың. Шын өмір, кең дүниені о дүниеде көресің. Сол дүниенің камын ойлау керек, - депті.

Сонда Тұрмағамбет:

- Қыл көпірден сендер-ақ өте беріңдер. Өленнен соң кең дүниеге баратынымыз рас болса, асығатын не бар, бала-шағамды ертіп алып бір жағынан айналып өтермін - депті.

Бұл жерде ақын «Ораза», «Намаз» қатып қалған қағидадай әдет-ғұрып, салт-дәстүрге айналдырып, Алла сыйлаған ақыл-оймен өнер-білім қуу керек екендігінен хабарсыз молданы жеңіл әзілмен келемеждейді.

* * *

Тұрмағамбет өзінің батылдық, турашыл әділеттілігіне орай, ешкімнің тақ пен бағына, байлығына қарамаған.

Өзін молдасың деп ізіне түскен заң орындары адамдарына:
Жек көрсең бастықтар,
Қожа, молда, діндіні.
Жинап алып жұмсайсың,
Есірік пен жындыны, - деп олардың өзіне сын айтқан.

* * *

Тұрекең соңына салып қойған НКВД тыңшысы Құрбан деген молда болыпты.
Ол Тұрекеңді өзіне шақырып алып, сыр тартпақ ниетпен небір құйтырқы сұрақтар қойып мазасын алады. Сонда Тұрмағамбет:
Шақырдың мені неге молла Құрбан,
Екенсің ақыл–естен жұрдай болған.
Есек тең бола алмайды тұлпарменен,
Сөзіме мейлі қызар, мейлі сұрлан, - деп үйден шығып кетеді.
Сол тыңшының жалған жаласынан Тұрмағамбет ақынды НКВД тұтқынға алады.

* * *

Тұрмағамбет ақынның құрдастары Малай, Жүндібай деген кісілер екі ауылға ауылнай болып, біреуінің әйелі ұл, біреуінің әйелі қыз туып, екеуі құйрық–бауыр жеп құда болғанын, соған қуанышқа ортақ болуын сұрай келеді. Алдында Малай сол ауылдың жесір әйелінің бір түйесін зорлықпен алып кеткен екен.

Сонда ақын екеуіне қарап тұрып:
Ботасын алма біреудің,
Өз тайлағың жетеді.
Халыққа етпе зұлымдық,
Түбіңе сенің жетеді.
Жылапта жетім–жесірді,
Өктем үнің өшеді.
Жетім де, білсең жесір де,
Ертең–ақ әлі өседі,-дей жөнеледі.
Мына сөзден зәресі ұшқан екеуі әлгі әйелдің малдарын қайтарып берген екен.

* * *

Бірде ағайын туыс адамдар бір-бірімен болмашы нәрсеге керісіп, бет жыртысып, ара ағайындыққа Тұрмағамбет ақынды шақырып, не десе де сөзіне тұрайық деп, ақынды әдейі ат жіберіп алдыртады. Сонда ақын барған аулының адамдарын түгел жинап алып, былай деген екен:

Жамандық жақын түгіл жатқа ойлама,
Әуелде өзіңмен бір туысқан соң.
Жатсаң да жардан құлап жаны ашымас,
Көңілі қайтып сенен суысқан соң.
Алдырмай алдарыңнан аң кетпейді,
Топталып, алды артыңнан қуысқан соң.

Болындар бір–бірінің тілегінде,
Бірлікпен белді бекем буысқан соң.
Сөздерің сөйлейтұғын осы болсын,
Азанда тұрып бет–қол жуысқан соң.
Десеңдер бақыт құсы баяндасын,
Қонсы үшін құрсақтарың қуыс қалсын.

Міне, осыдан кейін бәрі әңгімені үнсіз тыңдап, бүкіл ауыл адамдары «бәрекелді» деп разы болып, ағайын арасындағы араздық сап тиылыпты.

* * *

Тұрмағамбет бірде құрдасы Сегізбайдың үйіне келсе, әңгімеден әңгіме шығып, сол ауылда Сәду деген байдың тышқан мұрнын қанатпай, түтін шыққан үйді аңдир-тынын, соны ұялатын сөз айтыңыз деп Тұрекеңе қолқа салады. Айтқандай ет пісер кезде Сәду бай жетіп келеді.

Сонда ақын:

Сегізбай сойған бесті өгіз,
Арық емес сеп-семіз.
Ұяттан адам өлмейді,
Күнде келіп ет жеңіз, - дейді.

Сол сөзден ұялған Сәду одан кейін шақырмаған жерге бармайтын болған екен.

* * *

Рахмет деген бай ешкімге үйінен ас бермейді екен. Оның үйіне бір күні ауылнай-лар келіп түссе, оларға ол тоқты сойып береді. Ауылнай, болыстар кетісімен Рахметтің бірі-екі жолдасымен Тұрмағамбет келіпті. Әлгі бай ақынға мал сояын десе малын қимай, соймайын десе ақынның тілінің ащылығынан қорқып, үй сыртына әйелін шақырып алып «Мына жағы түскірге тағы да тоқты соямыз ба?» деп кеңеседі. Әйелі «жаңа ғана тоқты сойдық, күнде екі тоқты сойсаң байғұс-ау нең қалады? Мал өлтіргің келсе ана жүрген құрттай көк лақты сой», - дейді.

Бұл сөзді Тұрмағамбет үйде отырып естиді. Әйелінің кеңесін мақұлдаған ол кешкісін көк лақты бақартып, есіктің алдына көлденең тартып Тұрмағамбетке: «Кәне, қонағым, сізге несіп болған мал екен, бата қылып жіберіңіз», - дейді.

Сонда ақын қолын жайып:

Кеңесіп сойған лақтан,
Көсіле ішкен көже артық.
Тоқты жеген қонақтан,
Бұл қонақтың несі артық,
Семіз болса соя бер,
Арық болса қоя бер,-деген екен.

Сараң бай ұялғаннан тоқты сойған екен. Қазақ салтында сыйлы қонаққа тай сояды, болмаса қой сояды, бірақ лақ соймайды. Соның ішінде бай адамға лақ сойған ұяттың ұяты болған. Сөйтіп, ақын бата арқылы сараң байдың пейілін шебер ашып, өткір әжуалаған.

* * *

Тұрмағамбет ақынды «Халық жауы» деп қудалап, тергеушілер үйін тінтіп жатса, ақынның әйелі:

- Бұл құдайға не жаздық? – деп қайта-қайта айта берсе керек.

Сонда Тұрмағамбет:

- Сен кемпір не жазатын едің? Балалардың өздері жазып жатыр, ой, - деп хаттама толтырып жатқан тергеушілерді көрсеткен екен.

* * *

Тұрмағамбетті «Халық жауы», «Дінді насихаттаушы молда» деп заң орындары тексеріп жатқанда әйелі ақынға тамақ әкеліп береді. Түрекең мұсылмандық салтпен тағамды «Біссімиллә» деп бастап іше бастайды. Сонда тергеуші «Сен, мұсылмандықты насихаттаушы, не деп отырсың?» деп бас салады. Оған мән бермеген ақын: «Құлақтарың дұрыс естімей ме? Мен тамақ «ыссы ма?» деп жатырмын», - деген екен.

* * *

1929 жылы Кете Арықбай мен Сарықасқа Бегалы ауылдары құдыққа бола таласып, аяғы төбелеске ұласады. Сонда екі ауылдың адамдары келіп Түрекеңнен төрелік сұрайды.

Сонда ақын:

Таласпаңдар туыстар,

Суға бола құдыққа.

Бірлік болсын, татулық,

Біріңді бірің ұлықта.

Тілімді алсаң ақын деп,

Күлкімен өтсін өмірің.

Қызықты ғана қызықта,

Малыңды сой осы кешке.

Бір тояйық шыжыққа, - деп өлеңін әзілмен аяқтап, екі ауылдың адамдарын татуластырып жіберген екен.

* * *

Тұрмағамбетті «халық жауы» деп соттау үшін сот мәжілісін бетінің тыртығы бар сот төрағасы жүргізіп, соңғы сөзді ақынға береді. Сонда ақын:

Бәрекелді сотқа,

Кетіпсің ғой ходқа.

Шешең салақ адам-ау,

Бетің күйіп қапты отқа.

Молданікін молдау кес,

Пісіріп жерсің отқа – деп қамықпай жауап берген екен.

* * *

Тұрмағамбет ақын Республикалық Оқу комиссариатында жұмыс істеп жүріп, Жамбыл, Естай ақынмен бірге М. Қаратаевтың үйінде отырады. Жамбыл Тұрмағамбетке:

- Тұрмағамбет, сені жұрт «шайыр», «ақын», әрі «молда» дейді. Соның қайсысың,, өйткені, халық қанша дәріптегенімен сіз бір мезгілде әрі лапылдаған от, әрі тасқындаған су бола алмайсыз ғой, - дейді.

- Жәке, егер сіз хат танысаңыз, сізді молда деп айтар еді, - деп ақын оның хат танымайтынын жеңіл әзілмен білдірген екен.

* * *

Екі ағайынды кісі енші аларда түйенің жазысына таласып, күні бойы төбелеседі. Сонда Тұрекен:

Құбылып тұрған қу дүние-ай,

Әлі-ақ бастан өтерсің.

Ажалдан аман қалудың,

Тапқан жоқ ешкім төтесін.

Қазаң жетсе қай күні,

Туған жер, дүние, малыңды

Бәрін тастап кетесің,

Ақырың мұндай болған соң.

Алдамшығы таласып,

Бет жыртысып не етесің,

Шамаң болса шарықта,

Қайырым қыл жетім-ғарыпқа,

Мұратыңа жетесің,

Есі бар ерлер ескерші,

Аз өмірдің ішінде

Сыйласудан басқаға,

Жұмыс деп оны не етесің, - деп тоқта берген екен.

* * *

Тұрмағамбет ақын Өзбекстанға Бектұрсын деген жолдасымен бірге барса, өзбек жігіттері бірде қағазға сурет салып, онда бір қолымен нан жеп, бір қолымен кіші дәрет алып тұрған Бектұрдың суретін Тұрекеңе көрсетеді. «Білесіз бе, бұл кісі кімге ұқсайды?» - депті. Сонда Тұрекен:

Мынау біздің Бектұр ғой.

Шайнап нанды жеп тұр ғой.

Нан сұраған өзбекке,

Мә, көтенім деп тұр ғой - деген екен.

Мәрганның түсі

Ақын Мәрган деген кісімен түрмеде бірге жатыпты. Бірге жатқан Мәрган көрген түсімді жорыңыз дейді.

- Түсімде қолыма құс қондырып отыр екенмін. Қарасам аяғында сабақ бауы ұзын екен, төменгі жағынан түйін болып түйіліпті, неге жорысыз депті.

Түрекең:

- Түсімде құс көрсең, ол сенің қызың шығар. Сабақ бауы ұзын болса, шашы ұзын екен. Түйіні біреу болса, көрер балаң біреу болар, - деп жорыған екен.

Кейін қызынан жалғыз балалы болып, оны жорыған түстен болды деп елге айтып жүріпті.

Аласым бар

Тұрмағамбет 1930 жылдары арасында қасына інісін ертіп Қазалы ауданында тұратын Әлімнің Кішкене аталығында нағашыларына барады. Нағашылары күтіп алып, сыйлап, кетерінде соғымға жылқы қосып беріп шығарып салады. Аттары қасында, жолда келе жатса, Қазалыға жақындағанда милициялар кездесіп, «ат ұрлап келе жатырсындар» деп түрмеге қамайды. Бұларды көп қылмыстылар жатқан үлкендеу бөлмеге әкелсе, үлкен б.самаурынды ортаға алып, бір топ қазақ жігіттері шай ішіп отырады. Күн ысыда шөлдеп келген бұлардың да шай ішкісі келіп отырғанын байқаса да, байқамағансып шайға шақырмайды. Орталарындағы Орынбай деген кісіні «Ореке, Ореке» деп дабырласып жатқандарын, Әлім ата балалары екені сөздерінен аңғарылады.

Сонда Түрекең дабырласып жатқан топқа:

Ішінде Орынбайдай ағасы бар,

Сонан соңғы жасы кіші баласындар.

Таласпай, татулықпен ішсеңдерші,

Самаурын үлкен көрінеді, қанасындар.

Шөменмен қонысым бір болысымен,

Әлімде туыстыққа таласым бар.

Самаурын күнде қайнап келіп тұрса

Менің де бір шәнек су аласым бар,-депті.

Отырған Орынбай ақсақалдан бастап, Түрекеңмен танысып, білісіп, шайды бірге ішіп сыйласыпты. Түрме басшыларына келіп, бұларды ұры деп ұстау қателігін дәлелдеп, түрмеден шығуға көмектесіпті.

Тұрмағамбет пен Зарқұм

Кете Тұрмағамбет пен Сарықасқа руынан шыққан Зарқұм замандас, дос, сыйлас болған кісілер көрінеді. Тұрмағамбет атағы өткір сөз, орақ тілімен шықса, Зарқұмның атағы батырлығы және ұрлығымен шығады. Құлыс руының Дуан аталығынан Қали деген кісінің атағы ізшілдігімен шыққан екен. Зарқұм Тұрмағамбет ауылына келіп, Тұрмағамбет пен Қалиға «Біреуің сөз шеберісің, біреуің із шеберісің. Алыстан ат терлетіп келу себебім сендермен келісім келеді. Екеуіңнен қорқамын, мен сендердің ауылдарыңа ұрлық істуге жоламаймын, сендер мені құдаламауға уәде етіңдер»,-деген екен. Тұрмағамбет пен Қалиға тиіспендер деген шешім айтады. Арада

уақыт өткеннен кейін көршілес Сарыбай, Сарықасқа ауылына Тұрмағамбет барады. Сарыбайлар нағашылары екен. Бірнеше жерде қонақ болған Тұрмағамбетті Зарқұм да қонақ етіп, қонақасыға қошқарын сойып шақырады. Дастарқанда ет жеп жатқан қонақтарға: «Түрекең бұл мал адал, ұрлық емес. Мені қошқарлы қылған қызымның қошқарының еті» - шымшып. Арада біршама уақыт өтіп, Зарқұмның әйелі қазаланып, әйел алады. Әйеліне көңілқос айтып та, үйленгеніне де Тұрмағамбет бармаған. Жас әйел Жүсіпбекті туады. Тұрмағамбет келмеген. Екеуінің бұрынғы достығын, сөз араздығын білетін жұрт, бұл қалай деп жүргенде Қармақшыдан Кете, Шөмекей бас қосқан үлкен жиын болып, сонда Зарқұм мен Тұрмағамбет кездеседі. Зарқұм үлкен екен. Тұрмағамбет сәлем беріп, қолын алып тұрып:

Ассалаумағалейкум,Зәке,

Бармай жүрген рет бар.

Арамызда ұры ет бар.

Өлгенге салауат, алғаның құтты болсын! – деген екен.

Сонда Зарқұм қолын сілтеп жіберіп. «Өттең, адамсың-ау, Кетесің ғой» - депті. Ол Шөмекейден неге тумадың деп армандағаны дейді үлкендер.

* * *

Бір тойда жақын інілері бәйгеге ат қосып, аты төртінші болып келеді. Сол інісі Түрекеңе: «Түреке, менің атым қандай екен?» деп сұрап мазасын алады. Сонда Түрекең: «Атың нағыз тұлпар, әнебір үш ат болмағанда бірінші келетін түрі бар екен» деген екен.

Кете (1), Бозанша (Байсары Кете), Тойкожа (Ақкете), Томенкожа (Каракете) (2) Саду, Ожырай (Кете Ожырай), Мырза, Байімбет, Турсынбай, Караш, Жалімбет, Жарімбет. Байсары Әлімнің үлкен ағасы, бірақ Әлім Байсарының ұлын асырап алып оны Тегінболат деп атаған. әлі күнге дейін Тегінболат ұрпақтары өздерін Кете деп атап әлімұлы бірлестігіне кіреді және әлімнің бір ұрпағы болып санаалды. Бірақ ақсақладар онымен келіспейді. Төменқожа аталығанан атақты ақындар Шернияз, Ешнияз, Болпыш Би, Арал батыр, Ебескі батыр, Құттығай батыр, Алтай батыр, Жұлдыз батырлар шыққан.

Дерек кісі: Әйгерім Ешбаева, Көшеней Рүстемұлы атындағы Қармақшы ауданында жыраулар үйінің қызметкері, жырау, 1979 ж.т., Руы Алаша.

Қазақ даласындағы жыраулық дәстүрдің бірден-бір қайнары – Сыр бойы. Қармақшы ауданындағы жыраулықтың өзіндік ерекшелігі бар. Осы жердегі қабаттасқан талай саңлақтардың қалдырған сарқыншақтарымен жинақтылып отыр. Кешегі Қорқыттан бастап, кейінгі исламды берік ұстанған жыраулар әлемі әдемі үндесе отырып, тамаша дамаға қуат беретін руханияттылығы мықты өнерді қалыптастырды. Балқы Базар, Оңғар жырау, Жиенбай жырау-рухани-ағартушылық қызмет атқарды. Атақты Кете Жүсіптің баласы Мұзарап жырау - жыраулық дарыған әулеттен шыққан. Кете Жүсіптің әкесі – атақты Ешнияз сал да ғаламат жырау болған. Көшеней жырау, оның әкесі Рүстембек жырау, атасы Жиенбай жырау. Бұларға жыраулық

дәстүр жеті атасынан дарыған. Осыған жалғас Алтын Сейітжанов ақынның тұқымы Орақ Дәнекеревтер де жеті атасына жыраулық қонған әулет болды. Бұл жыраулықтың атадан балаға берілуі арқылы көрініп тұр. Бұлардың бәрі – бір ғана Қармақшы ауданы жерінің тумалары. Осында Тұрмағанбет Ізтілеуов атындағы ауыл бар. Осы бір ауылдан «Кетенің жүз жүйрігі» атанған жыраулар тобы шықты. Сыр өлкесі – жыраулық дәстүрдің алып тайқазаны. Жырауларды бағалаудың өзіндік дәстүрі бар. Оларды жатқа білетін жыр қорына қатысты бағалайды. Мысалы, шығыс жақта тұрған Дүйсенғазы Нығметжанов дейтін зағип жырау бар. Осы кісілер «қандай жыр айтайын?» деп сұрамайды, «қайсысын айтайын?» деп сұрайды. Бұлар қазақтың «Алпамыс», «Қобыландысын» былай қойып, Фердаусидың «Шахнамасын» жатқа жырлайды. Осылай миллиондаған жыр жолдарын басына сақтап, енді міне, ХХІ ғасырға жеткізіп отыр. Сыр бойында жыраулықты дамытып отырған Рысбек Әшімов, Бидас Рүстембеков. Енді осылардың ізін басып келе жатқан жас жырауларды біз арнайы оқытып, кәсіби білім беріп, дәстүрлі мектептерді негізге ала отырып, тәрбиелеуді бастадық. Сыр өңіріне қатысты жыраулардың барлығын зерттеу керек

Айтуарұлы Наурызбай

Сыр бойы ақындарының ішінде шоқтығы биік, өзіндік ізі бар ақындардың бірі – Наурызбай Айтуарұлы. Айтуарұлы Наурызбай 1893 жылы наурыз айында Қармақшы ауданына қарасты «Тышқан тамы» деген жердегі Морсай құдығының басында дүниеге келген. Әкесі Айтуар орташа шаруа болған. Шешесі Қойсын өр кеуделі, ер мінезді кісі болуымен қатар, ақылға бай, сахи кісі болыпты. Ағайынды Айтуар, Айтуған, Айтпақ үш ауыл болып, қырға көшіп, Морсай құдығында жаздап отырған. Шешесі Қойсындын мырзалығының арқасында олар «Үш мырза» атаныпты. Наурызбайға өлең жазу нағашы жұрты керейт Даңмұрыннан қонса керек. Шешесі Қойсын Даңмұрынның ағасы Қазанғаптың қызы болғанымен, әке-шешеден жастай жетім қалған екі қыз Балшаш пен Қойсынды Даңмұрын өз тәрбиесіне алады. Кейін ержеткенде Балшашты Дүзімбеттің Жиенбайы, ал Қойсынды Айтуар алады. Айтуардан үш ер бала Ернияз, Наурызбай, Мақұлбайлар туады. Әлиакбар ақынның «Кетенің 100 жүйрігі» толғауында «Наурызбай ақын киелі, Даңмұрынның жиені» деп келтіруі осыған байланысты айтылған. Наурызбай ақын ең алғашқы өлеңін 1913 жылы «Тазша бала» ертегісін жазудан бастаған.

Айтуарұлы Наурызбай «Шала тас», «Керкұла атты Кендебай» атты дастандар, «Тоғыз түйе», «Әлтай торы» атты сықақ өлеңдер, «Сөз сөйлейін термеден», «Жеңіс жақын» және т.б. толғау-термелер жазған, бірнеше айтыстарға қатысқан. Бір өкініштісі, ол кісінің көптеген өлең, термелері, айтыстары сақталмаған. Өлең, дастандарын жазу сауаты болмағандықтан баласы Бегежан қағазға түсірген. Әлі де зерттеуді қажет ететін ақын.

Сыр сүлейлерінің бірі Әлиакбар ақын

Ұлтымызға тән суырып салма ақындық-жыраулық, жыршы-термешілік, ақындық өнер түрлерін бойына жинақтаған шығармашылық тұлғалардың бірі Әлиакбар Жұматаев. Ол қазақ әдебиеті тарихында өзіндік шығармашылық мектеп дәстүрін

қалыптастырған, дамытқан шығармалары «Сыр сүлейлері» атауымен халық жүрегінен орын алған, дараланып көрінетін тұлға. Базар жырау, Жиенбай, Ерімбет, Оңғар, Даңмұрын, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет, Молдахмет, Тұрымбет, Мұзарап сынды ақындар Сыр сүлейлері мектебін жалғастырушы. Жаратылысынан өз бетінше ізденуге, талпынуға құмар жас баланың алғашқы сауат ашуына, фольклормен, әдебиет шығармаларымен таныса бастауына сол кездегі ауылға, аймаққа діни-ислам ағартушылығымен, ақындығымен қызмет жасап жүрген Тұрмағамбет Ізтілеуұлының ықпалы зор болды. Әлиакбар ақын кейін «Тұрмағамбет Ізтілеуов» деген өлеңінде:

«Мінекей, нәтижесі сол еңбектерің,
Еңбегін Түрекеңнің мысал еттім.
Жарқырап таң шолпаны секілденіп,
Түрекең тұрғанымен Сыр елінде,
Халықтың болды жалпы тілегінде.
Тарихта оның аты мәңгі қалды,
Орнығып миллиондардың жүрегінде!», - деп жырлайды.

Қазақ әдебиеті классиктерінің бірі Тұрмағамбет ақынның ықпалымен және өзінің табиғи талантының әсерімен Әлиакбар бала кезінен өлең жазуға талпына бастайды. Ол 1910 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы, Тұрмағамбет ақын ауылында дүниеге келген. Әлиакбардың жеті жасында әкесі қайтыс болады. Жетім бала тұрмыстағы жоқшылықпен араласып өсе бастайды. 1927 жылы оқу, кәсіп іздеген ауылдас жігіттермен бірге ол Ташкент қаласына барып, теміржол инженері жұмысына көмекші, одан кейін сол өңірде ұйымдасқан «Рассвет» ұжымшарына мүше болып еңбек етеді. «Рассвет» ұжымы басқармасының шешімімен «Ақбұлақ» суландыру тәжірибе станциясындағы екі айлық агрономиялық курсты бітіріп, аталған ұжымда агроном болып қызмет атқарады. Сол жылы Ташкенттегі САГУ-дың жұмысшы факультетіне (рабфак) түседі. Бірақ, одан әрі тұрмыс қиыншылықтарына байланысты оқуын жалғастыра алмайды. Талантты жастың еңбек жолдары 1932 жылға дейін Қармақшы кентінде поселкелік кеңестің хатшысы, төрағасы, 1932–1935 жылдары Өзбекстанда жол мастери, 1935–1937 жылдары Қармақшыдағы халық шаруашылығын есепке алу мекемесінің инспекторы, Жосалы аэропортында атқарған қызметтері оның өмір жолының маңызды бөлігін құрайды. Әлиакбар ақын еңбек жолын 1937 жылдан 1947 жылға дейін Ақтөбе облысының Мәртөк ауданында Қандыағаш–Гурьев жолында бақылаушы, аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, қаржы бөлімінің агенті, темір жол станциясының бастығы болып жалғастырады. 1947–1970 жылдар арасында зейнеткерлікке шыққанға дейін туған ауылында еңбек етті. Колхозшы, агроном, құрылыс десятнигі, кеңшардағы кадр бөлімінің бастығы қызметтерімен қоғамға өзіндік үлесін қосты. Әлиакбардың ақындығы 11–12 жасында байқала бастаған. Әуелде күнделікті тұрмыс тауқыметіне байланысты өлең шығара бастаған ол өзін мұсылманша сауаттандырған Тұрмағамбет ақынның ықпалымен әртүрлі тақырыптардағы лирикалық–демократиялық өлеңдер, қисса-дастандар жазуға талпына бастайды. 1930 жылы үнді фольклорындағы сюжет негізінде жазған «100 сұрақ» атты көлемді дастаны

қолжазба қалпында маңайдағы халыққа кеңінен тарайды. Жұртшылықтың дастанды құмарта оқуының, жыршылардың үнемі жырлауының әсерінен Әлиакбардың ақындық аты кеңінен танымал бола бастаған. Ақынның азаматтық-әлеуметтік лирикаға жататын өлеңдері бар. Мысалы, «Тұрмағамбет Ізтілеуов туралы», «Жа-нақала», «Қуаңдария», «Құнды сөз», «Түлектерге», «Күрішшілерге», «Ақ күрішті алты қыз», «Сәулелі жанұялар» т.б. ақынның азаматтық–отаншылдық сарындағы өлеңдерінде тіршіліктегі жеке адам мен әлеуметтік орта қатынастары, туған жерге, атамекенге, қазақ халқына деген перзенттік махаббат сырлары жырланған. Қазіргі кезде Асылбек Зібайраев, Серік Жақсықұлов, Майра Сәрсенбаева, Дініслам Тоқсанбаев, Арнұр Көшенейұлы т.б. жыршы–термешілердің репертуарында Әлиакбар ақынның шығармалары тұрақты орын алған. 1987 жылы 20 шілдеде Тұрмағамбет ауылында дүниесі салған. Әлиакбар Жұматайұлы 220-ға жуық жазған шығармаларын, 43 мыңдай жыр жолдарын ұрпақтарына мұра етіп қалдарған ақын. Ақын мұрасын қызы Бәһар Әлиакбарқызы, інісі Қасым Жүсіпов екеуі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының қолжазбаларына 1986 жылы тапсырған. Бұл қолжазбалар 2008 жылы «Көмейден төгіл жауһар жыр» деген атпен 500 дана болып басылып шықты.

Сыр сүлейлерінің жалғасы Разақ Мыңжанұлы

Сырдария өзенінің бойын жайлаған халықтар арасында ежелден ән–жыр сарқылған емес. Халық арасында Сырдың сүлейлері деп аталуы да осы өңірден ақын–жыраулардың көптеп шыққандығынан аталса керек. Сүлейлердің жалғасындай болған Разақ Мыңжанұлы 1922 жылы Тұрмағамбет ауылында дүниеге келді. Еңбек жолын 1940–1942 жылдары бұрынғы «Өндіріс» ұжымшарында есепші болып бастап, 1942–1949 жылдары Ленин ауылдық кеңесінің хатшысы, 1956 – 1957 жылдары клуб меңгерушісі, 1964–1968 жылдары сауда мекемесінде зат тасушы, 1969–1978 жылдары Ленин кеңшарында жанар–жағар май қоймасының меңгерушісі болып қызмет атқарып, нағыз жырға жыр қосып, шабыттана келіп кемелденген шағында 1978 жылы 56 жасында ауыр науқастан қайтыс болады. Разақ Мыңжанұлы жас кезінен Сыр сүлейлерінің ән–жырына сусындап өсті. Кейін шаруашылықтың әр түрлі саласында еңбек ете жүріп, бір сәтте қолынан қаламын тастаған емес. Разақ ақынның ұстаздары белгілі жыр дүлдүлдері Тұрмағамбет, Мұзарап Жүсіпов, Наурызбай Айтуаров, Әлиакбар Жұматаевтар еді. Рекенді өлең жазуды өз шешесі Әнипадан үйренген деген де деректер бар. Мектепте «өлең жазып кел» деген нұсқау болып, үйіне келген соң шешесі Әнипадан «мен не жазам» деп сұрағанда:

«Мен өзім аттылымын, түйелімін,

Келгенде қара сөзге киелімін.

Сұрасаң менің атым Әбдіразақ,

Әлімнің Қарасақал шешенімін», - деп шешесі табан астында бір шумақ өлеңін шығарып берген екен. Көптеген шағын өлеңдерімен қатар аудан көлеміндегі ақындармен айтысқа түскен. Ұстазы Наурызбаймен айтысқа түсіп, өнер жарысында ат басын теңестірген. Разақ ақын өзінің аз жасаған өмірінде шығыстың ауыз әдебиеті дәстүрімен «Дана қыз» атты дастанын және «Шәкір–Шәкібай» киссасын

өзінше жырлаған. «Қапиза қызбен» айтысы еш жерде кездеспейтін стильмен жазылған дастан. Дастанның куплетін оңынан солға қарай, солынан оңға қарай оқысаң да мазмұны згермейтін, ұзына бөліп, сөздердің бас әріптерінің «қарындасқа» деген сөз шығару бұрын–соңды ешқандай ақындардан кездеспеген кесек дүние. Осы дастандар мен өлеңдерін Сырбай Мәуленов оқып отырып, «Біз де ақынбыз деп жүрміз-ау, нағыз ақындар мұнда жүр екен ғой» деген екен. Разақ Мыңжановтың артында мол мұрасы, рухани қазыналары қалды. 2000 жылы белгілі жырау Берік Саймығамбетовтің «Тұнық тума» жинағына Разақтың «Қапизамен айтысы» ендірілді. Әлі де жарық көрмеген қол жазбалары жиені Бұйратбек Зәріповте сақтаулы тұр.

Жауынгер ақын Жанаев Нұрмағамбет

Жанаев Нұрмағамбет бұрынғы Қазалы уезінен №12 ауылында (қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Ленин кеңшарында) 1912 жылы туған. 1941 жылы ол Ленин селосы болып қызмет атқарып жүрген кезінде майданға аттануға 1944 жылы желтоқсан айында Венгрияның Будапешт қаласын азат етуде ерлікпен қаза болған. Нұрмағамбет Ұлы Отан соғысы басталар алдында ауыл дүкенінде 1934 жылдары қызмет істеген, содан 1937–1939 жылдар аралығында армия қатарында қызмет атқарып, аға лейтенант атағымен елге оралып, Ұлы Отан соғыс жылдарында дәрежесі артеллеристен рота командирлігіне дейін өскен.

Нұрмағамбет қатарының және халықтың алдында өте құрметті, беделді, өтіріктен бос сөз айтпайтын халықтың қамын үнемі ойлайтынақ көңіл, кішіпейіл, қолынан келгенше адамдарға бірдей қарайтын жалпы елге сыйлы еді. Ол кісінің еңбектерін бағалап, аудан, ауыл басшылары туған ауылынан бір көшенің атын беріп, 1992 жылы 80 жаста болуына орай ас беріліп, бір көше Жақаев Нұрмағамбеттің атына берілді. Ағамыздың еңбектерін жарыққа шығарған майдандас досы, бірге жүрген Іздібаев Шәрибек қан майданда жүрсе де елге аман–сау жеткізген. Өлеңдерін ауыл ақыны Дәулетбаев Запа ағамыз аудандық, облыстық газеттерге беріп тұрды. Жанаев Нұрмағамбеттің барлық өлеңдерін Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Көбей Сейдахановқа тапсырды. Ол кісі «Жұлдыз» журналдарына өлеңдерін жазып тұрды. Осы жоғарыдағы аты аталған кісілерге ағамыздың өлеңін жарыққа шығарғандығы үшін шын жүректен алғысымызды айтамыз.

Шежіреші жырау Сүйінбай Ақбаев

Сүйінбай Ақбаев 1919 жылы Томарбөгет колхозында туылған. Тегі Кете руының Текей батыр аталығы ішіндегі Кеген руынан. Сүйінбайдың әкесі Қожатай ақынжанды, домбыра тартып, ән салатын, әрі ұста кісі болыпты. Ел ішінде Қожатайдың үлкен той–мерекелерде палуандыққа түскендігін айтады. 1932 жылы қазіргі Т. Ізтілеуов атындағы шаруашылықтың бұрынғы Ленин совхозы одан бұрын Ленин колхозы, Күйеу асар төбесі етегінде «Ақ школ» атты мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен оқытушы болып, Ә.Егізбаев сабақ берген. Сүйінбайдың әкесі Қожатай баласына ат қоюда да өнер адамына деген ықыласы тұр. Өйткені, Жетісудың әйгілі ақыны Аронұлы Сүйінбайдың атын арнайы таңдап қойғанын ел айтады. Мектепті

бітіргеннен кейін 1938 жылы Қызылорда қаласында ашылған бастауыш мектепте мұғалімдер даярлайтын 6 айлық курсты оқып бітіреді. Бітіргеннен кейін «Томарбөгет» бастауыш мектебіне оқытушы болып жұмыс істеген. Сүйінбайдың өскен ортасы Сыр сүлейлерінің көбірек шоғырланған жері болып есептелетін қазіргі Т.Ізтілеуов, Майлыөзек шаруашылықтары орналасқан жерлер. Сыр бойындағы атақты Ешнияз Жөнелдікұлы, Балқы Базар, Шегебай Бектасұлы, Омар Шораяқұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуов, Құламанов Тасберген, Дүзбенбетұлы Жиенбай сияқты кісілердің де туған жері болып саналады. Сүйінбай ақын осы ақындар мен жырауларды құрметтеп, олардың өлең-жырларын оқып, тыңдап өсті. Олар жазған дастан, жырларды жаттап жинақтады. Сүйінбай ақын өзі 60-тан астам мақам біледі деп айтатын. Өзінің бабасы атақты жырау Құламанов Тасберген атында «Тасберген жырау» атты жыраулар мектебін ақысыз ашып, ауылдың домбыраға бейім оқушылары мен жастарды осы мектепке қамтып, оған жергілікті жыраулар Жаппар Тұңғышбаев, Қуандық Бүркітбаевтың ақысыз сабақ беруін ұйымдастырған еді. Сол кездегі Қызылорда облысының партия комитетінің 1 хатшысы Еркін Әуелбеков бұл жұмысты мадақтап, Сыр бойындағы барлық аудандарда жыраулар мектебін ашу жайлы қаулы қабылдап, ел назарына түскен игілікті жұмыстың қозғалысы басталды. №29 мектепте 1989 жылдан бастап ақы төлеймейтін «Тасберген жыраулық мектебі» ашылды. Тек Қармақшы ауданының өзінде Жиенбай, Сәрсенбай мектептері ашылып, бүгінгі күні бұл мектептің жұмысы одан әрі дамытылуда. Сүйінбай жас кезінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, түрлі үйірмелер ұйымдастырып оқушыларды өнерге баулуды кәсіп еткен. К.Е. Ворошилов атындағы мектепте жұмыс істеп жүргенде Сүйінбай жырау оркестр ұйымдастырып, ол оркестр аудандық байқауға қатысып, бас бәйгені жеңіп алған болатын. 1975 жылы Қызылорда қаласында өткен облыстық жыраулар байқауына қатысып, бәйгеге арнайы домбырамен марапатталды. 1987 жылы Алматы қаласында өткен одақтың 15 республикасының өнерпаздары қатысқан өнер байқауына қатысып, лауреат болып қайтты. Еңбек еткен жылдары бірнеше дүркін мемлекеттік грамоталарын, Мақтау қағаздарын, «Ұлы Отан Соғысы Жеңістің 40, 50 жылдығы» медалдарымен марапатталды. Сүйінбай Ақбаев ол тек жырау ғана емес, ол әрі күйші де, Құрманғазы, Дәулеткерей, Д.Нұрпейісова және т.б. күйшілердің күйлерін насихаттаушы. С.Ақбаев ол тек қана жырауларды тыңдаушы емес, мақамдармен қоса көптеген терме, толғау, қиссаларды жаттап тойларда жырлаған. Атап айтқанда, Көрғұлыдан Раушанбек, Кәженбек, Шораяқтың Омарынан «Жарлы тәліп», «3 күлше», «Тақ Сүлеймен», Балқы Базардан бірнеше толғау, терме, «Айна мен тарак» қиссасын, Жүсіп Ешниязұлынан «Сүрмерген», Ерімбеттен «Сәдуақас сақи», жауынгер ақын Әбзәлі Егізбаевтан «Дад дастанын» жырлаған Сүйінбай ақсақал өзі жырлай жүріп, Сыр сүлейлерінің қисса-дастандарын, терме, толғауларын қалың дәптерге өз қолымен түсіріп, жинақтаған фольклоршы еді. Көптеген көне мақамдарды білген. Ақбаев Сүйінбай үлкен жанұя басшысы 5 ұл, 4 қыз тәрбиелеп өсірген. Олардан 31 немере, 5 шөбере сүйген ардақты қариямыз еді. Сүйінбай жырау 1999 жылы 3 сәуірде қайтыс болған.

Шежіреші Запа Дәулетбаев

Сыр сүлейлері мекені болып танылған Тұрмағамбет ауылының төл перзенті, бала кезінен ақын, тілші атанып, көне көз қариялар мен ақын – жыраулардың сөздерін құлағына құйып өсіп, оны кейінгі ұрпаққа жеткізе білген ақын–шежіреші Запа Дәулетбаев 1929 жылы №10 ауыл, «Қалыңбас» ұжымшары, Ақтайлақ деген жерде дүниеге келді. Зәкең өзінің еңбек жолын 1944–1952 жылдар арасында туған ауылында колхозшы болып бастап, 1952–1957 жылдар аралығында Ақжар МТС-інде комбайнер, 1957–1966 жылдарда клуб меңгерушісі, 1966–1992 жылдар арасында Ленин кеңшарында кадр бөлімінің меңгерушісі болып, еңбек етіп құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. Запа аға қай салада болмасын жұмыс істей жүріп, жанына қаламын серік етіп, артына мол мұра қалдырды. Зәкеңді көпшілігі жыр сүлейлерінің ізбасары ретінде таниды. Оның өлеңдері бірнеше топтамаларға еніп, баспасөз беттеріне жиі–жиі жарияланып отырды. Туындылары «Жеті асар» және «Жағасы жыр–сұлу Сыр» деген атпен Алматы қаласы баспаларынан жарық көрді. Зәкең ақындығымен қоса тұнып тұрған шежіре, құйма құлақ, естіген әңгімелерін жадына сақтап, ұмытпайтындығы арқылы кез келген уақытта нақышына келтіріп айтып отырушы еді. Әсіресе, Есетбай батыр, Қара Қисық, Тұрмағамбет, Шаман палуан ұжымшарлардың құрылуы, «Сталин», «Қурайлы» каналдарының қазылу тарихтарын жете білетін.

1994 жылдары «Ана тілі» республикалық газеті «Қазақ шежіресі» деген атпен «Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз руларының шежіресі» жинағын бере басталды.

Кіші жүз шежіресінде «Қаракесек–Әлім–Шөмен» деп біздің арғы атамыз Байсарыны айтпай, бізді Әлімнің бір баласы деп көрсетті. Бұл тарихи шындықтың бұрмалауына шыдамай Жұбаев Тілеу ақсақал, Запа ағай нақты деректерді зерттеп, *Қаракесектен Байсары, Әлім, Шөмен туылғандығын*, Байсары балалардың үлкені екендігі және сұлтан Бейбарыстың әскер басы болып, Мысырда шейіт болатындығы туралы дәлелдеген едік. Осы жұмыста Зәкең көп еңбек сіңірді. Бұл деректердің ғылыми зерттеулер арқылы дұрыстығын «Ана тілі» газеті мойындап, газеттің келесі номеріне жариялаған болатын. Ескі мәдениетті, жәдігерлерді қорғау барысында да елеулі жұмыстар жүргізді. Қазіргі Қуандария ауылына бара тас жолындағы Ешнияз сал кесенесін совхоздың сол кездегі директоры Кәженбек Қалдашбаевтың соңынан қалмай жүріп салдырған Зәкең еді. Өйткені, сол төбедегі ертеде қам кесектен бір–біріне тіркес салынған Ешнияз сал, оның баласы Кете Жүсіптің бейіті бұзылып жоқ болып кету қаупі төніп тұрған болатын. Атақты Тасберген жыраудың бейітінің жойылып кету қаупіне байланысты олардың ұрпақтарымен байланысып, ол қорым биік темір шартпақпен қоршалды. Күйеу асар түбіндегі бір ауылдың қорымы айнала-сына егіс егілуі салдарынан ыза басып кетуі себепті қорымды айнала арық қазу арқылы қорымды сақтап қалу үшін көп еңбек сіңірді. Зәкеңнің ең үлкен арманы ауыл орталығынан мұражай ашу еді. Оның сызбасын да өзі жасаған болатын. Бірақ, ол арманына жете алмады. Зәкең сонымен бірге лезде тауып айтатын ұтқыр сөзді кісі болатын. Бірде елге ақын–жазушылар келіп, елмен, жермен танысты. Бір мекемеде Ұлы Отан соғысынан оралмағандар туралы арнаулы стенд ілініп, оның тақырыбын «Бұлар Ұлы Отан соғысында» деп қойған екен. Бір ақын әзіл ретінде «мыналар әлі

соғысып жатыр ма?» деп қалды. Бәріміз абыржып қалдық. Сонда табан астында Зәкең «Соғысса соғысып жатқан шығар, әлі ауылға келген жоқ» деп ұтымды сөзіне жиналғандардың бәрі риза болған еді. Ол кісі өте сыпайы, ешкімнің арына тимеген, таза, ешкімнің ала жібін аттамаған, ашу шақырып көрген кісі емес. Бұндай тектілік әкесі Дәулетбайдың қанымен де келуі мүмкін. Дәулетбай ақсақал сыпайы, көп сөйлемейтін, ал ақындардың өлеңдерін, көнелікті әңгімелерді көп білетін, тіп-тік жүретін сырбаз кісі еді. Сондықтан ауылдастары бұл кісі «Қарадан шыққан Төре ғой» десе келіндері «Төре қайынаға» деп атаушы еді. Запа Дәулетбаев 2008 жылы ауыр науқастан соң Алматы қаласында қайтыс болды. Інілері Көшербай, Жалғас, қарындастары Рашида, Уасила, келіні Қызбике мен күйеу баласы Бағбандар ақ жауып арулап, Алматы қаласындағы Кеңсай зиратына жерлеп, басына көрнекті құлпытас қойды. Жердің шалғайлығына байланысты туған жерден туған-туыс, аға-інілері атынан 40-тан астам жанашырлар Алматыдағы белгілі жазушылар, ақындар қатысты. Зәкеңнің артында бұрын жарияланбаған мол мұралары қалды. Енді оны жинақтап, талдап жария ету міндеті тұр.

Жырау Берман Бисенбаев

Сыр сүлейлерінің дастан–хикаяларын, толғау–термелерін кейінгі ұрпаққа жеткізуші, әрі насихаттаушы, Кетенің белгілі 100 жырауының бірі Берман Бисенбаев еді. Бекең ақсақалдың еңбек жолы егіншілікпен тікелей байланысты болып, осы салада елеулі табыстарға қол жеткізді. Күріш егудегі қол жеткізген табыстары үшін 1967 жылы «Ленин» орденімен марапатталды. Ауылымызда «Ленин» орденді азаматтар санаулы. Олар Ұлы Отан соғысының, яғни КСРО-ның батыры Тәйімбет Көмекбаев, еңбек ардагері Сәлима Жұмабекова, №1 Жақаевшы куәлігінің иегері Әбен Тоғызбаев, содан кейін күрішші Берман Бисенбаев. Берман ақсақалдың еңбек жолындағы жоғары көрсеткіші үшін 1968 жылы Қазақ ССР-нің Құрмет кітабына есімі Алтын әріппен жазылса, 1979 жылы «Еңбектегі табыстары үшін» медалімен марапатталды. Ауылда екі Берман Бисенбаев деген кісілер тұрды. «Үлкен Берман» деп ауыл ақсақалы болған қадірменді ауыл ақсақалын атаса, бұл кісіні «Жырау Берман» деп атайтын. Өйткені, Берман ақсақал еңбек ете жүріп жыраулықты қатар алып жүрді. Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары т.б. Сыр бойы шайырларының толғау-термелерін, хикая-дастандарын, Тұрмағамбеттің «Рүстем–Дастанын», Наурызбайдың «Тазша баласын» жатқа біліп, Сыр мақамдарымен түннен-түнге, таңнан-таңға дейін жырлайтын Берман ақсақал өте әңгімешіл кісі еді. Жиын-тойларда, өзі жырлайтын ортада жұртты әңгімемен ұйытып, терме-дастандарды жырлап, жұртты жалықтырмайтын. Жыраулығымен қатар белгілі сүлейлердің бірі Қарасақал Ерімбеттің қазақ шежіресі туралы дастанын, Кете-Шөмекейдің шежіресін жатқа біліп, оны қағазға түсірді. Берман ақсақал өмірден озар алдында өзі жазған шежіре елдің арасын алшақтатып жібереді деген оймен ел бірлігін ойлап, тек өз аталығының шежіресін қалдырып, қалғанын ешкімге бермей өртеп жібереді. Күйші-жыраулардың екі қолы саусақтары түгел болуы керек. Бірақ, Бекеңнің сол қолының 2 саусағы жоқ болатын. Оның да өзінше тарихы бар. Өткен жылдың 60-шы жылдары ауыл егісіне су әкелетін каналдың «Бозкөтерме» деп аталатын бөлігін су бұ-

зып, оны бөгеу үшін жанкешті еңбегі кезінде саусақтарын қара бура шомы жұлып кеткен еді. Берман ақсақал сол екі саусақсыз-ақ домбыраны тартқанда еріксіз риза боласың. Берман Бисенбаев жыраулықпен қатар, шебер күйші де болды. Мұзараптың «Тәнтен қыз», «Шаттық», «Тоқым тыққан Қыстаубай» күйлерін құйқылжыта тартатын. Қазір бұл күйлерді білетін ешкім қалмады. Зейнеткерлікке шыққан соң белгілі фольклоршы-жырау Сүйінбай Ақбаевтың бастамасымен оқушылар арасында жыраулықты насихаттау, әрі тарату мақсатында ешқандай еңбек ақысыз мектеп жанынан жыраулар үйірмесін ашып, жыраулыққа бейім оқушылар мен ауыл жастарына жыраулық дәстүрді үйретті. Қазіргі белгілі жырау Асылбек Зібайраев Берман жыраудың алғашқы шәкірттерінің бірі. Берман ақсақал 1993 жылы қайтыс болды. Қорымы Тұрмағамбет ауылында. Жұбайы Тымар Бисенбаева. Ұрпақтары Сырдария ауданында, Тұрмағамбет ауылында тұрады. Ұрпақтарынан баласы Қанат Бисенбаев топқа түсіп, жыр жырлап жүрсе, шаңырақта отырған баласы Ораз да жыраулыққа бейімі бар. Немерелерінен Динара қазір жырау Зәуре Кәрібаеваның жыраулық мектебінде тыңдаушы болса, Ораздың баласы Аслан ақындық өнерге ден қойып, аудандық, облыстық жас ақындар сайысы мен мүшайраларға қатысып, жүлделі орындар алып жүр.

Жырау Жаппар Тұңғышбаев

Қармақшы өңірінен шыққан жыраулар бастауында Ешнияз Жөнелдікұлы тұрса, Ешнияз салдан тараған ұрпақтың бірі—белгілі жырау, халық «Тарлан жырау» атағын берген Жаппар Тұңғышбаев. Жаппар Тұңғышбайұлы 1933 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы «Ақбас тамы» деген жерде дүниеге келген. Жаппар Тұңғышбаев жастайынан ән мен жырға құмар болып өсті. Әсіресе, ауылда болатын жиын тойда таңды-таңға қосып жырлайтын арқалы жырауларды тындап өскен Жаппар он жасынан бастап домбыра тартуға ықыласы ауады. Жақын—жуық ешкімнен домбыра таба алмаған бала Жаппар нағашысы Нұрғалидың үйіне барып, қона жатып екі күн ішінде домбыра үйреніп қайтады. Бұл 1943 жылдың жазы болатын. Сол уақыттан бастап өлең жаттап домбыраға қосып айтады. 1962 жылдан бастап жыраулық өнерге бірыңғай ден қояды, әртүрлі мақамдар үйрене бастайды. Біреуі аға, біреуі құрдас, біреуі іні ауылдастары Зайыр, Сүйінбай, Берман, Әбдіхалық, Қуандық күнде бір үйде бас қосып, бірін-бірі тындап, бір-біріне үйретіп нағыз жыр әлемінің тұңғығына сүңгиді. Жаппар жырау өз естелігінде: «Қылшылдаған жігіт кезім. Ұмытпасам қараша айы болу керек. Әбдірауықтың үйінде (Тұрмағамбеттің баласы) жыраулар өнер көрсетіп жатыр дегенді естіп, сонда бардым. Үй іші лық толы адам. Үлкендігі 60–70 кісі сыятын төргі бөлмеде ине шаншар жер жоқ. Мен келгенде Әбілда, одан кейін Мұзарап жырлады. Нақ ортада шарт жүгінген Рүстембекте үн жоқ, көзін тарс жұмып алған. Сәлден соң ұшатын құстай қомданып, домбырасын қолға алып, жүйткі жөнелді. Ойпырмай, не деген құдірет, неткен зор дауыс. Маған жер теңселіп, үй шайқалғандай болып көрінді. Жұрт сілтідей тынған. Қайран ағамның сол даусы әлі күнге дейін құлағымда тұр.» деп сүлейлерді сүйсіне еске алушы еді. 1972 жылы III интернационал ауылында өткен аудандық жыршы-термешілер байқауына қатысып, жүлделі I орынды иеленді. 1979 жылы Қызылорда облысында Қазақ ССР-

ының 60 жылдық мерекесіне арналған жыраулар мен күйшілер байқауында Мақтау грамотасын алды. Бірнеше рет республикалық, облыстық, аудандық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Жырау репертуарларында Сыр сүлейлері шығармалары, оның ішінде Әбзәли Егізбаевтың «Бағдат», «Дат» дастандары, Әлиакбар Жұматаевтың «Жүз сауал», Наурызбай Айтуарұлының «Шала тас» дастандары мен коссалары бар. Жыраудың бейнетаспаға жазылған даусы облыстық халық шығармашылығының қорында сақтаулы. 2004 жылдың 22 мамырда Алматыда жыр керуені өткен. Сыр сүлейлері ізімен Республика сарайындағы концертте өз өнерін көрсетіп, халық қошеметіне бөленді. 2006 жылы Қармақшы ауданындағы Қорқыт Ата кешенінде өткен «Қорқыт және ұлы дала сазы» халықаралық жыраулар фестиваліне қатысып, лауреат атанды. 1987 жылдан бастап Жаппар Тұңғышбаев Т.Ізтілеуов атындағы №29 қазақ орта мектебі жанынан ашылған Тасберген жырау атындағы жыраулық мектепте көп жылдар бойы шәкірттер тәрбиеледі. Өзі туып өскен жерден шыққан Сыр сүлейлерінің көмейден қайтаратын сырлы сазды мақамдарымен Тасберген жыраудың маңырамасын дәл Жаппар жыраудай орындайтын жырау кемде кем. Ол кісінің тағы бір қыры – ағаштан түйін түйер ісмерлігінде. Қазақы ер жасаудан бастап, көздің жауын алардай домбыра шабуды да шебер меңгерген. Жергілікті жердің жиде ағашынан жасаған домбыралары арнайы цехтарды жасаған домбырадан еш кемі жоқ. Осындай сегіз қырлы, бір сырлы Жаппар аға халқының сыйлы ақсақалы, қазақтың ізгі салт-дәстүрін, Сыр ақын-жырауларының өлмес мұраларын кейінгі ұрпаққа қалдыруда сіңірген еңбегі өлшеусіз. Зайыбы «Алтын алқа» иегері Қауысбаева Сырға екеуі 10 бала тәрбиелеп, 23 немере, 2 шөбересінің қызығын көрген бақытты ата мен әже. 2011 жылдың 5 қазанында өнерпаз аға дүниеден өтті. Жаппар Тұңғышбаевтың бейнесі Сыр сүлейлерінің заңды ізбасары ретінде жыр сүйер халқының жүрегінде мәңгі сақталады.

Жырау Қуандық Бүрлібаев

Қуандық Бүрлібаев 1936 жылы №10 Ленин ауыл советіне қарасты Ленин колхозында колхозшының жанұясында дүниеге келген. Білімі орта, мамандығы механизатор. Қуандық Бүрлібаев бір ауылдан жүзден аса шайыр-жырау шыққан Сыр сүлейлері туған ортада туа біткен талант болғандықтан ес біле Сыр бойына белгілі жыраулар: Рүстембек Жиенбаев, Мұзарап Жүсіпов сияқты жырауларға еліктесе, кейін белгілі жыраулар Сүйінбай Ақбаев, Зайыр Рахатов, Берман Бисенбаев, Жаппар Тұңғышбаевтар жыраулық өнерінің қалыптасуына көп көмегін тигізді. Қуандық Бүрлібаевтың халық алдына шығып таныла бастауы 1972 жылдан басталды. Оған дейін жора-жолдастарының арасында ғана жыр айтып жүрген. Осыдан былай ауданға, облыстарға шыға бастады. 1979 жылы Қызылорда облысында Қазақ ССР-нің 60 жылдық мерекесіне арналған жыраулар мен күйшілердің байқауына қатысып, Мақтау грамотасына, сыйлықтарға ие болып ССР Мәдениет Министрлігінің грамотасын алды. 1980 жылдан бастап 1987 жылға дейін облыстық ақындар айтысының концерттеріне қатысып, жүлдегер, грамот, дипломдарға ие болды. 1986 жылы Алматы қаласында теледидардан Тұрмағамбет Ізтілеуовтің «Рүстем-Дастан» кітабынан «Сом Палуан» поэмасын және Сыр сүлейлерінің бірнеше толғау,

термелерін орындады. 1986 жылы 19 майда шақырумен Ленинград қаласында Бүкілодақтың этнографиялық фестиваліне қатысып, сыйлық алып келді. 1987 жылдың қаңтар айында Вологда облысы, Великий Устюг қаласының құрылғанына 850 жыл толуына байланысты Бүкілодақтық ІІ-ші фольклорлық этнографиялық фестивальға қатысып, Сыр елінің жампоз жырауы Жиенбайдың көмейден қайтаратын мақамымен Сыр сүлейлерінің өсиет термелерін төкті. Табиғат таланттың әр өнеріне риза ел үстіне шапан жапты, басына бөрік кигізді, грамота алды. 1987 жылы қазан айында жырау Қуандық Бүрлібаев Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Алмас Алматов, Жәнібек Кәрменовтермен бірге Самарқанд қаласында Таяу және Орта Шығыс халықтарының дәстүрлі «Осы заманғы музыка мәдениетіндегі өнері» атты халықаралық ІІІ музыка зерттеу симпозиумына қатысты. Симпозиумға туысқан советтік республикадан және дүниежүзінің 25 елінен 700-ден астам өнер адамдары жиналған. Сол жерде Қуандық Бүрлібаев «Көрғұлы» эпосынан әр мақаммен үзінді орындады. Ғалымдар мен зерттеушілер, көрермендер орындаушыға зор ілтипат, құрмет көрсетті. Сыр елінің жыраулық өнерін Дүниежүзі халықтарының алдында танытты, жүлделі грамотамен оралды. 1988 жылы жерлесіміз дүлдүл ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтің 100 жылдық, Шиелі ауданының құрылғанына 60 жыл толу мерекелеріне қатысып өнер көрсетті. 1987 жылы №29 Т.Ізтілеуов атындағы орта мектепте «Тасберген жырау» мектебінде мұғалім болып сабақ берді. 1987 жылы Алматы қаласында Бүкілодақтық халық творчествосы концертіне қатысып, лауреат атағын алды. 1988 жылы Алматы қаласында «Қамбар батыр» туралы түсірген кинофильмде Қамбар батыр дастанын орындады. Мәдениет министрінің қызметкері Молицкая Бәлла және Ленинград қаласындағы фольклор зерттеушісі Алма Құнанбаева, сонымен қатар Одақ пен шет елдердегі білікті фольклоршылар мен халық өнерін зерттеуші ғалымдардың ұсынысымен Жапон еліне шақырылды. Жапон еліндегі Токио қаласында болатын дүниежүзілік «Оцеик» фестиваліне музыка өнерінің зерттеушісі Алма Құнанбаева, ғалым, доктор Изоли Земцовский жетекшілік етуімен фестивальге қатысып, өз даусын дүниежүзілік өнердің алтын қорына жаздырды. Өзі туып-өскен Сыр сүлейлерінің көмейден қайтаратын сырлы сазды мақамдарымен тыңдаушыларды тәнті етті. Елге табыспен оралды. Осы концертке қатысқан Американың өнер зерттеушісі, ғалым Уольтер Зеф Фельдман мырза ерекше риза болып, өз еліне екінші рет шақырған еді. Бірақ, Қуандық жыраудың өмір жібі ерте үзіліп ол елге бара алмады. Дарабоз жырау Қуандықтың туғанына 70 жыл толуына орай арналған мәдени шаралар облыстық, аудандық деңгейде кең көлемде аталып өтіліп, ас берілді. Даңмұрын мен өз атасы Наурызбай белгілі Сыр сүлейлері Бегежан Наурызбаев та Сыр аймағына ақындығымен танылған азамат болатын.

Жырау Асылбек Зібайраев

Сыр елін, тіпті ұлан-байтақ қазақ елін өздерінің жыраулық өнерлерімен тәнті еткен қасиетті Қармақшы елінің ақын-жырауларының бүгінгі көшін жалғастырып, өзінің ерекше жыраулық өнерімен, дарындылық қасиетімен есімі Сыр еліне, Қазақстанға танылып жүрген талантты жырауларымыздың бірі, жүз шайырдың ұрпағы, тұрмағамбеттік Асылбек Зібайраев десек қателеспейміз. Жырау Асыл-

бек Зібайраев арнаулы жоғары оқу орнын тәмамдамаса да қазақтың қасиетті қара домбырасы арқылы өзінің шеберлігімен, ерекше дарындылығымен Сыр шайырларының термелерін, мұраларын, аманаттарын абыроймен арқалап, кейінгі ұрпаққа жеткізуде елеулі еңбек етіп жүрген бүгінгі күннің танымал жыршы-мұрагерлердің бірі. Асылбек өзінің сүйікті кәсібі, яғни жыраулық өнері арқылы туған еліне қалтқысыз қызмет етіп, ел алғысына, құрметіне бөленген өнер иесі. Ол өзінің қара домбырасымен қасиетті Қармақшы өңірінің жыраулық өнерін паш етуде көптеген халықаралық, республикалық, облыстық деңгейдегі өнер фестивальдеріне, байқауларына қатысып, лауреат, дипломант атанды.

Жырау Дініслам Тоқсанбаев

Дініслам Тоқсанбаев Сыр еліне есімі танымал билердің бірі Шораяқтың шөбересі. Атасы Тоқсанбай Сыр елінің дуалы ауызды шайырларының бірі Омар Шораяқұлының бауыры. Ал, өз әкесі Айтбай болса көпке танымал болған ақын. Өз ортасында жыр жырлап, терме айтқан жырау. Дініслам да өзінің әке-аталарына ұқсап жастайынан қолына домбыра ұстап Сыр сүлейлерінің, әсіресе атасы Омардың термелерін жаттап, оны халық алдында насихаттауда есімі республикаға танылған белгілі жырау. Дініслам бүгінде өзі де шәкірт тәрбиелеп, аудандық К.Рүстембеков атындағы Жыраулар үйінің ауылдағы филиалынның көркемдік жетекшісі.

Дерек кісі: Қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Әбдірасылова Бибігүл. Өңдеген: Информатика пәнінің мұғалімі Жанат Башенова

Дүр Оңғар туралы. Жыраулық өнер – Сыр өңірінің тарихымен сырын шертетін бірден-бір дерек, тарихи тағылым, шежіре десем артық болмас еді. Талай тарландар шыққан жыраулардың ішінде «Дүр» атанған Оңғар ақын өзгелреден шоқтығы биік өз уақытында терме, тақпақ айтыс, жұмбақ айтыс, көңіл қос айту, той бастау жырларын көптеп шығара отырып, алтын қойма жасап кеткен. Дүр Оңғардың туған жері «Жаңажол» ауылы. Даңғайыр ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов Сырдың саңлақ шайырлары он тоғыз ақынға арнаған «Әр елдің бар бұлбұлы» атты туындысында: Қаратамыр ол – Оңғар, Ақмарал, бұғы һәм арқар. Қоныстанған қысы-жаз, Асқар таудың үңгірі, деп, оны ешкімнің өресі жетпейтін асқар таудың басына шығарып, киелі ақын» дегенді меңзейді. Дүр Оңғар Қаратамыр – Кіші жүздегі Шөмекей руынан тарайтын бір аталық. 3 жасында әкеден жетім қалып, жастайынан жетімдіктің тауқыметін тартып өскен.

Оның жырау болатындығы жөнінде бірнеше аңыздар сақталынған. Оңғар тоғыз жасар кезінен-ақ би-болыстар мен елдің атқамінерлері жиналған үйге қайта-қайта барғыштап, үлкендердің әңгімелеріне құлақ түріп, күнде сол маңды айналып кетпейді екен. Бірде алты қанат ақ боз ат үйдің кең дастарханын жағалай жайғасқан мықтылар өздерінің қалауы бойынша астырған тамақты әлсін-әлсін ортаға алып, сүйсіне тояттай жейді де, айналасындағы жәутеңдеген балаларға асатуды да ескермейді. Солардың қолына дәмеленіп, әбден тісінің суын жұтып тамсанып, шыдамы таусылған Оңғар: «Азанда жедің сыр күріш, түсте жедің сыр күріш. Жетерін білсең

жей тұра, Осыларың дұп-дұрыс», - деп өлеңдете айтыпты да қаша жөнеліпті. Мұның оқыстан найзағайдай жалт еткізген өлеңіне таңданған ел ақсақалдары: «Бұл бір нәрсе шығатын бала ғой» деп шамалап, оған ақ тілек білдіріп, бата берген деседі. Ел ішінде Оңғарға байланысты аңыз-әңгімелер көп-ақ. Соның бірі мынадай: Оңғарға түсінде жастай қайтыс болған апасы: «Қалқам, Оңғар саған өлеңді қаппен берейін бе, әлде хатпен берейін бе?» депті. Сонда інісі: «Апа, хатпен бергеніңді тілеймін» деп алақанын жайыпты. Жазған жырларының бәйгеге қосатын пырақтай ұшқыр, түпсіз шыңыраудай терең ойлы, інжу маржандай көркем, хатқа түсіргендей мінсіз болып келетіні содан екен деседі жұрт. Тағдырдың тауқыметін жастай арқалаған Дырқайдың Оңғары жарлылықтың боз шекпенін жамылып жүріп күнелтеді. Дана халқымыз: «Барлық не дегізбейді, жоқтық не жегізбейді» деп, қалай тауып айтқан десейші! Байлығымен есімі Сыр бойына жайылған Досқазы төре бірде Оңғар жыраудың сіңірі шыққан кедейлігін мін қылып әрі мұны жарылқамақ пейілмен: - Жүр, біздің ауылға! Сонда барып жырлайсың, ақысына семіз өгіз берем. Өзі ұсталмаған асау, құлағы жоқ шұнақ, мүйізі жоқ тоқал, - деп мардымси сөйлейді. Сол сәтте жырау оның бетіне тіктеле қарап: Құлағы, мүйізі жоқ неткен өгіз? Қалайша қайырусыз кеткен өгіз? Бер деуші еді ақсүйектер, ал демеуші еді, Айтқаның боп жүрмесін жалғыз өгіз. Сіздерден сұмдық болар алған деген, Өзіңіз күзде соны сойып жеңіз, - дейді мүдірместен. Отты сөз жалыны жүзін шарпығандай кеудесін керген төре теріс айналады. Бұл бір ғана мысал. Оңғар жырау есімі Сыр өңіріне кең тараған. Ауыл аймақтың үлкенді-кішілі жырауларының жиын-тойда «Дүр Оңғар былай жыр толғапты» деп айтар толғаулары мен әңгімелері бір төбе.

Ертеректе Шөмекей руының Жанғабыл – Сарғасқа аталығынан шыққан Қалдан би күзде қырдан Сырға құлаған шақта, «Көкшоқы» деген жерде біраз күн аялдап, сол маңның ел-жұртына үлкен той жасайды. Бұл айтулы думанға атағы кеңге жайылған алты жырауды таңдап шақырады. Қалдан би оларға «Сендер бір күн, бір түн тоқтаусыз жырлайсыңдар», - дейді. Осы өнер додасында Дырқайдың Оңғарының ақындық талантына сүйсінген би: «Кәне, сен менің болашағымды болжап, жырға қосшы» депті. Оңғар шарт жүгіне отырып, домбырасын күмбірлете үстемелей қағып-қағып жіберіп: Жалғыз болсаң – топқа басың кіре алмас.

Жарлы адам – ел шаңына ере алмас.

Жағдайсыздық және қолды жаздырмас,

Кемдік – мұнар ердің көркін шығармас, - деп табанда екпіндете төккіштеп, әрі қарай оның мінез-құлқын термелеп тізе бергенде Қалдан би ақынның семсер сөзінен қорғаштанып кезекті өзге жырауға беруге ишара білдіреді.

Дүр Оңғар - айтыс өнеріне де көбірек ден қойған ақын. Ол өз дәуіріндегі бірталай ірі ақындарымен айтысқан. Бірақ дер кезінде жинап, қағазға түсірілмегендіктен уақыт озған сайын ұмытылып, жұрт аузында айтыс өлеңдерінің аздаған шумақтары ғана сақталған. Бүгінгі ұрпағына толық күйінде жеткен ақынның бұл саладағы шығармаларының саны екі-үшеу-ақ. Соның бірі – *Оңғар жыраудың Ырысты қызбен* айтысы. Ырысты – Кіші жүздің Шөмекей руындағы Аспан, сонан тараған Төбет аталығынан. Жүрген жері той-думан жыраудың бұл сияқты бірқақпай жырлары өте көп болған. Қияс мінез, жат қылықты жандарды көргенде табан астында суырып са-

лып өткір жырмен тіреп тастап отырған. Сыр бойында, әсіресе Қызылорда облысы мен Өзбекстанның Бұхара, Науаи облыстарында Қаратамыр Дүр Оңғардың мұралары кең тараған. Дырқайұлы Оңғардың көкірегінен төгілген маржандай жырларын, құмның арасынан алтын іздегендей тірнектеп жинап, бұл қымбат қазынаның сыры мен сымбатын жұртшылыққа жеткізу - кейінгі ұрпақтың міндеті.

Дүр Оңғардың өлең-жырлары: «Кенеске, кемеңгерлер, салсаң құлақ», «Өзім туралы» «Ерлерім сөйле дегесін», «Ерлер қояр құлақты», «Қалданды мақтауы» «Кенеске кемеңгерлер, салсаң құлақ», «Заман туралы» өлеңі «Қыздар сәнді көрінер» «Қонаққәде» өлеңінде: Кете, Шөмен бір туған, Қонысы қатар ел едім. «Адамзат, дәрежеңді жаңа көрдім», «Мақтаймын халық жақсысын», «Қалданды мақтауы», «Алқалап келген әлеумет» «Арқадан жел аударар ақ киікті» атты оқиғалы өлеңінде Қоқан хандығының кезекті бір шабуылында қазақтың Әлім аталығы батыры Басықара бастаған ерлердің жауды талқандағаны, шайқас кезінде Басықараға қоқанның оғы тиіп, ауылға жаралы болып оралады. Қазақтың оқ аттау ырымы бойынша Басықараға тиген оқты шығару үшін алты жүйе Әлімнен қасиетті әйелді іздейді, бірақ табылмайды. Хас батырдың анасы Айымның аттауынан оқ жерге түседі. Оқиғалы тарихи жырдың түйіні қазақ елін қорғаған Басықарадай батырларды және сондай халық ұлдарын тапқан, ар-ұятын мәңгі таза сақтаған Айымдай ару аналар ұлағатын ұрпақтарға ұлықтау.

Оңғардың нақыл, толғау, термесінде де бейнелі тіл өрнегімен жырланған: Жабыдан туған құлын тұлпар болмас, Жапалақ мақтағанмен сұңқар болмас Ақ сұңқар аққу өлген айдын көлден Қарғадай өлімтікке іңкәр болмас. Жақсының жанабында болған кісі Тарығып, тартып жүдеу кемтар болмас. Жамандар көкірегінен көтергенмен Тең келіп жақсылармен ол пар болмас. «Жүйесін тауып жөн сөйле!» тойбастар өлеңінде *қыз ұзату* әдет-ғұрпының дәстүрлі тағылымын «Қыздың кетерде жылауының орынды екендігі, ата-ананың, ауыл адамдарының қимастық көңіл-күйлері, кәделерді тиянақты орындау», сонымен бірге осы қыз ұзату тойын өткізіп жатқан қыз әкесінің ауылдың берекелі жағдайы да өлең желісінде қамтылған.

Жыршы жиырмадан астам тойбастар жырын шығарған. Бұл тақырыптағы туындылар бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, көрші ауылда келін түсіретін болса, сол шаңырақтың отбасын, ата-анасын, шыққан тегін, жігіттің болмысын шындық тұрғысында шығармасына арқау еткен. Мысалы: Қожакелді руының дәулетті кісісі Жақабай қызын ұзатқанда шығарғанда «Тойбастар» жырын әуелі бойжеткенге арнайды. Ұзатқан қыз қай кезде, Кетпейтін сірә жыламай Жыламай кеткен қыз болса, Қалатын көпке ұнамай Әлпештеген ата-ана, Туысқан, туған және де Бәрі де тұр шыдамай. Көп жылсаң күйзеліп, Көңілі ренжулі екен деп, Кетпейді және сынамай,- дейді.

Оның осындай тойбастарының бір түрінде қызға арнаған сөзі: Керуендей күнде көшіп бара жатыр, Андасаң бес күн қонақ қыз дегенің Базарда пұлы қымбат асыл зердің, Асылзат дәрежеңді көзбен көрдім, - деп сабақтайды да, бойжеткенге «Досың да, дұшпаның да сүйсінетін ақылды, парасатты бол», - деп тілек білдіреді. «Атадан алтау тусаң да, бір басыңа жетерлік», «Хас жаманның бір мінезі, сөз тыңдайды шекесімен», «Қазған орға жығылар, жаққан отқа жығылар», «Алдыңнан шығып

жүрмесін, жақсылық жаман еткенін», «Көп құдайдың бір аты», «Ер – шаңырақ, ел – уық», «Адам – керуен, өмір – жол», «Адамға тумақ – рас, өлмек – мирас», «Жалғыз болсаң, топқа басың кіре алмас, жарлы адам ел шаңына ере алмас», «Жағдайсыздың қолы жаздырмас, кемдік ердің көркін шығармас».

Дерек кісі: Ү. Махамбетова. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.

Қазақстан территориясындағы тарихтың барлық кезеңдерінде құтты мекенге айналған Сырдария өзенінің жағалауындағы мәдениет іздері жоғары бағаланады. Бүгінгі сол Сырдарияның бірнеше тарауларын қамтитын Қызылорда облысы аумағындағы өзен жағалауындағы мәдениет іздері ақиқаттың сиындай тамырылы тарихтың айқын куәсі болып отыр. Өз уақытында Қызылорда топырағы қола дәуірінен басталған мәдениет ошағы, одан соң сақтардың атамекені, қаңлылардың өз жұрты, кейінгі түрік тайпаларының, оғыздардың, қыпшақтардың құт ордасы бола отырып, қазақтың үш астанасы болған және талай ел басына күн туған заманда елім деп еміренетін ерлер мен батырлардың, абыз, жыршы, жыраулардың, ұзандардың ортасы бола отырып, халқымыздың бар қасиеттерін бойына сақтай білген әр түрлі кезеңде Сейхун, Мауренахр, Тұран, Қызылқұм т.б деп аталған тарихи кеңістікті құрайды.

Қызылорда облысының Ұлы Жібек жолының тарихи орталығы болды, оның дәлелі 500-ден астам қазақ халқының мәдени және тарихи ескерткіштердің мекенінің дамуында ерекше орынға ие. Бұл қазақ халқы өкілдерінің сәулет, археологиялық ескерткіштері және кесенелері. Бұл жерде өмір сүрген Қорқыт баба, Асан Қайғы, Әйтеке би және Жалаңтөс Бахадүр, Жанқожа, Бұхарбай, Тоғанас батырлары халықтың мақтанышы. Осы жерде туған Ғани Мұратбаев, Мұстафа Шоқай және белгілі жер өңдеуші Ыбырай Жақаев – Отанның патриоттары, өз елінің батыр ұлдары. Олардың аттары өлкетану тарихына кіріп, үйлердің қабырғаларында қашалған.

Сыр елі бұдан 500 жылдай бұрын Томирисдің патшалығының орталығы болған, одан кейінгі түрік тайпаарының негізгі қалаларының ордасы бола отырып, одан соң атақты Қорқыт бабаның ізі қалған, бұл жерден бір кішкене ауылының өзінен 100-деген шайыр шыққан, құтты мекенге айналып шыға келді. Шораяқтың Омары, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Бұдабай, Дүр Оңғар, Тұрымбет, Нартай, Нұртуған сияқты жырауарлардың отаны блып табылады.

Тарихи қалалар Сауран және Сығанақ археологиялық ескерткіштері және кесенелер Сунақ Ата, Айқожа ишан, кесенелері Қарасопы, Оқшы Ата, Досбол би, Есабыз, Ақтас мешіті, Қорқыт Ата мемориалды комплексі Ұлы Жібек жолының туристік бағыттарына кіреді. Осылардың барлығын бүгінгі күні зерттеу зерделеу, тарихи нысандарды сақтап, қорғау оларды мемлекет тарапынан қамқорлыққа алу басты міндет бола отырып, тарихи-мәдени мұралар арқылы адамзатқа рухани күш қуат беріп, өткенмен бүгінгі сабақтастыру болашққа нық қадам басуға серпін береді.

Қарамырза кесенесі (XIX ғасыр). Қарамырза кесенесі-Қуандария ауылынан оңт батысқа қарай 7 км жерде орналасқан. Кесененің жан-жағына сексеуіл өскен. Кесененің жоғарғы бөлігі (күмбезі) және бұрыштары құлаған. Есігінің алдына топырақ көміліп қалған. Жиектерінің кірпіштері түсіп қалған. Топырақтары үгітіліп түсіп,

біраз өзгеріске ұшыраған. Кесененің жанынан дария ағып жатыр. Кесененің күмбезі үгітіліп, құлаған. Кесененің күмбез басталған белдеуінде сары түспен салынған, жартылай өшіріліп қалған ою-өрнектер тәріздес суреттердің ізі қалған.

Халқымызда «Сыр елі – жыры елі» деген сөз бүкіл Сыр бойы өңіріне берілген баға ретінде айтылады. Бүкіл түркі тілдес халықтардың ұлы бабасы атанған Қорқыт бабамыздан бастау алған өлшеуі жоқ өлмес мұраға ие болған кешегі Сыр сүлейлері Тұрмағамбет, Жиенбай жырау, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Оңғар жырау, Сәрсенбай жырау, Шамшат Төлеповалар, бүгінгі Қали Шыңғысов, Алмас Алматов, Б.Рүстембеков тәрізді таланттар халық арасынан шығып, халқын әнмен, жырмен тербеп, ойын оятқан, сезімін сергітіп, рухани биіктерге бастаған. Қармақшы – Сыр термесі мен жыраулық өнердің туын тіккен қасиетті мекен. Балқы Базардан бастау алған Ешнияз, Кете Жүсіп, Тасберген, Дүр Оңғар, Тұрымбет, Молдахмет, Сәрсенбайлар жыраулық өнердің дүлдүлдері болған. Жыр бұлағын селдеткен дана бабаларымыздың есімін жоғалтпай, кім екенін айғақтап жеткізу парыз. Сөз өнері мұрасы - әлем өркениеті кеңістігіндегі адамзат ұрпақтарының мыңдаған жылдар бойы жан дүние әлемін адамгершілік-имандылық ұлағатымен байытып келе жатқан рухани құндылық қазынасы. Сөз өнері мұраларының шағын үлгілерін де, үлкен көлемділерін де әуелі туындатушылар – ақындар. Ақындар адамдардың өзара қарым-қатынастарындағы үндестіктерді де, қарама-қайшылықтарды да шығармаларына арқау етті. Осы арада айрықша атап көрсетер нәрсе Сыр бойы ақындары мен жырауларының бәрі дерлік бабаларымыздан мирасқа қалған асыл мұра – қос 2-ішекті қасиетті домбырамен қосыла толғанып, нөсерлете жыр төгіпті. Тағы бір ерекшелігі – Сыр бойы ақындары өлеңді ермек үшін, күнкөрістің қамы үшін шығармаған. Бұлар өлеңді - өнердің пірі тұтып, басқа қонған бақ, абырой санап, оны әруақтай құрметтеп, табиғат сыйлаған талант қуатымен аламан бәйгеге қосқан тұлпардай бір-бірімен жарысып, жақсы өлең туындату жолында өзара жыр додасына түскен. Осылайша арқалы ақындардың әрқайсысы жыр бұлағын көктемгі өзендей тасқындатқан. Міне, осы күнге дейінгі өлең жырлары үлгі болып келе жатқан Сыр сүлейлерінің дәрі туралы айтпақпын.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу аймақтарының голоцендік мінез-құлқы туралы палео-экологиялық мәліметтер жиналды. Археологиялық, этнографиялық және статистикалық мәліметтер жиналды. Мәселенің теориялық негізі мен тарихнамасы, деректік қоры жасақталады, тақырыптарға қарай ғылыми жүйеленді. Біз зерттеу нысана алып отырған мәселенің тарихнамалық деректілігінің негізгі денін алғашқы авторлардың жазба деректері құрайды. XVIII–XX ғасырдың бас кезіне дейінгі әскерилер, орыс саяхатшылары, зерттеушілер еңбектерінің біз зерттеп отырған уақытта, сол кезеңде жазылған мәліметтер ретінде ғылыми маңыздылығы аса жоғары.

Зерттеу нысанына алып отырған Қарақұм, Қызылқұм, Мойынқұм құмдары, Шу, Сырдария алабы аймағы қазақтарының тарихи-этнографиялық деректілігіне қатысты келесідей топтар бойынша ғылыми теориялық материалдар жинақталып, ғылыми зерделенді:

XVIII–XX ғасырдың бас кезіне дейінгі әскерилер, саяхатшылары, зерттеушілер еңбектері, алғашқы экспедициялық зерттеулер жазбаларының тізбесі жасалып, дерекқор базасы негізінде библиографиялық көрсеткіш жасалып, қорытынды кітап қосымшасында берілді;

1870–1926 жылдар аралығындағы статистикалық комитеттер жазбалары, санақ кітаптары, архив құжаттарында сақталған егіншілік-малшаруашылығы ландшафтарындағы елді мекендердегі байырғы мерзімдік қоныстар, дәстүрлі тұрмыс жайындағы деректер қоры талданды;

Зерттеу нысанына алынған Шу-Іле, Солтүстік Балқаш, Мойынқұм, Сыр-Арал өңірінің құмды аймақтары, Солтүстік және Оңтүстік Қызылқұмда ашық аспан астында сақталған георхеологиялық, этноархеологиялық, этнографиялық ескерткіштерге фототіркеу, құжаттау жасалынды. Этнографиялық экспедицияның фототіркеу нәтижесінің бір бөлігі ҚР Мемлекеттік Орталық музейінде өткен «Этноэкспедиция күнделігінен» атты фотокөрмеге қойылды;

Сырдария өзенінің төменгі ағысы, Арал бойынан, Қызылқұм, Қарақұм құмдары үстінен өткен мерзімдік қоныстарға көш жолдарының бағыттары зерттелініп, тарихи реконструкциясы жасалынды;

Солтүстік және Оңтүстік Қызылқұмның этнографиялық ескерткіші, табиғатты дәстүрлі игеруді тұрмыста қолданудың бір көрінісі сексеуілді дәстүрлі құрылыс материалы ретінде қолданудың әдіс-тәсілдері зерттелінді;

Қыстаулық мерзімдік қоныстан көктеу, жайлауға көші жолдарының тарихи реконструкциясы, жазба деректер негізінде көш жолдарының авторлық картасы жасалды;

Солтүстік және Оңтүстік Қызылқұм қазақтарының дәстүрлі түйе шаруашылығы, үй кәсіпшілігі, табиғатты дәстүрлі игерудегі халықтық білімдер мен дағдылар жүйесінің сақталуы, аймақтық этнографиялық ерекшеліктері этнографиялық экспедиция барысында зерттеліп, «Қызылқұм қазақтары» дерекқор базасы жасалды;

«Дерек кісілер» базасы жасалып, жазылып алынған деректер, тарихи этнографияның барлық бағыттарын қамтыды және далалық жазбалар «экспедиция күнделігіне» түсіріліп, кітап тарауында берілді.

Палеоэкология, палеоландшафт жүйесін зерттеуге осы жобаны орындаушылардың геоархеологиялық тобы Шу-Іле, Солтүстік Балхаш, Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы Жетіасар мәдениетін құрайтын ескерткіштер тобына, Арысқұм, Дариялықтақыр шөлдерінде, Сырдарияның кепкен арналары бойында жұмыс жасап, зерттеу нысанының палеоэкологиялық реконструкциясын жасалды;

Қазақстандық Қызылқұм шөлімен бірге Өзбекстандық Қызылқұм шөлінде (Өзбекстанның Навои облысы) отырған қазақ ауылдарының тарихи-мәдени мұрасы, табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен дағдылар жүйесі, дәстүрлі халықтық білімдер жүйесі қоса зерттелінді.

ҚОСЫМШАЛАР

«Нұртуған құдығы» суының химиялық сараптамасы (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Физика-химиялық әдістерді зерттеу және сараптама орталығы. 15.10.2022).

Элемент	Көрсеткіші, мг/л
Магний	72,8
Калий	5,32
Кальций	43,7
Темір	0,633
Стронций	2,42
	Көрсеткіші, мкг/л
Литий	28,1
Алюминий	8,23
Ванадий	2,22
Хром	4,22
Марганец	137
Никель	7,15
Жез	50,9
Цинк	12,7
Мышьяк	12,5
Селен	4,68
Кадмий	н/о
Барий	35,0

Сараптама үшін үлгі алғандар: Картаева Т., Бейсегулова А.
Үлгі алынған нысан: Ақ сексеуілмен шегенделген «Нұртуған құдығы»
Орналасқан жері: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы



Қызылқұм аумағы



Дулат тайпасының мерзімдік қоныстарын зерттеу бағыттары



Алматы облысындағы дулаттардың қоныстарын зерттеу бағыттары



2022 жылғы этнографиялық зерттеулердің бағыттары

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

ГЕОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ БӨЛІМ

The arid regions of Daryalyk Takyr and Telikol: ethno-geoarchaeological study of a strategic transhumance rangeland on the right bank of the Syr darya delta (Sala Renato., Deom Jean-Marc)	10
Economically valuable species growing in Northern Kyzylkum and their 13 significance for practical USE (Osmonali B., Kusmangazinov A.)	36

ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ

Сыр өңірі қазақтарының тарихи демографиясы (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы) (Картаева Т., Есенаманова А.)	66
Сырдың төменгі ағысы бойындағы егіншілік (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың бас кезінде дамуы) (Картаева Т., Есенаманова А.)	82
Қызылқұм және Мойынқұм даласының этнографиясы (далалық зерттеу материалдары негізінде) (Бейсегулова А.)	101
Шу-Іле аңғары, Сырдарияның орта ағысындағы дулат тайпасының мерзімдік қоныстары, көші-қон бағыттары (Картаева Т., Сапатаев С.)	132
Оңтүстік өңір қазақтарының қосалқы кәсіппен айналысуы (Баудиярова Қ.)	159
Қазақ халқының шаруашылық және тұрмыстық көлігін қамтамасыз ету жүйесі: тарихи талдау (Терекбаева Ж.)	167
Далалық этнографиялық экспедициялық жазбалар	185
Қорытынды	361
Қосымшалар	363